Софы Сматаев

Көп томдық
шығармалар жинағы

7 том



84Каз1-44
С 52

Софы Сматаев

Елім-ай

Трилогия
Үшінші кітап



ББК 84 Қаз 7- 44
С 52

Сматаев. С
С 52 Елім-ай. - Алматы: "Ел-шежіре", 2008.
7-ші Т: - 3-ші кітап. - 616 б.

ISBN 978-601-7011-38-3

Халқымыздың кешегісін бүгінімен де, кешегісімен де байланыстыра әсерлі бейнелеген "Елім-ай" трилогиясының үшінші кітабында қазақ жұртшылығының сүйікті жазушысы, көрнекті қаламгер Софы Сматаев елінің еркіндігі мен бостандығын көксеген айбынды ұлдарының әртүрлі басқыншы жауға қарсы ұлт-азаттық күресін жан-жақты суреттейді. Кітаптың негізгі тақырыбы - Қаз дауысты Қазыбек би мен Абылай ханның тарихи тұлғаларын ашып көрсетуге арналған.

16476
С ——————— 2008
00(05)-08

ББК 84 Каз 7-44

ISBN 978-601-7011-38-3- (Т.7)
ISBN 978-601-7011-31-4

© Сматаев.С, 2008
© "Ел-шежіре", 2008

ТҰСАУКЕСЕР

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ел-жұртынан айрылған жаман екен
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.
Елім-ай! Елім-ай!

Күй күңіренеді.
Ән шер төгеді.

Көне домбыраның сүйініші мен күйінішін айғақтайтын егіз екі ішегі бірде күйік жасының қапалы мұңымен ақтарылса, бірде көкіректен шапшып шыққан сағынышымен уілдейді. Көп мұңлықтың сол сағыныш сазы туған жерге деген егіліп, еңіреп айтқан қош-қошы емес пе еді. Азалы шерден ызалы күйік қайырған домбыра сарыны кеудесінде оқ, өзегінде кек кеткен ерлердің осынау аңсау-шерді жүрек біткенге сіміртken өшпес рухы мен мұқалмас жігері емес пе еді.

Ән - аманат. Қан көмейлеп, құм қапқан халқымның мұң шақпай, кек атқан арманы ол. Қара көзден аққан қызыл қанымен қара жерді суарып, Қаратаудан босып шұбаған елімнің құлан еркіндігін жырлаған арманы ол.

Күй - шежіре. Зер салып тыңдасаңыз, туған жердің әр сүйемі үшін қасық қаны қалғанша ата жауымен айқасып өлген ата-бабалардың іңкәр сағынышы Атамекенге деген мәңгілік махаббатына айналғанын пайымдар едіңіз. Солардың мазасыз мұңынан өрбіген өршіл намысының "Елдік!", "Еркіндік!"деп бел шешкізбес қаһарлы қайратқа жетелер үнін естір едіңіз. Зер салып тыңдасаңыз, көкейкесті жалғыз сөзден Алаштың арғыдағы асқақ арманының бүгінгі қайсар тілегімізбен қасиет бастауындай боп араласып кеткенін түсінер

едіңіз. Саналы саздың “Азаттық!” деп айнымайтын қайырмасындай тәкаппар екпіні әр кеудеңде құштар тілектестік туғызып, соңғы демің үзілгенше бір мысқал азаймас тәуелсіз рухыңа айналар.

Елім! Елім-ау! Елім-ай!

Жұдырықтай жүрегімді дүрс-дүрс ұрғызатын қасиетті халқымның арғы-бергіден түйдек-түйдек жеткен құдіретімен ыстық сәлемі ғой. Ел көкірегіндегі тәтті үмітті қасіретіне бойлатып, өсиетімен уағыздаған шерлі заманның шешен тілі ғой - “Елім-ай”.

Халқымның көңілін сергітер, қайғысынан серпілтер, кекке бастар әні - “Елім-айы ” еді.

Бұл ән - ұрпақтан ұрпаққа ауысып, ұлтымыздың жас буынын әлдилеп өсіріп, әлдилеп есейтер қасиетті “Елім-айы ” еді.

Т О Ғ Ы С У

Арғымаққа міндім деп,
Артқы топтан адаспа.
Күнінде өзім болдым деп,
Кең пейілге таласпа.

Асан Қайғы

1

Әр қырдың астына тығылып, әр бұлақтың басын жағалайтын қазақ ауылдарының бұрқ еткен шаң мен тас жаңғыртқан әлдебір дүбірге құлақ түріп елеңдеп отыратын әдеті биыл сәл ұмытылғандай еді. Аяқ астынан дүрлігісіп қалып, өзді-өзін омыраулап дуылдаса жөнелетін шуылдақ қазақ мынау жазда ат басын әдейілеп Қаз дауысты Қазыбек би ауылына тіреген тәрізді. Өйткені тойшыл қазаққа оған үлкен себеп те бар еді. Қоян жылғы аласапыраннан кейін есеңгіреген халық есті жинап, етек жауып үлгерген-ді. Тәуекелді тұлпар ғып мінген қазақтың алаш жұрты көк найзасын ежелгі жауы - ойрат бөксесіне Бұланты мен Бөлентіде бір қадаса, Аңырақайда өңешіне өңмендете сұққанды. Содан бері міне екі қыс, екі көктем шабуыл-шандуылсыз өтуде. Әзірше жат сауырын түйремесе де, ат сауырынан түспейтін қазақ іргесінен ырылдағыш дүбір азайған соң, даласының шаңын көкпар тартып шұбыртып, бәйгеге шауып құйындатуға құмар-ақ. Сұлу ат мініп, суыт желетін бозбала жөні бір басқа. Шұбарала мініп, шұбыра жөңкілетін көптің қызығы бір басқа. Әрине сұңқылдасқан билері, саңқылдасқан жаршылары даланың төбесін төрге айналдырып, сағымын перде етіп, қарсы алдындағы кең жазыққа игі жақсылардан бастап иін тірескен қарашыларды тоғыта қоятын әдеттегі ұлт диуаны мен ұлыс кеңесінің аңсатқаны да рас. Үш жүздің жігін үш байрақпен

белгілеп, үш арыстың қуат-қажырын, қасиет-қадірін осынау дүрмек жететін тұтастығымен айбарлайтын құдіретті күндер алыстап кеткендей ме, қылқұйрықтың үстін мекен еткен әр қазақтың көкірегіне ұйыған әлдебір іңкәр сағыныш анда-санда бір дөңбекшіп тіріліп қалатын. Дуылдасқан жұрттың би ауылына ат басын жиірек бұрып, молырақ құйылып жатқандары да содан болар. Құба жонда құлан тірлік күн кешіп қызылсыраған қазақтың ащы іркіттен ішегі кеуіп, “шіркін талшығы тісте қалар қажаң-құжаң-ай!” дегізетін жаз күнінде той хабары құлағына тиген сәттеақ атқа тоқымды салдырта берген. Алды-артына қаратпай ертерек жолға түсірте берген. Жолға түсті дегенше, тойлы ауылға жеткенше асықтырып, ат бүйірін тебінте берген. Еріні тобарсыған шіркіндердің сілекейлері әлден-ақ шұбырып, жусан исі мұрындарын осқылаған кең құрсақ, жайын ауыздарға иен дүниеге көзін сатқызып-ақ қойған. Ондайда қасарысқан күннің зымырауық шапшаңдығына кіжінетін, итеңдеген көлігінің бес салсаң бір баспас шабандығына күйінетін. “Тойға барсаң тойып бар” деу аузынан мәйегі төгілген жуан кекірік байдың былшылы ғана. Тойға тою үшін бармағанда, қоңылтақ қарнының құрдым құрышы ордай опырайған қазақ не үшін барады. Туырылған жеңді білектей қазы жемесе де, семіз жылқының шылқыған етіне тұмсық көміп, мұртынан май сорғалатса, дүниенің одан өтер рахаты болар ма.

Қаз дауысты Қазыбек - бүкіл Орта жүздің екі тізгін, бір шылбырын мықтап ұстаған, қара түгіл тәңірімсінген төренің өзі оның қолына су құюға таласып ұмтылатын топ жарған би. Еліне күндік жерден көлеңкесін түсірген биік бәйтерек. Бірақ Орта жүздің ноқтасын ұстадым деп көкірек керген ол емес. Көкірек кермесе, де алқалы жиында айқайлап айтылар аты бүкіл алашының аузында жүргеніне, әдемі өнеге-үлгісі мен әділ төрелігі барша қазағының жүрегінде түнегеніне елу жыл бопты. Оның үстіне ырыс-берекесі үстемелеп өсетін, ауызбірлігі күн санап күшейетін қалың Қаракесектің қара құрым қыл құйрығын қайырып айдайтын, шұрылдатып байлайтын ұзын құрықтылары мен қақ сойылдылары қаншама десеңші.

Жиын көргенде арқасы қозып кететін, дау-дамайды шешерде қаз дауысы қаңқылдап, көк жүзіне қалықтап шығатын, аузын ашса, көмейінен кеңесі төгілетін, айналасына аталы сөзі себілетін Қазекеңе исі қазақта бас шұлғымайтын жан сирек кездеседі. Әрине, қазақтың күндестік, қызғаншақтық дейтін дауасыз кеселін ескерсек, әруақты бидің де төбедегі басын төменге сүйреуге, төрдегі орнын босағаға сырғытуға барынша тыраштанатын күншілдер де жеткілікті. Олар әсіресе өз ағайынының арасынан, өз жүзінің ортасынан қадау-қадау бой көрсететін де болып жүр. Шабынып сөйлейтін, шапшып мөңкитіндер әр ауылда-ақ кездесе береді. Ауылдағы әжептәуір ат-атағым аймағыма түгел жетсе дейтін есірік дәме өзіне құрақ ұшып, құлдық ұратындардың санын қайтсем көбейтем деп басын тауға да, тасқа да соққызбай ма. Түймедейін түйедей ғып танытпаса, көңілі көншімейтін бәкене сорлылар өзінен оқ бойы озықтарды қаралап-ақ әлек. Қаз дауысты Қазыбекке жапырыла құлайтын халық ықыласын көргенде өзегін өрт жайлап тыжырына қалатындардың ішінде бұрынғы айтулы батыр, бүгінгі үйкүшік пақыр да бар. Найзалыға табынатын қазақ хас батырының пәс пақырға айналғанын қайбір жақтыра қоюшы еді. Кешегі қайратын бүгінгі өзі қолдан жасап алған бишікеш айбатымен алмастырам дейтін әлгінің қаукөкіректігін үнемі жүйкесінде ойнап, жалақтап желкесінде тұрған жоңғары бар да қай қазақ қадірлей қойсын. Бұрын ел қорғаған ердің ендігі үй қорыған тірлігін қансыраған қарашының қайсысы кешіре қойсын. Ал ол болса өзіне білік пен білек атадан дарып, әруақтан келді дейтін далбаса сылтауымен ел кезіне түскіш боп әр төбеден бір бас қылтитып әбігер. Бірақ қым-қуыт дүрбелеңнің түп-төркінін қапысыз бағатын, ұлыс пен ру арасындағы тартыс пен таластың тамырын дәл ұстап, таратып беретін Ұлы бидің етегін қағуға шамасы келмейтін сол байғұстар өңменін өзі үзер бақталастықтың қызылы мен кіжінуін тастамайақ келеді. Қалың қазақтың ортасынан жарып шыққан әулиедей биге халықтың өзі қамшы ұстатқанын көре тұра көрмегенсіп, біле тұрып білмегенситін сол бишікеш байғұстар өздерін әр аймақтың айтулы биі,

ардақты топ жарғышы санап, Қаз дауысты Қазыбекпен кеуде таластырмақ болған әрекетінің аспандағы күнді алақанмен жаппақ болған пәруайсыздық екенін ұға бермеуі-ақ жаман.

Тұс-тұстан ағылып жатқан жұрт әзір саябырситын емес. Көкжиектен бозарып көтерілген кілегей мұнарды тілгілеп түбіттей шаң тұтанады да, сәлден соң шудадай шұбатыла созылып қырдан бері асып түсіп, иіңкіден төмен түйдектеле құлдилайды. Сол-ақ екен тойға асыққан әсершіл қазақтың алақандай көзіне ұзын аққан өзеннің көгалы ұйыса өскен қолатына оқшаулана тігілген ақ жұмыртқадай ақ отау, ақ үйлер барынша ырыс белгісіндей боп шалынады. Қазір-ақ анау тойшыл ауылдың бұлаңдаған бойжеткендерінің күміс күлкісіне балқып, сылаңдаған келіншектердің қолынан шыққан ас-ауқатқа кеңірдектейміз дейтін тілемсек дәмелер еріксіз жамырап қоя береді.

Ұлытау төңірегі биыл аса құлпырап кетіп еді. Даланың тамырына қан, емшегіне нәр жүгіріп өткені сондай, төңірек түгел қырмызы гүлге, жасыл желекке бөленген. Сай-сайдан сылдырап аққан ерке бұлақтар ирелендеп аққан сансыз өзендердің суын молайтып, күркіреуігін күшейтіп кетіпті. Аққан судың сылдырына жайшылықта тамылжыта сайраған әнші құстардың әсем үндері ұласып, сонау төбеден төменге таласа жөңкіген арналарды жағалай қуалап, жамыраса ұзап жататын. Бүгін соның бәрін тойдың топыры, топырлаған жұрттың азан-қазан қиқуы көміп кетіпті. Еңісте етек-жеңін жайып жіберіп, ұлы дүбірлі той жабдығына кіріскен бай ауылға ұзыннан ұзақ созылған Ұлытау алыстан шалқая көз тігеді. Көптен көрмеген қызығын тірілткен бауырындағы еліне емірене ме, әдеттегі бұлт сәлдесін сыпырып жіберіп, ақшулан тартқан төбесін бозғылдата жалаңаштап тастапты. Өңі өшкен жез табақтай күреңіткен өткір кірпік күн ғана күндегі тірлігінен айнымай, ашық-тесік төбе түгіл тас ерітердей қызуын аяусыз төгіп тұр.

Жан-жақтан ағылып-төгіліп жатқан көпшілікті алтын орда - ақ үйінде отырып-ақ сезген би Қазымбетке иек көтерді. Әке қабағын бағып өскен сергек ұл бас изеп елгезек құптау танытты.

- Көбейді ғой ел қарасы. Ниетінің түзулігінен шығар. Табағы тықырланбайтын болсын.

Осы ескертуі жетіп жатыр. Қазымбет дереу шыға жөнелді. Ендігі той жабдығы одан әрі пысықтала түсеріне көңілі тоғайған Биаға құс жастықты қолтығына қысып, жантая кетті.

Көптен бері ат ізін салмай үнсіз жатқан ел жақсыларымыз дейтіндердің іштей не ойлап, не бағатындарын сұңғыла би айтқызбай-ақ сезетін. Әсіресе Әбілқайыр ханның қатын патшаның қолын ұстап, етегінен сүймекші ниетпен Петерборға жіберген елшісінің хабар-ошарсыз бөгелуі де көп адамның көңілін күпті ғып барады. Әрине, шалқақ басын кекірейте түсетін патша әкімдерін талай көрген би олардың түз елшілеріне өзім деп өзегін аша қоймасын жөне біледі.

“Бірақ далиған даланың асты-үстін тіміскілегіш сары орысың сол далиған далаңды айдың, күннің аманында елеусіз жатқан тулақтай етіп қомағай өңешінің көз алдына көлденең тоса қойсаң, екі езуінен сілекейі шұбыра бас салмағанда қайтсін. Қай жағынан қазақ жерін шет-пұшпақтап қырқып, түптің түбінде түгел асаудың орайын қалай келтірем деп ойын он саққа жүгіртіп, рәсуасы шығып жүрген қызылкөздер алтын табаққа салып ұстата салған мол сыбағадан өлсе айрылар ма? Табағымен қоса жұта салар-ау. Елшілері кешікті ғой. Кешіккені ғой жүректі шошытатыны. Дүмі күштінің сес атқыш әдеті шаппа-шап әрекет пен қимылға әрине ұмтылтпайды. Кергімесе, созбаса, қинамаса несіне адуын ол. Несіне азулы ол. Табағың ескілеу, тамағың суықтау екен дегіш тәкаппар да паң сылтауды үсті-үстіне тоғытса, көзін сатқыш, қойнын ашқыш бәдік байғұстар одан сайын қуыстанып, қай жерімнен кінә мен күнәға баттым деп өз-өзінен ылдилап, бүрісіп бітпей ме. Орыстікі де сол. Шегіне жеткізе әбден бүрсеңдетіп алады да, әкенің тентек ұлының текіректігін еріксіз кешіргендей кең қолтық мінезін танытқан болады.

Әй, келеді-ау!.. Көп ұзамай қатын патшаңның адамдары үйіліп-төгіліп жетеді-ау! Әлекей-шүлекейге қызыққыш қазақты тиын-тебеннің сылдырымен алдап, шұлғауға да толмас сәтен-шытымен-ақ арбайды-ау!..”

Би күрсініп қалып, майлық орамалымен жіпсіген мандайын сүртті.

“Әбілқайыр терең. Терендігі тазаға, адалға мөлдіреп толып тұрса, түңіліп нең бар. Әй, бірақ сол өзі, тазалық шіркіні жетпей жатыр ғой онда. Сұлтанның өзгеден гөрі өзін көп ойлайтын қарабайыр пендеге айналып кеткені көңілді құлазытады да. Әйтпесе, Әбілқайырға ұйыған талайдың көңіліндегі әдемі үміт осылай жыпжылдам жоғалар ма еді. Көп сұлтаннан кеудесі озық, қайраты асқан, қажыры мол, кісілігі келіскен, көкірегі ашық азаматым-ақ еді. Оның да ішін кеулеп кеміріп бара жатқан бақұмарлықтың алабас құрты екен-ау! Өзегін құрт шалған байғұс бір-ақ сәтте өзгеріп құбыпгып шыға келмеді ме. Үш жүздің киелі ноқтасын уысыма жұмарлап ұстаймын деген қытымыр дәмесі қолына түспейтінін сезген заматта-ақ “шүу, қараққұйрық!” деп ат басын бұрып алып, шаңын бір-ақ көрсетпеп пе еді Аңырақайда. Сол өрекеті сатқындықган да асып түскен еді-ау. “Билігінді қолыма ұстатпасаң, қазақ, қолымның ұшын да бермеспін!” деп көрінеу көзге қиянат зорлық жасағанын, әй, көбіміз ескере бермейміз де. “Қайтсін, ер туламай ма, ат мөңкімей ме!” дейтін көнбістікпен бас шұлғимыз. Ұрымталда ұрт қимылдап жоңғарды жонынан тартып, жығасын жығып, айды аспанға бір-ақ шығаратын ұтпалы кезең сол Аңырақай тұсы еді. Амал не, қолды бөліп, жол мен жөнді бұзғандардың ғана кесірінен қасиетті жеңістен айрылдық та қалдық. Қазақтың тағдыр-талайына алауыздық дейтін қасірет үнемі жазыла берсе, Әбілқайырдың әлгі қысасы да соның бір шылауына ілігіп кеткен әшейін көрбілтелік қана ма екен, әлде?..

Әй түптен түкпірлеп ойлайды-ау ол. Қазақтың қолынан бермегенін жолынан тартып алмақшы енді. Қатын патшаның құзырына қол қусырып, оң қабағына ілінбек. Сөйтіп қомағай дәменің ындынын түн ұйқысын төрт бөліп аңсаған хандық билікпен толтыра алса, далиған даланы тулақтай төмпілдетіп сабалағысы келеді-ау. Сабалар-ақ... Одан кейінгісі белгілі. Еңсемді көтердім деп едіреңдеуі хақ. Бұрынғы ақылдымен сыпайы, ақымақпен әмпейі Әбілқайырдың көлең-

кесіне де зар боларсың әлі-ақ. Әр қабақтың дүмпуін ескеретін қайран Тәуке болу қайда. Билік білегіне күш қосқандай қонышындағы қамшысын қолынан түсірмей, екі аяқты біткеннің көзіне көк шыбын үймелетуге, әй, бұл шіркін барын салар-ау...”

Басқа сұлтандардың да өзгеден озып кеткені шамалы. Есептен ұтылмай, септен тосылмай өтуге жанталасқан шіркіндер ел қамын бір ойламай-ақ қойды ғой. Жұртпен керенау сөйлесетін сұлтандар бидің алдына төменшіктеп келуді де көбейтті. Құлақты анда да, мында да тосып әбден сілелері қатқан байғұстар көптен бері дымын шығармай тым-тырыс жатып қалған бидің қай қиырдан шығарын, қай төбеден шаң берерін сезгілері келе ме, біреуі көне Ұлытауды бетке алып, би аулына жол бастап барып еді, сол-ақ екен қалғандары да әлденеден құр қалатындай-ақ селтеңдеп күн құрғатпай жетті де тұрды.

Не айтсын олар. Құлап жатып сүрінгенге күлетін қазақ батыл боп көзге түсуге құмар ғой. Өз кеудесін оба емес, тәбе ғып қалқайтып көрсетуге тырысатын бәкене шіркіндер Әбілқайырды әрине жер түбіне бір-бір апарып тастаған.

"Кеудемсоқ! Қатын патшайымның көмегімен хандық тізгінді жұмырығына жұмарлап, қазақты иіріп айдамақ ол зәлім!”

“Зымыстан Әбілқайыр есіктегі орнын орыстар арқылы төрге оздырмақ. Әй, онысы өте қоймас. Оздырмаспын-ақ! ”

“Жаман Үсіктің мына озбырлығын қайтерсің, ә! Жәдіктің әруағына басармын-ақ. Мықтап басармын!”

“Әй, ана шатаның иығы шыға бастапты. Сол шошаңдаған иығынан шошайған басын жұлып түсір-сем ғой, қиқаң-сиқағынан біржола айрылар еді!..”

Қазыбек ешқайсына да емеурін білдірген жоқ. Бүлкілдеген Батыр сұлтан да, батылсынған Барақ та, секеңдеген Сәмеке де, кішірейген Әбілмәмбет пен Күшік те би ойына ештеңе қоса алмап еді.

Тойды әдейі сылтауратып, бүгін оқшау кеп түскен Барақ Қазыбектен жырғалап қаншама сыр тартпақ болса да, бидің жым-жылас боп ой тасалаған күйіне шыдай алмай сұлтан бір кезде шыж ете қалды.

- Оу, Қазеке! Ойпырай, сіздің ішіңіздегіні атан түйемен тартып шығара алмайтын болдық қой. Әу, осы ел аман, жұрт тыныштa өз тізгінімізді өзгенің қолына қыстыра салуымыздың жөні қалай болмақ? Санда бар да санатта жоқ ел ме едік. Алпыс екі баулы алашты құйысқанға қосақтай салар күн туды ма әлде. Әлде өткінші бақты өзімізден өзгеге ығыстыра қояйық дейтін жосықсыз жомарттық жасамақпыз ба, Қазеке? Не боп барамыз? Табынған тағымыз аласарып кетсе, бағынған ханымыз ұсақтап кетсе, сол аласаны биіктетудің орнына, сол ұсақты үлкейтудің орнына басқаны басымызға шығартпақ болуымыз қалай? Өзіңді өзекке тепкізіп, өзгені оздыруымыз қалай? Оу, Қазеке-ау, төрдегі басты есікке сүйрегенде ұтарымыз не? Төрге добал аюды дөңкитіп отырғызып қойып, өзіміз босағадан сығалағанда табарымыз не? Әрине қашқанның да, қуғанның да сиынары бір Алла. Қашқан да, сасқан да дәл бүгін алашың боп тұр ғой, Қазеке. Қашқанның сиынары әлжуаз болса қайтеміз? Құдай салды біз көндік деп тұяқ серпуге де жарамағанымыз ба?

Осы тұста шын күйзелген болса керек, Барақтың даусы жіңішкере шиқылдап барып үзіліп кетті. Алдында тұрған тостаған толы қымызды бас салып, тік көтере аузына құя салды. Демін енді ғана алып, алақанымен мұртының қос шалғысын сипап өтті. Жанарын қайтадан биге тіктеді. Үнсіз томсарған жүзден емеурін білдірген ыңғай таппады ма, тағы да шапшып ала жөнелді.

- Әу, Қазеке, құдайшылығын өзіңіз айтыңызшы. Осы Әбілқайырдікі былайғы жұрт айтатын құйысқанға қыстырылу болмай, бұйдаға қосқолдап таласу емес пе. Оу, ол өз буына ғана мастанып жүрсе жақсы ғой. Қатын патшаның дамбалын иіскердей сатқақтаған бұтына шақша басын сақылдата ұрып жүріп, ақырында тұтас қазақтың мықты тізгінін уысына біржолата түсірсе қайтеміз? Тәңір баспаған кеудемізді Бөлекей-Қоянның жаман-жәутігіне тойтаңдатып басқызып қоямыз ба? Қол түгіл шаң тимеген асыл жағамызды тесіктен сығалайтын Үсіктің шәлдірегіне жыртқызып қоямыз ба?

Қазыбек мырс етті. Барақ қалт тоқтап биге елендей қарады. Ашық-тесігі білінбес бітеу пішін әлі де салғырт тосып отыр екен. Барақ тұлан тұтты.

Ойпырай, Қазеке-ай! Ағайынның арындаған ашуын емес ашынтқан арызын айтқалы кеп ем, ар жағыңыз түгіл бер жағыңыз да көрінбей барады-ау. Өкше көтеріп, Әбілбілқайырмен төбе салыстырғалы отырғам жоқ. Салыстырсам, ол - төбешік те, мен - асқар. Айдалада маңырап жүретін жетім қозының енді кеп серкемсіп алдыма түсемін дегеніне қалай көнермін. Саяқтаған шіркінді текті айғырдай осы бастан тістеп, тарпып, тепкілеп бездірмесек, алдымдағы үйірді омыраулап, анау ен жайылған қосты дүркіретіп қуалап алып кетер. Осыны неге ойламаймыз. Оу, бәрінен бұрын еркімді тұзақтап, азат басымды азап ноқтасына сұғуым қалай? Иығыма өзгені жалпитып қондырып, қос өкпемнен тепкілететін болсам, ойбай-ау, қолаңса сасып, көмейінен түтін будақтатқан мұжықты емес, анау түрі-түсі өзімдей, тұрмыс-салтымен тумамдай ойрятқа неге бас имедім? Жоқ! Кең даламда жал-құйрығын желмен суылдата еркін шапқылаған бұла тірлік, бұғаусыз өмірден айрылғым келмегендіктен ол. Айдың, күннің аманында қайқы көкіректі шөгеріп, шалқақ басты еңкейтіп, кіріптар бола қалуымыз қалай? Әу, Қазеке, өзіңіз айтыңызшы. Кіші жүздің ұшық-пұшығындай үш-төрт қана атаның тіпті бурасы да емес атанындай Әбілқайырдың атағымды шығарам, абыройымды асырам дейтін кердеңдігін неге көрмейміз? Оу, азуы алты қарыс Арғын, Найманды өз атымды оздырам дейтін әлдебір шәуілдектің арам тілегі үшін обыр орыстың апандай өңешіне тыға салмақпыз ба? Онда... онда біз дағарадай бөрік кидік деп несіне буымызға пісіп жүргенбіз. Әбілқайырды Алланың аузынан, пайғамбардың белінен түсті десеңіз, солай ұйғарсаңыз, онда біз несіне арсылдай берейік. Құйрығымызды бұтымызға тығып, қыңсылайық та көне қоялық. Осы ма діттеріңіз?

Қазыбек ыңыранды. Бараққа үлкен қара көздерін кең ашып, қадала қарады. Бірақ әлгі қарастан сұлтанды құптағаны да, даттағаны да сезілген жоқ.

- Ей, Барақ, - дегенде қабағына кейіс табы ілінді.

- Аттың жалы, атанның қомында күн кешкен қазақпыз дедің. Қашанғы тырағайлап көше берерміз, қашанғы безектеп безе берерміз? Ат байлар қазық, кіңдік байлар тірек неге іздемейміз? Шалқыған теңіздей, сусыған сағымдай тынымсыз аунай бергенімізбен ордамыздың орнықты орнын тиянақты сайлай алмай жүргеніміз қалай? Өрісті кеңейтеміз деп, қонысты аудара беруден ығыр боп бітпеп пек? Әбілқайырдікі сол оты бар жер деп әр сайға, әр бұлаққа отау тігуден запыланған берекелі тірлік болса не дерміз? Ортадан ойып тұрып орнықты қазық қаққызам дейтін зар тілек болса, қайтеміз? Құдіретті Қаратау мен қасиетті Ұлытауға ғана арқа тіреп, табан басқан қазағыңның керегесі бұрынғыдай Алатау мен Алтайда, Атырау мен Жайықта жайылмай қалғаны қалай? Соны пайымдадың ба, Барақ? Жан-жағыңнан андыздап тықсырып келе жатқан жайын ауыз жауларың сол қабырғадай Қаратауың мен ұлыс ордаң - Ұлытауыңнан да бездірсе, қай қуысқа тығыларсың? Көрмеймісің кезенген керді. Сезбеймісің шырылдатар шерді, Барақ сұлтан? Орманнан шыққан орысың төл даланда андағайлап өріп кеткен жоқ па бүгін. Шалғайдағы шүршітің саумал сағымды сахараңа көзін суармай ма бүгін. Түстіктен қыдыңдап қызылбасың, батыстан қақшаңдап қалмағың, шығыстан жалақтап жоңғарың іргеңді тақырлап, сауырыңды сүңгілеп жатқан жоқ па. Қай өңешке жұтылып, қай көмейге тұтылып кетерімізді өзіміз білеміз бе, Барақ сұлтан? Ел болам десең, есіңді жимаймысың. Есем деп бір-біріңмен есептеспей, өсем деп естілігінді жасамаймысың.

Бидің сәл бөгелгенін пайдаланып, Барақ шыжбапақтай қалды. Әлгіндегі салқын жүзден енді қызу леп есті.

- Оу, Қазеке, сонда “азат басымды ноқтаға кергізбеймін” деген менікі теріс те, өзіңіз айтқан ормандағы аюдай қорбаңдаған “орыстың оппалы орына қазағымды түсірем” деген Әбілқайырдікі дұрыс па? - деп тыз етті.

- Кіжінесің-ау, Барақ. Әрине аң құсап орға түсу, оп қабу кімнің мандайынан жел естірте қойсын. Бірақ дәм қайда айдайды, күн қай тұстан шығады, жел қай

жақтан соғады - беймезгіл кездің беймәлім тірлігіне тап келдік қой. Қатықтай ұйыған баяғы ел қайда? Талыстай жайылған бұрынғы жер қайда? Самсаған сансыз пәрменді білек қайда? Самсаған сансыз білекті шырмаған әдемі тілек қайда? Қым-куыт араласқан дүрбелең асқармын дейтін алашынды бүгінде бетегеден биік, жусаннан аласа етіп қоймады ма. Тәукенің кезінде ғана тәубесінен тәуекелі көп қазағыңның жартысынан көбін жер жастандырған "Ақтабан шұбырынды" халқыңды қауқарынан ажыратып кеткенін сезбеймісің әлде. Бұрын тайталас түсіп, бірде жығып, бірде жығылып жүретін жоңғарыңның жолына кесе көлденең келе алмайтын дәл қазіргі пұшайман халге душар болғанымызды түсінбеймісің, сұлтан? Қаратаудың теріскейі мен Ұлытаудың арасына сынадай сығылысып әзер күн көріп отырған алашыңның жағдайын байқадың ба, сұлтан? Кекірейіп кеуде қағып, омыраулап өтетін кешегі күннің әлсіз екпіні әліқалмап па оді сенен? Жау бетіне, жел өтіне шығара қоятын тұтас қолың қалды ма, Барақ шырақ. Қансыраған ұлтыңды қан көмейден жұлып алып, "қазақтың тұқымын өшірмей, өркенін өсірем" деген біреу табылса, әлгінін қолына неге ұзын құрық бермеске. Мүмкін Әбілқайыр хандікі де сондай зар тілеуден туған қамқорлық болса, қайтеміз. Есеңгіреген елін, қалжыраған халқын бір мықтының қолтығына тығып, қолынан ұстатып, ілгергі үмітімен жетелеткізіп, жеткізе алса, ондай әрекетін неге құбыжық көрмекпіз. Алыстың жолы алғашқы қадаммен қысқармай ма? Қиынның ісі алғашқы қимылмен жеңілдене түспей ме? Жеткізбес арман көп. Жолатпас тілек қаншама. Жеткізбес деп арманнан күдер үзгенде, табарымыз не? Жолатпас деп тілектен түңілгенде, ұтарымыз қайсы? Әліптің артын бағу да қиын. Ал ьгп-ұшып лепіру де төуір емес. Бірақ ұрымтал тұсты қапысыз тап басуға не жетсін. Өртенер өзек біржола жоқ болғанша, сол өзекті өртер ертеңіңнің таусылмағанына не жетсін. Әбілқайыр мүмкін сол Қазақ дейтін өзекті өшірмей ертеңге тартуға әуре боп жүрген шығар. "Білегі көтере алмас шоқпарды беліне қыстырады" деп кейбі-
реулердің сырын алмастан сыртынан шуылдай

жөнелсек, тірлігіміз бен тіреуімізді біреу өздігінен қолымызға сыбаға ғып ұстата салар ма.

Барақ биге сұп-сұр боп ажырая қарап қалды. Ішінен “мына кәрің қай шиырды шарлап кетті. Осылар алжи бастаған ба, әлде менің жарғағым жаңылыс естіп отыр ма? Әу, “ноқталы басқа бір өлім!”, “алдымен сол басқа ноқта салып алайық та” дейтіні қинайды-ау. Ал салсын ноқтаны!”

Барақтамағын қырнады. Би қабағын қиғаштай көтерді. Қабағын көтергенде, мандай терісі жиырыла қалды.

- Ал, салсын ноқтаны! Қазеке-ау, содан соң сол ноқтаны мойнынан сыпырып тастай алмай, құлдық қдмыты желкесін қажаған ұрпақтан туар ұрпақгарымыз біздерге, мына сізге, мына маған қарғыс айтып жатса қайтерміз? Сонысын ойладыңыз ба?

Қазыбек ықылық ата ауыр күрсінді.

- Күпсіп сөйлемейік, сұлтан. Ноқта басқа әлі түсе қойған жоқ. Түскен күнде де ел тізгіні қолдан сусып шығып кете қоймас. Бәрінен де бұрын жер басып жүргенге не жетсін... Дүниеден біржолата жоқ боп өтіп кетпей,тауарихтан ұлтыңның атын жоғалтып өшіп кетпей, далиған далаңның ең болмаса бір пұшпағында қалқайып көлеңке көлбетсең... жұмылған жұдырықтай тас түйін қол, темірдей тегеурін заманның заманында қазағыңнан да табылып қалар. Сөнгенді тұтату қиын, өлгенді тірілту ақырет. Еңкейгенге шалқайған да жаман. Шалқайғанға еңкейген де абырой әпермес. Бірақ дәл қазір біз кергитін кезең бе, сұлтан. Шалқақтап жүретін жансая күндер жоғалды ғой. Аңырақайда тұмсықтан соғылған жоңғар жарасын жалап жазып, жау-жарағын сайланып, көктемде дүрілдеп қар көшкініндей жөңкіліп жетпес дермісің. Көк желкеңнен көк сұңгісін қадамақ болса, қолын қағар дәрменің жеткілікті ме. Жеке барып, сол ойраттың омыртқасын үзіп, етегін түре шауып әкеле алармысың. Қасым мен Есім хандардың тұсындағы асқақтаған айдыны, Жәңгір мен Тәуке хандардың кезіндегі сескентетін айбыны озған қазағыңның қорғасындай салмағы мен сескендірген сапасынан айрылып, тозып кеткенін әлі сезбеймісің. Әркімге бір жалтақтаудың, әркімге бір

жалпақтаудың қасиетсіз күні жеткенін ескергің келмей ме? Өз тізгініме өзім ие болам деуден артық қасиет жоғын мен білмей ме екем. Бірақ сол тізгінді таласа жұлып, жұлқылап жатқан ашқарақ көз, қомағай өңеш, кебеже қарын көршілерінді көрмеймісің. Бүгінде баз біреуге бұратана, баз біреуге босқын, баз біреуге бүлікшіл боп танылған жұртыңның кешегісін қайтара алармысың? Оңынан айын, солынан күнін туғызып, баяғыдай қой үстіне бозторғай жұмыртқалатып, бейбіт тірлік, берекелі тұрмысын бере алармысың?

Қазыбек өз сөзінен өзі ауырлап, енді Барақ сұлтанды да ұмытқандай шырмауы көп, ұшығы жоқ шытырманды шиырлап, қалың ойдың мибатпағына кірді де кетті.

"Ая. тиускелді мінсін делік. Әйел патша қазаққа қол ұшын беріп, қанатының астына алсын-ақ. Ау, сонда сол қанат астына түп-түгелімен өз еркімен кіре қоятын тұтас қазағы бар ма? Әбілқайыр әрине үш жүздің екі тізгін бір шылбыры өз қолында тұрғандай екпімдеп хат жазып, елпілдеп елші жіберген болар. Әрине орыс жұртшылығы да алды-артын екшемей, ақ-қарасын анықтамай түгелдей қолқ етіп түсе салмайды. Тексерген де, анықтаған да болар-ау. Әбілқайырдың сонда батпан-батпанмын дейтін салмағының азайып, жеңілдеп кеткенін білген де шығар-ау. Үш жүз тұрмақ Кіші жүзінің де үштен біріне әрең иек көтерерін көрсе, көнер ме еді, келер ме еді. Келеді. Онсыз да далиған дейтін далаңның әр тұсынан жер қазып, әр тұсына қазық қағып, әр тұсына шеңгелін батырып, қамал-қаласын салып жатқан түкті бет, жүнді ауыз орысың өзің кіріптар боп барып, кішірейе иіліп қолыңды ұсынсаң, қолыңды қолтығыңмен қоса жұлып алардай бас салмай жын ұрып кетіп пе. Бас салады. Іздегенге нағыз сұраған осы...

Ал келді дейік елшісі. “Басам десін қанатының астына”. Сонда даусын жер мен көкке бірдей атып, көк бөрідей жотасын тікірейтіп, көкдолы ашуға әлденақ мініп отырған мынау Барақ сұлтан иіле қояр ма екен оларға? Иліге қояр ма екен орыстарға? Басқалары да шабына айыл батқандай мөңкіп шыға келсе, не болмақ? Тағы да қазағыңның түндігі желпілдеп, тағы

да қазағыңның ауылын шаң басып, тағы да тыныш ұйқы көрдім бе деген қазағың жаңадан жау тапқаны ма? Ойпырай, қайтсе жан қалар?”

Даусы шығып кеткенін өзі де байқамады.

- Қайтсе жан қалар? - Өзіне түксие қадалған Барақтың да жүзіне әлдебір үрей нышаны ұялағандай боп көрінді. - Оу, сұлтан! Қиянатшыл дүниенің қаперіне қиянат жасадым дейтін түйсік кіріп-шықпайтынын білемісің? Өзгенікі оған түгел зорлық көрінсе, өз зорлығы өзгеге зорлық боп тиерін ұғынар пенде бар ма? Қалды ма сол ой теңселтер адамың? “Анау арамға мынау зауалым! Мынау зауалға анау сауабым!” деп тақылдап отыратын дайын жауап көкірегінде тіреліп тұратын болса, онда алыс-жақынмен ақылдасудың қажеті қанша? Керек пе сол ат шаптырып алаөкпе болу. Араз-құразды онсыз да өрбітетін ағайынға сөз беріп, сылтау тапқызып өтірікші атанғанша, үйде жатып-ақ неге анаған да, мынаған да жақ тартып, жебе сілтей бермеске. Бәрібір қиюы қашқан дүние орнына енді түспестей боп кетті ғой. Бәле басы пенде де емес, би мен батыр да емес, сұлтан мен хан да емес, тіпті сонау ұзын етек қатын патшаң да емес, құлағыңнан басып тұқыртқан, кеудеңнен басып тұншықтырған, біріңді емес бәріңді құрдымға қарық қылуға жең түріп білек сыбанған Құдайың болса ше?! Хақ Тәңірдің өзі! Жеткізе алармыз ба оған тілхатты? Өткізе алармыз ба өтініш-өксімді? Ұғар ма? Ұғынар ма сол Өзі? Ал обал-сауалын жаратқан Құдіреттің өзі көтерер, біз несіне күйіп-пісеміз десек, ноқтасына да, жүгеніне де, құлдық қамытына да үнсіз мойынсұнып, көз жұмып басты тоса береміз бе?..

Барақ килігіп кетті.

- Оу, Қазеке! Сізге не болған бүгін? Ой шіркінді мен саумайды деймісіз? Шарламайды деймісіз сансыз із-түзсіз шиырды? Одан пайда не? Не жынның сыбырын, не перінің жыбырын естірсің ой түбін қуалай берсең. Одан жалығып та, түңіліп те біткем әбден. Маған Әбілқайырдың ақ-қарасын ғана анықтап беріңіз. Өзіңіз айтқан құлдық қамытын ел басына кигізер болса, алдымен Әбілқайырдың басын алам. Сонсоң ормандай орыстың қолыма түскенінің қанын

судай шашам. Менікі осы. Осымды не ақтап, не даттап беріңіз,Қазеке!

Қаз дауысты Қазыбек жымиған болды. Онысы бірақ күлкіге онша ұқсамады.

- Қаншасын тауысарсың?..

- Оу, мен бастасам , қостайтындар да табылар.

- Тағы бір от тұтатып, ортамызға өрт тастатасың ғой онда.

- Басқа амал қалды ма?

- Иә, басқа амал қалмайды, Барақ. Бірақ жаман ойдан аулақ тұрайық әзірше. Орыс әлі өкшелеген жоқ. Мүмкін келмес те, сенбес те Әбілқайырға. Сен бүлінді екен деп түзеліп жатқан дүние тағы жоғын да ескер. Шығыстан сұғын қадаған айдаһардан сескенгенде, мынау іргемдегі найзасын шошаңдатқан қалмақ пен естектер де, қызылбас пен ойраттардың да әрекеті - қолдары қышып, қару ұстап, жан-жақтан түртпектеп, бір қөрқытын алайық дейтін тентек балалардың берекесіз ойындары тәрізденеді-ау. Анау қарақұрттай қаптайтын шүршітті ойлағанда, жаным мұрнымның ұшына келіп, жүрегімнің тас төбеме шығарын сенен несіне жасырам. Ондай күннің, ондай зауалдың бетін құдай аулақ қылсын. Аузынан жалын атқылаған айдаһарың меңірейген меңіреу далаңа тепсініп жетсе, қалқалар таса, паналар қуыс таппаспыз. Әлгіні сескентер, көлденең тұрып, жолын бөгер құдірет бар ма бізде? Жоқ қой, сұлтан.

- Әу, Биаға, сіздікі бітпес сарыуайым ғана. Шүршіт қайда, біз қайда. Ортада көк найзасын көкке білеген жоңғар жатқанда айдаһар болмақ түгіл жаналғыш Әзірейіл болса да олар бізге жолай алмайды. Әне айдаһардың жолын бөгейтін тосқауыл, - деп қопақтаған Барақ сұлтан биді қағып түсірмек болды.

- Жоңғар дейсің-ау. Ол да біздің егіздей сыңарымыз ғой. Бүгінде көшпелі елдің онша өспегі жоқ, өшпегі көп. Келешек кентті елдің кереметтігінде. Өнерінде. Оқу -тоқуында. Көк найзаңның күні өткен. Қой құмалағындай қорғасынның қасында ол шіркінің тулақ сабайтын сабау ғана. Жаландаған айдаһар ойратты жалмамай ма екен. Қан дәміне тұшынып алған соң сенің далаңа қарай самғамас па екен...

Бидің кеудесін жайлаған үрейдің ауқым, салмағын енді ғана екшеді ме, сұлтанның да ұнжырғасы түсіп кетті. Өз ойында жоңғардан өтер мықты, ойраттан озар құдірет жоқтай көретін шіркін өзі заңғарға батаған сол асқарының аспан тіремек түгіл бұлтқа сес көрсете алмас жайдақ төбе ғана екенін осы қазір пайымдай бастап еді. Әлгінде теңселіп-шайқалып, ырғалып-лықсып отырған қимыл-қозғалысьгнан да сәтте айрылып, мелшиді де қалды.

- Е-е, бостан болу арман ғой. Бодан болу - құлдық қой. Арман қусаң - өлесің. Басынды исең - көнесің. Екінің бірі дейтін тар есік, тас босаға тұр алдында қазақтың. Сынасың ба, иілесің бе - шешімің де, кесігің де өз қолында. Тағдыр-талайыңның басқа қармары жоқ. Тығырыққа тіреп қойып, тап басып, табжылмай тұрып, табандап танда дейді ол. Ал тандаі Маған сен не дер ең, Барақжан? Қай тұсқа қол соз дер едің маған? Салмағын сездің бе? Жауапкершілігін ұқтың ба?

- Оу, Қазеке-ау! Шынында екінің бірі дейтін тар қолтыққа тақалсақ, оңда мен де не дей қояйын. Таңдау деген немені өмірі ұнатпаушы ем. Алдыңа келгенді құр жіберме - дәм болса, аса! Мал болса, құрықта! Желекті болса, желік бас! Осыдан артық не білуші ем. Ал сіз айтқан кер шынымен төніп кеп қалса... әй, қиын-ау, қиын. Шүршітті білем ғой, хонтайшыда... - сәл кідірді. Енді неге бөгелем дегендей қолын сермеп қалды. - Хонтайшыда болғанымда, көргем оларды. Әй, қылқиып отырып-ақ көмейлеп жұта беретіндердің нақ өзі ғой. Сыбырлай сөйлеп, сығыраңдай күліп, сықсия қарап - қатыншылағанымен, әй аяушылық білмес қатал кебінен ызғырық ескендей болған. Көп дейді ғой өздерін. Тіпті сан жетпейтін көрінеді. Қаптап кетсе... - Барақ алдындағы еселеп құйылған тостағанға тағы да қол созды. Тағы да жұтқыншақ жоғары-төмен үш-төрт шапшыды. Тостағанның түбі көрінді. Сұлтан ықылықтап дем алып, аузы-басын күректей алақанымен үйкелеп жіберді. Мүләйімсіп биге қарады. Енді манағы суық қарас, сұсты кейіптен із де жоқ еді.

- Көп деймісің?.. Жай ғана көп емес, сұмдық көп қой олар. Жаяулап қана, жалаңаш қолмен-ақ дала-

мызға құттай қыбырлап, шегірткедей шұбырып жайылып кетсе... көметін де сүйек, егетін де тал, бағатын да мал қалмас. “Тұқымсыз кетті деген сол-ау!” дейтін құбыжық ойға батсам, жалына қол апартпай, қосаяқтап аспанға шапшитын кей қиқарларға мән-жайды қалай түсіндірем деп сең соққан балықтай мәңгіріп қалатыным бар, - деп би ауыр күрсінді.

- Ол қиқарларыңыз қашанғы шапши берер... - Барақ “кімді меңзегеніңізді сездім” дегендей нарт қызарған жүзді көлеңкелейін деді ме, шоқша сақалын сипаған болды. - Жан беру оңай ма? Ал азат басты ноқтаға керу - тірідей өлу ғой. Ақ өлімнен де асып түсер көпір өлім сол болар. Бәрібір соны ойлағанда, Қазеке, кірерге жер таппаймын. Аза бойым қаза боп, у ішсең руыңмен іш дегенді бетке ұстап, қасиетті даланың құлан тірлігіне бағып, құрық салғызбай, қылғынып күн көргенше, қырылып өлгенім артық-ақ дегім бар. Бірақ... Әбілқайыр шынымен-ақ адасқан жұртқа жол таппақ па?.. Жол табам, халқымды ұшпаққа шығарам дейтін іңкәрлік Әбілқайырдың сонау қара зындандай түпсіз терең кеудесіне расымен-ақ ұялады ма екен?.. Әй сенбеймін-ау!.. Басқа басқа болсын, ғұмыр бойы Жәдік тұқымымен жағаласып, кеуде көтеріп, бой салыстырмақ боп жүрген нашар Үсіктің шәлтірегі ел қамын жей қояды-ау дегенге итім илансын. Оның түн ұйқысын төрт бөлген бар ынтығы - асқақтайтын абыройы мен батпаңдайтын бағы ғой. Жоқ! Сенбеймін оған. Діні бөтен, тілі бөлек орысқа бодан болам деуінде, Қазеке, сіз айтқан шарасыздықтың таңдауы жатса, онда оның азаматтығына бас үрар едім-ау. Жоқ қой ондай адалдық. Әбілқайырдікі өріден дәметсе, бүкіл қазақтың бүтін бұйдасын ұстау, беріге қанағат қылса, Кіші жүздің тізгінін жеке қармау. Сөйтіп Қайып баласы Батыр сұлтанға тезек тергізіп жіберу. Кіші жүзге мүлде сиғызбау оны. Бір үйірге қос айғыр қажет емес. Кіші жүздің талас тізгінінен Батыр сұлтанның қолын қағып тастап, кеудеден нұқып жіберіп, айдап шықса, ақ патшаның қатынының дамбалын, еркегінің шалбарын басына жастанып өтер ол.

- Жуасуың да, шапшуың да тез-ау, сұлтан! Әбілқайырды тым сүмірейтіп жібердің. Бүгінде әркімнің қолы бір байлаулы ғой. Қарсыңда отырып қаныңды ұрттаймын дейтіндердің кейде сол байлаулы қолы болғаны да керек тәрізді. Берекесіз әрекеге бара алмайды байлаулы қолмен. Әлдебір ауыздан шыққан асау сөз сол байлаулы қолды шешіп жіберіп, саусақты қынға жүгіртіп, ойынды шынға айналдырып жіберіп, сұмдыққа бастауы да кәдік-ау. Сондағысы бірін-бірі орға құлату. Абыройын төгу. Қыжылды көкіректің буына пісіп, жауымды жәукемдедім деп асып-тасу. Қыбыр-сыбыры көп қазағыңның сол қыбыр-сыбырын даласының жүрдек желімен, ұйтқыған боранымен күшіктетуі - қанына сіңген қасиеті де. Одан арылу да қиын. Арылмау да қиямет. Сенікі, Барақ, сол жел суылынан, боран уілінен жеткен қыбыр-сыбырдың айтақтауы болмасын. Әбілқайыр өзектесім деп өзгені ойлады ма, өзегім деп өзін ойлады ма - мына харекеті кей-кейде ертеңгі үлкен зобалаңның алдын алар тосқауылдай нобай көрсетеді-ау. Қашанғы жел өтінде қалған қуыс құрайдай құр сыңсып жылай береміз. Қашанғы жел айдаған қаңбақтай жөңкіп онда шұбап, безініп мұнда дүркіреп, алаөкпе болармыз.

- Иә! Құрық салғызбадық әлі. Арқанмен шырмалмадық. Ен далада еркін шұбырып келеміз. Ерік тұсалған жоқ, Қазеке. Бостандыққа бұғалық түскен жоқ, Биаға. Қаңбақ тірліктің бір қасиеті - нар қасиеті де осы ғой.

Қазыбек бас шайқады. Жиырылған мандай терісі көлденең сұлаған терең сызықтардың қатарын көбейтіп ала қойды. Кең көздерге суық жылт оралды.

- Құрық түспесе, бұрын түспеген. Бұғалық қаз мойынға сарт етпесе, бұрын атылмаған. Ал бүгін... Ен далам дедің... Еркін шұбырдық дедің. Алтайың, Арқаң, Нарының қайда? Ұзын аққан Ертісің, көкше теңіз Балқашың, жасыл өлке Зайсаның қайда? Жеруйығың Жетісуыңа жамбасың тие ме?

Ен далаң тарылды. Кең дүниең бүрісті. Даланды тарылтқан кім еді? Кең дүниеңді бүрістірген кім еді? Орманнан өрген орысың! Одыраңдаған ойратың. Қос құбыланды қамал-қаласын салып, орысың шегендеп

тастады. Қия басып көрші, тірсегінді қисын. Бұғалық түспегені осы ма, Барақ? Құрық салмағаны осы ма, сұлтан? Алтын алқаң - Алтайды, алтын іргең Арқаны, жұмақ төрі - Жетісуыңды жоңғар жұмарлап басты. Бұрынғыдай бір шетінен жау тисе, екінші өңіріне ауа көшетін далаңның тарылғанын ескерсеңші. Көшіп кете алмайтын, қашып құтыла алмайтын қапас халге душар болдық қой.

Осы кезде күні бойы бидің оқшау кеңесіне бидің шақыртуымен қатысып, арқар мүйіз қос басты ожаумен қымыз сапырып отырған Түйте батыр тамағын қырнады.

Қазыбек басын сәл бұрып аталас іниге “айта бер!” деген қабақ танытты.

- Биаға! Ойпырай, көп нәрсеге мән бермей далақтап шаба береді екенбіз. Манадан бергі естігенім денемді мүлдем ауыр зілімен езіп кетті ғой. Арқаны кеңге салып, Бәкең айтқандай ен даланың тұс-тұсынан малға жайылым, елге қоныс табармыз деп қоң жиып жүре беруші ек, сол тіршіліктен де айрылып қалған боп шықтық қой. Тіпті, Биаға-ау, өзіңіз ортамызда құдіреттеніп отырғанда ештеңеден түңілмей, ешкімнен жасқанбай, арқамызды тауға тірегендей далиып жүруші ек. Сізді сенделткен заман бізді мүлде тентіретіп жібермей ме. Мен... мен есеңгіреп қалдым білем. Сіздерге ақыл салардай шамам қанша... Әй, жұт болар жылдың қытымыр қысындай мынау дүниенің арқаны аяздай қысарын сезе бастағандай болдым-ау. Ендеше ық іздеп, пана таппақ қажет емес пе. Сол жел жақған ызғырық өткізбес ықты да, жауын-шашыннан сақтар панаңы да тауып, таңдап беруші, Биаға, сіз... ә-ә... сіздер ғой. Әйтпесе біз төрт құбыла түгел тұрғандай... ештеңені ескермей... мән бермей жүре беріппіз. Сіз... сіздер күрсінгенде, мен үрейленейін дедім. Шошына бастағаным да рас. Етегіңізден ұстап, соңыңыздан ілескенімізге мәз боп жүрсек, осындай жантүршіктірер сұмдығы бар екен ғой... Биаға, сізді де дөңбекшіткен, толғантқан мына заманның түрі шынымен-ақ жаман екен-ау. Тапсаңызшы бір айласын... амалын. Іздесеңізші ық пен панаңы...

Қазыбек кеудесін көтеріп Түйтеге ажырая қарады.

Інінің шын тілектес пейілмен албыраған жүзін көргенде, қайтадан сұрғылт түске ауысты.

- Ық ізде, пана тап дейсің, Түйтем. Бар ма сол? Ығың - ноқта, панаң - бұғау боп оралса қайтеміз? Сенімді сергек кімің бар? Қай қамқоршың құшақ жайып, қойнын ұсынғандай бізге? Көп шарлап, көп шұқшиғанда көзіме түсе қоярдай қалтқысыз құшақты, достық пейілді көре алмай пұшайман болудамын ғой. Кірпігіңнің қадалары - батысың мен шығысындағы қос көршің ғана. Құшағына қысып қабырғанды уатып, омыртқанды үзіп жібере ме добалдай аю сирақ. Әлде от шашқан айдаһардың ыстық қойны жұтып қояр ма дымыңды да шығартпай. Одақ болайық деген Тәукеге де, Қайыпқа да емексіткен ақ патша болған жоқ. Менсінбеген де болар. Қоңылтақсыған көңіл жалтақ-шыл... Ал бір мықтыға арқа сүйеу керек-ақ. Әбіл-қайырды кей-кейде қолдағым да бар. Арқа сүйер арқа тауып берсе екен... қазағының қалтылдаған тірлігін жалғастырып, ғұмырын ұзарта түссе екен деген зар тілегіммен жақсылық қана аңсаймын. Ізгілік қана күтемін. Анау башқұрт, анау қалмақ, сонау татарларды тұқыртып отырса да, панасына алған... ығын берген түрін көргенде... соларға... орыстарға қарай ойыссақ қайтер еді дегенге құрық созам... Құрық түспес құлан тірліктің дәурені қаншаға созылар. Андыздаған қызылкөз, жыртқыш азу көршілер түптің түбінде қыл бұғалықты жалаңаш мойныңа егеп-ақ түсірер. Одан бұрын өзің әрекеттенгенің қолайлы көрінеді де тұрады.

Қазыбек тағы күрсінді. “Қай шұқырда көмусіз қалары белгісіз халқыңның шарасыз күні жүйкенді осылай жүндей түте берер ме? Әлде шынымен үміт шоғы тұтанар ма? Ақ патшаңда да қылтың-сылтың мол. Ол өзі қылтың-сылтыңды онсыз да өрбіткіш қатын патша болса, тұрлаулы сөз, түбірлі шешімді кесіп айта қояр ма. Баяғыда... он үш жыл да баяғы боп барады-ау, Қайып хан одақ болайық дегенде аяғына да отырғызбаған патша емес берідегі Тобыл ұлығының өзі емес пе еді. Әлі де Әбілқайырға елжірей қоймас. Ақ орданың үш арысының түгел билігін қолында жұмарлаған ұлы ханның өтініші емес, әлдебір кіші атаның Кіші жүзінің бір бөлігінің хансымағының

бұйымтайына бола бас изеп, иек қаға қоймас. Тәуке кеткелі казақтың басынан бағы, астынан тағы ұшқанын көрмес көрсоқыр емес. Оның үстіне ұлан даласының ұлтарақтай жеріне ұйлыққан елдің қазіргі мүшкіл халін және бес саусағындай біліп отыр. Шөре-шөре сұлтандардың жік-жік боп, өз алдына үш-төрт руды бөлектеп салып ап, сауырлап жүргенін тіміскілегіш майыр-сайырлары, тілмаш-біркәншіктері жеткізбеді деймісің жеткізетін жеріне. Шіркін Тәуке-ай! “Өлдің, Мамай, қор болдың!” осындайда айтылады екен-ау. Кешегі дүрілдеген күн, дүркіреткен қол, күркіреген айбын, атақ көзден бір-бір ұшты ғой. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын тұтастықтың быт-шыты шықты ғой. Қайта құрсауланар ма? Кім құрсаулар? Құрсаулаған күнде де кешегі көк қақыратып, жер тітіренткен құдірет алашқа қайта оралар ма? Қайдан оралсын. Бесеудің үшеуін жалмаған қоян жылғы топалаң қазақтың санын қайта толтыру үшін кемінде жүз жыл керек қылар. Оған шығысың мен батысыңнан анталаған ақикөз көршілерің қарай ма. Қаптап құйылар. Әлсіреп азайғаныңды, қансырап қалжырағанынды олар бақпай ма?”

- Әу, Қазеке, не амал калды? Бар ма сыңараяқ болса да бір соқпақ?

Өз ойының жүйесінен адасып қалған би сұлтанға ұзақ көз тоқтата қарады. Ананың мұртының қос шалғысының қозғалысынан ғана әлдене ұққандай болды.

- Соқпақтың тірелері - тас қабырға, терең шыңырау ғана. Қайда бұрсаң да, қайда бұрылсаң да маңдайыңның тірелері солар. Не өткел болар, не саты қылар жайды таппай отырмын. Кім білсін, әйел патшаң Әбілқайырдың арызына мүмкін пысқырмас та. Кердеңдігін олар бұрын да жасап, бұрын да жасқап келмеп пе еді бізді. Осы жолы да жарылқай саларына сенім аз. Бұрынғыдай тең тұрып, тең тұтып сөйлесуге дәрмен жоқ. Тәукеден кейінгі тәлтіректеген күйіміз енді көпке дейін оңалмас. Жеріміз шолтиып, өзіміз селдіреп қалдық. Он жыл бұрынғы қазағыңның санын қайта қалпына келтіру үшін үш-төрт ұрпақ жаңару қажет. “Кемеліңе кел, олқыңды толтыр, өркеніңді

жай!” деп көңілімізге қарап, арқамыздан қағып, маңдайымыздан сипайтын көршілеріңнің түрі анау. Жер бетінен мүлдем құрып кетсен - қуанбаса кейімейді.

Әй, енді ауыз біріктіріп, бұрынғыдай бір кіндікке байлана алар ма екенбіз? Ел кіндігі - қасиетті Түркістанды жат қолында қалдырған соң, түңілдің не, күйіндің не. Тұтастық ыдыраған жерде туыстық ұмытылады, жымысқылық өршиді. Ендігі санда бар санатта жоқ тірлік әркімге бір жалтақтатумен өткізер.

Барақ қопандап кетті.

- Ойбай-ау, дәл ондай күнге жете қойған жоқ шығармыз, Қазеке. Сіз тым сүмірейтіп жібердіңіз ғой. Санда да, санатта да бармыз. Неге болмайық. Анау Қалдан-Серен өзімізге... кәдімгідей-ақ құрақ ұшып, қол қусырып тұрады. Басымыздан бақ тайса, құдіретті хонтайшы қазақтың көп сұлтанының біріне қоғадай жапырылар ма еді?

Қазыбек мұрт астынан мысқыл күлкісін бүлк еткізді. Алдындағы тостағанға қолын созды. Сыздықтатып қана сімірді. Тамсанып отырып, тостағанды орнына қойды.

- Иншалла, ондай қадір азайып, қасиет таусылар сұмдық күнге жетпейік. Менің де зар тілегім сол. Әй, бірақ қиюы қашқан дүние енді құрсауланбас.

Уай, Барақ! Сенің хонтайшыл екенінді жасырсаң да, жасырмасаң да білем. Оның саған неге қоғадай жапырыларын да сезем. Жоңғаршыл сенің биігің - хонтайшы болса, сұлтан, төңірегіңнің онша ұзақ емесінен қорқам бірақ. Көрерің мен шоларың аз аласада тұрып. Жарақтымен жағалассаң да, жаналғышпен опаласқанынды жақтырам деуім жалған болар. Қайтерміз. Әркімді бір мықтыға телмеңдетіп қойған заман қысасына не істерміз. Сен азынаған айғыр ең, үйіріңнен адасып қалып, саяқ боп кеткенінді білмей жүрме... - би ыңыранып қалып, қолтығының астындағы жастықты жотасына қарай ысырып, кеудесін көтере шалқайды.

- Оу, Биаға-ау, ағымнан жарылсам да, ығыңыздан бір шықпадым ғой, - деп өкпелеген баладай ырғалған Барақ сұлтан көзі Түйте батырға түсіп кеткенде өз-

өзіңнен қуыстанып, қарасұрланып қақшиып ала қойды.

-Тең теңімен... Әркімнің өз күйігі, өз биігі бар.

- Иә! Сенікі белгілі болды. Әбілқайырдікі анау. Сәмеке, Батыр, Әбілмәмбет, Күшіктердікін де айтарсың маған онда.

Солардың ел қамы деп емешесі үзіле қояр. Бірін-бірі қызғанып, бірін-бірі тірсектеп, бірін-бірі тістеп тақ пен баққа таласқаннан басқа не білуші еді.

- Дұрыс айттың, сұлтан. Арқар ұранды аза-маттардың өз бастары қосылмай жүріп, өз алашын өлсе қосар ма. Аз қазақты дар-дар бөліп, бөлшектеп әкеткен соларды көріп отырып, саған оң қабақ көрсетуге тырыспайтындай хонтайшың есектің миын жеген жоқ шығар. Ал сол хонтайшың құм санаған Қалдан-Серен болса, талай сұмдықты өрмекшінің торындай құрып, талай пәлені балалатып өрбітіп жатыр ғой ол. Саған да шырға салып жүргені содан.

- Е, менде несі бар? - деп тағы да бір қопаң еткен Барақ монтаныси қарады.

- Сенің азға да болса, аз да болса хан болғың бар, Барақ. Рас па?

Қазыбектің дәл қазіргі тіке қадалған сұсты жанары ішіндегісін оқып отырған адалдық бейнесіндей көрінді ме, сұлтан бұлталақтай алмады.

- Әрине хандықтан кім бас тартушы еді. Бірақ Найманымның арасындағы менің бағам қай ханыңнан кем еді, Қазеке.

- Жә! Хонтайшыға керегі мынау селдіреген қазағыңның одан әрі күйреуі! Тозуы! Ыдырауы!

Соңғы үш сөзді айтқанда бидің күні бойғы бәсең үні күшейіп, алқалы жиында арқасы қозғанда қаң-қылдайтын даусына басып кетіп еді, Түйтенің еңсе көтеріп, қамшысына жармасқанын байқап қап, қайта саябырсыды.

- Найманыңа қадірің барын білем. Ол сенің қол бастар батырлығыңнан да, елім дей алар тілегіңнен де болар. Бірақ қызғаныштан да құралақан емессің. Сондайда ел қамы дейтін тілектің кеудеңнен бұлдырап жоғалып кететінін ескермейсің.

- Әбден тұқырттыңыз ғой, Қазеке, - деп Барақ Түйте жаққа қабақ серпілтті. Онысы “Мынау бөтен

көз, бөгде құлақ алдында абройымды төккеніңіз қалай?" дейтін өкпе сыңайындай сезілді. Ымды ұқпас би ме еді, елеусіз қалдырған жоқ.

- Сені, сұлтан, осы жолы да Әбілқайыр неге басымнан секіріп кетпек дейтін қорқыныш пен күдік сүйреп келді. Сол күдігіңе өзгелер калай қарайтынын сезгің бар. Аңыс андау, көмей түптеу - бүгінгі атқа мінген, таққа ұмтылған бар төренің әрекеті екенін мен білмейді ме екем. Мына Түйте батыр сезбейді деймісің. Сездірмеймін деп өзіңді өзің алдаймысың әлде. Сенің анау Қалдан-Серенге алакөбеде аттанып, алакөбеде ұрланып қайтатыныңды өзгелер байқамайтын, андамайтын көрмәдік пе еді шетінен. Сол алғашқы алакөбеде аттанған сәтінде-ақ сенің хонтайшыға қол кусырып, аяғына бас ұрғаныңды әдеттегідей жүйткіген жел жеткізбей, ұйтқыған өсек таратпай қояр деп ойлаймысың...

Хонтайшыға керегі де сол. Қазақтың қоңына саусағымды қай жерден сіңірем, шеңгелімді қай тұстан салам деп жүргенінде қолынды қолтығыңмен қоса ұстата салсаң Қалдан-Сереннің асығы алшысынан түспегенде қайтеді. Әсіресе арқар ұрандының арқыраған Барақ сұлтаны молданың шәкіртіне ұқсап бүкірейіп алдында тұрса, "қазақты мүшелеп, жіліктеп паршалаудың мен қызыққан басы осы!" деп мұрт астынан күлмегенде қайтсін ол. Тұтастық деп жайшылықта зар илесек, сол тұтастықты Әбілқайыр алтын табаққа салып ақ патшаға сыбаға ғып ұсынса, Барақ күміс табаққа салып, хонтайшыға төре табақ қып ұстатса, зар илеп тілейтін тұтастығымыз ыдырамай, бөлінбей қалай тұрар. Құпияның жарияланары анық. Бүркеудің ашылары ақиқат. Мысықкөмбе қылық көлденең көзге тез шалынғыш. Сондай өзімшіл һәм алдамшы тірліктен аулақ болғанға не жетсін... - Қазыбек енді өз ойымен боп кетті де, сәл кідіріп, өзіне үнсіз қадалған екеуді жаңа көргендей дереу қатайып алды. Онысы қатқыл дауыстың ширақ екпінінен білінді. - Әбілқайырды даттауға асықпайық. Әліптің артын бағатын дәл осы тұс. Ақ патшаң әділдігіне көшіп, шын ниетімен арқа сүйерің болам десе, оған да көнейік. Көнбеске лажымыз да жоқ. Өйтпесек,

ертен-ақ зеңбірегінен доп атқылап, ботадай боздатып, лақтай маңыратып екі көршіңнің қай пысығы басып, жаншып алады. Онда арқа сүйерді емес, арқанды жауыр қып мінеріңді құлдық қамытыңмен қоса аласың.

Осы кезде шүмегі аққу мойнындай иілген жез құман мен жез леген көтеріп кірген жігіт ас дайындығыннан хабар білдірген еді. Қазыбек қонақжайлық танытты.

- Ә....ә. Бері былай, алдымен мынау Барақ ағаңнан баста.

2

Қаз дауысты Қазыбек бидің алтын үзік - ақ ордасы өзге үйлерден оқшау тігілген. Маңайына бөтен-бөгде адам тым жолай қоймайды. Жолата қоймайтын атшабар жігіттер көп. Бірақ Жарылғап тәрізді бидің батасын алып, бидің көзі де, көңілі де түскен балаларға еркіндігі мол. Жарылғап сол еркіндікті пайдаланып бидің іргедегі төрт сырықпен көлеңкелеткен саясында қисайып жатқан-ды.

Түйте үлкен үйден шыққанда баласы Жарылғап іргеде, көлеңкеде отырған жерінен көтеріліп ілесе берді.

- Көке, қалай көп сөйлестіңіздер.

- Әй, сен... Күні бойы осында... осы арада болдың ба?

- Иә. Биағаның әңгімесін тындадым. Ұққаным да біраз. Ұқпағаным да көп.

- Тамақ ішкен жоқсың ғой әлі.

- Қарным аша қойған жоқ.

- Жүр. Ана жерден ет салғызып бергізейін, - деп Түйте баласын ас үйлер жаққа ерте жөнелді. Жарылғаптың басы толған сұрақ. Соларды енді әкесіне тезірек айтып, тезірек білгісі кеп келеді. Шұрылдаған ішекті де, ашыққан қарынды да елер емес.

- Көке, Әбілқайыр кім? Аралбай ақәкемнің аулына былтыр келген қонағы ма?

- Иә, сол! Кіші жүздің біраз руының ханы ол.

- Көке, сонда қалай... біз орысқа бағынамыз ба?

Түйте қалт тоқтап баласының бетіне жалт қарады. Баланың қос танауы делдие шын құмарта білгісі кеп тұрғанын анық байқады.

- Оны мен тұрмақ Биағаның өзі де білмейді. Бұл бір бүкіл елді тұгел қинаған жағдай ғой. Биағаны бастан-аяқ тындасаң, Жарылғап, шет жағасын езің де сезген боларсың.

- Би атам көп күрсінді ғой. Қиналғанын әрине сездім, көке. Жоңғар жауызды білем. Шүршіттің де алакөз екенінен хабарым бар. Ал орысты неге құбыжық көреміз. Әне анау Мәтіби[1] орыс қой. Қазақшаға судай Құбыжық болардай түгі жоқ.

- Мәтіби Биағаның песірі. Ол дұрыс орыс. Көптен арамызда жүрген соң оның орыстығынан қазақтығы басым. Орыстың бәрі Мәтібидей болса, онда қорқатын да дәнеңе жоқ. Әй, бірақ соқталы басқа ноқта түскенді кім жақтырушы еді. Асау тайға жүген салғанда қайтіп мөңкитінін талай көрдің. Мал екеш мал да еркіндігіне бұғау түскенін қаламайды. Ал адамның жөні мүлде бөлек. Қазақ үшін кең далаңнан артық дүние жоқ. Ат үстінің жүйріктігінен артық бостандық жоқ... Ә...ә, Жарылғапжан, әне анау Рымкеш апаңнан тамақ салғызып берейін.

* * *

Жарылғаптың ойынан манағы естіген-ұққандары кетер емес. “Би атамның айтуына қарағанда осыдан он-ақ жыл бұрын қазақ бұдан да көп, бұдан да мол болса, қара жерге қалай сиыл жүрген? Ал сол көп қазақты қоян жылы қырып салған жоңғар қандай жауыз еді! Қой емес, тоқты-торым емес, өзіндей екі аяқты адамды қыра беруге дәті қалай шыдайды?”

Бала тұйсікке бәрі жұмбақ. Аққан қан, төккен жастың сұрауы болады деген ұғымнан тысқары нәрсе болар деп ойламаған ұлан көлеңкеде отырып тыңдаған көп жайды өз көңілімен қаузастыра алмай әлек. “Неге

[1] Матвей дегені.

таласады? Әбілқайыр хан емес пе? Енді одан артық оған не керек? Түгел қазақты басқарам дегеніне жаңағы зіркілдеген Барақ сұлтандар көне қояр ма екен. Би атамның “Батыр, Сәмеке, Күшік, Әбілмәмбет сұлтандар бірін бірі тірсектеп, бірін-бірі тістелеп, тақ пен баққа таласқаннан' басқаны білмейді” дегеніне қарағанда, барлық пәле осы төрелерден шығатын тәрізді-ау. Батыры қалай? Аты ма екен? Әлде жау шапқан батыр болғаны ма? Жау шауып, батыр атанса, онда неге бүлік шығарады. Батыр адам жақсы болушы еді ғой. Күшік сұлтан дейді. Шынымен сол өзі басқалардан гөрі көп таланатын шығар”.

Жарылғап күліп жіберді. Көз алдына бірін-бірі қуған, бірін-бірі тірсектеген, арылдасқан, ырылдасқан иттердің додасы елестеді. Азу тістер сақылдап, жел-кеден бүріп, тірсектен қауып, өлер-тірілеріне қарамай, бұрқ-бұрқ шаң ұшырып, құйын ойнатып ауылдың бір шетін алапат топалаңға айналдырып жіберетін.

- Жарылға-ап!..

Әлдебір дауыс жер түбінен дүбірлеп жеткендей құлақ жарғағын қағып жіберді.

Жалт қарап анадай жерде тұрған немере ағасы Итқараны көрді. Итқара - Түйтенің ағасы Балта батырдан туған. Өзі де батыр тұлғалы. Кезінде Кәрсөн Аралбай батыр жасақтап, бүгінде Аралбайдың немере інісі Таңыбай басқаратын Қаракесек қолының атақты жүзбасы. Соңғы кездері Жарылғапты қасына ертіп, жақ тарту, сайысу, найза қадау тәрізді соғыс өнеріне баулып жүрген еді. Асықтыруына қарағанда, асығуына қарағанда ағасы мұны әлдебір іске аса қажет қып жатқан сыңайлы.

- Аға, жай ма?

- Оу, бассаңшы аяғынды! Күні бойы іздеп алаөкпе боп жүрсем, жайбарақат қана “жай ма” дейді ғой. Қайдан жай болсын. Бері кел. Бері!

Ағасының күйгелектенгенін Көрген соң әлденені бүлдіріп алмадым ба дегендей Жарылғап қуыстана жақындады.

- Неге іздедіңіз?

- Ойбай-ау, неге іздедіңің не ей, сенің. Қайда құрып кете бересің. Бармаған жерім қалсайшы. Тура екі ет

пісірім шарлаған шығармын осы ауылды. Қайда болдың?

- Қайда болушы ем... Би атамның үйінде.

Итқараның көзі бақырая аларып, дымы өшіп, иегі кекшиді де калды. Өзге түгіл өзінің де би үйі тұрмақ сол жаққа маңайлай алмайтынын білетін ағасы сенер-сенбес. Сәлден соң ес жиғандай аларған көзді қысыңқырап, адамша тіл қатты. Бірақ әлі де болса сұрағы одағай естілді.

- Биатаң... Қазекем бе?

- Со кісі. Басқа Би ата бар ма еді? - деп Жарылғап қарсы сұрақ қойып, одан сайын құйындатты.

- Не бітірдің онда?

- Не бітіруші ем... Сөз тыңдадым.

Итқара енді мүлде тығылды. “Сөз тыңдадым дейді. Сонда Биаға мұны әлден кеңесіне қатыстырмақ болғаны ма? Дуалы ауыз би өзінің ықыласы ауған жанның үлкен-кішісіне, бай-кедейіне қарамайды деуші еді. Кеңесіне алса алған да шығар. Ал біз... Әлі күнге шейін Биағаның қолын дұрыстап бір алған да жоқпыз”.

- Не дейді кеңесінде? - Енді немере ағасының жүзінде әлгіндегі таңдану мен қызғанудан бөлек, құмарту нышаны белгі берді.

- Не десін, Әбілқайыр сұлтаннын ақпатша... қатын патшаға елші жібергенін Барақ сұлтан екеуі біраз әр саққа бір жүгіртті...- деп бастай беріп кілт тоқтады. Дәл осы тұста өзінің ойда жоқта өзгенің ықтиярынсыз тыңдаған әңгімесін жалғанға жариялап тұрғанын сезіп қап еді. Оңашаланған бидің құпия кеңесін ашып қойдым-ау дейтін күдігі кеудеден қылтиғанда, тілін тістей қойғаны содан еді.

Итқара ентелей төніп ентігіп тұр.

- Содан соң не деді? Әбілқайырдың қатын патшаға елші жібергенін естігем. Содан кандай хабар бар екен?

- Аға мені неге іздедіңіз? - деп Жарылғап әңгіме бетін бұрды.

- Сені ме?.. Ә-ә, жүр. Қазір “Мәтіби сайыстан” жігіттер өнер көрсетпек. Сен соған қатысасың.

- Аға-ау, оған сай атым жоқ қой.

- Табамыз. Іздейміз.

- Босқа әуре боп қайтеміз.

-Оу, өзің тіпті тілазар боп кетіпсің ғой әбден. Жүлдесі тым керім! Өзгеден озған жігіт тұп-тура атан түйе алады. Далада жаткан түйе бар деп пең. Қиқаңды қой да, сайысқа түс! Анау атанның бұйдасын маған жетектет!

- Аға- ау, менің озатынымды қайдан білесіз. Көріпкеліңіз бар ма еді?

- Көп сөз - боқ сөз. Мен сені жатпай-тұрмай неменеге үйретіп жүрмін жұрттың соңында шаң жұтып қалатын болсаң. Оның үстіне Түйте ағамнан ұялмайсың ба жеңісті қолыңнан берсең.

Бұл аңғарға Жарылғаптың айтар дауы қалмады. Көкесін ұялтардай нашарлық пен жігерсіздікке өлсе жол берер ме. Өйтер болса, қара жердің тесігіне сыналап кіріп кеткеннен басқа амал жоқ қой.

- Қайдан табамыз, аға?
- Нені? - Итқара аңтарыла қарады.
- Атты. Мен мінетін арғымақты!

Иткара күліп жіберді.

- Ә-ә, арғымақ табыла қоймас. Бірақ арғымағыңа бергісізін тақымыңа басқызам.

"Мәтіби сайыс" дейтін сайыстың өзгеше түрін бұл Қаракесек руының жігіттері былтырдан бері үйреніп жүрген-ді. Оны таратушы Қазыбек бидің песір хатшысы Мәтіби - Матвей орыс. Орыс-қазақтардың ат үсті ойын-өнерінің мықтысы - шыбық шабу қазақ жастарының да біраздан бері машықты әдетіне айналып кеткен. Атының бар шабысымен екпіндетіп отырып, үш арқан бойы қашықтыққа, арасына шылбыр тастам жер қалдырып екі жаққа қайшы алыстыра шанышқан шыбықты бір де бірін мүлт жібермей, әрі өте тез уақытта шауып түсіру жігіттің жігітінің-ақ қолынан келетін өнер. Әсіресе көз жітілігі мен қол шапшаңдығын аса қажет ететін бұл сайыстың түрін Жарылғап барынша ұнататын. Содан ба, он үштегі жасына қарамастан, жорыққа қатынасып, шандуыл шаңын бұрқыратып, кеудесін соғып жүрген сақа сарбаздардың ешқайсына дес берген емес. Итқараның атан түйені жетектеп кетем деуінде де осындай бір гәп бар еді.

Жарылғап зерейіп өсіп, әлден-ақ зіңгіттей жігіт боларынан хабар бергендей сорайған аяқ-қолдарын асықпай қозғап, Итқара екеуі қаңтарулы аттарды аралап жүр. Желілеген төрт керменің ана басына бір шықты, мына басына бір шықты. Баланың көңіліне толар ат кезікпеді. Итқара әбден запыланды.

- Әу, Жарылғап! Саған енді Әзіреті Әлінің Дүлдүлі болмаса қандай ат керек. Ойбай-ау, әлден ат таңдайсың, бара-бара не болмақсың. Түйтенің мың көгінен баласы мінуге ат таппапты деген атаққа ұрындырайын деп жүргеннен саумысың. Әу, сен тіпті бүкіл Кернейден мына қалпыңмен ат таппассың.

- Ат емес қой мыналар. Бірінің бөксесі сүмпиген. Бірінің алды қушиған. Шетінен жабы.

Итқара күйіп кетті.

- Жабы да болса осылар жауға мінер атымыз. Жабы-жабы дейді ғой. Қайран Көкаланың тұқымының құрып кеткеніне мен кінәлі ғой деймісің? Тігерге тұяқ қалдырмай қуып кеткен жоңғарға қыл қылатынынды. Жабы деп... Жабыны көрмей жүр екенсің.

Осы кезде Жарылғап кеңкілдеп күліп жіберді. Екі алақанын бір-біріне сарт-сұрт соқты.

- Ой, таптым аға! Қандай әсем! Қандай тұрық! Нағыз тұлпар-ау! Серейген аяқтарын-ай! Жер соғарлығының биігін қараңызшы. Тұяғы тұп-тура дөңгеленген кеседей-ау!

- Ойбай-ау! Ол жаққа мойныңды созба! Созба деймін, Жарылғапжан. Олар қонақтардың көлігі. Сенің бір шабысыңа осы арадан-ақ бір тулақ табармыз.

- Маған тулақ керегі жоқ!

- Не деп барасың, әй!

- Онда мен сайысыңызға қатыспаймын. Тулақ мініп елге күлкі болар жайым жоқ.

Итқара күйіп-пісті.

- Бүйтіп бұлданатын болсаң, сенен ештеңе де шықпайды. Батыр да болмайсың. Адам боп та оңбайсың. Қыңырлығың атан түйеге жүк болғандай. Ал, қатыспа! Ер Түйтенің ұлы сайыста оза алмайтынын біліп, өзі бас тартыпты деп дуылдаған қазақ бүкіл далаға таратып жіберсін. Сол ма саған керегі.

- Тарата берсін.

Жарылғап өзі ұнатып тұрған атқа қарай адымдай баса жөнелді. Итқара еріксіз ілесті. Мүшесі басқа жылқыға ұқсамайтын, үлкендігі тура нардай алқам-салқам пішілген ұзын тұқымен көрген көзді арбап барады жануар. Жарылғап қарагерді айналып шықты. Үндемей біраз тұрды. Тамсанып таңдайын қақты.

- Жануардың келістісі-ай! Ат деп міне осыны айт! Нағыз пырақ! Аяқтарын қараңызшы, ағатай! Бұтының арасынан ел көшіп өткендей.

Итқара да даланың ат үстінде желмен жарысып өскен төл баласы. Оның да кең ашылған көздері қарагерге сүліктей қадалып қалыпты.

- Ернін-ай! Саптыаяқтай салбыраған астыңғы ернін көремісің, Жарылғапжан-ау! Көзінің үлкенін шіркіннің! Адамға тура қасқырша қарайды екен! Ғаламатын-ай дүниенің! Көптен көрмеп едім дәл осындай арғымақты! Көздің жауын алады-ау қайран жануар! Көріп қана сүйсініп көңілің өспей ме!

- Ағатай! Мен тап осы атпен сайысқа түсем!

- Қой, ойбай! Бәлесінен аулақ! О заманда бұ заман қонақтың атын қосшы бала мініпті деген сұмдықты естігем жоқ.Бас қатырма босқа! - деп Итқара безек қақты.

- Немене соншама, бір зыр еткізгенге бү шіркіннің бірдемесі кете ме? - деп Жарылғап болар емес.

- Болмайды, шырақ. Қазақ үшін аты мен қатынынан қадірлі ештеңе өтпейді. Бөтен бөгденің біреудің атына мінуге, қатынына қарауға қақысы жоқ. Өйтіп ел бұзар, ұйтқы қашырар сойқандықты адамның иті, аңның бөрісі ғана жасайды.

- Онда, ағатай, иесінен өзіңіз сұрап беріңіз, - деп қиқар ұлан тағы бір қияға жалт берді.

- Ойбай-ау, мынау алатопырдан кімді тапқандайсың! Кімді тергейсің? Жоқ! Өйтуге уақыт тығыз. Әне, сайысшылар топтала бастапты.

Жарылғап ағасының қолын сілтеген тұсқа көз салды. Бөктерді етектеген алаңқай жазыққа қарай шоғырлана бөлінген жаландаған жігіттер аттарын ойнақшытып, қан жүгіртіп, әлден-ақ бәсекеде басым болудың дайындығына кірісіп кетіпті.

- Көрдіңіз бе, аналардың мінгені шетінен сәйгүлік!

- Жылқы жануар дабыр-дүбірге елеңдегіш. Дүбір

естілді дегенше, құлпырып, өзгеріп шыға келеді. Көкеңнің Көктұйғынына мінші. Қалай құтырар екен!

- Көктұйғынның ссылтып қалғанын білмейсіз бе?

- Әй, ұмытшақтық! Қап! Көктұйғын да қылқұйрықтың үздігі! Ал мынау қарагер! Тіфө-тіфә! Сұқтанбайыншы жануарға! Тіл-көзім тасқа!

- Шіркін, осыны тақымға бассам... Онда бар ғой атан түйені, ағатай, сіз жетелеп апарып, жеңгемнің қолына бұйдасынан ұстатып-ақ жатар едіңіз.

Атанның аты естілгенде малсақ Итқараның аузы ашылып кетті. Әйелінің күлімсіреп кеп қолынан бұйданы алып жатқаны көз алдына елестеді ме, рақат күйге бөккендей ыржия күлді. Шақшасын қонышынан суырып алып, сұрғылт түйіршіктерді екі танауға кезек шекіді. Көзін жұма, ернін бүрістіре құшырлана түшкірді. Көзден ытқыған қос түйір жасты бармағымен егеп-егеп қап, құрғатып әкетті.

- Әй, арты дауға ұласып жүрмесе... Иесі жөн білер, кеңпейіл адам болса жақсы, баланың бір әбестігін кешіре қоярдай. Ал бірнеше ауылды аузына қаратқан дүмі мықты би мен төренің бірі болса... Ойбай-ау, төре демекші - Барақ сұлтан кеп еді-ау! Әй, мынау қарагер дәуде болса дәл сонікі! Ойбай, кетелік, бала! Өле алмай жүрген жоқпыз. Есің барда ел тап деген. Кеудесіне нан піскен Барақ сұлтанға сүйкеніп соқтығардай... итке тастар сүйектей бере алмай жүрген жаным жоқ! - деп Итқара жалбарына бастады.

Жарылғапқа бірақ Барақ онша қауіпті көрінбеді. Мана үй іргесінде отырғанда сезгені: мынау Итқара ағасы қорқатындай әрі адуын, әрі азулы сұлтан емес, Биатасының алдында мөлтек қаққан әлжуаз, кінәмшіл, бәсең көптің бірі ғана-тын. Ендеше одан үркетін де, шошитын да рет жоқ. Дәл қазір осы атқа мінеді. Осы атпен - сүліктей созылған қарагермен сайысқа түседі.

- Барақ болса қайтейін. Ол өзіне Барақ. Биатама Барақ емес ол, - деп арқасын кәдімгідей-ақ батагөй биге сүйей бастағанын өзі де сезер емес.

- Айтпа, айтпа өйдеп! Ойбай, менен басқа ешкім естімесін. Барақты осал деп пең... Ой, ол дегенің нағыз басасау! Кесірді ерттеп мінгеннің дәл өзі ол. Оның

үстіне мынау Биағаның тойын топалаңға айналдырта алмаймын. тамашамды бірге қызықтасын деп төрт құбыладан түгел жинаған ел-жұртының көңіліне ақау түсірердей ілік берсек... Ойбай, ондайдың бетін аулақ қылсын... Әй,сұлтанның төленгіттерінің бірі жоғы қалай,ә?.. Ат-көлігін осылай қараусыз қалдырғанын көргенім осы. Әлде Биағаның аулы болған соң - сенді ме екен. Сенбей... әулие ғой біздің Биаға! Басқаларды шуылдатып жататын барымташы-сырымташы да, ұры-қары да бұл ауылға, би маңына өмірі жолап көрген емес. Соны білген де нөкерлері. Жүрген шығар той қызығын қызықтап. Жүр кетейік, Жарылғапжан!

Аузы айтқанмен аяғы қозғалар емес. Жазыққа көзі түсіп кетіп еді, шоғырдың ауқымы өсіп, көбейген екен, жаны тызақтап қоя берді. Енді кешіксе, Жарылғап іріктеуге ене алмай қалады. Ене алмаса, сайысқа түспейді. Онда атан түйе де жоқ, жүфтісінің көзінің қиығымен аялар әсем қылығы да жоқ.

- Әй, қылышың... Ә, белiңде жүр екен ғой...

- Ағатай, не істейміз енді. Анау жігіттер тізіле бастаған ба, қимылдары көбейіп кетіпті.

- Ноқталы басқа бір өлім!.. Мін онда!

- Мін деймісіз?!.

- Иә! Мін қарагерге! Әкел, әпер жүлдемді! Атанды!..

Жарылғаптың екі езуі құлағына жетті. Қарагердің кермедегі шышбырын шешіп ап, бері шығарып, ерге бір-ақ ырғыды. Тұрыңқырап қалған ат бір орында тыпыршық атты.

- Қандай биік! Қандай жуан! Тақым толатын нағыз Тайбурылдың өзі! - деп Жарылғап мүлде масайрап алыпты.

- Жолың болсын! Әруақтар қолдасын! Елдің алды бол! Жол-жүлделі бол! - деп Итқара шұбырта беріп шолақ аяқтап, бетін сипады. Жарылғап та бүлдіргесі білегіне ілінген қамшылы оң қолын шошаң еткізе бетін жасқап өтті. Қарагердің тізгінін қақты. Шынашақтың ыңғайына ұршықтай үйірілетін жануар ытырыла жөнелді. Сол-ақ екен Жарылғаптың бірде зорайып, бірде шіңкілдеп шығатын жасаң даусы “Машайлап” көк қуалай аспандап кетті.

“Машайлаған” дауысты естігенде қай Қаракесектің

қаны қызбаушы еді, елеңдескен жұрт дүркіреп жазыққа қарай құйылды. Ду-ду сөз жамырады.

- Әй, анау Түйтенің тұңғышы ғой!

- Өзі де зіңгіттей боп өсіп келеді екен!

- Аты Жарылғап па еді?

- Ой, сен де!.. Ол баланың Биағаның батасымен дүниеге келіп, тәңірдің өзі жарылқап бере салған соң, Жарылғап аталғанын білмеуші мең. Жарылғабымыз сол!

- Астындағы аты керемет екен!

- Қарагер ғой! Түйтенікі ылғи көк болатын. Оның қосында қарагер ат мүлде жоқ.

- Тапқан да бір жерден. Батырға жаудан ат міну, қалмақтан қыз әкелуден оңай не бар.

Дабырласа ілгері озған жұрт аздан соң сайысқа түскендердің өнерін тамашалауға кірісті.

Осы жолғы “шыбық шабудың” өзгеше қиын түрін тағы да Мәтіби - Матвей ойлап тауыпты.

“Қалдың жітілігі өз алдына, ол - машық болудың нәтижесі. Ал қол жітілігіне қоса шапшаңдық көрсете білу - нағыз сайыскерлік. Оған жігіттің жігіті шыдайды. Ондай жігіттің сырттаны жауының басына жасын ойнататын нағыз қас батырдың өзіне айналады. Сол үшін анау сүрлеудің екі жағына шаншылған жиырма шыбықты кім әрі түгел, әрі шапшаң қырқып өтсе, жүлде сонікі” деген Мәтіби енді уақытты қалай өлшеу қажеттігін де көмекшілеріне көрсетіп, қадағалап жатыр.

- Ой, мынау самаурынды қайтпексің, Мәтіби! Өзіне бір дұрыстап қарап алайыншы. Бізге таңсық дүние ғой бұл. Түрегеп дәрет сындырып, басына қалқайтып қалпақ киіп, аузы-мұрнынан бұрқыратып түтін атқылайтын түкті ауыз сары мұжығыңнан аумайды екен, ә!

- Әй, рас! Нағыз солардың өзі! Тіпті қарашы, екі қолын қалтасына салып ап қаздия қалыпты-ау! Әй, шіркіндер-ай! Нағыз өнерлі ел-ау! Қалай ойлап таба береді десеңші!

Матвей көп шуылдақтың қарқылдасқан күлкісіне қосыла күлсе де, анталамай сәл кейін ығысып, жер кеңейтуді өтінді. Көмекшілерін қасына шақырды.

- Бері жақындандар! Алғашқы сайыскер бірінші шыбықты шапқанда мына шүмекті жұлып ап суды

тостағанға ағызамыз. Анау соңғы шыбыққа қылыш сілтегенде жаба қоясың. Екінші адам шыққанда, екінші тостағанды тосасың. Үшіншіге үшіншіні...

- Оу, жұмысы көбейіп кетті ғой. Соның бәріне қалай шыдап отырмақ. Жігіттің саны қанша екен?

Отызға барып қалды деген әлгінде Таңыбай батыр. Анау жігіттерді белгі беріп кезекпен жіберіп тұр емес пе ол өзі.

- Ә, Таңыбай өткерсе, дау-жанжал тумайды.

- Әй, Ыстыбек! Сен басыңа бір кез шыт байлап ап. Әйтпесе әйелінді алдыр!

- Ыстыбектің шумек ұстап, шай құюға әйелінен гөрі өзі ыңғайлы. Саусағының майысуын қараңдаршы! Нағыз бикеш саусақ!

Матвей ашуланды.

- Оу, ағайын! Сеңдерге не болған? Суды ақтарасың, әрі тұр! Анау көнектегі суды төктің. Оу, сенде көз бар ма? Топырламай, әрі жылжыңдар. Бұл ара - төрешілердің орны. Бөгет жасамаңдар.

- Ой, сұмдық-ай! Төрешіміз - Ыстыбек пе?

- Айтпап па ем біздің Ыстыбек,
Алаштан озған күшті деп!

- Ой қасқаң, қалай ұйқастырады ей!

- Тоқтаңдар даурықпай, өлеңін аяқтасын. Қайырбек, бөгелме! Жалғап жібер әрі қарай.

- Шай құюға ыңғайлы-ақ.
Бір емес болсын үш шүмек!

Ендігі өңеш жыртар қарқыл тұтаса шыққанда әр тұста топталғандарды еріксіз жалт-жалт қаратты. Енді болмаса елеңшіл қазақ бері жөңкілетінін сезген Матвей түсін суытып ала қойып, далбаса тірлікке құрық созды.

- Сендерге сөз өткізуден гөрі жартасқа жалынған артық Қоймадындар ғой, онда шырық бұзды, жарысқа кедергі болды деп осы қазір Таңыбайға арыз етем.

Жұрттың ілез дымы өшті. Қарқыл күлкі көмейлерге тығылып, еріксіз ығысып, бұл арадан анау сайыс өтер тұсқа жылыстап кетті.

Матвей сырма тақиясы бар жігіт ағасының жеңінен тартты.

- Қосеке! Сіздің адалдығыңыздың аңызға айналғанын бүкіл ел біледі. Шүмектің ашылып-жабылуын, тостағандардың төгіліп-шашылмауын менімен бірге бақылайтын боласыз. Тостағандағы судың ең азына қарап сайыскердің мықтысын анықтаймыз.

Сол екі ортада үлкен қара сақалды, суық түсті Таңыбай бірінен соң бірі шығуға дайындалып, аттарын тыпыршытып тұрған жігіттерді сәл бөгей түсті де, әрқайсысының қолында бір құшақ шыбығы бар жиырма жігітке бас изеді.

- Сендер шабылған шыбықты ғана ауыстыратын болыңдар. Шыбық шанышқан бойда аулақтап кетіңдер. Ат үркетін, атты үркітті дейтін шатақ шықпасын. Шыбық сайылмай қисайып кетер болса, дұрыстап түзетіп қоясыңдар. Ал, барыңдар!

Енді сайыскерлерге бұрылды.

- Жігіттер! Әркім өз кезегімен шауып өткен бойда анау жиекпен айналып былай шығады. Алда-жалда кімде-кім тәртіп бұзып, кейінгілерге кедергі келтіретін болса, онда аяу жоқ. Дүйім жұрттың алдында он шыбық дүре салынады.

- Білеміз!

- Бүгін ғана түсіп жүрген жоқпыз ғой.

- Білсендер тәртіп бұзбандар. Ал сен, Алдоңғар, өткендегідей қараулық жасап қарсы шабуды тоқтат.

- Оу, Тәке! Сіз үнемі мені байқай береді екенсіз. Жезде деген балдызының кей қылығына кешірімшіл болғаны жақсы ғой, - деп тіккөз жігіт қалжыңға саймақ болып еді, Таңыбай батыр иіккен жоқ.

- Бұлталақтатпа өйтіп. Биағаның тойының шырқын бұзар болсаң, аямаймын.

Осы кезде шыбық шаншушылардың ”дайынбыз!“ деген белгісі беріліп еді. Таңыбай батыр қамшысын сермеп қап, алғашқы жігіттің сайысты бастауына рұхсат етті.

Астындағы бөртесін құйғыта жөнелген жігіт қылышын жарқ еткізген кезде бүкіл дала дүрк жаңғырып ала жөнелді.

- Ойбас! Ойбас!

- Қарақыпшақ Қобыланды бабам, қолда өзің!

Әруақ! Әруақ!
Ой, жігіт! Қиып түсті!
Тағы да шауып түсірді.
Қап! Тимей кетті!

“Қап!“ деген дауыспен бірге жапан түз бірге ah ұрғандай боп, дуылдай жамыраған басқа үннің бәрін көміп жіберіп, кең жазықты солқ еткізгендей болды. Таңыбай таңдай қақты. Қасындағы Түйте батыр шамырқанды.

- Қайран намыс! Қайрайсың-ау кей-кейде.

Жер мен көкті тіреп алған айғай-шудан құлақ тұнады.

- Тез өтті, ә!

- Қап! Әлгіндегі бір қапысы болмағанда біздің Қордабай жүлдені бермес еді. Қимылын көрдіндер ғой. Оңды-солды сермегенде, тал тұрмақ талша мойынды қылдай қияр еді!

Екінші қарасұр жігіт белгі күтіп жалдас құласын ілгері лықсытты. Көзін сәл сығырайта қайтадан шан-шылып жатқан шыбықтарға қас жауының төбесін көргендей қадалып қалыпты. Бұл сәт шу толастап, елеуреген көпшілік біраз тоқырасып қалған-ды.

Таңыбайдың сегіз таспалы дойыры оқыс шошаң етті. Сығырайған көздер кірпік астынан көре ме, жалдас құла атырыла жөнелді.

Тағы да тау мен даланы көп көмейден тұтаса төгілген озан-ұран кернеп кетті.

-Аманжол! Аманжол!

-Шақшақ! Қолда Шақшақ бабам!

-Шақшақ дей ме?! Ой, анау Жәнібек батырдың ұлы ғой! Дәуітбай ғой!

- Шап! Солай шап!

- Нағыз жігіт! Әлі мүлт кеткен жоқ.

- Екеуі ғана қалды.

- Ұшырды бірін!

- Соңғысын да қиып түсті!

- О,әруақ! Жәнібек батырдың нағыз бел баласы екенін танытты!

- Ақсарбас! Ақсарбас! Төбемді көкке тигізді-ау арысым, ардағым!

- Қарағым-ай, Дәуітбайжан-ай! Былайлау бұрыл-шы. Әрі! Әрірек кет деймін. - Қарабұжыр адам

Дәуітбайға қарай жапырылған жұртты жақтырмай, іштей: ”Тіл-көзден сақта, тәңірім!“ деп қамшысын нұқи сілтеп, ат үстінде арсаңдап келе жатқан Дәуітбайға ”Аулақ бара тұр. Жақындама!“ деп жан-ұшырып келеді.

Осы қарқынмен тағы да он шақты жігіт өз кезегінде біреулерді мәз қыла күлдіріп, біреулерді шарылдата күйдіріп шауып өтті.

Тағы да шыбықтар шаншылып, тағы да Таңы-байдың қамшылы қолы шошаң етті. Тағы да өз ретімен келесі сайыскер ақ топырағы шыққан сүрлеуге зымыратып ат басын бұра берді. Тағы да дуылдаған дауыс намысқа қызып, әруақ шақырып, даланы жаңғыртты.

Жігіттің жіті қимылы, бірінен соң бірі қырқылып ұшып түсіп жатқан шыбық бастары жұрттың көңілінен шығып, көптің қыбын тауып тұр еді. Созыла құйылған күрең ат әлденеден үрікті ме, әлде өзінің қияңқылығы бар ма, оқыс жалт бергені ғой.

-Әй-и! Құртты-ау!

- Анау Оспанбектің өз меншігі емес! Әлгінде ұшқыр ғой деп Әліқұлдан сұрап мінген.

- Байғұс жігіттің бағын байлады-ау!

- Қайтадан шығарсын.

- Болмайды өйтуге!

- Неге болмайды?

Енді қиқылдасқан екеу өзгелерді ұмытып дауласты да кетті.

Жарылғап кезектің ең соңында болатын. Алдын-дағы жиренқасқа мінген әсем киінген жігітке жиі жапақтайды. Ананың жиренқасқаның үстінде нығыз отырысына да, айналасына шекесінен қарап маң-ғаздана көз тастасына да манадан қызыға бастаған. ”Қандай сырбаз! Атына да, өзіне де сенімді. Ешкімді менсінбеуіне қарағанда, дәл осы жігіт алады-ау бәйгені! Мені тіпті көзіне де ілмейді. Шіркін, менсінбегенін көкесіне көрсетіп озып шықсам! Әй, мынау өзі қарагеріме қадала беретіні қалай? Танып тұрғаннан сау ма? Біреудің атын сұраусыз мініп, сайыстың шартын бұзды деп шатақ шығармақшы ма? Жоқ!.. Бұрылып кетті. Әлде оның да қарагерге қызыққаны

ма? Е, қызықпай...Бұндай арғымақты күнде көріп жүр ме едік. Анау жігіт жиренқасқасын қозғады ғой. Ә-ә, кезек алған екен-ау!.. Тақым қысты. Қалай атқиды қасқасы! Аяқ тастасын жануардың! Қылышын қалай шыркөбелек айналдырады!" Жарылғап шын риза күйде сүйсініп тұрып қалды. Тағы да ду-ду жаңғырық тірілді.

Ақжол! Ақжол!

- Қарқабат! Қаракесек!
- Дос! Дос! Қолда балаңды.
- Әлтеке! Әлтеке!
- Сілтесін сабаздың! Бәрінен дәл осы жігіт озады!
- Е-е, озбай! Әрине озады. Біздің Жидебайды білмейді екенсің ғой!
- Жидебай! Жидебай! Жидебай!

Жарылғап елең етті. Көкесінің Әлтекеден шыққан жас Жидебайды көбірек айтып отыратыны, "сол жас түптің түбінде айтулы батыр болады" дейтінін еске алып, жігіттің қимылын қалт жібермей бағып тұр. Айтса айтқандай-ақ екен. Жидебай әне-міне дегенше жиренқасқаның жүйткіген шабысын бір бәсеңдет-пестен қадалған шыбық біткенді түгел жаусатып өте шықты.

Жарылғап лепіре тасқындаған қошемет сөздерді, қуаныштан тасыған көңілдердің тоған тілегін естіген жоқ. Ендігі жол, ендігі бақ ашар не сор басар жол өзіне жеткенде, тез ширығып, тас-түйін беркініп ала қойды. Анау көкесінің қасында тұрған Таңыбай туысының қолындағы қамшы қашан көтерілерін тосып, кірпік қақпайды.

Түйте ұлының астындағы қарагерді енді ғана байқады. Жүрегі зырқ ете қалды. Кеше би аулына кеште келіп түскен Барақ сұлтанның шылбырын ұстап, атынан қолтықтап өзі түсірген болатын. Қарагерді де кермеге өзі қолымен байлаған еді. Тоқтатқанмен пайда не?

"Қап! Тентек күшік бүлдірді-ау! Тоқтатайын ба? Бәрібір сұлтанның атын сұраусыз мінгенін көрген көздер көп. Қайтып жабарсың оларды! Биағаны қинайтын болдық-ау! Әй, баламысың деген!.. Шалалық жасады-ау! Азуы алты қарыс Барақ ертоқымын

бауырына алып тулайды-ақ енді. ”Бала-шағасына дейін басынды. Басыма шықты!“ деп от сабалап отырып алады. Найманға Арғынның әдейі көрсеткен қыры деп құбылмасына кім кепіл. Құрттың-ау, балам! Әй, Жарылғапжан-ай!“

Бұл кезде нөпір жұрттың тоғандай толқыған үні етектен тау бөктерлеп, Ұлытаудың қиясына қарай қалықтап кеткен еді.

- Ақжол! Ақжол!
- Қарқабат! Қаракесек! Қаракесек!
- Машай! Өзің жебеп, өзің қолда Машай бабам!
- Керней! Керней! - дескен дауыстар дүңк-дүңк естіліп дүркіреп тұрып, бір кезде ”yh!“ деп бір леппен демін алғандай тыншып қап, қайтадан шалқып соққан дауылдай құтырына күшейді.
- Әруақ! Әруақ!
- Озды! Жарылғап жеңді!
- Астындағы аты қандай ұшқыр еді, тіпті көзді ашып-жұмғандай да болмады-ау!
- Әй! Нағыз тұлпар екен!
- Ойбай, анау қарагер - Барақ сұлтанның қарагері!

Барақ Қазыбектің қасында, биіктеу жерде киіз үстіне төселген кілемде отырған. Атын ол да танып қап еді, биге жалт қарады.

- Қазеке! Бұл қай зорлық! Бұл қай қорлық? Ел-діктен кетіп, жаулыққа жеттік деген нышан ба әлде?

Қазыбек ырғалып қалып, кірпік қақпай үлкен көздерін сұлтанға қадай түсті де, ақырында:

- Айттың, сұлтан! Жетті жетер жеріне! Сырттан кесіп-пішпейік. Бала атқа шапты деп жау шапқандай дүрлікпейік! - деді де ту сыртында отырған Аралбай батырға еңсеріле бұрылып: - Тез жеткіз! - деп шолақ қайырды.

Аралбай бидің кімді жеткіз дегенін айтқызбай білсе керек, орнынан ширақ қозғалып тұрып, төмен қарай адымдап аттай жөнелді.

Бұл кезде өзіне қарсы келе жатқан көкесін көріп, Жарылғап әлгіндегі топ жарған алғашқы бөсекесін мақтан еткендей ақсия күліп, қарагерді желдіртіп келе жатқан.

- Түс! - деді Түйте түсі сұрланып.

Жарылғап үп-түнсіз қарғып түсіп, әке жүзіне жалтақтай қарады.

Қаны бетіне шапшыған әкесі баласының қолындағы шылбырды жұлып алды. Бетін бетіне тақай беріп, зілдене ысылдады.

(-Әкеңді арам қатырдың! Биағаны қадірін қашырып, тірідей өлтірдің. Құдай ұрған-ай! Ұрғыздың ғой құдайға! Тоқта бәлем!

Осы зілі өзіне аз көрінді ме, қолындағы қамшысын шошаң еткізе көтеріп, Жарылғаптың ту сыртынан осып жіберді.

Шарасыз әкенің еркелеткен ұлына алғаш рет көтерген қолы осы еді. Өзіне жанын үзіп отыратын әкеден ұлының алғаш жеген соққысы осы еді. Екеуінің де бір-біріне қараған көздерінде жатсыну мен жатырқау лебі жоқ. Жалыныш пен таңдану, аңыру мен тосырқау табы мол еді.

Тамағына тығылған әлдебір түйінді қылғына жұтынып, қарагерді жетектеген Түйте иығына зілбатпан салмақ артып ап, бүкірейіп кете барды.

Әкеге салмақ, елге сын түсіргенін енді анық бажайлаған Жарылғап сең соққан балықтай мәңгірді де қалды. Әлденеге өксіп жылағысы да келді. Бірақ кеудесі өксігенмен, көзіне жас оралмады. Өзек өртеген өкініштің шеңгелі бүкіл тұлабойын сығымдап, барлық жүйе-жүйкесін езгілеп, бұрын-соңды кездеспеген ұғымсыз күшпен ой-бойын тегіс билеп алды. Осы үлкен өкініш арқылы үлкен қателік жіберіп, жатқан жыланның құйрығын басқандай, не жымдағы жолбарысты шаптан түрткендей әбестік жасағанын да қинала сезіңді. Анау сұп-сұр жартастай сұлтан сұсының тек бұған ғана емес, мынау ауылға, би ауылына, қала берді мұқым Қаракесекке тегіс жайыларын да пайымдады. Соған ілесе іші қан жылаған әкенің әлгіндегі күйреп түскен халын, сол күйреген жанының қамшы сілтеткен шарасыздығын еске түсіргенде, өзінің жан дүниесі ойран боп, теңселіп кетті. Құлазыған кеуденің емі не? Кім табар? Таба алар ма?

Әлдекім иығынан бүріп ұстап, жұлқып қалды.

- Саңырау болғанбысың? Түк естімейсің ғой! - деген Итқара ағасы ашудан қап-қара боп түнеріп

кетіпті. - Көндің бе айтқанға! Өзеуреп қоймап едің. Ал, бүлік салдың елге. Анау арада Барақ сұлтан жер сабалап отыр. Биағаның құр шықпаған жаны. Жауабын өзің бересің. Мені араластырма, шырақ!

Жарылғап ағасына қабағын түйіп, жалт етіп жақтырмай қарады.

- Иә! Өзім берем жауабын!

Енді Итқара да үндеген жоқ. Алға түсіп ерте жөнелді.

Манадан бидің қасында сазарып отырған Барақ сұлтан іштей қатты қатал шешім қабылдап үлгерген еді. Анау төмендегі азан-қазан шуылдан: “Жарылғап баланың мінген аты - Барақ сұлтанның айтулы қарагері!” деп жарияға жар салған әлдебір дауыс саңқылдап естіліп, “арқар ұранды төрені де төмендете алар қарашы бар екен-ау!” дегенді мақтана айтып, анық сездіргендей құлақ жарғағын осып жіберген. “Сен шыққан тегіңмен, әкеден туысыңмен ғана төре болсаң, мен болмысыммен, бітім-білігіммен асқақпын, асқармын!” дейтін тәкаппар би ауылының мінез көрсетуі, асылық танытуы деп шала бүлініп алған-ды. Ә дегеннен зіркіл қаққан адуын ашумен биге шапшуы да сол “әдейі қысастық жасады, белімнен басып, басымнан асты” дейтін намысқой ызаның шарпуы болатын.

“Жоқ! Қарагер енді менің тақымыма бұйырмас. Өзгеге де бұйыртпаспын. Қыл сағақтан бір-ақ осам! Қан!.. Қанмен жуам қысасын! Арқар ұранның киесі соғады әйтпесе. Сөйтем. Қанды қолдың кесігі тұлпардың басын ұшырып барып, мына тас құдайдай безеріп отырған бидің сорайған мойнына сарт ете қалар соңда. Сарт етеді! Бұлталақтап көрсін. Бұлқынып көрсін сонсоң. Тақымға салып қалай шірей тартар екем. Басынбақ қой. Төрені тіпті төбе құрлы көрмегені ғой".

Осы ойымен қызынған Барақ сұлтан манадан бері анаңдай жерде өз-өзінен куыстанып, жүгінген күйі құнысып отырған бас нөкеріне иек көтерді. Төленгіті жаза күткен кесіктідей көтерілген өкшелері дірілдеп, қозғалақтай берді.

- Қарагерді дереу осында әкел!

Төленгіті бүгелек тиген байталдай басын қоймастан шұлғып, бүкендей жөнелді.

- Бар! Өзің бара бер! - деп қалт тоқтаған Итқара, тұсына қатарласа берген Жарылғапты, жұрт көзі ғып, желкеден итеріп қалды. - Босқа лақпай жөн сөйле! - деп және бір нығарлап, өзі етекте қала берді.

Арқан бойы жердің де жеткізбес алыстығын бала Жарылғап алғаш рет сезіп еді, өзін өзі қайрап, қара жерде тайғанай берген аяқты ширақ басқызып, кілем үстінде отырған екеуге есік пен төрдей жақындай беріп:

- Ассалаумағалайкүм, Биата! - деп даусын көтере созып сәлем берді.

Күні бойы не бір қимыл, не бір дыбыс, сөзімен сыр бермей шаншылып отырған Қаз дауысты Қазыбек сергек үнмен ”Уағалайкүмиссаламын“ қайтарды.

Жарылғап енді оң қолын кеудесіне төсеп, төреге тура қасқия қарап қап әлгі ашық даусымен: - Армысыз, сұлтан! - деп иіле тағзым етті.

Барақтың ерні еркінен тыс күбір етті. Дәл сонысын би бағып қалған еді, әлденені ішіне түйіп ала қойды.

Бұрылып Жарылғапқа тесіле қарап отырды да:

- Нешедесің? - деді.

- Он үшке толдым, Биата.

Барақ сенер-сенбестей сәл аңырды да, он үштегі баланың тәлкегіне ұшыраған төрелік басын арашалап алудың қамына бегелместен кірісіп кетті.

- Мүшелге толыпсың. Ақыл тоқтайтын жасқа жетсең де, ат-атақты белінен басатын балалық шалалықтың шатағын жасағаның қалай? Өзіңнің ғана табуың ба, өзгенің әлде иек қағуы да ма? - деп мінбелете жөнелді.

Жарылғап манадан не десе де көнейін, үндемей құтылайын деп кінәсін мойындап төменшіктеп келгенді. Төре дүрсе қоя бергенін көргенде, тұлабойы шоқ тастап жібергендей дуылдап, өртеніп сала берді. Ол анау қыбырсыз тоқыраған әулиедей Биатасының дымы өшкен шарасыздығына деген намыс өрті ме, әлде мынау үнсіз ұйлыққан Аралбай батыр бастаған он шақты туысқан мен сонау өзен жағалай тігілген ақ отаулы ауылда нөпірген жұрттың қазіргі тыншуы ма, жүзіне

қызартып қан ойнап шыға келді. Қолын тағы да кеудесіне басып тұрып, биге сәл иіле түсіп саңқ етті.

- Биата, рұхсат етіңіз!

- Сөйле, Жарылғап! Айт кебіңді.

-Уай, қадірмеңді сұлтан! Сіздің айдағы атағыңызға қайдағы бір баланың шатағы әрине сәйкес келмейді. Бірақ Биатамның алдында айтылған әңгімеңізден, ашылған сырыңыздан мен сырғақсыған сұлтанды емес, елім деп еңіреген ерді көргендей болып ем. Оның үстіне жекпе-жекке түсер батырға қазақ хандары астындағы атын түсіп мінгізеді дегенді талай естігемді. Содан ба мынау додаға түсер алғашқы сәтімді сондай ұлы сынаққа балап, атыңызды ырым ғып мініп едім. Бар кінәм - сұраусыз мінгенім ғана. Ел қамын жеген ері елінің бір ұлының еркелігін де көтерер деген балалық шалалығымды ауырсынсаңыз, Бәке, айыбыма анау Қарагеріңізбен жеңіп алған атаным мен әкем Түйте батырдың қосы мен қотаны дайын. Оны азсынсаңыз исі Қаракесектің жағасы Қаз дауысты Қазыбек, баласы мына мен, алдыңызда иіліп тұрмыз. Кессеңіз де, кешсеңіз де - ерік өзіңізде! - деп ағындаған сөзін екпіндетіп бітіріп еді.

Барақ батыр қозғалақтап кетті де, би ырғалып қалды. Екеуіне де бала сөзі қатты әсер еткені жүздерінен анық байқалды.

- Ау, Жарылғап, сен бізді қашан тындап жүр едің?

- Биата, өзіңіздің берген еркіңдігіңізбен үй іргесіндегі орныңызда отырып осы бүгін тыңдағам. Бірақ құлақ тесік болғанмен ауыз бітеу.

Қазыбек әнтек бас изеп, енді сәл иек шошайта Барақ сұлтанға қиыстады. Дәл сол қимылы ”Сөйле, сұлтан! Шыныңды ғана айт. Бүкпей айт! ” деп бұйырғандай.

Барақ манағы талаураған қалпынан мүлде айыққан. Алқымындағы ашу да тарап кетіпті. Қатқыл дыбысты даусы да дірідеп шықты.

- Әу, Қазеке! Не айтушы ем мен. Айтты ғой, Жарылғап!.. Шалалығынан даналығы үстем түссе, еркелігінен ерлігі асса, сіз бен біздің артымыздан ілескен жас өркеннен одан артық не іздерміз. Жылт еткен ат

теріне бола ақ тер, көк тер болғанымыз да жетер. Өтеуі сол ғана емес пе.

Енді Қаз дауысты Қазыбектің қаңқылдаған даусы төбеден төменге шүйілді, төменнен төбеге қалықтады:

- Уай, жамағат! Сыртыңнан айтса ғайбат, бетіңе айтса айбат. Айбат сөз әділ айтылса, ішіңді түгел ақтарады, жаныңды жайғызып тастайды. Ақтарылған ішіңде кір болмаса, жайылған жаныңда сыз болмаса, өкпең бауырға айналмас па. Нашарың тәуірге айналмас па. Бітпес дау, өшпес кек болады. Бітпес даудың басы не? Өшпес кектің бастауы не дегенге мән беріп көрдіңдер ме? Бітпес дау ағайынға қалған көңілден. Өшпес кек қапияда жеткен өлімнен. Бітпеген дау ішіңнің құйынын лепіртіп отырады. Өшпеген кек жауыңның дауылын құтыртып отырады.

Тұтана берген бір даудың түтіні бықси бере жалп етіп өшті. Сөндірген Жарылғап әрен. Бастала берген бір кектің сумаңдап жалақтаған тілі қырқылып түсті. Қырқып тастаған Барақ сұлтан.

Уай, халқым! Шабылсаң да мұқалмапсың. Тарылсаң да жаңылмапсың. Талыстай даламның ұлтарақтай жеріне ұйлықсаң да, кеудеңнің кендігін жоғалтпапсың әлі. Бірлігінді ұйытқан елдіктен кетпепсің әлі. Бақ - жамбастаған тақта емес, тақымға басқан атта емес. Бақ - кеудедегі отта, көздегі шоқта. Сөнбеген отың, өшпеген шоғың төбемді көкке жеткізді дәл қазір. Кеудемді келер күннің жарқын үмітіне толтырды. Еркелейтін ұлы бар, еркелетер ері бар елден жауы сескенеді, дұшпаны тіксінеді. Еркелеген ұлды көрдім. Еркелігін кешірген ерді көрдім.

Жарылғап! Келші бері. Жайшы алақанынды, балам! Мен саған сонау бір күнде мейірімім түсіп, бата беріп ем, Жаңылмаппын деп қуанып отырмын. Алдыма қарап шошынып, артыма қарап суынушы ем. Жылыттың бойымды. Ойымды өрістеттің, қанат-құйрығым. Ел ерлерімен қарыштап, ұлдарымен жалғасатынын таныттың бүгін. Әмсе талабың таудан да зор болсын. Табарың талабыңнан да мол болсын. Заманың дұрыс қарап, сапарың ылғи да оң болсын. Осы бетіңнен жарылқасын, Жарылғабым! -деп бетін сипап өткенде, манадан тыншып тұрған дүйім жұрт ду ете

қалып, бидің батасына риза боп, Жарылғаптың өзіне де, сөзіне де мақұлдық танытып дүркіреп кетті.

- Айтқаныңыз келсін, Биаға!

- Дегеніңіз келсін! Бұдан артық бата бола ма!

-Қайран Қазекем-ай! Қолмен қойғандай етеді-ау!

-Жаса, Жарылғап бала!

- Бала емес ол, дана!

-Жасың ұзақ болғай!

-Баталы ұл, соқталы ерге айнал, шырағым!

-Апырмай, сөз тапқанын айтсаңызшы бәрінен де бұрын.

-Е, бәсе! Біздің Жарылғап тегін емес. Қарагерді ырым ғып мінген болды ғой!

- Түбінде осы қарадан шығады. Қол бастай ма, жол бастай ма, ел бастай ма - Жарылғапжанға іле-серіміз хақ.

Қазыбек бидің әдеттегі сөз бастардағы тамақтан төгіле саңқ ететін дыбысы мына тұс-тұстан жамыраған қым-қуыт лепіруді су сепкендей жым-жырт қылды.

-Уай, аққөңіл, ақпейіл жұртым! Мерейім артқан күнім сенің де мерейінді тасытып жатқанын көрсетті. Есеңгіреген хал көп болған. Есеңці ұрлаған күн көп болған. Есеңгіреген халден айығыпсың, алашым. Есенді қуар күнің де туар. Ол күннің алыс емесін мынау селкеусіз бірлігің, сергек ірілігің көрсетті.

Ер маңдайы ел тілегімен жарқырайды. Мандайға мүйіз шығарам деп тыраштану берекесіздің әрекеті. Мүйіз қошқарға бітеді, қошқардың озғанын көргем жоқ. Мүйіз сиырда да бар. Сиыр мәліктің тілек созғанын да көргем жоқ.

Жан-жануардың падишасы - адам. Адамның да адамы болады. Ағайынымен жаға жыртысары бар. Жауымен жағаласары бар. Жеке төбенің бауырына шұқшиып, дау өрбітіп, жем іздейтіні де бар. Жалпақ даласының түкпір-түкпіріне көз тігіп, дауыл ұйтқытып жау іздейтіні де бар. Алдыңғысының көнегі шөлде, соңғысының тілегі елде. Елдің үміті еркекте. Бірақ еркек кіндіктің бәрі ер емес. Ер егесте сыналар, ерегісте сынар. Егеске салсаң, қиып түсер. Ерегіске киліксе, қиылып түсер.

“Ырыс алды - ынтымақ” деген бабаларымыз.

Ынтымағы жоқ елдің бағы ашылмас, ынтымақты бездірген ердің елге жаны ашымас” дер едім мен. Өйткені ынтымақ өшкенде, өшпенділік өршиді. Өшпенділік өрбігенде елдің де, ердің де өркені өшеді.

Уай, ағайыным! Арысым! Мен мына бүгінгі ынтымағымыздың ұйтқысына айналған Барақ сұлтанды алқалағым кеп отыр. Ерді әйел қылығымен билер, елді ұлық білігімен билер. Сол ел билер білігімен биіктен көрінген сұлтанға халқымның ауған ықыласын, баланың иілген басын, атаның селкілдеген сақалын ұсынып отырмын. Құшағымды ашқаным - жүрегіме басқаным. Қолымды ұсынғаным - ұятымнан қысылғаным. Қысылып барып ысылғаным. Қолымды қақпады. Құшағыма құшағын тосты.

Аттың терін аямадым дедің, сұлтан. Атың - канатың еді. Қауырсыны сынбасын деп бір тоғыз атадым. Төбемдегі төрем едің, төмендетті дейтін жұрттың өсегіне құм құятын және бір тоғызды қосарладым. Сенік көңілің Жарылғаптай жасқа толса, менің көңілім өзіндей марқасқаға толды бүгін.

Ел бірлігі, жұрт татулығы, ұлыс тұтастығы деп соғатын жүректің ыңғайына құлайтын батагөй даңғылдың күрмей байлаған шешімі көптің көңілінен шыққаны сондай, тағы да гуілдеген ию-қию үндер кең жазықты кернеп кетті.

- Қайран қара қылды қақ жарған данышпаным!

- Ел үшін еңіреген ерім-ай! Халқының жүгін жотасына артып ап, қасқия тартқан қара нарым-ай!

- Естір құлақ болса, ендірер кеуде болса, мұнан артық не айтылушы еді.

- Бүлінгеннен сақтан, бірлігінді сақта деуден абзал не болсын. Бүлдіретін де, күйдіретін де өзіміз ғой.

- Шығасыға иесі басшы деп, түртпектен түрткілеп отырмасақ, ішкеніміз бойға тарамайды-ау.

- Қалай қиыстырады, ә! Ер өліп, ел үркердей ешнәрсе жоқ сияқты боп кеткенін қарашы! Ушықтырмай алдын алып, сипап жазды да жіберді.

- Жоқ! Түнеріп жеткен бұлтты ысырып, долырып жеткен дауылды ыдыратып жібермеді ме.

Барақ сұлтан мына көп шуылдан көп сыр ұқты ма, әлде өз көңілінде түйгені сыртқа шығуға асықты

ма, бидің үлкен қара көздері өзіне төңкерілгенін көрді де, бейіл бере сөйлеп кетті.

- Қазеке, ықылас көрсең - қасиет, қараулық көрсең - қасірет дейтін қазақтың біріміз. Ықылас көрдім - тойдым. Төбедегі орын төре атымен ғана келсе, қадірі шамалы екенін де ұғынғандай болдым. Балалықтың даналығы боларын, төреліктің шалалығы боларын да сезіндім. “Бер!” деген сөзден гөрі “Ал!” дегеннің құдіреттілеу шығарын да пайымдадым. Оңай босап, оңай ашылды демеңіз. “Қыдырдың бергеніне тіл өтпейді”. Қасиетімді қара басыма қимайды екем. Қарашының тілегі білдірді соны. Хандардың салты деп атымды Жарылғап шырақырым ғып мінсе, кім білсін тәңірдің бұйрығы шығар. Мен де ырым қылдым жас баршынның тілегін. Жалындап жауға шабатын ер болам деген ұланға менің де ықыласым түгел ауып отыр. Батырына атын түсіп беретін хандардан Барақтың несі кем. Бердім мен де атымды! Жарылғапжан, қарагер сенің тақымыңа лайық ат екен! Бердім саған!

Жарылғап биге жалт қарады. Қазыбектің еңкейіңкіреп кеткен бетінен көз айнасы көрінбеді. Жалғыз-ақ ұққаны: бидің сұлтанды құптамай отырғаны.

- Алдияр! “Бір тойда екі жар жоқ” дейтін де біздің қазақ. Ырым еттім - міндім. Міндім де, жеңдім қарагермен. Енді ол қарагер - маған арман шыңы болсын. Соңдай пырақты іздеп, аңсап, талпынып өсейін. Оп-оңай уысыма түсе салған тізгін кежегемді кейінге тартар. Кесірлендіріп кедергі жасар. Сіз бердім дедіңіз. Мен бір рет мініп, мерейімді өсіргенімді алдым деп есептейін. Рахмет, Бәке!

Осы кезде қопаңдай берген сұлтаннан бұрын Қазыбек киіп кетті.

- Япырай, Жарылғапжан-ай, жаңа ұрпақтың басы болардай, жай отының тасы болардай толықсып өсіп келеді екенсің. Тіл-көзден сақтасын тәңірім!

Сұлтан, тақымға басқан бәсіре қойнына қысқан бәйбішеден кем бе еді қазақ үшін. Сен бәсіреңнен айрылма, ал Жарылғап баршыным, сен әманда оңай олжаға қайрылма. Екпініңнен дауыл үйірілетіндей

екен. Кідірем дегенше дауылың ұшық-ұшыққа айналар. Ал сұлтан, әділіңе көшсең, сыбағаң мол екен, қанжығаңа ат-атақ әлі-ақ байланар, - деп тоқтады.

Сонымен сол күнгі бір шатақ ел арасын бүліндірер үлкен лаңға ұласып кете жаздап, сөзуар қазақтың сөз тыңдар қасиетінің арқасында әдемі аяқталып еді.

Барақ сұлтан бастаған белгілі-белгілі қонақтары аттанып кетісімен Қазыбек би Түйте батыр мен Жарылғап ұланды оңаша шақыртты.

Табалдырықтан аттағаннан-ақ Түйте мына шақырыстың тегін шақырыс емес екенін бірден ұқты. Би үлкен үйіне кейбір аса сыйлы адам болмаса дастарқан жайғызбайтын. Меймандарын арнайы тігілген қонақ үйде ауқаттандыратын. Ал мына жаюлы дастарқан, қонақжай көңіл - Биағаның аса бір көңілденген кезінде ғана көңілі түскен азаматқа көрсететін үлкен құрметі. Төрге жеткенше батырдың көзінен бірер тамшы жас ыршып шығып, сұқ саусақтың сүйкеген қырында кеткен-ді.

-Жоғары шық, Түйтем! Ә-ә, Жарылғапжан! Төрлет! - деген бидің даусында да жылылық мейірім тұнып тұрған еді.

-Биағa... бізді... Соншама... Бетіңізге қарауға менде бет қалмай, - деп Түйте қылғына жұтынып, баласының ісіне кінәлі пішінмен монтандай беріп еді, Қазыбек жақтырмады.

- Жә! Өткенге салауат. Мен сені ұрсу үшін, айыптау үшін алдырғам жоқ. Құшағымды ашып, құрметімді тосу үшін шақыртқам екеуіңді, - деді де, есік жаққа иек қақты.

Сәлден соң Түйтеге бас табақ тартылды.

- Табақ Жарылғаптікі. Басты бірақ әкесі ұстайды, - деп би арнайы сойылған малдың кімге арналғанын да атап кетті.

Асжаулық жиналған соң би жотасын биік ағаш төсекке тіреп, кеудесін көтеріп отырып алды.

- Жарылғапжан! Сенің тууыңа, дүниеге жаралып келуіңе әуелі бір құдай, содан соң біздердің батамыздың әсері тиген болар. Әрине, алдымен ол мына Түйте көкеңнің арқасы.

Көңілім түсіп, ықыласым түгел ауды, балам, саған.

Өрісің кеңейейін деп тұрған алдынды тұман баспасын, бұлт торламасын дегеннен басқа тілек жоқ. Кеудең - дария, тілің бұлақ болсынды кеше ішімнен он қайталағам. Кәусарыңа халқың шөлдеп кеп бас ұрсын.

Оған көзім жеткендей. Кеуденде шоқ жатыр екен. Сол шоқ отқа айналып, жауыңа өрт салып, досыңа шуақ төгетін болсын. Осым да бір бата-тілегім, балам! - деп алақанын жайып бетін сипады.

Түйте басын изей түсіп баласына қарап еді, Жарылғаптың екі көзі шоқ шашып, бидің әр сөзін алтындай теріп ап, кеудесіне құйып отыр екен. Іштей тәубасына басты.

- Тағы бір парам... ат жайы. Батырдың аты - қанаты ғана емес, қолғанаты да. Достың досынан да қымбат ол кейде.

Түйте! - даусы саңқ ете қалды. - Оу, Түйте, шынымен мың көгіңнен жауға мінер бір ат шықпады ма? Ау, тұлпар орнына тулақ бақсақ, ту желбіретудің орнына жау-бөріден тулап қашсақ, не болғанымыз? Осыларды ойлағанда үйде отырып жерге кіргеннен басқа шара қалмайды.

Жарылғап, қолдан келгенше жақсылығынды аяма ешкімнен. Шын көңілмен жасалған жақсьшықтан да қашпа. Қазымбетке тапсырдым. Қостан өзің бар, мына көкең бар жауға мінер пырағыңды тандап мініп кет, - деп қолқасын айтып, Қазыбек би қонақтарына рұқсат берді.

ЕЛДЕСТІРУ ЕЛШІДЕН

Айдаса - койдың көсемі,
Сөйлесе, қызыл тілдің шешені.
Ұстаса, қашағанның ұзын құрығы,
Қалайылаған қасты орданың сырығы.

Қазтуған жырау

Қазыбек соңғы кездері оқшау оңашалықты көбірек қалап, жалғыз отыруды әдетке айналдырып алған-ды. Бұндайда ермегі - домбыра. Аспапты онша сабаламай, қоңырқай көңіл күйіне ұқсас қоңыр әуендерді шертпелеп кетеді. Ондайда саусақтар жүрдек. Егіз екі ішек - шежіре. Алыстан “Алшағырдың ащы күйі” күйік аулап бұлқынады. “Қара боран қағындының” үрейлі суылы ысылдап жетеді де, бой тітіреткен сұсымен кеудеге ызалы кек құяды. Шамырқантады. Одан әрі бүлкілдеген текірек күй - “Саймақтың сары өзенінің” бұрқ-сарқ толқын атқан екпінімен дуылдап, дүркірей жөнеледі. Бірде күйрек, бірде қайрақ күйлер бидің әртүрлі көңіл күйінің әуенімен өзгеріп, аласұрған жүректердің аңсауымен, шарлауымен, бұлқынысқа толы ұмтылысымен бірін-бірі жалғастырып жатады.

Осы биыл би ойының шарқ ұруы да, сенделуі де көбейді. Кер толғау күйлер өткен күндердің тастап кеткен шерін ақтара ма, енді мұның да өз ішін қопарып, өз өксігін кеудеден ықылықтатып ытқытуы басталды. Өгейсіреп отырып өткен заманның ащы-тұщы тірлігінің елестерін көз алдынан шұбыртады да жатады. Сумаңдап желе жортып жөнелген ойы кей-кейде қиырдан қиыр асып кетсе, бірауық әлдене қабаттаса ма, әлдекім кимелеп киліге ме, әлгі ойынан адасып қалады. Ондайда салыңқы қабақтың салқын қарасымен шаншылып отырып қалады.

“О, тоба! Өткен күнде белгі жоқ дейміз. Өткеннің
Көп қорлығынан, не көп зорлығынан запыланған

біреудің айтқаны шығар. Өткеннің белгісі толып жатыр ғой. Қазақтың қазіргі көп күпсінуі мүмкін ең болмаса алдына симаған екі қолдың қимылын қызыл тілдің сайрауымен алмастырайын дейтін далбасасы да болар-ау. Әйтпесе тәж бен таққа таласқан Жәдік ұрпағы түгел тұрып, Үсіктің бір Әбілқайырына бой көрсете алмаулары қалай? “Елді біріктірейік” демейді-ау. “Ел аузын біріктіріп алу қажет” деп алаөкпе боларын қайтерсің. Әр ауыздан бір құсық төгілетінін сезбей ме. Қатынын боқтап, баласына ұрсып отыратын қазақтың ілік іздегіш мінезін көрмей жүр ме. Ел аузын біріктіретін табақ-табақ тамақ қана. Төре табақ, сый табақтарды қайқая көтеріп апарып алдарына сылқ еткізіп тарта қойшы, бірікпес ауызды көрейін сонсоң.

Сәмеке хан да, Барақ, Әбілмәмбет, Батыр, Күшік сұлтандар да кешегі Әз Тәукенің сирағынан келмейді. Ұлы хан деген Сәмекенің аты ғана. Қапталында жағаласқан Әбілмәмбет тізгіннің бір ұшына саусағын іліндіріп алыпты. Өзіне де, өзгеге де бұйыртпаудың әрекеті сол.

Қайран дала! Ұшы-қиырына көз түгіл қиял жетпес жайын сахара. Жау қолында, жат табанында қалғанына да елу жылдан асты. Шығыстан арайланып таң атқанда, мол сулы, ну тоғайлы ұлы Сібір ұшқан құс, жүгірген аңның мадақтаған үнімен тұп-тура жер бетіне жұмақ көшіп келгендей құлпырушы еді-ау. Сол жұмағына сорайған мылтықтан оқ бүркіп, үңірейген зеңбірегінен доп атқылап, көмейді кең ашып, шеңгелді тарбита салып әлденеден құр қалғандай ақ патша жетпеді ме үңіреңдеп. “Жаз жайлауым - жұмағым!” деп әр өзенді жағалап, әр тоғайды аралап жайбарақат жайлап жатқан жайбасар қазақтың боздаған түйесіне аққан қанымен қоздаған шері қосылмады ма! Қайран атамекен! Әлсіздің шырышы ғана жоқтауыңды айтып, көзден жас, көкіректен зар төгіп, өлігін артып, көлігін шұбатып, тағыдай жосып, үйректей үркіп кетпеп пе еді сормандай қазақ. Иен жерге тұмсығын бір сұғып алған соң адырандаған орысың аянсын ба, қатарлап қамал орнатып, қарағай қиып қала салып, тұп-тура ата-бабасынан қалғандай қазақтың ата қонысын жамбастады да алды. “Елім - арым, жерім - жаным!”

дейтін жаужүрек қазақ жігхттерішң жасанған жауға қарсы жалаңаш шапқан ерліктері бүгінде аңызға айналды. Оқ тескен сансыз кеудені, зеңбірек добы ұшырған талай басты бір жерге жинаса, сол шейіт кеткендердің мылжа-мылжа денелерінен оба жасаса, оба қайда, төбе тұрып, тау орнар еді-ау! Амал не, қазақтың қанына суарылмаған қанжар қалды ма екен? Қазақтың қасиетті қанын шашпаған қару-жарақ емге де болса табылар ма екен?

Ұзын аққан Ертісті құлдап, тобылғылы Тобылды бойлап, Құлынды даласын көктей өтіп, көктем шығып жаз туды дегенше-ақ Сырдағы қыстауларынан қырдағы жайлауларына шұбыратын қазақтың салтанатты көштері-ай шіркін! Бүкіл дала малға толып, бүкіл өңір әнге бөгіп, қырмызы гүлге құшағы толған қыздарының күлкісі күмістей сыңғырлап, көш бойы әртүрлі ойын-сайыстың, өнер-сайыстың көрігін басқан жігіттерінің жігерлі үндері аспандай шарықтап, елі мен жері табысып, еркін даласы мен ерке баласы жарасып қалушы еді-ау! Бұлақ сайын ауыл қонып, бұта түбі малға толып, аузынан мәйегі арылмаған алашты бүгінде қандыауыз мылтығын шошаңдатып Сібіріне орыс жолатпаса, терліктен жөргек, ерден жастық бұйырған қара тақым жоңғар Арқа мен Алтайдан аластап, Жетісудан ығыстырды ғой.

Қайран дәурен-ай!

Көк найзаның ұшы, ақ білектің күші сес болудан қалар деп кім ойлаған. Әрине көк найзаң қоғадай көп боп тисе жақсы. Қарыспай көтерілер ақ білегің тоғайдың ну талындай топ болып сіресссе жақсы. Әр жерден бір селдірей шаншылатын көк найзаң ақ білегің қанша қауқарлы болғанмен нөпір тасқынға қарсы келе алар ма. Әне, өзіндей боп көк найза ғана көтерген Батыр хонтайшы қазаққа үш-ақ рет өлтіре соққы бермеді ме. Бергенде қандай! Құйындай үйіріп, дауылдай құйылып келіп, талап, таптап өте шықты бастары бірікпей әр жерден бір серейген қазақ жігіттерін. Бұрын қасарысқан Қасым хан мен Еңсегей бойлы Есім хандардың тұсында текетірес келіп, тең түсіп жататын қазақтардың еңсесін бір емес үш басқан соң Батыр хонтайшы неден жасқансын. Ордасына

біреудің айтқаны шығар. Өткеннің белгісі толып жатыр ғой. Қазақтың қазіргі көп күпсінуі мүмкін ең болмаса алдына симаған екі қолдың қимылын қызыл тілдің сайрауымен алмастырайын дейтін далбасасы да болар-ау. Әйтпесе тәж бен таққа таласқан Жәдік ұрпағы түгел тұрып, Үсіктің бір Әбілқайырына бой көрсете алмаулары қалай? “Елді біріктірейік” демейді-ау. “Ел аузын біріктіріп алу қажет” деп алаөкпе боларын қайтерсің. Әр ауыздан бір құсық төгілетінін сезбей ме. Қатынын боқтап, баласына ұрсып отыратын қазақтың ілік іздегіш мінезін көрмей жүр ме. Ел аузын біріктіретін табақ-табақ тамақ қана. Төре табақ, сый табақтарды қайқая көтеріп апарып алдарына сылқ еткізіп тарта қойшы, бірікпес ауызды көрейін сонсоң.

Сәмеке хан да, Барақ, Әбілмәмбет, Батыр, Күшік сұлтандар да кешегі Әз Тәукенің сирағынан келмейді. Ұлы хан деген Сәмекенің аты ғана. Қапталында жағаласқан Әбілмәмбет тізгіннің бір ұшына саусағын іліндіріп алыпты. Өзіне де, өзгеге де бұйыртпаудың әрекеті сол.

Қайран дала! Ұшы-қиырына көз түгіл қиял жетпес жайын сахара. Жау қолында, жат табанында қалғанына да елу жылдан асты. Шығыстан арайланып таң атқанда, мол сулы, ну тоғайлы ұлы Сібір ұшқан құс, жүгірген аңның мадақтаған үнімен тұп-тура жер бетіне жұмақ көшіп келгендей құлпырушы еді-ау. Сол жұмағына сорайған мылтықтан оқ бүркіп, үңірейген зеңбірегінен доп атқылап, көмейді кең ашып, шеңгелді тарбита салып әлденеден құр қалғандай ақ патша жетпеді ме үңіреңдеп. “Жаз жайлауым - жұмағым!” деп әр өзенді жағалап, әр тоғайды аралап жайбарақат жайлап жатқан жайбасар қазақтың боздаған түйесіне аққан қанымен қоздаған шері қосылмады ма! Қайран атамекен! Әлсіздің шырылы ғана жоқтауыңды айтып, көзден жас, көкіректен зар төгіп, өлігін артып, көлігін шұбатып, тағыдай жосып, үйректей үркіп кетпеп пе еді сормаңдай қазақ. Иен жерге тұмсығын бір сұғып алған соң адыраңдаған орысың аянсын ба, қатарлап қамал орнатып, қарағай қиып қала салып, тұп-тура ата-бабасынан қалғандай қазақтың ата қонысын жамбастады да алды. “Елім - арым, жерім - жаным!”

дейтін жаужүрек қазақ жігіттерінің жасанған жауға қарсы жалаңаш шапқан ерліктері бүгінде аңызға айналды. Оқ тескен сансыз кеудені, зеңбірек добы ұшырған талай басты бір жерге жинаса, сол шейіт кеткендердің мылжа-мылжа денелерінен оба жасаса, оба қайда, төбе тұрып, тау орнар еді-ау! Амал не, қазақтың қанына суарылмаған қанжар қалды ма екен? Қазақтың қасиетті қанын шашпаған қару-жарақ емге де болса табылар ма екен?

Ұзын аққан Ертісті құлдап, тобылғылы Тобылды бойлап, Құлынды даласын көктей өтіп, көктем шығып жаз туды дегенше-ақ Сырдағы қыстауларынан қырдағы жайлауларына шұбыратын қазақтың салтанатты көштері-ай шіркін! Бүкіл дала малға толып, бүкіл өңір әнге бөгіп, қырмызы гүлге құшағы толған қыздарының күлкісі күмістей сыңғырлап, көш бойы әртүрлі ойын-сайыстың, өнер-сайыстың көрігін басқан жігіттерінің жігерлі үндері аспандай шарықтап, елі мен жері табысып, еркін даласы мен ерке баласы жарасып қалушы еді-ау! Бұлақ сайын ауыл қонып, бұта түбі малға толып, аузынан мәйегі арылмаған алашты бүгінде қандыауыз мылтығын шошандатып Сібіріне орыс жолатпаса, терліктен жөргек, ерден жастық бұйырған қара тақым жоңғар Арқа мен Алтайдан аластап, Жетісудан ығыстырды ғой.

Қайран дәурен-ай!

Көк найзаның ұшы, ақ білектің күші сес болудан қалар деп кім ойлаған. Әрине көк найзаң қоғадай көп боп тисе жақсы. Қарыспай көтерілер ақ білегің тоғайдың ну талындай топ болып сірессе жақсы. Әр жерден бір селдірей шаншылатын көк найзаң ақ білегің қдңша қауқарлы болғанмен нөпір тасқынға қарсы келе алар ма.Әне, өзіндей боп көк найза ғана көтерген Батыр хонтайшы қазаққа үш-ақ рет өлтіре соққы бермеді ме. Бергенде қандай! Құйындай үйіріп, дауылдай құйылып келіп, талап, таптап өте шықты бастары бірікпей әр жерден бір серейген қазақ жігіттерін. Бұрын қасарысқан Қасым хан мен Еңсегей бойлы Есім хандардың тұсында текетірес келіп, тең түсіп жататын қазақтардың еңсесін бір емес үш басқан соң Батыр хонтайшы неден жасқансын. Ордасына

ойып тұрып Қара Ертістің жағасынан орын әперді. ‘‘Ертісім - өр күшім!” деп дүрілдейтін қазақ күмпілдеуге де жарамай қалды.

Ал Қалдан Башықтының қаңтарда жараған бурадай шабынып келіп, сабылтып кеткенін баланың баласы ұмытпай жүр әлі. Жаннат Жетісудан сол кезде ығыстырған қазақты тірсектей қуып отырып, сол қазақтың Қаратаудағы қалаларының қақпасын да бұзбап па еді. Төбеңнен қыдиып отырайын дегендей дәл осы Қалдан хонтайшы хандығының туын Іле өзеніндегі Ұрғаға мықтап тікпеп пе еді. Мықтап, нықтап тіккен-ді.

Құм санаған Батырдың зымиян ойы тым-тым әріде еді. Ежелден-ақ ертегідей бай Шығыс Түркістан мен қазақ иелігіндегі Мәуреннahр өлкесі арқылы Батыс пен Шығысты қосатын алтын көпір - ұлы дүбірге толы Жібек жолы өтетін. Сол күретамырдай Жібек жолымен тең-тең жүгі артылған, тай-тай тауары тиелген сауда керуені үздіксіз шұбыратын. Үздіксіз шұбырған керуенмен үздіксіз әртүрлі елшілік, мәмлегер, бітімшілік, сан алуан қарым-қатынастық, қала берді қалалар арасының шаруагерлік әрекеттері тығыз байланыста араласа жүріп жататын. Шығыс Түркістанды уысына мықтап қысқан Батыр хонтайшы егіздің сыңарындай Мәуреннahрды неге жетімсіретуге тиіс. Әрине жетімсіретпейді.

Ендеше маңқа қазақтардың жұлынын үзіп, омыртқасын опырып, қос өзеннің қолтығына қыстырылған өндірісті өлкені жамбасқа басып ала қоймай ма.

Хонтайшы қажет дегенше астынан аты, үстінен сауыты түспейтін ойрат шерігі “майшелпегім - қазағым қайдасың?” деп лап қоймай ма. Лап қойған ойрат қолы таудан құлаған қар көшкініндей жолындағысын жайратып, Мәуреннahрдың малын маңыратып, жанын зарлатып жорық үстіне жорық жасамай ма? Шығыс Түркістанды шынжырлап, Мәуреннahрды матаған соң сауданың ниеті хонтайшының алақанында жатпай ма. Әрине жатады. Алтын мен күміске белшесінен батқан, жиһаз бен мүлікті керуендеп тасыған, қолөнер бұйымдарына қарқ боп қалған Қалдан Башықты сол дүрілдеген қалпынан жазбай, алдымдағым аузыма түсе

берер дейтін әрі ашқарақ, әрі өркөкірек дәмемен адуындап барып, тыныш жатқан Қытайдың қоңынан қауып кеп қалмай ма. Тілінен сілекей, езуден қан аққан хонтайшы әрине көп асқанға бір тосқанның боларын сезбей қалып еді. Азу тістің қағылар, қысасқа қысас табылар шағы боларын көп шүршіт көзге түртіп көрсетіп, көтке теуіп қаңсылатып танытқан. Жиырма алты жыл хонтайшышық ғұмырын бура боп бұрқырап, айналасына ажал мен өлім сепкен Қалдан Башықты ақыры у ішіп өліп, жанын жаһаннамнан бір-ақ шығарған-ды.

О, тоба! “Құрық көтерсең, қылыштан өлерсің” дейтін қазақ ақылы Қалданның інісі Рабтанның қанға жерік кеудесіне сіңбесе амал не. Жауыздықты ағасынан да асырып түсірген, жәһілдіктің майын ерітіп ішкен ол қазақтарға ал кеп салсын сойқанды.

Тәукенің қазақ тағына ә деп отырғаны да сол еді, жас ханды сынайын деді ме, әлде ежелгі жауы - қазақтың кеудесіндегі жанын шеңгеліме бүріп, сығайын деді ме, сол Сыбан-Рабтанның жалақтаған жасағы Сайрам қаласының түбінде жойқын соғыс салып еді-ау.

Он алтыға толып ем-ау сол кезде. Астыма ат мініп, беліме қылыш байлап, қалмаққа қарсы селдіреп қара көрсеткендердің бірі болғанымды қайтейін. Тауды итеріп құлатып, тасты жұдырығыңмен уатып көр. Қайда ол! Үстіңнен тау құласа, төбеңнен оқ жауса, кеуденді жебе шабақтаса, басынды қылыш ұшырса, көк сүңгі көкірегіңе қадалса, ақырғаныңнан бақырғаныңды көбейтпей ме, аһ ұрғаныңды арттырмас па. Көп көптігін жасап, иттігін істеген сонда. Қаланың қақыратып қақпасын бұзып ашып, айналасы алпыс шақырымдық дуалын тып-типыл еткен. Отқа күймей, өртте жанбай, оққа ұшпай аман қалған сайрамдық жұртты - қазағы бар, өзбегі бар, сарты бар сартылдаған қамшының астына алып, сегіз мың бөріктісіне құлдық қамытын кигізіп, он мың желектісіне күндік таңбасын басып, айдағаннан айдап отырып, Іледен де әрі асырып Турфанға апарып тоғытқанын сол жолы Қаракесектен кеткен қылқан қырыққандай жүз жігіттің бірі - Құлназар айтып еді-ау. Жалындаған жігіт

жалақтаған күзетшілерді қалай өлтіріп, қалай қашып құтылғанын жыр ғып айтқанда кейуаналардың көзінен жас парлайтын. Кейінгі інілерінің көзінен кек оты ұшқындайтын.

Қайран жастық-ай! Селдіреген аз қолды сонда сол Құлназардың ағасы Бекназар батыр мен Керней батыр екеуі Сайрамның түбіндегі аждаһаның аузынан аман алып шығып еді-ау. Бүгінде ол да көмескілене бастапты.

Өмір өз тірлігін жалғайды. Дүние өз кезегімен қыбырлай береді. Қырық мың түтіні, екі жүз мың тұрғыны бар түркінің кереметтей кенті болған Сайрамның сол шабылыстан кейін күні өшкенін, қайта оңалмай, байырғы байлығы мен айдынының елеске айналғанын өкінішпен еске алар кәрілер болмаса, кейінгі жастар біле де бермейді.

Қайран дәурен-ай!

Аласапыран тірліктің арпалысын қазағыңның басына ғана беріп, тағдырына теліп қойғанын ұмытар ма. Ұмытқызар ма. Алаштың әр азаматы еркіндік деп ереуілдеп, елдің бірлігі мен берекесі деп,туған жерінің тулақтайын жат табанға басқызбау үшін жан аямай шайқасып келгенін бүгінгі бала, ертеңгі ұрпақ білмей өссе, өткеніміз өшіп, кешегіміз жоғалып, кеудеміз үңірейіп, бұлағымыз тартылып, құлағымыз бітеліп қалмас па. Қазақтың азабын азайту үшін, қазақтың рухын көтеру үшін Арғынның ұлдарының аққан қаны, төккен тері көл мен теңіздей болмаса да, екінші бір Сырдың суынан кем болмас-ау.

Қайран да қасиетті Сыр бойы!

Қайран да шіркін Жиделі Байсын!

Замана ауқымымен Арқадан қопарыла ауған қарағайлы көп ормандай азулы Арғынның қысқы қонысы едің-ау! Қиссар, Балжуан өлкесінен Бұқараға шұбырып шәкірті, шаңдатып қалашысы қара жолды босатпаушы еді-ау. Таңның атысы, күннің батысы ерте тұрған, шаруасын жасаған Қуандық пен Сүйіндік, Бегендік пен Шегендік балалары күреңіткен өңдерімен, аңқылдақ көңілдерімен сол өлкеге бейбіт рай, еңбек шырайын енгізбеуші ме еді. Сол Жиделі Байсындағы Жыланды таулары мен Қызылсу өзенінің

бойында Төртуылдың Бұрындық, Шал, Майрам, Шақай, Дәуіт аталары орналасып, егінін егіп, бау-бақшасын баптап, малын өргізіп, берекелі тірліктің қағазын бұрқ-сарқ қайнатушы еді-ау!

Ғайса пайғамбарымыздың туғанына мың да алты жүз сексенінші жылына дейін Сыр бойын қоныстаған тұтас Арғынға қызғана да, қызыға да қараған қазағы мен өзбегі де, тәжігі мен сарты да көп еді-ау. Қызығуы, әрине, орынды да. Екіленіп кіріссе, қай істі болса да еңсеріп кететін ұжымды атаның балалары еңбекте есе жіберіп көрмеген ғой.

Егін ексе, жақсы дарияның емірене июімен астығы өзен боп ағып, тау боп үйілген. Бақша салса, жеміс-жидегі аумағын, атырабын түгел алып кеткен. Мал бақса - тұяқтан ұшқан шаң көкке жеткен, мал тұяғынан қара жер көрінбей кеткен.

Қайран да қасиетті Сыр бойы!

Мейрам сопының қалың Қуандығы, сансыз Сүйіндігі, қаһарлы қайсар Қаракесегі, қазыналы Қозғаны, құт дарыған Қақсалы қатар отырып, қанаттасып кеткендіктен Сыр бойының сол жағасындағы ұзын аққан тұсы Мейрам алқабы дел аталып, сол рулардың қоныстанған жерлері кәдімгідей ел аузына ілініп - Ақтөбе, Абызтөбе, Келінтөбе, Қаратөбе, Қотантөбе, Аққорған қалалары деп талай ауыздың сілекейін ағызушы еді-ау. Қайран дәурен-ай, солар да ұмытылар ма екен?

Балығы шоршып, бақасы шұрылдаған Мейрам арығына қайта шомылар күнді қай Арғын бүгінде көкірегі қарс айрыла аңсамасын. Сырдан суырып әкетіп солтүстікке қарай сүйреген арықтың ені он екі құлаш, іргесі мен тереңдігі екі құлаштан бір кемімей ең алдымен он шақырымдай жердегі Қотан қаласына жетісімен әрі қарай үш салаға бөлініп, сол маңдағы егістіктерге көсіле ағатынын көзбен көрмесең, айтып жеткізе алмассың-ау. Негізгі Мейрам арығы сол Қотан қаласын ауыз суға да, егістігі мен бау-бақшасын да нәрге жарытып, жарылқап өтіп, одан әрі Қаршығалы қаласына ырыс боп еніп, қарық қып тастайтын. Қаршығалының көп Арғыны көкөнісін көнектей ғып көркейтіп, бидай, тарысын буазытып құлпыртқан

диқанын батыры мен бағыланынан кем құрметтемеуші еді-ау. Дастарқанында бауырсағы, қарбызы мен қауыншағы, жүзімі мен алмасы, қазысы мен қалжасы иін тірескен елдің берекесі тасып, мерекесі шалқып жатқанын қай тәңір қысасы көпсінді екен!

Сол Қаршығалыдан жарқырай жөңкілген баба арығы - әруағыңнан айналайын қасиетті Мейрам атам арығы Аққорған қаласынан асып барып, тарам-тарам нәр боп жерге сіңіп, суарып, сусындатып жатушы еді-ау!

Сол бір ұзындығы отыз бес шақырымнан астам арық-өзенді қолмен қазып орнатқан Мейрам балаларының ерлігін елі құрметтеген, жауы діттеген болатын. Қашанда ел бірлігінен өтер құдіреттің болмайтынын, ал бірлігінен ажыраған елдің ешқашанда оңбайтынын басыңа сақ еткізіп тағдыр таяғын тигізіп барып, жүрегіңді солқ еткізіп өмір өкінішін жеткізіп барып, өксігеннен не пайда.

Қайран дәурен-ай!

Қабырғадай Қаратаудың теріскей беткейінде айт пен тойдай тірлік кешкен сол қайран дәурен исі қазаққа, әсіресе Арғын ұлына жұмақ төріндей боп көрінетіні бекер емес-ау. Ынтымағы мол, ұйымшылдығы ғаламат, ауызбірлігі аңызға айналған жеті Момын, бес Мейрам Арғынға батылы жетіп қарсы келер, бейбіт тірлігінің берекесін қашырып, шырқын бұзар көрші-қоңсылардың шыға қоймауы да сондықтан шығар. Осы бірліктің арқасы ғой кейбір жота жүнін үрпитіп, күдірейтіп келгендердің ынтымақты елдің ірге бермес сесінен ығысып, жылыстап кете бергені. Әрине, сонау көк жүзінде еркін қалықтайтын Күннің, сол еркін қалықтайтын көгі тұрғанда өзінен туған ұлдарын, онда да құмадан емес, нақ сүйерінен туған ұлдарын - күннен туған гүндерін кім басынар, кім тосар, кім тұсар деп күмпідцеп жүрген кездер де, күмпілдетіп мақтан гулеткен кездер де болғаны рас. Күмпілдейтін де, мақтанатын да реті бар еді-ау. Бертіс көкем Ташкент қаласына хан сайланып, арғысы Арғынды, бергісі Қаракесекті бір дүрілдетсе, Тайкелтір жәкем қара қылды қақжарған қазы атанып, Сүйіндіктің әруағын аспандатып еді. Бұхардағы он екі

бап ілімінен хабар беретін Көкілташ медіресесін Арғын арасынан тұңғыш аяқтаған Әнет бабам бүкіл Орта жүздің ақылгөй данасы, доптай үйірілген Тобықтының алтын жағасы еді-ау. Бабамның ақылы болмаса мен де, анау Аралбай да сол Көкілташта оқыр ма едік. Көмекейі бүлкілдеген бұлбұл көмей бауырым - Бұқар жырауым сол медіресенің ілімін түгесер ме еді.

Әнет бабамның қасына әдейілеп көшіп барып, бір жаз қоныстас болғаным - екінші Көкілташым боп еді-ау. Күзде қайтарымда: ”Баба, дүниедегі барды, адамшылық арды не бұзады? Күнәні не түзеді?” дегенімде, Бабаң біраз ойланып отырып: ”Шырағым, Қазыбекжан, ”Әкім” деген сөз арабша үш қана әріпті, екі рет айтса, алты әріпті құрайды. Сол алтауы: алтын мен әйел, кек пен кежір, мақтан мен мансапты сүйрелеумен жүреді-ау. Адам осы алтауына қызықса, дүниедегі барды да бұзады, күнәға батып адамшылық арды да бұзады” деп түйіндеп еді.

Сол түйіні менде ғана емес, елде қалды. Әнет бабам, қасиетті Бабаң төбеде қалды. Ақырғы ақтық демі ысқырып тиген жебеде қалды.

Қайран дәурен-ай!

Сайрамның түбінде тұтас отырған бес Мейрамның осы мамыражай тірлігіне сол үш жыл қатарынан Сыбан Рабтан бастаған жоңғар шабуылы құтырынып тиіп, ұйқы-тұйқы етіп жіберіп еді. Құйрық-жалын шарт түйген ат мініп, сауыт киіп, бес қаруын асынған Қуандық пен Сүйіндіктің, Қаракесек пен Бегендіктің көк сүңгісі сол кезде талай жауының көк желкесіне қадалып, талай жауының көк сүңгісін өз көкіректеріне қадалтып та алып, қара жерді қапсыра құлап еді-ау қайран боздақтар!

Тән жарасы жазылар. Жан жарасын жазар құдірет жоқ қой. Күрсінген көңіліңнің құрсауға келмес қырық бөлегін ескерер де ешкім табылмайтыны қиын.

Алғашқы аласапыран дәл сол Сайрамдағы сәттен басталған еді-ау. Іргесінен сүңгі қадалып, төбесінде қылыш ойнаған Арғынның біразы Тәуке ханның Түркістандағы ордасынан да әрі асып, Бұхараи Шарифке жөңкіле көшкенін қалай ұмытар. Елден елдің айрылуының қиын боларын, бауыр басқан

ағайынның бірін-бірі қимай, көзден жас, көкіректен зар төккенін сонда алғаш көрмеп пе едім.

Сол Сайрам түбінде тулақтай сілкіленіп, тарыдай шашылған қазақтың бұрынғыдай далиған даласы қалмаса, күн екеш күннің өзі о шетімен бұл шетіне шаршап-шалдығып жететін салқар сахарасы тұс-тұстан талаған жау табанында қалып, көзінен бір-бір ұшса, әркімге бір жапақтап, жан сақтар жер іздемегенде қайтеді. Бұрын қазақтың төбесі көрінсе-ақ төсегіне кіш етіп қоятын тапырық қылықты, қоңыз тірлікті көршілеріне көз сатқан жалынышты қарастан жаман не бар дейсің. Бүрсеңдеп жеткеніңде өзім деп өзегін суырып берер ме? Әлде еркегінің қолына кетпен ұстатып, ыстық күннің өткір істігіне тақыр төбесін тескізіп, күннің атысы, кештің батысы қыбырлатып қойып, көріктісіне күлмеңдей қарап, өзінің әңгі есегіндей танауын желге төсеп, талтая кісінер ме. Соғыстан қашқан ер мен жерінен босқан елдің күні құрысын да. Ер - әруақ, ел - аруана. Бірі қадірінен айырылса, бірі боздап қалған ботасына да қайырылмайды. Қайырылмайын демейді-ау. Қайырылтпайтын озбырлыққа не істей алар. Ырғын қаланың орнында қызыл төмпек қалса, кешегі құтты қоныс орнында бүгін үйілген қорым қалса, қара жұртыңды қызыл қырғын жұт жайласа қайтіп қайырыларсың.

Жоқ! Бекер үрейленген екен. Ертеден-ақ қазақтың көшіп-қонып жүретін Жиделі Байсынына ауып жеткен, аңсап жеткен Арғынның біраз руын, Төртуылын, Қаракесегін Бұхара ханы Сүбханқұл өзінің өзбек уәзірі Рабжабқа мықтап тапсырып, Әмудің жоғары жағындағы Кафриган мен Сухандария арасынан ойып тұрып, орын бергізген еді. Жақсылық ұмытылар ма. Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпес. Қиыншылықта созған қолдың мәні кетпес. Есеңгіреген ел ес жиған, есебін түгендеуге кіріскен. Ақкөңіл аңқылдақ қазақтың “өзбек өз ағам, сарт садағам” дейтін жан сыры сол кезде айтылған. Айтқызған тірлігі.

Сол жылдың қыркүйегіне қарай Әз Тәукеден хабаршы жеткен-ді. Енді Қазыбектің көз алдына көп дүние елестеп келе берді.

Әдеттегідей қырға шығып аң аулап, ауылына шаршап жетіп, ақ ішіп, демалуға қисая кеткені де сол еді,сырттан әлдекімнің дүрілдеген даусы естілді.

-Қазыбек! Әу! Үйдемісің?

-Иә. Жайшылық па?

-Тез шық. Көкең шақырып жатыр.

Үлкен үйде біраз адам жиналып қалған екен. Ішке кірген Қазыбек үйдегілерге ашық дауыспен сәлем берді. Көбісін жақсы таниды. Әкесі Келдібек ағаш төсекке арқасын сүйей шалқайыңқырап, оң жағына қатарласа қалған үлкендерге ықылас білдіре өзі де шешіле сөйлеп, өзгелерді де бейіл бере тындап отырған еді, баласына “тізе бүк!” дегендей ыңғай білдірді.

Қазыбек алдына келген қымыз толы тостағаннан ауыз тиді де, алдына қойып, үлкендердің сөзіне құлақ түрді.

Әлгінде әңгімесі үзіліп кеткен бе, әдеттегі сөзуар қалпына қайта оралған сақал-шашы ақ шулан, кесек мұрынды, өткір көзді, батыр тұлғалы Айдабол би ағындай жөнелді.

- Әрі итеріп, бері тартып ырғап-жырғайтын ештеңесі жоқ, Келдібек. Әз Тәуке ерекше жарлық шығарса, оның да бір білгені бар шығар. Алысып астыға түсе бергеннен, жарысып алға озғанның да бір шүкірлігі бар. Соны сәл ескерсек және дұрыс болар. Ат-сойылды қамданбап па едік. Қан болып қан-сырамап па едік. Қан сиіп қашқанымыз қашып, қаша алмағанымыз тұтылмап па едік. Елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан. Ит көрген ешкідей екі көзді ежірейт бергенде не тындырмақпыз. Көнбейміз, намысты тергейміз деп қарысып, қасарысып жүріп, ақыры не болдық? Арқа түгіл ортадағы Сайрам төңірегінен де айырылып, жел қуған қаңбақтай Әмуден бір-ақ шықтық. Өз төрінде емес, өзгенің босағасында отырып кергу - арыстанның құйрығында отырып басына қарғу болмас па. Сондықтан хонтайшыға да қолжаулық болмай, көз таластыра бару керек, әйтпесе барудың қажеті жоқ.

Келдібек бас изей түсті де, даусын қырнады. Айдабол би оң қабақты серпіп қап, сөз тоғанын бітей қойды.

- Айеке, оның бәрі белгілі жайт қой. Сіз хан жарлығының салмағын сездіңіз бе, құнын анықтап, бәсін бағаладыңыз ба. Елшілікке бару - қайындап бару емесін менен артық білесіз. Хонтайшыға есің кетіп, есеңгіреген күймен есігінен сығалап қана баратынды ескердіңіз бе. Сығалатып қаратып қана, сыйыстырып кіргізбей қойса қайтеміз. Сыналап кірер ебіміз, сыпалап соғар кебіміз бар ма еді? Пірің мен ұлыңды тірсегін тіліп, асығынан іліп қойып, аспанға қарап астамсып тұрған ақшиған көзді аяғының басында кенедей қыбырлаған кіріптар кеудеңе иілтіп, еңкейтіп әкеп, қадалта алар қандай құдіретіміз қалып еді. Иініміз түскен бүгінімізде иық теңестірер халіміз бар ма еді. Ендеше апандай көмейге әлденені асатып қана қомағай өңештің қыбын табатынды ұмытпайық. Ашқарақ көзді алтынмен арбап, күміспен жаулап күлмең қақтыратын епсектікті ескерейік. Алдына мал түссе, қойнына қыз түссе, кіргізбес есік, ашылмас қабақ, шешілмес түйін қалмайтынын жаңғыртайық.

Ал соған... сол аптайтын алтынды, күптейтін күмісті, шыбжыңдаған байталды, сыландаған аяшты табатын амалды қарастырайық. Қаңыраған дорбаның түбін қаққыштаймыз ба, маңыраған, жамыраған төлді төлем қыламыз ба, аңыраған ананың ыстық құшағын суытып тұлымдысынан айырамыз ба - ханыңның мынау жарлығы осындай ауыртпалық та, үлкен салмақ та боп түсіп отыр.

Енді үйдегілер жым-жырт күйге көшті.

Қазыбек іштей ғана қарсылық жасап отыр.

“Шабылып бір құрдым құлқынға түсіп, сабылып барып тағы да сол құрдымға барлы-жоғымызды тықпалай берсек, қылқ-қылқ жұтып, ырқ-ырқ кекіретін жоңғар жалмауыздығынан өлсе тиылар ма? Үйіріп бір асадым, қайырып екі асадым, қаңғыртып әкеп, тағы мол қарпыдым деп құтырынып шыға келерін сезбегені ме? Игі жақсы дегендеріміздің аумалы-төкпелі заманның әуенімен аударылып-төңкеріліп жататындары қалай? Кешегі өрліктен із қалдырмай, бұларды үнемі ылдилата беретін қандай құдірет? Бет-жүзге қарамай, босағаңның беріктігін қайта нығайт! Шайқалған шаңырағыңды қайтадан шарықтат,

керегеңді қайтадан керіп жай дейтін берекелі ауыз осы жиыннан шынымен табылмай ма? Табылмас болса, сонау алыстан айбат атқан жоңғар жақтан жел тұрса жабықтан сығалап, дауыл тұрса тығыла қалатын жермешелдік күймен қашанғы қол жалаған күшіктей сүмеңдеп жүре береміз?”

Өз ойынан өзі ашынған Қазыбек сілкініп қап, ес жиғандай еңсесін тіктеді. Бұл кезде ақсұр өнді, ат жақты, қап-қара шоқша сақалды Бабаназар сөйлеп отырған.

- Қайда барсаң - Қорқыттың көрі. Өзен біткенінді өтіне басып алып, орысың судан қақса, шығысыңда жалақтаған жоңғар оттан айырды. Теріскейіңде құба қалмақ пен естек-башқұрт нуыңды жайласа, күн-гейіңде Хиуа мен Бұхарың құмға айдап, тынысынды жайғады. Дүниенің төрт бұрышының дәл бүйтіп тарылғанын кім көрген. Ана тұстан шаң бұрқ етсе, мына тұстан дауыл бұрқырайды. Ойдан қашсаң, қырдан тосатын үнемі бір таусылмайтын қияметтің қылкөпірі. Қойдың өрісі, жылқының тебінінен де бұрын тірінің зары мен өлінің кебіні қинап тұр ғой. Жалынғаныңды тыңдар жоңғар, жығылғаныңды түсінер хонтайшы бар ма. Қалданның көкірегіне дәл қазір нан пісіп тұр-ау. Бір жасаған жорығында арбалап алтын, қоралап қой, қос-қостап жылқы, мыңдаған тұтқын әкетсе, оның айдарынан жел еспей ме екен, мұрнынан дауыл соқпай ма екен...

Әй, шашбаудан қырқып, білектен босатып, омыраудан ағытып әлгі айтқан алтын-күмісті ілдәл-далап табуын табармыз-ау. Сонынды сол кекірік атқан Қалданың кірпігіне ілер ме екен?

Келдібек ауыр ыңыранды. Екі бетінің ұшына қан табы білінді. Ашуға басарда, не көкейдегісін ашарда болатын бұл нышанды сырмінез ұлы Қазыбек бұрыннан білетін. Ентелей құлақ түрді.

- Ағайын, қазақ десек бәріміз күйеміз. Шапса да көндік, атса да көндік. Алса да бердік, алмаса да бердік. Жер жауда қалды. Жан тәнде қалды деп татусыз тәубаға ұйыйық па сонда. Бірің жоңғарға неге барамыз дейсің. Екіншің хонтайшыға неге береміз дейсің. Ау, сен бармады екен деп құлдықтағы еріңді босатып

жібере салайын деп отырған жоңғарды көрсетші маған. Сен бермеді екен деп, күңдікте жүрген қызыңды қайтарып салайын деп жүрген ойратты көрсетші маған. Хан Тәуке елші жіберсе, елдігімізді танысын, еркіндігімізді ерегісте ешкімге бермес жан-кештілігімізді білсін деп жібергелі отыр. Мен берейік десем, аяздай көгерген дұшпаныңның жүзі жылыр ма, беті бұрылар ма деген далбасам ғана. Әрі ырғалып, бері ырғалып, құйрықты босқа жауыр қыла бермейік. Сөзді осымен доғарып, дайындыққа кіріселік.

Алдымен мықтап тапсырарым: әр ауыл баратын адамын сайласын. Адамына лайықтап таңдаулы аттарын жабдықтап, қару-жарағын сай қылсын. Азамат атымен көрікті, қару-жарағымен айбынды. Жоңғарға қонақ боп бармайды, елші боп барады. Елді еріне қарап таниды. Сый-сияпатты тез жинауға кірісіндер, - деп осы отырған көп рудың игі жақсыларына әр ауылдан жиналатын мал-мүліктің мөлшерін белгілеп, ас ішкеннен кейін атқа қондырды.

Әкесінің кеңесті тындауға шақырғанын әлде басқа да тапсыратын жұмысы барын білмей отырған Қазыбекті Келдібек оңаша алып қалды.

- Мән-жайды сездің ғой.
- Иә, көке!
- Не түйгенің бар?

Келдібек өзге балаларынан гөрі осы Қазыбегін төрт-бес жылдан бері көбірек сынап, көбірек қасына алып, үлкендерге үйірсектетіп жүрген. Қазір де ақсұр дөңгелек жүздің дөңқабақтың астынан түйіле қарайтын үлкен көздерін кірпік қақпай шаншылтып отыр.

- Не түйейін. Хонтайшы құдай емес шығар. Құлдық ұрып маңдаймен жер сүзе беретініміз қалай? Құдірет ханда емес, халықта ғой, көке. Кеудемізді бастыра бергенше, иық пен иығымызды неге теңестірмейміз?

- Қалай? Қайтіп? Иығыңнан басып, кеудеңді езіп кетпеп пе еді? Еңкеймесең, басыңды шабам деп шабаланып кетпеп пе еді?

- Еңсе көтермесек, еңкейте берері хақ. Кеудені езсе, жара жазылмас па? Құлдық қамыты мойынға түсіп пе еді? Есем деп егессе, мұң мен шер арылмас

па? Басымыздан бақ-дәулет әлде мүлде ұшып па еді? Жоқ, көке! Оның табынғаны қуыршақ құдай болса, біздің тәңіріміз жаратушы бір Алла! Талпынғанымызды тәңір көрмес деймісіз. Туырлықты қазақтан түндікті ойраттың қай жері артық. Түтіні түтінімдей боп ұшады. Түр-түсі, түр-түсімнен аумайды. Түтін саны да алашымыздан артық емес. Сонда ол несімен алмақ. Несімен қазаққа қара жауып, басына қиямет күн салақ? Көптігімен бе? Жоқ! Мықтылығымен бе? Жоқ! Оперімен, отқаруымен бе? О да озған емес. Мендегі бар онда бар. Ондағы бар менде де бар. Қапыда қан қаптырған қарақшылығы болмаса, қайраты басым емес. Бізді оңдырмай жүрген осалдығымыз, көке, басымыздың бірде бірігіп, бірде бөлектенуі ғана. Бөлінгенді бәрі жейтінін аңғардық білем. Тәуке хан тұтас қазағын доптай ғып үйіріп, бас жібін бір тізгінге байласа - ойратқа ойранды біз салар едік. Жоңғарды жәукемдейтін біз болар едік. Осы түйгенім.

Келдібек біраз үнсіз сазарған күйі, не бас шайқап құптамағанын, не иек қағып келіскенін білдірместен, ұлына еңсеріле бұрылып, ұзақ қарап отырды да, ырғалып қалды.

- Дайындала бер, Қазыбек. Сен де аттанасың.
- Жарайды, көке.
- Көкірек кере берсе - керік болады, үнсіз ішке түйе берсе - көрік болады. Осымды ескер, балам. Ат-көлігіңді қамдай бер. Орның күтуші, қызметшілердің төңірегінде болар.
- Мақұл, көке.

Содан кейін бұл ауылда да, хандықтың қоластындағы бүкіл қазақ ауылдарында да елшілікке дайындық қауырт басталып кеткен еді.

Елшілікке адам іріктеудің бар қиындығын Тәуке хан Келдібекке тапсырған. Оған да үлкен себеп бар. Сайрамдағы ойранда қолға түсіп тұтқында кеткен қазақтың дені - Арғын, оның ішінде бес Мейрам болғандықтан, “киіз кімдікі болса, білек сонікі” дегенге сайды ма, өзгені онша араластыртпады.

Осыдан кейін-ақ ақсақал-қарасақалдың ауыл үстін ақтақыр қып, нөпір кеп мошап-ақ алғаны.

- Әу, Келдеке! Туған бауырым кетті ғой шырылдап!

Құрақтағы даусы әлі күнге құлағымда тұр ғой, - деп бірі дау айтады.

- Елірмелерді еркінсіте бермеңіз, Келдеке. Ерімбеттен өткен ер бар ма еді. Бүкіл от басы, бала-шағасымен шұбыртып айдап әкетті ғой сол қайран сабазды! Артынан өзім іздеп бармасам, өзгенің оған қайдан қимасы қыши қояр, - деп өңмендеген тағы бірі әлден-ақ бітпес даудың шетін қылтитады.

Әке қасында көбірек болатын Қазыбек іштей әрі күледі, әрі күйінеді.

“Әй, қазағым-ай! Береке десе бұлданып, әреке десе тұлданып, кашанғы бұйда үзе берерсің. Жыбыр-жыбыр қимылдар, дабыр-дүбір айқайлар, абыр-сабыр жүгірістер тек бізде бар-ау. Қанға сіңген әдет пе, қол байлап алқымнан алар әбігерлік пе - тиылар күні бар ма екен? “Арқар” ұранды төреміздің де, “Алаш” ұранды қарамыздың да көксегені көп тілегі емес, ет тілегі. Жай кезде шетінен керемет. Айтқаны келіп, атқаны тиіп тұрғандай құлаштап-құлаштап көкіректерін соққанда, тұп-тура күн күркіретеді-ау. Дер кезде сол кеуде соғып, төс қаққыштардың көрпенің астына көміліп, қатынынын тасасында тығылып қалатындарын қайтерсің. Желауыздардың құдайы берген заман боп барады-ау. Қарашы, бірінен соң бірі суырылғанда, тоспасын бұзып жарған тоған суындай лекілдейді-ау. Бауыры үзіліп, жүрегі елжіреп, күйіктен күйіп бара жатқаны қайсысы. Анау елтірі тымақтың сол сор арқалап кеткен бауырына құдайдың құтты күні бақан ала ұмтылып, басынан құс ұшырмаушы еді, аяқ астынан іздей қалғанына таңым бар. Інісін тағы да күн құрғатпай құрықтап отыру үшін құтқарып алуға бармақшы ма? Ол қайда. Мынау өлермендік -“Өзгелерден менің нем кем? Бөркін дағарадай етіп хонтайшы алдында далиып отыратын пәленбайдан неге қалуым керек. Ол немеңнен менің абыройым кем бе, соңыма ерткенім аз ба? Жоқ, одан менің шаңым қою. Ал анау түгенбайды дүрілдететіндей-ақ ол шіркінің бәйбішеден туып пед. Жоқ, руы-ұрқы белгісіз нағыз шата сол. Бәйбішеден туған - мына мен! Ағайын-жұрт алдында менен өтер беделдіні осы өңірді бес айналып тауып көрші, тауып берсең, тілімді тістеп, құлдығында

ғана өтейін. Қайдан табарсың. Ендеше керілдесіп керіс-теріске баспай, жығылар жөніңе бағып, жолымды бер де, жолыма тездетіп сал” - деу ғана. Өлермендіктен не пайда. Желпініп баруын барсын. Ау, хонтайшының алдында жеріне жеткізе айтып, желкелеп түсіндіре алса, құба-құп. Әшейіндегі әлдекімнен естіген бостекі әңгімесін әсірелеп өсіріп, құбылта хикаялайтын лепірмесінің хонтайшыға қажеті қанша. Жоңғарда кеткен есені еселеп қайтарар қара нардай кесектік пен ірге алдырмас іріліктің қасиетін сезбейтіндері қалай. Жалыну емес жарғасу, ылдилау емес ырғасу керектігін ескермесе, елші боп қатарға ілініп, қара көбейтудің қадірі қашарын түсінбей ме”.

Сарша тамызда елшіліктің Ұрғаға аттанатын кезі де жетті. Әр ауылдан, әр рудан ілеспек қырық адамды бастау - Қаракесек Бертіске жүктелді. Бертіс Келдібектің ағасы. Бес Мейрамның өзгелерден кеудесі жоғары, иығы биіктігін дабырайта беретін әдетімен қалың Қаракесек Бертісті Ташкенді билегенде өздерінше ақ киізге көтеріп, хан сайлап, әз-әулие тұтып алған. Бертістің ауыздығымен құс тістеген жүйріктігі болмаса да, елді аузына қарататын шешендігі болмаса да, қарауындағыларға сырттан ешкімді тигізбейтін, іштен ештеңені шетінетпейтін қарауылдығы жетіп артылатын. Оның үстіне тындаушысын үйіріп әкететін домбырашылығы, күйшілігі ғажап болатын.

“Жұрттан шыққан жұрымдай қылмай, жұтынып тұрған елшілік дайында” деген Тәуке ханның тапсырмасын жанын салып жайғастырған Келдібек қызыл нарларға қалы кілем жабылған ұзын тізбек керуенге көңілі тола қарап ұзатып салды.

2

Сол жүргеннен жүріп отырып бірнеше күн дегенде алдарынан жарқ ете қалған Ілені көргенде, жолсоқты болған жігіттердің кеуделеріне жан бітіп, көздеріне шоқ жүгіріп еді.

Әсіресе Қазыбек анау айнадай жарқырап жатқан өзеннің иінінде отырған хан ауылының төбесі

көрінгенде әлденені ырым еткендей жүрегінің қабына түсіп, жиі ұрғыштап кеткенін сезінді.

“Әй, тегін емес! Не жауды алармын, не дауда алармын” дейтін батыр да, би де емеспін. Менің алағызғаным не соншама. Әлде анау Бертіс әкемнің соншама күннен бері сол қабағына ілініп, тезек теріп, от жағып, су тасыған күйімнен запыланам ба? Оған несіне ренжимін. Қолғанат болсын деп қолбала ғып жұмсаған өз әкем ғой. Хан жақтырмаса, балалығымды байқаған шығар. Хан қыжыртса, шалалығымды ескерткені болар. Ақыры міне келіп жеттік қой. Етікшінің шегесіндей айтарымызды нық қадап айтып, дұрыстап қайта алсақ, туған-туыстарды қайтара алсақ, абыроймен елге оралар едік-ау. Әй, бұлар бізді неге қарсы алмайды? Хонтайшысы шықпаса да тайшы, нояндары құрып қалып па? Елдің елге, ханның ханға сәлемін әкелген бөркі дағарадай, аты дырдай елшілікпіз ғой. Қазақтың қаһарына мінсе тасты ерітерін, тауды бұзарын білудей-ақ білетін, жоны мен жотасына сол қазақтың көк айыл қайыс қамшысы мен көкала сауыр сұңгісі тиген қыршаңқы жоңғар емес пе? Табысқалы келсек, шабысқалы келді дей ме, бұғып қалғаны қалай? Әлде менменсіген қу көкіректің текірек қағуы ма? Онысынан не түседі. Ауылға келген бейсауат қонақты да күтіп алу ежелгі түз әдеті. Әдетінен жаңылса, хонтайшының қадірі қашады да. Қашсын, мысыммен басармын онда.

О-о! Әне, шаң бұрқ етті. Сілекейлене шұбырды! Бері салды. Көбейді. Қоюланды. Е, бәсе! Осылай болуы керек қой. Атадан туған ұлдың бәрін құл көре бермес. Көрсетпеспіз-ақ!” Қазыбек анау төменнен бері құйындата жақындап қалған аттылар тобына үлкен көздерін кең аша қадалып қапты.

“Қарасы біраз. Әрине, Қалдан Башықтың да сау сиырдың жапасы емес. Шамадан аспайды да, кемімейді де ол. Монтанысынғандай кеше ғана өзі шауып кеткен қазақ ханының елшісінің алдына мыңды шығармайды ол. Менсінбегендей Тәукенің оң қолы, орақ ауыздысы боп келе жатқан елшінің алдынан селдіретіп он шақты-ақ адамды қарсы алуға және жібермес. Әй, Бертіс көкемнің кейде орынсыз кекірейе

қалатыны да, кейде келеңсіз ылдилай қалатыны да бар-ау. Халықтың атынан сөйлейтін болған соң, ханның өзі боп келген соң арқаңды артыңдағы алашыңа тіреп, алдыңды аласартпай асқақтата алақшыңа беріп, еңсеңді түсірмей, қайыстырса қайыспай, исе сынбай, илесе көнбей қайсар табандылыққа басу керек-ау. Соған көкемнің табанының бүдірі шыдаса...”

Түйдектеле құйғытқан қарсы алушы топ бұларға оқ бойы қалғанда ат басын тежеп, екіленіп ауыздық тістеген күліктерін бүлкіл желіске салып алды. Ең алдында оқшауланып омыраулаған ақбозын қырындата билете басқызып келе жатқан адамның сән-салтанаты өзгеше.

Елшілер керуенінің алды иіріле тоқтап қап еді, көз ұшында шұбатылған соңы біртіндеп сүліктің жиырылған денесіндей жинақтала бастады. Бертіс ханның ту сыртына топтасқан игі жақсылардың алдына сүзіле, күн сала қарауы көбейіп кеткен еді, іле еріндеріне күбір жүгірді.

- Әй, анау адам келіскен салтанатына қарағанда Қалданның ханзадасы болар.

- Оу, соның ұлының аты кім еді?

- Оны қайтесіз? Қызыңызды бергіңіз бар ма?

- Тәйт! Тәйтіктенбе.

- Енді өзіңіз ғой хонтайшының қайдағы бір қара шеке ұлын түгендей бастаған.

- Ей, анау Сыбан-Рабтан!

- Иә-иө! Дәл сол!

- Сенге хонтайшының қан уыстап туып, қазақтың қанын кеселеп ұрттайтын Сыбаны ма?

- Сол! Мен оны танимын ғой.

Бертіс артына еңсеріле бұрылып шұғыл бұйырды:

- Жә! Жамырамандар!

Арқан бойы жер қалғанда жоңғарлар аттарының басын тежей аяндатып келіп, есік пен төрдей жерде көліктерінен түсті. Арт жақтан жеткен нөкерлері ең алдындағы Сыбан-Рабтанның, одан кейінгі он шақты адамның аттарын жетектеп алып кетті.

Бертіс хан мауыты шалбардың қиығынан сауыр етікті жарқ еткізіп ілгері аттады. “Қап! - деді іштей

Қазыбек.- Сәл тосқанда ғой. Жә! Құлдыраңдай беруіміздің басы осы ма екен?”

Бертіс хан жақындаған кезде ғана басын шалқақ ұстаған Сыбан-Рабтан бір аттап қана ілтипат танытып, ұсынған қолға алақанын әрең тосты.

“Кердеңін! Кердең болмай қайтсін. Шапқан ол, шабылған біз!”

Бертістің әдеттегі сампылдап шығатын даусы да, неге екенін кім білсін, ә деп бастағанда, құмығып естілді.

- Бүкіл мұнғұл һәм жоңғар даласының ұлық ханы, зор мәртебелі хонтайшысы қасиетті Қалдан Башықтыға, сондай-ақ қасиетті Қалданның құзырындағы күллі ойрат жұрты, мұқым мұнғұл танабы, тұтас ойғыр әулеті, көк аспанды көк сүңгісімен тіреп алған шеріктері мен ханзада Сыбан-Рабтандай атақты тайшылары, қадірменді ноян, жайсандарына зор саусаламаттық тілеп, бүкіл күнгей даланың сансыз қазағы мен қырғыз, өзбегінің ұлық әміршісі құдіретті Тәуке ханның жоңғардың ұлуғ хонтайшысы Қалдан Башықтыға, мұқым ойрат ұлысына деген ғиззату сәлемін қабыл алыңыздар!

Бертістің Сыбан-Рабтанға бағышталған жүзі сөз соңында ханзада тайшының ту сыртында тұрған тектілер мен мықтыларға қарай бұрылып, шұңірек көздер әлгілерді бір-бір жанамалай сипап өтті.

- Шүкіршілік! Қоғадай көп шүршіттің көк тәңірісін қалтыратқан, ормандай мол орыстың ордасын үреймен аштырған қаһарлы һәм қасиетті ханымыз Қалдан Башықты да, қаһарлы хонтайшымыздың қабағынан күн, айдарынан ай көрген сары телпекті күллі ойрат-мұнғұл ұлыстары да қос дүниеміздің әулиесі Дзон-Кабаның арқасында саушылықта аман-есен жүріп жатыр. Баһадүр Жәңгір ханның ұғланы қазақтың жас ханы Тәукенің, кешегі ат тұяғының дүбірімен жарты дүниенің құлағын тұндырып жіберетін қазақ халқының, бүгінгі сол дүбірді ұмыта бастаған аянкеш алаштың құрметті елшісі, Шаншар ұғлы Бертіс мырза, төрт түмен ойраттың еліне келген қадамыңыз құтты болсын! - деп Сыбан-Рабтан қазақшаның майын

тамыза сөйлеп қарсы алудың, құрмет танытудың кәдімгідей рәсімін танытты.

- Айтқаныңыз келсін,- иіле берген басын, әлдене ойына түсіп кетті ме, Бертіс хан көтеріп ала қойды. Соны қазақтар да, ойраттар де сезе қапты. Бір-біріне қабақ астынан оқталған жүйрік қарастар шаншыла шарпысып қап, айқасқан кірпіктердің, бұрылған жүздердің тасасына көмілді.

- Күн ыстық, жол алыс, көңіл күпті. Жолсоқты болған шығарсыздар?

- Иә! Әрине ғой, ханзада! Алыс жол ілгері асықтырып сергіте ме, күдігімен шошытып шаршата ма, бәрінің төрешісі - уақыт көрсетеді ғой.

Бертістің оң жағында сәл кейіндеу тұрған томпақ көз, кең маңдай, бүркіт қабақ қазақтың ілес жауабын естігенде, ханзада қадала қарады. Кіржің ете қалған қабағы бірақ тез ашылды.

- Әлбетте уақыттың ұтатыны да, ұтқызатыны да болады... - әлгі Тайкелтір биді танымаса керек, қалай, кім деп атарын білмеді ме, сәл кідірді. - Солай, құрметтім. Мен қасиетті ханымыздың сіздерге арнап тіккізген ауылына өзім бастап апарам. Керуендегі қызметші, нөкерлеріңіз асықпай келе жатар. Анау біздің жігіттерге мықтап тапсырғам. Солар сіздер қашан кеткендеріңізше басы-қастарыңызда жүріп, әрі күтушілеріңіз, әрі ел ішінің телі-тентектерінен қорғаушыларыңыз да болады,- деп көлденең төбеге шығып қатарласа қалған нөкерлерін қол бұлғап көрсетті.

Әлгі сауыт-саймандары күн көзінде жарқырап, сәуле шағылыстырған сұсты нөкер тура бір жүздік. Соны лез шолып өткен Казыбек: “Япырай, мыналар күтушілерің деп жендеттерімізді қосып бергеннен сау ма? Осыдан былай аяқ басқанымызды аңдиды да отырады-ау. Біздің бір адамға екі нөкерден бөлгеніне қарағанда, хонтайшы не құрметімізді асырмақ, не күзетімізді күшейтпек. Қалай десең де бұлардікі мысымызды баса берудің жарғысы ғой. “Күштінің көті диірмен тартадыны” әлден-ақ ұғындырып, әлден-ақ ықтырып ала қояйын деп ойласа, хонтайшының да шолақ қайырып, шолтаң ете қалатын өресінің қысқалығы болғаны ма. Қой, ондай өрескелдікке бара

бермес. Атам заманнан бергі әдетпен елшіге ежірейе қараса да, ентігін баса алмайтын хандар мен патшалар үрдісінен бұлар да жаңыла қоймас".

Сыбан ханзада бастаған алғашқы ұлық топқа атына мініп ап, ілесе берген Қазыбекті Бертіс қамшымен жасқап, қалт тоқтатты. Әлгіндегі Сыбан-Рабтанға сөйлегендегі құмыққан үн емес әдеттегі сампылдақ даусы да қатқыл шықты.

- Орнынды біл, бала! Өкірендей берме! - Сәл бөгеліп барып, - Мал-мүлікке байқас бол! - деді. Онысы "ұрыссам да өзімсініп ұрысам. Бірақ өзгеден өзіңді ерекшелеп тұрмын. Саған ғана сенетінімді түсін!" дегенін және білдіргені тәрізденді. Қазыбек ат үстінен басын изеп, келіскен түр байқатты да үн-түнсіз қала берді.

Мол сулы Іленің сонадайдан орағытып барып кең қолтық жасаған үлкен иініне бір ауыл ғып бірнеше ақ шаңқан үйді тігіп тастапты. Бір ғажабы - әлгі аршылған жұмыртқадай ақ үзікті, алтын туырлықты ақ үйлер шетінен дөңгелек қыпшақ иінді, шаңырағы шомбал қазақы үйлер еді. Үй-үйдің арасында, көлеңке, саяларда қыбырлаған адам. Анау әрқайсысы бір-бір байбатшадай сылана киінген, ер-тұрмандарына шейін алтынмен аптап, күміспен күптеп, ат әбзелін тегіс қарала кавказдатқан қазақ елшілеріне әрі таңырқай, әрі қызыға қадала қарап қалыпты. Ортадағы сегіз қанат ақ ордаға Бертіс ханды екі-үш адамымен Сыбанның өзі бастап кіргізіп, төрге оздырды. Аяқ астында да ұйысқан көгалдай қызылды, жасылды кілем. Қалың бөстек, құс жастық. Сол қазақы үй. Қазақы бұйым. Әне, босағадан сәл солға таман иіндеген қара саба. Қара сабаны көргенде қазақтардың тамағы қаңсып, ындындары кеуіп сала берді. Соны көрді ме, сезді ме, сергек тайшы нөкерінің біріне иек қағып еді. Анау лыпыл қағып шыға жөнелді де, қаншырдай қатқан қара жігітті ертіп кірді. Қара жігіт қара сабаны піспектеді-ай кеп! Үйдің ішін тандай қақтырып тамсандырып, қайран қымыздың мұрын жарар қышқыл иісі жайлады-ай кеп!

Тағы да қазақы торыала тостағандар Бертістің, Бертістің оң жағындағы Сүйіндік Құлболды биі -

манағы томпақ көз бүркіт қабақТайкелтірдің, ханның сол жағындағы Керней биі Даудың қолдарына тие берді. Дәмін татып үлгергенше, тобылғымен ыстаған балдай қымыздың көмейлерінен қалай сырғанап кеткенін де білмей қалды.

- Тағы ішіңіздер! Тағы алыңыздар!
- Рахмет!
- Алла риза болсын!
- Онда ас піскенше демала тұрыңыздар. Күтіміңізді мынау Жырғал ноян бастаған жігіттер атқарады. Бәрі де қазақшаға ағып тұр. Қысылмай-қымтырылмай жайғаса беріңіздер - деп Сыбан-Рабтан шығып кетті.

* * *

Қазыбек хонтайшыға тарту-таралғыға деп арнап айдап әкелген жылқыларды әлгінде тағы бір түгендеп шығып, жылқышы жігіттеріне мықтап тапсырып жатқанда қастарына қосылған жоңғар шеріктерінің бірі қарқылдап күлген. Содан соң екі жаққа кезек жүгіріп, бір орында байыз тауып тұрмайтын көздерін әрең тоқтатып, бұған қадалған.

- Қазақтың үйі сұлу, аты сұлу, қызы сұлу. Оған таласпаймыз. Жақсы үй керек болса, қазаққа барамыз да аламыз. Әрі ұшқыр әрі жүйрік ат қажет болса, тағы барамыз датақымға басамыз. Ал хатун... ә, қатынның жөні бөлек қой шіркін!.. Қара көз, имек қас... сонсоң қалай еді, не деуші ендер... Ә-ә, ақ бұғағы бүлкілдеген ақ тамақ, солқылдақ бел, қолаң шаш қазақта туады, ойратқа бұйырады, - деп тағы да қарқ-қарқ күлді. - Әу, жігітім, тыңдашы! Басымда қазақы үй, тақымда қазақы ер, астымда қазақ келіншегім, тіпті балаларымның тілі де ә дегенде қазақша шығады. Оу, сонда мен де қазаққа айналып кетпедім бе. Сен біз тұрғанда мынау қылқұйрығыңның бір қылы жоғалар деп қам жеме. Тек, тұлпарларынды мұнан да гөрі көбірек айдап келгендеріңде тіпті қатып кетер еді!

Үндемей кете беруге намысы келді ме, әлде көмейіне тығылған әлдебір сөздер көмейін бүлкілдете бастады ма, атының басын шірене тежеген Қазыбек

шаралы көздерін шоқ түскендей жандырып, әлгі езуін жимай тұрған ойратқа өңмендете қадалды.

- Әу, жездеке! Алысқа онша бармайсыңдар-ау, көпке онша ұзамайсыңдар-ау деп көңілімнің аздап бұзылып тұрғанын көрмеймісің. Ер жігітке бір емес қатарынан үш қауіп бірден төнсе, сытыла алмай қан құсар, құтыла алмай көр құшар. Қазақы шаңырақ құламас па, құласа жаныңды жарға тықпас па. Астыңдағы кер атың бір күні орға жықпас па, қойыңдағы қатының кеудеңе қанжар сұқпас па.

Езудегі есалаң күлкісін жиып ала қойып, тілін тістерін де, қылышына жармасарын да білмеген шерік қыпылықтап қалғанда, ерін астынан кекесін күлкісін ақырын ғана бүлк еткізді де, Қазыбек атын тебініп қап жүріп кетті.

“Әй, айттым білем. Қайран шешендік! Керексің-ау сен маған. Шіркін, шешен болсам ғой! “Тіл тас жарар, тас жармаса, бас жарар” деген бабалар қандай ақылды. Көпіріп сөйлеп, кекірегімді басам деп еді, көмейіне құм құйғандай болдым-ау. Әй, құя алдым ба шынымен? Үндей алмай қалды ғой. Қолы қынға жүгіре беріп тоқтамады ма... Шіркін анау Тайкелтір ағадай топқа түсіп, топ жарып өтердей болсам ғой. Түйдек-түйдек төгетін, жұйткіп-жүйткіп алатын, жез көмей, мен, қызыл тіл, сендерден өткір, сендерден мықты, сендерден асыл не бар?!

Анау хонтайшының алдында арқаңды елге, табанды мынау қолды болған алаштың ежелгі атажұрты - қасиетті қара жерге тіреп қойып, қазақтың құдіретін танытып, қадірін асырып, хонтайшының құтын қашырып лекілдетіп бір кетсем... Әй, сонда не дер едім? Не айтар едім? Қалай шүйіліп түсіп, қайтіп үйіріп, иіріп әкетер едім?..”

Осындай оймен келе жатып сойыс қойын бағып жүрген жігіттерінен өтіп кете бергенін байқамай қалыпты. Оқыс дауыс ойын да, бойын да дір еткізді.

- Қазыбек? Әй, тоқта!

Қазыбек тізгінін тартты. Әлгіні енді таныды. Қуандықтың Алсай Барқы батыры.

- Ау, Бәке! Сіз екенсіз ғой! Жайшышық па?

- Қайдағы!.. Мынау сабауларын шошаңдатқан

шерік- меріктердің ызасын көрдің бе. “Қойды олай жайма, былай қайыр. Өзенге беттетпе, өзекке жап!” деп әбден зығырымды қайнатқаны! -деп батыр күйіп-пісіп тұр.

Бәке, қойшылардың арасында сіз неғып жүрсіз? Үлкендермен неге кетпедіңіз? - деп Қазыбек танданып қалды.

-Шырағым-ау, төрт аяқты малға сенім бар ма. Оның үстіне анау Сыбан немең мынау найзалары шошандаған жандайшаптарын қосып жіберген соң... шошынбай қайтерсің. Мына қойлардың біздің Алсайдан жиналғанын білесің ғой. Білсең, қоқандаған немелер көзіміз таса болысымен қасқырша талап жүрмесін деген белгілі сақтық қой менікі.

Ой, Бәке-ай! Найзасын шошаңдатқандар малды ала ма, жанды ала ма, бір құдайға аян. Енді бізге бұ жақта айқай-шудан гөрі арбасу ғана көбірек қажет. Әріден ырғап, беріден қозғап, түптен қопармасақ, қойыңызбен қоса өзіміз бірге қосақталып кетерміз.

“Әй не дейсінді” аңырған жүзбен, кең ашылған көзбен айтқан Барқы батыр атын ілгері лықсытқан Қазыбекке үнсіз ілесті.

“Осы жас жігіттің өзгелерден гөрі ойы сергек. Сөзі өтімді. Әкесінің тәлім-тәрбиесі сіңбес пе. Өнегесі жұқпас па. Оның үстіне шетінен сөз қуған, мысқылды ерттеп мінген Шаншардың өнерпаз тұқымы болса қайдан осал болсын. Құдау әнде, біздің ханның осы інісіне сонша неге шүйіле беретініне түсінбей-ақ қойдым. Қолбала емес, тура құлбаладай жұмсайды. Осы сапарға шыққаннан бері Қазыбек ұланның қай кезде ұйықтап, қай кезде тынығатынын бір көрмеппін. Соған қарамастан қабағына кейіс-кірбің жуытпайды-ау сабазың. Әй, болайын деп тұр-ау. Бол! Болғаның керек, өренім! Біз сияқты ауыл арасынан аспайтын можантомпайлық саған жетпесін. Көзіңде от бар. Кеудеңде жалын бар.

Жасағаң, жас тілеуін жат көрме. Жатырқамай, жауап қыл!”

- Әу, Қазыбек! Сен әлгінде қоймен бірге қосақталып кетуіміз мүмкін дегенді қалай айттың? - деп Барқы батыр ұланмен тізе қағыса жанасты.

- Ә,ә, Бәке! Ол бір толқыған ойдың көлеңкесі ғой. Қорықпаңыз. Елшінің мандайына жел, қоңына қол тимейтінін білмеуші ме едіңіз, - деп жымиған Қазыбектің жүзіне барлай қараған Барқы бас шайқады.

- Әй, бала! Тереңсің-ау! Тіфә-тіфә, тілім тасқа. Дегенмен де көт қопандамайтындай бекемдікті айта алсаң, сендіре алсаң ағаңды, ашсаңшы онда ішінді!

- Табысқан досың емес, шабысқан ежелгі қасың ғой бұлар. Елші боп келдік деген емескіміз болмаса, көмескіміз көп қой әлі. Хонтайшының да, көп ойратыңның да мұрты майланып, кекірігі азып, мейманасы тасып отырған кезенде келгеніміз ғана қинайды-ау. Жер мен көктің арасын шаңға бөлеп, күннің көзін апталап жауып алдына сап айдап әкеткен қазақтың малы қаншама - көзінің етін өсірмес деймісіз. Құл ғып қорлатып, күң ғып зарлатып байлап әкеткен қазақтың жаны қаншама - кеудесіне нан пісіртпейді деймісіз. Опырып алып, жерімізді жамбастаса, қаламызды қопарып алып, байлығымызды тасыса - көкірегіне желік, кеудесіне бүлік кірмеді деймісіз. Кешегі терезесі тең, керегесі кең елдің адуын елшісі деп қарар ма, әлде шабылған елдің шаңына көміліп тентіреп жеткен әупірім өлмешісі деп қарар ма - көңілді күпті қылар жайт осы, Барқы аға, - деп Қазыбек демін ықылықтата шығарып, кеуденің күрсінісін жұтқызып жіберді.

Барқы мына елшілік сапарының бел сындырар таудай салмағы барын енді-енді сезе бастағанда, көңілдегі күдігі одан сайын қоюланды.

- Не амал бар?

- Амал деймісіз?.. Сол амал көп те, жоқ та ғой. Бертіс көкеме ойыссам, амал таппаспыз деп қиналуым күшейеді. Тайкелтір жәкем қиялап бағар-ақ, қисынын келтіре қоярына күмәндімін-ау! - деп кішкене төбешікке шыға берді де, қазақ елшілеріне арнап тігілген ақшаңқан үйлердің үстінен түскенін байқады. Бұрылып серігіне қарады. Батырдың бетінен қаны қашып, түсі сұрланып кетіпті. Көз жанары да біртүрлі күлгін тарта қалыпты. - Оу, батыр аға-ау! Жұмбақсыз таң атып, шырғалаңсыз күн батқанын көріп пе едіңіз далаңыздан! Ол көрмей жүрген құқайымыз ба еді.

Жұмбақты шешпесек, өстіп қалқайып жүрер ме едік. Шырғаланды жеңбесек, қаһарлы хонтайшының зәрін сындырып, кәрін қайтарғалы осында келер ме едік. Оу, қасымда сіздей жаубасар тұрғанда кеудем көрік боп гүрілдемес пе, аузымнан жалын атылмас па, - деп сақ-сақ күліп, төменге қарай көлігін желдірте жөнелді.

Тебініп қап Қазыбекке қосыла берген Барқының бетіне қан жүгірді. Кеудесіне үміт енді.

“Е, бәсе! Несіне үрейленеміз. Мынау жас, әй, тегін емес. Айтпап па ем. Өзге өзгеңді білмеймін, дәл осы жолы сілтеп түсер семсер, қиып түсер қылыш, кесіп түсер қанжар осы Қазыбек болар. Болар-ау! Түйілуі қатты. Шүйіліп түсіп, іліп-ақ әкетер. Әкете алар! Анау Бертіс ханның осы өренді иықтай беретіні-ақ жаман әлбетте. Ағайынның аласынан өтер жаулық жоқ. Ішіне қатқан қырнасы қалай жібітілер. Жібімесе - Қазыбекті мүлде жолатпайды. Онда, Барқы, жолатудың жолын өзің тап. Жаубасарым деді ғой сені әлгінде анау баршын жас. Сенімінен шық мықтап”.

Екеуінің алдынан екі ойрат жігіті шығып, аттарының шылбырынан ұстап, екеуін де қолтықтап түсірді.

Қошемет көрсетіп, үйге кірулерін өтінді.

Барқыға ойраттардың құрметтеуі ұнап қалды.

- Рақмет! Кіреміз ғой, кіреміз. Өздеріңіз де сау-саламатта бола беріңіздер.

3

Екі күн өтіп үшінші күннің де таңы атты. Іленің аққан суының сылдыры, тоғайының таңғы самалмен ескен сыбдыры, айдынға қонған үйрек-қаздың қанатының суылы қазақ біткеннің туған жерге деген сағынышын оятып,қызғанышын күшейтіп жіберген.

Әсіресе Албан Сырымбет батыр мынау ата-баба-сының құт қоныс, жаз жайлауына көзі жасаурай, көкірегі қарс айрыла қадалып қалады. Сол сәті: “ата-бабамнан бастап ұл-ұрпағымның кіндік қаны тамған қасиетті атажұрт! Қадірің қанымда қалар, қасиетің

жанымда жүрер. Топырағыңнан жаралғаным рас болса, тас бұлағыңнан нәр алғаным хақ болса, еңіреп кеткен ұлың омыраулап жетер әлі. Сонау бір алатопалаңда атадан ұл, анадан қыз айырылғанда, пышыраған ел туған жерін еріксіз жетімсіретіп кетпеп пе еді. Ер киесінен де жер киесінің кереметтігін жан жүрегім қан жылап ұғынып тұрғанымды сеземісің,атамекен қараорман! Жат қолынан, жау қоңынан азат етпесем, уай қасиетіңнен айналайын, туған жер - кіндік қанымның анасы, тұқым-теберіммен, әулет-зәуза-тыммен жер бетіне енді келместей мүлде құрып кетейін! Арым - елімде қалып, қаным өзіңе тамсын!” дейтіндей қыбыр еткізбей төңірекке телміртіп қойыпты.

Ал төңірек болса жасылын әлі де жоғалтпай, жа-санған қыздай жайнап, алқызыл қызғалдағы көмкерген көгалды көгін көбейтіп, аспан мен жердің жігін білдірмей тұтастырып жіберген. Тақыр төбе жоқ, үкілі төбе көп. Сол төбелерден басталып тау етектеген тал-теректер, өзен бойлаған шілік-талдар бұрын болмаған бір жайдарылықтың айғағындай табиғаттың жастық дәуренінің айшығында құлпырып-ақ тұр. Төбеден өсіп, тау қойнауына лықсыған көгілдір сағымы да өткен күндердің көңілден өшпес таңсық суреттерін қайта тірілткендей тынымсыз дірілдейді.

Қазыбек Сырымбет батырдың дәл сол халін, ант пен серт бергендей күйін аңдап қалды ма, тамағын қырнады.

- Нағыз жер жаннаты-ау, аға! Тауын қараңызшы - тым тәкаппар емес пе. Төбесіне қарасаңыз, тақияңыз төбеңізден еріксіз домалайды. Өзенін қараңызшы - тас ағызар, нар құлатар екпіні бар. Балтыр сипар сыпайы биязылығы да бар. Өрлігі де мол, кендігі де мол. Долданса - жауына қатер. Сағынса, жоғалған ұлына қатал. Ана деуге де, пана деуге де сияды-ау. Даласын қараңызшы! Сонау көкжиектен құйғыта шауып кеп, өзеніне бас қойып шөлін басып, тауына арқасын сүйеп, көсіле сұлай кеткен. Елге қоныс, малға өріспін дейтін мырзалығында бүгін ырзалық аз-ау. Азаматын іздей ме, алашын аңсай ма, жер түбінен әлдебір ыңырсыған үн келердей-ау. Дала тынысынан

жүрек солқылдатар, қан қыздырар ыстық леп, ыстық дем жетердей-ау, - деп Қазыбек сәл бөгелді де, серігіне жалындай бұрылды.

- Даламыздың желімен жарысып тұяқ дүбірлетер, өзеніміздің балығымен ойнап мөлдіріне шомылар, тауымыздың тағысын құрықтап, шыңына шығар күндер де жетер! Жетеді, Сәке! Кіндік жұрт, ата қонысыңызға елдей көшіп ораларсыз әлі-ақ, батыр аға!

Сырымбет орнынан атып тұрып, Қазыбекке құшағын кең жайып, алып кеудесіне қысып кеп алды.

- Бауырым-ай! Лебізіңнің тәуірін-ай! Тілегіңнің әдемісі-ай! Мен айта алмай отырғанды, сен айттың-ау! Жақсы айттың-ау, Қазыбек інім! Сағынғанымды қайтіп жасырайын. “Ер туған жергені” осындай қасиетті сағынышы, жүрек бұлқынтар құдіреті, ғаламаты болмаса, неге айтсын. Рақмет, бауырым! Ағаңды бір серпілттің. Бір сергіттің!

- Бұ шіркіннің айтқышын! Нені айтушы еді ол. Бұттаған- жаттағанын тақылдатып тұрғанға шетіңнен мәзсің. Әй, Сырымбет! Бар! Тез барып анау жылқыларды хонтайшының адамына табыстаңдар.

- Қалай? Неге?

- Негесі жоқ. Тартуға әкелген малды қайтып әкеткен кімді көріп ең. Алатын хонтайшы, беретін біз! - деп Бертіс хан тағы кіржің ете қалды.

- Ау, хонтайшы сонда бізге төбесін де көрсетпестен, беретінінді бер де, жөніңе қайқай демек пе? - деп Қазыбек қызып кетті.

- Ал сен шырақ! Әр қуысқа бір қыстырылмай, орныңды біліп, аузыңды жауып ұста. Тілің тым сүйреңдегіш боп барады кейінгі кезде. Қысқарта салуым оңай, - деп бұрылып кете берді де, Бертіс қайта бері айналды. - Сырымбет, сенің де шырт етпең бар. Оныңнан тиыл! Бұл - ескерткенім! Қылкөпірдің үстінде отырғанымызды ұқ. Тайраңдаймын деп, тоңқалаң асу оңай.

“Хан қатал болмаса қарауындағылар басына секірмей ме? Сенікі сол кекірттік-ау, көкесі” деп туысқанының үйреншікті тағы бір жекуін естісе де, Қазыбек мойыған жоқ. Қинағаны-тарту-таралғы, сый-

сияпатты қомақты күйінде, бөлектеп-бөлшектемей, жұрт алдында, хонтайшы бастаған игі жақсылары тегіс жиналған келелі кеңес басында қолма-қол неге бермейді" дейтін өкпе ме, өкініш пе, әйтеуір іш тырнар бір қыжыл ғана.

- Апырай, хан өзгеге ақыл қоспай өзі ғана шешкен бе? - деп Сырымбет батыр әлі де әрі-сәрі күйде тұр. "Ең болмаса өзің бірдеме айтсаңшы!" дейтіндей Қазыбекке көз төңкерді.

- Ханың ғой. Әрі басшың. Бір білгені бар шығар. Көнбеске лаж жоқ. Өзгенің ортасында отырып өзді-өзіміз ерегіскенде не тындырамыз. Келіссе келіскен шығар. Әйтеуір хонтайшыға сыбағаға деп айдап келген соң, бүгін бер, ертең бер, атап бер, жасырып бер - бәрібір бересің ғой. Жемсауы толса, желігі басылар мүмкін. Айтқанын орындай беріңіз, батыр.

- Сонда да ақай жоқ, тоқай жоқ зіркілдеп бұйыра бергенде не өндірер. Апырау, әрқайсымызды әр ру бетке ұстары ғып, дабырайтып атқа мінгізбеп пе еді. Елшілікке барып, ел намысын жыртар деген көптің үмітін де ескермегені ғой, - деп Сырымбет кәдімгідей реніш білдіріп, анадай жерде тұрған атқосшы жігітіне қамшы бұлғады. Анау дереу жетіп келді.

- Аттарды әкел.

- Қазір, Сыреке!

- Хонтайшының адамы қайда екен? - Сырымбет айтып аузын жапқанша үлкен үй жақтағы бір топ шоғырдан бір ойрат және көк сауыты жарқыраған бір шерік бері қарай бет алды.

- Мен білсем, анау нән қара хонтайшы адамы! - деді Қазыбек.

Солай боп шықты да. Атқосшы жігіт жетектеп келген атына мінген Сырымбетке әлгі екеуі қосылып, төрт атты адам тебіне жөнелді.

Оңаша қалған Қазыбекті өзі түскен үйдің көлең-кесінде отырған Кернейұлы Дау қол бұлғап шақырды. Осындағы өзіне үнемі жылы қарап, жотасынан қағып отыратын ағаны Қазыбек те ұнататын.

Асықпай жақындады.

- Отыр, Қазыбек!.. Бертіс көкенде бүгін қарбалас тірлік көбейді-ау, - деп сыр тарта бастады.

- Мен көбіне-көп мал жақта жүрмін. Көкемнің көңілінен де, қарбалас тірлігінен де мүлде хабар-сызбын, - деп Қазыбек шынын айтты да, ендігі жіп ұшын өзі суыртпақтамақ болды. - Неге қарбаласып жүр?

- Не дерің бар ма? Кіші сәскеде тағы да бір топ боп Сыбан-Рабтандар келіп кеткен. Анау Тайкелтір екеуміз ханмен бір үйдеміз ғой... Неге екенін қайдам, Бертіс көкеңнің маған бұл әңгімеге сен бүгін қатыспай, анау Бабаназардың қасында бола тұр дегенінен секем алдым-ау. Кішкентай да болса хан аты бар, әрі елші басы, бас изеп тайып тұрдым. Содан, әлгі ханзада бастаған тайшылар біраздан соң қайтып кетті. Не айтты? Неге келісті? Хонтайшы алдын көреміз бе? Әлде осы тойғанымызбен кетеміз бе? Бірін білсемші. Ханның мысыққөмбесі не тірлік? Қазақтың аузы бірікпес әрекетін мына жоңғар ордасына елші боп келіп тіпті ушықтырсақ, елге не бетімізді айтып барармыз? - деп қинала тоқтады. Ар жағында, көмейінде бүгулі қалған: “Бертіс көксаудың бірімізден соң бірімізді шеттетіп кемсіте бастауы, өзінің ғана аты мен затын оздыртпақшы боп жасаған сасық қулығы екенін жұрт түсінбес деп ойлай ма екен” дейтін ренішін сыртқа шығарған жоқ. Онысы онсыз да ханнан қағажу көріп жүрген ұланды аяғаны болса, бір жағынан азуы алты қарыс арыстанның аузында отырып бір-бірімен бет жыртысудың бекерлігін сезінгендіктен еді.

- Көкемнің белгілі әдеті ғой. Үй ішінен үй тікпей отыра алмаушы еді, енді қай қиырды шарлап жүр екен? Дәке, арқалап жеткеніміз ауылдың емес, тіпті аймақтың емес, бүкіл алаштың аманаты еді ғой. Соны аяқ асты еткізіп алып, елге не бетімізбен барамыз. Біріміз емес, бәріміздің тілегіміз бір арнаға құятынын, бір тоғанды толтыратынын өзек жарғызып шығарып, омыраулап отырып неге жеткізбейміз кекірейген хонтайшысына да, жоңғардың күллі жамағатына да. Алдына түсіп бүлкілдей берсек, бұлталақтатпай бұғалығын тастап, бұйдалап тұқыртып, ерттеп мініп алар әлі. Өз тізгініміз өзімізде екенін, өз еркіміз өз басымызды құдіреттендіріп тұрғанын ханы ұмытса, қарашы неге есіне салмайды хонтайшының.

- Қалай, қайтіп Қазыбекжан? Ол көне ме, қолындағы шыжымын өлсе басқаға бере ме?

- Шыжымына да, шылбырына да таласпаңыздар. Кімнің кім екенін біздің хан білгенмен, бұл елдің хонтайшысы да, жай тайшысы да білмейді. Білгізсін деңіздер көксау көкеме. Шалқайса, еріксіз еңкейтіңдер. Шамырқанса, шірене тартындар.

- Әй, қиын-ау! Сыңар езу ғой ол. Бір қисайса қырық есекке жүк.

- Сіздер осал ма едіңіздер. Әрқайсыңыздың арқаңызда бір-бір ру бар. Солардың жақсылары мен жайсаңдарынан асып кете алмас. Әдейі істеп отырған астамшылығы ғана. Түгел қосылып, өре тұрыңыздаршы, көксау көкіректің солығы қалай басылмас екен. Біз жоқ жерде бөлектеніп оңаша келіссөз жүргізуіңізге рұхсатымыз жоқ деуге тілдеріңіз икемге келер.

- Келер-ау. Сол шіркінді тындай қояр хан табылса, - деп Дау би Бертістен шайлыққан көңілдің қоңыл-тақсығанын тағы танытты.

- Халық - тоқпақ, хан - қазық. Сіздер былқ-сылқ еткенді азайтып, жұптарыңызды жазбаңыздаршы, қайтіп мөңкір екен. Түгел түтіккен жүзді тіпті анау Сыбан-Рабтанға тіресеңіздер - соның өзі-ақ таяқ жеген күшіктей құйрығын бұтына тыға қояды. Тәтті сөз, жылы қабақтың орны емес бұл ара. Қайындап не құдалыққа келген жоқпыз. Бірдің емес, мыңдардың тілегімен келіп отырмыз. Мәймөңкелесе, Бертіс хан мәймөңкелей берсін. Асаймын деп асығып жүрсе, көмейіне құм құйыңыздар. Енді күмілжіп төмен қарап, тұрып ішіп, жатып ішіп кешіге берудің қажеті жоқ. Ханзададан хонтайшының қабылдауын талап етіңіздер. Ел болам десе, есебімізді айырсын. Жау болам десе, жауабын қайырсын! - деп қызынып кеткен жас Қазыбектің даусы күшейіп сала берген. Сол күшейген дауыс көмейден лықсып төгіліп, қаз қаңқылына ұқсап кетеді екен кей-кейде. Сол дауысқа манадан құлақ түріп отырған Тайкелтір мен Бабаназар бастаған рубасылар жиналып қалды.

- Әй, рас айтады!

- Жөн-ақ қой!

- Күмілжігеніміз де, бүгежектегеніміз де өтірік пе. Ақ боз үйді тікті, ақ майды ауыздан ағызды деп қара қалмақтың қабағына қарап, мөлиіп отырғаннан басқа білеріміз жоқ, - деді Тайкелтір.

- Дұрыс айтасыз, Тәке. Құбылаға қарап күн өткізгенге әбден дағдыланып кеткенбіз. Бұл жерде де күн өзі үшін атар, өзі үшін батар дейтін жайбарақаттылығымыз қалмады. Асату тілеген жалтақ көздің қолға қараған тілемсек әдеті жаудың ығына жыға бермей қайтушы еді. Аузымыз бір, амалымыз ортақ болсынды мына Қазыбекжан айтты. Өреміздің алынбай, өрісіміздің тарылғанын өзіміз білмейді екенбіз. Әлі тауы шағылмаған жалындаған жас емес пе, соны танып қап, табандап айтты, - деп қыр мұрнының үсті жіпсіп, тарыдай боп бөртіп тұрған тер моншағын бір сипап тастап, Бабаназар Тайкелтірдің сөзін тірілтіп әкетті.

- Ал онда босқа шуылдамайық. Әне, анау жоңғар немелер біз жаққа қарап елеңдей бастапты. Әрненің аңысын аңдып, ақылмен іс қылғанымыз жөн енді. Бәкеңді, ханды өзім айналдырып көрейін. Көнбесе, көбіміздің талқымызға салармыз, - деп Тайкелтір түйіндемек болып еді, Дау би тікесінен тартты.

- Тәке, ашылғаныңыз шын болса, түгел ашылыңыз. Әлгінде Бертіс хан сізді менен бөлектеп алып қап еді ғой. Нені құпиялап жүрсіздер?

Тайкелтір жайымен басын шайқады. Қабағы түйіліп кетті.

- Е-е, маған неге манадан түйіле қарап тұр десем, осындай бүкпең бар екен-ау. Сенің ізіңше-ақ ханның мені де сырғытып жібергенін көрмепсің ғой.

- Шал құтырған шығар. Оңаша не сөйлесіп, не кесіп, не пішіп жүр сонда?

Қазыбек күліп жіберді. Шетінен ханнан қараулық көріп, тырсиып қалған билердің қазіргі жиырылған түріне күлді ме, әлде осы жиырылған, тарылған кеуделерді жадыратқысы келді ме, іле сөйлеп кетті.

- Ау, ағалар! Кескенді жалғар, пішкенді септер өздеріңіз тұрғанда, Бертіс көкемнің күбір-күбірі, жыбыр-жыбыры желұшық боп кетпей ме. Сіздердің арғы пиғылдарыңыздың ортақ ниет - ел қамы екеніне

көзім жетіп, көңілім өсіп тұр. Ендігі өрекет - бас изеп, көз сатып, көңіл аулау емес, артында еркін елі, құдіретті ханы бар ұлыс ұні боп жүрек жаулау ғана.

- Әй, шырақ! Әкеңнің белінде, атаңның төрінде жатқандай жұтынып сөйлей бермей, алды-артынды да бір байқасаңшы. Шылбыры түгіл шідеріне қол тигізбей шіреніп тұрған шіркіндер сенің бопсаңа бұйдасын ұстатып, борсандап алдыңа түсе қалар-ақ оңай. Күшеніп сөйлеп күш танытайық дейсің. Ал, таныт! Тас төбеңнен ауыр гүрзісімен бір ұрған шерік тәлкекке ұшыраған тағдырыңның жеткен жерін, таусылар шегін айқындап берсін, - деп манадан ұланға қиястана қарап тұрған ұзын бойлы, ашаң жүзді ақсары адам қыжырта қалды. Ол - жеті момын Арғынның атынан қосылған тобықты Әнет бабаның ұлы Сәмбет еді.

Барқы батырдың қабағы қатуланып, екі қастың арасы тік шапши дөңкиіп, қосылып кетті.

- Сәмбет, сен не шатып тұрсың! Неге шабаландайсың! Елі үшін өлмеген ерді көрмеппең әлде. Төбеден жоңғар ұрғаннан да құдайдың ұрғаны жаман екенін білмеймісің! Халқың үшін қанынды қасыққа құйып, жаныңды шүберекке түйіп келгеніңді ұмытып қалғансың ба. Қайыспай қасарысайық десе, қарекетке баста дегені ғой. Күмілжіп күлтілдетпей, қасқайып баса айтайық десе, еліңнің ертеңін ойлағаны да. Оған неге қитығасың. Жалбарынған елшіні, жалтақтаған жаушыны қайдан көріп ең? Жарқыным, көлден шөл боп, нудан қу боп туып пең әлде? Әнеттей әкеден сендей бала туғанына қарным аша бастады, - деп шырт түкірген Барқы батыр, Қазыбектің иығына қолын салды. - Жөнің де, жобаң да дұрыс, Қазыбекжан. Кейде ілгерінің кейінді мансінбей шаңына көме беретіні болады. Кішінің кеуделеп кеп қалғанын жақтырмай, үлкеннің іштарлық жасайтыны да болады. Оған мойыма!

Осы кезде Бертістің жігіті жетіп келді.

- Тәке, сізді хан шақырып жатыр. Тез жетсін дейді.

- Е, не боп қапты? - деп Тайкелтір жақтырмай қалды.

- Мен не білем. Шақыр деді. Тез тауып әкел деді. Басқасында шаруам жоқ.

Тағы да тікесінен тура кететін батыр емес пе, Барқы шапшандық танытты.

- Хан шақырса, осы дәл қазір бәріміз түгел баралық. Солай да солай деп мәселенің басын ашып алалық. Қашанғы бітеу жара ғып, сыздата береміз. Үндемей қалсақ, әлгіндегі күпілдегеніміздің арты қой болдыға айналады.

- Хан Тәкенді ғана шақыр. Басқаларды ертпе деген, - деп жігіт сөз ыңғайын баққанын білдірді. - Тәке, тез жүріңіз.

- Тәке, барыңыз. Тамырын басам дедіңіз ғой әлгінде. Сол жағын мықтаңыз. Мынау дікілдек ақылсызбен ақылсыз, көргенсізбен көргенсіз болмайық. Ханның қара таяғы екен, шақ етіп тасқа тие ме, сақ етіп басқа тие ме, қадір қашырмайық! - деп Дау уәж айтып, қалғандарын көндірді.

- Сөз көбеймесін енді. Іске көшейік, - дескен би, батырлар өзді-өз үйлеріне беттегенде, Қазыбек Дауға ілесті. Көбінесе осы бидің көңілден шығар сөздері көбейгенге ме, әлде көзіндегі адамды өзіне үйіріп тұратын жылы мейірімнен бе, қасынан қалғысы келмейтін. Қазір де сол дағдысымен бидің соңында келеді.

Дәл есікке таяна бергендері сол еді, аяғын әлтектәлтек басып жүрген жас шамасындағы қалмақ баласы бұл екеуін жатырқады ма, баж ете қалып, жүгіре беріп, жерде жатқан бақанға сүрініп, мұрттай ұшты. Мұрттай ұшқан баланы Дау жерге тигізбей қағып алды. Тік көтеріп, одан сайын бақырған баланың маңдайынан емірене сүйді. Жерошақ жақта қазан астына жалпылдақ отын жағып жүрген жас әйел далақтап тұра ұмтыла берген. “Жау” қазақтың қарақожалақ баласын жерден іліп ап, маңдайынан сүйгенін көргенде, состиып тұрып қалған. Состиып тұрып қалған келіншектің жүзін жылытып, көңілін босатып күлкі табы жүгірген. Содан кейін ғана есін жиғандай, елпілдеп келіп, мейірбан қазақтың қолынан қарадомалағын алған. Иіліп сәлем еткен.

- Алла разы болсын, шырағым!

Әйел түсінді ме, түсінбеді ме, түсі игі қазақтың жамандық ойламайтынын сезді ме, қайта-қайта басын изей берді.

- Дәке, кішкентайыңызды... Түйтеңізді сағынғансыз-ау.

- Рас, рас, Қазыбекжан! Сол кішкене күшіктің іңғәсіне тоя алмай тез аттанып кетпедік пе, - деп Дау күрсініп қалды. Даудың күрсінгенін Қазыбек іліп кетті.

- Күрсінісіңіз көбейгеніне қарағанда, Дәуке, кішкене Түйтеден де гөрі бабыңызды тапқыш тығыршықтай Бабылдық жеңгемізді көбірек аңсайсыз ба деп қалдым-ау, - деп қатты күлді.

- Әй, сен енді ағаңмен ойнайын дедің бе, - деп сәл дағдарып тұрды да, - Иә, кейде жеңгеңді ойлайтыным да, тезірек көргім келетіні де рас. Жаныңа жақын тартып тұратын жанды неге жек көрерсің. Көзінен шуақ төгіліп, қимыл-қозғалысынан өзіңе деген ықылас-пейілі айқын сезіліп тұратын жарыңнан жарқын кім өтер. Ал Түйте... иіскеп мауқымды баса алмай, құшағыма алып көңілімді көншіте алмай ындынымды құртып қоймады ма шіркін неме. Ендігі қырқынан да шығарып қойған шығар! - деп тәтті қиялға бөккен туысын одан әрі қинамай, Қазыбек ішке кірген бойда басына жастық жастап, қисая кетті. Өткеңдегі үш бірдей нәрестенің бірінің артынан бірінің кіндігі кесілгені жауабы жұмбақ, жолы ауыр, талабы үлкен, үміті мен күдігі астасқан елшілік сапардың игілікпен оралтар нышанындай сезіліп еді-ау.

Ерте көктемдегі аласапыранда Сайрам төңірегінен ауа көшкен Бес Мейрам ауылдарының көшбастаушыларының бірі Төртуылдың Қаржасының батыры Қалқаман болатын.

Әлекедей жаланған жігіттерін шашырата шапқылатып ауыл-ауылға жөнелткен.

- Жүктерін буып, тендерін артып, ат-сойылын қамдап, қойын айдап, батысқа қарай маңдайын түзеп шыға берсін. Бағыт -Жиделі-Байсын. Арт жақтарына бекем болсын. Тірсектеп қуатын қалмақ болса, қапыда қалмасын.

- Бала-шағаны суыққа ұрындырып алмас па екенбіз. Митыңдаған қой шіркінді жер түбіне жеткізу де қиын-ау, - деп көші-қонды қиынсынған кейбіреулерге қатты кеткен.

- Сен ерінді деп, жау ерінбейді. Құтырынып келіп, қотаныңнан қойынды, өрісіңнен жылқыңды айдап әкетсе не демексің. Қойыңнан қатыныңды, қолыңнан балаңды жұлып әкетсе не деп кергірсің. Бос сөзді тоқтат! Жиын-терін бол да, жолға түс! Мал ысқырса желдікі, айдаса жаудікі десең, қарамды көрмей, аулақ жүр! Сендер құсап бала белде, қатын жолда деп жайбасар жайым жоқ! - деген.

Қалқаманның Бұхар ханы Сұбханқұлмен бұрыннан таныстығы бар еді. Ағайыннан айырыла көшіп, алыстан жеткен танысқа жонын көрсетпей, құшағын ашқан хан Әмудің бас жағындағы Сұрхандарияға кереге жайғызған.

Қай жерге кереге жайса, сол жерге қара үйден қала орнатып, кененді кентке айналдырып жіберетін қазақ айналдырған екі-үш айда көш қиыншылығын ұмытып, көл-көсір тірлік кешкендей мәре-сәре боп қалған еді. Сол екі арада Тәуке ханның жоңғарға елшілік дайындау қажеттігі туралы жарлығы хабарланып, сол қарбаласқа да Қалқаманның он шақты ауылы шұғыл араласып кеткен еді. Аралары бұрынғыдай онша алыс болмаса да, ауыл-ауылды аралап, күн баласында ат үстінен түспейтін батырға бірде бәйбішесі: “Отағасы, осы бүгін үйде болсаңыз екен” деп сыпайы ғана өтінішті тілек білдірген. Сонда ғана бәйбішесінің бетіне ажырая қарап, айы-күні жетіп отырған қосағының неге қолқа салғанын ұға қойып еді. Басын изеп келіскен-ді батыр. Құдайы иіп, сол күні құрға асылған бәйбішесі торсық шеке ұлды толықсытып дүниеге әкеліп еді.

Сол сол-ақ екен жаңа қоныста туған төл басының қуанышын қызықтап, иісі Қаржастың ағасына айнала бастаған Қалқаман батырдың ауылына келушілер көбейіп кеткен-ді. Алдымен құтты болсын айтып абысын, жеңге, келіндер дейтін ұрғашы қауымы шұбырған. Баланы бесікке саларда жаңа қоныстың алғашқы кішігірім тойын жасаған Қалқаман ауылына өзге рудың игі жақсылары бастаған адамдары да сыбаға толы дорба-қаптарымен, саба толы қымыздарымен ағылып-құйылып жеткен еді.

Әсіресе осы қуаныштың көркін келтіріп, қадірін

арттырып, батырдың мерейін тасытып Тәуке хан бір топ нөкерімен арнайы келіп еді.

Ханның өзі бастап шаңырағындағы қызығына келуін Қалқаман жақсы ырым санаса, кейіннен Әз Тәуке, ел құрметіне бөленген қасиетті Тәуке атанатын жасы қырықты алқымдаған сол жас хан қазақтың елшілікке аттанар сапарының дәл қарсаңында шыр етіп жарық дүниенің есігін ашқан сәбиді жақсышықтың нышанына балап, елшіліктің жолы боладыға сайып, ырым еткен еді.

- Әу, Қалқаман батыр! Мынау торсық шеке ұлың бір сені емес, бәрімізді қуантып, үмітімізді жандыра еніпті жарық дүниеге. Иншалла, жақсылығымен сүйінте берсін. Қиналып, қысылып жеткен қазаққа оң қабақ көрсетіп, құшағын жайған Бұхар кенті, Бұхар жұртшылығы ғой. Сол құшағын жайған жұрттың жақсылығын ұмытпастай ескере жүру үшін бұл ұлыңның атын Бұқар деп қойсам, қарсы болмассың. Ғұламалар қаласының шапағаты тиіп бұл ұлан ойын қумай, ой қуып өсер. Бұқарасының қамын жер айтулы азамат болсын деп, тілек тілеп, бата берейік, - деп шын ниетімен қуанып, жөргектегі нәрестенің маңдайынан иіскеп еді.

Бұқар нәрестенің бесікке салар тойынан екі-үш күн өткенде Бабаназардың інісі Бекназардың тұңғышы дүниеге келіп еді. “Той тойға ұласты” деген осы дескен Қаракесек ал дүрілдесін. Бес Мейрам, жеті Момын түгел ақтарылып, қара жерді тітірентіп-ақ жіберді. Көктемде босып көшкен елдің көтерем көңілі жазда жазылмай ма. Жазылған көңіл “әй, бір арқа-жарқа қызықтап, айды аспанға шығарып, тамаша жасасақ-ау!” деп алақандарына түкіріп жүргенде, Бұқар ұлдың соңынан бас қылтитқан тағы бір торсық шеке ұлдың әке-шешесін күлдіріп, ауыл-аймағын көңілдендіріп келе қалғаны ғой. Дүние жаратылып, су аққалы қазақтан тойшыл, қазақтан сауықшыл халық бар дейсің бе. Қыстан қысылып аман шықса да шүкір, жалғыз лақты көкпарға тартқызады да жібереді. Қаттырақ түшкіріп қалсаң, “жәрәкімалланы” жапырлай айтқан үндер молайып кетті ме, қазан көтер, бәйге бер. Ал әппақ шеке кең маңдай ұл туса, ақ түйенің қарнын жарып

тастамаған әке әке ме. Ойдан түгендеп, қырдан қайырып әкеп қонысын қонаққа, өрісін мейманға толтырмаған қазақ қазақ па. Жиған-тергенін шашпаса, буылған теңін ақтарып, сандық-кебежесін ашпаса, сараңның сараңы аталмас па. Берекесі орала бастаған Бекназар да, қала берді қамыстай қаулап өскен қалың Қаракесек те намысқа қызбай ма. Қазақтың бір отауын ордаға айналдырар төлбасы - сәбидің құрметіне күй күмбірлеп, ән шырқалмас па. Келдібек бидің өзі есімін Таңыбай деп атаған нәрестеге арналып күй де тартылды, ән де айтылды. Бекназардың отауына сәби іңгәсімен енген нәресте Таңыбай дүйім Қаракесектің кеудесіне сөйтіп қуаныш тоғытқан.

Осы айта қалғандай тойдан дәл бір жұма өткенде Жиделі-Байсындағы үшінші шаңырақтан үшінші ұлдың іңгәсі жұмыр жердің құлағын тұндырып жіберген ғой. Көкбөрі Кернейдің ұлы Даудың екінші әйелі Бабылдық сұлудың пұшпағы тағы да қанап, жарық жалғанды жатырқай жылап, жарық жалғанның еркек-әйелін жадырата күлдіріп тағы бір торсық шеке, томар бас ұл туып еді. Қаракесек тағы шабылсын. Қуанған қазақ өз етегіне өзі сүрініп, жер көкті айқай-шуға толтырып жібереді гой. Әрине тамаша-қызықтың айқай-шуына не жетсін. Даудың Бабылдықтан туған тұңғышының аты Балта болатын. Соған сөйкес ырымдап жаңа туған жас нәрестенің атын Әнет баба Түйте қойған-ды. Бірі балтаның өткір жүзі болса, екіншісі балтаның тегеурінді дүмі - Түйте болсын деп тілек қып, бата берген. Содан кейін үй сайын жайрай жығылған жабағы етіне тойып, үй сайын кеңірдектеген қара сабаның бетінде қара майы кілкіген қымызын кекіріктеген қазақ семсер сілтеп сайысып, көк сүңгіні құлаштай лақтырып жарғаққа қадап, адырналарын кере тартып, жамбы атып жамырасып, жадырасып қалған-ды.

Ұлы сапардың алдында, жол үстінде жүгін тиеп, теңін артып “Иә, сәт!” десе тарта жөнелгелі отырған елшілікке де, бүкіл қазақ қауымына да, үш тойға арнайы қатысқан Тәуке ханға да үш ұлдың бірінен соң бірі қатар тууы қатты әсер етіп, ырымшыл елдің үмітін кәдімгідей-ақ лаулатып кеткен-ді.

“Оң-солымыз селдіреп, ортамыз опырылыңқырап, жанымыз жауда, малымыз айдауда кетіп күйзеліңкіреп отырғанымызда, олқымызды толтырып, өшкенімізді жандырып, Хақтағаланың ілгергі күннен уаныш табарымызды мезгеген әлдебір нышаны ма екен” дейтін жорамалы көпшілікті тәубаға ұйытқан-ды.

Қазыбектің әлгінде Дауға әзілдегені осы жағдай болатын.

“Дүние бұлың-бұлың сағым-ау! Дірілдеп шақырып, дірілдеп сусып қашқақтай береді. Енді жеттім, енді баттым дегеніңше, көкала кілегейімен көлбеңдеп қойнау түртініп, тау бөктерлеп сиқыршының көзі мен бөзіндей алдап, маңына жолатпайды. Дүниенің сиқырын аштым, жұмбағын шештім дейтін бір жан таба алғам жоқ. Қазақтың малы мен жанына жер түбінен көзін сататын ойратқа дүние сағым боп көріне ме екен? Әй, көрінбес-ау. Сағым қуған тірлік сар-сылтып бітіп, сенделтіп титықтатып қоймай ма. Ал бұлар сағым-дүние қуып сағын сындырмайды. Өйткені шеңберлеген жосығы, құрсаулаған тәртібі мықты. Анау Жырғалдан көп нәрсені сұрап білгенім дұрыс болды-ау.“

Кеше түс ауа Қазыбек Ілеге шомылуға барған. Барған жоқ-ау, барғалы солай қарай бет алған. Ауыл шетіне шыға бергенде сауыт-саймандары жарқылдап, сартылдап екі шерік сүзеген текедей боп алдынан ойқастап шыға келген.

- Болмайды! - деген мойны жоқтықтан қауға басы кеуде бүркеген кең сауытқа иегімен мүлдем сүңгіп кеткен алдыңғы шерік.

- Неге болмайды? - дегі Қазыбек себебін сұраған. - Су арам ба, мен арам ба?

Екеудің қазақшасы онша болмаса керек, түсінген түсінбегені белгісіз, жалғыз ғана “болмайдыдан” басқа жауап бермеген.

Сол кезде ту сыртынан әлдекімнің ойратша сөйлегенін естіп жалт қарап, Қазыбек Жырғал ноянды көрген.

Қазыбек шеріктерге қойған жауабын ноянға да қайталаған. Ноян қарқ-қарқ күлген. Өзінен жасы кіші, бірақ көзінің уытымен, өзінің сергек сезімталдығымен

ерекшеленген мына жас қазақты көргеннен ұнатып қалған-ды.

- Су да таза, суға түспек болған жас мейман судан да таза. Жүріңіз, - деп ілгері бастай жөнелген Жырғал шеріктердің неге болмайдысын түсіндірген еді. “Елші - қатардағы қонақ немесе бейсауат жолаушы емес, үлкен ұлт - қазақ елінің, ұлыс ханы Тәукенің атынан келген, ел мен елдің арасындағы татулық пен қатулықтың ара жігін айырар, елдесу мен жауласудың жай-жағдайын шешер мәмілегерлер. Сондықтан олардың бірінің емес, бәрінің өмірін көздің қарашығындай сақтау - шеріктерге қатаң тапсырылған. О, жас қазақ жігіті өздеріне ойрат тарапынан қауіп-қатер төнеді екен деп еш ойламасын. Ондай ниет түгіл ой туындамайды. Ал қатер онсыз да көп. Қазақтардай біздер де от пен суды тілсіз жау санаймыз. Кездейсоқтықтан сақтанбаса болар ма. Қамыс арасынан жолбарыс жымын көргендер бар. Азуы айбалтаңнан да өткір доңыздың қабаны қаншама”.

Суға түсіп денесі сергіген екеу жағада отырып біраз әңгімелескен еді,

- Жырғал, сен шынымен мынау шеріктеріңе, сонау араттарыңа сенімдісің бе? Екі аяқты пенденің маңдайындағы қос көзінің түспейтін жері, қызықпайтын кезі болмайды ғой. Біз “алтын көрсе періште жолдан таяр” дейміз. Алтынға да бұрылмайтын, оңай олжаға да қызықпайтын ойрат шіркінін періштеден де бетер әулие болғаны ма?

Жырғал күліп жіберді.

- Алтынға қызығатындар неге болмасын. Ел болғасын әулие мен періштесі де, сұмы мен сұмырайы да кездеспей тұра ма. Бірақ біздің темірдей тәртіп, бұлжымайтын заңымыз періштені де, сұмырайды да қақпайлап қайырып әкеп, қатал жосықтың ыңғайымен қыбырлатып қойған. Ауытқыды дегенше қыл бұрау қу тақымға, қыл шылбыр тал мойынға сарт ете қалады. Ұрлық-қарлық сияқты жеңіл-желпі қылықтары үшін тақымды қыл бұрау шырылдатады. Елін сатса, ханы мен ноянын қарақтатса, тал мойындағы қыл шылбыр мұрнынан жанын сығып алады.

Қазыбек таңдай қақты, бірақ бас изеді.

- Ол жосық бізде де бар. “Ұрлық - түбі қорлық” дегенді санамызға сіңіріп өсеміз. Есігіміз ашық. Қорамыз - қотан ғана.

Жырғал қызынып ала жөнелді.

- Қотан деймісің? Сен, Қазыбек, ол қотанның ойраттың сөзі екенін білемісің? Білмесең,тында. Төрт-бес атадан қосылатын туыстардың бірігіп тіршілік құрған қауымдастығын бізде, ойратта - қотан немесе қосын деп атайды.

- Біз ауыл дейміз...

- Сендердің ауылдарың, иә келіңкірейді. Ал осы бір руға жататын бірнеше қотанның біздегідей отақ деп аталатын, сол ортақ қоныстағы отақты бірігіп қорғайтын үлкен қауымдастық бар ма сендерде?

Қазыбек тосылыңқырап қалды.

- Ал әлгі туы бір, түбі бір туыстас, тамырлас руларды құрайтын бірнеше отақтың бірігіп аймақ боларын,әлденеше аймақтан ұлыс түзілетінін, үш-төрт ұлыстың басы қосылып тайпа аталарын, ал бүкіл ұлыстың хандық құрайтынын білесің бе? - деп екпіндете төпеледі.

Қазыбек әрі қызығып, әрі қызғанып отыр. Қызыққанын жасырған жоқ.

- Қалай-қалай сатыланып барып салмақтана түскен, ә! Саусақтың жігіндей болып барып, балталасаң бұзылмастай боп тұтаса қалатыны ғаламат. Ал, Жырғал, әлгі қотан, аймақ, ұлыстарынды жеке-жеке иіріп-қайыратындар бар ма?

- Болғанда қандай! Қотанды демші, отақты шүлеңі иектесе, аймақты зайсан дөңгелетеді. Үлысты - ноян қайырып, тайпаны тайшы үйірсе, бүкіл хандықты қасиетті де құдіретті хонтайшымыз билейді.

- Қалай тапқан!

- Иә! Ұлы Ердене Батыр хан осыдан тура жүз қырық жыл бұрын Тарбағатайдағы атақты құрылтайында төрт түмен ойраттың басын қосып, “Цааджин бичіг” деген жарғысын қабылдап, бытыраған елінің басын қосар алтын қазығын қағып кеткен. Әлгінің бәрі сол жарғының арқасы.

Қазыбек ойланып отыр. “Қазақтың әр ауылынан әлденеше бай, әлденеше би шығып, байы биіне дес

бермей, биі байына есе жібермей, шаруасы түгіл бастары бірікпей шөре-шөре боп жататыны өтірік пе. Бір ауылдың ғана бытыраған тірлігі осындай болғанда, аймағындағы алауыздық апанның аузындай, оқпанның өңешіндей бірлік пен татулықты жалмап жұтып жатады екен-ау".

Жырғал иығынан жайлап түртіп қалды.

- Ұйықтап кеттің бе?

- Жоқ! Ұйқы қайда, ойға баттым. Ортақ өгізден оңаша бұзауым жақсы емес-ау деген күдік кеудемді шырмай бастады. Әр қырдың үстінде бір құдайымсынып кеудесін қақайтқан қазақтың дәл сен айтқандай қатал жарғымен басын қоса алсақ!.. Оу, онда Жырғал достым-ау, сендерге қатер көп қой. Жайылып кетсе, жалғанның жартысын жасыратын мол қазақ, сансыз алаш баласы ат төбеліндей ойратты шаңымен бүркеп, көлеңкесімен-ақ қорқытып, құм қаптырып кетер-ау, - деп сылқылдата күлді.

- Босқа күлме, Қазыбек. Өздеріңнің "еркектің қоры күлер, әйелдің қары күлерін" ұмытпа.

Сонсоң алаш дедің. Жайылса жалғанды жауып кетер дедің. Сол алашыңның түтін саны, жан саны қанша екенін әлі білмейсіндер. Білуге тырыспайсындар да. Ал бізде... - Жырғал кідіріп қалды. "Айтсам ба, айтпасам ба" дейтін екі ойлы пішінде біраз бөгелді де, сөзін батыш жалғастырды. - Ал бізде малдың да, жанның да, қару-жарақтың да есебі жүргізіледі. Өйткені шеріктің санына қарай соған сай қару қажет. Айналанды құрсаулап алған алақшың төбеңнен төніп, балағыңнан қауып тұрғанда, әлгінде өзің айтқан ат төбеліндей ғана аз ойрат сақадай сай отырмаса, ойдағы орыстан, қырдағы қытайдан, қасындағы қоқандаған қазақтан қалай қорғанбақ.

- Ау, Жырғал! Өлтірсең де, өтірік айтпай өлтір. Қазақ қай кезде өздігінен келіп, іргенді түріп, қабырғанды сөгіп шауып алып еді? Әр кезде де шапқан жоңғар, шабылған да, сабылған да қазақ емес пе еді? Бүгін де шабылып қалып, сабылып келіп отырған тағы да біз, қазақпыз ғой! - деп Қазыбек кесек мұрнын сипап саумалай берді. Соңғы кездері қиналғанда, кейігенде осы әдетті тауып алғанын өзі де байқамайды.

- Оу, бұртиып қалғаннан саумысың? Жә! Айтқаныңды табандата қумайын. Жөнге жөнсіз ғана таласар. Рас айтасың. Даланды шаңдатқанымыз да, қаланды қиратқанымыз да, қатын-баланды шулатқанымыз да рас. Неге дейсің ғой, Қазыбек. Соның біраз себебі де бар. Ойраттың ұлы ат үстінде туып, ат жалында өседі. Ұл туғанда, шерік туды деп тымағын аспанға атып, қуанатын ойратты көрмедің ғой. Ұл туды дегенше, мінер ат, киер сауыт, бел мен қолға қыстырар бес қаруды дайындау қажет пе, қажет! Ол үшін не істеу керек. Әр отыз түндік хонтайшы әмірімен жылына екі сауыт тоқып береді. Оның үстіне әр қотан ай сайын Ұрғаға бір әйелден жіберіп отырады. Сөйтіп ай сайын жиналатын үш-төрт жүз әйел алты ай жазда қаншама сауыт тоқып, қаншама киім-бұйым тігетінін білесің бе? Қорғасын оқты сақ етер жасайтын, қару-жарақка керек былғары өңдейтін, һәм темір қорытатын жерлердегі өз ісін өнерін төге атқаратын бас бармағы майысқан шеберлерімізді көрдің бе? Жоқ! Оларды өзгеге білдіріп, өзгеге көрсетіп біз есектің миын жеді ғой деймісің, - Енді Жырғал қарқ-қарқ күліп, дереу басыла қойды. - Осындай қатаң тәртіп, қатал бақылаумен жасақталған қосынға жау іздемей, ел шаппай, олжа түсірмей омалып үйінде отыра беру оңай деймісің. Көк найзаның ұшын, ақбілектің күшін кімге салып сынайды ойрат? Орысқа тиісердей өле алмай жүрген жоңғар жоқ. Шегірткедей қаптаған шүршіттің шабынан түртердей шырылдаған жанын тастай алмай жүрген ақымағың да ол емес. Ендеше түрі де өздеріндей, тірлігі де өздеріндей жауынгер қазақты қаужалаған қол емес пе. Өйткені тең теңімен деген бар. Кейде сен, кейде ол жығып, кейде итжығыс түсіп жататын қазақтың омырауын опыра алсаң, ақ тамақ, қолаң шаш, қаракөз қызын ат көтіне салып әкеп, бірінен бірі қалқыңқы қарадомалақ балаларының анасы етсең, айдарыңнан жел есіп, көмейден төгілген күлкің көк аспанды тіліп түспей ме! Қайран дәурен деп соны айтады да!

Қазыбек күрсініп қалды.

“Бәрі рас. Жасанған жоңғардың жау іздейтіні де рас. Іздеген жауы - қазақ екені де рас. Айдап малынды,

байлап еріңді, қорлап қызынды әкететіні де рас. Лап бергенге, тап беретін күшіміз болғанмен, сесіміз де, десіміз де жоқ. Сес болар еді, естісінен сескенер қазақ аз. Ханы алыста, қаһары қашықта. Әрқайсысы бір құдай. Десі де болар еді, біріктірер басшы аз. Үш жүз боп бір бөлінсе, әр сұлтан әр жүзді және бөлшектейді. Сұлтанның құрығынан сытылған қазақты болымсыз билер мен бәтуасыз байлар иектеп ала жөнеледі. Ал мыналар... жөні - түзу, жосығы - жойқын! Жоғарыдан иек қағылды ма, тайшысы тап-тұйнақтай ғып ноянына тапсырады. Нояны нығыздап зайсанға бұйырады. Ал зайсаны демші мен шүлеңге зіркілдеді дегенше-ақ арат пен шеріктің басында қамшы ойнап, арқасында шаңы қағылады. Сонсоң қиқаңдап қисық басып, қырын қарап көр. Қатыныңның қойынан суырып алып, айып салып бір діңкелетіп, дүре соғып екі қаусатып, есіңнен тандырып, есігіңді орға, бесігіңді көрге айналдырып жіберсін. Осыдан кейін тайшы мен зайсанға екі қолынды төбеге қойып, етегін сүйіп, етігін құшпас ойратты көрсетші. Хонтайшысына құдайдай табынбас жоңғарды емге тауып берші. “Көшерімді жел білер, қонарымды сай білер” тәрізді қаңбақ тірлікті қазақтың онда қашып, мұнда тығылып жүріп, “өмірімді алсаң да, еркімді алма” дейтін сылтауға үйірлігін қайтерсің. Өркені аз, тамыры жайылмаган, ертеңі мүлде жоқ еркіндіктің қадірі қанша. Ау, сол еркіндікті сонда сол қазақ кімнен қорғамақ қызғыштай қиқылдап жүріп? Өз қазағынан! Өзінің би мен бегінен. Батыры мен сұлтанынан. Үлт бірлігіне, ел татулығына қазық болып қағылған ханынан. Жауығатыны тагы кім дейсің бе? Тәлімін талағына құйған бедірейген ұлы. Берекесіздігін бетіне басқан шапылдаған әйелі. Бес жандыққа он төрт, жиырма қолмен таласқан‘аға-інілері. Қала берсе ақылдымсынған ағайыны. Насыбайды қалай атқанынды да, үй көлеңкесінде тыр-тыр қасынып, арқа-басың құрысып, тырсиып жатқаныңды да көре алмайтын көршің де, ең болмағанда күлін сен жаққа қарай бұрқыратып, көкала түтінін де сен жақтан салады-ау. Қырсығы бір басынан жетіп артылатын, өкіреңдеген үні он ойраттың көмейінен құмығып құйылатын “Урраһынан” да асып

түсетін қырсыз қазақ қыршаңқы торысына тоқым жаба салып, бақырауық түйесіне шошайған итарқасын арта салып, баласын бақыртып, қатынын сабап, итін қаңсылата бездіріп, азынаулақ қойын дірдектете қуып, жер түбінен жұмақ іздеп бағыт-бағдарсыз көше жөнелмей ме?

Даланың ұйтқыған желінде тыным жоқ, қазақтың аласапыран көшуі мен босуында тыным жоқ. Мынау бұлақтың суы балдай екен, шалғыны ормандай екен. Төбесі тауға бергісіз , шілігі нуға бергісіз. Кереге жайылады. Жерошағы қазылады. Күлі төгіледі. Бұлақты иемденіп, жерді бауырына баспай ма қазақ. Неге баспасын. Мына төбе де сонікі. Балдай сулы бұлақ та сонікі. Көгалы кілемдей ұйысқан қоныс та сонікі. Аспанға қараса шаңытқан күн ғана жалғыз көз боп тесірейеді. “Келдің бе? Кеттің бе?” деп жатқан жоқ. Көкжиекке тесілсе, төбе-төбені бауырына қысып ап бұлың-бұлың билеген көгілдір сағымнан басқа көз тірелер ештеңе және жоқ. Туғанда көргенің осы көлгірсіген көкжиек. Өскенде көргенің де осы бедер-белгісіз керенау көлбеген көкжиек. Өткен жұртында қалдырған қонысының мына қонысынан өзгешелігі болмапты-ау. Жоқ! Неге болмасын. Жеке өзі ғана жамбастаса, шілігі тоғайдай, шыбыны торғайдай емес пе! Анау шықылықтаған шымшығын өзгенің бүркітіне айырбастар ма. Өзінің шыбжындаған шолақ құйрық шыбышын өңгенің бұзаулы сиырына теңгерер ме.

Әй, бірақ... Жер өзінікі болмай, өзгенікі болып шыққанын сойылға жығылып, сорасы ағып отырып білгені бар-ау байғұстың. “Бұлағыма қонып, тұнығымды лайлағаның үшін шаң басарға” деп шыбышын маңыратып тартып алып, қан қақсатпады ма. Қайран қазақ ашуға қайтып мінбесін. Бет-жүзге қарамас бестемше қамшы қайтіп қана шошаңдамасын. Шошаңдады дегенше баланы белден, қатынды жоннан тіліп түсіп, бірін бақыртып, бірін шақылдатып ала жөнелмесін бе. Шошақ үйі қайта жығылып, шошайған қосы бақырауық түйенің қомына қайтадан артылмасын ба. Азын-аулақ ұсақты тоқымын жаба салған қыршаңқы торымен тірсектеп қумас па. Не көп?

Даланың сүрлеу-соқпағы көп. Жымы мен сорабы көп. Қай тұсқа қарасаң да, қай беткейге маңдай бұрсаң да, тоқсандағы кемпірдің бет шандырындағы ию-қию әжімдей шимай-шатпақ шиырлар. Қалағаныңа түс те, шүйкедей суыртпақтап шаң шығар да қайқайып тарта бер. Аспаның асқақ болса, далаң кең. Дауы көп қазақтың ханы қыстамаған, төресі жайламаған, шорасы күздемеген, қарасы қонбаған даласының елеусіз бір пұшпағы табылып қалар. Ал сол пұшпақ табылды дегенше жұмақ қақпасы ашылды дей бер. Мал - төлден өспей ме. Өскен мал көбеймей ме. Алалы қойды ақтылы жылқы қылу оңай. Алдымен Шопан атаның құлаққа жағымды тұяқ сыртылы молайсыншы. Қойлы байға кім жылқы айырбастамасын. Ал жылқы шіркін қазақтың малы ғана емес, жаны ғой. Қазыны кертіп жеп, уыз қымызды тостағандап тастап алып, қылқұйрыққа мін де, ал кеп шап. Дүбірден далаң оянсын! Тауың дірілдеп билеп, шоқ қарағаның жарысуға да шыдамай, дөңгеленіп ту сыртыңда қала берсін. Көк аспанды бөрік қып киіп, қара жерді ат бауырына сүңгітіп, ал кеп заула! Ал кеп заула!

Қиялшыл қазақ жер түбінен жаннат іздеймін деп жүріп бірі қалмаққа қолды боп түсіп, сұраусыз кетпеді ме. Бірі башқұрттың биесін байлап, түйесін айдап, туған даласынан түу қиянға ұзамады ма. Аспанды бөрік қып киіп, қара жерді ат бауырына тығатың қазақ қайда? Қатынын хатун қылған ойрат, ұлын құл ғып жұмсап, бұның өзін сүмірейтіп ертеңнен қара кешке қой соңына жаяу салпақтатып салып қоймады ма...”

Қазыбек, қайтайық, - деген Жырғал ноян ой құшағына сүңгіген тағы бір қиялшыл қазақты сергітіп жіберді. - Көзің ашық, көңілің бітеу. Кіргізбейді кім көрінгенді, ә.

-Әй, қайдам! Көзіміз ашықтығынан пайда не, иек астындағыны көрмесе. Бітеу көңілдің меңіреулігі тіпті сұмдық. Өзге түгіл өзін де енгізбейді.

-Кеттік. Кейбіреулер көп кешіккеніміздің сезіктеніп жүрер.

- Кімді айтасың? - деп Қазыбек жалт еткен үлкен көздерді тік қадады.

- Кім дерің бар ма? Екеу-екеу сөйлесу басталған

тәрізді ғой. Әркім өзінен қорықса, өзектісінен де сескенеді де. Жарайды. Біраз әңгімелестік.

Екеуі одан әрі үнсіз қайтқан еді.

* * *

- Бертіс хан шақыртып жатыр! Тез жетіңдер!

- Жайшылық па, жарқыным! - деп Сырымбет батыр ханның дікілдек жігітіне отырған күйі мойынын соза қарап қалыпты.

- Мен не білем. Болсаңызшы! Тамақ суып қалады,- деп жігіт асықтырды.

- Ә, тамаққа шақыра ма... Қазір онда, - деп батыр мол денесімен қорбаңдап тұра берді де, баяулатып домбыра шертіп отырған Қазыбекке жалт бұрылды. - Тұр, балам! Жүр.

- Оны шақырған жоқ! - Нөкер жігіттің даусы саңқ етіп шықты.

- Көкем-ау, осы сенің атың кім? - деп Сырымбет әлгіге өңкие төнді.

- Оны қайтесіз?.. Ә-ә... Мен - Намазбекпін, - деп батырдың уысынан босаған білегін ауырсына уқалады.

- Сен, Намазбек шырақ, бұдан былай күн бір жауса, терек боп екі жауарыңды доғар. Өз атына өзі ұйымаған текіректік көрсетпе.

- Жарайды аға! Сөйтем... сөйтем ғой.

Намазбек үйден ата жөнелді.

- Ал, Қазыбек, бол. Ханның тамақ берем деген сылтаумен шақырған кеңесіне қатыс.

- Мені шақыртпады деді ғой әлгі.

- Хан шақырмаса, мен шақырып тұрмын. Қазақтың қай дастарқаны шақырылмай келген қонақтың алдына жайылмаушы еді, - деп еріксіз ілестіріп алды.

Әрі хан аты бар, әрі елші аты бар Бертістің түскен үйі өзге үйлерден биік те кең екен, жиыны оннан асатын би мен батырларды бұйым көрмей, жұтып жіберді.

Бертіс келгендермен қол алысып амандасқанымен салқын сызды қабағын онша аша қоймады. Жалғыз-ақ Қазыбекті көргенде, анау қолын ұсынғанда селсоқ

қана ерін жыбырлатып, қолының ұшын ғана тигізді де, бұрынғыдан да бетер сазара қалды.

Семіз жабағының еті желініп, артынша қымыз ішіліп, дастарқан жиналды. Кекірік атқан, тіс шұқыласқан үлкендер тілін тісіне тістеп, ақ үйді үнсіздік жайлап кетті. Аңыс аңдыған үлкендердің іш пыстырар шабандығына іштей кейіген Қазыбек шыдай алмады.

- Қыс өтіп, жаз келгенін байқамай қаппыз-ау. Қысқы кеште еттің артынан ертек тындауға жиналып, жым-жырт қалатын бала-шағадан аумай отырмыз, - деді.

Сырымбет мырс етті. Сырымбет мырс еткенде Барқы батыр бүкіл алып денесімен селкілдеп күліп ала жөнелді. Бабаназар да кеңк-кеңк етіп ашық қосылды.

Бертіс арқар мүйіз шақшасын шығарып, тырнағымен сартылдата қағып-қағып жіберді. Әлгі сартыл енді-енді тұтанып келе жатқан көп күлкіні көмейлерге қуып тықты. Хан көк бүйра насыбайды әдеттегіден көбірек іліп алып, екі танауына кезек ұрды. Құшырлана ішке тартып, отырып, жүдемелете түшкіріп-түшкіріп қалды.

- Жәракімалла! - деп әлдебір ерін күбір ете түсті. Бертіс кім айтқанын көрейін дегендей отырғандарды жағалай сүзіп өтті де, шақшасын алдына тастай салды.

- Мынау Тайкелтір айтады. Көбіңнің көңілің маған күпті көрінеді. Сырттағы сөздің бәрі өсек. Өкпе сызы болмасын десендер, көзіме айтындар.

- Енді айтқанда нені айтамыз. Әрине көзге айтқан да дұрыс, - деп күмілжи берген Сәмбетке Дау жақтырмай қарады. Шыдай алмай тамағын қырнады.

- Уай, алдияр! Айтар сөз көп қой. Қайсыбірін қоздатайық. Ең алдымен айтарымыз: көп ауыздың сөзін жеке ауыз жеңіп кететін сыңайды байқағанымыз.

- Е-е, сөз тимей, дауыс қарлықпай, қор боп жүр екенсіңдер ғой, - деп хан ыңыранды.

- Сөздің де сөзі бар, Бәке! - деді Бабаназар аз бөгеліп отырып. - Көп ауыздың сөзін келісіп айтар жеке ауызға қарсылық болмас. Бірақ сол келісім болмай зорлап тұр ғой!

Бертіс басын изей түскен бойы мырс ете қалды.

- Намыстарыңа тиген екен де. Келіспеген кім сонда?

Әдейі сұрады. Сынағаны да, кекірткені де белгісіз.

- Қазық айналған аттай жер таптай бергенде не ұтармыз. Көзіме айт дедіңіз, алдияр. Айтсақ, келеге кіргізбей келісім бұзған өзіңіз, - деп Бабаназар төтелей салды.

Бертіс шалқая түсіп, қысыңқырап алған екі көзді енді Бабаназарға өңмендете қарады.

- Әй, Машайдың тұқымы! Сенікі сол баяғыдан келе жатқан ескі қыжыл! Бықсытпа мынау ел қамы дейтін ортада.

- Ел қамы деймісіз?! Сіз жеген ел қамын мен ойламас па екем? Ел қамын жесеңіз елдіктен неге аттайсыз? Бәтуаны неге бұзасыз? - деп Бабаназар да шапши жөнелді.

- Елдіктен мен бе кеткен? Бәтуа бұзған мен бе? Өкінбеймін деп айтып тұрсың ба осыңды? - Кішкентай да болса ханның аты хан. Хан зіркілдегенде қара жым болады. Көп көздер кірпік тасасына тығылып, көп иін төмен тұқырды. Қаймықпай қарсы қарағаны, кірпік жыпылықтатпаған Бабаназар ғана. Соны байқаған Қазыбек іштей риза боп, тілеулесіне айналып отыр.

- Елдіктен кетпесеңіз, еркімізді неге тұсайсыз, хан? Бәтуа бұзбасаңыз қолымызды байлап, тілімізді неге кесесіз, алдияр!

Иіндер сәл-сәл тіктеле беріп, “жуастан жуан шығады” деу рас-ау, осы. Жайшылықта көп үндемейтін Бабакең бәрімізден асып түсті-ау. Айтпағымыздың негізгісі осы еді ғой” дейтін ой қыбырсыз ұйыған денелерге қимыл-қозғалыс енгізді.

- Әй, сен мені құнға байларсың мына қалпыңмен. Тілің шыға бастапты! - деп Бертіс шалқая ырғалып алды. - Не істеппін еркінді тұсардай, тілінді кесердей, ә?

Бабаназар ханның қатайып алғанын қанын ішіне тартып сұрланған түрінен байқаса да, шегінуді жөн көрмеді. Алғаш шар ете түскенде әңгіменің арты мынандай сұсты зілге жалғасарын ескермеп еді. Жағдайының бар ауырлығын түгел ұқса да, жалтарып қала алмады.

- Үй ішінен үй тіккендей бөлектенуіңізді не деп ұғамыз? Бірімізден соң бірімізді сырғытып жіберіп, ойраттың ханзадасымен оңаша кеңесуіңізді не деп түсінеміз? Анау шабылған елден Тәуке ханның жарлығымен ел сөзін айтамыз, ұлт тілегін жеткіземіз, ұлыс талабын хонтайшының алдына қоямыз деп сабылып келген мынау отырған бәрімізді бөлектеп ысырып тастағаныңызды не деп білеміз? - деп екпіндей ағындап барып кінә-жаласын кесек-кесек тастай лық-лық тастай сап, тоқтады да, терлеген маңдайды алақанының сыртымен жайқап өтті.

Отырғандарға дес бітті. Тоғанның аузы бір ашылған соң, лақ ете түспей қайтушы еді. Сол ыңғайды бәрі бақты.

- Рас айтады, Бөке! Көбейіп келіп, кеміп кеткеніміз қалай? Қаулап келіп, бұлт етіп аунап кеткеніміз қалай? Артымыздағы дүйім жұрттың бір ханзаданың алдында бұйым болмай қалғаны қалай? Ел айырылысып, шер қайыстырған көкіректердің зары естілмеуі, күңіренісі күрсінтпеуі қалай? Мың-мыңнан сан мың тұтқындағы құлдық қамытын киіп, күңдік пердесін жамылған қарындас пен бауырлардың күйігі бауырыңызды езбеуі қалай? - деп төпелей жөнелген Тайкелтірдің жіңішке даусын көтере ытқытқан ащы “қалайы” шекеге шеге қаққандай зірк-зірк естілгенде, Бертіс қатты қозғалақтап қалып, иығынан сусып түсіп кеткен зер шапанын көтеріп ап, қайта жаба берген Намазбекті шынтағымен нұқып жіберді.

- Сендер... Өздерің үдеп барасыңдар ғой тіпті! Бауырым езілмейтінін, көңілім күйзелмейтінін қайдан біліп еңдер? Ішіме кіріп-шыққан қайсың ең! Әлде бәлені балалатып жағып қалайық деген сұмдықтарың ба?!

- Бәке, босқа тарылмаңыз. Бәріміздің жоңғар-қалмаққа әкелгеніміз алдымен ел сәлемі, қала берді хан сәлемі. Соны жамбас жалпайтып жата бермей тездетіп ханына... ә-ә, хонтайшысына айтайық та, жолымыз болса, тұтқындағы ағайынымызды босатып алып қайтайық деу ғана біздікі. Осымызды сұмдық еанасаңыз, өзіңіз біліңіз, - деді Дау би өзінің салмақты денесіне сай сабырлы үнімен. Манадан осындай

өрекпімеген сөз ыңғайы табылмай келді ме, еңді әңгіме арнасы өзгеріп сала берді. Бертіс те осындағылардың аузы бір жаққа түгел қисайып кеткенін сезді де, сыңар езуге басуын азайтты.

- Келісейік десеңдер, мен бе екем кешіктіріп жүрген. Кергіп жатқан Қалданың, Башықтың емес пе, - деп ылдилаған хан шақшасын Тайкелтірге сырғытты. Онысы: “Идіңдер! Бүктіңдер! Бірақ сындырмандар” дегені сияқтанып еді, қабақ баққыш үлкендер шақшаға жағалай қол созып, түсіністік танытты.

- Кешіктіре бермейік. Біз қинамасақ, қалмағыңның қиналатын түрлері көрінбейді.

- Сыбан-Рабтанға жабыла күш салайық. Ханы - қалыңдық емес шығар бетіне перде тұтқан. Қабылдасын бізді тездетіп. Арызымызды өз аузымыздан естісін.

- Топырлатып тосқыза бермесін енді. “Не көрісемін, не өлісемін” дейтін елші атымыз бар. Әдеттен аттап кетпесін!

- Жә! Жарайды! - Бертіс Қазыбекке иек қақты - Домбыраңды әкелші. Көптен шертпеп едім.

Осындай өзді-өзін қайрау, пысықтаумен ханның қабағын бері қаратқан би мен батырларға Қазыбек разы боп орнынан атып тұрды.

* * *

Кешегідей Ілеге бір сүңгіп шығуға бет алған Қазыбекті бүгін шеріктер тоқтатқан жоқ. Алыстан **әлденеше** сақина тастап, орағытып ағатын өзеннің осы жадағай тұстағы жайылып, асықпай ағатын айдыны теп-тегіс. Төңкеріліп, бірін-бірі лықсып қуып, жалжал толқын тудырып, жарқабақты ышқына соғып жатпайды. Құм қайраңды баяу жауып, сусып кеп табан жалап, сырғанап қайта шегінетін еркін кең тынысы бар. Етігін шешіп тастап, балағын түріп алып майда күмға тобықтан көмілген аяғын жалап қайтқан, жалап қайтқан жылы суға Қазыбек қарап қапты.

“Аққан су да адам ғұмырындай-ау. Жіптіктей

жерден бастау алады да жыра-жырадан жылап тамған жылғалармен, сай-сайдан сылдырап аққан бұлақтармен қосылып ілгері сұғына береді. Бұлақ-көздер, жылға-тұмалар өзек жара өзен боп арындайды сонсоң. Жерден ылғал сорып, бұлттың төсін сауып көбейеді, кеңейеді. Ал содан соң тауды тіледі, тасты ағызады. Өрден төмен құлдилай құлайды. Жазықта жайылады. Еңдігі нәрді жан-жануарға өзі береді. Таңдыры кепкен даланың тандайына ендігі суды өзі тамызады. Адам да сондай. Сәби іңгәсімен дүние есігін қағады. Одан бозбала күй кешеді. Үй көтереді басына. От басынан тағы да уілдеген ана әлдиі естіледі. Ұрпақ жалғастығы басталады. Кешегі сәби бүгінгі әке, ертеңгі ата, кейінгі баба. Әрі-беріден соң бір рудың басы. Бара-бара тайпаның әруағына баланады. Аты ұранға айналады. Өскені, өркендегені - аққаны, арындағаны, тасығаны, шалқығаны емей немене”.

Ойын үзіп алып, елең ете қалды.

Елең еткізген су бетін сипай сорғалап тамылжып жеткен ән еді. Қазақ әні еді. Алыстан талмаурап жеткен сарын емес. Дәл осы маңнан, жақыннан шарықтап шығып, қалықтай көтеріліп, ындынды өзіне тартып барады.

“Апырай! Қалай сорғалатады! Әдемі ашық әнге де мұң сарынын қосуға болады екен-ау. Әлде мұңлық күйдің тебіренісінен туындады ма екен?”

Қазыбек етігін де киместен жалаңаяқ қалпы әлгі ән шыққан тұсқа еріксіз бет қойды. Өзен жағалаған аласа тоғайдың да шетіне ілікті. Табанына батқан тастан әйеншектенсе де, тоқтаған жоқ. Бар еркін алып кеткен әншіні көрмек. Әнін қасында тұрып тыңдамақ.

Ағаш арасы сызды екен. Балақтап өскен талшіліктер балақ қауып, тірсек қағып жүргізбеуге айналды.

Ән сол әсем шырқауымен әлі қалықтап тұр. Енді сөзі де анықталып естіле берді. Шын көңілдің ыстық ықыласымен ашылған жастың күлімкөзіне деген тәтті көңілінен сыр шерткен әнде бұрын ойнақы әуен, көңілді ырғақ мол болушы еді. Іштегі алып-ұшқан жүректің ақжарқын сыры дос көңілдің анық белгісіндей елжірей үздігіп тұрып, қалықтап барып

қуаныш тапқан шаттығымен ұзаушы еді. Қазір сол қуаныш толқынын сағыныш дірілі алмастырып, ойнақы әуенді біртүрлі кекселендіріп, кеудеге елегізулі алаңдау, аңсау тәрізді күңгірт қоңыр сезімдерді тоғытып жібергендей.

Қазыбек тас батқан табанының ауырғанына да, қамыс тілген, бұтақ жырғн тірсегіне де қарағаң жоқ. Ойнақы әннің өрнегін өзгертіп, нақышын әсерлендіріп айтып тұрған қыздың бет-жүзін көрмей көңілі көншімес аласапыран халге жеткен еді.

Асыққан адамның жүрісі өнген бе. Оның аяқтан шалатын кедергісі көп болатыны ежелден белгілі. Ал бөтен жердің тұтаса өскен тоғайының нуын жалаңаяқ кешуден өтер азап бар ма. Қазыбек қайдан келіп, қайдан шыққанын да білмейді. Әйтеуір есі-дертін әкетіп, ілгері жетелеп бара жатқан ән ғана. Бөтен жұрттың ортасында өз тілімен, өз әуенімен сондай ыстық, сондай әсерлі естіліп, ойнақы әуеннің сәл күрсінткен биязы мұңымен өне бойын түгел жаулап, “кел-келдің!”, “бол-болдың!” астына алып барады.

Тоғайдың нуы сирей түсті де, балақтаған талшіліктер енді азайып, сәлден соң көрінбей кетті. Екіүш ағаштан өте бергенде жарты шеңберлене иіліп, бетін өзенге бере кең ашылған алаңқайға тап болған Қазыбек шеткі мойылға сүйеніп ентік басты. Алырақтап алдына көз жүгіртті.

Ән тіпті дәл қасынан шығып тұр.

Бірақ көрінген ешкім жоқ.

Қазыбек адымдай басып ілгері жүре берген. Кенет аяқ астындағы қу шыбықтың сырт етіп сынған дыбысымен әннің кілт үзілгені.

Қазыбек тұрып қалды. Енді белгісіз әнші түгіл, әлгі әдемі ән де жоғалды.

“Қап! Енді қайттім?” Өкініші өзегін тепкіледі.

Сол жақ қапталынан әлдебір тықыр естілді. Сол тықырға жалт бұрылған Қазыбек жағадан суға тұмсығын малған аюдан аумайтын нән қойтастың тасасынан шығып келе жатқан қызды көрді.

- Қазақпысың? Әлгі әнді айтқан өзіңбісің? - деп Қазыбек сұрағын жаудыра беріп, сәл ыңғайсызданған күйі ақсия күлді. - Көптен ән тындамағанға, өзіміздің

әнімізді тындамағанға ішқұста болғам ба, әніңізді естігенде... мүлде естен танғандай боппын. Сәламатпысыз, қарындас.

- Шүкір. Өзіңіз де есен-саулықта болыңыз, - деді қыз.

- Енді сұрауыма болатын сияқты. Жатырқамадыңыз. Қазақсыз ғой.

- Мүмкін.

- Қалайша? Сонда сіз... сіз, - Қазыбектің кеудесін солқ еткізіп күдік оралды.

- Иә, сол ойыңыздан табылармын, - деп қыз сезімталдық танытты. - Ой, аяғыңыздан, табаныңыздан қан тамып тұр ғой... Етігіңіз қайда?

- Есті алған әнге ентігемін деп бәрін ұмытыппын ғой. Ана жақта қалды.

- Аяғыңызды көтеріңізші!.. Ой, бұта кіріп кеткен бе, сойдитып тіліп жіберіпті-ау. Таңып тастамаса болмас.

Қазыбек аяғының ауырғанын енді сезді. Бірақ оны онша елей қойған жоқ.

- Ештеңе етпес.

- Бері жүріңізші. Суға жақындаңыз, - деп қыз қайтадан қойтастың тасасына қарай тез аттай жөнелді.

Қазыбек жағаға ақсандай басып таянып, тастың тасасындағы тағы бір тақтайдай жалпақ тастың үстіндегі киім-кешекті қопарыстырып жатқан қызды көрді. “Ә-ә, кір жуған екен ғой!.. Енді ән айтылар ма?” Мұңлы өрнектің мұңды сазы көкіректе оянып, әлгіндегі әуенімен тіріліп, аунап түскендей болды.

- Бері жақындаңызшы. Мына араның батпақ, сазы жоқ. Таза. Аяғыңызды жуып жібермесе... құм-топырақ кірсе, болмайды.

- Өзім осы жерде жуам ғой.

- Жоқ, бері келіңіз. Таңып берем.

Қазыбек ақсаңдамауға тырысып бағып, аяғын сүйрете аттап, таяна тоқтады.

- Мына тасқа шығыңыз.

Тастың көлбей сұлаған жартысы суға сұғынып кеткен екен, Қазыбек теп-тегіс, жып-жылтыр тастың су басқан шетіне өтіп, аяғымен тобықтан жалдап тұрып, қолымен табанын ысқылап жуды.

- Болдым білем.

- Өкшеңізбен басып бері жақындаңыз.

Қыздың сүйріктей саусақтары денесіне тигенде, Қазыбектің бүкіл денесін өрт жалыны шарпығандай дуылдап қоя берді. Әлде судың суықтығының әсері болды ма, әлде қыздың епсекті қолының ыстығы молдау ма, бозбаланың жүзі нарт қызарды. Ыңғайсыздана аяғын тартып қалды.

- Неге шегіндіңіз?

Қыз даусы бәсеңдеп кетті. Бозбаланың қызарып кеткенін байқап еді. Енді бұның да бетіне шарбыланып қызыл бояу жүгірді.

- Сәл шыдаңыз, таңып берейін, - деп таспалап жыртып алған шүберекті табанның әлі де қаны көрініп тұрған тілігін баса орай бастады. Қолы сондай икемді. Қимылы сондай нәзік. Қазыбекке осы икемді қолдың нәзік қимылы сондай ұнап тұр. Орау бітпесе, қыздың жып-жылы саусақтарының денесіне жанасуы тоқтамаса дейтін тілек қаузайды.

- Болды. Енді тездетіп етігіңізді тауып киіңіз.

- Ә-ө... рахмет, қа-арындас!.. Есіміңіз кім еді?

- Шарапай!

- Шарапай!.. Қалай тауып қойған, екі көзіңіз тұп-тура шарадай!

- Біздің шараның ұғымы басқа.

“Біздің” деді ме?.. Ә-ө, өзге еді-ау. Бірақ сондай жақын тартып тұр ғой. Тегі бөтен. Неге бөтен? Өзіміздің Шара қыздардан несі бөлек?”

Осындай сұрақ-шаншулар ойы мен миын қас қағым сәтте шабақтап өтті.

- Бәрібір сіз біздің Шарасыз, - деді өзіне-өзі қарсылық білдіргендей.

- Неге сіздікімін? - деп қыз ойнақылана қалды.

- Біздікі дегенде... мен өзімді емес... Түу, бүлдіре жаздаппын ғой, - Қазыбек шын көңілден жадырай күліп жіберді. - Қазақ қызына сондай ұқсайсыз. Біздің қазақ қызысыз деп өзімсініп жатқаным да.

Шарапай да қосыла күлді.

- Анам қазақ болса, жартылай қазақ боп та қалармын.

- Е-е, әлгіндегі мүмкін дегеніңізді енді ұқтым. Киім

киісіңіз де, шынында жартылайдан да көбірек қазаққа келеді.

Шараның қабағы жабыла беріп, ашылды. Соны Қазыбек қалт жібермеді.

- Кей-кейде қазақша осылай киінгенімді тәуір көрем.

- Жалғыз жүрсіз. Қорықпайсыз ба?

- Неден қорқам.

- Қамыс арасында жолбарыстың жымы бар дейді. Қорсылдап доңыз, бұғынып бөрі жүреді деседі ғой.

- Иә, өзеннің кей жерінде олардың болатыны рас. Ал бұл маңайда жоқ.

- Оны қайдан білдіңіз?

- Қазақтан...- қыз сәл бөгеліп, ыңғайсызданып тұрып сөзін жалғастырды. - Сіздерден елші келе жатыр деген хабар тиісімен осы түбекке үй тіккізгенде... төңіректі қайта-қайта сүзіп шыққан. Әлгі айтқан жыртқыштардың ешқайсысы жоқ.

- Апырай, ә! Маған басқаша айтып еді...

- Кім? Біздің... - тағы да ыңғайсызданды - адам ба?

- Иә! Жырғал ноян.

Шараһай көзін кең аша қарады.

- Ноян деймісіз?.. Ноян өтірік айтпаушы еді...

- Қайдам. Мүмкін маған беталды жүре бермесін дегені шығар, - дей берген Қазыбек кенет әлденеге күдіктене қалды. - Ноянның өтірік айтпайтынын қайдан білесіз?

- Көкем болса неге білмейін.

Енді Қазыбек қызға таңдана қарады.

- Сіздің әкеңіз Жырғал ноян ба?

- Иә, Жырғал нояныңыз - менің әкем! - Енді қыз ерніне мысқыл күлкі оралды. - Көзіңіз атыздай боп кетті-ау, мырза. Соншама неден сескендіңіз?

- Сескеніп тұрғам жоқ. Сеніңкіремей тұрмын.

- Неге?

- Біздің қазақтың кез келген биінің не бегінің қызы дәл сіз құсап жападан-жалғыз кір жуып дегендей кәкір-шүкір шаруаға араласып жүрмейді. Сылаңдап киініп, бұлаңдап бой түзейді. Соңына ерген он шақты құрбы қыздардың ортасында ақбозға мініп, ақ сағымды

жыртып, жортып жүреді. Сыртынан көз сүзген сан жігіттің көз құртына айналады.

- Сыртынан көз сүзген көп жігіттің біріне де бұйырмай жер түбінен бір-ақ шығады сонсоң... - Қыз күмілжіп тоқтады. Күрсінгенін де жасырған жоқ.

- Неге күрсіндіңіз, Шарапай!

- Сылаңдап бой түзеген бір атақты бидің сұлу қызы ауылының жігітінің біріне емес, алыстағы ойрат жігітіне құмартып қалмаса... Әлгі алыстағы ойрат жігіті сіз құсап елшілікке бармаса... Мүмкін екеуі кездеспес пе еді...

- Анаңыз туралы айтып отырсыз ғой...

- Иә. Бірін-бірі іздеген, аңсаған екі жас, ақыры ел шапқызып, қан ағызып қосылған ғой. - Шарапай теріс айналып кетті. Көзіне кеп қалған жасты көрсетпейін дей ме, әлде босаған көңілінен қысыла ма, дірілдеген кеуденің тынышталуын тосатындай.

- Шешеңіз қайда? Осы араға келді ме? - деп енді бір кезде сұлу болған, сыландаған сол қазақ қызын... әйелді көргісі кеп кеткен Қазыбек ентелей қалды. - Келіп пе еді, Шарапай?

- Жоқ! - Қыз басын шайқады.

- Неге? Қазақтарды мүлде көргісі келмей ме?

- Қайтыс болған. Көп ауырды. Кейінгі кезде ауылын, ата-анасын көп іздеп, көп сағынған.

- Қайдағыны сұрап көңіліңізді қобалжыттым-ау, Шаратай!

Қыз жалт қарады. Көзіне нұр жүгірді.

- Шаратай дедіңіз бе? Анам солай айтушы еді. “Шаратайым!” деп үзіліп еді! Қазақ десе жанын үзетін. “Менің кесірімнен ел шабылды. Әке-шешем мені ешқашанда кешпейді. Талай қыршынның обалына қалдым!” деп маған мұңын шағып, сонда көп жылаған. - Шарапай қайтадан мұңға бөгіп, шешесімен қоштасқан сәтін есіне түсіргенде, қос бүртік жас омырауына домалады.

- Жылама, Шарапай! Босқа қамықпа!

- Апам да жылама, қамықпа дейтін.

- Көкең ше?

- Көкем бе... Көкем анамды әлі іздейді. Олар бірін-

бірі жақсы көретін. Көкем ғой мені әдейі осы араға алып келген. Нағашыларынды көресің деген.

- Әнің жақсы екен. Даусың сондай ашық!

- Апам айтушы еді. Оңашада, өзімен өзі отырғанда айтушы еді!.. Көрінбей, сығалап қараушы ем. Кірпігінің ұшында мөп-мөлдір тамшы тұратын. Ап-ауыр тамшылар... Үзіліп түскенде жер солқ ете қалғандай болатын.

Апам бірінен соң бірін айтып боп, істеп отырған жұмысын да ұмытып, үнсіз мелшиіп ұзақ-ұзақ отыратын. Нені ойлайтынын, нені аңсайтынын ол кезде қайдан білейін. Жүрегім езіліп аяйтынмын... Аяйтынмын.

- Қайтқанына қанша болды?

- Бес жыл. Ол кезде онға шыққам. “Жас емессің, алды-артыңды ойла, Шаратайым!” деп отыратын, - деп өзенге бұрыла беріп еді, көзі күнге түсіп кетті. - Ой, пәле! Бесін ауып барады ғой. Сізді де, мені де ауылдағылар шарқұрып іздеп жатқан болар. Үстіміздеп түссе...

“Үстіміздеп түссе... Нағыз сойқан сонда болар. Елші боп кеп, етек түрді деп киғылық салса. Етекті тұрдің бе, түрмедің бе - сынықтан сылтау іздегендерге бәрібір”.

Қазыбектің мандайынан ащы тер бұрқ ете қалды. Әлгіндегі жайбарақаттық мүлде жоғалды.

- Шаратай! Мен кетейін.

- Тоқтаңыз. Жаяу ақсандап қашан жетесіз, - деп асыға жөнелген қыз тал арасынан бір кезде ат жетектеп оралды.

- Қазір етігіңіз жатқан жерге апарып салам.

Жуып жайған киімдерін қоржынға жылдам теріп салып қанжығаға бөктерді.

- Алдына, ерге отырыңыз.

- Сіз ше?

- Мен мінгесем ғой. Болыңыз.

Екеуі тоғайға енбей, су жағалап жүріп кетті. Мынау жол тоғай сүзгеннен әлдеқайда жеңіл болды. Етік жатқан жерге де ә дегенше жетіп келді.

Қазыбек аттан түсті.

- Сау болыңыз, Қазыбек аға!

- Оу, Шаратай, сен... сіз мені білесіз бе? Қайдан білесіз?

- Білем, аға! Кешікпей барыңыз.

- Алырай, ә. Енді көрісеміз бе?

- Мүмкін.

Қыз атын бұрып алып, су шалпылдата желіп кете берді.

“Мүмкін” деуімен-ақ әбден діңкелетті-ау. Көркі қандай! Мінезі қандай! Ашылуы да, жабылуы да тез ішінің. Ұшқары айтқан жерім болған жоқ қой деймін. “Аға!” деді. Шынымен іштартып айтты ма соны? Өзінен бір жас үлкенді біздің қазақ қыздары сыйлап “аға” демеуші ме еді. Бірақ сол сөзді қалай айтады? Қайтіп айтады. Гәп соларда ғой. Дұңк еткізіп төбеңнен қойып қалғандай етіп дүрсе қоя беретіндерден көңілдер талай қалмап пед? Қалған көңіл, әрине, менікі емес. Маған олай әлі айтылған да жоқ. Бірақ қасына ерген, соңына ілескен аға, достардың бет-беделін түсіріп: “Ибай, бетім-ай! Не деп тұрсыз, аға? Ұятсыз екенсіз!” деп түйеден түскендей қып солқ еткізетін қыздардан қалай түңілмессің.

Әй, Шаратай! Шараһай! Анаң қазақ болған соң, бауырында өніп, ана сүтімен анаңның тілін санаңа сіңіріп өссең, сенің қазақтан нең кем?

Ал біздің көп жігіттердің шешелері қалмақтың ат көтінде келген тұтқын қыздары ғой. Солар ше? Солардың тілі алғаш қалай шығады екен? Қазақша былдырлар ма? Әлде қалмақша қылғынар ма? Анасының тілін алдымен ұғар болса, алдымен сол бөтен, бөгде өнеге, тәрбиені сімірер болса... онда... онда... Осы біз қара қалмақ, құба қалмақпен соғыса, соғыса, қазақ қалмақ туып, қалмақ қазақты дүниеге әкеліп, түптің түбінде бір-бірімізді ажырата алмай, айыра алмай қалмас па екенбіз. Мүмкін сөйткен де дұрыс болар ма. Ондай атты күнде күн құрғатпай шаң боратып, құйын үйіріп, дауыл соққызып жететін екі елдің арасындағы шабуыл-шандуыл тиылар ма еді. Сөйтіп табыссақ... Табысып татуласқанға не жетсін. Хонтайшының алдында табысып, татуласқалы келдік деген бір орайды да айта алсақ ертең... Шабыса бергеннен гөрі табысқан тәуір-ау. Сондай күн туса

Шаратайдың шешесі сияқты мұңлықтар шарасыз күйде сағыныштың құрбаны болмас еді-ау!”

Қазыбек жатын үйіне келгенде Дау ағасы іздеп жүр екен. Қарсы кездесті.

- Қайда жүрсің, қарағым-ау? Мынау жауыққан елдің ортасында жапа-жалғыз селтендеп жүре бермесеңші. Кім білсін кімнің не ойлайтынын? Бұ шіркіндердің ішіне кіріп шыққан жоқпыз. Байқастау керек қой, - деп кәдімгідей жанашырлық танытып, кейіп тұр.

- Дау аға-ау, өзің тимесең, өзгенің сенде несі бар.

- Әу, сен бұларға әлден сеніп қалғанбысың. Біз қашан тиісіп едік. Бұлар бізге қашан тиіспеп еді?

- Қойдым, Дау аға. Мойындадым, - деп дәл қазір көңілі тек жақсылыққа, әсемдікке ынтыққан Қазыбек ақсия күлді.

- Айтпақшы сені неге іздегенімді айтпаппын-ау! Тәкең ханды ақыры көндірсе керек, сен анау хонтайшы алдына бізбен бірге барасың.

- Ой, аға-ау! Сүйіншіңіз мойнымда.

- Бертіс көкең саған онда дұрыстап киініп барсын дегенді мықтап тапсырыпты. Шабына тие бермей, айтқанын істеп, ыңғайына көне берсеңші, - деп Дау жуасыта сөйледі.

- Әу, аға-ау, даусыңыздың күмілжігеніне қарағанда көкемнің тағы бір “қолқасын” көмейіңізге тіреп қойған тәріздісіз-ау! - деп Қазыбек қадала қарады. Адамға тіктей қарағанда үлкен көздер кең ашылып, қараған адамының ішін ақтарып, көріп тұрғандай сезіледі екен. Дау жанарын тайсақтатты. Бірақ сөзі сабырлы естілді.

- Бертіс көкендікі орынсыз отқа түсетін көбелекке ұқсамасын деу болар. Жассың ғой әлі. “Желпілдей беру жарамайтын қылық. Өзге үлкендермен жағаласып, жарыса бермей, аузын бағып, тіс жармай отырсын!” депті.

- Ой, жаратқан тәңір-ай! Енді сөзді де рұхсат сұрап сөйлейтін болдық па?

- Басқа жерде сөйлей бер. Қазыбекжан. Қайта менің көкейіме сенің сөзің көбірек қонады. Сені кейде көпті көрген көнедей көретінім рас. Ал анау хонтайшы

алдында көзге түспегенің дұрыс. Талай дауға түсіп, талай додадан көкпар алып шыққан Тәкеңдерден сөз ауысқан ба. Биліктің біліктісі ғой. Басқамыз шо-шандап, ши шығарып алып жүрерміз.

- Жарайды, Дау аға! Алдымен сол хонтайшы құрғыры қабылдап алсын да бізді. Ат шаба ма, бап шаба ма, бақ шаба ма - бір құдай білер.

Қазыбек сәл ақсаңдап үйге кіріп кетті.

“Әй, тегін емес осы бозбала! Көзінде от, кеудесінде жалын бар! Әріден көріп тұрғандай, беріден ұстап тұрғандай не десе де, қолмен қойғандай айтады-ау. Тіпті жап-жас басымен кімді болсын мысы басады да тұрады. Әйтеуір, баққа туғай. Таққа бермей, жұп боп қонғай!” деп ойланған Дау кешкі қызыл шапақ қоюланған аспанға шалқалап қарап тұрды да, сол шапақ астындағы алыс ауылын, жас бәйбіше Бабылдық бикесін, жас нәресте Түйте ұлын қатты сағынғанын сезінді.

Кешкі шапақ қызыл түстен бірте-бірте қоюланған қоңыр бояуға ауысты. Енді айналадағы алыс көк-жиекке дейін кең көсіліп жатқан жазық пен түстікте серейген тауды перделеп бүркеп, көз байлар қарақоңыр мұнарымен қызыліңір келіп түсті. Қазақы үйі, қазақы күтімі мол ақ шаңқан ауыл - дәл қазір Дау көңілінде әлдебір өгейсіреткен жатырқаушылық туғызып еді. Оның қандай себептен, қай кемшіннен жаралғанын таба алмай, кесек етті мұрнын сипап қойып, тез тарылып көз байлап келе жатқан төңірегіне тесіле қарап қалған еді. Әлдеқайдан саңқ еткен ит даусын естіді. Жүзіне дір етіп қыбыр енді. Түйсігіне әлдебір толқынды сезік жүгірді.

“Е, бәсе! Неге қоңылтақсып тосырқадым десем, мынау оңаша ауылдың, кешқұрымғы қойы маңырап, қозысы жамырап, мал сауған, тай-құлыны шұрқырай кісінеп, бие ағытқан, жылқы айдаған абыр-сабыр қарбалас тірлігінің жоқтығынан екен-ау. Әй, қайран көңіл! Сенің де үйреншікті әдетке емшек күткен сәбидей ұмтылып тұратының бар екен-ау. Тіпті ит екеш иттің де үргеніне, қаңсылағанына кәдімгідей таңсық боп тұшынып тұрғаның мынау... Әдеттегіден бөлек жым-жырттық та көңіл құлазытады екен-ау. Ал

ауылдың басқа тұрмыс-әрекеті сол қалпында. Әне, жерошақта жалыны шарпыған жалпылдаған от. Буы бұрқыраған үйреншікті қара қазан. Қара қазанның ағаш қақпағын қайқая ашып, сорпа сапырған қазақтан айырмасы жоқ қараторы, қыпша бел келіншек... Е-е, қоңылтақ көңілдің тосырқайтын тағы бір кілтипаны - келіншек пен отыншы еркектің қылығынған қалмақшасы-ау. Өзге тілдің өзек тырнар бөтендігін бұрын ескермеппін-ау. Құлаққа қазан түбін қырнаған пышақ тықырындай тосын естілгенде ызыңын ғана бағып қап, маңызына жетпей, мәнін ұқпай мәңгіріп қалатыныңақ жаман. Әу баста Адам Ата, Хауа Анадан жаралған адамзатты жалпақ жердің бетіндегі жарық жалғанның түкпір-түкпіріне тарыдай шашып жіберген Жаратқанның соларды бірінен бірін алшақтатқаны қалай? Бірін-біріне түсіністірмей, тілдерін бөлектеп, түрлерін өзгертіп, әлгі әу бастағы кіндіктес, ұрықтас ағайынды бір-біріне жауықтырып қойғаны қалай? Адам пендені естілігінен айырып, ерегісін молайтып, бір-біріне құбыжық қып қойғаны тәңір хақтың қай әділеттілігі? Күшік асырап қабаған ит қып өсіріп, бөтен ауылдың бөрібасарымен таластырып, ырылдаған, арылдаған төбеттердің бірінің бірі алқымын езіп, желкесінен алып, бұрап соққандарынан дүниенің бүкіл қызығын көргендей сілекейі шұбыра, көзі қызара есі шығатын бәдік жандарды талай көріп ем. Пендесін де дәл сондай арылдатқызып қойған Жасаған хақтың кей ісіне қайтіп қана бас шайқамассың. Әр ұлысқа бірін шүлдірлетіп, бірін маңқалатып, бірін қылғытып әртүрлі тіл бермесе, анау сылаң келіншек пен шойнақ отыншының не деп қылғынып тұрғанын түсінбес пе едім. Түсінсем, көңіліме күдік оралмас еді. Қаланы қиратып шаңы ойнаған, даланы құлазытып құйыны құтырған мынау қатыгез замаңда әр кеудеге алабүлік боп енетін күңгірт күдіктен өтер әзәзіл жоқ-ау. Самбырлаған тілі жоқ. Әй, бірақ сыбырлайды-ау кел сол құрғыр күдік құлағыңның түбінен. Сарнайды-ау кеп түн ұйқыңды төрт бөліп төсегіңнің басынан. Сарнайды-ау кеп тұс-тұстан жау қаптатып. Сенбей көр, ермей көр сол әзәзіл күдіктің сансыз күбір-сыбырына. Аттан-айқайына. Ал сендің екен, ердің екен, не тұрыс бар, дереу көтер қақ

сойылды! Қос қолдап қысып ұстап құлашта гүрзі-шоқпарды! Азуынды айға білеп екілене ұмтыл! Қақ сойылың аямай сақ еткенде, қақыраған шекенің қасыңның басынікі ме, досыңның басынікі ме - онда енді мүлде шаруаң жоқ. Безілдеп шықтың, берекені де, бірлікті де бездіріп құдың. Соны өзің сезесің бе, сезіктеніп іштей ғана қуыстанасың ба, енді саған бәрібір тоқтау жоқ. Өйткені оң-солың толған қас дұшпан. Солқылдаған сойыл сынғанша, соққылаған шоқпар қолдан ұшқанша, қарсы келгенді, көзіңе іліккенді қан қақсат. Ал сонсоң көп соққыдан қансырап өзің құла. Қансырап құлап жатып іштей күйзеліп, іштей күңіреніп ал жыла. Бірақ одан не өнер. Құбыжық күдік сен жылады екен, сен құлады екен деп, талайды сен жылатып, талайды сен қан қаптырып құлатып еді деп қарасын өшіріп, зым-зия жоғалып кете қойды ма? Қайдағы жоғалу? Сол күшіктеген күдік немең одан сайын өрекпи өршіп, енді бүкіл өксіген ішіңді кернеп, кептіріп ала жөнелсін!

Бәрі түсініспестіктен... Адамды адам түсінсінші. Солқылдаған сойып немең - жылқы ұстар, мал айдар кәдімгі құрыққа ғана айналсын. Қарғыс атқыр қара шоқпар қазық қағар өшейін бір тоқпаққа ғана айналсын. Қатулы қабағыңа мұз қатып, қар жаумай, жадыраған жанарыңнан нұр төгілсін, шуақ шашылсын! Айналаң тегіс жайдары күлкіге бөксін! Қуанған жүздің әсем көркіне жетер не бар? Елжіреген жанның жүрегінен жылытып төгілетін мейірім жарық жалғанның жебеушісі болмас па. Содан жаңыла беретініміз қалай? Сол мейірімді мынау Қазыбек ұлан іздеп те, тауып та жүрсе, соған неге пейіл бермейміз? Танау делдите үркектеп, қол сермей, өң бермей секемденіп, жанымызға енгізбек түгіл маңайымызға жақындатпауға тырысатын жол жүрген үлкендігіміз, көп көрген кекселігіміздің қасиеті ме сол? Ол нендей қасиет? Суық-ызғарды кеудеге сыпалап тоғыта берсек, жылылық пен нәзіктікке орын қала ма? Бүйте берсек, жатбауырлықты жақсылық деуіміз мүмкін-ау. Анау Бертіс ханның осқырына беруі осындай мінезден тумас па. Әлде жатбауырлық бақастықтан өрби ме? Әлде бақастық пен күншілдік құрғыры жатбауырлықтан өре

ме? Бертіс Қазыбекке неге қатал? Былай қарасаң тіпті баласы ғой. Өзінің туған інісі Келдібектің тұңғышы ғой Қазыбек. Бауырында өсіретін, бауыры езілетін ең ет жақыны. Бауырына тарту қайда. Бет-аузы біресе кіржиіп, біресе тыржиып, ашықтан ашық жақтырмай отырғаны. Әлде “екі әйелдің баласы - екі рулы елдейдің” рас болғаны ма. Әкеден бірге туғанымен шешенің бөлектігі бүліндіре ме. Әйтпесе Абыз атанған Шаншар әкеміздің өнегесі ханды қисық өскізбес еді ғой. Қыңыр жібермес еді ғой. Тез басында қисық ағаштың жатқаны қалай? Айбикедей ақылды анадан туған Келдібек, Нұрбикедей қадірліден туған Бертіс бірін-бірі жек көре ме? Жек көрсе, исі Қаракесекке Бертіс ағасын хан сайлатуға аузы дуалы Келдібек би барын да жанын да салмас еді ғой. Өйткен жоқ ол. Жөнді білді де, жолды ағасына берді. Жөне қайтып берді десеңізші. Даңғыл жол салып беріп, қолына ханның асасын, басына ханның телпегін кигізіп, ел үстіне еңселендіріп отырғызды ғой.

Осы елшілікті Тәуке ханның қеңшілігімен дайындаған да, басшысына ағасы Бертіс ханды лайықтаған да Келдібек би. Ал Бертістің тістеуік те тебеген боларын түсінбеймін.

Тағы да түсініспестікке ойқастадым ба? Бұл бір асу бермес өткел-ау. Түсініссек - қазақты қалмақ шабуын қоймас педі. Қазақ қалмақтан қарымта қайтарам деп қасарыспас еді.

Әй, мынау не ызың?.. Е-е ызың деп домбыра үнін де тосырқап қалғам ба. Қазыбек қой шертіп отырған. Өзі бір жошын-ау. Сонау жер түбінен домбыра сүйретіп жүргенін көрмеймісің. Айтпақшы, Бұхардағы Көкілташ медіресінде дәріс тыңдап жүргенде осы домбырасының кесірінен шығып кеткен деседі ғой жұрт. Бекерлік болған ғой. Әйтпесе сол Бұхараи Шарифтегі медіреседен он екі тармақ ғылымды түгел игергенде, қандай болар еді шіркін. Қазір де терең-ау жас өркен ұланым.

Әй, мынаусы таныс әуен сияқты ма? Өзгеріп кеткені қалай? Мұңы бар жүректің толғанысы тәрізді ме. Сағынған жанның аласапыран кеудесіндегі әлсіз күрсінісі ме... Қасына барсам... жақындап тыңдасам, тоқ-

тап қалар ма екен. Мынандай көкей кескен әуен осыңдай бейуақ шақт, оңашада өзіңді де көрмей, өзгені де байқамай қалатын мезгілде жететіні қалай екен, ә? Әлде атқан таңға қуанған әр пенденің батқан күнге қимай қарайтын, ойға бата елегізитін белгісіз үрейлі секемінен бе? Қара жапқандай түнере қалатын түн қойнын кім жақтырсын. Санаңдағы саңылауды түгел бүркеп тастайтын қараңғылықтың корқынышы көп-ау...

Домбыра құдірет-ау! Құлаққа таныс әннің де тосын естілетінін бұрын ұқсамшы. Өксігі болмаушы еді ғой. Өкінішті күйдің шертісінен бе. Неге өкінеді?.. Неге өксиді?.. Әй, жоқ. Өксік жоқ еңді! Өзгеріп сала берді. Ұмытты әлгі күйректікті! Осылай желпінгені дұрыс қой жастың! Жалындатты-ау! Сөйтсінші! Жігерлентсінші! Дуылдатты-ау! Сергітгі-ау! Өзгеріп, құлпырып сала бергенін қарашы! Құдірет-ау домбыра. Әлгінде ғана жүрек сыздата күрсінтіп еді, енді міне бой қыздырар сергектік селдетті. “Серпіл! Қанат қақ! Қияға ұш! Таныр көзді тайғанатпай қада! Қада да анық тап! Айрылмастай тап!” деп аңқып, шалқып тұр ғой екі ішектің атойы. Дүние кең екен-ау. Қарауыта келіп, құшағына көметін түн қараңғы ғана емес екен. Құпиясына ертер, құдіретін дарытар тылсымын дөп басқанды қалайды-ау. Әлде ол түнегі мол түннен кейін алаулап атар таңның барын, қызарып шығар күннің мәңгілігін айғақтай ма. Япырай, құпияның бәрі бүркеу астында, қызықтың бәрі қалтарыста, перде тасасында өтетіні қалай? Ұялшақ көзден гөрі сезімтал көңілдің көрегендігіне бейімделген табиғат құдіреті жан-жануар біткеннің қос қосағын көлденең көз, бөгде тықырдан оңаша табыстырып, оңаша қызыққа батыру үшін түн қойнын әдейі аштыра ма екен? Ондай оңашалық үшін өзгенің кездеспегені, көрмегені дұрыс-ау. Ой ойлау үшін көз жұмуымыз да осы оңашалық, оқшаулық іздеуіміз тәрізді-ау. Қараңғы түннің осындай қадірі барын қалай пайымдамағам әлгінде. Домбыра ғой, әулиедей әуені ғой мені лаққан бетімнен қайырып әкеліп, көзімді ашқан”.

Дау асықпай аттап үйге беттеді.

Аяқ тықырын естіді ме, домбырашының шертісі тиылды.

Дау табалдырықтан ішке аттады.

- Неге бөгелдің, Қазыбекжан? Шертісің енді түзеле бастап еді. Өздігінен үздіге ме, үздіктірген жаны бар ма, естіген құлақты ғана емес, күрсінген кеудені де түрткілейді-ау, - деп алакөлеңкеде алғаш Қазыбектің қай жерде отырғанын байқамаса да, есік алдында тұрып қатты ризашылық танытты.

- Е-е, Дәуке! Күн ұзаған сайын қазан қырған дыбыстан да әуен аулайтын халге жеткен соң, менің тақтай сабалағанымды әлдеқандай қыласыз да. Әйтпесе менікі де бір тыңқыл да, - деп бозбала жігіт бой жасырды.

- Олай деме, Қазыбекжан. Қыңқылдайтын тыңқылды әркім-ақ тартады да. Сенікі басқа. Мүлде басқа. Сабау саусақ бәрімізде де бар. Ішек саумалар саусақ ілуде біреуде бар. Сол ілуде біреудің де біреуі болады. Оның саусағы жанның күйігін де ашады. Күйзелісін де айтады. Қуанышын да ақтарып салады. Шын құдірет сол сиқыр саусақта. Сенің тапқанынды сездіріп қойған саусағың... саусақтарың ғой, Қазыбекжан. Бүгін таптың ба, бұрын таптың ба, іздеген адамың анау-мынау адам болмас. Сені тебіренткен, толқытқан жанды осал деп айтуға тіл бармайды. Шын тапсаң, бетің дұрыс, інім, бауырым. Қайырлы боп кезіксін де, - деп аяғын созып жіберіп, Дау оң жағына иек еңкейте бұрылып, алдымен әлгі өзі мақтаған саусақтарға үңіліп, содан соң басын көтере берді. Көтере берді де... Қазыбектің кірпік ұшында дірілдеп тұрған моншақ жасқа көзімен байланып қалды. Үні дірілдеп шықты.

- Әй, Қазыбекжан! Сен... саған... Жылағаның қалай?.. Берік едің ғой, - деп қауқалақтай, іниге қарай ентелей ысырылды.

Қазыбек күліп жіберді. Домбыраны күмбірлетіп жіберді.

- Әй, Дәуке аға! Сіз сонда мені де осал, нашар санайсыз ба?

-Әй, өй, жарқыным! Көзіндегі... кірпігіңнің ұшындағы жылтыраған жасты көріп... Сені неге осал дермін. Саған тіпті дәл осы сапарда әбден бас қойдым десем, тым бөсіп кетті деп ойлама. Сен кімді қалай тапсаң

өзің біл. Ал мен сені жақсы таптым. Ел айырылысып, жерден айырылып қалған кезде... солардың бәрін ұмыттырып... анау кішкентай Түйте күшік, енді бүгін мына өзің... екеуің мерейімді асырдыңдар. Сенің маған қандай қымбат тартқаныңды білсең ғой, бауырым.

- Аға-ау, қандай жақсы адамсыз! Біздің тойған торсықтай көп ағалар не айтушы еді. Басынан құс асырмаған күштілігін, қарсы алдына жан жолатпайтын сестілігін айтад та. Мықтылық, тектілік сонда дейтін болар. Ал ең керегі кісілікті сақтайтын кішілік пен мейір екенін ұқпайды-ау.

Қазыбек домбырасын іргеге сүйеді. Тұрып барып жүкаяқ төсек үстінен жастық алып, ағасының қолтығына тастады.

- Сыбан-Рабтан келіп еді. Неге келгенін білмедіңіз бе?

- Сол өзі кешелі бері маған онша ұнамай жүр. Қабағы бұрынғыдай емес. Қатуланғанын қайтейін, өзіме онша жоламаған соң.

- Белгілі жай ғой. Көкеммен хонтайшыны оңаша кездестіріп, оңды-солды уәдеге қарқ қып, құр қол шығарып салмақшы еді. Оған сіздердің ханымызға салмақ салғандарыңыз бөгеу болды. Ендігі әрекет әлі де Бертіс көкемді шырғалау. Қойны-қонышына қомақты, көлемді ғып оны-бұны тықпалау. Әй енді оған көкем де келісе қоймас. Анау жүз Қаракесек жігітінің ішінде көкемнің туған бауыры да бар ғой. Тұтқында қалдырып қайтып кете қоймас. Әнеукүнгі домбырасынан шер төккенін естідіңіз ғой. Көкем... хан көкем адалдықтан ауытқымайды.

Дау күрсініп қалды. Талыстай кеуденің демі ықылықтатып атылды.

- Иә! Өйте алмас ол. Өйткізбеспіз. Керек болса сол Сыбаныңмен-ақ сөйлесерміз өзіміз. “Хонтайшыңа айт! Құйрық жауыр болғанша отырдық. Қазақ бір жерге қозғалтпай қағып қоятын қазық емес! Күн аралатып атқа мінбесе, құйымшағы сыздайтын түз баласы! Не іске кірісетінінді айт. Не біржолата кетісіп, тұрысатынынды айт!” дейміз. Өзге үндемесе, осылай деп өзім айтам! - деп құлшынған ағаның соңғы түйіні Қазыбекке үлкен ой салды.

“Іске кірісетініңді... онда да табысардай кірісетінінді айт, әйтпесе шабысардай тұрысатынынды айт! Қандай өткірлік! Иығыңа иығым тең, кеудеңнен кеудем асқақ деуді осылай неге білдірмеске. Дәл осылай айта алса... Өзге айтпаса, өзім айта алсам хонтайшыға. Татулық іздеп кеп таба алмай қайтсақ, анау тұтқын міскіндер не болмақ? Қолы бұғауда, көзі жылауда қор болып құлдық кебінде қала бермек пе? Кейіннен қол жинап келіп шауып-ақ алдық дейік. Оған дейін арып-ашыған шіркіндер тірі жүре қояр ма?”

Ертеңінде Сыбан-Рабтан бәрін Бертіс ханның ақ үйіне жиып алды.

Сөзді Бертіс бастады.

- Ағайын, сендер салмақты маған салсандар, мен салмақты алдияр ханзада Сыбанға салдым. Тоқетерін айтсам, бізде “у ішсең руыңмен” деген бар. Мәртебелі хонтайшы не бәрімізді түгел қабылдайды, не біріміздің де төбемізді көрместен осы арадан қайтарады деген байламымызды айттым мына Сыбан тайшыға. Басқа ыңғайымыз жоқтығына көзі жетсін деп өздерінді алғызып отырмын.

Қазыбек көкесіне риза кейіппен қайта-қдйта бас шұлғып: “Е, бәсе! Өстіп ширасаңызшы. Бір асату - бір жылдық үнем болмас. Мың жылдық кінә мен күнәні ол қоса асатып жіберерін ескеріпсіз”, деді іштей.

Сыбан-Рабтан да көп созбады.

- Хонтайшы біраз нәрсеге қанық. Алыстан шаршап-шалдығып жеткендеріңізді елеп, біраз аунап-қунап, дем алсын, тынықсын деп отыр. Немен келгендеріңізді де, неге келгендеріңізді де біліп отыр. Көп ауызды көпіртпей, бір адамды тындау мәртебелі алдиярымыздың әдеті еді. Сол әдетінен сіздер жаңылдырам дегенге аздап реніш те білдірді. Сол ренішін сездірткені де осы, - деп бір тоқтап, отырғандарды сүзіп шықты. Томсарған жүздерден қысылған, дағдарған кейіп-пішінді байқай алмады. - “Күші бардың - сесі барды” ұмыту да кейде артық боларын ескерулеріңізді еске салмақпын. Не айтасыздар?

Соңғы “Не айтасыздары” қатқылдау естіліп, сес атқан күштілігінен қаһар шашқандай етуі қазақтарды

тұқыртып тастады. Енді иіндер еріксіз төмендей берді. Кейіндеу, шеткерірек отырған Қазыбекке қыбырсыз қалған серіктерінің томсарған жүзі түгел көрініп түр.

Иығындағы жұқа бота жүн шапанын екі топшысымен сермеп қап түзеп қойып, әжімі аз кең маңдайын қасқайта Бабаназар сөйлеуге ыңғай танытты. Соны байқаған Бертіс иек қақты.

- Уай,Сыбан шырақ! “Күші бардың сесі бар” дедің. Күш те бір, өзен де бір. Тасыса ғана долданып, жағасын ұратын өзеннің жазы жетіп, жағдайы өзгергенде, буланып азайып, жер аяғы құрдымға сіңіп, құрып кететін алдамшы екпіні ғана ол. Біз “Есі бардың - десі бар” дегенді ілгері тартамыз. Ақылмен шешкенді, қылышпен кесе алмайды. Әдеп бар жерде әдет қол қусыратын. Бір елдің елшісін екінші елдің басшысы қабылдау әдепке айналмап па еді.

Енді отырғандар еңселеніп, тұс-тұстан бас шұлғысты.

- Иә! Сөйтетін.
- Әдептен аспайтын.
- “Елшінің сөзі - ел сөзі” дегенді ұстанатын.

Бабаназар өз адамдарына мойнын бұра алара қарады. Жүйрік еріндер жым болды.

- Мынау отырғандар, Сыбан шырақ, тұтас қазақтың һәм көзі, һәм сөзі. Ұлдары торға түсіп, қыздары қолға түсіп, байлау-айдауында кеткен әр рудың бетке ұстар адамдары. Ел бастаған билері. Қол бастаған батырлары. Елді - қол десек, мыналар саусақтары. Жұмыла қалса, жұдырық боп түйілер бірлігінің айғағы.

Ау, алақаныңның бармағын кесіп қана мәртебелі хонтайшыңыздың шолтитып алдыма әкел деуі қисынға келе қояр ма? Бүлінген бүтін алақан сыздамас па екен. Сырқыратқан ауру бүткіл денеге жайылмас па екен. Осымды өзің де ескер, Сыбанжан! - деп Бабаназар сәл басын иген болды.

“Әй, асыл аға! Жеткізді. Дәл ойдағыны жеткізді. Е, осылай дес бермеу де керек-ау кейде. Тұтас елдің тұтас елшісі екенімізді сезсін” деген Қазыбек марқайып қалды.

Сыбан-Рабтан көп бөгелген жоқ. Қос бүктеген

қамшысын тас қысып апты, тырнақтарының көбесіне қызарып қан тұнып қалды.

- Бәріңнің қалауың осы ғой?

Тайкелтір бас изеді.

- Иә, алдиярым. Егесте сойыл көтерген ерді еседен қалдырмайтын біздің де әдетіміз бар. Сол әдет алдарыңа кеп тірелді. Шабылған елдің жігері құм емес, күдері тұл емес екенін мына жұдырық боп алдында түйіліп отырған түріміз айтып отыр ғой. Көрінеу көзге шалындырмас қиянатты сұғындырмайық.

Сыбан-Рабтан сазарған күйі хан Бертіске қарады. Соңғы үмітті содан тілегендей қарасы сұсты.

Бертіс көзін тайдырып әкетті, бірақ жасқанбағанын салмақтап жеткізді.

- Әркімнің қабырғасын қайыстырар өз халқының күйі. Халықтың күйі - ұлының күйі. Елден бөлінгенді бөрі жейді. Халқынан жерігенді қарғыс атады. Біздің құранымыз осылар. Бабаназар жақсы айтты. Бар қазақтың атынан бір қолдың саласындағы саусақ боп жеткеніміз рас. Алақан боп ашыламыз ба, жұдырық боп түйілеміз бе - ол хонтайшының еркінде. Сөз бүтіні осы, Сыбан тайшы!

4

Жырғал ноянның бір топ адамымен келе жатқанын ең алдымен ашық есіктен байқаған Қазыбек іштегілерге хабарлап үлгергенше, аяқ тықыры, дабыр-дүбір де жетті.

Ноян табалдырықтан бері аттады.

Қол қусырып амандасып тізе бүкті.

- Сіздерге ұлы мәртебелі хонтайшымыздың тапсырмасын арнайы айтқалы кеп тұрмын. Сыртта ту бие ұстап жігітіміз тұр. Бізде көңілі түскен адамына, не құрметті елшісіне зор құрметпен тартылатын “хан сыбаға” бар. Ол - хонтайшы атынан берілетін үлкен қонағасы. Бәке, әлде өзіңіз, әлде біреуіңіз бата берсеңіздер деп әдейі жетектеткізіп келдім.

Бертіс серіктеріне мағұрлана қарады. Әлгі қарас: “Көрдіңдер ме. Беталысымыз түзу. Иіктіріп хон-

тайшының сыбағасын әкелдірсе, иншалла басқа-басқасы да бола жатар” дегенді айтқызбай сездірген. Бертіс Тайкелтір шешенге қабақ білдіріп, оның ағалығына бас иді.

Тайкелтір алақанын жайды.

Жырғал өз тілінде сыртқа дыбыс берді.

Ту бие есік көзінде көлденендеді.

Алақдндар құс қанатына ұқсап жарқ-жұрқ көтеріліп отырғандардың көз алдына түріле қалды.

Тайкелтір ыңыранып барып, төгіліп кетті.

- Көп құлан даланың тіліп төсін шаң көтерер. Көп ұлан біліктісін хан көтерер. Екі елдің тынышын бұзып сүттей ұйыған татулығын лаң көтерер. Арығанын сездірмес арғымақ боп біз келсек, қажығанын білдірмес асыл нардың белгісін сендер таныттындар. Суалмайтын суат жоқ. Суалмайтын іс қана. Тартылмайтын бұлақ жоқ. Тарылмайтын дос қана. Қурамайтын құрақ жоқ. Қурамайтын татулық. Тұяғы тозбас пырақ жоқ. Қансырасын қатулық. Қос жағада екі ел тұр. Өткел бол да, ту бие, екі елді қос тату ғып! Әумин!

* * *

Ертеңінде хонтайшы өз ордасында елшілерді қабылдайды деген хабар жетті.

Осы хабар Қазыбекті әрі қуантты да, әрі қобалжытты да. Қуанғаны белгілі. Ақыры асқақ Қалдан Башықты аспандағы көзін жерге түсіріп, қатарға келетін... жо-жоқ қатарына алатын бопты. Қобалжығаны: “Соншама зарығып күткенде ертең айдыны асып, мысы басып тұрған хонтайшы алдында ел сөзін дұрыстап айта алармыз ба. Шабылған елдің селкеулі беті, солық жүзі болады. Қорғалақтап, күмілжіп қалмас па екенбіз. Көптің ойын көсілтіп жеткізе алар болсақ, көңілдеріне құлпыртып құя алардай болсақ, онда тұтқындағы туыстарды босатып, байлаудағы малды айдап қайтар едік-ау. Азулының алды - арыстанның аузы. Сесіне қарсы қояр десіміз бар ма?” дейтін күдіктер. Ағаларына қараса, олардың да сазара қалған

түрлерінен іштей аландық сезіледі. Қажымайтын Дау ағасы ғана тәрізді. Міне қазір де Қазыбектің иығынан сипап, қолқа сап тұр.

- Қазыбекжан, елден шыққалы біраз болды. Көңіл құлазытарлық белгісіздік бөгені бұзылды бүгін. Соған босаңсығандай боп та қалдық па, бой құрсаған шеңберіміз әлсіреп кеткендей. Сен мына ағаларынды бір ширықтыр. Босаған бойды, босаңсыған ойды қалпына келтір. Домбыраңды ал. Қазақтың үні де, тілі де қара домбырасы. Сөйте ғой, азамат ұланым!

Қазыбектің өзі де ағаларының болбырап кеткенін жақтырмай, қалай ширатам деп тұрған, аға қолқасы өз қалауымен дөп келді. Домбырасына қол созды.

Алғаш зың ете қалған қос ішек жүректерді селт еткізіп, жер түбінен шерулеп қана ызыңдап жетер атой үніндей сезілді де, үзіліп кетті. Сол зың еткен жалғыз дыбыс құлақ түбін қасып қап қана дене шымырлатар халді өркімнің бойында дуылдата туындатып бара жатты.

Домбыра ал кеп безілдесін. Он саусақ он сәйгүлік боп жүгірсін қыл сағақтан кең сағаға дейін. Он саусақ текіректегенде, төңіректен дүбірлетіп қиқу жетсін. Кеуделер тіктеліп, көздерге нұр жүгірді. Иықтар қомақтана өсіп, кәдімгідей сес тірілді. Домбыра қоймай құтырына безілдеді. Дүниенің үні боп қара ешкінің ысылған ішегі қойқаптан қайырар кәнігі бебеу зарына басты. Бебеу зар ықылықтатқан шерге ұласты. Одан әрі қос ішек ішін тартқандай сәл уілдеп барып, жүректерден мұң сауды. Мұңлы уілдің майда желпуі жүйе-жүйкелерге шым-шым тиіп, тітіркенте түрткіледі. Әлгіндегі кең ашылған көздер кірпік тасаланды. Қаласқан кірпік ұшына жасаңғыратып дымқыл оралды. Сол қолайсыздықты сезді ме, мұңлы уілді кенет дүбірлі екпін апыр-топыр басып кетті. Сергек серпін адуындап шанақтан шапшып төгілді. Алыстан атойлаған қазақы көмейдің ер намысын еріксіз қоздырар тұтаса атылған зор үнімен ақтарылды. Көздер қайтадан кең ашылды. Кірпіктер қасарысқан найзадай шаншылды. Жасаңғыраған жанардан емге із қалмады. Көкіректерде жарқ-жұрқ найзағай ойнады. Кеуделер долы кектен ықылық атты. Ықылық атқан жойқын

кеуделер кең даланың төңкерген кеседей төбелерінің дәл үшкілінде жалпақ жалғанға міз бақпай маңқиып қарап тұратын тас обалардай боп еңсе көтере зорайды. Күй құдіреттенді. Құдіретті күйді құйындатқан қалақшадай ғана қара домбыра алыстағы ел үні боп, ел талабы боп, ел алақаны да боп көпке дейін шертісінен тынбады.

* * *

Іленің тағы да бір кең шеңбер тастап оралған иініне орналасқан хонтайшы ордасы қазақтардың көзіне анадайдан шалынды. Айналасындағы жайшылықта еңселі көрінетін ақ үйлер төбедей төңкерілген ақ орданың қасында нарға ілескен ботадай боп кішірейіп қалады екен.

Елшілерді ауыл шетінен аттарынан қолтықтап түсіріп алған Жырғал тайшы бастаған төлеңгіттер қара жерге табаны тиісімен-ақ атақаздай мамырлап қалатын қазақтарды әлден-ақ сұсы басып тұрған ақ ордаға тарта жөнелді.

Көгалы ұйыса өскен, масатыдай құлпырған қолатқа хонтайшы ауылы кешелер ғана қонған тәрізді. Үй-үйдің арасына сілекейдей шұбатылатын сыңараяқ соқпақ та онша түсе қоймапты. Тізе сипап, тобық қаққан көк құрақты жапыра кешіп, тілін тістеген қазақ елшілері өрт шықса да өкпесін еш өшірмес өздерінің баяу қимылымен адымдай басқан төлеңгіттерді біраз састырды.

Анау ақ орданың алдында топталып тұрған ойраттар мына маң-маң аттап, асықпай, аяқтарын санап басып келе жатқан қазақтардың бұл жүрісіне мүмкін “неткен паң, неткен бипаз, неткен тәкаппар қимыл!” деп қызыға қарап қалды ма екен.

Есік көзінде тұрғандардың дүрі - Сыбан-Рабтан еді. Ежелгі таныстай бас изей түсіп, ізет білдіре қол қусырып, бәріне ортақ сәлемді жеткізді де, “ішке кіріңіздер!” деп өтініш жасады.

Бертіс хан оң аяқпен табалдырықтан аттады. Ханға ілесе Тайкелтір би, қалғандары іркес-тіркес кіріп жатты.

Орданың іші абажадай үлкен, даладай кең. Үйренбеген көзге атшаптырым кендігінің өзі жасқаншақ үрей себердей әсер етті. Есіктен төрге дейін аяқ тықырын жұтып қойып, былқылдап тобығыңды сипайтын қызыл-жасыл қорасан кілемі төселген.

Арқан бойы жердегі қақ төрдегі биік тақта сұп-сұр киімді сұп-сұр біреу қақшиып отыр. “Хонтайшы шіркіні осы болар” деп жайбасар қазақтар жорамалдап үлгергенше, Бертіс хан өзінің сәл шіңкілдектеу даусымен “Ассапаумағаликум!” деген сәлемін мәнерлей созды. Оң қолы үйреншікті әдетпен шолтаң ете көтеріліп қап, сонысынан ұялғандай дереу қайта тыншықты.

“Уағалайкүмссалам!” ақ ордада айтылмады. Тас тұғырға қонақтаған бүркіттей қыбырсыз дененің, сәл бас изеген ишаратын түздің қырағы көздері қалт жібермеді.

Сыбан-Рабтан ілгері озыңқырап, елшілерге қай жерге отыратынын көрсетті. Көрсеткен жердегі атлас көрпе, жібек бөстек, күйек кезіндегі жұмарласқан қой мен қошқардай хан жастықтарды көргенде шаң басқан, балшық жұққан қара санын сипаған добалдай етіктерінен ыңғайсызданған қазақтар сәл кідірістеп тұрып, ізінше өздеріне үйлесер еркіндікпен жайғаса бастады.

Хонтайшы әлі жақ жазған жоқ.

Қазақтар қиыстап қана Қалдан хонтайшының оң жағында, өздерінің сол жағында биіктеу отырған Бертіске көз қыдыртты. Соны сезді де, хан аты бар Бертіс тамағын кенеді.

- Уай, жасыл телпекті бүкіл ойрат-мұңғыл халқының ұлық мәртебелі зор даражалы қасиетті хаһаны! Күллі ойғыр танабының құдіретті һәм аса зор билеушісі қасиетті Қалдан Башықты баһадүр! Жарты жалғандай қаһарлы қазақ даласының ұлы ханы, күллі қазақ жұртының, бүкіл қырғыз һәм өзбек ұлыстарының әміршісі ұлұғ Тәуке баһадүрдің сәлемін қабыл алыңыз.

Хонтайшы тағы да сәл бас изеген ишаратын елеусіз ғана жолдады. Содан соң кең орданың екі қапталына кезек-кезек бұрылып қарап қойды.

Ең шетте отырған Қазыбек те әлгі хонтайшы қимылымен қоса бұрылып, босағадан сәл жоғары екі қапталда қимылсыз-қыбырсыз, әрқайсысы бір-бір тас құдайдай боп тізіліп отырған ойраттарды байқады. “Атақты, беделді тайшы, нояндары болар” деп түйіп қойды да, қайтадан хонтайшыға бұрылды. Отыздан асып қырыққа жақындап қалған, от жанарлы, дөң қабақты, иек астындағы сирек сақалы дөңгелене қырқылған адам өз құдіретін асырып, қадірін арттыра түсейін дей ме, сазара түйілген түр-түсін бұзбай, елшілерге әзір оң қабақ ашар емес. Сәлден соң өздеріне ғана белгілі ишаратымен Сыбан-Рабтанды қасына шақырып алды да, еріндері ғана жыбырлап, сыбырласып кетті.

Сыбан-Рабтан кеудесіне қолын төсей тағзым етіп алды да, хонтайшының қасына асықпай құйрық басты. Ендігі екінші құдай-хонтайшы боп біраз салмақтана түсіп, сазарған сұлқ пішінді жүзіне жапсырып ала қойды. Содан соң сабырлы салмақты дауыспен үздіксіз сөйлеп кетті.

Қазыбек енді Сыбан-Рабтанның қазақ елшілері арнайы әкелген мол тарту-таралғыға, сәйгүлік-тұлпарларға хонтайшының риза болып, зор ықыласпен қабыл алғанын, қол қақпағанын кәдімгідей қадірлеп жеткізіп, қазаққа үлкен бір жақсылық жасағандай етіп айтқанына да, қазақ елшілері өздерінің ұлұғ мәртебелі хандардың ханы Қасиетті Қалданға, ойдағы орыс пен қырдағы қытайды қалтыратқан, қара жердің кіндігіндей құдіретті хонтайшының құзырына өз тілек-өтініштерін айтар болса, үлкен кеңшілік жасап, кішірейіп құлақ тосуға дайын екенін білдіргенде де таң қалған жоқ. Әрине, қай әмірші өз алдына соншама уақыт телмеңдетіп тосқызып кіргізген өз жалшысы мен өзгенің елшісіне бірден қалай жалпаңдай қойсын. Оның үстіне қазақ елшісі тілек өтініштен гөрі талап қоюға келгенін сезбейтін таскеуде пақыр емес. Саясаттың әртүрлі айла-тәсілін, мөмі-легерліктің құпия сиқырын, дау-дамайдың сан алуан қитұрқысын жасынан езіп ішкен сұңғыла тақыс емес пе. Үздіктірген үнін естіртсе, анау-мынауға естілмейтін дауысын шалдырса, кілтін ұстатып, құпиясын

ашқызып, құдірет-қуатынан айрылып қалардай бедірейіп отырғанын көрмейсің бе. Өз сөзін де өзгенің аузымен айтқызудың дәл мынандай есеп андысқан, қулық салыстырған кілтипаны боларын қалай білмеген. Көзі қандай қырағы. Әлі сол әлгіндегі қалпынан бір қозғалған жоқ. Қалың дөң қабағы сол түюлі қалпынан әлі жазылар да емес. Бірақ аясынан ешкімді, еш нәрсені қалт қалдырған жоқ. Не ойлап, не бағып отыр екен. Сыр бермес сыртқы айбатты қалай меңгерген. Тегінде Қасиетті-Башықты деген атты ойраттар өзіне тегін бермесе керек. Қасиет осындай қысылтаяң кезде өзгеге өң бермес қаталдығы мен қатандығынан болар. Ішке енгізбес, сырттан ғана орағытып өткізер осындай өккілігімен ерекшеленер ме әлде. Ал біздің Бертіс көке...

Қазыбек көкесіне қиыстады. Сыртымен-ақ аяздай қарыған хонтайшының ызғары әлден-ақ қалтырата тырыстырып тастаған ба, Бертіс көкесінің қазіргі түрі бүркіт көрген кожектің бүрісіп қалған бейнесін елестетті.

“Әй, мына түрімізбен тұтқын алмастырамыз, елдікке шақырамыз, татулыққа бәтуа жасасамыз деуден мүлде аулақтап, ат-тонымызды айыпқа беріп шықпасақ. Ә дегеннен жүнжіп қалғанымыз ба? ”

“Тайкелтір шешеннің аузы жыбырлай ма?” Қазыбек өздерінің бас елшісінің, сөз ұстар биінің манадан сөйлеп отырғанын енді байқап, сөз тінін ұстай алмай қапы соққанына өкінді.

“Апырай, ойға батқанда, өзге дүниені ұмытып, түк көрмей, түк естімей қалатыным-ақ жаман. Шешеннің не дегенін, қалай шапшығанын, қалай түйрегенін естімегеніме болайын”.

Серіктеріне көз жүгіртіп, әлгілердің жақтырмай қозғалақтап, қинала бас шайқасып қалғандарынан бас елшінің сөзі көкейге қонбағанын сезе қойды.

“Есесін жіберіп алған екен. Енді жіптің ұшы сусып қолдан шыға береді ғой” деген өкінішпен бидің аяқталып қалған сөзіне құлақ түрді.

Жай-жағдай осы, алдияр! Елжіреп құлақ түрсең де, ерегісіп білек түрсең де - ерік өзіңде. Алақан жайғанның көзі жалтақ, өзі еңкек, сөзі бүркек. Шарқыл-

дассақ - сөз көп, оған бармадық. Шаңқылдассақ - дауыс көп, оны алмадық. Тойға емес, топқа келдік. Қызыққа емес, қып-қызыл отқа келдік. Өлеңді өзгеге бердік. Өрлікті кезбеге бердік. Алдияр тақсыр, алыстан алдыңа келдік. Берсең - алдық, бермесең - қалдық. Сөзді өзіңе салдық, - деп мықтап ұстар тұсты босаңсытып сылқ түсе қалды.

“Қап! Құртты-ау! Шылбырды өз қолымен хонтайшыға ұстата салды-ау. Бұра тартпай, бұрылып кетпей, хонтайшыны жын ұрып па. Ауыздықты шайнап, екілене шабар жерде ері мойнына кетіп мықшиды да қалды. Енді жоңғар жалы түгіл құйрығын да ұстатпайды. Қыл мойынға сарт ұрып түсіріп, қылғынтып буындырудың орнына, қыл бұрауды өз тақымына салып, ұшын хонтайшының қолына ұстата салғаны не қылғаны. Барлық сөздің салмағы мен түйіні енді ойраттарда қалды ғой. Салмақты еселеп артып, түйінді шегелеп байлайды да, аузын қу шөппен сүртіп шімірікпестен қала береді. Талауға түскен мал, қамауға түскен ер, тонауға түскен ел қайтарылмайды. Бұлқынып өскен ерің құлдықта өледі. Бұлғақтап өскен қызың жат құшақта тұншығады. Қолды болған сәбиің ойрат боп өседі. Нәбиің лама боп бөседі. Ойрат боп қылғына сөйлейтін кешегі сәбиің ертең шерік боп шебіңді бұзып, тас гүрзісін шекеңде ойнатады. Қалмақ қазағы атанған қанішер ру қанынды әлі талай төгеді, қасіретіңді әлі талай арттырады. Бір ғана былқылдап бөксенді қопаңдатып алғаныңның келешекте көрсетер көресі одан да көп қой. Қайта оралар қайырымы жоқ қас дұшпанға дауды өзің шешіп, өзің кес деу қай құбылуы, қай бүлінуі? Әй, қылғындыратын болды-ау қыл тұзақта. Қай жерден тырнақ іліндірем деп қабағымен қар жаудырған хонтайшыға тізгініңді шылбырымен қоса ұстата салсаң, бағанадан зіл салған Қалдан сорғалап түсіп, бүріп кеп алмай ма? Бүріп алады. Шеңгелін батыра бүреді. Әй, сұсының қыры жоқ, табанының бүрі жоқ шіркін-ай. Қабақ бақкан қалтырауық түрің құрысын. Хонтайшының бопсалап үскірген ызғарынан-ақ бүрсеңдеп, алдына түсіп жорғалай жөнелгенің, еліңді табанға таптағаның, ерінді

отқа қақтағаның екенін білмегенің бе? Енді хонтайшы еркінсімей, кім еркінсиді! ”

Қазыбектің дәл осы ойының үстінен түскендей күңзын тілі байланып, тас құдай боп қарысып отырған Қалдан Башықтының аузы ашылып, ар жағынан көмейі көріне кетті. Алтын тақтың алтын жалатқан шынтақ сүйерін алақанымен сарт еткізіп салып қап ілгері бір лықсыды. Лықсыған батыр тұлғалы ойраттың зор кеудесі қазақтарға шаншылды. Көзіне ырзалық, тәкаппарлық жылты жүгірді.

-Уай, қазақ! Артың қуыс, алдың тар екенін білдің. Із өкшең ылди, маңдай тұсың өр екенін білдің. Тардан қысыларынды, қысылсаң өте алмасынды сездің. Өрдің биіктігінен шошынып, аса алмасыңды сездің. Созбағаның - құлағаның. Жарыспағаның - жығылғаның. Қарыспағаның - қайысқаның. Ендеше мен де ұзатпайын. Жауабымды кешке дейін бір қайтарармын. Қайтармасам...- хонтайшы сөзінің салмағын сезгісі келді ме, сәл бөгеліп, көзін ғана елшілерге түгел қыдыртып өтті. Үнсіз телмірген қазақтар өзіне жылан арбаған торғайдай қадалып қапты. Соған қатты мағұрланды. Даусы да екпіндеп естілді. - Қайтармасам, ат-тоныңның амандығында еліңді тапқаның жаман болмас, қазақ!

Лықсыған кеуде кейін шалқайды. Шалқайған бас шаңыраққа бір қадалып өтіп, одан оң жақтағы қуыршақ құдайы - бұрханды бір сипап қалып, қайтадан қазақтарға шұқшиды.

Қазақтар мүлде тіреліп қалды. Дәл мынандай ірілікті көреміз демесе керек, жуандық танытқан хонтайшының зілі зіркілден де асып түсіп, еңселерін көтертер емес. Мына бітеу қабырға, тік жардай тығырықтан шығатын жол, құтылар амал таппай дал болып отыр. Үндеуге, жақ жазуға да шамалары жоқ . Әлгі азуыңды қағып, аузыңды жаптым дейтін өркөкірек хонтайшы қоңына қол апартпас шу асаудай. Жасқаншақ көңілдің ықтай беретіні растығын дәлелдеген мынау томсарған жүздер қарсылық білдірудің ыңғайын келтірер емес. Ә дегенде жүйемен ұтпаған соң, ендігі бас көтермей бұғып қалған күйден баж етіп байбалам салудың да ретін таппай, бір-біріне

бажырая қараудан басқа білері жоқ. Өзінің неге бүгежіктегенін, неге ылдилағанын түсінбеген Тайкелтір шешен мәселенің мүлде қазақтар үшін шиеленіске түскенін енді ғана аңғарып, куқыл боп қаны қашып, құтынан айырылып қалыпты.

Әсіресе оң жағындағы Бабаназардың тізесінен тас қып ұстап алған Даудың сан құбылған жүзінен Қазыбек оның аса қатты күйзелгенін ұқты. “Апырау, неге біреуі бой көрсетпейді. Жөнге, шынға қарататын дәл осы кезеңді қапыда өткізіп алсақ, одан кейін бойлауық аттай бұғалық сүйретететін анау аспандаған, асқақтаған Қалданың бой берер ме? Бойлап тартып, шаң-топырағына домалата көміп кетер-ау. Әрине, енді Тәкем ... әй, Тайкелтір-ақ дей берейін де ... сөйлемейді. Өзін өзі тұқыртқан соң оған екінші бас көтеру бұйырмайды. Екпініміз тау жығардай боп, асаусыған хонтайшыны қайырып әкеп қарсымызға қондырғанымыз не керек, бір айналмай жалп ете қалдық. Шабылып бір құласақ, шарпыса алмай тағы құлағанымыз ба?”

Осы ойға тірелгенде бүкіл жас жаны ыршыды. Хонтайшының сүйей салды жауабымен ертең бастары салбырап қайта береді. Арбасып айтысуға жарамаған елшілерден енді ойраттың кәрісінен бастап етегі түюлі сәбиі де айылын жияр ма. Екі елдің салмақтасар, салғыласар таразысы осы ара еді. Қазақ жағының табағы тарс ұшып аспандап, барлық салмақ-сесінен, күші-мысынан жұрдай болды да қалды. Таразы басы ауған жақ күшеймегенде қайтер енді. Жүгендеп мінеді. Екі езуді тіледі. Ойына келгенін қылады.

Ал салмақ көтеріп алатын теріс азу, мықты билердің, қажырлы, қайратты батырлардың түрі мынау. Астына кіш еткен балалардай ес жия алмай мелшиісті де қалды.

“Жоқ! Нартәуекел! Өзгесі үндемесе өзім-ақ айтам. Артымдағы елім - белім. Арқамдағы халқым - қаруым. Сиындым әруаққа. Әрісі Алаш ұранына! Берісі Ақжол бабама, Қарқабат анама!”

Қазыбек шапшаң қимылмен бір тізерлей көтеріліп, қамшысын бұлғап қап елшілік ханы Бертістен сөз сөйлеуге рұхсат өтінді. Манадан төмен қарап үнсіз сазарып қалған Бертіс сасқалақтаған күйде бас изеді.

- Оу, аузына құлып салып, көтіне желім жапсырған ағалар! Күн күндегідей батпас па, таң әдеттегідей атпас па. Қас алдында тұншықсақ, әруақ пен құдай таппас па. Бұқпалар жер осы мед. Тоқталар жер осы мед. Арыстан тұр ма ақырып? Айбалта тұр ма шабам деп? Бір ауыз сөзбен шыбындап, бұралып түсер шабан көп. Шабан ба ең бәрің шетіңнен. Үндемей қалай отырсың, ет кесіп жатса етіңнен? Ебінді тап деген ел қайда? Ел сөзін ұстар ер қайда? Елінді тықсаң көмейге, қаптамас па екен шер бойға. Жо-оқ !

Ерден срдің нссі артық?Ептестірген сөзі артық.
Малдан малдың несі артық? Бір-ақ асым еті артық.
Жерден жердің несі артық? Бір-ақ уыс шөбі артық.
Елінің сөзін айта алмай, шегініп кеткен жігіттен
Аштан өлген аюдың бір шөкімдей өті артық!

Қазақтардың бірі тұқырғанда, кейбірі “Апырай, мынау қайтеді? Осал емес осы бала!” дейтіндей еңселене қап, үміттене бастады.

Қазыбек шеттеу отырған орнынан атып тұрып, хонтайшының тағына қарай аяқ баса бергенде, қай жерден шыға келгені белгісіз төрт нөкер жалаң қылышын жалақтатып қарсы ұмтылды. Хонтайшы жаралы жолбарыстың ыңыранғанындай қыжылды үн шығарды. Әлгілер қалай тез келсе, солай тез жоғалды.

Қазыбек хонтайшының қарсы алдына барып, қалшиып тұра қалды. Тізе де бүккен жоқ, тәжім де еткен жоқ.

Тамағын қырнап даусын қаңқылдата біраз созып тұрды да саңқ етті.

- Ел - ебелек, ер - кебенек емес, дат тақсыр!

Қалдан қозғалақтаған бойы әлгіндегі сіреscкен күйінен ажырап қалып, басын қайта-қайта изей берді де, сонысын өзі де сезіп қап бойын жинай қойды. Дауысы ақ ордада бүгін алғаш анық, айқын естілді.

- Өзгелерінді білем. Сен туралы естімеп едім. Маған айтпап еді. Өз жөнінді білдірші!

Қазыбек сол еркін түрде әдеттегі құрдастарымен ерегіскенде жанып түсетін шапшаңдығымен тағы даусын соза жауап берді.

- Атым Қазыбек. Әкем Келдібек. Халқым - қазақ.

Руым - Қаракесек. Арғы ұраным - “Алаш”, бергі ұраным - “Қарқабат” деді.

Қалдан Башықты еріксіз еңсеріле еңкейді.

- Дұрыс, Қазыбек. Дауысың қаздың даусындай қаңқылдап, қарамасыңа қоймайды екен. Ал енді датыңды айтшы.

Қазыбек қазақтар жаққа бұрылып көз салды. Ағаларының еңселері көтеріліп, көздері ашылып, қабақтары жадырап кеткенін байқады. Әсіресе Албан Сырымбет батырдың қатты қопаңдағаны, Дау бидің қайта-қайта “жөнің дұрыс, бағытың оң” дегендей қуана бас шұлғығаны одан сайын арқаландырып жіберді.

Қазыбек екі көзі от шашып Қалдан Башықтыға жалт қарағанда, өткір көзден жасқанды ма, өз-өзінен қипақтаған хонтайшы шошаң еткен оң қолымен бетін жасыра берді.

Қазыбектің шынында да дәл қаз қаңқылына ұқсас ашық даусы кең ордада тіпті ерекше естілді.

- Уай, алдияр! Біз - қазақ дейтін мал баққан елміз. Бірақ ешкімге өздігімізден соқтықпай жай жатқан елміз. Еліміздің құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз. Басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз. Дәм-тұзды ақтай білген елміз. Асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз! - деп сәл кідірді. Нөсерлеп екпіндеп төгілген сөзінің соңындағы “елімізді” нықтап айтқан сайын елшілердің иықтары өсіп, кеуделері тіктеліп, көздері ұшқындап-ұшқындап кеткенін төменде отырған бар ойрат та, жоғарыда тақта отырған хонтайшы да анық бажайлаған. Әлгі жігерлі үнге, балалық махаббатқа һәм айдыны мен айбынына сүйсінген мақтаныш сезіміне толы “Елім!” деген үздіксіз қайталаулар Қалданның шекесіне тық-тық тиген шегедей боп еңсесін түсіріп, мысын басып, манағы құдірет танытатын бар сесінен айырып, пенделік күйге құрсаулай бастады. Осы жағдайды сезімтал көңілмен тап басқан Қазыбек енді өздерінің арнайы келген сапарының негізгі талабына ойысты. Бірнеше күннен бері “Мен айтар болсам, қалай айтар

едім? Қайтіп шарықтап шығып, шүйіп түсер едім? Талабымызды тас-түйін ғып, тас лақтырғандай солқ еткізіе жеткізе алсам, елімнің терезесі теңдігін айғақтап; асқақатаған ханның қарсыма тұра алмас босандығын таныта алсам-ау!" дейтін ой-толғағы міне шешілді де кетті. Соны жас жігіт әрі қуана сезініп, әрі жігерлене тоқып, түйдек сөзді әрі қарай жалғап әкетті.

- Уай! Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды! Анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз! Сен қалмақ болсаң, біз - қазақ, қарпысқалы келгенбіз. Есе қуып ентелеп, шарпысқалы келгенбіз! Сен темір болсаң, біз көмір. Еріткелі келгенбіз! Сен ән болсаң, біз аспап. Шерткелі келгенбіз! Қазақ, ойрат баласы, танысқалы келгенбіз. Танымайтын жат елге, табысқалы келгенбіз. Табысуға көнбесең шабысқалы келгенбіз!

Тағы сәл кідірді. Хонтайшы қозғалақтап басын шұлғып қалды. Қазыбек әлгі екпінді бұзбай, көмейінде тіреліп тұрған елінің сөзін де, аманатын да басқа ұрғандай батыл ақтарды.

- Уай, алдияр! Уай, ойрат! Сен қабылан болсаң, мен - арыстан! Алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар, жарысқалы келгенбіз. Тұтқыр сары желіммін. Жабысқалы келгенбіз. Берсең, хан, жөндеп бітіміңді айт! Бітімге келмесең, тұрысатын жеріңді айт!

Қалдан Башықты орнынан ұшып тұра беріп, Сыбан-Рабтанның жақтырмай жалт қарағанын көріп, қайта шөкті. Сасқалақтап қолын шошаңдатты.

- Өзің еліңнен сөзге келген бала... ә-ә... адам болсаң, анау отырған орның қандай төмен еді. Былай мына маған жақындап, жоғары шықшы, жоғары!

Қазыбек әлі де қатты толқыған, қызынған күйінен босамай, шиыршық атып тұрған. Хонтайшының ықыласына іштей разы болса да, әлі де есебін түгендеп, есесін қайтара берейін деді ме, әлде қазіргі жалындап тұрған жаны басқасын қажет етпеді ме, сәл басын иген болды да, тағы да құйылып кетті.

- Біздің қазақтың әдетінде жасына қарай отырып, жағына қарай сөйлей береді. Өзімнен үлкен ағаларым төрде отырса, өз орным маған төбеде отырғанмен бірдей, - деп жалт бұрылып, орнына қайта барып тізе

бүккенде, ағаларының дүрк-дүрк дауыстары құлағына ызындап қана жетті.

- Айналайын-ай! Азаматым-ай!
- Ел үшін туған ерім екенсің!
- Көрден төрге бір-ақ суырып шықтың-ау!
- Бар бол, баршыным!

Ойраттардың ауыздарына құм құйылғандай ақ орданың ішін меңіреу үнсіздік басты. Томсарған жүздер ашылып, жазыла сөйлер халден баз кешкен. Ауру жанның қинала ыңқылдағанындай ауыр күрсінген әлдебір ноянның дыбысынан селк еткендей тақтың алтын шынтақ сүйерін уыстай бүріп отырған хонтайшы сол жағындағы Сыбан-Рабтанға иек қақты. Сол-ақ екен ханзада тайшы атып тұрып құлағын тоса қойды. Жыбырлаған еріннің не деп жатқанын көңілденген қазақтар да, сазарған ойраттар да, әрине, естіген жоқ.

Қазыбек қытайы майлық орамалымен маңдайын сүртіп, қызынған дененің біртіндеп сабасына түсе бастағанын сезінді.

“Айта алдым білем. Елдің сөзін жеткізе алсам деуші ем... Шынымен жеткізе алдым ба?.. Ағаларым риза ғой. Хонтайшы да, ойраттың осындағы бар игі жақсылары да жауап қата алмады емес пе. Естігенде өз көкем не дер екен? Көкем риза болса шіркін. Атқосшы, ат күтуші боп бар деуінде де бір гәп бар-ау. Әй, мына екеуі неге көп сыбырласып кетті?.. Құдды бір өсек айтқан қазан-ошақ басындағы қатындар сияқты. Өлтірсең де, өлсең де, самбырлап айтып-айтып тастауға не жетсін. Дегенмен хонтайшыда түйсік бар. Төрден орын ұсынғаны - бітімге бастар қолын ұсынғаны емес пе. Одан артық қалай тұспалдасын?...”

Сыбан-Рабтан ханына бас иіп, құрмет білдірді де, бір аттап қана жүзін елшілерге бұрды.

- Күллі ойрат-мұңғұл жұртшылығының аса зор мәртебелі қасиетті әміршісі, Гобидің құмынан да көп қытайды қалтыратқан, ормандағы сансыз ағаштай самсаған орысты үркіткен ұлық дәрежелі Қалдан Башықты хонтайшымыз күн сәулесі мол түскен Кіндік Азияның байырғы ұлысының тақ мұрагері, жарты жалғандай қазақ даласының, қазақ жұртының һәм

өзбек, һәм қырғыз ұлыстарының ұлы ханы Тәуке баһадүрдің құрметті һәм құзырлы елшілеріне өз дастарқанынан қонақасы беруге ниет қылып отыр. Аса мәртебелі алдиярымыздың осы меймандос ниетін үлкен жүректеріңіздің мейірімімен қабыл алуларынызды өтінеміз.

Сыбан-Рабтан оң қолын кеудесіне төсеп сәл бас иді.

Қазақ елшілерінің ханы Бертіс іле жауап қайырды.

- Аса мәртебелі, күн қасиетті, кең құшақты, мол құзырлы Қалдан хонтайшының бізге, құдіретті қазақ жұртына, қасиетті алаш әулетіне, қадірлі алаш еліне, олардың елшілеріне деген құрметін риясыз көңілмен қарсы алғанымызды үшбу мағлұм етуді зор мәртебе санаймыз.

- Дәл солай!

- Дөмнен артық емеспіз.

- Шақырған жерден қашпа...-

десіп шұбыра берген серіктерін Бертіс шайқаған қолымен тиып тастады.

Сыбан тағы да құп алғанын білдіріп, бас иген сыңай танытты.

- Қазір қонақ үйге түсіп, жайғасып, жақсылап тынығыңыздар.

Елшілер орындарынан жапырласа түрып, тақта отырған хонтайшыға бастарын шұлғи-мұлғи сыртқа бсттеді. Екі қапталдағы әрқайсысы бір-бір тас құдайдай боп қалшиып отырған ойраттың игі жақсылары қазақтар түгел шығып кеткенше, не қыбыр еткен жоқ, не еріндерін бір жыбыр еткізген жоқ. Елшілер шығып кеткен соң олардың не сөйлескенін, не шешкенін өздері білер. Ағаларының ең соңын ала шықан дыбыс аңдыған Қазыбектің құлағына ақ орданың араның ұясындай ызыңдап, дүрілдесіп, шулығысып кеткені сақ ете қалған-ды.

"Ә, шымбайларыңа қатты батқан екен. Оп-оңай ұйпалап қысып, ұйпап жұта салам дедіңдер-ау. Уысыңнан шығып, ұртыңа жетпей қалғанына өкінесіңдер ғой. Өкініңдер. Елден елдің, ерден ердің кемдігі жоғын білсеңдер, елдің елден несімен артық екенін, ерден ердің қай қасиетімен қадірлі екенін сезгендерің де

дұрыс. Әйтпесе елді ебелек құрлы көрмей, даласын өртеп, қаласын шауып бір жеп, елшісін балақтан алып, балтырдан қауып екі жеп биге шықпақ-ау. Дәмесінің зорын! Қабырғасы қайта-қайта қайыса берер қазақ жоғын, сол қарысқан қазақтың қабырға қайыстырар салмағын баласының-ақ аузынан сезген боларсың. Сез! Сезе түс! Сонсоң өзді-өзің қырқыс! Өзді-өзің сүзіс! Жер түбінен көтерілген шаң сенің де іргеңе кеп тірелерін, тіреліп қана қоймай шебіңді бұзып, шенің-нен кетерін де біліп қой. Қазақтың қолындағы бейбіт құрығы иегін көкке білемдеген сұңгіге айналарын, қолындағы қауғасы құлаштап соғар қара шоқпарға ауысарын, аузындағы тәубасы атойлаған ұранға озарын қалтыраған, дірілдеген, қалшылдаған суық терлі денеңмен сезіп қой. Шабылғанның қандай боларын сонда көресің!” дейтін ой қаужады.

* * *

Ел орынға отыра елшілер өз ауылына оралды. Хонтайшының өз дастарқанынан қонақасы жеген, көңілдері орындарына түскен ағаларының беттеріне қан жүгіріп қутындасып қалғанын көріп, Қазыбек те жайраң кейіпке түскен. Сонысын байқаған Дау мен Бабаназар екеуі екі жағынан қолтықтап тұрып, ақтарыла бата берді.

- Балам, мен сені өзімнің Аралбайымдай ғана асық ойнап жүрген баладай көруші ем. Бірақ сенің осы сапардағы бар-бар мінезің, тәсілің, әдемі қылығың жаныма жаққанын жасырмаймын да. Келдібек ағаның сені мынау елшілікке неге қосқанын енді ұққан-даймын. Өзіңнен көкең үлкен дәме қылады екен. Әке балаға сыншы. Адаспапты. Сен бүгін бетіңді аштың. Әмсе алдыңнан жарылқасын, ұлым! - деп алақанын жая беріп, бетін сипады да, дереу Қазыбекті мол құшағына көміп алып, бауырына қысты.

Осы жақсы бейілді бүкіл жадыраған жанымен құптап тұрған Дау да тебірене жөнелді.

- Қазыбекжан, есінде ме мен саған “Сен айтарсың. Айтарсың-ақ!” деп сенгенімді. Үміт артқанымды.

Ақтадың сенімді, бар шыным. Құдай-ау, аузымызды біреу құлыптап тастағандай жым-жырт мөлигенімізде, қара жердің тесігі болса кіріп кетердей қорланғанымды білсең. Даудан да жеңіліп, жаудан да ығысып құр сүлдеріміз сүмірейіп тұрғанда сенің жұлқынып шыққаның, арқамыздан зілді, кеудемізден шерді жұлып тастай берді-ау. Көзіңнен от, аузыңнан жалын атылды-ау сонда... Әй, қазағымның қылыштай қиып түсер тілі бар екеніне масаттандым. Сол қазағымның сөзін қиыстырып айта алар ұлы бар екеніне мақтандым. Тіл-аузым тасқа! Өмірден жаңылыспай, адаспай өт, шырағым. Алдың әмбе ашық болғай. Өрісің кеңейе берсін. Жеңісің көбейе берсін! Тәңірің қолдап, қорғап жүрсін! - деп сөзінің соңын батамен аяқтаған Дау жас жігіттің басынан қос қолдап ұстап тұрып, еңкейтіп әкеп мандайынан сүйді.

- Рахмет, ағалар! Айтқаныңыз келсін, Бабакем! Дегеніңіз келсін, Дау аға. Екеуіңіз бір-ақ үйіп-төгіп бере салдыңыз-ау. Көтере алсам... Көтеруге тырысармын. Ақтауға тырысармын, - деді қатты толқыған Қазыбек екі ағасына кезек қарап.

- Көтересің, балам. Елдің ендігі жүгін де, салмағын да сен көтересің. Тек қана теріске бастауға, адастыруға асығып тұратын әзәзіл тірлік пен дүние боқ жаңсақ бастырмасын сені.

Осыдан кейін Қазыбек ауыл шетіне оңаша кете беріп еді, әлдекім артынан қуып жетті. Жырғал ноян екен. Иығынан ұстап өзіне қаратты.

- Қазыбек, мен саған әлгіндегі екі ағаңның айтқанынан асырып айта алмаймын. Бірақ саған деген құлаған көңілімнің белгісі болсын, өтініш білдірем. Қабыл көрсең қуанышымда шек болмас, - деді.

Қазыбек сәл күдіктеніп тұр.

"Апырай, мыналардың басқан ізімізді аңдып, Жазған жағымызды тыңдап отырғаны ма сонда? Ағаларыңның айтқанын естідім дегеніне қарағанда біздің бүкіл самбырлап сөйлескенімізді құлағын түріп, құпиямызды біліп жүреді екен-ау. Әй, аңқау да, момын салпыетик қазақ! “Астыңдағы атыңа сенбе, қойнындағы қатыныңа сенбе” деп нығарлағаның кімге қажет, арыстанның аузында отырып та ішіңді

ақтаратын болсаң. Әлде қатының білгенді қайынжұртың біледі. Қайынжұртың білгенді былайғы жұртың біледі дейтін сақтықтан сақтана-сақтана ет өліп кеткендік пе біздікі.

Әй... мынау ноянның менде не өтініші болмақ. Не досымды алам демес, не басымды алам демес. Басқасына пысқырмаймын да.”

Басын изеді. Жігіттің ойланыңқырап барып келіскенін өзінше жорыған Жырғал Қазыбектің бейіл құрметін одан әрі асырды.

- Мен саған ат мінгізем демеймін, Қазыбек. Аттан кенде болмайтының қазірден-ақ белгілі. Тон кигізем де демеймін. Торқа тон, алтын жаға иініңнен онсыз да түспейтінін шамалаймын. Сенің кеудеңнен ел көшіп, жұрт қонып жататын, көкірегіңнен селдей ағып, бұлттай көшіп жататын көркем ойың мен құдіретті тілің барына көзім жетті. Сенің үлкен болашағыңа менің айтар өтінішім де үлкен. Екеуміз төс қағысып дос болайық. Ертеңгі ойрат-қазақ татулығының басы да болсын! - деді.

Қазыбектің дәл мына өтініш ойламаған тұсынан жеткен еді, қапелімде сәл аңырып тұрды да, тез келіскен түрін жылып сала берген қарасы үлкен кең көздерінен танытып, ақсия күліп жіберді.

- Әй, Жырғал аға! Татулық белгісі деп арқамды асқарға тіресеңіз, басқасын түгендеп қайтем. Қазақ пен жоңғар қарумен сәлемдеспей, құшақтасып табысса, ығыр болған екі елдің бүлінуі тиылып, тыныштығы орнар-ау. Ылайым соған жазсын. Төсіңе төсім дайын. Достығыңа достығым әзір. Міне бүкпесіз, қалтарыссыз құшағымды да аштым. Ішімді де ақтардым!

Төс төске түйісті. Достықтың туын биіктетті. Татулықтың сүрлеуіне алғашқы ізді екеуінің әдемі тілегімен түсірді.

- Менің өзгелерден гөрі... өзгелер деп қандастарымды айтам да... өздеріңе ықыласым неге ауа беретінін өзім де білмеуші ем... Өткенде сенің қазақ әуеніне құмартқаныңды көргенде... Сол әнді іздеп табаныңды тасқа соғып жалаңаяқ жүгіргеніңді де, Шараһаймен кездескеніңді де көргенде... менің де

іштей бір құбылуым... дүниемнің төнкеріліп түскендей болуы басталған тәрізді. Енді сезсем - қазаққа бүйрегім бұра беретін күйім бар екен.

Жырғал ноян “осыны неге бастадым?” дегендей ыңғайсыздана бөгелді де, “бірақ әйтеуір бастаған соң, тайсақтап кетуім орынсыз болармен ” әрі жалғастырды.

- Мен Қалданның ең үлкен ағасының баласымын. Яғни Ерден Батыр хонтайшының немересі болам. Әкемді туған інісі өлтірген. Сыбанның маған іші жылымайтынын да білем. Сендерге мені тындатып қойса, сыртымнан мені тыңдайтын әлденеше адамы барын да білем... Әй, ол жағын қайтеміз. Айтайын дегенім: шешем Жәңгір ханның немере қарындасы екендігі. Әкем шешемді керемет жақсы көретін. Шешем де әкемді қатты құрмет тұтатын. Менің тілім де қазақша шыққан еді. Әкем шешеме кейде: “Мағфуза, ән салшы бір” деп отыратыны әлі есімде. Онда да қазақша айтқанын ұнататын. Шешемнің сол кездегі ән шырқай отырып, үлкен сұрғылт көздеріне мөлдіретіп қос тамшы жасты үйіре қоятынына алғаш сәби кезде “неге жылайды” деп үрейлене қараушы ем. Кейін неге екенін білмеймін, әннен де бұрын сұрғылт көздердің ұзын кірпіктерінің ұшына байланып, ұзақ дірілдеп, толықсып тұратын сол қос моншақ тамшы жасты көргенше асығатынмын. Әкем өлгеннен кейін көпке ұзамай шешем де көз жұмып еді... Біздің төңіректегілер: “Қатын алсаң қазақтан ал, өзің өлсең, құсадан қоса өледі” деп қарқ-қарқ күліп мазақ ететін. Ал маған салса, қазақ әйелінің қосағына деген құрметінен, қызметінен, құштарлығынан артық еш нәрсе жоқ тәрізді. Содан ба менің де әйелім қазақ қызы. Атақты Сүйіндік руының бір мықтысының шаңырағынан. Шараһайдың неге қазақша ән салатынын енді түсінген шығарсың. Ал Шолпанның өле өлгенше ауылына, еліне деген сағынышы тауысылған емес. Шолпан ән салды дегенше дүние түгел күрсініске, аңсауға тоғытыла береді. Шараһайдың әуеніндегі мұнды ырғақтың төркіні қайдан шыққанын, Қазыбекжан, енді ұққан шығарсың.

- Иә! Ұғындым. Өзінді де, Жырғал ноян, ұққандай

болдым. Қазақтың салтымен жиен деп қалжындауға да, жезде деп ойнауға да болар еді. Бірақ оған жібермей тиып тұрған бір бөгесін бар сияқты. Әлде ол сенің жат елдік болғандығыңнан ба. Әлде сендердің көрмейтінді көретін, естімейтінді еститін епсектіктеріңнен бе. Әлде сендердің қазақ қыздарын шырылдатып алып қашып, ғұмыр бойы торда ұстап, торықтырып, зарықтырып қоятын әлімжеттік әдеттеріңнен бе. Мен сені дос танып, құшағымды аштым. Ішімді ақтардым дедім. Бірақ ол бүкіл қазақ іші емес. Жылаған жанның мәңгі ұмытылмас шерін сонау көгілдір мұнар тасасындағы жыртық шекпенді қазақ ұмыта қоймаған болар. Сол көгілдір мұнар ішіндегі ұлынан бір, жерінен екі айырылған кекті ата мен мұңлы кейуананың ah ұрған шері мен зарын мен де қайтіп ұмыта алармын. Сенің мынау табаныңның астында тапталған жер сол күйзелген жұрттың атамекені еді ғой. Сол атамекен кіндік жұртты сағынған босқындардың сайдағы сайғақтай панасыз, шарасыз халін көріп отырып мен саған қайтіп қана ризалық білдіріп, мәре-сөре қалжындасам. Бойды ұстаған, ойды тежеген осы тәріздес өктемдіктерің, Жырғал ноян. Жері жақын деп қамсыз отырған қазақты жайғастыра бергенге әбден еттерің өліп кеткен. Бұдан былай қамсыз қазақ болмайтынын, ат-көлігін баптап, қайың найзасын саптап отырған, етек-жеңін түрінген ашынған қазаққа тап болатындарыңды ескеріңдер. Сендердегі темір тәртіптің бізге енбейтінін қайдан білдіңдер. Қашқанның қуар күні боларына, сасқанның есін жияр күні боларына тәңір хақ куә.

- Ой, Қазыбек! Сен мені тым қажадың ғой. Еліңді шапқан да, талайдың төбесіне қазық қаққан да тап бір мендей-ақ. Көңілім адал, қолым таза болмаса, төсімді тосып дос болар ма ем. Әр жайды біз де топшылаймыз. Сендердің ойға құлап, қырға шұбап өздерің айтатын “Қайда барсаң, Қорқыттың көріне тап болғандарынды” білмейді деп пең, білеміз. Енді берсең, құдай, жоңғардан бер жолды! Есемді де, есебімді де түгендейтін кез туды деп алақандарыңа түкіріп, тас түйін отырғандарынды да білеміз. Тәуке хандарыңның қажырына да, қайратына да, білімі мен

біліктілігіне де қанықпыгз. Ең алдымен осы хандарыңның өзге төре тұқымындай мақтаншақ, мансапқұмар һәм қатыгез еместігін де байқап қалдық. Бәрінен де бұрын Тәуке ел қамы, ұлыс бабы - ұлт бақыты дегенді көп күйттейді. Бізді, ойрат жұртын сескендірген де, қорқытқан да сол тірлігі. Қалдан хан сендермен бітім жасауға дайын. Татулыққа да бейім. Ендігі оның арманы - Қытай хуандиы иектеген Халқаны хандығына қосып алу. Одан әрі, шамасы келсе, шүршіттің өз ішіндегі ішкі мұңғұл жұртын түгел бодандықтан құтқарып алып, бұрқанымыз оң қарап, желеп-жебеп берсе, бір тұтас ғаламат үлкен ойрат-мұңғұл хандығын құрмақ. Одан арғысын мен айта алмаймын. Сен сезесің. Ал әзірге бейбіт бітім жасаймын деп отырған Қалданды білем. Қазақтың қолды болған мал мен жанын түптел іздеп, сұрау салғандарын тегіс қайтарындар дегеніне өздерің шығып кеткеннен кейінгі кеңесте бөрімізді шырылдатып отырып көндірген, - деп Жырғал естіген-білгенін түгел жеткізді.

Қазыбек бас изеді. Ноянның қызғылт қоңыр сақалының кешкі шапақта онан сайын қоюлана түсетінін назарынан тыс қалдырмай, мына ашық әңгімесіне ризашылық танытты. Әлдебіреулердің ағаш арасында жүргенінен сезіктеніп, үйлерге қарай бұрылды.

Дау сыртта жүр екен, сабырлы сөйлесе де секемденгенін сездіріп алды.

- Қазыбекжан-ау, апақ-сапақта жалғыз не ғып жүрсің? Не дегенмен бөтен елдің бөгделігін ұмытпаған жөн.

- Білем, Дау аға. Бөтеннің бөгделігі де есте. Бірақ амал не... - деп Қазыбек күрсініп қалғанын да сезбей ішке еніп кетті. Дау ілесе кірді.

- Ой, Қазыбекжан! Бауырым-ау, неге күрсіндің? Неге жүдедің?

- Ә, жай! Әшейін көнілдің әрі-сәрілігі ғой.

- Өйтіп алдаусыратпа. Тым құрыса бөлісіп көтерейін. Айтсаңшы күдігінді, - деп Дау жікжаппар болды.

- Бітім болады ертең.

- Оу, сүйінші неге сұрамайсың!

- Бітімнің боларын бағана білгем. Оны өздеріңіз де сездіңіздер. Қалданның ойы әріде. Зілі артында, - деп Қазыбек тағы тығылды. Күрсінісі енді анық естіліп, іштегі ауыр толқынды ықылықтатып атқызды.

- Оның зілсіз күні болған беді, Қазыбекжан. Бүгін ылдиласа, ертең аспандайды. Аңдысқан дұшпанның әрекеті ежелден солай құбылады. Оның таңсық түгі жоқ. Бүгін тырнақ бүгіп, азуын жасырып қалса, ертең қапыңды тапқан бойда, тырнағын тарбитып, азуын ақситып бас салады. Оның несі жұмбақ.

Қазыбектің қабағы ашыла бастады.

- Ей, рас! Солай болатыны хақ. Ал мен ... мен. Арқамнан қаққанға алақаны енді жұмылмастай, жұдырыққа айналмастай көріппін-ау, - деп күле түсіп, Жырғалдан естігенін айтып берді.

- Ой, Қазыбекжан! Балалығың бар-ау әлі. Оу, ол алдымен сол шүршітке барсын. Шаптығып шабына ши жүгіртсін деп қуанбаймысың қайта. Шүршітті шауып ала ма, ажалын солардан тауып алар ма, бір құдайға аян. Мұңғұл-ойраттың басын қосам деп жүріп басыңнан айрылғанын білмейді ғой. Қайдағы тұтас хандық! Тас-талқаны шығады. Шегірткедей қаптаған шүршіт өлігімен-ақ тұншықтырып өлтірсін.

Казыбек сақылдап күліп ала жөнелді.

- Түу, Дау аға! Қолмен қойғандай еттіңіз ғой. несіне үріккем. Оған дейін біз де тірлік қылмаймыз ба! Қыламыз. Мәмлакатымызды жөндейміз. Саяқ қашқанды да, теріс басқанды да қайырып әкеп, бұғалықтап бұрып, бір тізгінге жинап, бір кіндікке байлаймыз. Байлаймыз.

Домбырасына қол созып, бір шабытты қағысты Қараша үйдің түндігін желбіретердей күмбірлете жөнелді.

А Р Б А У

Ханның жақсы болмағы,
Қарашының елдігі.
Қарашы халық сыйласа,
Алтыннан болар белдігі.

Бұқар жырау

1

Домбыра майда шертіске ауысты. “Саймақтың сары өзені” бұрқ-сарқ тасыған жоқ. “Қара боран қағындының” үрейлі суылы тірілген жоқ. Майда әуен өзінің күйіне үндесті де, түндіктің тесігінен шүйкедей шұбатылып тарап жатты.

Сол елшіліктің жолы болып еді. Малды да мол айдап, тұтқындағы жанды да босатып алып, елдей көшіп қайтып еді-ау. Қаз дауысты Қазыбек атандырған Қалдан хонтайшының: “Мен хан болғалы, басыма қасиет қонғалы ешбір жанға тізе бүгіп көрген жоқ едім... Жығылғанымды білдіріп сендерге бір сый қылайын.

Балам, Қазыбек! Сен жаңа үйреткен жас тұлпар екенсің! Сенің айтқан сөзіңе менің буыным шыдамай, сіресіп қап, тұра алмадым. Сондықтан саған екі түрлі белгі беремін. Біреуі - сенің даусың қаздың даусындай қаңқылдап шығады екен. Сол себепті сенің атың бұдан былай Қаз дауысты Қазыбек болсын. Екінші - қос тоғыз жүлде байладым. Бұдан былай сен екі сыбағалы бол!” -дегені әлі күнге құлағында. Бұның екі сыбағалы болғанына қуанғандар да мол болды. Күндегендер де, қызғанғандар да аз болған жоқ. Атақты ел береді. Даңқыңды жұртың шығарады. Атағынды ағайының көре алмайды. Даңқынды аталасың жанталаса өшіруге тырысады. О да өмірдің маңдайға жазған бұйрығынан.

Атақтымын деп асқақтамағаны тәңірге аян. Даңқтымын деп тәлпіштенбегеніне барша куә. Бәлсінген балшық құдайларды талай көрді. Табанда тапталып, атынан атағы бұрын өшкендерін де біледі. Алыс-жақынды тең көрсең, зұлымды бүктеп, жауыңды алдыңа өңгерсең, дүниенің бұзылмай, адалдықтың ауытқымайтынына көзі әр кезде жетіп келеді. Алдына келгеннің кейбіреулердей қойны мен қонышын тіміскілеген жоқ. Әділдік деп тіккен туын биіктете түскен абыройына қышаудай кіршік жуытпай келе жатқанына міне елу жылдай болыпты. Бар мұңы - ел мұңы. Бар мүктажы - ел мұқтажы. Сол ел-жұртына жарты ғасыр бойы төсек боп арқасын теседі. Жастық қып жанын жайды. Алғыстан басқа алғаны жоқ. Рахметтен басқа байлағаны жоқ. Берекені ниеті берді. Ырысын адалдығы еселеді. Көз сатқан да, көз алартқан да кезі болмапты.

“О тоба! Көк күмбезді кең сарайдан құрым киізді қараша үйді артық көретін түз қазағымыз-ау. Түңлігіміз желпілдесе, уығымыз сықырласа, ұйқымыз шырайлана түсетінін өзгеге қайтіп түсіндірерсің. Әлде желдің суылын, жапырақтың сыбдырын, судың сылдырын ана әлдиімен қоса естіп өскен қыр ұлына табиғат анасының әртүрлі әуезі құлағына үнемі жетіп тұрмаса, жетімсіреп жабығып қалар әдетінен де ме екен? Құрым исі танауына келмесе, тандыры кеуіп, тамағы қаңситын қазақтың бірі болмасам, Әз Тәукенің қасында көк күмбездің астында, көк мәрмәрдің үстінде бас уәзірдің құзырлығын құнттап жүре бермес пе едім...

Мәмлакатымыздың тізгінін бір қолға ұстатқанымыз хақ. Әруағынан айналайын Әз Тәукенің тұсында ұйытқылы елге ұйысқанымызға, бір кіндікке байланып, бір қазықты айналғанымызға жасыған жауымыз, басылған дауымыз куә. Ру-рудың бірін бірі иектеуін, бірін бірі жұлқылауын, жұлмалауын, жұмарлауын тоқтатуға қаншама күш салғанымыз бір құдайға аян. Әсіресе ойрат тірлігінің темір тәртіп, қатал жосығына сүйеніп жасаған қарекеттеріміз тегін кетпегеніне шүкірлік етумен болдық қой сонда. Сол күндері Тәукенің “жеті жарғысын” түзбесек, мынау ата-бабаның қаны мен тері сауылдап құйылған сары белді,

салқын көлді, самалы ескен жайын далада қазақ жұрты оүгінгідей жер басып жүрер ме еді, жүрмес пе еді. О да бір құдайға аян. Тауарихтан өшіп кетейін деп тұрған, бірін-бірі жұлып жеп, өзді-өзі қырқысқан тағыдай боп таласып, тағы тірлік кешкен сан ұлысты бір ұлтқа ұйыстыра білгенімізді енді мақтан ғып айтуға да болар еді-ау. Не керек... “Өлдің, Мамай, қор болдыңның” кері келмеді ме. Әз Тәукенің көзі жұмылысымен ұлы хандықтың тәжінің салмағын көтере алмай, тағының киесін ұстап қала алмай Қайып қақыратқан іргені, Болат ажыратты. Сәмеке құлатып тынғалы отыр...”

Домбыра ышқына безілдеді. Ышқынған жанның күйігі он саусақтан екі ішекке құйылды. Екі ішек безек қаққанда шанақтан шапшып төгілген ащы үһілеу боз үйдің босағасына соғылды. Керегесіне керілді. Шаңырағына шаншылды. Ашық түңліктен аунап түсіп боз далаға боздап ала жөнелді. Боздаған күй ішкі күйікті қозғап, қоздатып ала жөнелді...

Жалындаған жас Қазыбек қылшылдаған қылыштай еді. Қазақтың төріне келген Төуке төрт құбылаға түгел жайылып кеткен қазақ даласын түгел игеріп ұстауға, тізгіндеп тартып отыруға бір өзінің шамасы жетпейтінін анық ұғынған-ды. Шашылған елді, шұбырған жұртты, ыдыраған халықты бір шеңберге сиғызу үшін ықшам-ықшам үш ұлысқа бөлген еді. Алатау мен Қаратауды жайлап, елдің түстігі мен жердің биігін иемденген ұлысты Ұлы жүз, елдің тұтас адырлы шоқылы тауы бар, айдынды шалқарлы көлі бар, ұзын аққан даласы бар қазақ елінің кең орта тұсында дүрілдеген ұлысты - Орта жүз, ылдиға қарай еңістеп кеткен жерлердегі батыстағы басқыншы көршілеріне батылдық пен батырлық үлгісін көрсеткен ұлысты - Кіші жүз деп атаған. Осы үлкен-үлкен үш ұлысты мансап десе қыршаңқы сәуріктей кісінеп, әкесі ұлынан қызғанып, баласы әкесін күндейтін Жошыдан тараған керауыз, кермылтық сұлтандарға бермей, елдің көзіне түсіп, құрметіне бөленіп, қадір-қасиетін асырған қарашыға билеткен еді.

Ұлы жүздің екі тізгін бір шылбырына оралған

оңаша билігін Әлібекұлы Үйсін Төле биге, Орта жүздің екі тізгін бір шылбырына байлаған түгел билігін Арғын Келдібекұлы Қазыбекке, Кіші жүздің екі тізгін бір шылбырына түйілген жеке билігін Алшын Байбекұлы Әйтекеге ұлық Тәуке хан кемеңгер көрегендікпен, берекелі білгірлікпен ұстатқан еді. Содан бастап, “Құдай - көкте, хан жырақта” деп тымағын алшысынан киіп, тіс арасынан сыздықтата шырт түкіріп қойып, көп бүліктің басы болатын кеудемсоқ байлар мен үй арасында қазан-ошақты ат тұяғымен жапырып, арсылдаған иттер мен шәуілдеген күшіктерді қамшының астына алып қыңсылатып, тоқты-торым өңгеріп, бота-тайлақты қуалап кететін байбаламшыл батырсымақгарды, сыпалап көмейлеген парасынан көз жасы аққанша қақалып отырып, ақты қаралап, қараны саралап інісін ағасына жығып беретін бишікештерді жайшылықтағы жынынан айырып жымдай қылған үш арыстың аты аспандап, әруағы асып түскен еді. Ол ол ма, жер кіндігіміз деп кердеңдей басатын төрелердің қараға батырған тізелерін қағып жіберіп қана қоймай, сол “көктегі құдай да, жердегі құмай да - өзіміз!” деп жүрген сұлтандардың арасындағы ырың-жырынды басып, көп келеңсіздіктеріне тиым салған соң, қара қылды қақ жарған әділдігімен, қылдай қиянатқа баспайтын адалдығымен үшеуі бірдей ел көзіне түсіп, жұрт құрметіне бөленген еді. Қырбай төрелердің қырсығынан туындайтын талай-талай үлкен қақтығыстар мен іргелі шайқастардың алдын ала білген бұл үшеуіне деген алаштың алғысында шек болған жоқ. Жаны ауырса да жақсысын қарақтайтын, басы ауырса да жақсысын күндейтін қазақ шіркін Төле, Қазыбек, Әйтеке дегенде екі қолын қусырып, құдайдан да құдіретті көріп, тәк тұратын.

Балапан басына, тұрымтай тұсына боп “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан” кейінгі кер кезең, зар заманда, атадан ұлды, анадан қызды айырған жоңғар шапқыншылығына қарсы алты алашын, қалың қазағын қайта көтерудегі үшеуінің еңбегін кейінгілерге аңыз ғып жеткізген де, қайырымды тани-көре білген тұстастары еді. Әсіресе он сегізінші ғасырдың жиырмасыншы жылдарының орта шенінде Орта жүз

бен Кіші жүздің ауылдарын қысы-жазы аралап, елді бірлікке, ұлдарын ерлікке, бай, билерін ауызбірлікке шақырып, азаттық аңсаған халықтың тәуелсіздігін әперіп, атамекенін құтқарудың қажеттігіне ұйытып сауын айтқан Қаз дауысты Қазыбек ат үстінен түспеп еді. Алты малтаны қорек қып, жат қолында қалған қайран Сарыарқаның сарқыраған суына шомылуға да мұршасы болмай, даласының түнгі шығына омырауын төсеп, күндізгі мұнарына бетін шайып, кең өлкенің кер бетегесін сырлас етіп алғаны да сол кез еді. Ақыры ұлы бидің еңбегі босқа кеткен жоқ. Ғайса пайғамбардың туған күнінен есептегенде, бір мың жеті жүз жиырма алтыншы тауық жылы Ордабасыда өткен үш жүздің игілерінің бас қосуы - бүкіл жауға қарсы шайқасқа шығу үшін халық боп атқа қонған алаш бірлігінің көрінісінен туындаған еді. Алатау мен Қаратаудың иықтасып түйіскен мүйісіне саты-сатыланып сұғынған адыр-төбелерді, қырат-қырларды алдына салған Ордабасы оқшау көтерілер еді. Оқшау көтерілер еді де, айналасындағы Бадам мен Арыс өзендері ирелеңдеп қиып өтетін жазыққа шекесінен қарар еді. Содан да ма Ордабасы қазақтың ежелден алқалы жиыны, дүбірлі диуаны өтетін қасиетті мекені болатын.

Сол құт боп енген тауық жылының жадыраңқы жазында үш жүзден құйылған мол нөпір оқшаулана бөлектенген осы төбенің үстіне қазақтың айбатының белгісіндей ала байрағын қадап, әлі де ешкімге белін алдырмас айдынын шартарапқа танытқан еді.

Сол алқалы жиынға исі қазақтың бетке ұстар қаймағы - ханы мен биі, сұлтаны мен бегі, батыры мен байы түгел ақтарылып жеткен еді.

Қоян жылғы қан қырғында тоз-тоз болған жұрт өзбек пен сарттың, түрікпен мен қарақалпақтың қақпасын қағып, қайыршылық кебін киіп, өзге елдің өңменнен итерген өктемдігін бастан кешкен алаш ұлдары елдікке шақырып, бірлікке бастап, тендікке уағыздаған үш бидің арқасында қайтадан еңселеніп, ат-көлігін қамдап, қару-жарағын сайлап, намысқа қызып қолына түкіріп отырған-ды. Ордабасыда қазақ жасағының бас сардары мен ту ұстаушысын сайлап алып, елдің кіндік қазығы Түркістанды, Түркістан

төңірегіндегі жоңғар жамбастаған Ташкент тәрізді отыз қаласын, Арқадағы даласын, Алатау, Алтайдай ақиық тауларын, Жетісу толы бақша-бауларын жаудан босатып алу үшін қаһарына мініп, кек тасқынындай ағындап, тау бүркітіндей шүйіліп жауды жерден қумақ, елді жерге қондырмақ болған-ды.

Қазыбектің қара домбырасы баяулай түсіп, нәзік шертіске ауысты. Ендігі майда әуен тынши қалған жыртық шапан, малма тымақты момақан жұрт-шылықтың Ордабасының қырқасына арнайы тігілген үш қосар үйдің айналасына жиналып, төңіректі көрсетпей жауып кеткен көптігіне қарамастан, сол үйдегі өтіп жатқан диуан кеңесінің шешімін күткен шыдамды сабырындай сезілді. Майда әуен кенет саңқ-саңқ еткен дыбыс шығарып, әлгі бірыңғай лебінен айырылып қалды. Қоңырқай сазға қобалжытқан ащы үндер араласты. Саусақтардың алма-кезек шанақ сабалаған тарсыл-гүрсілі көбейді. Екі ішектің екпінді әуені екілене жөнелді.

Сол күні сол Ордабасыдағы сол іркес-тіркес алтын үзік ақ ордада да сабырлы басталған кеңес кенет шиыршық атқан айтыс-тартысқа астасып кеткен еді. Айтыс-тартыс тағы да сұлтандардан шыққан болатын. Бұрыннан да кең далаға симай, кежілдесіп қалып, кеңірдектесе керілдесіп жүретін төре тұқымы мынау жан-жағы қусырылып, жайлауы жұқарып, бұқарасы бытырап кеткен кезде де екі иығын жұлып жемей қайтсін. Әр сұлтан өзі шыққан төбесінің биік болуы үшін қолынан келгенін істемеді ме? Аннан қашып, мыннан қашып босқан елдің бошалағандарын құрықтап қуып кеп, қууына ілеспегендерін қырып кеп, мал мен басын көбейтумен болған жоқ па. Малы артса, байлығы еселенеді. Еңсесі өседі. Басы көбейсе, соңына ерген жасағы молаяды. Жасағы молайды дегенше одан мықты сұлтанды мынау әркім өз кеудесін құдай ғып шаншып алған алмағайып кезеңде тауып көр. Қайдан табарсың. Апиынын иіскеп, күшәласын езіп ішкен көксау Болат хан ба адыраңдаған сұлтанды қайырып әкеп келеге салар. Салар болса, жел аударған қаңбақтай онда бір күл төгіп, мұнда бір күл төгіп, көше

бермей, ордасын орнықтырар еді ғой... Әрқайсысы жоңғардың бір қуыршақ құдайындай кекірейген Әбілқайыр, Сәмеке, Барақ, Батыр, Әбілмәмбет, Күшік сұлтандар жараған бурадай бұрқырап ұлы хандықтың тағынан да, ұлыс хандығының тағынан да дәмеленіп, жалақтап алған еді. “Кім біліпті, бақ құсы таққа да, боққа да қонатыны, басқа да, тасқа да саңғитыны өтірік болмаса, құдай қырын қарамаса, күллі алаштың құмарттырған тізгіні, тіпті ұлыс тізгіні-ақ саусағына ілікпес пе! Ал сол тізгіні құрғыр бір ілікті ме, көкіректе шемен боп байланған арман итті қаңсылатып теуіп қап, одан да әрмен, одан да зор тағы бір арманның күшігін көкейіне қондырмас па.

Мынау Ордабасы - сол ынтызар тілектің, аласұрған арманның орындалар жері. Ендеше талмай, табандап тартысып, қажымай қарысып, бас сардарлықты басыңа бөркіндей бір сұғып ал. Содан кейін сардар бөркінің хан тәжіне айналуы оп-оңай. Үш жүздің жасағын басқарар сардар, құдай сәтін салып күні ертең жоңғардың жонын тілгілеп қуып, жерде айқай, көкте айқай жеңіспен оралса, ұлы хандықтың алтын тағы жамбасына өзі кеп түсе қалмай ма! Ендеше мынау кеңеске барыңды сал. Қашанғы тұяқ серіппей жата бересің. Өзің өзеуремесең, өзгенің сені ойлар да, сені сайлар да түрі көрінбейді. Сені аңғарар Үйсіннің ұйпап өтер құдіретті Төле биі ме, Арғынның азулы Қаз дауысты Қазыбегі ме, Алшынның әділетшіл Әйтекесі ме. Жоқ. Кеудесінде жаны, балағында биті барын танытатын дәл осы ара. Семсер боп сілтенбесе, қылыш боп қиып түспесе, көк сүңгі боп қақыратпаса, көлеңкесіне де отырғызбайды мынау қара бұқара халық. Анау дүрілдеп жеткен түрін көрмеймісің. “Хан-сұлтанға қарайлаудан, төреге телмеңдеуден не таптық? Сор қаптық. Жер құштық. Енді қара халық төресіз де күн көреді. Төреге ел керек емес екен, қанды апандай кең көмейін толтырар қансоқта жем керек екен. Енді жем бола беруге көнбеспіз!” деп құлшынғандарын көрмеймісің.

Жоқ! Мынау сақалы шоштандаған үш биге кімнің жалы тұтас, кімнің құйрығы қалың екенін көздеріне шұқып отырып көрсетпесең, сағыз сорғандай ауыздарын мәймите бергеннен танар ма. Сол мәймиген

мылжың ауыздың шаршаған кезде әлдебір боқтышаққа қисая салмасына кім кепіл. Төрдегі басты есікке сүйреп, қашанғы өздері білсін, өздері екшесін деп, жаңа түскен келіндей боп көтіңмен жер иіскеп, көзіңмен көтіңе қарап мөлиіп отыра бересің. Аңысын аңдаудың уақыты өткен. Бұл жолғы таластың жөні бөлек. Жығылып қалдым дегенше - тұралап қалдым дей бер". Осындай дәмелер мен түйіндер кеуделерінде тіріліп, көкіректерінде түйілген соң бірін-бірі күндеген, бірінен бірі қызғанған Әбілқайыр да, Сәмеке де, Барақ та, Әбілмәмбет те кезек-кезек суырылған еді. Өз қадірін оздырып, өзгенің құнын тоздырып, жатып кеп тәжікелескен еді.

Қазыбек сол кеңестің сол тұсын еске түсірді ме, бас шайқай беріп, саусақ қағысын баяулатты да, ащы мысқылмен мұрт астынан мырс етті.

"Әй шіркіндер-ай! Сонда ел қамы, ұлт бабы деген біреуі болсайшы! Әрқайсысы сиырдың жорғасындай митындап шаң бұрқылдатқаны болмаса, іліп алар бір пікірге бармады ғой. Пікір қайдан болсын. Пікір тұратын қуыс қалдырмай, тұла бойды тек "болсам, алсам, толсам!" дейтін өзімшіл қомағайлыққа толтырып қойса. Әсіресе Әбілқайыр сұлтанның сұрқиялығы ғаламат-тұғын. Көп сұғынбаса да, шыжбалақтаған Жәдік тұқымының сұлтандары бірінен соң бірі алдына кеп сұлайтынын күні бұрын сезіп, тартыс-таластан бойын аулақ салған боп, ортаға түскен сүбелі сыбағаға қызықпайтын кінәз төбеттей боп шеткері шоқиып алып еді-ау. Ондағысы сыбағаға таласқан сұлтандар бірін-бірі жұлқылап, бірін-бірі қансыратып шаршап шалдыққан кезде көз алдарында қомақтанып жатқан сүбені бір-ақ қылғып, жоталанып шыға келмек болған. Сөйтті де ол. Көбік ауыз көп сұлтаннан шоқтығы биік екені де рас болатын..."

Домбыра тағы екілене жөнелді. Ендігі текірек қағыста ішкі ширығудан туған өкініш бар ма. Өткен күннің қапысын енді аңғарған, қателігін енді түсінген кемеңгер көңілдің өзін-өзі қамшылауы бар ма, домбыра безектеуі үдеп барады. Ұзап барады.

Ордабасыдағы алқалы жиын ақыры Әбілқайырды бүкіл қазақ жасағына бас сардар ғып сайлаған болатын. Қазақ жасағының ала байрағын көтеретін ту ұстаушыға Қаңжығалы Бөгенбай батырды лайық көрген еді. Содан кейін-ақ жауда кегі, жоңғарда есесі кетіп жүрген қазақ екі алақанына түкіріп беріп еді, Алатауды қыстаған, Арқаны жайлаған ойратқа ал кеп шүйілсін! Алдымен Бұланты мен Бөленті өзені бойындағы Қарасиыр деген жерде жоңғарды алғаш тұмсыққа соғып, ақ сүйек қып арқаланған алаш енді озандаған үнін аспаннан да әрі асыра алар құдіретіне сенген болатын. Сол-ақ екен Әбілқайыр жасағына тұс-тұстан тау суындай жөңкіліп аттылы-жаяулы құйылған қазақ Қаратау бойынан қашқан қалмақты Ілеге дейін ығыстырып, Көкше теңіз - Балқашқа қарай дүрілдетіп шегіндіріп жіберген.

Ендігі ұлы айқастың да, сол ұлы айқас арқылы ертеңгі не жеңіс, не жеңіліс табар үлкен сынды да күткен екі жақ Ғайса пайғамбардың туған күнінен есептелінетін бір мың да жеті жүз жиырма тоғызыншы доңыз жылы Хантауының етегіндегі Итішпестің Алакөлінің түстігіндегі Жусандалада тоқайласып қалған еді. Қолдың саласындай қатарласып құлдилайтын Ақсүйек, Ботабөрім, Тесік, Жыңғылды, Құрғақшолақ өзендері тілгілеп өтетін Жусандала дәл сол жылы жасылын молайтып, көгін көбейтіп қырмызыдай құлпырып тұрған еді.

Осы шешуші ұрысқа екі жағы да қатты дайындықпен кірісіп еді. Сыбан-Рабтанның қанасынан қан уыстап туған ұлы Қалдан-Серен хонтайшы шегіне берудің ащы дәмін татқан соң қазақтарды қайтсе де жеңемін деген далбаса тірлікпен үш түмен шерігінің маңдайын Жусандалаға тіреп, желкесін Топарға беріп, қасқиып тұра қалған-ды.

Үш жылғы жұттан жұталған, жоңғардың талаутонауына түскен шаруашылығын онша оңалдырып әкете алмаса да, қазақ жұрты бүкіл даласына сауын айтып жинаған жиырма мың ереуіл атты сарбаздарын, тағы он бес мыңдай жаяу жігіттерін Жусандаланың тау бөктеріне қаптатып жеткен еді.

Елі үшін еңіреген ерлердің, жері үшін қырқысқан

батырлардың қашанда мерейі үстем болатыны ақиқат. Жусандалада болған ұлан-ғайыр айқаста қазақ сарбаздары зеңбірегі гүрсілдеген, мылтықтары шаңқылдаған ойраттарға қарсы жалаңаш шауып-ақ, жан шыдатпаған. Ақыры Жусандалада жеңіліс тауып, өлігі тау боп үйілген ойраттың күңіренген, аңыраған даусы құлақ тұндырып тастап еді. Аңыраған жауының даусын құлақ тұндырса да, құлақ күйіндей қуана тыңдаған қазақтың азулы арыстан, қажырланған қабылан, буырқанған бөрі ұлдары қатындай боп қашқан жауын тірсектей қуып, бөрліктіріп жатқанда оқыс жағдай болып еді.

Әлдебір оқ қаңғып кеп тиді ме, әлде қастандық қылған әлдекім әдейілеп нысанаға алды ма - қазақтың Әз Тәукесі жамбастаған тағында отырған ұлы хан дейтін аты бар, бірақ ұлы ханға лайық құрмет-қадірі жоқ Болат хан аяқ астынан дүниеден озған еді. Опасыз дүние кімнің басынан өтпеген. Опасыз дүниені опасыздық опырайтқан өз кеудесінің үрейлі қуысымен өлшейтін көп пенденің өзгенің опасыз дүниеден озғанына қарап, өзінің де түбінде бір озарын ойламайтыны жаман ғой. Ол ол ма, сол опасыз дүниеден озғанның артында қалған тірілердің сондай күй өзіне де жетерін ойлап үрейленудің орнына, сол опасыз дүниеден озғанның үңірейіп қалған орнына үңіреңдеп таласатындары қиямет-ау. Өзгенің обал-сауабынан гөрі қарақан басының қамын күйттейтіндер қарға-құзғындай қаптамай ма. Елден бұрын қағып түспесе, елден бұрын жұлып өтпесе, бәсіресі басқаның тақымында кеткендей ішімен иттей ұлып, сыртымен қоймай күңіреніп ғұмыр бойы бар тірліктен баз кешіп өтпей ме.

Болат ханның өлімі жеткен сәтте-ақ ала жылан, аш бақа сұлтандардың ырың-жырың бақастығы заматта балалап, күншілдігі заматта күшіктеп сала берген еді. Алдымен Барақ сұлтан бүлік басы болғанды. “Оу, қашқан жауға қатын ер” деп мені жаудың көтіне жалақтатып салып қойып, маған шабақтатқызып, күні ертең таққа талас қызған кезде Аңырақайда жеңісті сардар боп мен әкелгем, жауды мен қашырғам, елдің айбынын мен асырғам деп Әбілқайыр

сұм зіркілдеп, күркіреп шыға келмей ме. Ал халық дейтін даңғаза шудан басқа ештеңенің парқына бармас көттақы тобырға көктегі құдай да Әбілқайыр, жердегі құдай да Әбілқайыр болып көрінбей ме. Содан кейін Әбілқайырға қопарыла ауған ел ықыласы анау бай аңсаған жесірдей тұл тақытқа соны қонжитып қондыра салмай ма. Содан соң бір жүйрікті мініп, бір жүйрікті жетектеп қусаң да өмір бойы түлкі боп бұландаған қу арман - Жәдік тағы жаман Үсіктің шибұтының тақымына түскен соң сірә жеткізер ме".

Осындай арам ой, қиянатшыл тілек Барақтың жүрегін осып түскен. Жаны тызалақтаған сұлтан қашқан жауды тірсектеуді тоқтатқан. Жаны мұрнының ұшына келіп, енді-енді жантәсілім қылуға шақ қалған жоңғарлар көктен сұрағанын Барақтың қолынан оп-оңай алып, аман-сау жылыстап кете барған.

Барақ бүлінген соң өзгелердің өзіне оң қабақ танытпасын сезіп, ұлы хандықты бұл тұста алмақ түгіл, маңайына жоламасын білген Әбілқайыр қашқан жауды қуғызбаған. Қумаған. Қуу қайда, қолды бөліп, өз жасағымен Аңырақайдан тайып тұрған.

Сатқындықтың үлкен-кішісі болмайды. Опасыздықтың ауыр-жеңілі болмайды. Ел мүддесін өз мүддесіне жығып берген сатқындықтан өтер қылмыс жоқ. Өз ұлысына жасаған опасыздықтан өтер қиянат жоқ. Бірақ ханы өліп, туы құлап, бірлігі бытырап, берекесі қашқан ел тағы да жан-жаққа ыдырап, ауа бөлініп, жыртылып-айырылмасын десең, сұлтандардың сатқындығына да, төрелердің опасыздығына да көз жұмып қарап, көрмеген бол. Елемеген өліп таныт. Өйтпесең, жоңғарға көтерілген қылыштың өз басыңа қарай сілтенуі оңай. Ойратқа оқталған жебенің өз өңменіңе қадалуы әбден мүмкін. Дүниені қайта бөлуге, тақты таласқа салуға дайын тұратын сұлтандар ойраттың қаны, қазақтың қаны, қалмақтың қаны деп қарауылдап қарап тұрмайды. Қанжығасына қомақты олжа байланар болса, қарауына топырлап қарашы кіріп, қорасына қылқұйрықтың аласы мен қарасы толатын болса, жас төгілді, қан сауылдады деп шімірікпейді. Төгілген жастың кімдікі, сауылдаған қанның кімдікі екенін ежіктеп жатар болса, ұлыған

иттей айдалада сенделіп, аузына түсейін деп тұрған сыбағадан айырылып қалмас па. Сол мың күдік шабақтаған кезде өзгеден бұрын өктемдемейтін, өзгеден бұрын ұмтылмайтын сұлтан жоқ. Ал бәрінің жамандайтыны тағы Әбілқайыр. Тағы да Сәмеке мен Батыр.

Ал Аңырақай қазақтың түскен еңсесін көтерген, еңкейген кеудесін тіктеген ұлан-асыр шайқасы екені қазір даланың түкпір-түкпіріне аңыз боп тарап, жыр боп жайылуда. Аңырақай - тұтас қазақ туын көтеріп шыға келсе ойбайлатқан ойратты опырып жібере аларына көзін жеткізіп еді. Түбі бір, тегі бір, түбір-төркіні бір алаш жұрты жұмылған жұдырық боп түгел жиылып жетсе, алмайтын жауы, шықпайтын тауы болмайтынына сеніп қайтып еді. Амал не, соғыстың сойқан сұмдығын қайтып оралтпайтындай қып, жоңғарды басқа ұрып, азуын қағып тастап, омырт-қасын опырып жеңістің кілтін енді-енді қолға түсіргелі тұрғанда бақас сұлтандардың қырсығынан шегініп кеткендерін қынжыла айтады. Қыжыртатындары Барақ сұлтан. “Ойбай-ау, бұл неткен тойымсыз ит еді. Ау, алдымен жауыңды жайратып келсең, сүбелі сыбағаңды мынау риза болған қарашың - халқың алтын табаққа салып өзі-ақ тартпас па еді. Жоқ! “Әбілқайыр немең барлық жеңісті де, атақ-абыройды да иеленіп кетеді де, бүкіл тақ пен тәжден құр қалам!” дейтін бақай есеппен құлайын деп тұрған жоңғарды қолтығынан сүйеп шығарып салғанын қайтерсің-ей, ә! Тұтылып тұрған жонғар жауың, аман-есен құтылып кеткен соң, бармақтісте не, тістеме не, Ертең-ақесін жинап, жарасын жалап жазып алған сол жоңғар немең есе қуып, едіреңдеп атойлатып қазақты шаппас деймісің. Шапқанда қандай! Жылау күндер, бұлау күндердің көкесі сонда болады!”

Қарғайтындары Әбілқайыр. “Құдай-ау! Барақ төбетің мөңкісін-ақ. Әй, бас сардар екенсің. Басқа ғашкерің құрып қалып педі. Салмадың ба анау шатқаяқтаған ойратқа. Ойсыратпадың ба көзіне көк шыбын үймелетіп. Жоқ! Оған Әбілқайыр өлерде барсын ба. Оның да көкейін тесіп бара жатқан ала бас құрты - анау Болат ханның астынан түсіп қалған

алтын тақ, басынан ұшып түскен алтын тәж. Құдай-ау, бұл қу құлқынның тояр кезі болар ма. Сұрапыл соғып тұрған оқ пен оттың ортасында өз күйін күйттеуден өтер қиянат жоқ шығар-ау. Әбілқайыр сардарың сонау жан беріп жан алып жатқан сарбаздарының жайын ойлап, шайқастың одан арғы жағдайын қарастырудың орнына әркіммен бір пыш-пыш сыбырласып, әр бимен бір оңаша күбірлесіп, ақырында үлкен тақтан үміті үзілерін сезгенде, “тағыңды бермесең, сағыңды сындырайын сенің, қазақ!” деп Кіші жүздің бар қолын майданнан суырып шығарып, “шуу, қарақұйрық!” деп өзімен ілестіріп Ырғызына тартып тұрғанын айтсаңшы. Бұдан өтер опасыздық болар ма? Бұдан артық сатқындықты тауып беріңдерші, әу жарандарым! Жасақтың жартысын ойсыратып алып кеткен соң, қалғандар қайтіп соғысар. Соғысам деп жүріп өздері опат болмас па шетінен қылқан қырыққандай бейкүнә азаматтарым! Опасыздық өртіне шалынған бейкүнә баршындарым!”

Домбыра ышқына безілдеді. Домбыра ашына бебеуледі. Домбыра жанұшыра жүйткіді. Ышқынған жанның ашынған көңілінен жанұшыра айқайлаған, атойлаған үндері боп төгілді домбыра әуені. Опасыздыққа қарсы қолынан келер дәрмені болмай селдіреп қалған шебінің енді жеңіс емес жеңіліс табуы мүмкін екеніне көзі жеткен сарбаздың ышқынған, өкінген, өксіген жанының ашынған күйігінің сұлтандар мен төрелерге лағнат айтқан қарғысы боп жүйткіді домбыра сарыны. Қаз дауысты Қазыбектің дөңгеленте қойған сақалына екі тамшы жас тырс-тырс тамды. Тырс-тырс тамған қос тамшы қысастыққа әлі де шыдамай еңіреген жүрегін солқ еткізді. Солқ еткен жүрекпен бірге тауы мен даласы қосыла дір еткендей болды.

Жоқ! Қара халықтың, қалың бұқараның қарғамайтын, қайта кеуделерде ұйыған бүкіл алғыс-құрметін, ризашьшық, алғысын күніне он мәрте, жүз мәрте бағыштайтын бір сұлтаны бар. Ол - Абылай! Аңырақай шайқасы талай аңызға арқау болса, сол

Аңырақайдың дүниеге әкелген жаңа жас батыры, даланың жаңа жас көсемі Абылай әртүрлі аңызға ғана емес сан алуан дақпыртқа да, сан түрлі қисса-дастанға да, сандаған әңгіме-ертегіге де арқау болған еді. Бір аңыз былай көсіледі.

Сабалақ деген тұлдыр жетім баланың жастайынан көрмеген құқайы, татпаған зәрі, жұтпаған шері, баспаған жері болмапты-мыс. Айдалада айтақырда тілі аузына симай қаталаған кеудесінен жарық жалған бұлдырап алыстап енді ұшайын деп тұрғанда перінің қыздары тап болып өз жеріне алып ұшып кетіпті-мыс. Содан періште елінде әлденеше жыл тұрып, перілікті қабылдап, періштеге үйленіпті-мыс. Ақыры не керек, жеті ықылымның ғаламатын игеріп, жеті ықылымның ісін үйреніп, жеті дүниенің тілін меңгеріп алған соң, “ит тойған жеріне, ер туған жеріне” деп баяғы айдаласындағы айтақырына топ етіп түсе қалады-мыс. Ендігі мақсаты - елін ұшпаққа шығару, жерін жерұйыққа айналдыру. Сол үшін қалың қазағын аралап өтеді, алты алашын адақтап шығады. Үш жүздің. жұртшылығында түгел болған Әбілмансұр сол үш жүздің қазақтарын сынап та жүрген ғой. Әз Тәукенің үш жарғыш биінің үлкені Төле бидің тәлім-тәрбиесінен біраз үйренейін деп малын бағып, қарапайым бақташы боп та жүрген қайран сабазың! Әдейі бишара міскін кейіпте жүрген Әбілмансұрдың кім екенін дәл баққан дана Төле би Сабалақ деп атап, ұлындай ғып ұстапты шіркін шахбазды. “Ерді кебенек ішінде таны” дегенді алғыр Төкең де ескерген шығар-ау. Не керек ақыры Сабалақ бала жүрегі кең, құшағы ашық, әуені асқақ, азаматы - шешен, биі - көсем деп Орта жүз қазағын таңдап, солардың арасында тұрып қалыпты-мыс. Атығай Дәулетбек байдың киімшең баласы боп төбесінен орын алып, төріне шыққан соң, Дәукеңнің байлығы одан сайын шалқып кеткен ғой. Біреуі үшеу боп, үшеуі әлденеше боп айналдырған екі-үш жылда Дәулетбек байдың ырысы тасығаны сонша, малының тұяғы жердің жүзін жасырыпты. Абырой-атағын аспаннан да әрі асырыпты-мыс.

Хош. Аңырақай шайқасында қазақ-жоңғар текетірес түсіп, кімді-кім қанжығаға байлар дейтін

таразы басы теңесіп тұрған ең бір қысылтаяң, ең бір шешуші сәт тумай ма. Енді қылар амалдың ретін таба алмай Барақ, Батыр, Әбілмәмбет сұлтандар өзді-өзі кіржіндесіп тұрғанда, күшәласына мәңгіріп Болат хан бұйыққанда, хайласының бәрінен жұрдай боп бас сардар Әбілқайыр сандалғанда, Жалынқұйрықты жұлдыздай ағызып, “Абылайлаған! ” ұранын қара жерден көк аспанға шапшытып Әбілмансұр жауға жалындай боп тимей ме! Кірген жерін тесік қып, шыққан жерін есік қып, ой, кеп жүздеп, мыңдап жайратпай ма жоңғарды! Әсіресе хонтайшының бір батыр ұлы сондай алып болған көрінеді. Тура Құждың аумаған өзі дейді. Сол майданға ақырып кіргенде, қазақтарды көк құрақтай жапырып жібереді екен. Әлгінің үлкендігі сонша әр қолы құрықтай, өндіршегі сырықтай екен. Бір кезде Әбілмансұр балаға әлгі дүлей неме тап болмай ма... Бірі төбедей, бірі сол төбенің бауырында жайылған көбедей ғана. Бірақ құдайдың өзі қалаған пендесі емес пе Сабалақ күшік! Ой, сойқанды салыпты-ау. Алдымен сол қолды шауыпты-ау! Дүрілдеген дауыс, сауылдаған қан Аңырақайды тегіс жауыпты-ау. Аққан қанмен салындыдай ығып ағып кете жаздаған Жалынқұйрығын борбайға тартып-тартып жіберіп Әбілмансұр шырақ көк сүңгіні толғап кеп қалған ғой. Толғаған найза ұшқаннан ұшып барып, анау таудай өңкиген Құж неменің көзіне тиіп, оң көзін ағызып түсірген ғой. Төңкерілген отаудай боп ағып түскен көз сылқ ете қалғанда жер солқ ете қалыпты. Шашырап ұшқан жас пен қан сіркіреп сел боп жауыпты. Тарсылдап доп боп тамыпты. Бір тамшы қан Сабалақ сабаздың дәл төбесінен түскен екен, атматымен көміліпті де қалыпты. Құдай сәтін салғанда Әбілмансұр қарақ қылышымен ұйи бастаған қызыл-күрең қабыршақ пердені тіліп жіберіп, алмас қылышты күн көзінде найзағайдай жарқылдатып, Жалынқұйрықты тебініп-тебініп қалғанда, құдайға тәуба, атының қос қолтығына қос қанат бітіп, ұша кеп жөнелмей ме! Ұша кеп жөнелген Сабалақ шахбаз қылышын құлаштап сілтеп кеп қалмай ма! Асфаһани ақ алмас, көк құрыш, асыл болат өкіріп-бақырған дүлей неменің шаңырақтай басын доптай домалатып

шауып түсірмей ме! Домалап түскен шаңырақ бас бұрқ еткізіп жер қопарып, шаң суырмай ма! Суырылған шаң күн көзін бүркеп, жауып кетпей ме! Бір кезде бассыз қалған денеден атқылаған қан аспанда қалықтаған қазбауыр бұлтты қып-қызыл етіп боямай ма! Бассыз дене шайқала теңселіп құлауға айналмай ма! Ендігі гәп дененің қалай қарата құлауында болған ғой. “Не істеу керек? Қандай айла бар?” деп сәтке ойланған Әбілмансұр шырақ қорамсаққа қол салып сауытбұзар жебені ала-сала садағының серіппесіне тіреп тұрып, құлашын кере тартып кеп қалады ғой. Толағайдай толықсып тұрған тау денені тымақ құрлы көрмей жұлып түскен жебе топырлаған көп ойраттың дәл үстіне топ еткізіп тастай салған ғой. Өкірген, бақырған, ойбайлаған ойраттар өз батырының астында жаншылып, өңештен сауылдап аққан қызыл қанға тұншығып қырылыпты деседі.

Хош! Сонымен сол күні абыройы асқан, мерейі тасқан ұлан азан шақырып қойған Әбілмансұр аты да, Төле би бабамыз қойған Сабалақ аты да жоғалып Абылай сұлтан атанған ғой. Сұлтан аталуы тіпті қызық. Ойбай-ау, төре тұқымының бақталастығынан, бақас күншілдігінен, жауыз қатыгездігінен өтер зұлымдықтың атын атасаңыз, мұрнымды кесіп, қолыңызға ұстата салайын. Ә-ә, атай алмайсыз. Ал Абылайдың атасын да, әкесін де, аға-бауырларын да бықпырт тигендей етіп лақша бауыздаған өз ағайындары - сұлтандар көрінеді. Аңырақайдан кейін бәрі айғақ боп, оққа ұшқан Болат ханның орнына жұрт біткен Абылай сұлтанды сайлай жаздамай ма. Піспеген жастығын айтып, тәжірибесіз албырттығын ескертіп Абылайдың өзі екен тақ пен тәжден бас тартқан. Әй, сонысы бекер болған!.. Сұлтандардың ырың-жырыңын пышақ кескендей тиып тастар еді-ау хан боп қасиетті Әз Тәукенің алтын тағына отырғанда. Дүниенің кілтін ұстатқан жеті ықылымның ғаламаты мен ісін игерген, жеті ықылымның тілін меңгерген адамға ел билеу қиын болып па. Түбінде Абылай ел билігін ұстайды-мыс.

Дақпырт дақпыртқа жалғанса, ауыздан ауызға көшсе, ауылдан ауылға кетсе, жамау-жасқауы көбейіп, өтірік-шыны араласып, ақиқат пен аңызы

ажыратылмай жұрттың көксеген арманының дәл өзіне айналып кетпей ме. Бірақ арманшыл қазақтың Абылай сұлтанға деген көңілі кіршіксіз ақ еді. Ниеті тау суындай таза еді.

2

Домбыра майда шертіспен жорғалады. Майда шертіс сабасына түскен көңілдің мамыражай халінен хабар бергендей. Көңіл күйдің сан алуан құбылысын тап басатын қазақтың қалақшадай ғана қара домбырасына жететін құдіретті аспап табыла қояр ма екен. Міне, баяу ғана қозғалған он саусақ перне мен шанаққа нық қадалып, кеудеге әлдебір уаныш құйып, жұбаныш тапқыр сырлы сазды ғана саумалайды. Аласұрған жүректің аңсауы көп еді. Асықтырған, алқындырған күндер артта қалған соң, еліктіріп әкетер көп қызықтың ауылы да ұзап кетіпті. Тек сол өткен күндердің куәсі де, хабаршысы да, тілі де боп домбыра ғана тыншымайды. Зар толғау, кер толғау күйлерімен, сабырлы сарындарымен өткеннің өгейсіткен, өксіткен шақтарынан күрсінтіп отырып шаң береді де, сол өткен күндер шерімен қоса ерлігі, өрлігі, қайсар азаматтығы да болғандығын айқындап, серпінді үндерімен безектеп кетеді. Одан әрі сатқындық пен опасыздықтың күйігін тартқан елінің күйзелісінен туған өз ықылықтарын іштей ышқына атқытқандай екі ішекті перне бойлай жүгірген сол қолдың шапшаң қимылымен ширығады кеп. Толғанады көп. Содан ба ырғақ жиі өзгереді. Жиі алмасады. Қайтадан шиыршық атқан ой, бойын өзі тежеп, ентіккен көңілін сабырлық жұртына қарай жетелейді.

“Иә! Жас дәуренге қайта оралу жоқ қой. Кей-кейде сол шіркінге ойыңмен оралғанда да барқадар таба алмай қиналатыныңды қайтерсің. Әрине жастығыңды қия алмайсың! Әрнеге құмарланған құштарыңның бәріне жете беруді тәңір хақ мандайға жаза бермеген де ғой. Көкірегіңді қарс айыратын көксегеніңнің ұстатпай, елес боп кеткенін қайта жаңғыртқанда

жаныңның шорланып біткен жарасының аузын тағы бір тырнап алғаннан басқа не өндірерсің. Қайран Шараһай! Қолды болған малды айдап, тұтқындағы жандарымызды босатып алып, елдей көшіп қайтқанымызда жер түбінен жалғыз қара боп көрініп, сыңараяқ сүрлеудің шүйкедей ғып шаңын шұбатып артымыздан қуып жетпеп пең, қайран қаракөз!”

* * *

Қазыбек шөбере ағалары Бабаназар мен Даудың қасында келе жатқан. Өзгелерден гөрі осы екеуінің өзіне деген ерекше ықыласын сезе ме, әлде осы екі ағаға деген бой ұруы көбеюден бе, ұзақ әңгімеден жалыққан кезде тіпті кей-кейде қатты қалжыңдасып қалатын да жағдайы болатын.

Айтқандары өтіп, сұрағандары алдына түсіп көңілдері бірленген елшілердің жүздеріне жақсы күндеріндегідей нұр енген. Шетінен қуақы тартып, бірімен-бірі ашыла сөйлесіп, алдарыңдағы көк мұнары кілкіген төбе-шоқыларға сүйсіне қарап, жүрістерін де ширатып алған.

- Бабаке, Дау аға, көптен бері ауылдан шыққалы жатысымыз да, жайылысымыз да бір болса да, күйісіміз әрқалай бола беретіні қалай? Көңіл көпсіткен күдік болса, ол арылған, аршылған тәрізді болды ғой. Бірақ осы үлкендердің кеудесінің құлпын аша алмайтын дәрменсіздігімнің кілтипанын айта аларсыздар ма? - деп бетінің ұшындағы қою қызыл реңімен үлкен ақ тістерін жарастыра түсіп Қазыбек тың әңгіме бастады.

Алғаш “мына шіркін құрықты қайда тастайды” деген пікірмен сәл жымиған кең иықты, зор кеуделі Бабаназар Дауға бір қарап алды да, сабырлы, салмақты кейіпке көшіп, Қазыбекке бас изеді.

- Үміт аулатып, арман қуалататын жастан асып кеткен үлкеннің алды тарылып, арты ұлғаяды ғой, Қазыбекжан. Бұрынғыдай алдына қуана қарамай, күдікпен сығалайтын егденің өз ішіне көбірек үңілетінін ескерсеңші. Артындағысының енді орал-

масын, дәурен күндердің енді қызыл-жасыл боп жайлауына жолатпасын сезген көңілдің өзін де, өзгені де өгейсірейтінін сен әзір біле де бермейсің. Сол шолқақ дәуреннің шалқытқан жастығын енді ешқашан таппастай боп жоғалтқан адам сол жас дәуреннің қызуына өртеніп, көрігінде балқып жүрген жалынды жасын қай бір жақтыра қояр. Өзімшіл көңілдің өзгені күндеуі де қиянаттың бір парасы болса, сол өзімшіл кеудесінің кілтін аяншақ, кінәмшіл үлкендер екі жүзді қанжардай қылшылдаған парықсыз жастықтың қолына оңайлықпен ұстата қояр ма екен. Адам шіркін дүниедегі шешуі жоқ ең қиын жұмбақ. Ал сол адам өз кілтін өзгеге қарап тұрып ұстата салып, әлгінің қолындағы қырық айналдырып ойнар қуыршаққа айналғысы келмейді ғой. Ашылуының қиындығы, меніңше, осында болар, - деп еді, Дау әрі қарай іліп әкетті.

- Бабакең бәрін айтты. Қазып айтты. Әлгі айтқаны іші терең, ұққаны мен кеудесіне тыққаны көп молдың, бардың келбеті. Ал мен айтсам, бетінің қызылсыраған әрінен басқа көңілінің нәрі, жүрегінің нұры жоқ қуыс кеуде кәріні айтам. Өзімен еркін, тең свйлесетін адамнан - жасынан да жасамысынан да қашқақтап тұратын пәсті айтам. Құнары жоқ көкіректің өсиеті қайдан болсын, қасиеті қайдан келсін. Ойшыл сергек жүректен ішімдегі әлсіздігімді, жұтаңдығымды сезіп қалар ма деп, көзін алартып, түсін сазартып, сыртқы тонын суыққа салып, безініп отыратын солар ғана. Ой мен сезімнен, тіл мен ділден кенде қалғанын бүркемелеудің де бір түрі - қуыс кеуденің кілтін ұстатпау. Сен, Қазыбекжан, көбіне көп сондайларға кезігіп жүрмегейсің, - деп қатарласа үзеңгі қағысқан інінің арқасынан қағып қойды.

- Әй, рас айтасыздар! Солай екені көңілге қона кетті-ау. Бірақ осы мен сіз екеуіңізбен құрбы-құрдастай сөйлесем. Кейде кәдімгідей әңгімеміз де жарасып қалады. Басқа ұяның күшігі, бөтен желі-көгеннің жасы, төлі деп жатырқап жасқамайсыздар да. Сонда да көп жасыратын, көп тасалайтын бір қалқа тұстарыңыз бар. Соған онша жақындата, жолата бермейсіздер. Сірә, қызығы басылса да қызғанышы таусылмас әрі ыстық, әрі қымбат, әрі әр жеке бастың

құпиясы мол дүниесі-ау деймін сол қоймаларыңыз, - деп екеуіне кезек-кезек күлімдей қарап алды да, жастықтың ойнақы қылығымен сықылықтап күліп ала жөнелді.

- Мынау шіркін қайтеді?

- Тағы бір тосын жайдан, қиын шиырдан шаң бергелі келеді. Тұспалы тым күрделірек екен.

Енді екеуі бірдей ашық түспен ақтарыла күлген Қазыбекке қызыға қарап қалды. Жас жігіттің бойындағы өзіне ғана жарасар еркіндігіне де, кіммен болса да тең сөйлесетін парасаттылығына да, не бір қиын түйінді жеп-жеңіл шеше қоятын аңғарымпаздығына да тәнті болған ағалар енді сөзуар інінің қай аңғарға жалт беріп, қалай тосып тұрғанын пайымдай алмады.

- Е, не жасыріппыз? Сенен жасырардай құпиямыз бар ма еді, Қазыбек шырақ? - деп Бабаназар құлағын шұлғи құлшына жорғалаған шабдарының тізгінін тартып, кейінгі екеуді қатарына өткізді.

Осы шындығы екенін кірпігі жыпылықтамас қырағы көздің тіке қадалған ажары байқатты. Соны көргенде Дау да құптай түсіп, иек қақты.

- Бабакең жөнін айтып тұр. Басқаға болса да дәл саған, Қазыбекжан, еш бүкпеміз жоқ. Қайта сен біздің ішіміздегіні бүгін де айтқызбай-ақ сезе місің деп те қалам-ау.

Қазыбек одан сайын қиындата, құйындата түсті.

- Тағы да әрнемен бұлтарып кеттіңіздер, жақсы ағаларым. Ішімдегіні көресің дейсіздер де сол көрер тұсты, көме бүркеп тастайсыздар. Қиянат сол емес пе. Жаттан естісем, сырттан естіген болар ем. Онда қоспасы, жалғаны жалғаса жүрер еді. “Інім, бауырым!” дейсіздер. “Құпиям жоқ, кілтім міне!” дейсіздер. Алақаңды ашпай ғана жұдырық ұстатасыздар. Сеніскен сиқымыз осы ма сонда.

- Оу, шырақ! Сен тіпті өкпе айтып кеттің ғой. Соншалықты жасырынып не жазыппын? Тіпті жасыратындай... өзгеден емес, тап мына өзімдей өзіңнен жасыратындай не құпиям бопты. Ашып айтшы? - деп Бабаназар кәдімгідей қуыстанып, амалсыз күймен жапақ-жапақ еткенде, Қазыбек әлі де сол кірпік қақпас байсалды пішінмен: “Енді өзінді тындайық, аға! Ал

сөйле!” дегендей Дауға назар тіктеді. Дау да адал, аңғал адамның жазықсыздан-жазықсыз дегбірсіздене қалатын әдетімен сасқалақтай жөнелді.

- Оу, Қазыбекжан-ау! Ойпырай, айналып үйірген дауылдай қажалай бердің ғой қайта-қайта. Айтқызбай қоймастай шүйілдің. Жалтарғалы тұрғам жоқ. Бірақ нені көмбелегенімді сен білсең де, өзім біле алмай дал боп тұрмын. Қолқаң болса, бауырым, қолқамды суырмай ашып атасаңшы! - деп тізгін ұстаған қолының алақанын ашып жапты.

Қазыбек сол жым-жырт қалпы екеуіне қабағын түкситіп жіберіп, кезек-кезек шаншылып өтті. “Өтірігінді ұстадым! Бекер ақталасың!” дейтін зілді қарастай көрінді сол шаншылуы. Екі ағасы одан сайын қипақтады. Қипақтаған екеу бір-біріне жапақтасып қалды.

Қазыбектің қаз қаңқылды дауысы қатқыл естілді.

- Ау, қос бәйтеректей қос ағам. Саяларыңда тынықтым. Самалдарыңды жұттым. Жапырақтарыңның суылын естідім. Бірақ сол жапырақтардың таң сазында ғана бірімен-бірі сыбырласа қалатын, бірімен-бірі сырласа қалатын тылсым сыбдыры бар еді ғой! Тылсым сыбдыры жүрегінің жыры, жан-жүйесінің әні еді ғой. Сіздер қос бәйтерек ағаларым! Маған сол жүрек сырынан, жан дүние жырынан, әдемі әнінен нәр татқызбадыңыздар ғой. Өкпелемей қайтейін. Бұртимай не ғылайын.

- Не дейд?! Тылсым деп... жүрек сыбдыры ... сыбыры деп қайда бұрып барады? - деп Бабаназар әлі де ештеңе ұғына қоймаған күймен ажырая қарап қалды.

Диу да Қазыбектің нені тұспалдай тұсағанын аңғармады. Бірақ тұсаулы халде алысқа ұзамасын сезді. Ашығынан кетті.

- Сен енді бізді сонау кейіндеп қалған күндерге шақырып тұрғаннан саумысың? Оның несі таңсық? Қаңсыған сүлдері ғана қалған.

- Біреудің қаңсығы біреуге таңсық дейтін өздерің, үлкендер емес пе.

Ой, бәтір-ау! Нені қоймай тіміскілеп келеді десем... Оған сен құмартпай-ақ қой, Қазыбек шырақ!

Өзі-ақ құмартқызып жетеді әлі, - деп күнұзынғы құрсауынан тез босағанына қуанған Бабаназар үлкен денесін селкілдете күліп алды. Жаны тазаның жайдары күлкісі жанындағы екеуді де жадырата күлдірді.

- Е, бәсе! Сенен жасырар көмбеміз жоқ демеп пем! Әй, Қазыбекжан-ай! Кейде өстіп адамды аяқ астынан састыратының бар-ау! - деп Дау риясыз көңілмен қарқылдай күлгенде ақ тістерінің дымқылында күн нұры шағылыса ойнады.

Қазыбек күлкісін кілт тиып ала қойды.

- Бәрібір жалтарып кеттіңіздер. Ойдағының бәрін қашан айтып едіңіздер маған? Қоймадағыларыңыздан қашан дәм татқызып едіңіздер маған? Енді кеп біріңіз сүттен ақ судан таза боп, біріңіз судан таза сүттен ақ боп сусылдай жөнелдіңіздер. Қастарыңызға отырғызбақ түгіл ауыл-үй қондырмасаңыздар, мен неге бұртимайын.

- Әу, енді соны айт, соны білдір деп тоқетеріне неге көшпейсің? Немді жасырып, немді тыққанымды өзім де білмесем артыма қалжуыр байлағандай қылғаның не? - деп Бабаназар ішкі дүмпумен жығыла бастады.

- Ал айтайын. Бабаке, осы сіздің шақшаңыз қайда? - деп Қазыбек оқыс сұрақ қойды.

Бабаназардың түйіле бастаған қабағы жазылып сала берді. Кесек қыр мұрынның танауы желпілдеді.

- Әй, шырақ, ұстадың-ау! Манадан неге түтін салып, көп індетті десем, дәл осы тұсы бар екен-ау! - деп енді зор дененің өзіне лайық даусымен қарқылдап ұзақ күлді.

- Тағы жалтардыңыз. Көрсетпедіңіз ғой шақшаңызды.

Бабаназар қонышына қол жүгіртіп, арқар мүйіз шақшасын суырып алды.

- Міне! Насыбай атушы ма ең.

- Жоқ! Көрінген жерге көлкілдетіп түкіре беруді жаным жек көреді. Бері әкеліңізші. Жақсыны көрмек үшін деген. Әдемі зат екен, - деп қолын созды.

Созған қолға Бабаназар шақшасын ұстата салды.

- Жібі қайда?

- Не жіп? Қай жіпті айтасың?

-Әй, Бабаке! Бабаке! Қақпаңызды қанша қақсам да, сықырлатқыңыз келмейді. Ашылуы қиямет. Енді мен айтайын ба?

Бабаназар Қазыбектің бетіне шақшия қарады. Үнсіз бас изеді.

- Бабаке, осы сіздің мынасы ма, әлде басқасы ма, шақшаңыздың бір ғаламат қасиеті болыпты дейді ғой былайғы жұрт.

- Е-е, ол қандай қасиет екен? - деп Дау ынтыға қалды.

- Дау аға, кейде жансыз заттың да адам қызығар мінезі болатын көрінеді. Естуімше Бабкем ағаның сол шақшасы бұлаңдаған тәуір келіншегі бар, сылаңдаған сұлу қызы бар үйдің не төрінде, не босағасында ағамыздың қонышынан сусып түсіп, тығылып қалатын әдет тапқан деседі. Ал шақшасыз жігіт жігіт пе. Шақшасын іздеп кеп бұлаңдаған келіншектің үстінен оңаша шығатын, сылаңдаған сұлу қыздың оң көзіне ілінетін ағамызға сол сиқыр тылысымды әлгі шақшасы сіңірген деседі.

- Ой, бар болғыр! Қайдағыны қайдан естиді, - деп Бабаназар ыңғайсыздана жымиғанда, Дау Қазыбекті қазбалай түсті.

- Оу, ол шақшаң қызық шақша екен. Одан әрі не боптыҚ Сылқым келіншек, сылаң сұлулар не істепті?

- Оу, Дәуке-ау! Ол белгілі жайт емес пе. Сылқым келіншек, сылаң қызда көз жоқ деймісіз. Екі иығына екі кісі мінгендей, екі жанары сексеуілдің шоғындай жайнаған, қыран қабақ, қыр мұрыннан нұр төгілген жігіттің сұлтаны қолына күнде түсе берер ме, құлшынып құшағында түншықпаса, несіне ұрғашы атанбақ, - деп Қазыбек сөзінің әсері қандай болды дегендей Бабаназарға қабақ астынан қиыстады. Ағаның “рас! рас!” дегендей сәл бас изегенін байқап қап, әрі жалғастырды.

- Келіншектердің күйеуі, қыздардың айттырған жері болады ғой. Келіншек көңілшек болғанмен, күйеу қызғаншақ. Қыз қылымсығанмен, құда қытымыр. Аңдып жүріп аударып алған талай талтақ күйеу бұл ағамыздан таяқ жеген деседі. Байқастап жүріп бүлік шығарып, талай қолымен ұстаған құда бата бұзған

деседі. Сонымен ағамыздың шақшасы жоғалуын қоймаған соң ел арасы бүлінбесін дегенді ойлап шіркін Кәрсән шешеміз... Бибатима анамыз әлгі шыдамсыз шақшаға жібектен жіп тағып, бір ұшын ағамыздың кісесіне мықтап тұрып байлап берген деседі. Бұлар елден естуім ғана. Бабаке, сырттан естігеннің қоспасы көп болады. Өзіңізден естиін дегенім осы шақша жайы еді. Күні бойы ішімдегі бір асығыс тілек: “Осыны айт, осыны сұра!” деп тықақтап қоймап еді. Менің сіздерді қинағаным да сондықтан болатын. Мен де сол шідер салынбаған шақша әрекетіне бой ұрдым ба, бір жаққа бошалап кеткім де бар. Әй, бірақ... - Қазыбек әлгі ойнақылықтан адасып қалып, лезде өзгерген жүзін екеуінен бұрып әкетті де қолын сілкіп қалды.

- Ой, Қазыбекжан! Неге тоқтадың? Шақшаң да рас.Шақшаңның көздің жауын алған көріктінің көз қысысымен түсіп қалатыны да рас-тұғын. Апамның, дәу апаның кейігені де, ұрысқаны да рас. Бірақ жіп тақты дегені кейінгі кейбіреулердің қосқаны. Дәу апаның бас шайқағаны - шайтан шақшаны жіпсіз-ақ байлап тастаған. Байланған шақша мені де матаған еді. Жібермеп еді содан кейін,- деп Бабаназар ақ жарылды. Кеудесіне әлдене толды ма, тобылғы сапты қамшысын мытып тұрған бойда теріс айнала беріп тынысын дірілдете шығарып, ықылық ата күрсінді.

Қатарында келе жатқан екеудің бірі күрсініп, бірі тығылып қалғанын көргенде, Дау кәдімгідей абыржыды. Құбылғыш көңілдің сан саққа жүгіретінін білсе де, дәл қазіргі қосарлы үнсіздік бұны да қобалжытайын деді.

- Ау, Бәке! Әу, Қазыбекжан! Сендерге енді мен сәлемші болмасам, тым томсара қалғандарың қалай. Бәкендікі, мен білсем, өткен қызығын, ашық-машұғын аңсау. Қылаң берген бір елесті қайтадан ұшыратқан жанның беймаза аландауы. Ол өз басымда да бар. Үлкеннің ұмыттым дегені ұмытпадым дегені. “Басылдым” дегені бас ұрғаны емес. Бірақ алғаш көріскендегі оттай жанған жүздің алау демін, қара көзін ұяла күркелеген ұзын кірпіктің жасаңғырағанын қу көкірек өлсе ұмытар ма. Шын сағынған жандардың бірін-бірі аңсай іздеп, елеусіз нәрсенің өзінен елеулі мән іздеп,

соны тауып, соған тәуап еткендей мінажат тұтатыны әркімнің-ақ басында кездеседі. Лүпіл қаққан жүректің ауызға тығыла сыр ашқанын, жас төккенін сен, Қазыбек, әлі білмейсің. Білсең, бізді қинамас едің.

Қазыбек те, Бабаназар да Даудың “сәлемшімін” деп бастап, одан әрі өз ішін ақтармалап кеткен сәтінде-ақ қатарласа беріп, ынтыға тыңдап келе жатқан-ды. Екеуі қосарлана тіл қатты.

- Тағы, Дау аға! Айта түсіңізші!

- Шіркінің қалай сілтейді, ә! Бөгелме, Дау! Ары қарай жалғап жібер.

Дау жабысқан екеуге өзге дүниеден адасып келгендей бажырая қарап отырып, бас изеп қалды.

- Айт деймісіндер? Нені айтып ем?.. Не айтып келе жатыр ем?.. - деп тосылыңқырап қалды.

Қазыбек жастықтың шапшандығын тағы танытты.

- Нені айтпадыңыз сіз, Дау аға! Көп қой. Қойлы ауылдың Қордабай байының Ақсәуле дейтін сұлу қызын торып, қотан ортасында бой бағып жатқаныңызда, қойға қасқыр шауып, қасқыр қуған жігіттер сізді ұстап ала жаздағанын айттыңыз...

Шилі өзеннің жағасында жайлауда отырған Шілік байдың көргеннің сілекейі шұбырып, аузының суы құритын Мүгілсім аяшты алып қашам деп жүріп апанға қалай құлап кеткеніңізді, апандағы өзіңізге арс етіп ұмтылған көкжал қасқырдың жақ сүйегін қақыратып қалай айырып жібергеніңізді айтып келе жатқансыз...

Алпауыттың астыртында отырған Алпысбай төренің жіліктің майымен асыраған ақ үлпек Тотысын...

- Әй, әй, болды! Тоқтай қал.

- Оу, Дау шырақ! Бөлме сөзін. Өзгені айт, өзіме соқтықпа деуің қай қырың. Басқамыздың бақшамызға түсіп, шақшамызға дейін суырғанда да үндемеп едік. Ауыз қақпайлауға жетік екенсің, - деп Бабаназар Қазыбекке қулана көз қысып, өтірік қиғылық салды.

- Апырай, Бәке! Менің сасқалақтағаным... мына өрекпіген жастың өзіме соғуын қараңызшы. Күні бойы кеуденді ашпадың, кілтіңді ұстатпадың деп тымырайып отырып, дүниенің түгел түбін қопарып жүр екен-ау. Жасырған неміз бар екен сонда? Немізді бүгіп, тығып, құпиялап қалыппыз? Көктегі құдай біледі,

сонсоң өзім ғана білем деген селкеусіз сырымызға дейін қанық болса.

Бабаназар сылқ-сылқ күлді. Күліп тұрып енді Қазыбекке ерге бір жамбастай отырып, еңсеріле бұрылды.

- Уай, Қазыбекжан! Тілімізді қышытқан өзің. Еркіндеу кетсек көңіліңе алма. Бір асудан енді сенің өзіңді бізге тосудың да реті кеп қапты.

- О не дегенің, Бабаке! “Әзілің жарасса атаңмен ойна” деуді менің шығармағанымды білесіз. Қысылмай айта беріңіз.

- Айтсам, Қазыбекжан, әкеңнің, Келдібек бидің, ол кезде ол әрине би емес-тұғын, қыз таңдап көпке дейін үйленбей жүріп алғанын білмейсің. Шаншар абыздың бұлғақтаған бозбаласы қызды ауылдың сыртында талай түн қатқанынан өзіміз де хабарласпыз. Есіміз кіріп қалған, шет жағасын көрдік те. Сонан сенің әкең аяқ астынан Шәкеңе “осылай да осылай; дереу құда түсіңіз, маған қалындық айттырыңыз” деп бір қызды көрсетпей ме. Әй, Қазыбекжан, көңіліңе ауыр алып қалма, Тоқмейіл саған - шеше, маған - жеңге. Сол жеңгемізді Шаншар атамыз көріп, ә дегенде зәресі ұшып кеткен ғой. “Балам-ау, аяғын сылтып басады ғой” десе, сенің әкең: “Көке-ау, мен оны жарыстырып бәйгеге қосу үшін алам ба” демей ме. Шаншар атамыз, тағы да болашақ келініне қиыстай қарап отырып: “Балам-ау, көзі қисық қой” десе, сенің әкең тағы да: “Көке-ау, мен оған мылтық атқызу үшін алам ба” демей ме. Ұстар жерім осы болар деген далбасамен абыз атамыз: “Ойбай-ау, сөз байласқан бұрынғы құдалардың бетіне енді қалай қараймын” десе, сенің әкең домбыраны ала сап, сабалап-сабалап жіберіп:

Қаймағын піскен сүттің алдым қалқып,
Аяғы ақсақ болғанмен, ақылы артық.
Көзі қыли, сөзі мен ісі түзу,
Сөйлескеннен өн бойым кетті балқып, -

деп әкесін жеңіп кетіпті.

Сонда сенің ақылды абыз атаң:

"Жетер. Енді көңілім орнықты. Табашыға да жауап табылды" деп, көл-көсір той жасап, екеуін қосқан еді.

Үшеуі жайрандаса күліп, жадырап қалысты.

- Білем, Бабаке. Сіз енді менің шешемнің де не дегенін айтыңыз. Жұтпаңыз.

- Оны мен айтайын, Қазыбекжан. Оған өзім куә болғандықтан айтам. Көкең мені көбінесе жігіті қып қасына ертіп жүрді ғой. Шыршықтың төменгі жағында астық жинатқызып жатқанбыз. Бір топ қонақ сау ете түскені. Кілең Қоңыраттың атқамінер жақсылары. Өздерінің Келдекеңмен нағашылы-жиенді боп ойнай беретін жөні де бар екен. Келгеннен, Тоқмейіл жеңгемізді көргеннен көкеңді қағытып, соқтыға берді. Шешеңнің жаңа түскен жас кезі. Аяғының сылтып басқаны сәніндей, көзінің сәл қылилығы әсмдігіне одан сайын жарасымдылық бергендей көрінуші еді бәрімізге. Сол келіншек сыпайы ғана:

- Әу жігіттер! - деп кенет дауыс созғаны ғой. Шіркін, Тоқмейіл жеңгемнің сол кездердегі сыңғырлаған дауысы-ай! Өлгенді тірілтердей нағыз сыңғыр дауыс еді-ау!

Жігіттер қарқ-қарқ күлкісін тез қойысып, жалт-жалт қарасты. Тоқмейіл жеңгем сыпайы ғана:

- Көзім кыли, жасырмаймын ақсақпын.
Келдекеңмен сондай тату, жақсы-ақпын.
Татулықтың белгісіндей тамаша
Бес Бошанды билейтін ұл таппақпын, -

деп басын игенде, әлгілердің ауыздарына құм құйылып, үндері өшті де қалды.

- Білем, Дау аға, оны да білем, - деп Қазыбек жымиған күйі бас изеді.

- Білсең, сол ұл ылайым сен бол. Өзің бол, Қазыбекжан. Кім білсін, құдай Тоқмейіл апаңның аузына әлгі сөзді тегін салмаған болар, - деп Дау қатты үміт еткенін сездіргенде, Бабаназар бас шұлғи түсіп тұрды да:

- "Құдай бұйрығы, тағдыр жазуы" дегенді көп айта бермеуші ем, кейде соған қатты иланам. Емеурін деме, шырақ, осы саған шын сенімдімін. Сенің шешеңнің

әлгі бір ауыз өлеңінде төрт Бошан болатын. Мынау Дау ағаң өзіңді өте жақсы көргендіктен бізді де,- сырт Бошан Машай тұқымын да қосып, бес Бошан деп өзгертіп айтты ғой. Бауыр Бошаның қазір-ақ түгелдей Келдекеңнің иегінің астында. Сен, Қазыбек, бес Бошанды ғана емес, тіфә-тіфә, тіл аузым тасқа, сен бүкіл Орта жүзді, одан әрі өрлесем дүйім алашты аузыңа қаратар дүлдүлім боларсың, - деп жақсы көрген інісін тіпті шарықтатып жіберді.

Қазыбек қысылыңқырап ыңғайсыздана бастады.

- Оу, ағалар! Асатпай жатып құлдық дегендеріңіз тым асығыс емес пе. Бап шаба ма, бақ шаба ма, алдағы күн, алыс шабыс көрсетер. Бекер кесіп-пішпеңіздер. Ағаларымның қолына су құйып, кеңестерін бұзбай тыңдауға жарасам, басқасы артықтау.

- Не дейді! Ой, шіркін, бұқпалағаның не. Әке балаға сыншы болса, аға да ініге сыншы. Бізде де зерде бар шығар. Дәл осы елшіліктегі сенің талпынысың, соның әлгі біз ұйғарған үміттің айғағы болды ғой. Ызғарымен жарты әлемді бүрістірген Қалдан сұмды ықтырған сенен бұрын қазақ бар мед. Қалтырап отырып “Қаз дауысты Қазыбек” деп жалғанға жария еткені сенің ел бастар құдіретіңді сезгені. Ендігәрі ылдилағанынды көрсетпе маған! - деп Бабаназар сөзінің соңын аға-сынып қодилана бітірді.

- Рас айтасыз, Бәке! Тынымы аз, тыпырлауы көп тірлік пешенеңе жазылғанын, Қазыбекжан, бізден гөрі өзің көбірек сезесің. Сергектігіңе ризамын, - деп Дау жорғасын сәл ширатып оза берген көккасқа айғырдың тізгінін қымтып бөгеңкірей қойып қисая бұрыла жас жігітке қарай берген, кенет көзін артқа шүйілдіре тігіп, саңқ етті.

- Әй, анау шаң неткен жүрдек еді. Асығыс кім болды екен?

Бабаназар да, Қазыбек те жалт-жалт қарасты.

- Қатты келеді!

- Жалғыз қара!

- Жападан жалғыз жүргеніне қарағанда, тегін жүріс болмады!

Қазыбек жүзі әлденеге сан құбылды. Соны Дау байқап қап еді.

Әй, анау, Қазыбекжан, тап сені іздеп келеді. Домбыраңның соңғы күндері тым бүліне бебеулеуінен сезіктеніп ем.

Қазыбек тықыршып тұрды да:

- Сол! Өзі екен! - деді қатты танаурай деміккен түрмен. Көзі жайнап, жалындап барады.

- Сол дегенің кім? Кімді айтып тұрсың? - деп Бабаназар ентелей қалды.

- Сол дегенім - жоғалтқан шақшамды әкеле жатқан, күзетер қотаным мен түсер апанымды іздеткізер Шараһай қыз! Шараһай сұлу! - деп қан жирен атын борбайға бір тартып, Қазыбек қарсы атылды.

Бұл жақтан да тамыры кеуіп, сабағы қатая бастаған көденің үстінен тік түскен сілекейлі шаңды шүйкедей суыртпақтап жалғыз із түсті. Сәлден соң көз ұшында екі шаң тоқайласты да, ұйытқып көкте жұмарланып қап, түйілген түбіттей селдіреп тұрып, сейіліп кетті.

Тұрып қалған екеуге енді ғана тіл бітті.

- Апырай! Жастық-ай! Жалынсың-ау!

- Қызды айтсаңызшы, Бәке! Қызды!..

- Біздің жігітті қай қыз іздемес деп ең. Ой, Дау-ау! Сен мынаған мән бердің бе... Анау қыздың мынау келісінен қорқа бастадым.

- Неге? Неден қорқасыз?

- Ау, ол қыз оңай жердің қызы болмас. Оңай жердің қызы болмаса, кейінгі дүмпуі бізге бел асырмас. Әй, бел асырмас!

Дауға да түйткіл ене бастады.

- Сонысы бар екен-ау. Жас пен жас ұғысқанда, ел мен ел табысқанда... намыстан күйер әке барын ескермеппіз. Ескермесек, арпалыстырған кез жетеді. Жетеді-ау, - деп шын күйзеліп, анау бірімен-бірі оңаша кездескен қыз бен жігітке мүсіркей қарады.

...Қазыбек Шараһайға анадайдан дауыстап қалған-ды.

- Қайран Шараһай! Неткен асыл едің!

- Неге жеткенімді, қалай келгенімді білмеймін. Әйтеуір өзіңді бір көріп қалмасам... бір тілдесіп қалмасам, ғұмыр бойы өкініште өтердей көрдім.

Шараһайдың бір қуарып, бір қызарып құбылып тұрған жүзінен, ұшқындап кететін қарақат көзінен көз

алмай тұрған Қазыбектің көз қиығы кенет қыздың киіміне түсе кетті. Түсе кеткенде бүкіл өн бойын от құйыны дуылдата жөнелді. Шарапай сұлу бастан-аяқ қазақша қос етек дүрия көйлек, белін қынаған алтын қаусырмалы қызыл пүліш жеңсіз, үкісі желкілдеген әсем кәмшат бөрік киіп алыпты. Осы түрі: “Қалындық санасаң, қалыңдыққа лайықпын!” деп тұрғандай. Қандағы қызу енді жалын боп бетін шарпыған Қазыбек алау демін дірілдете ытқытты.

- Шарапай-ай, қадірің артық-ау! Қасиетің бөлек-ау, Шарапай!

Басқа тіл, басқа сөз жоқ. Бірақ осы сөздер Шарапайға көп жайдан хабар жеткізді. Қуарған жүзге енді ыстық қан мүлде орнап, ақша беттің енді білінер-білінбес томпағын бояуға малып алғандай қызартты. Қызыл еріндер одан әрі үлбірей қап, жігін ашып, әдемі әппақ тістердің маржанын тізіп салды. Ақ маңдайдың тегіс жазылып, қылаусыз ашылғаны, қиылған қастың әлгі ақша маңдайға қарай тік шапшығаны, қарақат көздердің қуана қарағаны, көкшіл күңгірт отымен күлімдей қарағаны - бәрі-бәрі тазалық, әсемдік көркіндей көрінген еді, Қазыбек еркі байланды да қалды.

- Мен... мен сізді үнемі ойлап... Келмедіңіз. Анау қойтасқа қайтып оралмадыңыз.

Қазыбекке Шарапайдың әр сөзі, әр сөзді айтқан дауысы сондай ыстық... ынтық... байыбына жетер-жетпес күйде балқып тұр. Ашылып жабылған ерін-дердің әдемі қимылына көзі мүлде байланып қалыпты, басқа дүние дәл қазір ұшты-күйлі жоғалған.

- Аяғыңыз қалай қазір... Ауырмай ма?

- Аяқ? Қандай аяқ?

Шарапай сыңғырлап күліп жіберді. Сол сыңғыр күлкісінен ыңғайсызданғандай екі езуіндегі көбігі әлі кеппей омырауы терлеген күрең айғырдың жалын саусағымен тарақтай берді.

- Ә, ә... жазылған. Бірақ, басқа жараның, басқа жерімнің сыздатқан ауруына қандай ем табармын? Таба алармын ба... Таба алармыз ба, Шарапай? - деп енді төтелей салды.

Шарапай одан сайын қып-қызыл боп, үзын

кірпіктерін кең аша, жалт қарады. Үлкен көздер айнадай мөлдіреп тұр екен, сыр жасыра алмады.

- Табуы киын-ау, Қазыбек аға... Табылуы киын ғой. Қинайтыны да содан ғой...

Баяулата күрсінді. Үлкен көздердің ұзын кірпіктері жапырылып, әсем айнаны бүркеп кетті.

- Неге, Шаражан! Неге қиындайды?- деп сәл қырындаған қыздың бұлғаң ете қалған алтын сырғасына көзін сүріндірді.

- Не дермін. Не деп жеңілдетермін. Басым байлаулы ғой, Қазыбек аға.

- Байлаулы жіп шешілмес пе... Шешпейміз бе сен екеуміз? - деп Қазыбек қинала жауап тосты.

- Шегеленген дүние ғой. Амалы жоқ. Қайырымы жоқ, Қазыбек! - Алғаш рет "ағаны" қоспай айтты. Соған да разы әрі дәмелі жігіт өзеурей түсті.

- Шешілмеген шиені қанжармен кесетін. Тәуекелге бармысың, Шаражан! Қиып түссек қайтер еді?!

- Зар ғой... Шер ғой одан арғысы. Қиып түсудің арты таусылмас зобалаң ғой, Қазыбек, - деп Шарahай енді жігітті әрі жақындатпай, әрі алыстатпай қимас қараспен аймалап кетті.

- Желек жамылсаң, қол ұстассақ, оның несі зар, несі шер, Шаражан?

- Зар елге, әке-шешеме түседі ғой. Шер елге тарайды ғой. Ел мен елді татуластырған елшіліктен көңіл қалады ғой, Қазыбекжан. Арты үлкен ылаңға ұласады ғой.

Санаға енді ғана саңылау кірді. Сол саңылаудан үркітіп үрей енді. Ысқырып ызғырық соқты.

"Елшілік!... Иә, елші атымыз бар. Елдестірген өзіміз. Жауластырмақ та біз болады екеміз-ау. Ол жағын өзімшіл жүрек байқамапты-ау. Бармапты-ау ол тұсқа. Қайран да ғана ақылдым-ай! Шаражан-ай! Тілегің де, жүрегің де мен деп соғарын жеткізіп жақындасаң да, алыстап сала бердің-ау! Таптым дегенімді біржолата жоғалтқанымды білмеппін-ау. Іш жылай ма?.. Езіле ме ет жүрек. Ол ше? Шаратай ше? Оның іші қан жылап тұр-ау. Қандай сабырлы!... Сездіргісі, ренжіткісі келмейді. Мені аяйды. Ал өзі ше? Оны мен аядым ба? Аямадым ғой. Неткен өзімшілміз. Еркек

біткеннің кеудемсоқтығы таусылар ма? Басым байланған дейді. Бұлар да айттырып қоя ма екен. Айттырғаны кім екен? Оны білгенде қайтем? Білмесем нем құриды? Қайран Шаражан! Неге кездестік? Кездеспесек, бір-бірімізді көрмесек, дәл бүйтіп қан жылап айрылмас ек... Айрылысамыз ба?!”

Осы ойдан шошып оянғандай ес жиды. Қазыбектің ұзақ үнсіз қалғанынан қысылып, қиналып тұрған қыздың бетіне, атын лықсытып келіп, қолын тигізді. Саусағына дымқыл білінді.

- Неге жыладың? - Сұрағының оғаштығын өзі де тез түйсінді де, - Менің де ішім жылап тұр ғой, Шаратай. Езіле еңіреп тұр ғой, - деді.

- Сіз егілмеңіз... Ер адамға жас ауыр. Өзекті орып түседі ол. Беркініңіз, Қазыбек. Қинамаңыз өзіңізді. Тағдыр жазуы осы болса, қос жағадан қол созып қана, алыстан аңсап қана өтерміз, - деп бетіндегі қолдың сыртынан алақанын басты. Қолы күйіп тұр екен, от қарығандай болды.

- Кейісек те, күйінсек те тағдырдан көреміз. Сол тағдыр немең көнбістік емес пе, Шаратай? - деп Қазыбек әлі де қиялап болса да өтер өткел іздеп тұр.

- Мүмкін. Көнбеске шара бар ма. Татулық деп келіскен халді тағы бұзардай сына қақпаймыз ба? - деп өзінің шынын айтқызған көңілін жайып салды. “Ел арасы сөгілмес жай болса, сендікпін!” дегенін бұдан артық қайтіп айтушы еді. Казыбектің өрекпіген жүрегі аттай тулады. Сол дүрсілдеген кеудеге нұр сәуле еніп, ішкі әлемі жарқырап сала берді.

- Шаратай-ай! Сәтке ғана табыстырып айырған сол тағдырыма бәрібір өкпем жоқ. Куаныш берген, бақытқа бөлеген осы сәтімді, маған деген ынтық лебіңді сездірген осы дәл қазіргі өң-жүзіңді мәңгі ұмытармын ба. Ұмыта алармын ба.

Осы кезде өкпе тұстан тағы біреу қиыстау шауып, шаң бұрқыратып шыға келді. Қыз да, Қазыбек те байқап қап еді, түстері бұзылып, құбылып қоя берді.

“Әй, тапқан екен!.. Андуы мықты-ау!” - деп қыз қинала қабақ түйді де, әлгі қарадан көзін тайдырып әкетіп, Қазыбекке қайтадан жадырай қарады.

- Ұмытпаспын мен де. Жүрегіме тілік боп түскен

тәтті дертпен іздеп өтермін, -деп саусағындағы гауһар көзді жүзігін суырып алды. - Белгім болсын. Көңіліңіз қобалжып, бей-жай тартқан кезде, көзімдей көріп еске алып жүрерсіз.

Қазыбек жүзікті басын ие құрмет көрсетіп тұрып алды да, шынашағына кигізді. Жалма-жан кісесіндегі қалтадан күміс оттығын алып, Шарһайға ұсынды.

- Менің де белгім боп қалсын. Жас ғұмырдың бір ғана жарық күнге талпынып гүлін ашар сәтін бастан кештім. Ашылдым да басылдым деп кетермін күрсініп. Есен-сау жүр, Шарһай!

-Мен де кештім ғой дәл сол күйді, Қазыкен. Шуақ таптым ғой кеудеңнен. Шомылдым ғой мөлдір таза сәулесіне. Қайтейін. Әр ізі андулы шерлімін. Шерлімін! Өксік жұтып кетермін тағы! - деп көз жасын төгіп-төгіп жіберді.

Сол екі ортада әлгі жалғыз қара да жетіп қап еді. Бабаназар мен Дау да әлденеден сезіктеніп, жау жарағына жармасып қалған-ды.

Қазыбек келгенді таныды. Өткенде ақ ордада отырғандардың арасынан көрген еді. “Көп ноянның бірі шығарсың. Бірақ аузың салымды екен” деп тұр іштей. Дауыстап амандасты.

Анау сәлем қайтарған жоқ. Қиястанғаны соншалық түгі түгел тікірейіп кетіпті.

- Ау, жарқыным! Соншама түнергенің не? Аман-сәлемді алмасаң да, түсіңді жылытшы аздап. Қабағыңнан жауған қар даланы көміп кетер, - деді жаны күйіп тұрған Қазыбек ең болмаса мынау аузының салымы бар бәсекелесін бір қыжыртып.

- Тағы алмаған нең қалып еді бізде? Мәңгіріп қалып, қаңғырып келген қазақ, әттең елші атың бар. Әйтпесе... - дей берді де Шарһайға бұрьылып, өз тілінше дүрсілдеп ұрса жөнелді. Қызды не деп балағаттағанын түсінбесе де, не айтып жатқанын жорамалдаған Қазыбек тағы да кимелеп кетті.

- Уай, ноян! Біздің қазақ қызды басына хан көтеріп, құдайдай сыйлайды. Қабағын бағады. Бабын табады. Әсіресе өзгенің алдында өзектесіне әкіреңдемейді. Сендерде сондай жосық жоқ па еді? Шаратайда не жазық бар, сен дүрсілдейтіндей?

- Кіріспе, қазақ! Жанынды олжалап жөніңе қайқай!

- Жанымды сен емес құдай берген. Жөнімді сенен сұрамаспын.

Шараһай істі насырға айналдырмайын деді ме, Қазыбекке күлімдей қарады.

- Ал, нағашы! Бар тілек айтылды. Басқа не қалды. Қиыспаған, қимаған көңілдерде жазық жоқ. Өксік көп. Жолыңыз болсын! - деп бар шындығын қасындағы қоқандаған болашақ күйеуінен де жасырмай ашық айтып, ат үстінен бас иді.

- Иә, айтылғанның азын да, назын да азырқанбаспын. Беріш боп орнар жүрекке ол, жиенжан. Сау бол! - деп Қазыбек қолын созғанда, ноянның шошаң еткен қамшысы жарқ еткен қыз көзінен жасқанып барып, атының сауырына сарт ете қалды. Шапшыған атынын басын қос қолдап бұрып әкеліп, әлгі Қазыбекке тақалып, қанталаған қысық көздерді ін түбінен қызарта өңмендетті.

- Нағашы, жиен бола қалдыңдар, ә. Барды айтып, наз бөлістіңдер, ә. Жоқ! Кетерсің. Аман кетерсің бұл сапар. Бірақ шандатып еліңді шаппасам, кеудеңнен басынды ұшырмасам, сұм қазақ, Қара-Манжы атым өшсін!

- Болсын айтқаның. Сіресуге де, тіресуге де дайынмын мен. Аяспайтынға біз бұрыннан кеткенбіз. Бірақ адалыңмен келуге тырыс. Ұрланып келіп әділетсіздік жасайтындарыңнан, тығылып келіп, тонап кетуден тиылыңдар. Кең қолтық болғанбыз. Енді ол болмас. Қамсыз қалмас бұрынғыдай қазақ. Сендердің жыртқыштықтарыңнан жерінип, ақыры айбалтаға жармасқанымызды ескер сен де, Қара-Манжы! Ендігі мүйіздеуді біз жасармыз. Біз! Сонда ат көтінде кетер қыздарынды ойла. Күңіренер, шерленер апаларынды ойла. Жаулықтың жауыздығын да ойла! - деп қатты кетіп бара жатып, жалт бұрылып Шараһайға қарады. Жүзінен қимастықтың күйініші көрінді. - Шаратай, шарасыздықты сезінгенім өмірімде осы болар. Мынау ойрат ноянның алдында арылғанымды естідің. Қорқытамын дегем жоқ. Ендігәрі қорықпайтынымызды айттым. Ел мен ел келіскенмен, ер мен ердің керісі бітпесін ұқтым. Сол керістерден терістік тумауын ғана

тілемін. Өзіңе бақ тілер едім... Бақыт тілер едім... оған күмәндімін де. Бірақ алдыңнан жарылқасын, Шаратай. Кім біледі, “ат баспаймын деген жерін екі басады” дейтін бар. Ұшырастырар, айырған жазмыш. Тағдырға тәбділ жоқ қой. Ыңғайластырар әлі де. Сау бол! - деп Қазыбек тағы да оң қолын кеудесіне төсеп, ілтипат білдірді.

Шараһай асықпай кәмшат бөркін шешіп ап, басын игенде, түйіп алған қос бұрымы қос бұлақтай болып, алдыңғы өңіріне төгіліп кетті.

- Жолыңыз болсын, Қазыбек. Айнымаспын...

Қазыбек бүкіл денесінің мың сан ине қадалғандай дуылдай жөнелгенін сезгенде, одан әрі бөгелуге шамасы жетпесін біліп, атын бұрып алып, кейін қарай бүлкілдете жөнелді.

“Апырай, қандай ер! Қандай өжет! “Айнымаспын” деді-ау. Қасындағы аңдушысы, қарауылы тұрғанда соны айтқаны, барын айтқаны неге тұрады. Жан берудің бұдан артық түрі болар ма. Әттең дүние-ай! Өстіп те адамның жүрегін жаралап өте бергенің бе. Өстіп те сол жаралы жүректі ғұмыр бойы сыздатып кете барармысың? Біріне бірі ұмтылған екі жасты бір-бірінен айырып, арасына екі елдің жауығуын, екі ердің кектесуін қарсы қоя берермісің? Шаратай-ай, шарасыз күнің одан әрі ширығар ма? Ширығар-ау. Анау қасыңдағыңның қабаққа қарар түрі жоқ қой... Ол шіркінді де түсінуге болады әрине. Айттырған қалыңдығы тапатал түсте жауының соңынан қуып жетіп “сүйдім, күйдім" деп жатса, қай еркек күйзелмес еді. Қай еркек бүлінбес еді?.. Ендігі күнің не болар сенің, Шаратай? Зымырықтан су ішермісің? Биігіңнен... мынау кісілік биігіңнен құлдырап, күңдік, мүсәпірлік күйге түсермісің? Неге ғана кездестік? Әй, әттең-ай! Әніңді тағы бір ести алмай кеткенім... Әнің еді ғой еркімді алып, өзіңе дедектетіп апарған. Мені жұбатар, өзіңе дем берер сол әнің болар ма... Болар да. Қош бол, Шаражан!”

Бабаназар мен Дау екпіндеткен күйі қастарынан өте берген Қазыбекке үнсіз ілесті. Екеуі де мән-жайды айтқызбай-ақ білген еді. Мынау ширығып келе жатқан жас достың, жақсы інінің дәл қазіргі халіне медеу

боларлық ештеңе таппас өз күйлерін сезе ме, жақ жазбайды.

Әсіресе Даудың түсі қашып кеткен. Әлгінде даланың төсін тіліп, жалғыз таспа шаң суырып жеткен жеке ойратты көргенде: “Қап! Бекер болды-ау! Онсыз да айрылысудың ащы дәмін татып тұрған екі жасты, қызғаныш ызғарының енді зәрлі уын ішкізетін болды-ау. Әй, қу дүние-ай! Сәтіңмен жетер күнің жоқ қой бір. Қайда барсаң шер қапқан көңіл. Зар құшқан жүрек... Ah ұрған жалын. Неге сөйткізе береді. Ырзалық тапса, дүние бұзылар ма? Көңіл көншісе, заман бүліне ме? Неге өксігі көп өмірдің? Өгейсіте берер болса, төліне неге діл береді? Жүрегін неге тасқа айналдырмайды онда? Тебісуі көп, келісімі жоқ тірліктің несі сән? Етек алған, есе тиген ел болдық деп лепірген жүрек бар еді. Тағы да күлге айналды ғой сол жалындаған жас жүрек. Қыз байғұс ше? Қаңғытар ма, қан жұтар ма?.. Таң атқан сайын іргесінен домбытпасы бітпес ызғар шалып тұрса... күйігіменен-ақ жіңішкеріп үзілмес пе?!.”

Қазыбек бір бел асып барып, ат басын ірікті.

- Шақшамды да, қотаным мен апанымды да көміп келдім, ағалар, - деп арт жаққа, жота жоталары бірін бірі қуалай жарысып, көкжиектегі сусылдаған көк мұнарға сіңіп кеткен жазыққа көзін үзатты. Құлазыған көңіл де сол артта қалған, көзден жас ыршытпаса да, сол ыстық жасын ішіне селдете құйған қызды іздеп кеткендей.

- Қой, шырақ, өйдеме! Өмірден түңілу бекер. Жоғалтқан адам таппас па. Табылған нәрсе жоғалмас па. Мәңгілік не бар? - деп даусын әдейі қатайта шығарған Бабаназар ағасы үлкенсіп, қиялаған болды.

- Жоғалтудың да жоғалтуы бар, Бабаке! Орны толмас дейтінді бүгін ұққандаймын. Толмас орны...- деп Қазыбек ауыр күрсінді. Сонысын, күрсінісін жасырған жоқ.

- Орны толмас олқылық қана, Қазыкен!..- дей берген Даудың жанасып кеп тізесінен шап берді.

- Қазыкен дедіңіз бе?! Тағы айтыңызшы, Дау аға!.. Анау Шаратай әлгінде алғаш рет осылай деп еді. Соңғы рет естуім болар деп ем. Дәл соны сіз қайталадыңыз.

Ұзатпай қайталадыңыз. Өмірімде екінші-ақ естуім! - деп Қазыбек тез тұтанды. Өңі де куқыл түсін өзгертіп, шарбыланған қызыл реңк тапты.

-Ә…ә, Қазыкен, олқылық деп пе ем... Бұлқынған жүректің табары... іздеуі тоқталмасын. Күңіренген дүниенің дабыр-дүбірлі күйге бөккен дүниеге ауысатын да кезі болады. Күн мен түннің алмасуы бекершілік пе? Қараңғыны ақ қумаса, аққа қара жармаспаса, дүниенің әуре-сарсаңды қызығын білмес те едік, Қазыбекжан.

- Оу, Дау аға! Мынауыңыз көкейге қонады-ау. Бірақ күңіренген дүниемнің аласапыраны сіз айтқан әуре-сарсаңнан асып түсіп тұр ғой. Сонысымен кеудемді нығыздап басып тұр ғой.

- Күңіренбесе ол кеуде болар ма? Күйінбесе, күймесе ол жүрек болар ма? Бірақ ер жігітке сын көп. Тосқауыл, бөгет көп. Көтермесе, жүнжіп кетеді. Жіңішкеріп үзіледі. Сілкінсе, қажырланады. Соны баққанынды қалаймыз мына Бәкең екеуміз, - деп Дау інінің иығынан елеусіздеу ғып сипап өтті. Сол сипау Қазыбекке тірек пана боларлық тау орнатқандай сезілді.

***

Өз тобынан ажырап қалған бұл үшеу сол күні тым аршындап кетпей, кешке қарай қазақ жерінің шебінің ең шетінде отырған кішірек ауылға кеп түсті.

Ат-жөн сұрасып, әсіресе жас, жаңа пері Қазыбектің аңыз боп жеткен атын естігенде, бүкіл ауылдың үлкен-кішісі дабырласа жиналып қалған еді.

- Өркендерің өссін, азаматтарым!

- Елдей көшіріп, ел қайтардыңдар. Селдей есіп жаудың бетін қайтардыңдар.

- Айдап малымызды әкелдіңдер. Босатып жаныңызды бердіңіздер.

- Уай, Қазыбек дана қайыссың ең?

- Апырай! Жігітім-ақ екенсің жап-жас басыңмен! Ақшулан сақалды, әппақ сәлделі жақ сүйегі босаған кәрідей көруші ем, тіл-аузым тасқа, қарағым.

Аузыңнан атылар жалын еліңе шуақ, жауыңа дозақ болайын деп тұрған нағыз баршыным боп шықтың,- деп елтірі тымақтың бір жақ құлағын едірейте жоғары түріп алған мосқал еркек екі қолын анадайдан жайып келіп, Қазыбектің мол, ірі денесін қаусыра құшақтап, еңкейте беріп, маңдайынан сүйді.

- Рахмет, аға!

- Оу, рахметті біз сендерге айтайық. Сендер болмасандар, олай өтіп бара жатып бір домалатып жейтін, былай орағытып қайтып келе жатып қалған-құтқан малды тырқыратып қуып кететін обыр ойрат өз аяғымен мал-жанымызды айдап әкеліп тастар ма ед? Тұяққа тұяқ, басқа бас алу, о заманда бұ заман бұрын болып па еді? Тәубамызға күніне он ұйып, батамызды өздеріңе, әсіресе Қазыбек балам, сенің өзіңе, сырттай үйіп-төгіп беруден шаршадық па. Анау хонтайшы алдында айтқан сөзің бүгін бар-бар жұртыңның аузында. “Е, бәсе! Өрлік солай өрлеуі керек. Талап солай өрекпуі керек. Еркіндікті азулы елдің айбатынан табу керек” деумен өзіміз де арқаланып қалдық-ау, - деген әлгі адам үшеуіне кезек-кезек қарап, алыстан аңсаған жақын ағайыны келгендей есі шығып кетті.

- Екі-үш күн жатып қонақ боласыздар.

- Жібермейміз. Жата-жастана қайтарсыздар.

- Әңгімелеріңізді өз ауыздарыңыздан естімей, сірө, мауқымыз басылмас.

Осы кезде жасы отыздарға кеп қалған кең иықты жігіт өрістен мал айдап келді ме, мал қайтарып келді ме, атынан секіріп түсіп, шылбырын ұстаған адамнан жүргіншілердің кім екенін сұрап білсе керек, сонадайдан қолын кеудесіне төсеп “Ассалаумағалайкүмін” соза сәлем берді.

- Уағалайкүмассалам! - деп үшеудің үлкені Бабаназар қолын ұсынды.

Келген жігіт үшеумен амандасып болған соң, әлгі сөзуар елтірі тымақтыға ым қақты. Анау қасына жетіп барды.

- Қарагер жабағыны жайғастырыңыз, Жәке!

- О-о, сол жабағы дыйлы! - деп қуанып қалды. - Қазір-ақ тындырамыз, Бәкен. Онда қонақтарды өзің...

Бәкен Бабаназарға тілек білдірді.

- Іздесек таппас, шақырсақ келмес қонағымыссыздар. Үйге кірелік, аға! - деп өзі ілгері бастады.

Алты қанат кең үйдің дүние мүлкі жаңалау болғанымен, мұнтаздай ғып қоятын әйел қолы тимегені бірден білініп қалды.

Бетінде қара қошқыл құрым табы бар салқын сары қымызбен шөл басқан қонақтарына үй иесі “алыңыздар, ішіңіздер” дегеннен басқа жарытып ештеңе айтқан жоқ. Оң жаққа құрып тастаған шымылдықтың ар жағынан ыңырсыған ба, қыңсылаған ба, бір дауыс шыққан кезде, онсыз да сынық жүзінің қабағы шытынай түседі. Соны байқаған үшеу: “Е-е, ауру, дімкәс адамы бар екен ғой. Соған алаңдаған көңілі қаяулы болар” деп жорамалдаған.

Бір кезде манағы сөзшең еркек ішке кірді. Ішке қалай кірді, әңгімені де қыздырды. Өзі де есіп сөйлеп кетті. Өзгелерді де сөйлеткізді.

- Осы ойраттың обырлығын көргенде, осыларды жеңетін, тәубасына түсіретін қандай құдірет бар деп өз-өзімнен қиналушы ем. Қарындасқа қайырым жасайтын әдет қазақта ғана ғой. Ал ойрат неменде ондай қайыр жоқ. Ол шіркіндердікі жатпай, тұрмай ойлайтыны қазаққа қандай айламен қан құстырсам деу ғана. Соны, сол қос аяқтап шапшыған асауды құлақтан басып, ноқталап алып, астыңғы ернін шұрайлап тастаған өздерінді, уай, қазақтың мандайына біткен бір-бір Әзіреті Әлідей көрем. Анау хонтайшы Қалдан сұмның маңдайын қасқалаған сөздеріңнен бергі сендерге деген құштарым керемет еді. Енді өздерінді көріп одан сайын құмартып барам. Апырай, тіл мен жақ бәрімізде де бар. Сол заржақ тіл бізде де безілдеуден аянбайды-ақ. Бірақ, Қазыбекжан, сенің сол тасты тесіп шегелеген, темірді тіліп қақыратқан өнегеңе он қайнатса сорпасы қосылмайды-ау. Қайран қазекем: “Өнер алды - қызыл тіл” деп осындайда айтқан-ау.

- Әу, Жәке! Өнеге өнегеден жұқпай ма. Арқаны кеңге салғанның көп үлгіден кенде қалары анық. Ізденгеннің табары көп, әрекеттенгеннің бағары көп. Армансыз адам - қанатсыз құспен тең. Биікте ұша алмайды. Шыңға қона алмайды. Ал мынау Қазы-

бекжандардың заманы - азулының емес, тілдінің заманы. Білімдінің, өнерлінің заманы, -деп Бабаназар бір тың ой түйді. Осы пікірге Дау да, Қазыбек те, Жақып пен Бәкен де бас шұлғи бойлады.

- Рас айтасыз, Бәке!

- Әділі осы екен-ау. Өнерлінің өрге ұмтылары хақ.

Қазыбек манадан бері үй иесінің томаға тұйық-тығынын бір сыры бар-ау деп отырған, елең еткен көңілімен енді әңгімеге араласа бастады.

- Өнердің құттысы да, жұттысы да боларын білмей, шатасып қалатынымыз бар-ау, Бабаке. Қымызға қызып, қыз көріп, қызық қуып қызара бөрткенді де, құрықты қару ғып көтеріп, қамшыны қылыш қып сілтеп бас жарып, көз шығарып, нашар ағайын мен әлсіз жекжаттың малын айдап алып, желектісін байлап алғанды да өнер көретін жаман әдетке үйірсек-тенгеніміз де баршылық. Ел ішінде жоқ-жітік көбейіп, қайыршы кездесіп, ен жайлаудың қаңырағанын ескермес, өзімде болса, өзгені қайтем дегіш өнер-шілеріміз де аз емес. Иықтан басқан қаралы көңілді ашылмастай көретін, жылауық іштің ешқандай бейілге әуесі жоқ тілсіздігіне бейімделген мылқау өнерпазды табуға да болады.

- Әй, мынауың тым сүмірейген өнер болды-ау, Қазыбекжан. Мінезділік пен момындық сіңген, жақсыны аңсаған елдің тілегі де әсерлі болмақ қой. Сен соны ескер, бауырым. Сонда мүмкін мінездің келістілігі көбейген жұртта, адалдықтың мәйегінен тазалыққа ұйыған жұртта Бәкең айтқан қанатты арманшылдар көбейіп, сен жеріген желбуаз өнер-шілерді ұйпап кетер. Сөйтер, - деп Дау қиялады.

Жақып жанып түсті. Елтірі тымақты жерге алып ұрғанда дөңгелеп көрінген тазынан да қымсынған жоқ.

- Апырай! Жарқ-жұрқ атылған найзағайдың орта-сына түстім бе, жалт-жұлт еткен асыл сөздердің арпалыса шарпысқан мезетіне тап болдым ба, мүлде бұрын өзім кешпеген әсерлі дүниеге сүңгіп кеттім-ау! Әй, қайран тіл! Құдірет екенсің ғой нағыз! Құнарың қандай қою еді! Нәрің қандай шырын еді! Біз ғұмыр бойы мән берместі осы тап қазір өзіміз күнде көріп жүрген, ұшырастырып жүрген жерінен кесек-кесек

қып ойып алып, “мынаусы былай, анаусы осылай” деп ұстата салғандарыңа болайын. Зеректік деп осыны айтад та. Әйтпесе арманшыл өнерліні біз естімеп пек. Өнерлінің өткенді бүгінгіге жалғап, ертеңге сүйрерін сезбеп пек. Бірақ қиюластыра алмаушы ек. Епсектік жасамаушы ек. Оған енді ақыл да жете берер ме.

- Сіздің де сілтесіңіз ешкімнен кем емес-ау, Жәке. Аяқ тастасыңыз кей жорғаны жаңылдырардай, - деп Бабаназар көтермелеп еді, Жақып одан сайын ағындады.

- Енді ол белгілі жайт, Бәке. Малды бай сөйлесе, “Сөзінің бәрі құп” деп, жарлы-жақыбай жақсы сөйлесе де, “Малтасын езген қырт!” деп біріне күлмең қағып, біріне едірейе қарауды әдет етпедік пе. Жар басында жапалақ қуған жартыкеш Жақыптың жарапазаны кімге дәркер. Тыңдар құлақ, сіңірер кеудесі жоқ сөздің ауызды ауыртып, тілді қышытқаннан басқа не қасиеті болсын. Жаңғырығы кеудеден өшіп, таста тірілген дауыстың қарлығуы тез, құмығуы жылдам. Жаңғырыққа жалпылдай бермеңіз, - деп тымағын төбесінен тік көтеріп апарып өз төбесіне төңкере салды. Басын сәл қисайта түсіп, Бәкенге назар қыдыртты. Бөкеннің оң қабағы жоғары серпілді. Жақыптың әлгіндегі сөз жүйткіткен тұстағы қызулы, қажырлы жүзі босап сала берді. Екі қолымен жер таяна орнынан бөксесін көтере, сиыршалап әрең тұрды.

- Сіздер әңгімелесіп отыра тұрыңыздар. Мен қазір ... қазір келем,-деп тағы да асығыс қимылдап, сыртқа шығып кетті.

- Туысыңыз болар... - деді Дау үй иесіне қиыстап.

- Жоқ. Қоңсы адам ғой. Босып жеткен. Оған да екі-үш жыл боп қапты. Осы ауылға тұрақтап калды ғой. Шаруаға икемі мол. Әр ненің басы-қасында өзі жүргенді ұнатады, - деп Бәкен кәдімгідей сөйлеп кетті. Қабақтағы кірбіңі де жазылып, жоғалып барып, оралды.

- Әй, Бәкен шырақ! Осы сен науқас емеспісің? - деп Бабаназар оқыс қойып қалды.

- Жоқ! Тәнім сау.

- Е-е, жаның ауыра ма? Неге? Әлде ойраттан әлі оралмағандарың бар мед?

- Оралған... Бірақ...- Бәкен күмілжіді.

Сырттан леген мен жез құман көтерген жігітті ілестіріп Жақып кірді. Қонақтар қол жууға кірісті.

Үлкен астаумен үстіне шеке қондырылған ет келгенде құрулы шымылдық бір қозғалып қалып, іш жағынан тағы да ыңырсыған ба, қыңсылаған ба - белгісіз дауыс естілді. Бәкен үнсіз ғана таңдайын қақты. Әлгі дауыс сап тиылды.

Жақып басты ұстап, Бабаназарға ұсына беріп еді:

- Дәл осы жолғы рет Қазыбекжандікі, - деді анау.

Қазыбек ыршып түсе берген, Дау баса қойды.

- Бәкең жөнін айтты.

- Бабакеңнің жасы үлкен... Ненің ақысы үшін?

- Шырақ, ақысы деймісің? Ақысы көп. Азамат-тығың үшін. Өткендегі хонтайшы алдындағы жеңісің үшін. Ел мерейін асырғаның үшін, - деп өз қолымен шекені Қазыбектің алдына қойды. Жақып та шапшаң екен, шұбыртып жатыр.

- Ойбай-ау, Қазыбек қарақ-ау! Саған жабағы емес атан түйе сойса артық емес. Сенің атың ауызға көп емес-ау, мол ілінуде осы күндері. Саған ауған ел мейі-рімін, қарағым, сен әлі біле бермейсің. Жер шетіне енді ғана жеттіңдер. Бұдан әрі сіздер, елшілер, ел төбесімен жүресіздер. Төсінде түнейсіздер. Ал сені, Қазыбекжан, бүкіл қазақ мұқым алаш “жанашы-рымның бәйтерегі, күн жағыма ығым, жел жағыма панам. Ақылдым, асқарым! Кемелім, кемеңгерім!” деп отыр. Батасы ұшан-теңіз. Тек ұзағынан сүйіндірсін...

Дау бас изеді.

- Рас! Рас! Әй, Жәкесі, жақсы айттыңыз-ау. Ердің атын елі шығарады, елі өшіреді де. Әмсе шарықтата берсін. Тек даңғойлықтан аман қылғай, - деп әлденені қиялатып тоқтады.

Қазыбек күліп жіберді.

- Мені бір тау көтерген Толағай көрдіңіздер ғой. Елім десем, ел намысын жыртсам, ел қамын ойласам, перзенттік парыз, қарызым емес пе олар. Оның міндет қылар несі бар. Аяқ жетер жерге бармасам, тіл безер жерде үнсіз қалмасам, одан басқа қандай еңбек сіңірермін. Ал даңғазалықты, Дау аға, өздеріңіз бастаған жоқпысыздар? Дүрілдетпей-ақ осы шекені,

ағалар, өздеріңіз ұстап, маған ауыз тигізсеңіздер, ағаға құрмет, ініге - дәулет деп еркінсіп, еркелеп отырам ғой. Ондай даңғойлыққа дайынмын.

- Әй, мынаусы да ақыл... - деп Жақып басты қайтадан Бабаназардың алдына сырғытты да: - Қалай дедің? "Ағаға - құрмет, ініге - дәулет". Бұрын естімеген нәрсем екен.

Қазыбектің дауысы саңқ етіп, қаз қаңқылына ұласты.

-Жақып аға, бұрын естімеуіңіз мүмкін...

Дау кеудесін тіктеді.

- Мынауың... осың, Қазыбек, тың мақал болды ғой. Өзіңдікі болды ғой, - деп әрі қуана, әрі таңдана ініге мерейлене қарады.

- Солай да сияқты, аға. Мақал дедіңіз бе. Болар мүмкін. Ағасы құрметтінің інісі дәулетті болатыны ежелден белгілі нәрсе. Сол белгілі жәйт бір сәтке ой түйініне айналған да. Оған несіне үздігеміз.

Дау іштей риза. "Шебер тәңір перзентіне ықылас түсірсе, түгел түсіреді-ау!.. Құдай тіл-көзден сақтасын. Көре алмаушылардан, күншілдерден аулақ қылсын. Қазақтың сөзі де жүйрік. Өсегі де сумаңдағыш еді. Пыш-пышына жолатпасын. Пәле-жаласын жұққызбасын!"

Бәкен кішірек ағаш табаққа бөлектеп ет турап отырған. Қонақтары: "Анау шымылдық ішіндегі науқасқа дайындап отырған болар. Кім болды екен. Шешесі ме? Әйелі ме? Әлде қыз баласы ма?" - деп далбаса жорамалдайды.

- Алыңыздар. Жеңіздер! - деп Жақып сарымсақ қосқан тұздықты құйып қонақтарға ілтипат жасады.

Жас жабағының астау толы етін еңсеріңкіреп қонақтар сорпа іше бастаған кезде, Бәкен орнынан тұрып барып, құрулы шымылдықты түріп қалды. Ағаш төсекте жатқан жүндес төбет ит басын көтеріп алып, сілекейін шұбырта қыңсылап қоя берді. Ағаш табақты туралған етімен иттің алдына қоя салды.

Қонақтар үн-түнсіз аң-таң боп калды. Күні бойы науқас деп отырғандары ағаш төсекте, құрулы шымылдықтың ішінде шәниіп жатқан сап-сау бөрібасар болса, сол бөрібасарға жабағының жылы-

жұмсағын майдалап турап, бір табақ қып алдына қойса, танданбасқа бола ма.

Жақып қана ештеңе болмағандай, ештеңе көрмегендей үшеуіне кезек-кезек қарал:

- Сорпаларыңыз суып қалды ғой. Алыңыздар, ішіңіздер! - деп отыр.

Үй иесі ләм демей сыртқа шығып кеткен.

Дау Жақыпқа бұрылды.

- Ау, Жәке! Бұ не? Мынау не тылсым!

Жақып қолын сәл жайқап, “Үндеме!” деген ишара танытты.

Осы кезде сырттан Бәкен кірді. Жалғыз емес, әлдекімді мойнына салған қарғыбауынан жетектеп кірді. Ымырт оралған кешкі бейуақтың алакөлеңкесі болса да, сырттағы жерошақтың жалпылдаған отының жарығында іште отырғандарға жезтырнақ әйел кіріп келгендей көрініп, қатты әсер етті. Өйткені әлгі жезтырнақ па, әлде жезтырнаққа ұқсас әйел ме үстіндегі алба-жұлма киімімен, мойнына асып тастаған ап-ауыр дорбасымен, дударлана ұйысқан шашымен көрген жанның көңіліне үрей ұялатардай ұсқынсыз еді. Әсіресе жылуы жоқ, нұры өшкен күңгірт көздердің ешкімге тіктеп қадалмас, бірақ бір орында тұрақтап тұрмас жылт-жылт қарасы жүрек суылдатардай. Түсі бозара көгерген.

Әйел ешкімге көз тоқтатып қараған да жоқ. Амандасу, тілдесудің ишарасын да сездірмеді. Соған қарап: “Е-е, байғұс, есі ауысқан науқас жан болдың ғой” деген аяушылық төрдегі үшеудің жүзіне қалқып шыға келді.

Бәкен қарғыбауды жұлқып қап, әйелді шөңкитіп түсірді. Содан соң бір қолымен ұстай кірген итаяққа дастарқандағы сүйек-саяқ, сіңір-желке сияқты қалдықтарды салып, әйелдің алдына дік еткізіп қоя салды.

Қазыбек майлыққа қолын сүртіп, тіксінген күйі кейін шегінді де, арқасын жүкаяққа сүйеді.

Бабаназар мен Дау да сұмдық көргендей кейін сырғысты. Жақыптың басы салбырап кетіпті.

Әйел ғана сүйек-саяқты кеміріп, аш қарынды алдап жатыр.

Қазыбек екі ағасына кезек-кезек бұрыла қарады да, қасын қиғаштай кере үй иесіне шаншылып қалды.

Бәкен сол шаншылған қарастан ыққандай, қозғалақтап кетті.

Бабаназар даусын кенеді. Қабағы қатты түйілгенде кең маңдайда екі қастың түйіскен жері жұдырықтай боп томпиып шыға келді.

- Әй, жарқыным! Мынау нең? Адал асыңды арамдағаның қалай? Әлде жегенімізді желкемізден шығармақ пең? Неткен тәлімің еді бұның? Тәлкегің бе?

Бабаназардың зілі Бәкенді орнынан атып тұрғызып, аяқ құшқызды.

- Оу, ағалар! Қазыбек бауырым! Ондай ойым жоқ. Адалыма арам араластырған емен! Алмаңыздар көңілге! Мынау көргендеріңіз өзімнің ғана білетін өмір бойғы азабым! Ешкімге көрсетейін деген назарым емес! Емес!

Дау әлсіз дау айтты.

- Онда бауырынды неге суытасың? Адамнан итті абзал еткенің қай тазалығың?

- Ағаттық етсем ғафу өтінем. Өз ішімнің кірнесі өзгеге оғаштық көрінерін білмеппін. Басқа кінәратым жоқ. Ал итті адамнан неге абзал еттің десеңіздер, оның үлкен себебі бар. Адамның иттігі өміріме қауіп төндірген. Иттің адалдығы жанымды арашалап қалған. Біріне алғыс-құрметімді жасағаным еді. Біріне қарғыс-наламды көрсеткенім еді. Сіздерге сол қылығым ұнамай қапты. Олай боларын, күндегі әдетіммен ойламаппын, - деп Бәкен өз күйігімен тұрғандықтан қонақтарына енді қаймықпай қарады.

- Айтшы, оу, ашсаңшы онда анау ит өлген ішінді! - деп Бабаназар ақырғанға бергісіз зілді үнмен нығарлады.

- Білмеймін... Сіздерге оның қажеті бола қоймас, - деп Бәкен ашылғысы жоғын сездірді.

Қазыбек сәл ыңыранды. Жүкаяқтағы жотасын босатып, кеудесін тіктеп алды.

- Бәке! Сіздің бізден жасырған үлкен сырыңыз барын сезіп те отырмыз. Секемденіп те отырмыз. Өз күйігіңіз болса да, өртенсеңіз де өзгені қоса өртегеніңіз әділет емес. Ал өзгенің күйігін қоса арқаласаңыз, о дүниенің алдында бетіңіз шарық. Сіз де пенденің ұлысыз. Мынау әйел де пенденің бірі. Бәріміз тәңірдің

құлымыз. Бірақ тәңір емеспіз. Тәңірдің ісін пенде атқармас. Тәңір таразысын пендесі жүргізе алмас. Ал сіз көңілге қату бітіретін аяусыздық жасап, қаталдық еткенсіз. Пенденің кінә-жаласын тексеретін жерде қазы, көкте құдай бар. Ал мынау қылығыңызды адам да, тәңір де құп көрмейді.

Бәкен Қазыбектің өзін жеңер дәлелін түгел түсінді. Пенделік күйде жүріп құдайын, құдайшыл әділетін ұмытып кеткенін білді. Басын изеді.

- Шалағай кеткен екем. Өз көңілімде түзумін, әділмін деуші ем. Тыс жайылып кеткенімді сезгендеймін. Айтайын. Бәрін айтайын онда, - деп Бәкір қолын кеудесіне төсеп, бас иіп, өз хикаясын бастап кетті.

Алба-жұлба, кісі қарағысыз келіншек жігіттің қыздай айттырып алған әйелі екен. Көрген көздің жауын алатын әдемі келіншегін Бәкен сондай ұнатқан ғой. Жолаушылап кетсе, үйіне жеткенше, келіншегін көргенше асығады екен. Әйтеуір от басына жетіп, ошақ қасынан қыбырлаған Әминасын көрсе, төрт құбыласы құлпыра түгенделіп сала беретін қызық дәурен кешіпті. Сол қызық дәуренін осыдан екі жыл бұрын ауылын шапқан ойрат қолы ойран ғып кеткен көрінеді. Қолды боп кеткен Әминасын жаудан айырып әкелуге дәрмені жоқ, бармағын тістеумен жүргенде, құдай сәтін салып, мынау қазақ-ойрат бітімі бола қалмай ма. Онсыз да қолына түкіріп отырған Бәкен бітім болады, мал-жан қайтарылады деген хабар тиісімен-ақ атқа қонады ғой. Келіншегін іздеп ойрат еліне де барады. Әминасын іздеп те табады. Тапқаны не керек, құдай төбесінен ұрған соң. Некелі жары - әсем Әминасы Бәкеннің кеудесінен итерген ғой. Тұтқында жүріп жаңадан тұрмыс құрған ойрат күйеуіне әбден бауыр басып алған бәтшағар шіркін Бәкенге тіпті пысқырып та қарамай қойыпты. “Қолға түскендерді тегіс қайтару керек” дейтін Қалдан Башықты хонтайшы әміріне еріксіз бас иген ойрат жігіт: “Қазағым, әйелің көнсе, қолынды қақпаймын, алып кете бер!” деп мәрттік танытыпты. Ал Әмина айтқанға көне қойсын ба. Өткен күннің бал дәуренін айтып, қызық күндерге қайта оралатындарына сендіріп, жалынып та, жалпайып та айтып,

көңілі бұзылған әйелді иліктіре алмапты. Әбден мысы құрылған Бәкен“ “Алыстан әдейі іздеп келіп ем, Әмина-ау. Ең болмаса әудем жер шығарып та салмайсың ба?” дейді ғой мөлт еткен жасын сығып тұрып. Әмина амалсыз бас шұлғып, соңынан ілби басып ере беріпті. Ұшып шықпай жатып-ақ, Бәкен әйелінің мойнына қыл шылбырды тастап жіберіп, артына қағып салып, іліп ала жөнеледі. Ер жігіттің аты - қанаты. Қанатына жалбарынып қамшы басады ғой. Түнімен құйғытып, таң ата қазақтың жер шебіне жеттім деген мезетте артынан шудаланып шаң көрінеді ғой. Жарамды атпен қосарланып қуып жеткен кең жауырынды, нар тұлғалы ойрат күйеу екен. О да бір “жау қайдасың?” деп екі алақанына түкіріп жүретін дүрдің бірі болса керек. Анадайдан айқайлап, дабылды дүбірлете қағып қалады ғой. “Енді бұл әйелді жеңген алар. Кел, қазағым! Сенімен аянбай бір ойнайын!” деп атынан түсе сала қылышын ала ұмтылады.

Бәкен де намысты жігіт емес пе, жерге қарғып түсіп, қарсысына шыға беріпті. Екеу ұзақ сайысыпты. Бірін-бірі ала алмай, титықтай бастағанда сұм әйел опасыздық істеп, Бәкеннің аяғынан шап берген. Сөйтіп екеулеген олар жігітті жерге алып ұрады ғой. Қапыда жауының астына түсіп, енді өлгелі қалғанда күшігінен асыраған иті көмекке келмей ме. Иті желкеден бүріп жұлып алғанда, Бәкен қылышты ойратқа бойлата сұғып жіберіпті.

Бәкен сол оқиғаны енді ғана басынан өткізіп отырғандай күйзеліп, ентігіп тоқтады. Көзінің қиығымен қонақтарына қиыстады. Оқты жанарды үнсіз тындап отырған әйелге бағыштады. Әминаның міз бақпай сазара қалған жүзінен бетін тайсақтатып әкетті.

- Барым... сырым осы. Жанымды арашалап, жақсылық жасаған итім анау. Иттен де бетер иттік жасап, опасыздық көрсеткен әйелім мынау. Кім адал, кім арам? Кім оң, кім теріс? Ендігі билік сіздерде. Іштей күңіренуім көп еді. Күйзелісім мол еді. Солар адастырса, бетімді бұрарсыздар.

Мына әңгімеден соң Бабаназар да, Дау да Бәкеннің күні бойғы салыңқы қабағының ажарын енді сезгендей мүлде жуасып қалды. Қайта анау әлі де сүйек-саяқты

кеміріп, сорып отырған әйелге деген іштей қызыл тауып, төсек үстінде жатқан маңтөбетке ризалық қарасты жолдасты.

- Біз не дей қояйық. Араз ағайынды жалғастыру, жанастыру, әй, қиын іс болса да, әйтеуір бір ілік берер еді. Ал сен екеуіңді келістірудің еш ыңғайы бола қояр ма екен?.. Қыздай алдым, қимадым, іздедім дедің. Сенің қимас көңіліңді қолжаулық еткенін естігенде жүрегім тіксінгенін қалай жасырармын. Күрек тісін қасқайта қаратып, қолаң шашын құлаштай таратып көз алдында бұландаған қосағыңның өзге еркекпен... онда да жат, жау ұрпағымен әмпейлесуі естіген құлаққа егеу түрпі ғой. Сын сенің де, Бәкен, оның да, кел... әйелдің де басында боп тұр бұл жерде. Опасыздық еткенін кешіре алмасымды... өзімнің кешіре алмасымды білем. Жатпен әмпейленген әуейілігін ойласам, шариғат жолына ойысқан да жөн тәрізді... Онда да тас атқылау... Ал итіңді өле-өлгенше асыра. Бірақ артық кетіп, асылық етпе. Әр жан иесінің өз орны болатынын ескер. Адам түсер, кісі отырар жерге ит шығарған әбестіктен арылғайсың, - деп Бабаназар өз ойын, өз шешімін осылай түйіндеді.

Бәкен келіскенін білдіріп бас изеді.

Дау “Бәкеңнен кейін не айтам?” дегендей шалқая беріп еді, Қазыбектін өзіне қадала қалғанын көргенде, көзі іні көзінен тайқып кетті. Еріксіз түкірігін жұтынды.

- Бәкеңнің шариғат жолы деген тайғақтау тұсынан басқасының бәріне қосылам. Қиын жағдай екені рас. Желкілдетіп желек кигізіп алған жарыңның ыстығы басылмай, қолды болса, өксігі бітпейді әрине. Өзгенің сауырлағаны жаныңа батат та. Батпай, бал қызыққа сол алғашқы шүйкебасымен ұйыған қазаққа дүниенің басқа рахаты бармеді. Бірақ қаталдықтың да реті жоқ-ау, Бәкен шырақ. Ер жігіт кекшіл болғанша, көпшіл болмас. Әйелмен ұстасса, ұсақтап кеткені де. Ірілік, кесектікке не жетсін. Кешірілмес күнәні жасаған пендесін де құдай кешетін. Ұрғашының ұршықша құбылатыны, түтінше шалқитыны аян. Тым тұқырта бергенің байғұсты дұрыс болмас, - деп Дау қинала толқып тоқтады.

Аяқ астынан қандай кесім жасай қойсын. Айтқаны

аяушылық. Мейірімділік. Қатыгездікті жұмсарту екенін Бәкен де ұғынды. Аз-аздап ой-бойды құрсаған қатал шеңбердің босаңси түскенін де бажайлағандай.

Қазыбек кірпігін қиюластырып, қабағын түсіріп алыпты. Қалың ойға шомғандағы інісінің осы әдетін соңғы кездері Дау жиірек көріп жүрген. Әлгі түйіліңкіреген жүзге дәмелене қарап қалды. Соны байқаған Бабаназар да қиыстап еді, шыдамсыз Жақып кимелеп кетті.

- Әрине, сіз екеуіңіздің айтқандарыңыз көкейге қонады. Не істеймін десе де, біздің Бәкенжан өзі білед те. Сонда да болса итті тым әспеттеудің қажеті жоғы рас. Келінді...ә, ә... шатасып барам-ау...әйелді анда-санда бір шықпыртып алып отырса... аюға намаз үйреткен таяқ, сабасына түсер. Бұрынғы қазан-ошағына араласып, түсініп кетер. Көңіл қалды дегенмен... әйел аты әйел, бауырыңа тартсаң ерсініп, еріп жүре береді ғой бұлар... - Қазыбектің қозғалақтағанын көріп, тез қайырды. - Ә-ә, мен айтқанда... "қалың бергенің, айрылма" деп малсақтық жасадым білем... Қазыбекжан, өзің түйіндемесең. Ә-ә, сөйтемісің?.. Онда мен қойдым.

Қазыбек бері еңсеріле бұрылып, Бәкенге суық қарады. Үй иесінің кірпіктері жыпылық қақты.

- Әлгінде ағаларым сөйледі. Көңіліңізге қарады ма, сыйластықтан аспады. Сипай қамшьшап кетті.

Бабаназар мен Даудың бастары төмен тұқырды. Сыйластықпен сипай қамшылағанын, өздерінің өресі жеткен жерді шиырлағандарын білетін. Одан әрі секіргенмен алысқа ұзамас та еді. Қазыбек сөзін әрі жалғастырды.

- Сіздің қатеңіз мынада, Бәкен мырза. Жүрекке ешқандай әмір жүрмейтінін білмей, ал құштарлықтың қызыл тілді күрмейтінін білмей, сіз жүректі білекпен жеңбек болыпсыз. Жақтырмаған құшаққа өктемдікпен еңбек болыпсыз. Өктемдігіңізге көнбеген әйел айыпты емес, жүрекке ерік бермеген сіз айыптысыз. Одан соң бұл әйел басқаны ұнатқаны үшін емес, жауыңызға болысып, сізді құлатқаны үшін айыпты, - деп екеуіне кезек шаншылды. Бәкен қызарақтап, көзін жасырғанда, әйелдің күңгірт жанарына жылт білініп, қадала

қалды. Қазыбектің ашық дауысы тағы да қалықтады.

- Сонымен айыпты айып жусын да, ашуды ақыл қусын. Бұл әйел төркінін тапсын. Сіз, Бәке, өшпенділіктен босап, еркіндігіңізді табыңыз!

Жақып қопаң етіп қап, елтірі бөрікті жерге атып ұрды. Осысы үйреншікті әдеті болса керек.

- Әб-бәрекелді! Қандай шешім! Қолмен қойғандай етті-ау! Қайран даналық! Қиынды оңайлатып, ауырды жеңілдетіп жіберді-ау!

Бабаназар да бас шұлғыды.

- Қазыбек шырақ! Дұрыс таптың! Көкейге қона кетті. Жүрекке әмір жоғын қалай ескермегенбіз, ә. Мойындағы қарызды ұмыттыра беретін өзімшілдігіміздің-ау баршасы. Әйелге бұйым деп қараудың қатесі қайда апарып соғарын өкініп барып ұғамыз. Ұғындырдың, Қазыбек, - деп әрі келісті, әрі мойындады.

Дау да түйсінгенін бүгіп қала алмады.

- Әшейінде мейірбан көрінеміз. Қаталдық бірақ әр әрекет-қимылда ғана емес, әр пиғылда да жатады екен-ау. Жауымның жауы - досым. Жауымның досы - жауым деумен апырақтай беріппіз. Мүмкін жауымның досы досым шығар. Жауымның жауы - жалмауызым шығар. Оны түптеуге шыдам жетпейді. Алыстасақ атысып, тақалсақ таяқтаса қалатын әдет басқаға алаңдатпайды. Алаңдамайтын өзіміз. Әйтпесе, біреу қуып, біреу жетектеп келе жатқан жоқ қой. Сырттай жақсымыз. Жарасымды-ақпыз. Ал ішке үңілсе... Қолқа қабар сұмдық көп-ау.

Бәкен мырза, Қазыбекжаннан бұдан былай артық та, асып та сөйлейтін осы қазақта адам болмасына көзім анық жетумен келеді. Қырықтың бірі Қыдыр болса, бүгін шаңырағыңа Қыдыр енгені деп біл. Айтқанды қыл. Жүгіңнен арыл, дертіңнен тазар.

3

Домбыра безектеуі бітпейді. Көңіл мазасыздығы саусақ ұшынан қос ішекке төгіле ме, әлгіндегі майда уіл аяқ астынан басқаша тұтанып, рақымсыз дүниенің әлдебір соқпағында қалған сыңараяқ іздің болар-

болмас өкше табымен жортып ала жөнеледі. Сол-ақ екен домбыра ширығады кеп. Шанақ дүниенің өз тілі боп ah ұрады кеп. Екі ішек - бірі мұң шаққан, бірі зар төккен қос кейуана боп күңіренеді кеп. Надандық пен қаталдықтың құрбаны болған талай жанның аманатындай сәлден кейін қос ішек баяулай қап, жіңішке, ұзақ сарынмен бебеулейді кеп. Дамылсыз күдік кешкен көкіректің шерлі сырын қоңырлатады сонсоң. Өшіккен қастастықтың қойын-қонышты тіміскілеп, өн бойды суытып, жүрек суылдатар күйзелтуімен күңіренетін кеп. Ар сыналатын жерде бақастық жасап, адамшылықтан аттап кететін аярлықтан жазықсыз жапа шеккен азаматтың шамырқанған күйімен дуылдай, дүрілдей қап, асқақ үн аспанға шапшитын кеп. Содан соң ыстық-суықта ысылған кеуденің сабырлы демімен күбірлеп кеп, күмілжіп күңгірттеніп байырқалайтын.

“Қайран дәурен-ай! Шараһай да жоқ. Әмина да жоқ бүгінде. Қара-Манжының ұлы Сары-Манжы жалақтап, жоңғар қолын бастап даламызға сан келді. Сан рет ойран салды. Сол Сарының әкесі салған мол ылаңына шыдамай, ойраттан гөрі қазақтық қаны көп Шараһай ару құса мен күйіктен көз жұмды. Әлде көкірегіне нан піскен Қара-Манжы шабындыдан келген күңдей ғып күн көрсетпеді ме екен. Естуімше, өйтпеген ғой. Әлпештеп-ақ ұстаған деседі. Бірақ өкпе сызы кете қойды ма екен? Ойраттың өшпенділігіне басқа жұрттың ешқайсысы да жетпейді. Бұл шіркіндер қабырғанды тірідей сөгіп, бауырыңды кесіп ап отқа қақтайтын нағыз қатыгез ғой.

Әмина да ауруынан оңалмапты. Әлде сол ойрат күйеуге ауған көңілі дүниенің басқа қызық-шыжығанан мүлде баз кешіп, суып, суынып кетті ме екен. Талпынғанын талақ еткен ғұмырдың аяз ызғарлы лебіне жаралы жүректің тік қарауға дәрмені жетпеді ме? Дімкәс дүниенің науқас жандары көп болары неліктен? Қыбырлаған пенденің жер бетінде тік басып, тіке, қарап жүруіне бөгеттің көбейе беретіні қалай? Адамзатты бір-біріне жау қылып, жауықтырып қоятын өшпенділікті соларға кім себеді? Ата-ана ма? Қысқа

күнде қырық өліп отыратын қазақтың кемпір-шалының тілегі: елдің аман, жұрттың тыныштығы емес пе. Ендеше әлгі кескілескен тірліктің кесапат тілегін туындататын кім?

Тәңір хақ па? Неге сөйтеді? Жоңғары да, қазағы да, қалмағы да, тіпті шүршіт пен орысы да өз пенделері емес пе? Бірімен-бірін қырқыстырып, бірімен-бірін жауластырып, атыстырып-шабыстырып қойғанда, тәңір хақтың табары не? Әлде ойын балаларын құйт-құйттап төбелестіріп қойып қызығына қарап отыратын ауыл тентегінің мінезі ме? Құмары сонымен қанатын болса, оның құдіреттілігі қайда, қасиеттілігі қаншама? Кереметтілігі неде?"

Сырттан дабыр-дүбір дауыс естілді де, әлдекім ішке кірді. Қабағын сәл түйілдіре домбырасын алақанымен сипай шертіп отырған би басын сәл көтерді.

- Биаға! Рұқсат етсеңіз...

- Сен бе едің, Түйте! Айта бер.

- Биаға, кешегі қонақтарыңыз келсек, өзіңізбен сөйлессек дейді.

- Ә, иә!.. Солай еді-ау. Онда түскі асты осы үйге қамдатсын, - деп би келіскенін білдіріп, домбырасын керегеге сүйеді. - Нешеу өздері?

- Көп емес онша. Он шақты адам. Сізге Бәкең екеуі ғана кірмек, - деп Түйте қонақтардың тілегін де жеткізді.

Қазыбек шайқалыңқырап қалып, шаншылып алды.

- Оңаша бер кәріні дей ме жас баршын.

- Солай тәрізді.

- Құпия сақтай ма, құпия сақтата ма - салмақ салары бар-ау,- деп би жақтырмағанда жасайтын әдетімен кесек қырлы мұрынды оң қолдың сұқ саусағымен түртіп өтті. - Бәкең не дейді?

- Бәкең не десін. Анау жігіттің аузына қарап, бас шұлғу - Бәкеңдікі. Әулиесі де, пайғамбары да содан табылған ба - басқа тірлікті мүлде ұмытқан сыңайлы.

- Өзің не ойлайсың?

- Мен бе?..- Түйте тосылып қалды. - Не дейін... Алыстан ат терлетіп тегін жүрмейтіні белгілі. Қолқа салар ма, алмаса бермейтін жанның кейпі бар-ау деймін онда.

- Жөн, жөн... Сен осы ауылыңнан қашан келіп ең? Дау ағамды түсімде көрдім... - сәл кідірді. Қабағы салыңқы тартты. Үлкен көздер кішірейе жұмылып барып, қайта ашылды. - Жарықтық, жақсы адам еді ғой. Туған ағамнан артық көруші ем. Туған інісіндей аялаушы еді. Алақанын сағыныппын... Ерте кетті ғой...

Қазыбек бидің дәл осылай пенделік күймен күрсінгенін бұрын көрмеген Түйте, көкесінің қадірінің биге қаншалықты болғанын қатты сезіп тұр.

- Мен келгелі біраз болды ғой, Биаға. Өзіңіз біздің ауылды Тасқұдыққа қондырғалы бері арамыз мүлде жақындаған соң, “келіп-кетіп тұрсаңшы” дегеніңізбен онда да, мұнда да жүретін болдым.

- Жөн екен, Түйтежан. Сен биыл нешеге толдың осы?

- Қырық жетіге толып өттім ғой, Биаға.

- Оған да қырық жеті жыл боп қалған екен-ау, - деп Қазекең тағы үнсіз қалды. Сол қырық жеті жыл бұрын болған оқиғаға оймен сүңгіді ме, есіне алып отыр ма, Түйте олардан хабарсыз. - Сен туған жылы, Түйте, біз Бертіс көкем, Тайкелтір аға бастаған қырық адам Қалданға... бүгінгі Қалдан Серен емес азулы, мүйізді Қалдан Башықты... Бесоқтыға барғамыз. Сонда Бабаназар ағамды да, Дау ағамды да өле-өлгенше жоғалтпастай жақыным, жанашырым, ақылшыларым деп тапқам.

- Білем, Биаға. Көкем маған сізді үнемі айтып отыратын. Биағаңның ықпалында бол. Ырқымен жүр деп. Тіпті жонын берсе де, соңынан ілес. Аулақтанба дейтін әрдайым.

- Таза еді-ау, көкең. Сырты қандай келбетті болса, іші сондай нұрлы еді-ау. Азайды ғой қатарлары. Аманатын артып артында қалдырып кетті ғой мені... Ел жүгін бөлісіп көтерерлер қалмай барады. Қарымы шолақтар көп қой әлі де. Қайырымы молы сирек болған соң, бармақ тістеуден басқа амал не.

Би тағы да кідірді. Сонау сағынтқан күндер мұнарын тілгілеген қиял көзімен алысқа, артына үңіле ме, ауқымды сақал қаусырған иегі омырауына тіреліп қапты.

Түйте жөткірінді. Би қозғалды.

- Ой, дәурен-ай!.. Зымыраған уақыт-ай! Жүрдек-

ау. Дәурен өткінші. Әркімнен де өтеді ол. Бұқтырам деп бұл әуре, ұқтырам деп мен әуре. Бұқпантайлап көп әуре. Келіспестік көбейді. Тілектестік азайды...- деп ұзақ күрсінді. Түйтеге үңіле қарады. - Құрдастарың қалай, қуатты ма? Байланысып тұрасыңдар ма?

Түйтенің бетіне қан жүгірді. Көздері шырадай жанды. Қуанғанын, құлшынғанын би де аңғарды.

- Жақсы ғой. Күйлі-қуатты ғой!.. Биаға-ау! Ол үшеуміздің бір жылы туғандығымызды бүкіл ел біліп алған. Бірге туған егіздердейміз тура. Туысым, жақыным Таңыбай құрдастан Бұқар жырауды бір елі кем көрер ме екем. Қайта кейде Таңыбай екеуміз қайсымыз мықты найзагер, қайсымыз жауға көбірек қызылбөрік кигіздік деп дауласып қала бергенімізде, бір-біріміздің шаңымызды қағып, тәубамызға келтіретін Бұқар құрдас қой. Серкеміз де өзі.

- Болсын серкелерің. Таңыбайдай құрдасы, сендей батыры, Бұқардай жырауы бар үшеуіңнен өтер, үшеуіңнен абзал не бар. Тұнық, мөлдір достықтарыңның бұлағы бітелмесін ылайым, - Қазыбек қолын созды. Түйте лып түрегеп, биді қолтығынан сүйеп тұрғызды. - Сыртқа шығып келейін. Сонсоң қонақтарыңды бастап келе бер, Түйте.

Түйте іштей масайрады. “Бастап келе бер” дегені Биағаның “өзің кеңесте бірге бол” деген емеуріні. Биағаның кеңесіне ілуде-шалуда біреу қатыспаса, былайғы көпшілік төбе көрсете бермейді.

- Сөйтем, Биаға!..
- Ас-суды дұрыстат.
- Жарайды, Биаға.

Ауыл шетіне асықпай аттаған Қазекеңнің соңынан күтуші баланы құмған көтертіп жіберіп, Түйте асыға аттап қонақтар отырған үйлерге беттеді.

* * *

Қасында бір топ нөкер жігіті бар жас жігіт Тіленші ауылға ене бергеннен-ақ бір топ жаңа қонақ басып жатқанын көріп, әдейілеп байлаулы аттар тұрған керме жаққа бұрыла жүрді.

тік отырған күйі Тіленшінің зілді қарасын қаймықпай тосып алды.

Тіленші Жарылғаптан бірер жас үлкен. Биыл он алтыға толады. Сол үлкендігі бар, мұқым Орта жүздің тізгінін қолына ұстаған айбынды Қаз дауысты Қазыбектің немересі һәм сол айдынды атаның азулы ұлы Бекболат бидің мырзабек баласы дейтін атағы бар бұл мынау бедел түсіргіш немені бірер дүмпумен-ақ жалпыетек қылып алмас па. Сол әдетпен шүйіліп түсті.

- Әй, сенің “атам, атам!” деп тақылдап тұрғаның қай ата? Құдайдың өзі болмаса, аты бар шығар сол құдайдай құтыртқан атаңның?

- Иә! Бар аты. Атсыз адам жоқ қой. Атам ...Биатам - Қаз дауысты Қазыбек! - деді Жарылғап даусын нықнық шығарып.

Тіленші сәтте өзгерді. Ызғар шашқан көздер жыпылық қаққан кірпіктердің тасасына тығылды. “Андамай сөйлеген ауырмай өледінің” керіне ұшырағанын сезді. Кей-кейде оғаш, ожар қылығымен өзінен көп үміт қылатын атасының ашулы назарына ілігіп қалатыны көбейіп бара жатқанын да байқады.

“Әй, мынау Жарылғап немесі аяқты қалай басады, ә! Менен атама бұл жақын болғаны ма сонда. Қалай деді әлгінде. “Тілектің құнды, құнсызы, өтініштің өктемі, өзектісі болады” деп еді. Атам соны маған бұрын неге айтпаған. Өз отына қан құйған!..” Өкпе тағып бара жатқанын да байқар емес. Атамен ұстасудан да қашпайтын тәрізді. Бірақ... Сол атаның алыстан шарпыр ызғары қазір-ақ жетіп, жон арқасын мұздатып жібергендей құрыстанды.

- Жә! Атам айтса, талас жоқ. Онда саған айтар өтініштің өзектісін табармын. Сен, Жарылғап, бұдан бұлай борышкерім болғаныңды ұмытпа, - деп Тіленші атын тебініп ілгері лықсытты. Атасының үйі мен қонақ үйлердің ортасында иықты асқақ ақ үзіктің қасындағы кермеге жақындағанда, алдынан шыққан жігіттер Тіленшілерді аттан түсіріп алды.

Жолсоқты денелерін шайқап серпіп, қиралаңдап аттай беріп еді, қонақүйден шыққан бір топ адамды көріп, бұлар іркіліп тұрып қалды.

Үйден шыққан он шақты адамнан екеу бөлінді де,

- Ой, пәле, мынау “шын” әрпіндей төре таңбасы ғой. Тағы бір сұраншағы атама тіленіп жеткен екен-ау. Әй, осылар шетінен бір тойымсыз-ау. Неткен обыр еді өздері. Бірін-бірі көре алмай, бірін-бірі жамандап, өсектеп келіп атамның мазасын алумен болады. Осылар ма ел басқаратын, тізгін ұстайтын? Атамның қолындағы Орта жүз билігі осыларға бөлініп-бөлініп тиді ме, онда бұлар бөріден де жаман бөрліктіріп тиіп, қазағыңды қан қақсатады. Кім екен, ә?

- Кімді айтасың, мырза?

- Мынау төре таңбалы шабдардың иесі кім болды екен?

- Е, оны көру оңай ғой. Атына қылбұрау салып шыңғыртсақ, атып шықпай ма? - деп тентек серік ожарлана қалды.

- Расында сөйтсе қайтер ед? - деп Тіленші қызынды.

- Несі бар. Қазір мынау Жарылғап қос құлақтан басып қап, шөкелетеді де, қылбұрауды қысады дейсің. Оу, мырзабек-ау, сен өзің Жарылғаптың асауды ұстағанын, тырп еткізбей жынын қағып алғанын көрмегенсің ғой. Көрсең, тағы бір көруге құмартып тұрар едің, - деп тентек серік құтырта түсті.

- Жарылғап, мынаның... Бөрібайдың айтқаны рас па?

- Әй бұл айта береді,- деп Жарылғап қолын сілтеді.

- Айта беретін бұл. Ал мен саған шабдарға қылбұрау сал десем, орындар ма едің, - деп Тіленші қадала қарады. Жуан атаның жуандығын көбіне көп құрдастарына қыр қыла жүретін әдетіне басқан еді. Жарылғап тайсақтаған жоқ.

- Жоқ! Қолбала боп кеткен малға обал жасамау керек. Шүу асау болса, онда тәкпін.

- Неге? Текесінген әлдеқандай бір төренің жаман шабдарынан менің бір өтінішім қадірсіз болғаны ма? - деп жас жігіт кеудемсоқ мінезін ілгері ытқытты.

- Мал сорлыда жазық не? Тілектің құнды, құнсызы, өтініштің өктемі, өзектісі болады деген атам. Тілекті айыра біл, өтінішті ажырата біл. Айтақтағанға арсылдап ұмтылу арсыздың ісі деген атам, - деп Жарылғап зор денесін қазықтай қағып алып, ер үстінде

тік отырған күйі Тіленшінің зілді қарасын қаймықпай тосып алды.

Тіленші Жарылғаптан бірер жас үлкен. Биыл он алтыға толады. Сол үлкендігі бар, мұқым Орта жүздің тізгінін қолына ұстаған айбынды Қаз дауысты Қазыбектің немересі һәм сол айдынды атаның азулы ұлы Бекболат бидің мырзабек баласы дейтін атағы бар бұл мынау бедел түсіргіш немені бірер дүмпумен-ақ жалпыетек қылып алмас па. Сол әдетпен шүйіліп түсті.

- Әй, сенің “атам, атам!” деп тақылдап тұрғаның қай ата? Құдайдың өзі болмаса, аты бар шығар сол құдайдай құтыртқан атаңның?

- Иә! Бар аты. Атсыз адам жоқ қой. Атам ...Биатам - Қаз дауысты Қазыбек! - деді Жарылғап даусын нықнық шығарып.

Тіленші сәтте өзгерді. Ызғар шашқан көздер жыпылық қаққан кірпіктердің тасасына тығылды. “Аңдамай сөйлеген ауырмай өледінің” керіне ұшырағанын сезді. Кей-кейде оғаш, ожар қылығымен өзінен көп үміт қылатын атасының ашулы назарына ілігіп қалатыны көбейіп бара жатқанын да байқады.

“Әй, мынау Жарылғап немесі аяқты қалай басады, ә! Менен атама бұл жақын болғаны ма сонда. Қалай деді әлгінде. “Тілектің құнды, құнсызы, өтініштің өктемі, өзектісі болады” деп еді. Атам соны маған бұрын неге айтпаған. Өз отына қан құйған!..” Өкпе тағып бара жатқанын да байқар емес. Атамен ұстасудан да қашпайтын тәрізді. Бірақ... Сол атаның алыстан шарпыр ызғары қазір-ақ жетіп, жон арқасын мұздатып жібергендей құрыстанды.

- Жә! Атам айтса, талас жоқ. Оңда саған айтар өтініштің өзектісін табармын. Сен, Жарылғап, бұдан бұлай борышкерім болғанынды ұмытпа, - деп Тіленші атын тебініп ілгері лықсытты. Атасының үйі мен қонақ үйлердің ортасында иықты асқақ ақ үзіктің қасындағы кермеге жақындағанда, алдынан шыққан жігіттер Тіленшілерді аттан түсіріп алды.

Жолсоқты денелерін шайқап серпіп, қиралаңдап аттай беріп еді, қонақүйден шыққан бір топ адамды көріп, бұлар іркіліп тұрып қалды.

Үйден шыққан он шақты адамнан екеу бөлінді де,

бері қарай, үлкен үйге қарай беттеді. Екеудің де денелері ірі, алып тұлғалы еді. Әсіресе сол жақтағы қапсағай денелісі ауырлай, ырғала басқанда әлдебір салмақтылық, күштілік сезілетіндей. Тұрғандар атақты Қанжығалы Бөгенбай батырды танып, алыстан-ақ, қозғалақтай бастаған еді, Тіленші зекіп қалды.

- Тықыршымаңдар! Батыр батыр дегенге бөркін даңғарадай етіп бәлсініп кетіп еді. Тапқан төресі мынау, Абылай болды ғой!

"Абылай!" дегенде Жарылғап бір аттап, әлгі екінші жас жігітке қырағы көзді қадап қалды. Кең иықты, ұзын бойлы, қыран қабақты, қыр мұрынды келісті көркем жігіт сонадайдан көз тартып келеді.

"Нағыз жігіттің сұлтаны-ақ екен!" деп сұқтанғанын жасыра алмай тұрған Жарылғаптың қазіргі көңіл күйін бір қарағанда-ақ Тіленші тап басып еді. Қызғанышы үдеді. Сұлтанды да, Жарылғапты да сынамақ болды. Даусын келе жатқандарға естірте қаттырақ шығарды.

- Әй, Жарылғап! Өзекті өтініштің реті жетіпті. Өспей жатып өктем болғысы келетіндердің басын алмасақ та, тымағын қағып түсіріп, өз орнының қайда екенін көзіне көрсетіп қойған да қажет-ау. Сен анау хандықтан үмітті боп төре төбеде төңкерілген телпекті жұлып түсші! Өтінішім де, бұйрығым да осы! - деді.

Осыны естігенде Бөгенбай батыр жалт етіп жастарға шаншыла қарап, "не істемек мыналар!" дегендей бөгеліңкіреп қалғанда, түк болмағандай Абылай сұлтан жүрісін де өзгертпестен, түсін де бұзбастан жақындай берді.

Жарылғап бас шайқады. Онысымен де қоймай, есік пен төрдей таянған жас сұлтан мен батырға қолын кеудесіне төсеп иілді де, іле-шала:

- Ассалаумағалейкум! - деп қолын соза қарсы жүрді.

- Уағалайкүмсалам! - деп Бөгенбай да, Абылай да Жарылғаптың ұсынған қолын кезек-кезек көсіп алды. Сол-ақ екен Тіленшінің серіктері жапырласа қол бере бастады. Состиып тұрып қалудың ретін таппай Тіленші де бері аттады.

- Ассалаумағалейкум, батыр ата. Ат ізіңізді салмай кетіп едіңіз. Арқа сүйеген асқар тауыңыз биік пе десем, әлдебір лақ теке секірген төбешік қана екен ғой.

- Кей-кейде сол төбенің лақ текеге таудан артық жұғымды ығы болады, Тіленші бауырым, - деп Абылай өзі қол созды.

- Қайдам. Біз үшін батыр атам бұрын лақ теке емес, нағыз арқар құлжаның өзі болатын, - деп Тіленші созған қолды алақанымен көсіп алды.

- Әй, Тіленші балам, тегіннен тегін жарықтық Шаншардың ұрпағы болар мең, өстіп шағып, шаншып тұрмасаң, - деп Бөгенбай мол денесін селкілдетіп күліп, осынау ілікпені жуып-шаймақ болды. Жігіттер қарқылдап күліп ала жөнелді.

- Иттің бәрі Бөрібасар, жұрттың бәрі Шаншар болмас, - деп Абылай сұлтан әрі, үлкен үйге қарай жүріп кетті. Жарамсақтанып көмейлеп күлгендердің көмейіне құм құйылғандай үндері өшті. Өңінен қаны қашып сазара қалған Тіленшінің қайнар ашуға мінгенін көргенде кейбір аузы жеңілдері күңкілдесіп кетті.

- Қап! Абылай сұлтан болмақ түгіл, құдай болса да көзіңді ашып қара деу керек еді!

- Көкесін танымай, көзінің еті өсіп жүр ғой.

- Біздің мырзаның тіліп түскеніне ширыққан ғой.

- Бөкеңе не жоқ, ей! Тура иесінің соңынан сүмендеген тазыдай-ау.

- Тазың не, қорбаңдаған жұртта қалған төбеттей демеймісің, - деп тағы біреуі іліп әкетіп еді. Жарылғап жақтырмады.

- Бәкеңе тіл тигізбеңдер! Бәкенді Биатамның өзі әулиедей сыйлайды. Оң жамбасына отырғызған Орта жүздің батыры ол!

- “Баты-ер, баты-ер”. Тапқан екенсің батырды. Батырыңның қазір қатын құрлы қадірі жоқ. Оу, Абылай бала кім, Бөгенбай батыр кім? Соны неге түсінбейді. Анау сұлтан әбден басын айналдырып алған. Бес Мейрам мен жеті Момынның арасын ажыратып, ағайынды жік-жік қылмақ. Көресің бе, сен, Жарылғап, сол сұмдықты. Жеті Момынды бізден бөліп әкетсе, артының не боларын ескердің бе сен. Тұтас Арғынды дар-дар айырады деген тірлік ол. Қазірдің өзінде анау Атығай, Қарауыл мына жас, жәдігөй сұлтанның аузына қарап, иегінің астына түсіп кетті.

Егерәки, Арғын мынау доптай берік тұтастығынан айырылды ма, онда Найманың да, Уақ-Керейің де, Қыпшақ, Қоңыратың да қыңыратқиды. Найманды жеке билеймін деп Барақ сұлтан Қаракерей Қабанбай батырды қолтығына кіргізіп алып, шөре-шөреге басып жүргенін көрмеймісіңдер.

Жас жігіттер мына тосын әңгімеден көп сыр ұққандай болды. Әр сұлтанның, әр батырдың өз күйімен, өз күйтімен болам деуі, шынында да жүрек шошытып, жаға ұстатар қылық екендігін қинала сезінді. Әсіресе ат басын тартып мініп, көзге енді-енді түсе бастаған жас Жарылғапқа көп жағдай жіңішкелеп ашылып келе жатқан-ды. “Ел арасына сызат түссе, бірлігімізге ақау түседі ғой. Соны үлкендер қалай сезбейді. “Бүлінгенімізді, бір-бірімізді қарақтағанымызды құдайларынан күн сайын тілеп отырған қанқұйлы көршілеріміз көп” дейтін Биатамның сөзіне де құлақ аспағандары ма. Апырау, үй ішінен күрке тіккендей бұл сұлтандарға не жетпейді. Әлде “төреге ерсең ертоқымыңды жаяу арқаларсың” дейтін сөз бекер айтылмаған ба? Бірінен соң бірі келетін көп төре Биатамның қолындағы Әз Тәуке хан ұстатқан күллі Орта жүздің билігінің тізгініне таласып жүр екен-ау. Таласып, тармасып әркімі-ақ жіліктің майлы басын ауызға тықпақ қой. Ұлы жүз анау жоңғар боданында. Жолбарыстың хан деген аты ғана. Төле би ойратқа бас шұлғымай, Ташкент қаласының билігін мықты ұстап отыр. Бері өткізбейді оны. Әйтеке атам былтыр қайтыс болмағанда, Биатаммен тізе қосатын еді. Атамды жалғыздық қажытып жүр ғой. Қазақ қамын жейді дейтін батырларда да бақастық көбейді деп көкем ренжіп еді өткенде. Әсіресе Шақшақ Жәнібек батырдн түңіле сөйлегенін көргенім сонда еді. Ол батыр сонда нені көксейді екен, ә. Оған да билік қажет пе? Ой сұмдық-ай! Жүрек шайлықтыратын суық, арам ойға қалай барады? Бір қазақты онға бөлсе ондыра ма? Оларды сонсоң орысы да, ойраты да, қалмағы да, башқұрты да аясын ба? Соны сезбесе, халықты қара жерге отыртқаны ғой.”

- Әй, Жарылғап! Жарылғап деймін!

Жарылғап селк етіп, ойын ыдыратып алды.

Дауыстап тұрған Тіленші екен. Көзін шүйілдіре тырсиып, күйіп тұр.

- Ау, сен осы түрегеп тұрып та ұйықтаудан саумысың. Әлде керең бең?

Жарылғап қабағын шытып, мырзабектің көзіне көзін тіктеді. Кірпігі жоқ адамның қарсы атылған сұсты жанары кімді де болса қатты қалтырататын. Тіленшінің көзі тайқып кетті.

- Иә, құлағым сенде.

Тіленшінің әлгінде зіркілдеген даусы жуасып қапты.

- Сен, Жарылғап, атамның үлкен үйіне барып, кеңеске қатыссаң қайтеді. Атам саған дұрыс қарайтынын мен де сезем. Әлгілердің не дегенін білсек, ә.

Жарылғаптың өзі де сұлтанның ұлыс бимен не сөйлескенін білгісі-ақ бар. Бірақ Биатаның келісім-рұхсатынсыз кіріп бару әдептен аттау ғана емес, үлкен ағаттық жасау. Басын шайқады. Тіленші түлен тұтты.

- Әй, осы сенің бас шайқауың бітпейді екен. Бүгін осымен басынды үш шайқадың. Шайқалған бастың ұшып түсуі оңай. Неге бармайсың?

- Атамның шақырылмай барып кеңесін бұзғым келмейді. Ондай ағаттық жасағанша басым кесілгені артық.

- Ырықтан шығам, құрық әкетем дейсің ғой.

-Жоқ! Ондайдан аулақпын. Бірақ жөнсіз бұйрыққа бас шұлғу әдетімде жоқ, - деді Жарылғап жайбарақат қана.

- Әй, сен анау Абылайдың кім екенін білесің бе? - деп Тіленші тызалақтады.

- Білем. Кешегі Аңырақайда ерлігімен көзге түскен азамат. Елдің батасын алған ұланы. Биатамның мейірі түскен сұлтан, - деп Жарылғап қаймықпады.

- Атаңның басы білесің. Түк те білмейсің. Бәрің де ештеңе білмейсіндер. Жүріңдер! Мен сендердің тәңірі тұтқан сұлтандарыңның кім екенін, ішек-қарнымен қоса ақтарып берейін, - деп Тіленші алтын үзік үйдің табалдырығынан асыға аттады.

Күтуші жігітке қымыз алдырып, бетінде құрым белгісі білінер-білінбес, тобылғымен ыстаған сары қымыздың бір-бір тостағанын тастап-тастап алысты.

Тіленші күтуші жігітті шығарып жіберді.

- Ешкімді маңайлатпа бұл үйге!

- Жарайды, мырзабек!

- Әй, Жарылғап құдай! Сен бүгін мүлде құдайымсып біттің ғой. Тыңда, ендеше, тәңіріңе балаған төреңнің кім екенін.

- Айта берсеңші.

- Айтуға ертіп келмедім бе сендерді. Сен Дәулетбекті білемісің?

- Қай Дәулетбекті? Өзіміздің Машай Дәулетбек пе? - деп Бөрібай шапшаңдық танытты.

- Сен Бөрібай, бар болса, көтінді қысып қана, жайыңа отыр сөз бөлмей. Сенің Машай төңірегінен басқа білерің бар мед. Ау, Жарылғап! Сенен сұрап отырмын.

Жарылғап малдас құрып отырған, тобылғы сапты тоғыз өрім дойырының жетім шегесін бармағымен шертіп қалды.

- Атығайдың бай Дәулетбегін айтасың ғой.

- Иә! Сол бай Дәулетбек, бар Дәулетбек. Мол, зор Дәулетбек! Сыр бойында, Шыршық бойында жүргенін, қоныстанғанын ұмытпаған боларсың.

- Өзім де Сырдың жағасында туыппын.

- Орта жүз бен Ұлы жүздің қатар отырған кезі еді ғой жиырма-отыз жыл бұрын.

- Үйсін менің нағашыларым ғой, - деп Бөрібай тағы да килігіп кетті.

- Жап аузынды! Бес Мейрам, Жеті Момынның туыстығының қаймағы шайқалмаған сол тұста Дәулетбек менің атаммен көрші болған ғой.

Жарылғап сол күндерді өзі көрмесе де, көкесінің айтуымен есіне жиі алатын. Тұтаса, көрші-қолаң отыратын Арғын балаларының ынтымағы ғаламат болған деседі. Басқалар тар жерде тартысып, таласып қалып жатқанда, бүкіл Арғын бір туғандығын жасап, шырық бұзған телі мен тентегін тез басып, ың-шыңсыз күнелткен ғой. Енді міне сол күндерге Тіленші жетелеп барады. Тіленші әңгімесі ұйытып барады.

Қара мен төре қашаннан бірі-біріне қырбай болған ғой. Төресіз төбеге шыға алмайтындай, төбесіз қарауыл қыла алмайтындай дағдыны әбден миына сіңіріп өскен

қазақ күндердің күнінде сол төрелерден мүлде запыланады ғой. “Тауықсыз да таңым атқан” деп төресіз де төбеге шығып көрсек қайтер еді дейтін өзара ұйғарымға ұйымай ма қарадан хан шыққан үш ардагер - Төле, Қазыбек, Әйтеке билер. Өйткені сол тұста әруағынан айналайын Әз Тәукенің көзі жұмылы-сымен-ақ таққа таласқан төре-сұлтандар қара қазақты тұс-тұстан жұлмалауға, тұс-тұстан дар-дар айыруға жанталасып жұмылған ғой. Қайып ханы, Әбілқайыр, Болат, Сәмеке, Батыр сұлтандары ешқашан ел бабы демеген, ел қамын жемеген ғой. Орыс пен ойраттың тақымында кетіп бара жатқан ата-бабаның қасиетті қанымен суарылған атамекенді құтқарам деп апатпен арпалысып жатқан ағайынға қайырым етпек түгіл, сол “Елім! Жерім!” деген қара халықты ауыздықтап тартып, іштен құртып, бүрсеңдетіп қойған төре тұқымының ылаңын көрген үш саңлақ енді елдің тізгінін, ұлтының билігін ұстатар білікті, білекті, жүректі жанды өз арасынан, өз ортасынан, өз қара-сынан шығармақ болмай ма. Содан болашақ ел тұтқасын ұстар оғланды үшеуі жағалай жұртынан жасырын іздемей ме. Сөйтіп жүргенде Қазекеңнің көзі жеті-сегіздердегі Әлібек балаға түспей ме. Сұрастырса, өзінің жақсы көретін жамағайыны Дәулетбектің ұлы боп шықпай ма. Үш арыстың да көңілінен шығып, батасын алған балаға енді тәлім-тәрбиенің, өнеге-өнерінің кәусары сіңірілмей ме. Қасына сақа сарбаз қосып, әскери ойынның түр-түрі үйретілмей ме. Көп көзден тасалау ұстау үшін Дәулетбек байды тездетіп Көкшетау жаққа көшіріп жібермей ме. Хош. Әлібек бала сол жаққа жиі барып, ұзақ жайлап қалатын Қазыбек атаның ұлағатты тәрбиесін толық көрмей ме...

Ендігі тәрбиенің бір парасы Ұлы жүз Үйсін Төленің өзімен жүруі керек қой. Сол себепті Әлібек бала Сабалақ ұланға айналып, бір жылдай үлкен саңлақтың бауырында болмай ма. Онсыз да қатарынан асып түсуді, өзгелерден озып шығуды жастайынан қанына сіңірген Әлібек өскенде хан боласың, қазір төре атағы бар сұлтансың деген соң даңқ құмарлық дертіне мүлде шалдықпай ма. Асқынған көкірек кей-кейде әкені елетпеуге де, жақын-жекжатты менсінбеуге де

жеткізбей ме. Сол-ақ екен бұрынғы ата-ана, аға-іні, апа-қарындас дейтін туысқандық, бауырмалдық сезімдер суалып, енді төреге тән қаталдық, қатыгездік мінездер оралмай ма. Өз өсиеті мен тәрбиесінен, өнегесі мен үлгісінен қаттылық енбегенін білетін заңғар Төле би мынау өрелі жастың көп түйгенінің арасында қатыбастықтың қабаттасып жүретініне қатты қайран қалатын да, өздерінің “төренің қаттылығын, қаталдығын, мақтаншақтығы мен мансапқұмарлығын, қызғаншақтығы мен күншілдігін алма” деп құдайдың құтты күні қақсап отыратын уағызының өзге өнегелерінен тезірек жұғысып кеткенін пайымдамай ма.

- Хош. Енді Әлібек баланы төре тұқымына жанастырудың жөні қалай қиюласқанын хабардар қылайын, - деді Тіленші ауыздары ашылып қалған серік жолдастарына. Содан әрі тағы да шұбырта жөнелді.

Атақты Еңсегей бойлы ер Есімнің ұлы Жаңғірден Уәлі Бақы мен Тәуке туған ғой. Тәукенің бағы жанып ата тағына отырған соң Уәлі өкпелеп, Үргенішке ме, Тәшкенге ме, әйтеуір өзбек, сарттың арасына кетіп қалған көрінеді. Өз қара топырағынан алыстаған соң, қайбір қасиет қалмақ, бауыры суыған әкеден Абылай дейтін ұл туады. Мейірімді жүзді қасынан көріп өспей, адамшылық қайырым құяр жанға кезікпей қаттылық, жатбауырлық сусынын қанып ішкен әлгі сұлтан өсе келе айналасына жауығып тиіп, талай жазықсыз қанды судай ағызған соң қанішер Абылай атанған ғой. Сол Абылайдан туған Уәли деген баласы бір жосын жуас, төңірегіне тыныш боп өсіп келе жатқанда, әлгінің жуастығын пайдаланған өзбек, сарт ішіндегі төре тұқымы бала-шағасымен қырып тастап, тағын тартып алған ғой. Сол Көркем Уәлидің Ораз құл жасырып қап, аман алып қалған Әбілмансұр атты баласы деп Әлібекті ұйғармай ма үш кемеңгер. Үргеніште ме, Тәшкенде ме, тіпті кейбіреулер айтатындай Түркістанда ма, шейіт боп кеткен Уәлиді кім қайта тірілтіп “Мынау сенің балаң ба?” деп сұрай қояр. Сонымен Әлібек бала төреден туғызылып, Әбілмансұр атанып, одан Төленің түйесін баққан Сабалаққа түседі ғой. Аңырақайда атақ пен даңқ тұғырына көтерейін деген

тәңірдің оң көзі түсіп, Абылайлап шауып, қыдыр дарып, бақ қарап, қасиеті өспей ме. Аты аңызға айналып Абылай сұлтан аталмай ма.

- Әне Абылайыңның бар сыры. Үш даңғылдың елінің қамын жеп жасаған тірлігі деп өткенде бір ағам айтып еді. Кім екенін сендер білмей-ақ қойыңдар. Шынға бақсақ, кейде шындықты бүркеудің де қажеттілігі болады. Ел арманын көксеу үшін елдің өз төлі, өз ұрпағы өсіп жетілуі керек деген сол адам. Мен сол кісіге сенем. Әттең мына киімшең төренің атамнан алған үлгі-өнегеден адасып жүргенін ғана түйткіл көрем. Әйтпесе оған дау айтып, кекесін білдіріп, жолына көлденең тұрып нем бар, - деп Тіленші сөзінің соңын байсалды бітірді. Мына әңгіме-кепке иланарын да, иланбасын да білмей Жарылғап дағдарыңқырап қалғанда, Бөрібай бастаған жастар дүрліге дуылдасып кетті.

- Әй, бір шикілік бар-ау деуші ем өзім де.

- Рас айтасың, Сатан. Абылай басқа төрелерге ұқсамайды ғой. Мүлде ұқсамайды.

- Әй, қатып кетті-ау, төре деп төбемізге шығарып жүрсек, өзің мен өзімдей қара қазағым боп шықты-ау. Қамшымды бір жотасына аямай-ақ ойнататын болдым-ау! - деп Бөрібай ал кеп қарқылдасын. Тап қазір сабап, тулақ қып жатқандай-ақ дойырымен от басын көміп-көміп жіберді.

- Жә! Жетер! Тістендер тілдеріңді! Бұл рас болса, менің емес үш кәрінің, үш даңғылдың құпиясы. Қазақ қамын ойлап жасаған әрекеттері. Елдің мұң-шері онсыз да көп. Кеудеден нұр сорғалаудың орнына мұң сорғалар. Өйткені сендер, енді бұл құпия сырды жарияға жар қылудан танбассыңдар.

- Жоқ! О не дегенің Тіленшіжан!

- Мырзабек-ау, жұттым да батырдым тұңғиыққа!

- Неге ашайық. Биатаның өзінен сұрамадың ба?

- Жоқ! Жалған болса, атамның ашуы қатты. Рас болса, күйзеулік көрген халқының бір жыртығына жамау болсын деп істеген айласы шығар билердің. Панасыздық, шарасыздық қаусатқан жұртын құрсауламақ далбасасы да шығар. Әттең Абылайдың кейде ауа жайылып, асқақтап кететінінен ғана атам секем

алады. Сол өркөкірек өзімшілдік өктеп жете ме, асқынып кете ме деп уайым ойлайды. Әйтпесе, осы сұлтанды үнемі іздеп, кеңес беріп, қасына тартып отырады ылғи атамның өзі. Түбінің қайырын ойласам, қазақты осы ұйытар-ау, бастар-ау дегенге атаммен бірге сенгім бар. Көптің дертіне емді біреу тапса, осы Абылай тапсын да. Сондықтан да ауыздарыңа құлып салдым! Кімде кімнен сыбыс шықса, Алаш ұранымен ант етем, аямаймын! Тік тұрғызып бауыздаймын! - деп Тіленші бұйырғандай қып ауыр түйін түйді.

Жарылғап Абылайдың атына, атағына бұрыннан да тәнті еді. Енді тіпті жақындап жылыұшырап сала берді. Әркімнің-ақ өз ішінде “Өзіміздің неге шықпайды? Әр ұлыстың тізгінін қолына ұстаған үш би кімнен кем. Қайта қарасының хал-жайын тереңірек білуімен, заман уайымын халқының дертімен қоса сабақтап келмеді ме?” дейтін тілеулес үміт болатын. Сондай тілектестік Жарылғап ұланның кеудесінде де тұтана бастап еді. Енді Абылайдың бойынан мінезділік, кеңдік іздеп армандап кетті. “Әй, алғыр-ау! Әлгінде ғой бір ғана леппен Тіленшіні тұқыртып кетпеді ме. “Иттің бәрі бөрібасар болмас, жұрттың бәрі Шаншар болмас” деді ме. Осыны “Аттың бәрі тұлпар болмас, жұрттың бәрі Шаншар болмас” деп сәл өзгертсе, мақалдан несі кем. Шіркін Биатаның кеңесіне қатысар ма еді? Білер еді жас сұлтанның бет-бағдарын. Алысын шалар ма, маңайын шолар ма, түптер еді-ау”.

* * *

Үлкен үйде кеңес онша қызбай, кәрі мен жастың бірін бірі аңдысқан іліп-қақпаларын ғана самарқау күйттеуде. Осы сапарда үлкен үмітпен сенім мен тірек тапқалы келген сұлтан күңгірт кештен жабық көңіл тоспай, өз ішінің бар сырын ашып тастамақ еді. Бидің ә дегеннен ашық қабақ танытпағанына қыңырайды ма, көпке дейін көмейде тұрғанын көсеп шығарған жоқ.

Қаз дауысты Қазыбек би жотасын ағаш төсекке сүйеп, бір кез кеудесін тіктеп алды. Әдеттегі қағыс-

қақтығыс сәттеріндегі машығы - кеудені босаңсыту дейтінін Түйте сезе қойды. Биағасына қабақ астынан қарап еді, екі бетінің ұшына танакөз түймедей боп қызылшарбы орнапты. Ал көздері әдеттегіден де үлкейіп, кең ашылып, дүние сырын дәл қазір түгел байқап, сүзіп шығып тұрғандай көрінді. Сол-ақ екен өзінің бойына да сергек, екпінді толқын енгендей арқаланды да, ағасының аузын бағып қалды.

- Абылай шырақ, қазық айнала күмілжи бергеннен жер тақырлағаннан басқа түк өнбейді. Күн ұзартып, кежегелеп, кеш батырудың пайдасы аз. Онсыз да көңіл жүдетер күйлер көбейіп келеді. Биылғы жаздың да жылдағы жаз емесін байқаған боларсың. Жаздың өзі жабырқау күздей ғой. Күн райы солай болса, ел шырайы қалай ашылмақ. Бүркеу көңілдерді біз де молайтпайық. Қоныс-өріске таласқан алашың болушы еді бұрын. Жұттан жұтаған жұртың жүген, құрық ұстап қалған соң жылдағыдай жайлау жағалауды азайтпады ма. Томсарған жүздердің күйзелген ішін көре білсек, молшылық дейтін ағайыннан да адасып қалып отырған мына жағдайда майысқақтықтан өтер кісәпір жоқ. Дүниені түгел аш-арық қаптап кеткен кер кезеңнің күңіренісі құлақ тұндырып барады. Басқа үндердің бәрі жоғалып, осы ұзақ мол күңіреністің тасасында қалған. Сол зарды серпіп жіберер, көріңе нәр берер жылуың, шуағың бар ма, сонынды сал ортаға. Құлағыма аздап болса да жұбаныш тап. Кейіс-қиясты қабақты жадыратар уаныш бер.

Абылай сұлтан қазықтай шаншып алған денесін қозғалтпай, басын бұрып, уытты жанарды алдымен қасында отырған Бөгенбай батырға шаншылта қарады. Батыр өткір көздің ызалы жылтын қапысыз танып, сол өткір қарастың тегін тұтанбағанын және сезді. “Апырай, мынау жас шіркін апырақтап кетіп жүрмесе жарар еді. Қазекемнің халықтың аман күнін аңсаған күрсініске толы халін дұрыс түсінбей ширықтырып алар ма екен. Көзінің ұшқындауы жаман екен” деп іштей қиналып қалды.

Абылайдың әлгі қарасы енді биге ауысты. Бидің де күткені сол ма, бет-жүздің еш қимыл-белгісін білдірмей, тосып алды.

Абылай бас изеді.

-Ел зары бір құлақты тұндырып қана қоймай, мүлде тұншықтырып тастауы да мүмкін, Қазеке. Ел зарын бөле тыңдаған жерде күңіреніс азаяры аян.

Қазыбек үлкен көздерді жарқ еткізді. Қаз дауысы саңқ етіп шықты.

- Кім бар бөлісетін? “Арқар” ұрандылар ма? "Алаш” ұрандылар ма? Қырылып, қиналып жатқан сол алашыңды “Арқар” ұрандылар қашан көріп еді? Қашан елеп еді? Төбеңнен орын бер, төменге өзің түс, қара қазақ, дейтін төреңнен төрелік тауып пең алде. Көрсетші соны көзіме!

- Сіз түңілген төрелерден менің түңілмесімді қайдан білдіңіз, Қазеке. Бірақ алыстағы жауды ұмытып, жақынды тақымдай берудің жарамайтынын да ескеріңіз. Төбе бисіз. Сізден төбесі биік бұл өңірде кім бар? Төпелеп отырсаңыз, сол төрелер шырық бұзар меді, бұйда үзер меді? Айыпкерді тапсаңыз, айыбын неге салмайсыз мойнына. Кесігін неге кеспейсіз батпандатып? Күйзелген елдің күңіренісін үйде жатып күйініп тындаудан не өнеді? Іс қайда? Әрекет, айла қайда?

Абылайдың өзіне тап бергенін би ә дегенде жақтырмай қалған. Әрекет, айла қайда дегендерінде байбаламшыл кеуденің өзімшілдігі жатқанын байқай қойды. Жүзіне мысқыл күлкі табы жүгірді.

- Тым тез шапшыдың, сұлтан. Арының жылдам басылатынынан да сескенбедің. Алысым жақынымнан абзал болса, жақыным жауымнан бетер жағамнан алса, мен қайсысымен жағаласуым керек еді? Жауым еліме аздап болса да еру берсе, жақыным дегенім шаңырағыма шеру тартатыны қалай? Жұтағанның жайын айтсам, жанына маңайлатпаса, күйік шалған жұртыңа қара көбейтем, аумағымды молайтам деп құрық салғанын айтсам, құраны мен құбыласын танымаса, төреңді немен төпелейін? Кесігімді қалай орындатайын? Соның жөн-жобасын көрсетіп бере қойшы мына запыланған төбе биіңе! - деп шаншыла қарады.

Абылай ыға қойған жоқ. Ырғасуды енді бастаймын дегендей, босап кеткен кісесін қатайтып алды. “Маңайлатқың келмейді. Көмейімдегіні көріп, танып

отырсың. Көмейіме соларды шығартпастан тықпақсың ғой. Азу тісі шықпаған бала көремісің елдің бәрін. Төре-төре деп тоқылдақтай тақымдағаныңмен бәрібір алды-артымды орай алмайсың. Менің де өз белдеуіме шанышқан сойылым мен найзам бар. Оңай беріле қоймаспын. Ішіңді бермесең де, сыртыңды суытпағаның жөн. Сол өзің айтқан көп төренің әрекетін бақсам, мен де бойлауық аттай бой бермей кетпеймін бе. Мынау қиракезік заманда “өйтпеді, бүйтпеді” деп мені кім тексере, тергей қояр. Алдыңа келгенім - арыма жүгінгенім емес пе еді. Арынымды неге баспақ болдың” деген қиянпұрыс ой кеудесінде тез тұтанып, сол кебінген кеудесін тілгілеп өтті.

- Ел келесі, хан билігі қайда қалған? Төбе биліктің асау мен қыршаңқыны езуін тіліп ауыздықтап отыратын қайыс тізгін, қыл шылбыры қолыңызда емес пе? Әділетсіздіктен өзіңіз жапа шексеңіз, өзгенің өмірем қапқаны емес пе? Биіктегім мен биліктегім билік тетігін таппаса, hүкім, жарлығын өткізе алмаса, өктемдігі жетпесе... онда... - сәл кідірді. Уытты жанардан ер ерегісте шашырар көкшіл от ұшқындады. - Онда сол хандық пен билікке қос қолдап жармаспай, жамбасты желімдемей, неге босатпасқа. Ексім-өксімі мықты, өктемдігі мол, айтқанын өткізетін, атқанын тигізетін лайықтыға неге бермеске.

Қазыбектің мысқыл күлкісі анық әжуаға айналғанын көргенде Түйте өз ойының дұрыстығына иланды. “Әй, мынау ақылды тентек пе десем, тіпті шолақ қайырды-ау. Сенем деп адасқам ба? Адасқанымыз ба шетімізден. Абылайдың Әбілқайыр, Барақ, Батыр, Әбілмәмбет сұлтаңдардан несі артық. Олардың да көкейін тесіп бара жатқан ала бас құрты - хан тағы, хан тәжі ғой. Бұның да соған саусағын тарбита созғаны ма? Орта жүз билігінен дәмелі екенін ашықтан ашық айтып салды ғой. “Таласпа, қолыма өзің ұстат!” деуді бұдан артық қалай айтсын. Неге келгені, неге жеткені белгілі болды. Өзгеден өзін мықтымын деп әлден-ақ төс қақса, Абылайың да өрісін тым алысқа ұзатпас”.

Түйте иегін көтергенде, би сөйлеп отыр екен.

- Ақыл-айла табу оңай. Сол оңайды қиындататын сұлтандар тірлігі. Ұлы ханыңның есебіндегі Әз Тәу-

кенің тағын жамбастаған Сәмекенің дәрменсіздігін айтып бетіме салық қылам дедің. “Біліксіз айғыр енесіне шабар” дегендей билігіңнің биігінен түс деп өзіме де бас салдың.

Абылай қозғалақтап кетті. Жалт етіп Бөгенбайға қарады. Бөгенбай сұлтанның қарасын түсіне қойды.

- Уай, бәйтерегім! Уай, Қаз дауысты Қазекем. Қазағымның қайыспас қара нары. Сүйексіз тіл, жиексіз ерін кейде жарға сүйрейтінін, кейде сорға сүйрейтінін менен артық білесіз. Сүйексіз тілдің бір бұралаңдап кеткеніне бола, тірексіз ұлдың бір қожырап кеткеніне бола билігіңізді де, биігіңізді де аласартпаңыз, - деп батыр кең кеудеге басын құлатты.

“Сол сенің сөзің бе?” дегендей би сұлтанға қиыстады. Абылайдың да иегі омырауын екі-үш рет иіскеп өтті.

- Төбе биліктің жұлып түсер тұзағы қайданы, Абылай шырақ, сен ғана емес басқа айтушылар да көп. Төбе биліктің құрығы қарадан өткен жоқ, төреңе бірақ жеткен жоқ. Естиярым есалаң, ақылдым атарман болған соң анау быт-шыт елге бүлік салған Батыр сұлтанды бір бұқтырам деген билігімді өзің де, өзге де біледі. “Алғаныңды қайтар. Жылағанның көз сүрткісін бер. Өлгеннің құнын төле!” дегенімде не істеді? Бірақ күнде Кіші жүзге аумағын түгел аударды да қопарылып көшті де кетті. Соны азғырған кім? Құптаған, қыздырмалап қостаған кім? Тағы да төре тұқымы. Әзәзіл болған Әбілқайыр сұлтан! Айыпкерімді құзырымнан жұлып алып, алты Шектіге ұлыс бегі етіп қоя салды. Сөйтіп Орта жүзден мүлде алшақтатып әкетті. Осыдан кейін екі иығын жұлып жеп, жалақтап жүрген Орта жүз сұлтандары - Барақ, Әбілмәмбет, Күшіктер айылын жия қояр ма. Қит етсең, бірі жоңғарға күйлеген шыбыштай артын тығып, бірі Ұлы жүз ханы Жолбарыспен ұйлыққан төбеттей ауыз жаласып, жымысқылана жылыстап жүргені.

Ал Әбілқайырыңның жымысқыланып әлгі әрекетке не үшін барғанын сезе мін? Сезесің әрине. Мың жерден тырбандағанымен Батыр сұлтанға Орта жүз билігі ешқашанда тимес еді. Мұртын алып ұртына жалғайтын, таусылмас күңкілімен-ақ тобыр көбейтіп,

елдің ығырын шығаратын ондай обырларға өзім өлмей ыңғайым жоқ. Ал зымиян Әбілқайыр сұмдықты әріден ойлайды. Кешегі ұлы хандықтың тағында отырып Орта жүзге ықпалын жүргізген Қайыптың баласын панасына алса, қазіргі қатын патшаңның сүйек тастағандай еткен шала хандығына, ертең Орта жүздің кесек хандығын қосып ала қоймақ. Орта жүздің айбарлы тізгініне қолы бір ілінсе, Ұлы жүздегі Жолбарыс ағасы өзіне бас изеуден аспайтынын және біледі. Сөйтіп қолдан да, жолдан да ала алмаған Ұлы хандықтың алтын тағын қулық-сұмдықпен оп-оңай жамбастап, жалпая кетпек.

Бидің сәл кідіргенде, қырылдаңқыраған даусынан тамағы кеберсігенін байқап, Түйте сары қымыз толы тостағанды қолына ұстата қойды. Қымызды бір-ақ сіміріп, мұртының шалғысын бармақ сыртымен егеп өткен Қазыбек Абылайдың үнсіз бас изеп отырғанын қалт жібермеді.

“Әбілқайыр сұлтан - сенің ең бір осал жерің ғой, Абылай балам. Ұстасарың да, достасарың да жалғыз сол ғой. Асып та, басып та, қашып та кете алмайсың одан. Екеуінді бір жіпке мықтап байлаған дәрменсіз далаң, пәрменсіз халқың, қараңдаған қарашың. Ел қамын шын ойласаң, Әбілқайырдың әлекке бергісіз әрекеті үнемі бір бүйрегінде жатуы тиіс. Одан ғұмыр бойы саған арылу жоқ. Қорбаңдаған қонжықтарды батысқа қонжитып қойған соң, еріксіз араласуыңа тура келеді-ау. “Қолы еткеннің мойны көтереді” деп ұзын арқан, кең тұсауға салсаң, сол еткен қол тағы біразды шиелеуі мүмкін. Біраз үлкен бәлені түюі де ғажап емес”.

Бидің көбірек ойланып кеткенін отырғандар тегіс байқап еді, Бөгенбай тамағын кенеді.

- Қазеке, Әбілқайырдың істеген ісіне ісініп, қылған қылығына кіжінбеген жан бұл далаңнан табылмас. Бірақ құр кіжінгенмен амал не, азат басқа азап ноқтаны салғызды да жіберді. Енді түрегеп тұрып дәрет сындыратын әйел патша өзі ерттеп міне ме таңының иісін бұрқыратып. Әлде темекісін қорқыратып мұжығын мойнымызға отырғызып қояр ма, әйтеуір елден ерік, қолдан құрық, саусақтан тізгін кеткен заман

болды ғой. Жақсыңды жадылап, аяулыңды азғырып, төбеңді төмпешік қылған қатыбас уақытқа біреу мойымаса, қасиетті Қазекем, өзіңіз мойымас деуші ем. Қатыгез дүние сізді де қажыта бастапты-ау... - "Осы айтқаным қалай болды? Өзегіне байқаусыз от тастап жібергем жоқ па” деп қуыстанғандай батыр үнсіз томсарған биге шүңірек көздерін жапақ еткізді. Бірақ Қазыбек сол әдеттегі өрелі тартысқа шындап түсердегі зар күйіне келіп, көзі өткірленіп, түсі сұрланып, иығы зорайып алыпты. “Әй, тереңсің-ау! Әй, биіксің-ау! Не бойлатпайсың, не шыңыңа ту байлатпайсың!” деп пәсейген көңілмен сөзін әрі жалғады. - Әрине жалыңызға ешкімге қол тигізбейсіз, кеудеңізді шыбынға бастырмайсыз әлі де. Анау шарасы құрыған Төкемдей... Төле бидей ойрат қолынан су ішіп, дәм тату сіз үшін құранды өртеп, құдайды құлатумен бірдей. Осы айбатыңыз-ақ алыс-жақынды тегіс сескендіріп, өзіңізбен алыспақ болғанның да, өзіңізбен табыспақ болғанның да жүрегін шайлықтырады. Кей-кейде сіздің жалғыздығыңызды, шаршап-шалдыққаныңызды ескеріп қол ұшын бергісі келген, шын бергісі келген шынайы естиярға “Араласпа, килікпе!” дейтініңіз де бар. Оу, жаратқан тәңір, елдің бәрі есалаң емес, естияры бар шығар. Жұрттың бәрі жұлынқұрт емес, жанкүйері бар шығар. Солай емес пе, Қазеке?

Бөгенбай аузы айтқанмен көмейі басқаша бүлкілдерін танытқандай, сұрағына жауап күткен кісінің кейпімен қарсы алдындағы адамның бетіне шаншыла қараудың орнына, кірпігін жыпылықтатып төмен тұқырды. Дәл сонысын Түйте батыр мүлде жақтырмады. Түйтенің тамағы жыбырлап сөйлегісі кеп отырғанын сезген би ақырын күліп жіберді.

- Иә, Түйте батыр, көп қопақтап кеттің ғой. Найзаңды тым шошаңдатқан екенсің. Орынсыз оңды-солды сілтеме. Ал, шығар лебіңді, - деп бас изеді.

Түйте кеудесін көтере ілгері лықсыды.

- Әй, Бөгенбай! Есалаң мен естінің, бала мен естиярдың ара жігін сен қашан түстеп едің. Түстемек түгіл соның бар-жоғына мән беріп көріп пең бұрын. Ал енді мынау бүгінгі келісіңе де, мимырттап шаң

суырған шабысыңа да ит жыным келіп, арқа-басым құрысып отыр. Елден ерікті, қолдан құрықты, саусақтан тізгінді ормандай орысқа ұрлап апарып, тығып берді деген Әбілқайырың өзіңнің өрісі де, жусауы да бір досың емес пе еді. Әр қолды бір жалаған күшіктей, әр мықтыны бір сағалаған тірлігің өзіңді түңілтпей ме? “Араласпа, килікпені” Биаға кімге айтып, кімді тыйғанын ажырата алдың ба. Әлде әлдебір желауыздың дақпыртына қосылып, далақтап жүр ме едің беталды қаңғырған бетіңмен. Батырды жауда сынайды, дауды басқаға бер. Еркекпен еркекше белдесе алмасаң, қатын өсекпен батырси беруді қойған жөн. “Араласпа, килікпені” Қазекем емес, мен айтам. Саған айтам. Көнекті сырттан салып, ағайыннан ауа көшіп, бөліне жөнелгеннің жөні қайда, жолы қайда? Мұрат жолы ма, мақсұт жолы ма? Ағайынға алалық әкелген адасқанның жолы ма? Соны айыру үшін де кей-кейде өзгеге өзеуремей, өз ішіңе үңілгенің де қажет-ау. Бес Мейрам, жеті Момынның іргесін ажырата бастаған Жәнібек екеуің емес пең. Анау құлдық ноқтаға басты керді деген Әбілқайырдың асты-үстіне түсіп, асай-мүсейін әруақтандырған екеуің емес пе едің. Ендігі жағалаған шалшық-өзеніңді де көрдік, сағалаған өзегіңді де көрдік, білдік. Өзенің шалшықтай шолақ, өзегің ұрадай қысқа тәрізді-ау, Бөгенбай. Тәмам елді дүр сілкіндіріп, алаш жұртының бағытын апандай ашылған қанды көмейге бұрып жіберген Әбілқайырың анау. Азған жерге сұңғыла шығар деп, есіріктеніп сақалға жармасқан тұғырың мынау. Қай анық бетіңді байқатып едің? Сұрағалы келіп сына-ғандарың қалай?

Қазыбек таңдай қақты. Есіліп бара жатқан Түйте биді жалт еткен жанармен шалып өтті. “Қазір бітірем!” дегенін танытып сәл иек қақты.

- Биаға, “Құлға да бір күндік тендік” деген, артық кетсем айыпқа бұйырмаңыз. Менікі Бөгенбайға ағалық наз ғана. Бір жас кіші болса да үлкендігімді бұлдап тұрғам жоқ. Қауып айтар әрекем де емес, таптай айтар келекем де емес. Іштегі көптен сақтаған іниме деген кірнем еді. Мақұлдай ма, шақылдай ма - әйтеуір ойына түрткі салғым бар, - деп тоқтады.

Бөгенбай үлкен денесін ырғалта шайқап, Түйтеге қадалып отырып, баяу күрсініп қалды.

- Не дейін, Түйте аға. Осал салмақ емес айтқаныңыз. Не деп жабыса түсейін. Жалғыз-ақ сынағалы келмегеніміз аян. Адасқаным бар шығар, бірақ мені өзгені адастырды дегеніңізге көне алмаймын. Ал кейінгі шиырымды кіммен кеңесіп, кіммен ақылдасып салғанымды білмесеңіз, босқа әуреленесіз, Түйте аға.

Қазыбек мырс етті. Қазыбектің мырс еткені анау-мынауды селк еткізетін. Үшеуі де демін санап шығарып тыншып қалды.

- Әй, Бөгенбай, іші құпиялының аузы құлыптаулы екенін ұмытпа! Түйте, бір-бірімізге ұпай салысқандай болмай, құр бақсыша тантырап жын шақырған әдетке бақпайық. Сенің де сан соққызған қапылықтан ыза-ланғанынды сездім. Бірақ бірімізді біріміз осы арада да түртпектесек, сол ыза-назамыз одан сайын өршімес пе.

Жә! Жақсы мінездің құт екенін, пәле түбі жұт екенін білмейтін бала емеспіз. Ниеттің қаралығы, істің ылаңдығы күншілдіктен, бақастықтан. Бәрінен де бұрын мансапқорлықтан. Аяғыммен жер тепкілеп, төбеммен көк тіресем дейтін құмарпаздықтан.

Ал әріден ойласақ, түптен қозғасақ, жүректің сызы көп те, назы жоқ. Бұрындары ... айналасы екі-үш жыл да бұрындары боп барады-ау. Бұрындары Болат ханның күршім ішіп, күшала тартқанынан басқа қарекеті жоқ деп күстаналаушы ек үш кәрің. Ал қазір сең соққан балықтай мәңгірген Сөмекеден Тәкең де, мен де мүлде күдер үзіп біттік. Не өзіндік айтары жоқ, ал айтқаныңа жаңғырық боп қайтары жоқ. Не әрекеті жоқ, не әрекет етер, еттім дер әбігері де жоқ, үнсіз тілсіз меңіреу. Меңіреулік жартасқа жарасқан. Жанталасқан елдің аға ханына ол мүлде қол емес. Ұғары жоқ бастың ақыл тұрар қандай тұрағы болсын. Жанасып барып, түсінер аңғарын, түйсінер сыңайын таппай, түңіліп түнеріп сан оралдық... Көсіліп алып, көрпесін тұйықтап жата беруден жаңылысар түрі, айырылысар күні жоқ.

Сәмекеміз осындай болса, Әбілқайырымыз анау. Батыр сұлтанды күйеу балам деп арқасынан қағып

қояды да, жарғақ құлағын жастыққа тигізбейді. Батырың тағы да ат үстінен түсуді қойды. Түсірмейтін де Әбілқайыр.

Абылай қызынып, килігіп кетті.

- Дұрыс айтасыз, Биаға! Қазір сол Батыр сұлтаныңыздан қадірлі жан бар ма екен қазақ арасында. Жоқ қой. Қара қасқа атты Қамбардан бір де кем емес. "Қызыл қарын жас баланың қамы үшін басын отқа тігіп, арыстанның аузына сан түсіп, түрікпеннің жеріне барып астығын қаптап әкеліп, малдарын топтап қуып келіп, аш-арықтарға пышақ үстінен бөліп берген нағыз құлан аяқ қу шеке арғымағым да, көк найзалы, көп тілеулі асылзатым да Батыр сұлтан" деп аш өзекке ас түскен талайдың тамсанып мадақтары сол.

Ал Әбілқайырдың асығы түгел. Ертең-ақ "есің шыққанда есігіңе мал байлап, аузыңа дән салғам, есебіңді өзің шығарып, есемді қайтар, ағайын" деп үйірлеп жылқы, қоралап қой жинайды. Оның үстіне мынау жұттан жұтаған жұрттың көз алдында Батыр сұлтан мен Әбілхайыр ханнан абзал адам болмас. Өзге сұлтандар бүк түсіп бұйығып жатқанда, ел аузына су тамызған екеуі ғана боп көрінбек. Ал біз...- Абылай қолын тағы да сермеп қап, тығылып тоқтады.

Қазыбек оның неге тоқтағанын біліп отыр. "Ал, біз" деп Жәдіктен шыққан сұлтандардың шөре-шөре' тірлігінен жерінгенін, солардан әбден көңілі қалғанын айтқаны. Өз бетінше төрелердің жасары жоқ. Қимылы үй арасында ғаламат. Былай ауылдан, ел шетінен ұзай бере кереметтілігінен айырылып, жүнжіп сала беретін ұсақтығы орасан. Соны өздері білсе де өзгелер көрмейтіндей, білмейтіндей дүрілдейтіндерін қайтерсің. Күншілдігі сондай, іштеріне пышақ айналмайды-ау. Ат-атағы күн сайын өсіп, дабырайып бара жатқан Абылайдан сескенетіндері де, тіпті қолдарынан келсе, қонжита салуға дайын тұрғандары да белгілі. Жер астынан жік шығарып шыға келген бақталасты... бақталас қана емес, тақталасты ел аузы әлден-ақ анау құдіретті Тәуекел мен Есім хандар отырған, жаһангер Жәңгір, қасиетті Әз Тәуке хандар жамбастаған алтын таққа отырғызып қойған жоқ па. "Құдай-ау, Жәдіктің өз бөлтіріктері бірін-бірі тірсектеп, біріне-бірі

арсылдап таласып жүрген жалғыз таққа қайдан туып, қайдан шыққаны белгісіз әлдебіреуді тап желкемізден қыдита қойғаның қалай? Қанқұйлы қолды білекке дейін майлап осы көкей тескен алабас құрт - тақ үшін Қайыпқа у беріп көзін жойып, Болатты әдейілеп оққа байлатып босатқан еңбек текке кеткені ме. Әбілқайыр немең өзегін өртеген өзімшілдік өртін орыс патшайымының қолымен сөндірмек боп әлі тыраштанумен келеді. Бойдан биік секіруге әл қайда. Өз өресіне жетті де, тынды ол. Ендігі үлкен қауіп мына Абылай-Сабалақта. Сұр бұлттай түнеріп, аспанымызды түгел құрсаулап ала қоймасын кім білсін. Алмай қоймас-ау. Жиырмаға толмай жатып, маңайына топырлатып Арғын, Найманның батырларын үйіріп ала бастады ғой. Анау Қанжығалы Бөгенбай тіпті соның құлақ кесті құлындай-ау тап бір. Қасынан бір елі қалмайды. Қаз дауысты Қазыбек би не бітіріп отыр. Бөгенбай - бидің сесі мен сұсы емес пе еді. Сесі мен сұсын бидің өзі ұстатқаны қалай шошаңдап шыққан немеге? Жастың арынын басар бол, айбынын асырар бол депті-ау. Ал сонда батырсыз қала берсе, сол Қазыбек биің қолындағы Орта жүздің ұлыс бегі дейтін билігінен де айрылып қалатынын біле ме екен? Білсе, түптің түбінде өзін жылан боп шағатын сол жыланның жұмыртқасын ұясында неге сындырмайды?”

Барақ, Сәмеке, Күшіктердің осылай ойлайтындарын Қазыбек айтқызбай-ақ сезеді. Абылайдың бүгін неге, қандай тілекпен келіп отырғанын да біледі. Келешекте алдарын орап кетер Абылайға әлгі сұлтандар бүгін күн көрсете қояр ма? Теңдік бере қояр ма? “Атасы билік құрмаған, анасы үлгі көрмеген жүн басты, күйек асты шатаның құзырына байланар болса, құтырынған иттей қазір неге шайнамасқа жас құлақ пен жау алқымды” дейді олар. Өзді-өздері арпалысқанда жеке-жеке қызылшеке болатын сұлтандар, Абылайға келгенде бірігіп, тізе қосысып алатынды шығарыпты. Сондықтан Абылайға аз да болса билік керек. Алдында елі, артында қолы болса, Барақтың азуын қағуға, Батырдың найзасын жайқауға, Күшіктің құйрығын бұрауға, Әбілмәмбеттің әрекетін тиюға қаһары мол жастың қауқары жетер еді. Ендеше, өзі

ортасында отырған Атығай, Қарауылға ұлыс сұлтаны - ұлыс бегі ету дұрыс болар. Мынау Бөгенбай да менің ақылыммен екі-үш жылдан бері осыны төңіректеп жүр ғой. Үшқалақтық жасата қоймас. Түптің түбінде адалдығы жеңсе, ел тізгінін де қолына алар. Шіркін сондай асылым боп шығар мед?!"

Қазыбектің көз алдына осы тілекті арман еткен екі ағасы Әйтеке мен Төле оралды. Әйтеке нағыз сұңғыла жан еді ғой. Туысы бөлек, бітімі ерекше, күтімі артық бекзаттың ой-бойынан да үнемі тазалық, естілік, мінезділік есіп тұратын. Азат елдің ардақты азаматтарын, аяулы аруларын бақытты, бақтылы, уайымсыз, шабуыл-шандуылдан ада күйде, өз ата жұртында еркін, ерке күйде көрсек-ау деп армандаушы еді асыл аға. "Еркін, ерке күйге әлі жете алмай келеміз. Ата-жұрт әлі жау тақымда. Шабуыл-шандуыл әлі қанымызда. Уайым, мұң жылаулы жанымызда, Әйтекем!" Туралығы аңызға айналған, адалдығы әулиедей табындырған Төле ағасының жолын ойраттың оқпаны қиып тастады ғой бүгінде. "Басқан ізі андулы даңғылдың елім дейтін жүрегі егіліп жүр-ау. Қайран да шіркін Төкем-ай! Дәл қазір бір ауыз сөзіңе зар болған мендей інінді, осынау алашынды маңдайынан қашан сипарсың."

Қазыбек осы есеңгіреткен ойымен қоса оянғандай көзін кең ашып, өзіне қадалып отырған үшеуге бір түрлі мұңая қарады. Үшеуі де бидің дәл мұндайын күтпесе керек, қыпылықтап қалысты.

- Бала күнімнен сағынған жанымды осылай үнсіз жабыға іздейтінім бар, інілерім менің! Іштегі өрттің опық жегізуі көп қой. Опасыз дүние әркімдерден өтетінін білсем де, кейде өлшеп берген демі біткен қимастарымды ойлағанда жаным күйзеледі... Әсіресе Әйтекемді еске алғанда...

Қазыбектің кідіріп қалғанына үшеуі де қиналды. Жапақтап бір-біріне қарасты. Бөгенбайдың: "Үлкеніміз өзіңсің! Бірдеме десеңші. Босаған көңілді жұбатсаңшы!" дегенін ұққан Түйте бидің қазіргі көңіл күйіне өз түйсігін қосарлады.

- Биаға, айтқандарыңыздың бәрі рас. Өгейсітер өкініштің ең ауыры азаматтың өлімі ғой. Бірақ

"сынбасты ұста, өлместі құдай жаратпайтынын" әлгінде бізден де артық айттыңыз. Арғымақ арығанын білдірмес, асылзат қайғырғанын білдірмес. Айналып артқа қарап ақырмас арыстанымыз өзіңіз едіңіз ғой. Ағайынға сауын айтып, ат терлігін құрғатпаған күндеріңізде сізге мынау Бөгенбай, анау Аралбай үшеуміз кезектесіп әрең ілесуші ек-ау, Биаға! Дүниенің шолақ екенін, жанның сол дүниеге қонақ екенін өзіңіз айтушы едіңіз ғой. Әйтеке ағамыз, әруағынан айналайын, сіздің де, бәріміздің де қамқоршымыз еді. Ендігі панамыз өзіңізсіз. Көңіліңіз пәсеймесін.

Қазыбек кеңк-кеңк күлді. Күлкі жасы ма, басқасы ма, кірпік жасауратқан дымқылды сұқ саусақпен сығып тастады.

- Ау, Түйте, сенің де сілекейдей сөзің бар екен-ау. Кәдімгідей ес бердің маған. Рахмет, бауырым.

Бірді айтып бірге кете берді демеңдер мына ағаларыңды. Көп тыңдап аз сөйлер жасқа жеткенімді өзім де білем. Адалды серік етпейтін ұрының надандығындай ұркеппе ойларымен өзегімді ыластағандар көп болған соң, кейде ішті аршып тастау үшін ақтарылып алам. Ал, Абылайжан, жөніңді айта отыр, - деп Абылайға тізгін тастады.

Абылай дәл осылай бірден сілтей салар деп ойламаса керек, қапелімде ой түймеген бе, сұр түсі сәл қызарыңқы тартып тұрды да, қайтадан өз түсіне көшті. Сұлтан сабырлы қалпына келді.

- Қазеке, ерлік мінезді ездікке сатқан талай сұлтанды мұрнынан тізіп, көз алдымнан өткіздіңіз. Тәліміңіздің бір саласы ғой бұ да. Алдыңызға келген сайын көп нәрсеге көзім ашылып, көңілім сайрап қоя береді. Бүгінгі бір түйгенім: еңбекпен тапқан мал жақсы екені. Бірақ сол еңбекке күш табылса, еп келмейді. Еп келсе, қол табылмайды. Қысқа жіптің күрмеуге жоқтығындай тірлік қой. Ең, ең қажеттісі бүгінде, ертең де, түу-түу алыс келешекте де - бүтін елдің жақсы болары, құтты жердің жақсы болары ғой. Сол елді бүтіндеуге бел буған жолымды өзіңіз аршып салғансыз, Биаға. Құтты жерді жау тақымнан қайтаруға өзіме берген антым бар. Одан өлсем айнымаспын.

Есіткен-білгенді айтпаймын. Естігеннің қалпы көп,

білгеннің ұсақтығы мен күйкілігі мол. Мен күйзелткенімді ғана сездірем өзіңізге. Жалымның қысқа, құйрығымның шолақтығын айтам. Ақылыңыздың үнемі көкейіме қонғанын, қонатынын қайталап отырып, қақпаңызды қаққаныма ұялсам да, өкінбеймін. Мал андыған діннің жаман екенін, ет аңдыған ұлдың жаман екенін ұғар жастан әлдеқашан өткем. Жылдың жақсысы жаз деп, үнемі жаз іздей де бермеспін. Жастың жақсысы қыз деп, қызды да қарақтай бермеспін. Алдыңызға адаспай анық басып кеп отырмын. Тереземді өзге сұлтандармен теңестіресіз бе, керегемді кең жайғызасыз ба, әйтеуір айға ұмтылып мерт болар арыстан емес, алды-артын тең шолған арысыңыз ғанамын, -деп қолын кеудесіне төсеп, сөзін аяқтады.

Бөгенбай мен Түйте дәл осылай қиыстырар демесе керек іштерінен:

“Қалай қиялайды мынау оғлан. Өзін де, өзгені де бір көгенге неліктен тізгенін жақсы айтты-ау, жақсы інім. Аянбайыншы. Аямайыншы қолымнан келгенімді” деп Бөгенбай мағұрланса,

“Әй, мынауың әріден сілтеді-ау. Түптің түбінде өзгелерден осы озады-ау. Озар-ақ. Әлден-ақ өресінің кеңдігін танытып жатқан жоқ па. Биағамның ықыласы жай адамға тегіннен тегін неге құласын” деп Түйте батыр қатты ырза болды.

Қаз дауысты Қазыбек есіктен көрінген күтуші жігітке “түсіндім” дегендей белгі берді.

Леген мен құмыра көтере кірген адам отырғандардың қолына су құйып шықты.

Көлдей таза асжаулық жайылды.

Үлкен астаумен сарыала тұздықтатып ет келді. Жабағының жас етіне сүрдің қоңыр қазысы салынған екен, таңсық иісі мұрындарды алып кетті.

Жабағының шекесін Бөгенбайға тартқызып, қойдың басын Қазыбек Абылайдың алдына қойғызды. Осы ілтипатымен-ақ сұлтанның өтінішін орындай бастағанын білдіргендей болып еді.

Ас жеп болған соң тағы да балдай қымыздан бірбір тастап алып, сыртқа шығып келген бұлар енді қызу әңгімеге ауысты.

Қазыбек домбырасын жайлап шертіп отырған. Бетіне сүйек қақтаған бүйірлі әдемі аспапқа Абылайдың көзі жиі түсе бергенін байқады ма, бір кез сұлтанға домбыраны ұстата берді.

- Абылай, есіңде ме “Ноғайлы-қазақтың айырылысуын” тыңдағанда көзіңе жас алатының?

- Есімде ғой, Биаға! Неге ұмытайын. Сол күйші қайда екен?

Қазыбек күрсінді. Сақалды иек омырауға сүңгіді.

- Қалды ғой қайран ер топырақ астында. Ақтабан шұбырындыда Әнет бабаның босқан жұртқа ере алмай, төбе басында шоқиып отырып қалғанын көріп, көштен жырылып қалып, бабаның қасына қайтып оралған ғой... Көшсе нуға жетер, қазса суға жетер күнді аңсаған абызды өзі өлмей көрге жібермей, қасында болған ғой азамат. Демеуші дос, қармаушы іні сондай болсашы!

- Апырай, Қазеке, сол Әнет бабаны арқалап болса да алып кетерлік бір адам шынымен-ақ табылмаған ба? - деп Бөгенбай намыстанғандай зор даусын бәсеңдете бітірді.

- Болған ғой, бар ғой. Әнет бабаның өзі ғой қашқын тірліктің азабынан өлім таңбасын артық санаған. “Жерімнен қашқаным - өлімнен қашқаным, өзімнен қашқаным. Көз ашып көрген аспаным мынау, көз ашып көрген асқарым анау, көз ашып атқылап ойнаған тастарым мынау - кәрі сүйекті саудыратып туған жерден алып кеткенде, қай өгей жұрттың жерошақтай қуысына тыққызамын. Одан да өз өлеңім, өз төсегім - өз топырағымда көз жұмайын” деген ғой есіл абыз. Ал анау күйші қақ жүректен оқ тисе қақырамас қас батырдың сойын танытқан ғой. Сонда, сол бабамен бірге қалған. Кейін бірге көмілген. Әлгінің, көргендер айтады, он саусағын жоңғарлар кесіп тастапты деп. Кім білсін, қас жауына қарғыс айтқан көкірегі домбырасынан күй боп төгілді ме екен? Қара дауылдай құтырынып, қауға тиген қара өрттей лаулады ма екен? Ойратың тегіннен тегін он саусақты шауып тастамайды. Сол асыл азамат Әнет бабаның соңғы сәтіне дейін қасында болып, достығы үзілмес бауырмал құшақтың құдіретін айғақтап кеткен ғой.

Ұмытпапсың, Абылай балам. Ондай күйді, ондай

күйшіні ұмытпау керек. Көзден нұр, көкіректен жан кеткенше ардақтау керек.

Абылайдың сұрғылт жүзі қанын ішіне тартып ала қойған екен. Уытты өткір көздер дәл қазір сол бір аянышты суретті анық көріп отырғандай қарсы алдындағы әлдебір белгісіз бедерге қадалып қалыпты.

Кенет домбыра “зың” етті. Зың еткен үн жер түбінен әлсіз ғана “уһ” деген бәйек дыбысты жеткізгендей болды.

Содан кейін он саусақ кібіртіктеп перне қуалады. Түртпектеп шанақты тықырлатты. Сағадан шанаққа текіректеді. Шанақтан сағаққа қарай өрмеледі. Кідірді. Кібіртіктеді. Қайта желді, қайта баяулады. Саусақтар текіректеді. Сәл тыным тапты. Артынша-ақ саусақтар ойнақтады. Сол қолдың бес саусағы бірін-бірі қуалап, перне жағалағанда, оң қолдың бес саусағы шанақты тепкілеп ала жөнелді. Дүрмек үндер толқындап лықсыды. Дүбірлеп көбейді. Бір сәт безгекті дірілмен шырылдап тұрып алды да, қайтадан қажырлы да құтырыңқы толқынға ауысты. Әлгіндегі сонар шалыс азайып, тақ-тақ қадалған саусақтардан жүрдек шабысты тілейтін нық-нық қағыс жебеледі. Долданған күйден жалақтаған жаудың дауылдай долы ызғары есті. Күңіренген даланың зарлы үні жетті. Содан әрі шырылдаған ананың бәйек үнімен, “Елім-ай!” “Елім-айлаған!” күйік әні төгілді. Домбыра қайтадан ширықты. Ендігі алапат екпінінде анау зарлы, шерлі үндерді баса жеткен қажырлы қайрат, асқақ айбын, ақырған айбат қат-қабат тұна қалған еді. Ол үндер, ол кек қайраулар - төбе үстінде қонақтап отырған көрі бүркіттей жалғыз қалған Әнет бабаның шаңқылы еді. Күйімен ойрат жендеттерінің өзегіне өрт салып, дерт құйып өршеленген күйші қазақ еді. Қайратын еселеп, күйбең қарекеттен биік арманшыл әрекетке шақырған азамат, азат қазақтың шамырқануы еді. Ызалы шарпумен әлем бетінен дүлейлікті, меңіреулікті, жабайылықты, жәркештенуді, жыбысқылықты қуып бара жатқан әділет пен шындық ұраны еді.

Аруана боп боздай білген, ақсақ құлан боп текіректей білген, “Тепеңкөк” боп қиралаңдай білген, қос қыздың жылағанына ноғайлы мен қазақтың айы-

рылуын қосақтай білген қайран көне аспап - қара домбыра тарта алар шебер саусақтарға тигенде, егес серпінмен шер ақтарып, аңыз тірілтіп, өткен күндердің алыс суреттерін алдыңа әкеліп ашып, жайып салады-ау.

Міне, қазір де қыл сағақты қысып алған сол қолдың саусақтары дірілдеп тұрып алды да, іле ішек үстімен көбесін онша тигізбей төмен қарай жүйткіп кеп кетті. Содан жоғары қайта шапшып, орта тұста үш-төрт пернеден үн аулатып, ой бір сұңқылдатып ала жөнелді-ай. Содан қайтадан бебеу ырғаққа оралып безектетті-ай! Содан қоңыр үнге ойысып барып, “Елім! Елім-ау! Елім-ай!” дейтін сарын-ырғақты шымырлата созды-ай! Содан нәзік оралымды майда нақышты бұралтып тұрды да, нәресте уіліндей, қарындас күлкісіндей әсем әуенді сызылта төгілдірді-ай! Сол майда нақышты әсем әуеннен көңіл байырқаланар уаныш тапты ма, саусақтар басқа ырғақ-сарын іздемей әлгі нәресте уілге байлана қалды да, үздіктіріп, ынтықтырып, еліктіріп тұрып үзіліп кетті. Күй бітті.

Күйшінің саусақтары қыбырсыз қалды.

Түйте әлгі батырға тән ұзын, жуан, күшті саусақтардан дәл осындай нәзік әуен, сырлы әуез жүрек тербетіп қалай туады дейтіндей қадалып қалыпты.

“Алырай! Абылай сұлтанды білмейді екем-ау!.. Өркөкірек, тәкаппар жанға балаушы ем сырттай. Ол анау сұсты жүздің, өткір көздің өзгені оңайлықпен ішке кіргізе қоймас сақтық пердесінен екен ғой. Қайран қазақтың қара домбырасы-ай. Құдірет қанасың ғой сен! Бір асыл азаматтың жан дүниесіне сүңгітіп, сол таза мөлдір жан дүниеден тазалатып, жуындырып, әспеттеп шығардың-ау бізді. Асқақтықтың таза болса, әдемі, сәнді боларын таныттың-ау. Тәкаппарлықтың сергек шынайы болса, әсем келбетті боларын, кісіліктің кең боларын айғақтадың-ау!”

- Өркенің өссін, Абылайжан! Қандай таза еді ішің! - деп Түйте ойындағысын сыртқа ытқытты.

-Жарайсың, ақиығым. Сенің дәл осылай сілтеріңді сезіп ем. Күйшіні де тірілттің. Әнет бабаны да өз тұғырына қондырдың. Енді оларды өлді деп кім айтар. Өлмес ғұмыр, өшпес өзек болмас десек те, өлімді

жеңер ер барын, ауырды көтерер нар барын тағы таныттың. Кеудеме Әнет бабама деген бір үлкен түйнек беріш боп орнап еді. Уақыт озған сайын сол берішім молая түсуші еді. Белгі, бедерсіз ұмытылып кетер ме деген қорқынышым еді ол. Сондайда салқын түспей суалмас биенің үрпінен сорғалаған сүттей жасым ішімді керней кептейтін. Желбіршегінен оқ тиген балықтай өрге қарсы жүзе алмайтын көп көрінің бірі боп күрсінгеннен басқа не істей алушы ем. “Еліңді сүйсең - өлімнен қорықпаған Әнет бабаңдай бол, балаларым! Жеріңді сүйсең - жау табанына бастыртпас көкірегімен құшып жатып, тоқымдай болса да туған топырағында жан тапсырған Әнет бабаңдай бол, ұлдарым!” деуден жақ сембеді. Бірақ жақсының орға жығылғанынан жаманның ештеңесі құрымасын көріп, жаным ышқынды. Неге екенін қайдам, аталы сөзге тоқтамас наданның бүгінде тартыншақ түйесі жүргіш, тебеген биесі жуас, жымысқы жиені көшелі боп баратқан сияқты. Ұрмай-соқпай талдыратын өсек-шіден безінгенде көңіл жұбатарым осы домбыра болушы еді. Ел қонбай жетімсіреген жерімнің мұңын қозғаушы еді. Құс қонбай құлазыған көлімнің назын толғаушы еді. Бірақ дәл өзіңдей, Абылай оғланым, биік таудың төбесінен де асырып, өзен-судың көбесінен де өткізіп, ұлы дүбірден елес-елес леп бере алмаушы ем. Көненің көргендігінен жастың түйген-білгендігі озарын сездірдің. Өзің күйіңдей терең нәрлі бол. Күйіңдей асқақ, арлы бол, өренім. Күйіңдей шалқып өт, шалқытып, балқытып өт халқыңды, қазағыңды, - деп аса қатты тебірене сөйлеген би сөзінің соңын батадай ғып бітіргенде, Бөгенбай да, Түйте де шыдай алмай жайған алақандарымен беттерін сипап қалысып:

- Айтқаныңыз келсін, Қазекем! Дуалы аузым, құтым, берекем! Үйіп-төктіңіз-ау адал, ақ көңіліңізді!

- Әмсе, әруақтардың құлағына шалынсын! Биаға, қалай айттыңыз! Күйдің құдіретін қалай құдіреттендіріп жеткіздіңіз. Иә, Әнет бабам өлмепті! Сағынушы ем мен де!.. Іздеуші ем бейжай көңілмен алаңдап. Алақаны... әлемді аялаған алақаны арқамнан тағы бір қақса... қақпай ма деп езілуші ем іштей...- Түйтенің

көңілі босап кетті. Тамағына өксік тығылды. Жұтына алмай қылғына берді.

- Әй, Түйтем! Жаның нәзік, жүрегін таза болмаса сені өзгелерден артық көрер мем. Төсімде ұстар мем. Қой енді. Әнет баба сенің ғана емес, менің ғана емес, мынау Бөгенбайдың да, мынау Абылайдың да... исі қазақтың қасиетті бабасы, абзал абызы, киесі мен қасиеттісі еді ғой. Босама, Түйтем! Қайта қуан! - деп Қазыбек өзінің де босаңсығанын даусының сәл дірілінен байқатып қалды.

- Қуанып тұрмын ғой, Биаға. Мен абыз бабамның қайта оралғанына... бабамды қайта оралтқан мынау күйге... күйшіге... айналайын Абылай балама, бауырыма қуанып тұрмын ғой... Әттең Жарылғабым естімеді-ау.

Үй іргесінен, бидің күндіз отыратын көлеңкелі орнынан сыбдыр естілді де, іле дауыс қоса шықты.

- Естідім, көке!

Қазыбек кейін шалқайып, әдемі ақ шулан сақалын оң иығына қондыра қойды.

- Ой, Жарылғаппысың?

- Иә, Биата! Менмін!

Қазыбек кеңкілдей күлді. Ырзалық тапқанда кең көздерін мейірімге толтырып жылу оралады екен, сол жылу үй ішіне шуақ шашқандай.

- Күйді тындадың ғой?

- Иә, ата! Сондай күшті күй. Жүйрік аттың тұяғынан от ұшырғандай. Тамсанып қалдым ғой.

- Әй, Жарылғап! Кір үйге. Сәлем бер қонақтарға.

Ішке енген Жарылғап кеудесіне қолын төсеп, басын иді. Бірақ әдеттегі “Ассалаумағалейкүмды” дауыстап Биатасына ғана беріп, қолын ұсынды.

- Мына әке-ағаларыңа неге созбайсың қолды?

Абылай шапшаңдық танытты.

- О, бұл жігітпен осы өзіңізге кірерде қол да алыспқанбыз, көңілмен де танысқанбыз.

- Әу, Түйте, Жарылғап балам сенің ұлың ба еді. Бәсе, бір көргеннен жылы ұшырап еді. Келші, ұлым!

Бөгенбай қолын жайды. Жарылғап қасына жақындай беріп еді, ұзын қолдар ұланның басын еріксіз еңкейтіп, добал ерінді мандайына жапсыра салды.

- Азамат бол, ұлым! Өзіңе көңілім ауғанын ұқ! - деді.

- Отыр, Жарылғап, - деп Қазыбек ұлды өзгелерден бөлектеп өзінің дәл қасынан, сол жақ тізесінен орын берді. - Домбырамен қалай едің?

- Аздап шертіп жүрмін, ата.

- Жарайсың, Жарылғабым! Ән мен күй қазақтың қос қанаты ғой. Ән айтқанда қайғы-мұңыңды ұмытасың. Күй шалғанда шерің тарқайды. Не шеріңе шер жамайды. Домбыра киелі аспап. Қолыңа ұстадың ба, қастерлей біл. Ал, не шертіп жүрсің?

- "Елім-айды" шертем. Ең алғаш үйренгенім де сол ғой. Домбырамның құлақ күйіндей.

Қазыбек басын изеп отыр, изеп отыр.

- Құлақ күйі... Елім деген ерлер осылардан шықпас па. Сенің, сендердің құлақ күйлерің еліңнің... елімнің зары болса, онда біз неге дүниеден түңілердей күңірене береміз. Бірауық тәубамызға ұйыған да жөн-ау. "Елім-ай" дедің, ә. Қайран ән... Зар әні, мұң үні. Қайырымың тез, әуенің жеңіл болғанмен салмағың зор ғой. Зор ғой әр жүрекке батпандап түсірер жүгің мен жігерің. Босқан елдің, өшкен ердің, белгісіз қабірдің, шырылдаған сәбидің, күңіренген бабаның... Әнет бабамның аманатысың ғой "Елім-ай!"

Жә! Жарылғапжан, бірді айтып бірге кеткен атаң осы. Мынау Абылай балам көңілімді қозғаған. Он саусақ тек қару ғана ұстамайтынын, он саусақ қос ішекті дүниенің тілі ғып сөйлететінін де көрсетті.

Рахмет, Абылайым, баршыным!

Абылай бас изеді.

- Қазеке, көңілдің бейжайлығы да, көңілдің шамырқануы да кезіне байланысты. Білмейім, әлгі бәріңіз жағалай мақтап жатқан күй... күй ме, күй емес пе... тебіренген жанның серпіні ғана. Кеудеден лықсыған серпіні... Әйтпесе кеуде кеудеден кем бе, саусақ саусақтан кем бе... Әркім-ақ домбыра шертеді ғой... Әйтеуір өзіңіз айтқан күйшінің қазасы, әсіресе қиылып түскен он саусақ... Құдіретті, сиқырлы он саусақ... Бүгінгі аты аңызға айналған Әнет баба... бәрі-бәрі ойымды қозғады ма... оған әлі күмәндімін. Бірақ ниетім таза.

Жарылғап қозғалақтап Қазыбек биге жалт қарады. Әлдебір қызу леппен жүзі қызарып алаулап тұр екен, би иек қақты.

- Сөйле! Сөйлей ғой, Жарылғабым!

- Биата, үлкен тұрып кіші сөйлегеннен без дейді ғой. Сонда да болса өзіңіз рұхсат еткен соң өз ойымды білдірсем деп ем. Артық-ауыс кетсем айып көрмеңіздер.

Абылай аға, өзін-өзі мақтаған надандықтың белгісі деп үлкендер айтып отырады. Өзгені өзге мақтаса, адалдықтың белгісі деп менің анықтағым бар. Ізгілік пен игіліктің өткен-кеткені болмайды. Үлкен-кішісі де болмайды. Ізгілік сепкен көңіл саясы көп бәйтерекпен тең болса керек. Саям жоқ, панам аз дейтін бәйтерек көрген емеспін. Бәйтерек олай демес те еді. Ал адам... Өзінің бойындағы нәрін елемесе, өзгенің асылын көре алар ма? Өз қадірін түсінбесе, өзгенің қасиетін бағалай алар ма?

Абылай аға, Биатам сізге сеніп айтты, үміт артты әлгінде. “Көненің көргендігінен жастың білгендігі озар” деді. Ендігі заманның сіздікі екенін айтқаны. Ал сіз... Күмәндімін дейсіз. Бел шешіп, білек сыбанып кіріскеніңізді жұртыңыз қалайды. Солай ғой, Биата? - деп өзінің тым батылсынып кеткенінен қысылды ма, сөзінің соңын атасына сүйей салды.

Қазыбек те сол жағына еңсеріле бұрылып, Жарылғаптың мандайынан ұзақ иіскеді.

- Қарағым Жарылғапжан-ай! Осымен екі рет назарыма іліндің... Нәріңмен, бойындағы болайын деп келе жатқан барыңмен іліндің. Асылың ашыла түскей, жарқырай бергей. Сен өзі кілең сұлтандармен ілектесетін күй, шалынысатын жағдай іздеймісің, тастүлегім! Өткен жолы Барақ сұлтанды бабына келтіріп ең, бүгін Абылай ағаңа інілік базына жасадың. Ылайым өзіндегі мен көзіндегің өзгенің өзегіндегі болып, осылай ашық айтылар болсын. Сенің, байқауымша, көптің тілегін тиек қылар көңіл домбырасына айналатын сыңайың бар-ау. Жаңылтпасын тәңірім осы ойымнан. Жаңылмайтын жағың болсын, жақсыға құмар жаның болсын, ұланым. Әлгінде “Елімайды” шертіп едім дедің бе? Қане, шертші онда.

Қазыбек иіскеген маңдайынан толқындап жылу құйылғандай сезінген ұлан домбыраға саусақ көбесін жайлап тигізді. Сергек аспап дер күйінде екен, уілдеп қоя берді. Сол уілді тоқтатпастан Жарылғап Қаратаудың басынан көш шұбыртты. Көш соңынан жалғыз тайлақты бос ергізді. Қара орман ата-жұртынан айырылған босқынның қара көздерінен мөлт-мөлт жас ағызды. Содан ішін тартқан кейуананың ұзақ солығымен “Елім-айлатып” күйік атқызды. Зар төккізді.

Саусақтар жорғалап жүгіріп кетті. Саусақтар әлгі күңіреніске, өксікке толы шерлі әуеннен ажырап қалып, соны ырғаққа жол ашты. Сол-ақ екен сол жақ қолдың бес саусағы үш-төрт пернеден үн аулайтын сарынды сұңқылдата жөнелді.

- Ой, мынау қайтеді, ей! Әлгі күй ғой мынау! - деп күйді өзгелерден кеш болжап, кеш таныған Бөгенбай батыр бүкіл мол денесімен ырғала қозғалып, екі жағындағыларға кезек-кезек көз тастап өтті де, қасындағылардың күйге құлай беріліп, сазға ұйып қалғанын көріп, қайтадан ден қойды.

Домбыра бебеу ырғаққа құйыла оралып безілдей берді де, нәзік оралымды нақышты сәл өзгертіңкіреп жіңішкерте бұралтып қалып, үзіп жіберді. Ызың жайлап барып жоғалды.

Үй-іші жым-жырт тыныштыққа бөкті.

Түйте Қазыбекке бір, Абылайға бір қабақ астынан көз жүгіртті. Қазыбектің қатты түйіле тындағанын, Абылайдың сүр жүзіне ыстық қан тепкенін байқап, лепірген, мерейленген жүрегі дүрс-дүрс соғып қоя берді.

- Қап! Бекер үздің-ау! Әлде осы жерден үзілгені де дұрыс па еді?! - деп Абылай үнсіздікті бұзды. - Жарылғап шырақ! Нағыз мықты өзің болдың. Шіркін құйма құлақ, құнарлы кеуде осындай-ақ болар! Өз күйімді өзімнен артық шерттің ғой. Тіпті өзгерткенің де көкейге қона кетті-ау! - деп Абылай қатты сүйсініп разы болғанын жасырмады.

- Аздап шертем дегенің мынау болса, Жарылғапжан-ау, сен тіпті шарықтап кеттің ғой. Арық айтып семіз шыққан жөн. Сен Абылайға заман сіздікі десең,

енді мен саған соны айтам. Дәурен де сенікі, дүние де сенікі, майдан да сенікі, жеңіс-жеңіліс те сенікі. Бірақ дәуренің озық болсын. Тозығынан аулақ бол. Жеңісің айтулы, жеңілісің ұсақ болсын. Жолың болсын әманда, - деп би кетуіне рұхсат берді.

Орнынан тұрып үлкендерге бас иіп кете берген ұланға Бөгенбай қопаңдай ұмсынды.

- Әй, Жарылғап балам! Тоқташы!

Жарылғап жалт бұрылды.

- Келші бері! Мен өзі сөзге онша жоқ әкелеріңнің бірімін. Мынау Түйте көкең бірер жас үлкендігін бұлдап ұрсып, үйретіп әбден шөкелетіп тастаған, - деп кеңкілдеп күліп үлкен тістердің түзу қатарын ашты. “Апырай, батырдың тістері әлі бүтін ғой. Шоқпар, сойыл тимегеніне қарағанда, айла-тәсілге шебер-ақ екен!” деп қызығып тұрған Жарылғапқа қолын созды.

- Мен сенің әлгі күй шалғаныңды сондай жақсы көрдім... Онымды айтып жеткізе алмаспын. Маған желдің суылы, жебенің ысылы, оқтың ысқырығы әуен. Оларды қапысыз бағам. Ал енді мына жуан саусақтар домбыраны құр тыңқылдатқаны болмаса, жүгіріп, сөйлеп, сайрап кетуге жоқ. Әй, көп сөйлеп барам ба... Жарылғапжан, соңыңа қарап... мына көкеңнің ұстанған жолына қарап, әлі-ақ сен екеуміздің сүрлеу-соқпағымыздың қанды жорықтың шаңдағында түйісерін сезіп отырмын. Ер қаруы - бес қару. Оны Түйте көкең арнап соққызған шығар. Соққызбаса, жасатпаса, жасатады әлі. Мынау менің құлынды биеге әдейі жасатқан қамшым. Тоғыз өрімді дойыр. Өзгеге сипатпаушы ем. Саған көңілім сондай құлады. Тасбауырдың өтін тіл, қас жауыңның маңдайын айыр. Мә, балам!

Жарылғап Биатасына - Қазыбекке сұраулы қараспен жалт етті. Би әнтек бас изеді. Көкесіне көз сүріндірді. Түйте ырзалықпен келіскендікті мейірлі жүзімен танытты.

Жарылғап қамшыны қос қолымен ыстық от қаритындай үлкен ыждағаттықпен қысып алды.

- Рахмет пейіліңізге, батыр көке! Сеніміңізді ақтауға тырысармын. Сол жорық жолының шаңдағына сізбен бірге ілессем, арманның басқа басқасы болмас.

Жарылғап шығып кетісімен біраз тосырқатыңқыратқан үнсіздікті Қазыбектің өзі бұзды.

- Ал, Абылай балам! Сен айттың, мен ұқтым! Жалың молаяр, құйрығың ұзарар, иншалла. Өзге сұлтандардан шоқтығын қазір-ақ асқақ. Әрең әлденақ биік. Терезе теңестірем дегенінді ескердім. Ертең өзіңмен бірге аттанармын. Бүгін жата-жастана дем алындар, - деп қонақтарын босатты.

Оңаша қалған соң домбырасын өзінің үйреншікті шертісіне түсірді де, қабақты салбыратып, ой шытырманына батты.

Әбілқайырдың өзгелерден гөрі осы Абылай сұлтаннан қатты сескенетінін де, Абылайдан түбінде хан тағына таласар үлкен тақталас шығатынын сезетінін де бидің байқап үлгергені рас. Анау азулы сұлтанның төңірегі тұтасып бара жатқаны салмағын да асыра түсетіні белгілі. Абылайдың ел аузындағы дабыра болған аңызы ғана болмаса, өзірге қолына тиген тізгін-билігі аз. Сол себепті де маңайына топтала бастаған батырлардан түптің түбінде айрылып қалу қаупі де жоқ емес. Қазақтың әлдісі мен малдысы да, батыры мен бағланы да алғанды жек көрмейді. Айдағанды бек ұнатады. Қасында батыр ұстау үшін, не байлығың, не билігің болу керек. Әйтпесе батырды барымтаға жұмсап, берекесіздікке душар болуың әбден мүмкін. Ашыққан батыр да бір, ашыққан бөрі де бір. Соған дәлелді анау Шақшақ Жәнібек көрсетпеді ме. Аңырақайдан кейін Абылайды алақанға салғандай ғып Атығай, Қарауылдағы Дәулетбек байдың ауылына ала жөнелген батырлардың басында жүрген Жәнібек Әбілқайырдың мол асатуының арқасында қазаны тез қаңсығыш Абылайдан аунап шыға берген еді. Қазір көбіне көп Әбілқайырдың сойылын соғады. Өткен жылғы патшайым елшілерін бастап келген шоқынды Мәмет Теуіпкелдің бір құлаш қызыл сәтеніне бола құлап түсті де ғой. Кім білсін, адам-пенде де емес пе. Орыс патшалығы Әбілқайырды бүкіл қазаққа дүрдитіп хан сайлай салса, сол дүрдиген Әбілқайыр хан баяғыдағыдай сұқсырдай сұлу қарындасын сыйлағандай Шақшақ Жәнібекке бүкіл Орта жүз билігін неге сыйламасқа. Дәме шіркін пенденің ой-бойын бір

шырмаса, ғұмыр бойы босатпайтын құрсаумен шырмап тастайтын шырмауық қой. Жәнібек те мүмкін сол құмар ойдан, баққұмар дәмеден құтыла алмай көкейін тесіп бара жатқан ала бас құрттың жеміне айналып кетерін өзі де сезбей ме екен? Содан да болар Абылайдан тез суынып, айласы да, майысқақ тәсілі де мол, бірді беріп екі алатын Әбілқайырды жағалайтыны. Өткеңде біреулердің Жәнібектің желпініп отырып: “Ат жеткен жерге ізім түсті. Ізім түскен жерге құзырым өтті. Ойратқа ойран салғандардың алды өзіммін. Бөгенбай-Бөгенбай дейтін желауыздар оның тақымы кеппес ұрылығын батырлық көреді ғой әшейін. Өз лағын теке қоятын ұркеппелер өз жұртына симай, ағайынға арзу қылған Қаракерей Қабанбай дейтін әлдекімді әспеттегенмен бәрі қосылып менің бір сапарымда жасаған ерлігімнің ширегін де толтыра алмайды. Қашпаған жаудың күші бар, жантақты жерде сона бар. Жау қашыра алмас жантақты жердің соналары ғой олар. Ал Орта жүз билігінің тізгінінен қолы босаса құлап түсіп, мүрдем кетейін деп тұрған Қазыбекті Қаз дауысты деп қопаңдатып жұрт әуре. Бос кеспектің даңғырауық болатын әдеті. Ендігі билік маған көшеді. Көше бастады да ғой. Қазыбек өзі біліп бұйдамды әкеліп қолыма біржолата ұстатпаса, кәрі қолдан жұлып алуым оп-оңай. Бос мылжыңды кемеңгерлік дейтін кещелердің көмейіне құм құям сөйтіп. Әйтпесе түйе қотырын ботасына жұқтырадының керін келтіріп, билік деп шатып-бұтқанымен елді бүлдірер” депті дегенін айтып келгенді. Қазыбек естіген де қойған. Бастан жақты айыратын өсекші қазақтың қай аузына қақпақ қоя аларсың. Жәнібектің желпінетінін де білетін би, саналы, салмақты Жәнібектің жеңілтектенгенін, желікмасы болғанын еш көрген де, естіген де емес. “Ел барда - ер болады. Елі жоқ ер - қор болады” дейтін бұл білетін нар Жәнібек, зор Жәнібек ондай ұсақ күйкілікке бара қоймас. Бірақ... алтын көрсе періште жолдан таяр... Тайғызды ма екен алтынның буындай ыстық білікқұмарлық. Әй, бірақ.... Күншіл ағайыннан, өсекші қатыннан бұл далаң жыртылып-айырылып жатқанда,

екі араға от тастағыш адалсынған шағыстырушы кәззаптардың ішіне кіріп шығудан қиямет жоқ қой.

Абылай, әрине, жылы қабақ күтеді. Сол жылы қабақ оған “Арқар!” ұрандылардан өлсе жетер ме. Қарасы жабыла көтеріп төбеге шығарғысы келсе, төресі етектен қос қолдап тартып төменге түсіруге құмбыл. Білектегі қаруына биліктегі даруы сай болмай тұр ғой. Әйтпесе батырлардың бәрін бай қыларлық, бағландарының бәрін би қыларлық ойы да, сойы да бар. Таразы басын тартарлық салмақты енді өзгеден іздеуге мәжбүр болған халін басқаға білдірер ме еді. Бұған келгені - сенгені ғой. Әй, бірақ... сенім дегенің де қырдың күн сайын мың құбылатын сағымы емес пе. Жел тұрса жыртылып, күн тұтылса жоғалып кете қоятын алдамшы перде ғой ол. Өз текешігің өз басыңа секірсе, ешкі тұяқтан гөрі, ескі өкініштi көміп түсетін жаңа өкініш жаныңды тілгілейді-ау. Әй, соның бәрі даланың өзіндей далиып өсіп, ішке симай бара жатқан бақкұмарлықтан, атаққұмарлықтан, жалған намыс-қойлық пен кеудемсоқ кердеңдіктен-ау. Әлдебір өсек кеудеге кесек тастап кеп жіберсінші, шабаланып, шабынып шыға келсін. Әкені беттен алар бала, ағаны аяқтан шалар іні сенің әділетінді қайтсін. Адалдығыңа, туралығыңа пысқырсын ба. Өз төмпешігін төбе қылмай, өз төбесін тау дегізбей көңілі көнші ме. Оған енді даңғой мақтаншақтықты қос. Қайтіп қап-қара оттың жалынындай шалқымасын ол. Қымызға қызған желөкпені жер түбіне желдіртіп жіберетін азғырушы әзәзілдер аз ба... Ой, бассын кеп қамшыны қашайын деп тұрған жалған намыс-елікке. Жүйткісін сонсоң пыш-пыш өсек, қап-қап қауесет кең даламен. Қырық-пышақ қазақ жатсын сонсоң қырық бөліне қи-қылдасып...

О, тоба! Осы бір құбыжық секем бір босатпайды-ау. Бүкіл қараң мен төреңнің арылмас дерті сол болған соң, дәру іздеп әуре бола ма әлде. Сол дәруді қайдан табар? Тапса, қалай, қайтіп емдер? Емдеуге көне қояр қазақ болар ма екен. Дәруіңді у деп, мерейінді мерездік деп өзіңе сойыл ала жүгіруден де танбас-ау...

Абылайды Атығай-Қарауылға ұлыс сұлтаны сайлап, алды-артын бүтіндеп берген жөн болар. Атығай,

Қарауыл жақсы қарайды. Өзімсініп алған сұлтанды. Енді тек билігін бекемдеп берсе, өзге сұлтандармен терезесі теңеседі. Әйтпесе жетпіс мың жылқысының ауанымен жүрген Сәмеке өзі келіп шөбере інісі Абылайға қол ұшын бермейді. Беру қайда? Қарсысына шығар пәлені басын көтертпей басып тастайын деп жүрген жоқ па. Таңқ-таңқ сөйлейтін сұлтандардың маңқ-маңқ үретін иттер сияқты белі мықты, беті түзу біреуі шыға қалса, соған қарсы біріге калатын әдеттері-ақ жаман.

Домбыра әуені өзгере бастағанын өзі сезбей қалды. Аң-таң күйде саусақтарына үңілді. Әлгіндегі Абылай шертіп, Жарылғап сәл өзгерте қайталаған күйдің нобайы екі ішекке ілініп қалыпты.

“Атын қоймағанымыз-ай, ә!.. Тағы бір күй туған күн болды-ау. Бірақ соны кім ескеріп жатыр. Шертілді. Тыңдалды. Қалды. Неге қалдырамыз? Ау, дүниеге перзент келгенде алты алашқа болмаса да, алты ауылға ат шаптырып, той жасаймыз ғой. Ендеше дүниеге күй туғанда, ән келгенде неге кіндік кеспейміз! Неге айқайлатпаймыз. Азандатпаймыз. О да көңіл күй перзенті ғой. Қандай перзенті десеңші! Ал біз сол марғау халден айыға қоймаймыз. Алты ауыл тұрмақ, алты адам білмей қалады. Білдіргіміз келмей ме? Неге білдіргіміз келмейді? Ол да өзімшіл қызғаныштан емес пе тағы да? Мүмкін қызғанатын шығармыз. Әйтпесе әлгі Абылай шырақтың әдемі, әсерлі күйін бүкіл ауыл боп тыңдап, бүкіл ауыл боп неге ұйымаймыз? Неге қуанбаймыз. Неге тұсаукесерін қылмаймыз?”

Домбыра сұңқылдады. Домбыра безектеді. Домбыра қайтадан байырқалады.

Екі ішектің ендігі шертісі өзгеше әуенге ауысты. Осы әуенді сонда Аралбай інісі, Бабаназар ағасының тұңғышы тартып еді-ау. Сондағы қуаныш, сондағы серпін мына әуенде сәл қоңырқай тартып, бидің бүгінгі шау тартқан халіне көбірек бейімделгендей тәрізденді.

“Аралбай көптен бері келмей кетті-ау. Ауыл арасы таяу дегенмен оның да қолы қай бір тие берсін. Оның үстіне талай шайқасқа түскен кәрі көкжалдың ескі жарақаттары сырқырамасын ба? Әй, өзі де бір жүрек жұтқан-ау. “Жау! Жау!” деген хабар жер түбінен тіріліп

жетсе болды-ақ ат беліне тірелген Аралбайдың Қара-кесек жасағының алдына түсіп, ай қасқа айғырын ойнақтатып бара жатқанын көресің. Сағынып қалғам ба? Неге сағынбайын. Сол күйге де ат қойып, айдар тақпадық. Салақтық па, әлде салғырттық па? Бүгінде сол күйді әркім-әркімнің шерткенін естідім. Бірақ әлгіні алғаш кім шығарды? Кім шертті? Көбісі біле де бермейді? Сол күні Жарылғап күшік туған. Және қалай туып еді... Анасын қиналтып, көкесін қорқытып, бүкіл ауылды... ауыл емес-ау бәрімізді аяғымыздан тік тұрғызып қоймап педі. Оған да міне он төрт жыл бопты. Баланың аты бар. Ал күйдің аты жоқ. Неге қоймадық? Әлгіндегі Абылай күйінің де атсыз кеткені ме? Ертең бүкіл ауыл адамына тыңдатып, азан шақыртып ат қойсақ ше... Дабыраны сұлтан қажетсінер ме?.. Жарылғап қағып алды ғой... Өзі-ақ сұлтансыз да ойнап береді. Атын қоямыз сонда. Онсыз болмайды. Ел білуі керек. Айтып жүруге жақсы. Ал Жарылғап балам он төртте. Одан бері де он төрт жыл өткен екен-ау...”

Домбыра күмбірлей жөнелді. Домбыра күмбірінен судың сылдыры, толқынның жағаға соққан екпіні, нар қамыстың сыбдыры естілді. Домбыра көнігі күмбірмен өткен күндер елесін тағы да жайып салды.

4

Айнадай таза аспанда шөкім бұлт жоқ. Әлгінде ғана таң қараңғысы айрандай боп ұйып түскенде төңірек түгел қара перде тұтып алған еді. Содан кейін көп ұзамай қауын тілігіндей сарғайған ай солғындап тұрды да, қыр астынан қылтиып шығып келе жатқан қырмызы шәлінің шашағындай алтын шапағымен аспан тілгілеген күнмен таласа алмай мүлде жүдеп жиділ кетті. Сол-ақ екен қыр үстіне қонжиған күннің қызыл алауы сырғанап қана акқан Сырдың суына сүңгіп кеткенде жойқын айдын қызыл барқыт оранғандай, қызыл өртке шарпылғандай қып-қызыл боп жыбырлай жөңкіді. Өзен жақтан таңғы самалмен ескен таза ауа тыныс кеңітіп сала берді. Жаз ортасы енді жеткендіктен даланың ажары әлі қайта қоймаған. Өзен

жағасының қалың балауса көк құрағы көрген көзді өзіне асықтыра шақырып, “Кел, кір құшағыма! Ауна төсіме!” дегендей хош иісімен таза ауа араласып мұрын қытықтайды.

Сырдың екі қапталында таусылмас төбе-төбелермен жағаласа жарысқан жал-жал құмдарды алыстан ажырата қою қиын. Сары даланың сазартқан сағынышындай сусыған сағымынан дәл қазір ертегінін жалғыз көзді алыбы, жалын атқан диюы, жалақтаған жалмауызы, сақылдап күлген сайтаны, ақсиған албастысы шыға келердей еріксіз елегізітеді. Кенет түстіктегі қос өркеш төбеден қараң-қараң етіп асып түсіп көш көрінді. Біртіндеп көтеріліп, біртіндеп көбейіп бері асып түскен түйелі көшті, қара жорға мінген зор тұлғалы адам үстіне шаңырақ артқан сары атанның бұйдасынан жетектеп алыпты. Сәнді көштің сәнін ашқан әлгі үлкен шаңырақтың қоспаларын бекіткен күміс сақиналы шеңберлер, күлдіреуіштеріне орнатқан күміс орамдар алыстан күнге шағылысып жылт-жылт етіп келеді. Кілем жапқан, кебеже артқан түйелердің маң-маң басқан жүрістері көштің қонар жеріне жақындап қалғанын сездірді ме, тай-құнанға мінген жастар алдарынан таң шуағында алтындай боп сырғанап, сұлу керіліп жатқан Сырды көргенде, шыдамсыз шуылдасып, айқайлай дабырласып, рахаттана күлісіп құйғыта жөнелді.

- Әй, жаспысың деген! Шыдамауларын қарашы.
- Әй, Сәкентай! Түспе суға!
- Балалар! Сақ болыңдар! Қамысқа жоламандар.

Үлкендердің осындай пысықтауын естір-естіместен бірін-бірі қуалай дүбірлете жөнелген жастар әлгіндегі тып-тыныш жатқан даланы дүркіретіп оятты.

Көштен бөлініп шыққан топ аттарын желе-шоқытып ауыл қонар көк шалғынды иіңкенің ірге-сіндегі төбенің үстінде іркілді.

- Бүгінгі күн де керім! Анау жылдағы жұртымыз да әсем. Сыр анау анандай боп ақ төсін керіп жатқан.
- Арудай десеңші!
- Иә-иә! Солай екен-ау! Дегенмен қайран Сыр, қайран дайра анаңдай ғой. Малға да, жанға да нағыз мейірлі өзен қазақ үшін дәл осы ғой!

- Құтты қоныс болғай!

- Қазақ үшін көшу оңай, қону қиын болса да, көше-көше запы болғанымыз да рас.

- Жә, жарайды. Әй, Сәлмен! Бар! Көшті бұрынғы орнына қондыра берсін. Соны айт.

Сәлмен атын құйықтырып кейін қарай шаба жөнелді.

Ауыл иесі Түйте батыр еді. Ұлы сүйегі - Орта жүз ішіндегі Мейрамсопының тоқалы Қарқабат анадан туған Қаракесек (Болатқожа). Осы Қаракесектен Ақша мен Түйте атты екі ұл туған. Түйте (бұл мынау біздің Түйте емес, арғы Түйте) Майқы мен Танас дейтін екі ұл сүйген. Майқыдан - Әлтеке, Сарым тұқымдары өрбісе, Танастан - Тымырысқы, Сары ұрпақтары тарайды.

Қаракесектің тұңғышы Ақшадан Бошан туған. Бошаннан туған бес ұлды - Жанту, Таз, Байбөрі, Машай, Манатты - бес Бошан деп атайды. Атағы жер жарған, құдіретті Қаракесекті тіреп тұрған бес ата еді бұлар. Жантудан - Тоқтауыл, Таздан - Наманай, Бұлбұл. Байбөріден - Олжашы, Жүгіней, Темірәлі, Көшім, Шөптеміс, ал Манаттан - Антықбай туған.

Кейінгі кездері Қарқаралы төңірегін жайлаған бұл төрт Бошанды - Бауыр Бошан деп атап кеткен де, ал Машай бұтағы - Сырт Бошан дейтің атқа ие болған. Бұлбұлдан - абыз атанған Шаншар туса, сол Шаншардың бел балалары - Келдібек би және Бертіс хан. Келдібектен Қазыбек туғаны мәлім.

Атақты батыр болған, қалмақ-қазақ шайқасында талай ойрат батырының толағай басын доптай домалатып түсірген Машайдан Бәйімбет пен Бораншы екі бала туған ғой. Бұл екеуінің кейінгі ұрпақтары шетінен жаугер, ел қорғаны болған. Ұрандары - “Машай!”. Абадан байрағын көтеріп “Машайлап!” шапқанда одырандаған ойрат пен осқырынған орыс ойға түсіп, қырылдауық қалмақ қыр асып кететін көрінеді. Айбатынан арыстан шошып, жолынан жолбарыс қашатын бұл екі атадан шыққан батырлар ел аузында күні бүгінге дейін аңыз боп айтылып, әруақтарына ұрпақтары бас июмен келеді.

Бөйімбеттен - Дәулет, Қояншы және Танай деген

үш ұл туған. Кейіннен соңғы екеуді жұрт білместікпен біріктіріп Қоныштағай деп атап кеткен.

Бораншыдан Тілеулі, ал Тілеуліден - Тәңірімберді, Керней туған. Тәңірімберді бабамыз жұбайының есімімен Кәрсән аталып кеткен де, Тәңірімберді аты елеусіз қалған. Тілеулі Кіші жүз Құйған бидің бәйбішесі Аққудан туған Айша деген қызын Кернейге, тоқалы Гәккуден туған Бибі мен Бәтима деген апалы-сіңлілі екі қызды Тәңірімбердіге алып берген ғой. Құйған биді әйелдерінің әлгіндей әдемі құстың атына сәйкестігіне байланыстырып Сәһар Құйған деп атап кеткен деседі. Сәһар аққудың қоразы дегенді білдірген көрінеді.

Сол Бибі шешеміз Дүзей, Есенаман, Наурызымбет дейтін үш бала туып, тоқтап қалыпты. Ал Кернейден Самырза, Дау (Дәуіт), Шаң, Балапан атты төрт ұл туып, Бибі шешеміз Керней жуан ата болып өсіп, мына өзінен туған үшеуге әлімжеттік жасап жүрер деген секеммен, сіңлісі Бәтиманы Тәңірімбердіге әкесінің рұхсатымен өзі некелеп қостырған ғой.

Сол Бәтимадан Тәңірімберді бес перзент сүйеді. Алданазар, Бабаназар, Бекназар, Ерназар, Құлназар - Бесназар аталып дүрілдеп шыға келген ғой. Төрт ата Керней, сегіз ата Көрсөн (Үшбибі мен Бесбәтима) атқа мінгенде, сырт Бошан, төрт Бауыр Бошанға есе жібермей, бүкіл Қаракесекке айбар болған көрінеді.

Бәйбішелікті қасиет тұтқан, қадірлі шеше, үлкен шаңырақтың отанасы Бибі өзінен туған үшеуді де, Бәтимадан туған бесеуді де өзінің бауырында өсіріп, содан Бибәтима аталған екен.

Кәрсөн-Керней балалары өсіп-өнген соң аржағынан дүрілдеп келе жатқан жоңғардың Батыр және қалдан хонтайшыларынан бері ығысып, Көкшетеңізге қарай аунамай ма. Ол кезде балығы тайдай тулаған, құрбақасы шулаған көкала толқынды бүгінгі Балқаш көлін - кешегі Көкшетеңізді Сарыүйсін елі жайлап тұрса керек. Көкбөрі Керней батыр бастаған Бораншы, Бейімбет балалары андағайлап тиісіп, оларды Көкшетеңізден әрі асырып тастап, кең жайлауда емін-еркін көшіп-қонып жүрген ғой.

Көкшетеңізді жайлаған соң Кәрсөн-Кернейдің

ақтылы қойы, көкалалы жылқысы қотанды кернеп, өрісті ендеп кетпей ме. Алдында малы көп байлары бар, соңында қолы көп батырлары мол бұл өлкеге іштен де, сырттан да қызыққыш көздердің сұғы жиі қадалмасын ба. Көкшетеңіздің сусыған суындай лықсып көрші рулардың көгенбастары қабақтарынан қар жаудырып бір жетсе, Көкшетеңіздің көк жартасты жаңғырықтыра соққан нар толқынындай екпіндей екіленген ойрат қалмақтары ауыздарынан айдаһарын атқылап және килікпей ме. "Қарқабаттаған!" ұран, "Машайлаған!" озан қара жерден көк аспанға шаншылып, Кәрсөн-Кернейдің күндіз күлкісін ұрлап, түнде ұйқысын тонап, тыныш тірлігінен баз кештірмей ме. Майбөксе бәйбішелері сүмпиген соң, салбөксе еркектері шелтиген соң Бибәтима шешеміз көріне мінбей ме.

- Әй, шіркіндер сол. Еңістен өрге, есіктен төрге шыға алмайтын жаубөрік емес қаубөріктерім-ай! Көріктілерің шыбышқа айналып, бөріктілерің білектен байланып, төбедегі көздерің төмендегі көттеріңе жабысып қалыпты-ау. Ендігілеріңнен ештеңе өнбесін байқадым-ау. Енді мен кірісейін!-деп ақ киініп, ақбоз атқа мініп, жауының алдынан жалғыз өзі қасқая тартып бермей ме.

Көкшетеңізден әупірімдеп айналып әрең өткен көп торғауыт кеш бата аппақ қырдың етегіндегі ақ тақырға жетіп еру болыпты. Алды келіп, арты әлі де қыбырлаған қолдың жинақталғанын күтіп, ертеңгі болар мол қырғынның қазақтарды бүріп түсеріне мықтап сенген қолбасы кеудесін кергітпей ме.

Аппақ қырдың етегіндегі ақ тақырдың қарсысындағы көк төбеге қияқтай ай қиялай көтерілгенде, сол қияқ айдың қылышына ілініп шыға келгендей ақбоз атты, ақ киімді Бибәтима анамыз жарқ етпей ме!

Содан соң түнгі даланың түнегін үңгілеп әлде зар, әлде ән, әлде уіл, әлде ызың - ұзақ бір сарын әуелеп шырқап, талықсып сорғалап құйылмай ма!

Көк төбе қалықтап көк аспанға тірелгендей бола ма-ау, әлде көк аспан көп жұлдызымен құлдилап келіп, көк төбеге қонақтағандай бола ма-ау, әйтеуір аспан

мен жер астасып, көк төбе мен көк тәңір табысып кеткендей бір тылсым сәт түнгі дүниеге орнапты-ау!

Ысқырып жел тұрған ба-ау, аласұрып сұрапыл соққан ба-ау, даланың тауы теңселіп, қыраты қыбырлап, төбе, жоталары жөңкіліп сала берген ғой. Көктен сансыз жұлдыздар торс-торс тамған ба, Көкшетеңіз тайдайтулап, тағыдай мөңкіп, толқындап өршіп орнынан ауған ба - маңайды су қаптап, топан басып, телегей толтырған ғой.

Содан сібірлеп таң атып, сығалап күн көрінбей ме. Сығалаған күннің қызыл арайы дүниені түгел тоғытқан телегей теңізге сүңгіп, айналаны от-теңізге, өрт-теңізге айналдырып жіберген ғой.

Астынан су өтіп, үстінен толқын аунаған дүрбен мен торғауыт дүбірлеп оянып, топырлап тұрып, топырлап аласұрып, қолбасыға қарай қояншығы ұстағандай жапырыла жөңкіген ғой. Екі көзден үнемі шоқ шашып, аузынан жалын ататын Ердене Батыр хонтайшы жынын алдырған бақсыдай бүкшиіп аяқ астынан жүнжіп сала берген ғой. Екі қолын оқ тиген қарақұстың қанатындай ербеңдетіп: ”Қар-сұн! Қар-сұн!” деген бір сөзді көмейінен қырылдата суырып, барқырай берген екен. ”Қарсұны” ойратша”көп көл!” ”от-көл!” дегені екенін кейін сол сұрапыл дауыл, нар толқыннан шалажансар күйде қолға түсіп, қазақ арасына сіңіп кеткен жүздеген торғауыттар жеткізген ғой.

Ат-көлігінен адасып, азық-түлігінен айрылып, жаяу-жалпы кейін шұбырып, әупірімдеп аман қалған Ердене Батыр хонтайшы селдіреген тобымен өз ұлысына әрең жеткен деседі. Содан былай Көкшетеңізді жағалай жайлаған Кәрсөн-Керней екі-үш ұрпақ ауысқанша сол маңда тұрып, тұрақтап қалыпты.

Ал Бибәтима анамызды елжіреген елі, жадыраған жұрты Қарсұн, Кәрсөн деп атап кетіпті де, Тәңірімберді бабамыздың аты ұмытылып, ендігі ру осы қасиетті анамыздың құрметіне бөленіп, Кәрсөн атағын йемденіпті.

Ал әлгі телегей теңіз боп жауының алдын бөгеген от-көл, өрт-теңіз боп ойратты опат етіп кілкіген көлбүгінгі Қашқантеңіз болса керек. Бибәтима шешеміздің ақ киініп, ақбоз атқа мініп шыққан

көктөбесі кейде ”Көкене”, кейде ”Көкшеана” аталатын қасиетімен айлы түндерде әппақ мұнарымен көк аспанға тіреу орнатқандай тік шаншыла қалады деп тамсана тілге тиек ететіндер әлі де кездесіп қалады.

Сол Көкшетеңізді бүгінде ойрат жамбастады. Оған да қырық-елу жылдай уақыт өтіпті. Намысқа шоқ салып, ”Қайран атамекен!” деп ah ұра аңсағанмен, зеңбірегінен доп топылдатып, құныс мылтығынан қорғасын сепкен жоңғарға сойыл-шоқпарлы қазақ не істей қойсын. Қорықпаса да торығып, үрікпесе де үркіндеп қияндап кеткені рас. Тұяқ серіппейін демейді-ау, қияғының қарымы қайтқанынан түңіледі де. Әйтпесе талай шайқастың есесін толтырар еді-ау. Талай айқастың майданын қыздырар еді-ау. Түбінің қайырын берсін. Арғымағын жебелеп атар таңды, шығар күнді иықтарына қондырып алыстағы Арқаға, жырақтағы Жетісуға да жетер әлі-ақ. Сол кезде жым-жырт кеуде бүлк етер, меңіреу құлақ селт етер. Атамекеннің сағынтқан иісі кеудеге енер, аңсатқан лебі құлаққа тиер. Тиер-ақ...

Түйте ауылы тездетіп керегесін жайып жанталаса уықтарын шаншып, жалма-жан шаңырағын көтеріп, Сырдың жағасына көп үйді қораландыра тізіп тастады.

Көк майсаға қонған ауыл алтын таққа қонжиған ханнан кем болсын ба. Жаңа қоныстың өрісі кең болсын, қотаны құтты, емшектісі сүтті болсын дейтін тілекті сауатын қазақтың отқа қойған қазаны бүр-қылдап қайнамас па. Қайнаған қазанда қойдың басы, жылқының сарыала телшігі туырылып ойнамас па.

Түйтенің кең дастарқаны көлдей боп жайылып, астау толы ет алдарына енді келе бергенде, күңұзын бір тұрып, бір отырып жайы болмай, жағдайы келмей жүрген Айша жүптісі жаны қысылып сала берді. Мандайдан тер құйылып, көмейден ықылықтап ыңқыл атылып, екі бүктетіліп қалған жұбайының қасына барып, басын ұстаған Түйтені әп-сәтте жиналып қалған әйелдер үйден шығарып жіберіп, тездетіп құр құрып, Айшаны қаумалай көтеріп әкеліп, әлгі керілген құрға асылдыртып әбігерлене қалған-ды.

Ал содан толғақ басталсын.

Түйте содан бастап бір қуансын, бір қуарсын.

Куанғаны - анау тәжі астында жаратылып, тақ үстінде туатындай әлден-ақ ауыл-үйді түгел асты-үстіне келтіріп әбігер тірлікке салып қойған ұлының жарық дүниенің қақпасын қағып жатқан хабарын естігені. Қуарғаны - сол жарық жалғанның есігін тесіп өтердей, қақпасын қақыратып енердей боп шеңгеліне қан уыстаған нәресте шіркін аяқ-қолды шіреп шіренгенде енесінің өзегін үзіп, өңешін бұзып кетер ме деп күдікті қауіпке бой алдырғаны.

Айша тура бір күн, бір түн толғатсын.

Бір күн, бір түн бүкіл ауыл, бүкіл аймақ аяғынан тік тұрсын.

Қуанышты бірге атқарып, қайғыны қауымдаса көтеретін қазақ бұл жолы да түгел қопарылып, жаулықтысы жаны ышқынған тұмса келіншектің қасына жамыраса жүгіріп, бөріктісі жүрегі сыздаған Түйтенің маңайына топырлап, бір тәннің сыздау-сырқырауы бірдей жалғыз жанына айналып кетіп еді. Айшаның толғағы ұзаған сайын үрей билеген ота-ғасының көзіндегі жылтының жұқарып бара жатқанын көріп, далбаса дуылды тірілтіп жіберді.

- Тәуіп шақырайық!

- Әй, сенің тәуібіңнен не қайыр. Биағаның үлкен молдасын алдыртып, ішірткі жазғызып, ұрттатсақ па екен!..

- Анау Әшкен қажының бәйбішесінің қолы епсек деуші еді. Сол бәйбішенің уқалаған алақаны қарынға тиді дегенше, небір қатты толғақ босап сала беретін көрінеді.

- Ойбай-ау, онда сол бәйбішеге ат шаптырмай, неғып отырмыз!?

- Жә! Босқа шуылдамандар!

Күнұзын Түйтенің қасында төңкерілген төбедей боп отырған төл құрдасы Таңыбай гүр ете қалды. Өзі осы ауылға кеше кеште келіп, анау құлындағы даусы құраққа шығып жатқан Айшаны қиып тастап кете алмай, құрдасының қасында бөгеліп қалған-ды.

- Қайыр бақсыға кісі жіберу керек!

Түйте Таңыбайға жалт қарады. Сол қарасы құптағаны да, өтілі де еді. Таңыбай бас изеді.

- Иә! Мен барайын онда. Құдай айдағандай бақсы

әулиенің өзі Биағамның ауылында ғой. Көнсе, өзім айтып, көнбесе, Биағамды салып, алып келейін.

Он екі жілік, бір басы түгел опырылып кеткендей қаусап отырған Түйте Таңыбайды аттандыруға да жарамады. Қан майданға тебініп кіретін батырдың тебен ине жұтқан төбеттей мөлиіп қалғанын іштей жақтырмаса да, әдеттегі құрдассынып қағыта беретін әдетіне баспай, Таңыбай атына қамшыны көміп-көміп қалған-ды.

Түйтенің өзі де өзінің мұншалықты можуын, мұншалықты есеңгіреуін, мұншалықты қалжырауын бұрын білмек түгіл сезбеуші еді. Қазіргі әлдебір уайымды, уайым арқалаған үрейді көмейлеп жұтып, кеудесіне тоғытып алғанына да қатты қайран.

”Маған не болған бүгін? Әлде қуанған да, қорыққан да бір деген сөз рас та шығар-ау. Кеудемде өксік бар ма?.. Өксікті қуар сүйініш те туып келе ме?.. Айшам қиналды-ау әбден. Оу, дауысы неге шықпай қалды? Кешеден бері ықылықтатқан ыңқылы мен бебеулеткен зары бір тынбап еді ғой. Ендігі мынау тіл тістегендей үнсіздігі қалай? Әлде байғұстың... Оу, анау үйге неге кіріп бармаймын, ә... Ең болмаса Айшамның жүзіне бір қарап... бақұлдасардай болса... Не ойлап барам?!. Күнәһар күдік қайда сүйрейсің... Жо-оқ! Көне алмаспын ондай сұмдығыңа! Бере алмаспын жарымды үңірейген суық жердің қапас қуысына...

Ойпырай! Маған бірдеме көрінген шығар... Қайдағыны қайдан ойға алып отырғаным... Әлде кісемді мойныма салып, құранды төбеме қойсам ба екен, ә?.. Оу, құлағымның шуылдағаны несі?..Бұ не ызың? Тырс еткен домбыраның қыл ішегінің шертісі тәрізді ме? Шар еткен нәрестенің іңгәсінің нәзік шырылы ма? Әйтеуір жүрегімді сыздатуы тегін емес. Көрем бе?.. Ат ұстар мұрагерімді Жаратқан ием жарылқап үстата салар ма қолыма?! Үстатар. Соған иланайыншы. Сонау бір күнде ”кубас!” деп көкірегіме найза сұғып алған сұмның сол көкірегімде темір тікен боп әлі күнге дейін қадалып тұрған істігін дәл бүгін суырып тастап...еркін тыныстап, еміреніп дем алсам-ау! Маңдайымнан сипар жылы алақандай ұлымның сәби іңгәсін естісем!... Айшам аман қалып, өзім өліп кетсем де, армансызбын

дер ем-ау!... Әй, арман неге болмасын. Болады ғой. Сол, сол бар болғыр шіркін өліп кетердей болсам... Апырай, қайдағы сұрқия сөздер ойға түсетіні қалай?.. Сол бар болғыр балам маңдайынан сипар әке алақанын аңсамас па?.. Жетімдік қамытын туа сала кигізген тағдырына налымас па. Алдына мал, қойнына қыз, қарауына құл берген менің өзіме көз алартып "қубас!" деп қыжыртатын қызылкөз ағайын желбір жекендей жетімекке сұғын қадамас па... Әй, неге божып барам?.. Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өлмей ме? Ендеше төбемнен төнген Тәңір бұйрығын көріп, тәуелді басты тұзаққа ілгендей мына түңілуіме жол болсын... Неге өлейін. Боркемігің мен емес.

Құдай жарылқап, тұңғышымның ақ маңдайы жарқ етсе... Айшам аяқ-қолын бауырына алса, ой, сонда ақ түйенің қарнын жарып тастап, дүниені түгел дүбірлетіп шілдехана тойын дүрілдетермін-ау. Оған Кернейдің мың көкаласы төтеп берер-ау... Әй, Биағам! Биағам! Аузың дуалы ғой. Дуалы!.. Сонда өзің болмағанда осал мінез, олқы қылығымды кім түзейтін еді. "Ерге өкпелесең де, елге өкпелеме. Көптен кетсең көмусіз қаларсың" дегенді айналайын қазақ текке айтпайды ғой. Жекеге ерегіссең де, жалпақ жұртыңмен ерегісуге болмайтынын енді-енді ұғындым-ау. "Ел іші - алтын бесік". Алтын бесігімді өзім сындыра жаздаппын-ау... Шіркін Биағам! "Ұлды да, құнды да боласың, Түйтем! Тілеуің қабыл болады. Тәңірім әлі-ақ жарылқайды. Келіннің көңіліне кірбің түсірме. Жасаңғыраған жаныңның емін жарыңнан табасың!" деп ең-ау!.. Әй, осы мынау әлден шіреніп, анасын қинап, көкесін қажап қиғылық салып жатқан тентек неменің атын Жарылғап қойса қайтер еді?.. Қайтер едім не?! Солай атау керек! Ойбай-ау, сол атты өткенде-ақ Аллатағалам Биағамның аузына салыпты-ау. "Тәңірім әлі-ақ жарылқайды!" дегені "Жарылғабың туады. Жарылғабың болады!" деген сәуесі екен-ау!"

Сол-ақ екен Түйтенің кеудесін ыстық толқынды әлдебір қуаныш толтырды да кетті. Еркінен тыс отырған орнында шалқалап шаңытқан күлгін түсті көкке шаншылды. Батырдың манадан үнсіз қап, ұзақ ойға шомған халін бұзбай қимыл-қыбырсыз томсарған

қасындағы серіктері енді жыбыр ете қалысып, Түйтеге назар тіктеді. Бірақ Түйте оны көрген де, сезген де жоқ. Сонау зеңгір аспаннан әлдебір өзіне ғана естілер әсем сазды бүкіл жан дүниесімен қабылдап бара жатқандай күй кешті.

”Әй, анық естідім! Тегін емес. Мынау жақсылық хабары болса игі еді! Тұлабойым түгел исініп сала берді-ау. Бұ не саз?! Саз ба, әлде тылсымды ексім үні ме? Мерейленем ғой. Мейірімі қандай мол еді!.. Тоғытып, толтырып әкетті-ау!.. Әй, күрсініс естіле ме? Әлгі әсем сазға мұң ба, шер ме, мынау күйік үні араласқаны қалай?!. Апырай, Айшама қатер болмаса игі еді... Бақсы шіркіні неге кешікті? Таңыбай құрдас ол шіркінді ендігі аяқ-қолын байлап әкелсе де, жеткізетін еді ғой. Әлде бақсы әулиеге батырдың екпіні жүрмей ме екен? Жүрмеуі де мүмкін-ау. Кім көрінгеннің жетегіне мұрнын тескен тайлақтай бүлкілдеп ере берсе, оның әулиелігінің бәсі қанша? Бақсылығының құны қандай?

Ой, әне Айшам ыңыранды-ау тағы!? Бар екен-ау! Тірі екен-ау сыңарым!.. Қиналды-ау әбден. Міне, бақандай екі күн болды азапқа түскеніне. Апырай, адам-пенде дүниеге келерде анасын азапқа салатыны неліктен екен, ә? Әлде жарық жалғанның жалғандығына көнбей, сол жалған дүниеге енгісі келмей, ене құрсағындағы ақ, пәк ұясын қимай ма екен? Жалған дүние болса да, жарық дүние ғой. Қараңғы түнек қанша пәк, таза дегенмен алланың нұры түскен жарық дүниедей қайдан болсын. Ақтықты, пәктікті осы жалған дүниеден-ақ табуға болады ғой. Биағам - сол шынайылықтың өзі емес пе. Анау менің тағы бір төл құрдасым Бұқар жырау да тазалықтың бір мекені ғой. Ендеше адал болу да, арам болу да пенденің өзінен. Алған тәлімінен, сіңірген тәрбиесінен. Шіркін, мынау Жарылғабымды...әй, әлден-ақ ат қойып, иемденіп жатқанымды қарашы, құдай ауызға салған шығар-ау... Сол мынау Жарылғапжанымды Биағамның тәрбиесін көрсетіп өсірсем-ау. Жақсыдан шарапат... Көкірегіне беріш түйгізбей, көңіліне алаңдық кіргізбей, адалымен алға ұмсындырып өтер еді-ау өйтер болса. Өңезеліктен өнегеліктің артықтығын білдік қой. Адамзатты перзентім дейтін Хақтағала сол адам-пендесіне әртүрлі

мінез-құлық сіңіретіні неліктен екен, ә? Олқыны толықтырса, әлсізді күшейтсе,нашарды мықтаса дүние-жалған құлпырып кетер еді-ау. Соны неге бақпайды? Әлде елдің де өгейлігі, жұрттың да жаттығы, пенденің де бөтендігі болғаны ма сол жанды-жансыздың иесі мен жаратушысы болған Жасаған хаққа? Олай болса өгей елдің егесі кім? Жат жұрттың жанашыры кім? Бөтен пенденің бауырласы, баталысы кім? Болмағаны ма? Онда өгейлік өршіп, жаттық жуандап, бөтендік балалап сала бермес пе... Сонда осындай келеңсіздікті тияр құдірет болмай ма? Әлде сол келеңсіздікті тудыратын Құдіретті Жаппар иемнің өзі ме?.. Қой.. күпірлік жасамайын. Мынау үлкен тілек үстінде отырғанда асылық білдіріп нем бар... ”Құмырсқа әліңді білді” ұмытқаным қалай.

Тәңірім түгіл пендеге шалқаюға шамам бар ма дәл қазір. ”Кім не десе, о десін!” деп кердеңсуден жалықпап па едік. Жақсымен жағаласып, жаманмен ауыз жаласып жүріп тапқанымыз - үй арасында үрген қарындай боп дүрдиіп мардымсу ма? Ал онда одыраңдаған басыңнан таяқ кетпегенін, кердеңдеген кеудеңнен жұдырық арылмағанын да өзгеден көресің бе... Ендеше Тәңірге тіл тигізбе. Тіліңді тәубаға келтір, Түйте. Әне, анау дүние есігін қызылшақа табанымен тепкілеп жатқан тентегіңе кепиетің тиіп жүрмесін. Шектен асып, ернеуден таспа. Бергеннен қашпа, бермегенге таласпа.

Оу, Айшаның дауысы тағы естілмей қалғаны қалай?.. Осы мына бәріміздің үйелеп отырып алғанымызға жол болсын. Әй, мыналар неге тым-тырыс. Үндемейді ғой. Неге үндемейді?..” Осы ойының жетелеуімен Түйте енді қасындағыларға бір-бірлеп көз жүгіртті. Сынық жүздің сұраулы қарасы отырғандарды еріксіз теңселтіп жіберді. Сығырая қадалған көздерден жылт еткен ұшқын байқалды ма, әлде сол жылттың реңкі бүгін өзгешелеу сезілді ме, батырдың серіктері қопандаса түсіп, бірін-бірі тоспай жамырап қоя берді.

- Келіннің толғағы ұзап кетті-ау...
- Әбден қиналды-ау байғұс.
- Күні бойы даусы бір сембеп еді,... Әй, ана тыншуында бір гәп бар-ау...

- Тәйт! Іріген ауыздан шіріген сөз шығармай жайыңа отыр,

- Бақсы да кешікті ғой.

- Е-е, ол өзі әулие бақсы болса, оп-оңай көне қояр деп пең.

- Апырау, мұнда адам қиналып жатқанда, соншама кергитін ол неғылған әулиелік.

- Таңыбай батырдың шамасы жетпесе, онда ешкімнің оған құзыры да өтпейді.

- Биағам ше?

- Биаға ауылында болса, құлағына келіннің қиналып жатқан хабары тисе, әрине онда басқаша болуы әбден мүмкін. Әулие болмақ түгіл, тәңірдің өзі боп кетсе де, біздің Биағаның көңілін жерде қалдырмас.

Түйте енді мына тұс-тұстан жамыраған ағайынының сөз ыңғайын мүлде жақтырмай қалды. Өз кеудесіндегі күдікті одан сайын қоюлатқан шіркіндер құлақ шекені шымырлата түскеннен басқаны білері жоқтай сезілді.

Насыбай шақшасын қонышынан суыра берді де, дәл қазір былш-былш түкіріп отыруды ыңғайсыз көрді ме, текемүйіз үшкіл шақшасын қайтадан өз орнына сүңгітіп жіберді. Түйтенің әр қимылын тышқан аулаған мысықтай аңдып отырған еркектердің жапырлай ұмтылған қолдары орта жолдан сылқ-сылқ түсіп, шақша емес, топырақ қауып қалысты.

Осы кезде түстіктегі қыраттан көлкіген көк мұнарды желпіп жіберіп, әлдене қылаңытып қана шалынды. Қырат үстіне шыға келгенде әлгі енді қарауытып көрініп, тік шаныша салған жіңішке құрықтай боп ұзара қалды. Енді бір сәтте әлгі көгілдір мұнарды дірілдетіп, билетіп жалғыз қарауытқанның ізін ала-мала қырқаның үстіне үш-төрт қарайған қыбырлап шыға берді. Түздің қыбыр еткені мен жыбыр еткенін қапысыз қағып түсіретін қырағы көздер әлгі шоғырды елең етісіп, қопаңдай қалысып, назарларына байлап ала қойды. Еріндерді самал сипағандай күбірсыбыр желпінтіп әкетті.

- Е, бәсе! Әне, әулиең!

-Келеді! Е, келмей... Таңыбай батырдың дүмпуіне шыдайтын тірі жан, әй, жоқ қой!

жайдарылана тіл қатқандай жаймашуақ уілмен дүниені қымтап, баурап тербелтіп, теңселтіп ала қойды. Көздерге жылу жүгірді. Кеуделерді іңкәрлік құшты. Бақсы бір орында құйрығымен жер төмпештеп құтырына селкілдеп ала жөнелді. ”Ah! ”деп аузынан тағы да бір жалын атып қап, ұзақ айғайды әлгі жалынға қоса қалықтатты.

Жұрт сілтідей тынды. Киіз үйдегі толғатып тұрған әйелдің бебеулеген сарнауы әлгі ұзақ айғайдың құшағына көміліп кетті.

- А-а-ай! Айдан аппақ Айперім!
Күннен күшті Күнперім!
Көк аспанды шарықта
Албастыны анықта.
Әруағымды қоздыр тез.
Қаһарымды оздыр тез.
Әй, дәуперім! Дәуперім!
Қарсы келсе көктеңіз
Жерді тесіп, көктен ұш!
Тауды бұзып, өктем ұш!
Тарт! Соқ! Қирала!
Тоқта! Қашпа! Қирама!
Әй, қан басты-ау! Қан басты.
Тоқта, бәлем! Албасты!
Қолда бабам аруағы!
Ой, қармады-ау. Қармады!

Бақсы қиралаң етіп, аузынан жалын-оттың орнына ақ көбік бұрқыратып алақ-жұлақ етті де қалды. Содан соң қобызын қоя салып, екі қолын батысқа қарата ербеңдете селк-селк зілденді.

- Аулақ! Аулақ! Ақтаудан асып кет. Қаратаудан көшіп кет! Көкжартасқа кіріп кет! Көк жүзінен құрып кет!

Ә-ә! Кетпеймін деймісің?! Өктеймін деймісің! Қырдағы перімді алдырсам, ойдағы көріңді қазармын! Айдағы перімді шақырсам, сайдағы көріңді табарсың! Иә-һах!

Ендігі ”иә-һахынан” манағы зіл, манағы екпін байқалмады. Айнала қоршаған жұрттың бірде біреуінің ерні қыбыр етпеді. ”Иә-һах!” қайталанбады. ”Иә-һах” көп көмейде тірілмеді. Дүрілдемеді.

- Келінжан... Айша қарақ, құдай сәтін салғыр, енді аман-есен аяқ-қолын бауырына алар.

- Әй, осы анау ”жарысқазан” қашанғы қайнай береді. Түсіретін уақыт болды ғой,- деп әлдебір тамақсауы үңірендеген көзін ошақ жаққа қадап қапты.

Түйте қырқадан асып түскен үш-төрт аттының қазіргі көгілжім мұнарда серейіп төбесімен көп тірейтіндей боп келе жатқан сұлбаларынан назар аудармайды. Екі күнгі ұйқысыз мәуріт бет-аузын ісіңкі тартқызып, көзінің алдын көгістендіріп тастапты. Бірақ анау жүргіншілерді аясына сүңгітіп жіберген жанардың қазіргі көгілдір ұшқынында сүйінткен үміттін анық белгісі танылып тұр.

- Жақсылығын бергей тәңір...

Түйте екі қолымен жер тіреп, орнынан тұрды. Жалма-жан қолтығынан көтермекке ұмтылған екі іні серікті иығын қиқаң еткізіп, жолатқан жоқ.

Сол екі ортада жолаушылар да ауылға жақындап қалған еді. Ақбоз аттағы кесек денелі адамды Түйте танып қап, елпектей жөнелді.

- Оу, Аралбай аға ғой! Әу, жігіттер! Тез! Аттарын ұстаңдар. Ағаны өзім түсіріп алам.

Аралбайды қолтықтап аттан түсірген Түйтеге туысқаны көлденеңдеп көз салып өтті.

- Оу, түсің қашып кетіпті ғой, Түйтем! Осал ма едің соншама. Түсірме ұнжырғаңды!

Түйтеге осы сөз жетті. Әлгіндегі шытырман ой, шырғалаң уайымның тұманы сейіліп сала берді. Кеудесі кеңіп, тынысы түзеліп, бойы сергіп қоя берді.

- Кішкентай шіркін әлден шіреніп... шешесін қинап есімізді алып жатыр ғой, аға.

- Оу, онда ол кішкентай шіркін тегін болмағаны. Күйіністің сүйіністі бар ғой, Түйтем. Сүйінтер ол әлі. Сүйінтер-ақ сол күшік!

Бөкелтек қана бақсы бұл кезде ешкімге көз тоқтатып қарамастан үстіндегі ақ шапанды шешіп, бір жігітке ұстата салып, қомақты қоржынынан қара қобызын суырып алды.

Содан соң толғатып жатқан әйелдің бебеу зарына құлақ түре қалды. Әлгі ыңырану мен ыңырсуы аралас бебеу зар бір баяулап, бір күшейген кезде, бақсының

тұла бойы тегіс сол бебеу зардың ырғағымен сан құбыла дірілдеп, қалшылдап қоя берді. Дірілдеген, қалшылдаған дененің қимыл-қозғалысы тұрғандардың көзін арбап, бір өзіне ғана байлап тастағандай. Ал әлгі буынсыз сан бұралған дене адам бейнесінен гөрі әлдебір сан бас, сан қолды, сан бұтты, басы аяғының арасынан, аяғы төбесінің үстінен, қолы арқасынан, бұты жотасынан шыққандай көз ілестірмес құбылыспен ел естіп, жұрт көрмеген ғаламат құбыжыққа айналып-ақ кеткені. Әлде тұрғандардың көзін байлады ма, әлде шынымен-ақ дәл солай жасады ма, бір кезде жерде жатқан қобыз тік көкке атылды. Зың еткен үні ішін тартқан жұртты селк еткізді. Қобыз тік шаншылған күйі арқан бойы көтеріліп, қалшиып бір орында қатты да қалды. Қара жердің қара топырағын бұрқ-бұрқ атып, жер тарпыған бұқадай өкіре, ышқына, қышқыра, апыр-топыр төбесімен табанын қасып, жауырын-жотасымен башпайын жалап, оң көзді ақшитып түстікке қыдыртып, сол көзін алақтатып теріскейге жөнелтіп, сала құлаш тілінің істіктей ұшымен біресе маңдайын қасып, біресе өндіршегін түйреп жатқан бақсы кенет:

- Иә-hах! - деп ақырып кеп жіберді. Әлгі ”иәhахтың” әрі ащы, әрі оқыс естілуі сондай болды, жағалай тұрғандар жапырыла құлап, жалпиып отырғандар қыбыр етуге мұршалары жетпей сіресті де қалды.

- Иә-hах! - Екінші рет қайталанды. Сол ”иә-hах” енді жұрт біткеннің еріндерінде тіріліп, көмейлерден күңіреніп ақтарылды. Даланы жаңғырық дірілдетіп, дүрілдетіп ала жөнелді.

- Иә-hах! бақсының аузынан лап еткен жалынмен бірге үшінші рет атылған кезде бәкелтек дене қауырсындай қалықтап көтеріле берді. Ауыздан ытқыған жалын үш бөлек боп лық-лық төгілді де, қаумалап тұрған жұрттың есін тандыра, зәрелерін ұшыра бірін-бірі қуалай жөнелді. Қуалай жөнелді де, арқан бойы ұзай беріп, біріне-бірі сүзіскен қошқарлардай тап-тап берісіп, үйме-жүйме болды да кетті. Ендігі жұмарласқан жалын-от аумағын кеңейтіп, біресе оң жағына бұлт етіп, біресе сол жағына суылдай лықсып,

біресе жоғары шапшып қап, іле төмен құлдилап жүрді де, манадан қыбырсыз қалықтап тұрған қобыздың тақтайына зымырап келген бойда сарт соғылды да, шанаққа сіңіп кеткендей зым-зия жоғалып кетті. Қауырсындай қалықтаған бақсы қобызды шап берді. Қыл қиғақты қайдан алғанын да, қыл ішекке қалай басқанын да ешкімнің көз қиығы шала алмап еді. Сол-ақ екен көктен найзағай жарқ етті ме, әлде қара қобыздан әлгібір жалын-от көкке шапшыды ма, төңірек көз қарықтырардай жарқырап барып қайта түнерді. Жер дірілдеп, отырғандардың жамбасы сусып, тұрғандардың буын-буыны босап қоя берді.

Қара қобыз ал кеп күңіренді.

Қара қобыз ал кеп сарнады.

Суылдап жел тұрды. Суылдап тұрған суық жел тек кеуделерді ғана селкілдетті. Ысқырып, ышқынып дауыл соғып, боран құтырынды. Ышқынған дауыл жүректерді шайқалтты. Құтырынған боран ыстық қанды суытты. Ысқырып айдаһар, ырылдап жолбарыс, арылдап арыстан қаптады. Айдаһардың ысқырығы денелерді тітірентті. Жолбарыстың ырылы тұла бойды құрсаулады. Арыстанның арылы жонарқаға мұз қарып, жонарқадан таспа тілді.

Қара қобыз сарнаған күйі қауырсыңдай қалықтаған бақсыны сүйрете-мүйрете қара жерге қара табанымен дүрс еткізді.

Бақсы бүк түсті. Қара қобызға енді жағын сүйеп ала қойып, қыл қиғақты ерсілі-қарсылы сермеді. Қыл ішектен ыңыранып, аңырап құла түзге күңіренген сарын жосыды. Күңіренген сарын бірде ішін тарта шер атқан кейуанадай еңіреді. Қара қобыз бір кезде ботасын іздеген аруанадай боздады. Сол боздау үнмен далада он сан әуен тіріліп, қара жерден көк аспанға ыңыранған, күңіренген зар атылды. Ыңыранған, күңіренген зар кё*с аспаннан қара жерге шұрқыраған, шырқырағаң жіңішке сұңқылдай боп шеке біткенге шегедей қадалып шымырлата сорғалады. Қара қобыз оқыс саңқ етті. Енді қиғақ астынан зілді ырғақ бас көтерді. Ауыр сұсы қорғасындай салмағымен еңсе көтертпей езіп тұрды да, кенет сақ-сақ күлгендей,

Бақсы қоржынына жармасты. Қолын сұғып жіберіп суыртпақталған ақ матаны беліне орай бастады. Бір айналып түсіп: "Мынау Айперімнің білегі!" деп білегін батысқа қарай білемдеп қойды. Екінші рет айналып, шүберекті беліне тағы бір орап алып: "Мынау Күнперімнің қауқары!" деп білегін батысқа қарата тағы да білемдеді. Үшінші рет айналып, беліне ораған шүберекті бекемдеп тұрып: "Мынау Қырдағы перімнің қылышы!" деп батысқа қарап басын кекжитті. Төртінші айналғанда: "Мынау Қырымдағы перімнің қаруы!" деп батысқа көзін алартты. Бесінші айналғанда: "Мынау Ұрымдағы перімнің айбалтасы!" деп батысқа бетін бұрып тұрып, жерді теуіп-теуіп жіберді. Алтыншы рет орағанда: "Мынау бабамның перісінің безгелдегі!" деп батысқа бұрылған жүзінен шаң бұрқыратты. Ең соңғы жетінші айналып барып шүберектің екінші ұшын беліне қыстырып: "Мынау атамның перісінің айбалтасы!" деген кезде аузынан қайтадан жалын атылып, төңірек дөңгеленіп төңкеріліп жүре бергендей болды.

- Ә-ә, сескенейін дедің бе?! Бас! Қаш! Тас! Тас! Тасқа кір! Кірмеймісің! Жүрмеймісің ырқыма! Иә-hах!

- Иә-hах! - Тау мен даланы күңірентіп көп көмейден төгілген толқын үн тұс-тұсқа жаңғырыға ұзап кетті.

Бақсы қоржынына тағы жармасты. Сол-ақ екен қоржыннан әлдене жарқ етіп көрініп, сарт етіп атылды да, дік етіп қаққан қазықтай тік шаншыла қалды. Үш шүберек таспасы желбіреген асатаяқ екен. Үш таспасын ирелеңдеген үш жыландай шұбатып-жиырып, шұбатып-жиырып дірілдеп тұр.

Бақсы әлгі үш таспаның жібектен жасалған біреуіне ұмсынды. Таспа бақсының білегіне жыландай иретіле оралып, одан соң қайтадан босап, сылқ түсті. Заматта шиыршық атып бақсының екі аяғын құрсаулап бүріп ала қойды. Теңселіп барып бақсы шалқалай құлады. Шалқалай құлаған бақсының еш қолы ербендегенде екі жетектей боп ұзарып, көкке он саусақты он сүңгідей тарбитты. Ысылдаған көмейден зуылдаған жебедей, суылдаған оқтай үскірік пен ысқырық безілдеп тұрды да, іле бұған дейін естілмеген гүрілдеген жуан дауыс маңайды дүрк шайқалтты.

- Мынау тұсаумен аяғыңды байлаймын! Үрім-бұтағынды жайғаймын! Қаш! Бас! Зыт! Бұтың бұт! Зәріңді жұт! Иә-hах!

“Иә-hах!” желмен жетті ме, селмен жетті ме, жұрт біткенді екпіндете соғып өткендей болды.

Жібек таспа сусып босап, асатаяқтағы орнын таба қойды. Жетек қолдар жиырыла тартылып, өз қалпына қайта бергенде бақсы жүрелей тұрып екінші жібек таспаға саусақ безеді. Сол-ақ екен әлгі таспа оқ жыландай атылып бақсының екі аяғын тұсап ала қойды. Қайта шешіліп, қайта ширатылып, бақсының қос қолын қосақтай шалып, бүрістіріп буып бұрап қалып, бәкелтек денені мұрттай ұшырды. Гүрс етіп құлаған бақсының екі аяғы көкке шаншылып, екі теректей боп көк төсіне бойлап қоя берді.

Бақсының аузынан көк ала түтін бұрқ етіп, маңайды бүркеп алып кетті. Сол түтін сейілгенше гүжілдеген зіркіл төбе құйқаларға зірк-зірк қадалды.

- Састың ба! Бастым ба! Мынау бұғаумен қолынды байлармын. Зәузатынды жаһаннамға айдармын. Сас! Бас! Қаш! Көш! Сес! Сес! Өш! Өш! Иә-hах!

“Иә-hах” жерден шықты ма, елден шықты ма, дымы өшіп, тынысы тарылған жұрттың кеудесінде жаңғырды.

Жібек таспа босап сусып, ширатыла шешіліп, ақырын жылжып асатаяққа өрмелей жөнелгенде, қос теректей көкке атылған екі аяқ та семіп, кеміп бара жатты.

Бақсы қылдырықтай мойнындағы қабақтай басын қалтақтатып еңсесін тіктеп, тізерлей көтерілді. Қалтақтаған бас оңға бұрылып еді, оң жақта тұрғандар өз-өзінен жалп-жалп құлады. Қалтақтаған басын солға бұрып еді, сол қанатты қаумалағандар қоғадай жапырылды.

Бақсының оң қолы қылышша сермеліп, асатаяқтың ұшынан салбыраған үшінші таспа - ақ шүберекке сарт етті. Әлдене жарқ етті. Бақсы жалп етті. Қырылдаған үн қыр асып кетті. Өкірген, бақырған ысыл ұласып кетті. Әппақ таспа - ақ шүберек әппақ жылан боп бақсының мойнын орап ала қойған екен, екі көз аларып ұясынан шығып бара жатты. Қызыл тіл

көмекейіне шейін ақтарылып, ауыздан түсіп бара жатты. Қос танау кос апандай үңірейіп, карақошқыл қанды лық-лық ытқытты. Ықылықтаған бақсы жанталаса ышқынып ербендеген қолдарын әрең иіп әкеліп, алқымдаған әппақ жыланды шап берді. Тағы да әлдене жарқ етті. Жыланның басы қолға сақ етті. Үскірік пен ысқырық жоғалды. Өкірген, бақырған дауыс сап тыйылды. Әппақ жылан ақ шүберектің таспасы ғана боп қыл мойында боп-бос оратылып тұрды.

Бақсының танаулары тарыла қусырылып, аларған көздері шарасына жабыса сіңіп, ақтарылған тіл мен көмекей көмейге тығылды. Артынша-ақ әлгі көмейден лап етіп жалын атылды. Үзік-үзік үш рет ытқытып, маңағы үш жалын-отты қайта туғызды. Үш жалын-от бірін-бірі қуалаған, бірін-бірі тірсектеген қашқын-қуғын ”ойындарын” қыздырған кезде іштегі-тыстағы аттылы-жаяулы, жатқан-тұрған тірі пенденің бірде-бірінің бойында суымаған қан, шошымаған жүрек қалмады.

Үш жалын-от ақыры тоқайласа топтасып құшақ толар алауға айналды да, кенет лақтырған тастай құлдилағаннан құлдилай келіп, бақсының көмейіне сүңгіп кеп кетті. Алау сүңгіген көмейден ізін суытпастан ”Иә-hах!” құдіреттене атылды.

- ”Иә-hах!” Көктен күркіреп күн қостады.
- “Иә-hах!” Дірілдеп, дүбірлеп қара жер қайталады.
- “Иә-hах!” Жұрт біткеннің айқайы тау мен таста жаңғырды.
- Ә-ә!... Ұштың ба! Түстің бе! Аяғымды құштың ба! Мынау ұзақпен алқымыңды сығармын! Тұқым-тұқиянды төңірегімен қоса тамұқтың көріне тығармын! Көктен ұш! Жерге түс! Аяғымды құш! Құш!

Ақ таспа бақсының алқымын аялай сипап, сусып босап сумандап жылжып, асатаяққа бұрынғысынша асыла қалды.

Киіз үйден Айшаның бебеулі зары талықсып жетті.

Бақсы орнынан атып тұрды. Қоржынға қолын соза бергені сол еді, жүзі жарқ еткен алмас қанжар жұмырығына қыстырыла қалды. Сол бойда қанжарды аузын апандай ашып тұрып, көмейіне терең бойлата

сұғып жіберді. Сұғып жіберді де, ырғап-ырғап қап, суырып алды. Суырып алған қанжардың алмасы қып-қызыл боп балқып шыыға келді. Бақсы бөгелместен әлгі қызыл оттай балқыған алмас қанжарды өз қарнына қорс еткізіп пісіп кеп алды. Лап етіп жейдесі жанып, бықсып сөне бергенде, ақтарылған ішек-қарын бақсының аяғын көміп кетті.

Айшаның құлындағы даусы құраққа кетті.

Шаншылып тұрған қара қобыздың шанағы өз-өзінен боздап барып, безілдеп барып, пышақ кес-кендей тиылды.

Есі шыққан жұрт есеңгіреп те үлгерген жоқ, бақсы қанжарын жарқ еткізе көтеріп қап құлаштап лақтырып жіберді. Лақтырған қанжар ішінде екі күннен бері зар илеп бебеулеген әйел тұрған үйдің шаңырағына сарт етіп қадалды. Уықтар сарт-сүрт етіп, керегелер ерсілі-қарсылы шайқалып, шаңырақ теңселіп қалып, түзелді. Арс-арс дауыс шығандап, тарсыл-гүрсіл дыбыс дүрілдеп, көкшіл от ұшқындатып найзағай тұтанып, қара жер бір бүлк етіп басылды.

Бақсы жерде ақтарылып жатқан ішек-қарнын екі қолымен саумалай көтеріп апарып қарнының үңірейіп тұрған қуысына тыға салды. Сол замат қарынның тілігі де, киімнің күйген орны да, жыртығы да зым-зия жоғалып кетті.

Бақсы тұрған жерінде шырқкөбелек айналды. Шырқкөбелек айналған бақсының аяғының астынан шырқкөбелек құйын көтеріліп, шырқау көкке бақсыны үйіріп әкете жөнелді. Иектерін шошайта, бастарын шалқайта жоғары шаншылған жұрт шегін тартып бітпей жатып, әлгі үйірілген құйын киіз үйдің төбесіне бақсыны топ еткізді. Бақсы шаңырақка шаншылып, әлі де болса шеңбірек атып дірілдеп шертіп тұрған қанжарын табанын тіреп күшене тартып суырып алды. Қанжардың ізінен, қара шаңырақтан бауыздаған қойдың өңешінен атқылағандай қан саулап қоя берді.

- Өлмеп пең әлі! Өл! Өл! Өл! Кел! Кел! Иә-hах!

Бақсы ”иә-hахымен” теңселіп, шайқалып, ырғалып, ышқынып қалған киіз үйдің үстінен гүрс етіп құлады.

- Қолымды қағасың! Аяқтан шаласың!

Апыр-топыр тұра сап, апыр-топыр үйге кірген

бақсы, апыр-топыр етіп қайтадан атып шықты. Қимылына көз ілеспей жарқ-жұрқ етіп онда секіріп, мұнда секіріп жүрді де, бір кез ерттеулі атқа қарғып мініп, көзұшына құйғыта жөнелді.

Қара қобыз өз-өзінен ал кеп сарнасын!

Көз ұшында қара дауыл тұтанып, ал кеп дуылдасын!

Қара дауыл аспанды бүркеп, күннің шартабағын қомағайлана жұтып жіберсін!

Қара жерді қараңғылық торласын!

Кенет көз ұшынан аққан жұлдыздай боп жалғыз ат бері құйғытсын. Ат тұяғының дүсірі маңайда жаңғырып, қара дауылды ұйтқыта қуып жетсін. Қараңғыдағы торынан жарқ етіп күн шықсын! Төңірек нұрға бөксін!

Жалғыз ат омырауын ақ көбік жуып жеткенде, қарғып түскен бойда бақсы киіз үйге қойып кетті Теңселген үй, шайқалған үй қамшы сабындай көтеріліп қайта түсті. Көтеріліп қайта шөкті. Үшінші рет көтеріле беріп, енді теңселуін де, шайқалуын да тоқтатып, нық орнықты. Арсы-гүрсі дыбыс темір қырғышпен қазанның түбін қырғандай құлақшекелерді осып түсті.

Құрға асылып, құр жаны ғана қалып бебеулеп тұрған Айша ышқына шыңғырып жіберді. Сол ышқына шыңғырған үнге қосыла нәрестенің нәзік іңгәсі шар ете қалды.

Қара қобыз бір-ақ рет саңқ етті де, қисая кетті.

Үйден екі жағы суалып, екі көзі үңірейіп, екі самайдан қара тері баданадай боп төгіліп бақсы шықты. Екі-үш аттап барды да, үй сыртындағы көкмайсаға қиралаң етіп құлап түсті. Құлап түскен бойда қор етіп қалың, қатты ұйқы құшағына шомды.

Үйден кимешегінің етегі шұбатылып қартаң әйел ентелей шықты. Түйтені көзімен іздеп, тұс-тұсқа бағжия қарап тұрып айқай салды.

- Уай, Дүмді қайным! Сүйінші! Ұлды болдың!

Сол-ақ екен тұрғандар Түйтені қаумалап қоршап алғанда, әйелдер Айша жатқан үйге лап қойды.

- Ақ түйенің қарнын жарасың енді, Түйте!

- Құдай жарылқады деген осы!

- Е-е, Биағаның батасы тегін кетуші ме еді. Ұл сүйесің, мұрагерлі боласың дегені айнымай келді ғой!

- Әй, енді бір ұлан-асыр той көрерміз-ау!

- Ойбай! Анау бақсы өліп қалған жоқ па?! Өзі әбден шаршады-ау!

- Иә! Даурықпа! Шуламаңдар. Тынықсын. Оңай деп пең жын-перімен алысуды.

- Әй, сонда да дәл бүгінгідей бақсының арпалысқанын бұрын көрмеп едім... Әй, бір кәдік бар-ау! Бір кәдік бар!.. Зарары жақсыға тимесе екен. Елге нәубет бермесе екен. Бақсының ана жатысы тегін емес. Әбден қалжырағанына қарағанда, әй, үлкен бір... орасан бір жаманат хабар жетер-ау.

- Түу, Әбеке! Сіз де қайдағыны мұңкітіп тұрасыз-ау. Жақсы лепес - жарым ырыс. Сүйіншітің сұрын қашырмаңызшы.

Манадан үнсіз отырған Аралбай тамағын қырнады. Түйте туысқанына жалт қарады. Алпамсадай ақсұр жүзді ағасының қалың өскен қабағының астындағы көздерде іниге деген мейірім тұна қалған еді. Күлімсірей берген Түйте де тез ықылас білдіре, басын изей түсті.

- Түйтежан, аласаң биіктеп, биігің асқақтап кетті ғой бүгін. Қолың ұзарып, қонысың көбейгеніне сенен де гөрі көп-көп куанатын ағайының міне қасыңнан табылып отырмыз. Мал төлден, ел ұрпақтан өседі. Өркеніңді жайғаның, тамырыңды терендеткенің анау сәби іңгәсімен айдай әлемге осы қазір-ақ аян боп жатыр. Сол кішкентай шіркін сойыл соғар тентек болмай, қылыш көтерер азамат сарбаз, қол бастар сардар болсын деген тілегімді қабыл ал. Батырлығыңды көре алмай басырлық жасаған кей желөкпелердің аузына құм құйылған да күн бүгін. Бір күні күлік, бір күні бүлік боп құтыратын ағайын арасының араз-құразының да тыйылатын кезі бүгін. Биағаның батасы дарыған нәресте ғой, еңкек басты еркекті шалқақ басты ерге айналдырар ел серкесі болсын мұрагерің. Бауыры тастай берік, өзіңе жастай серік болсын тұңғышың, Түйтем! -дегенде, Түйте еңбектеген бойда сүріне-қабына жетіп, ағасының құшағына көмілді. Көзінде тұмантқан ұрлықы дымқылды жасырғысы келді ме, бетін кең иыққа үйкеп-үйкеп жіберді.

- Арекем! Айналайын ағажаным! Айтқаныңыз

келсін. Үйіп-төктіңіз. Тілегіңіз қандай таза еді. Шөлпілдедім де толдым.

Аралбай Түйтені қаусыра құшып, сонсоң арқасынан қағып қалды.

- Жә! Сабаңа түс.

Түйте кейін серпіліп, құйрық басты. Ағасына енді сабырлы жүздің әлдене күткен сыңайын танытты.

- Түйте, анау бақсыны жігіттеріңе айтып, бір үйге көтертіп апарып, жайландыр. Ол енді көпке дейін ояна қоймас. Арпалысы қатты болды ғой. Мынау Әбілданың да сөзінің жаны бар. Қайыр бақсы жай ғана бақсы емес, әулие де ғой. Мен де секем алдым-ау. Тегіннен тегін оп-оңай сылқ ете қалмас еді ол. Әлденеден шошынды-ау дейім.

Жарайды. Босқа күдіктене де бермейік. Той ғой бүгін. Шаруаңның қамына кірісе бер, бауырым,- деп Аралбай Түйтенің ендігі ыңғайына кеңшілік берді.

Содан кейін ауылдың өзіндік қарбалас тірлігі басталып та кетті.

Түйте Айша жатқан үйдің табалдырығынан аттай бергенде жүрегінің аттай тулағанына кәдімгідей толқыды. Ол анау зарыға күткен "кішкентайын қазір көрем-ау, кездесем-ау, кеудеме басам-ау" деген асықтырған қуанышынан ба, әлде сол қуанышты тұсау салғандай кібіртіктете берген белгісіз бір күдіктің кеудеде тірілгенінен бе - әйтеуір толқыған кеудесін баса алмаған күйде, оң жақта, ағаш төсекте жатқан жұбайына тесіле қарап, төрге озбай тұрып қалды.

Айшаның тостағандай көздерінің алды көгіс тартып, ақ еті молая көрініп, жағы суалып, жүдеу тартқан жүздің қызыл еріндерінің ұшында ғана ырзалық танытқан жайраң күлкінің табы білінді.

- Төлбасыңыз құтты болсын, отағасы!

Айшаның даусы Түйтенің құлағына бейіш үніндей боп естіліп еді. Кеудесін сықаған белгісіз күдігі сейіліп кетті де, бүкіл тұлабойында дуылдап лепірген сүйініштің, шадыман көңілдің шаттығының ыстық қаны тасып ала жөнелді.

- Өзің де мерейлі бол, Айша!

- Кішкентайды көресіз бе?- деді жүзіне шарбыланап қызыл нұр жүгірген жұбайы әлі де бері

аттаудың ретін таппай кібіртіктеп тұрған еріне өзінің құлаққа майдай жағатын әсерлі үнімен.

- Көрейін!.. Көрем ғой. Қайда өзі?!

Күн ұзын үнсіз отырған ақ жаулықты әйел, сірә кішкентайдың кіндік шешесі өзі болса керек, орнынан лып көтеріліп, сыңғыр күлкісін үй ішіне толтырып жіберді.

Әлі де нұры тая қоймаған бәденді жүзінде күлкі табын кілкіте, қасын кере қалды.

- Көрімдік, Дүмді қайным! Бүкіл Аспап[2] атаулының атұстарын оп-оңай көре қоймақсың, ә. Жолымнан неге жаңылайын. Жолыңнан неге аттайсың, қайным-ау.

Түйте қарқылдай күлді.

- Оу, жеңеше! Ал, ал! Қалағаныңды ал. Кернейдің көкалалары жетеді бір шашылуға. Соғымың мойнымда.

- Е, бәсе! Дүмді қайнымның дүмі осал болушы ма еді. Мә! Таныс ұлыңмен! Әй, күшік неме! Пұшық неме, көкеңе сәлем бер! - деп әйел Айшаның іргесінде құндақтаулы жатқан сәбиді іліп алып Түйтеге ұстата берді.

Түйте қызылшақа, алжа-алжа бетке еміреніп ернін тигізіп, елжіреп ұзақ иіскеді. Аузын таусап, қаймыжықтай еріндерін жыбырлатқан сәбидің ешкімге, ештеңеге ұқсамас, өзіне ғана тән тәтті таңсық жұпарын танаулай сіңірген жас әкенің сүйек-сүйегі балқып жүре бергендей босаңсып сала берді. Соны сезді ме, әлде Түйтенің нәрестеге ұзағырақ жабысып қалғанын байқады ма, Айша ақырын ғана күле дыбыстады.

- Отағасы-ау! Кішкентайыңызды тұншықтырып алып жүрмеңіз.

* * *

Дастарқан жиналып үлкен үйдегі қонақтар азайған кезде Түйте Аралбай ағасының қолына домбырасын ұстата қойды.

Аралбай Түйтеге ажырая қарады. Онысы: ”Мұның

[2]Аспап - деп Кернейді келіндері айтады екен.

қай қолқаң?” дейтін нығыздықпен жетіп еді, інінің аса бір қуанған, мейманасы асқан халі түр-түсінен танылып тұр екен, түсіне қойды. Түсіне қойды да, домбыраны жайлап шертіп, құлақ күйіне түсіре бастады.

- Көптен өзіңізді ести алмай кетіп ем... Домбыраны кеп ұстамайтын болдыңыз-ау, аға.

Аралбай енді Түйтеге ықыластана қарап, басын изеді.

-Рас, рас айтасың, Түйтем. Оңашада, өзіммен өзім қалғанда болмаса, домбыраға онша үйірлігім жоқ. Бүгін енді еріксіз ұстаттың. Перзентті болып, төбең көкке жетіп отырғанда қолыңды қақсам, саған да маған да әбүйір болмас. Көңіліңнен шыға алсам, жақсы. Әйтпесе мына саусақтар баяғыдағы жорғасы мен жүйткуінен жаңылғалы қашан. Сонда да тырысып көрейін.

Домбыра біразға дейін күмілжіп, кібіртіктеп, ар-қандаулы арғымақтай қазық айнала текіректеді. Қайта ширықты, қайта безектеді. Содан... арқаны үзілді ме, тұсауы шешілді ме, кең далаға көсіле құйғытты. Бес саусақ перне қуалап ерсілі-қарсылы жүйткігенде, қара шанақтан төгілген әуен керегені тесіп өтердей үй ішін кернеп, толтырып ала жөнелді.

Далада дауыл тұтанды. Теңізде толқын тулады. Азынаған жел аспанда дамылдады. Долданған толқын аспанға шаншылды. Теңіз тірлік қақпақылдаған пенденің жан айғайы толқындардың шуылында құмығып шығып, құмығып жұтылып тұрды да, кенет анау шанаққа қарай құйындай ұшқан саусақтардың астынан ышқына безектеп, шығандап шарықтап кетті. Сол шығандап шарықтаған әл-дәрмен үніне енді ашулы желдің ызалы суылы араласты. Сол-ақ екен күйдің екпіні одан сайын екіленді. Шанаққа тасырлай тиген оң қолдың бес саусағы бес түмен қолдың аламанға атой салған селіндей қатуланды. Көкжиектен күн батып кетіп, аспандағы ай шатынай сынып қара жерге жарқ-жұрқ құлағандай ма-ау, әлде сол көкжиектен енді-енді туып келе жатқан күнді қара дауыл қаңбақтай қуып ала жөнеліп, әлемді арсы-гүрсі үндер қаптап кетті ме-ау, үсті-үстіне өршіген азынаған,

арындаған әртүрлі үндер, әртүрлі атойлар, әртүрлі озан-ұрандар қымқуыт араласып кетті ме-ау, дүние асты-үстіне шығып, астан-кестен күйге көшті. Астан-кестен дүниенің безілдеген тілі, безенген қаруы, зуылдаған жебесі, ысылдаған қылышы, шақылдасқан сүңгісі боздаған түйенің, аңыраған ананың, жылаған баланың қымқуыт дауыстарын басып өтіп, пенденің басын періштелеріне доп қып ұстатып, төңкерілген тұл денелерден төбе жасап, соғыс зобалаңының сойқан көрінісін жайып салды.

Саусақтар кібіртіктеді. Әлгіндегі үш-төрт пернеден тоқайласатын сонар шалыс жаңылысып, енді дүрмек үндердің легі үзіліп-жалғасып, үзіліп-жалғасып тұрды да, бір сәт үілі анық сезілген баяу ырғаққа ауысты.

Жоқ, дүниені әлдилейтін де, аялайтын да ала-сапыран тірлігі мол атыс-шабысты айқас пен шайқас емес екен. Әлемді алақанында тербететін жұмыр басты пенденің бір-біріне деген мейірімі мен бір-біріне деген сүйіспеншілігі екен. Көңіліңе қанағат беріп, кеудеңе рақым нұрын құятын бауырмалдық екен. Сол қанағатқа тұшынған жаныңның рақымшыл жүрегі туған топырағыңның табаныңның астынан табылатын кезіне мерейленген сәтте дүниенің төрт бұрышына ізгілік пен мейірім төгуден басқа бақыт бар деп ойламас та. Сондайда жер түбінен жететін бір тылсым үн: ”Адам - пенде, сенен асқан құдірет жоқ! Жасаған хақтың өзінен де қайырлы ізгілігіңмен асып түспедің бе” деп құлағыңа сыбырлап жатқандай, он саусақ бипаңдады-ау бір. Сол құдіретті сыбырға түгел исінген адам-пенде жанымен еміренді-ау бір. Бейбіт күнге, бейбіт түнге, бейбіт тірлікке рахаттана алғыс айтып, әлемді аялаған өмір-ғұмырдың өзімен тіл қатысты-ау бір. Бір төлі маңырап енеден туып жатса, бір сәбиі іңгәлап дүние есігін қағып жатса, алты үйлі ауылын абыр-сабыр дуылдатып, алты ауылды аймағын той-думанмен дүбірлетіп, өз қызығымен өзгелерден өзгеше күн кешетін қазақтың ұлан-асыр табиғаттың төл перзенті екенін тағы да дәлелдегендей домбыра күмбірі үзап бебеулеп, үздігіп үзілтіп тымық кешке жомарт жанды аңқылдақ жұрттың сырын ақтарып жатыр.

Түйтенің көзі жұмылып, көкірегі сарнап қоя берді.

"Апырай, Арекем-ай! Ішімдегіні қалай көрген. Ішімді қалай танығаң. Тап басты-ау! Күйігім күйінішімнен өспеуші ме еді. Кіжініп килігуші ем ғой. Аптыққан сайын апырақтап, киліккен сайын күйініп тоқтаушы ем. Мандытпай, маңайлатпай, қол байлайтын тілек ұстатпастай көрініп, құрықты құралға жалғап, өкпені ашуға ұластырып, дау қуғызып, жау іздеткізіп, далада далақтатқызып шапқыза бермеуші ме еді. Не таптым біреуге құрық ала ұмтылғанда, біреуге қанжар ала жүгіргенде. Құлаған қоңсымның қаны аққан шекесінен. Сұлаған қасымның жаны шыққан кеудесінен. Бірақ байырқаланған көңіл, тұшынған кеуде болды ма? Қайдан болсын. Шекесі жарылған достың, жаны жаһаннамға жөнелген қастың бала-шағасының зары мен шері таппады ма мені. Қаппады ма қабырғамды. Тапты да майыстырды. Қапты да қабырғамды қайыстырды. Ал енді... Мынау күй... мынау елжіреуік уіл шым-шымдап бойыма дарып: ”Адам бол! Асқақ бол! Өзгені өзіндей көр, өзегіне өрт салма. Өнегең мейіріміңмен өрістесін. Дүние алыс-жұлыс үшін жаралмаған. Таныс-біліс үшін жаралған. Ұғынысудан өтер ұлылық жоқ. Түсінісуден артық тұрлау жоқ. Татулықты қатулықпен ірітпе. Достықты өштікпен жайратпа. Жалғанның жазғыра берсең, жағаласар жауы көп, далаңның кінәраттай берсең, араластырар дауы көп. Жауды тауыса алармысың, дауды азайта алармысың. Ағайынның да ашыған айрандай желпінтер қиғылығы болады. Көршіңнің де көк қымыздай қыжылдатар кикілжіңі қабаттасады. Қиғылыққа кимелесең, кикілжіңге кеуделессең, төріңнен көр қазарсың, төсегің табытқа айналар. Тірліктің мәні тәубешіл тілекте, елжіреген жүректе, біріккен білекте. Ендеше тәубеңе ұйы, тірлігіңді берекеңмен өркендет, өрісіңнен ұрысты қуып, есігіңнен ырысты енгіз. Бесігіңді түзе. Түзелген бесігіңнен сәби іңгәсі үзілмесін. Негіздеп алған тұңғышының соңынан үрім-бұтағыңды егіздетіп шұбат!“ деп құйылып жатыр ғой. Абзалым-ай! Ақкөйлек ақтілеу Арекем-ай! Үйіп-төктің ғой! Дүниенің кеңдігін, даланың дарқандығын, ғажаптығын сездім ғой. Жүрегімнің ызғар торлаған бір қылшығы қалмағанын

енді білгенімді кімге айтайын. Несіне айтам. Дос іздесем, татулық аңсасам, мейірімге бөксем, жасаған хақтың кеудеме нұрын түсіргені болар-ақ. Жаным жайланды-ау. Жалғанға жар салған жүрегімнің дүрсілін жүрегінің дүрсілімен аулап отырған, танып, біліп отырған Арекемнің саусақтарынан сергек, Арекемнің кеудесінен сезімтал не бар екен! Қайғырса, қауым болып түгел қайғыра білетін, қуанса, ауыл-аймақ болып дуылдаса қуанатын, қайран қазақ, сенен өтер ұлысты таба алармыз ба? Ендеше сол алашымның ардақтысы мына Арекемнің кішкене Жарылғабыма деген мынау үлкен қошемет-құрметін қалай ұмытармын. Ұмыта алармын ба. Бұдан артық қандай тілек пен бата айтылар".

Күй уілдеп барып, сыңсып тоқтады.

Аралбай ақсұр жүзде тарының дәніндей бөрткен тер бүршіктерін маңлық орамалымен сүртіп әкетті. Оң иыққа иегін қондыра Түйтеге көзін қыдыртты.

Түйте ақтарылып кетті.

- Арекем-ай! Оңымнан ай, солымнан күн туғыза салдыңыз ғой. Сай-сүйегімді сырқыратар кереметті бүгін, осы қазір ғана тыңдадым-ау, аға. Өнегеңіз өзегімді түгел жайлап кетті-ау. Жер-көкке сіз сыйғызбадыңыз ба, өзім сыймай барам ба, бәсім өсіп, қадірім аспандап кетті ғой. Аспандатқан сіз ғой, өзіңіз ғой, Арекем!

Аралбай мырс етіп күліп, Түйтенің иығына қолын салды. Мейірленген жүздің қабақтары тік серіпкенде, қоңыр көздерден жылылық лебі есті.

- Түсініпсің, Түйтем. Бұқадай боп топырақ шашып, бұта торыған бұзықтардай болмағаныңа тәуба. Тесіктен есік шығарып, бүтіннен жамау жасайтын керауыздар не білсін. Осы білігіңнен, осы түйсігіңнен танба, Түйтем,- деп енді қолын иықтан босатып бір ырғатылып алды да, жайраң еткен жүздің оң қабағын жарқ еткізді. - Кішкентай шіркіннің атын ойластырып па едіңдер?

Түйте күлімдеді. Басын қайта-қайта изеді.

- Солай десе де болады, Арекe. Шынтуайтын айтсам, бұл шіркіннің атын Биағамның өзі қойды деуге болады.

Аралбай түгел денесімен шапшаң бұрылды.

- Қалай? Қашан?

Түйтенің көздері жыпылықтап кетті.

- Қашан деймісіз?.. Сонау бір кеште... Әлгі менің ағайынға өкпе артып... шала бүлінген кезімде... Биағамның тілек білдіргенін білесіз ғой?

Аралбай түсіне қалды. Сұраулы жүзі жадырады. Қабағында ырзалық тұнды.

- Е-е, оны білем. Қазекеңмен бірге болғам сонда.

- Сол кеште Биаға: "Тәңір жарылғап ұлды боласың" деп еді ғой. Тәңір рас жарылқады мені. Соны ырымдап, анау кішкентайдың атын Жарылғап деп атасақ па деймін, аға.

Түйтенің бетіне қоштау күтіп, ұмсына қалғанын байқаған Аралбай еңсесін тіктеді. Қолдарын жайды.

- Қазекеңнің ақ тілегі құлағына шалынып, Тәңірімнің өзі жарылқаған бұл Түйте батырдың оғланының есімі Жарылғап, Жарылғап, Жарылғап болсын! Қылыштың жүзіндей, найзаның сүңгісіндей өткір болсын. Ұлысына ырыс боп енсін, туысына қоныс боп көбейсін! Әумин!

Отырғандар алақандарын құс қанатындай жапыржұпыр көбейтіп, беттерін сипасты.

Сол түні ауылды "ой бауырымдаған!" дауыс дүрліктіріп оятты.

Қай қазақ "Аттан!" десе, ат белінен табылмаушы еді. Қай қазақ "ой бауырымдаған!" төбе құйқаны шымырлатар қаралы хабарға дүрк көтеріліп, өре тұрмас еді.

Түйте аулының кеудесінде жаны бар жамағаты ұйқылы-ояу тысқа атылды.

Сонау қыр беткейден жалғыз құйғытқан адамның қарлығыңқы даусы түнгі даланы жаңғыртып басына көтерді:

- Ой бауыры-ы- ем!

- Апырай! Кім болды екен?!

- Бәсе, әулиенің кәдік келтіруі тегін болмаса керек еді.

- Жә, босқа даурықпаңдар.

Сол екі ортада әлгі жалғыз атты да ауылға еніп еді, келген бойда көлігінен домалай түсті. Көмейінен сұңқылдаған сұмдық хабар төгілді.

- Шаңырағың құлады, қазақ! Бәйтерегің сынды, Алаш! Әз Тәуке ханың дүниеден озды.

5

Қаз дауысты Қазыбек Түркістанға мол тобымен асығыс аттанды. Суыт жортқан жүргіншілер түс әлетінде қасқа бұлақ басына ат шалдырып, өздері де ауқаттанып алған-ды. Енді көліктерінің басын ірік-пестен алдарынан қарауытып көрінген жатаған төбелердің қойнауына кіре бергендері сол еді, ымыртқа бейімделген кешкі апақ-сапақта әрқайсысы бір-бір теректей зорая көрініп елу шақты атты ұрымталдан бұларға қарсы дүрсе қоя берді, Қаперсіз келе жатқандарды тұтқиылдан сау етіп тиіп, аударып, төңкеріп әкетеміз деген кеудемсоқ дәме, оңай олжалай қоймақ жолаушылардың кім екенін де андатпап еді.

Таңыбай батыр айғайлап үлгерді.

- Аққе, Биағаны өзіңізге тапсырдым. Әу, жігіттер! Құрыс-тырысымызды бір жазатын болдық. Ал аянбаңдар. Бірақ кісі өлімі болмасын. Босқа аран-дамаңдар. - Аққесі - Аралбай ағасы үнсіз басын изеді.

Сол-ақ екен бұларға кесе-көлденеңдете ұмтылған тосқауыл топқа қарсы Таңыбай, Түйте бастаған Арғын жігіттері елегізіп, құлақ қайшылаған міністеріне тақым қысып, лап қойып кеп қалды.

- Қарқабат! Қарқабат! Қарқабат! - деген Таңыбайдың гүжілдеген даусына ілесе Енең Тоқасы Жасыбай ұлы Мырзамбеттің көмейлете созған үні даланы басына көтерді,

-Ақжол! Қарпық! Қарпық!

Осы екеуіне ілесе Түйтенің кең кеудесінен ”Машай! Машайлаған!” озаны тау суындай ақтарылды. Тасыр-лата жөңкіген Таңыбай жігіттерінің озан-ұраны кеу-делеріне шаншылған оқтан да ауыр тиді білем, кенет әлгі қиялай шауып, қыр көрсеткен белгісіз қол жалтара бұрылып, тырым-тырақай қаша жөнелді.

Қашқан жауға қатын да ер. Әлекедей жаланған Арғын жігіттері жан шақ келтірсін бе, сүт пісірім уақыт

ішінде қожыраған тобырдың ұйпа-тұйпасын шығарып, жаяулатты да тастады.

Жартысы иесіз үсті босап қалған тұл аттарды қуып кеткенде, қалғандары әр жерде бір омақаса құлап жатқан шапқыншыларды байлап-матап, бір жерге тырп еткізбей үйірді де, астындағы көшелі көк айғырдың жалын желкілдете майда жорғалатып келе жатқан Орта жүз ұлысының бегі - Қаз дауысты Қазыбекті тосып алды.

Би ат үстінен, өзіне имене қарасып, ерін жыбырлатқан, қол қусырып сәлемдесу рәсімін танытқан қалмақ тымақты, өзбек топылы, қазақ телпекті тобырға ұзағырақ кідіртіп назар аударды. Содан кейін қасындағы Аралбайға иек көтере беріп, ақырын ғана:

- Кімдер екен?- деді.

Аралбай батыр бас изеп құп алғанын танытты да, күрең қасқа атын ілгері лықсытып, үйірілген топқа дәл үстінен төніп келді.

- Кімсіңдер деді ғой сендерге. Тілдеріңді тістегілерің келген екен. Онда шындап тістетейік.

Аралбай батырдың қолына қысып ұстаған қамшысы шошаң ете қап, қайта сылқ түсті. Сол сесі-ақ жетіп артылды. Үнсіз, қыбырсыз топка үн де бітті, қыбыр-қимылы да күшейді.

- Біз бе?.. Біз, құдай ұрып, адасқан жандармыз.

- Иә... ұрыға ұры намазшамда кездеседі деп... Естен танып, есіріктенген қазағың да бар арамызда.

- Шайтан азғырды ғой, шайтан азғырды бізді. Әйтпесе Тәңірінің бұйрығын ұстаған, әулиедей әспеттейтін Қаз дауысты Қазыбек ағаның жолын кесетіндей кім едік біз.

- Құдайдың қарғысына ұшырадық. Өзің білме, білгеннің тілін алма деумен апырақтаймыз да жүреміз.

Шуылдаған, бірін-бірін тоспаған тобырдың ашынған, шошынған үндерінен әйтеуір бір өз кінәсін мойындау лебі ескенін Аралбай, әрине, сезді. Бірақ әлі де ширыққан жүйкенің ырқымен ат үстінен үзеңгіге шірене оң қолын тағы ербең еткізгенде, дойыр қамшысы бұлғақ қақты.

- Жөн сөйле! Қалай адасып жүрсіндер? Мынау қалмақ тымақтылар мен өзбек шапандардың жөнін

Манағы қарабұжыр бөрікті қазақ шылбыр батқан білегін уқалап тұрып енді биге басын көтере кең ашылған көздерімен тура қарады.

- Апыра-ай, Қазеке-ай! Діттеген жерімнен табыла берген туралығыңызды бұрын сезсем де, білмейді екем. Қаусаған кеудемнің шыбын жанын дүреден де күшті әділетіңізбен-ақ мұрнымның ұшына тақап әкелдіңіз-ау. Жетті ғой айтқаныңыз жетесіз мына мендей пақырына. Қаралы елдің жаралы жүрегіне найза сілтемек болғанымды ұқпасам, төрт аяқты хайуаннан нем артық болар еді. Ұқтым да бұқтым ғой. Қазір ғана емес, мана анау тұстан "Ақжолдаған!" ұран, "Қарқабат, Қарпықтаған!" озан естілгенде-ақ, төбемнен құдай ұрғанын сезбеп пе едім. Сол сес үні сол сәтте сеспей қатырса деп іштей жалбарынғанымды Тәңір хақ қана растай алар-ау. Мен шіркін шырылдаған нәрестенің іңгәсіндей де үн шығара алмай, мынау айдарлылардың айбатынан сескенем деп, арыма қанжар сілтеп, нәріме у сеуіппін. "Ақжол!" менің де ұраным еді бұрын, Қазеке!.. Қаз дауысты қасиеттім! Ал сол қасиетімнен баз кешіп, қасиетті ұранымa құрал ала ұмтылғанымды түйсінгенімде... "Әу, бауырлар! Әу, Алаштың азаматтары! Төбеміздеn жай түсті-ау! Жасаған жолымызды кескен екен. Қайтындар! Қарсыласпандар! Өз өзегімізге өзіміз қанжар сұққалы келе жатқанымызды көрдіңдер ме!" деп ат басын бұрғызғанымa мына көз алдыңызда мөлиген кінәлі қазақтарыңыз куә,- деп қарабұжыр адам көзін әлі де тайдырмастан басын екі жағына сәл-сәл бұрғыштаған сыңай білдірді.

- Аяқ-қолымды Сіз шешкізгенмен тұсалған арымды, бұғауланған жанымды босатар құдірет жоқ қой. Өз ішімнің тіреуін өзім қиратсам, өзегімді қашан, қайтіп құрсаулай алайын.

Бұл екі ортада босаған аттарды екеу-үшеуден жетектеп жігіттер де жеткен еді, би ыңғайын байқаған Аралбай сергектікпен қамшысын шошаң еткізді.

- Көліктерін беріңдер өздеріне.

Тұтқындар дүр қозғала бергенде, Аралбай батыр және гүр ете қалды.

- Тоқта былай!

Тұтқындар қалт тыйылып, томсарып тына қалды.

ғана білгізіңдерші. Жөнінен адасып, жолымыздан тосып, әдейі торығандарың рас болса, жүрімдеріңді үзейін.

Жаяу тұрғаңдардың көздері шарасынан шыға үрейге буынды. Мынау ”иә” десе ұйпап тастауға аттарын тықыршытып дайын тұрған сахара жігіттерінің илікпес түрін қапысыз танып тұр. Қазақтары безек қақты.

-Жан сауға, ағалар! Тәңір қысасынан ойрат қысасы асып тұр ғой бүгінде. ”Қазақтың Тәуке ханы өліп, шаңырағы шайқалып тұрғанда бас көтерер кімі қалды дейсің, атқа қонындар. Қару-жарақты таңыңдар!” деп жаналғыштан да бетер дікілдеп зәре-құтымызды алмады ма. Барайын десең өз қазағыңа өзің қалай жау боп тиерсің. Бармайын десең қатын-балаңды қамшының астына алып, дүрелей бастаған соң амалсыз бармақ тістедік қой. Еріксіз ілестік қой сонсоң. Оған мынау ала шапаныңдай ала кеуде өзбек ағайын тағы қыт-қыттап қосылмады ма. “Үстінен аударып тастап, астымдағы хатунымды алған, қақпамды қаусатып, қорамдағы қодығамды алған сахараның қыршаңқы қазағына қызыл телпек кигізем. Қызын хатун етем, керегесін отын етем!” деп гөпірді ғой бұл шіркіндер!- деп топ ішінен қара бөркінің астынан таспаланып қан білінген қарабұжыр қазақ кәдімгідей қинала сөйлеп, ашына ашылып кетті. - Заманның қиянаты килікті ме, әлде заман қиянатын өзіміз адам-пенде қалыңдатып жүрміз бе, Қазеке, әулие бегім, жазғырсаң да, жазаласаң да міне бас, міне төс,- деп бөркін жерге атып ұрып, басын ие мойнын ілгері созды.

Қазақтар кінәсін мойындап ”талша мойным қылша” деп зар илеп кеткенде, өзбек әкалар да "ұсынған басты қылыш кеспесті” ескеріп, өзбекше мен қазақшасын қойыртпақтата, ”жаздық, жаңылдыққа басып” тізерлей отыра кетісті.

Әркімге де жан тәтті. Қалмақ тымақтарын еңкейе беріп қара жерге домалатып түсірген ойраттар, дәл төбесінен тік сұлаған қызалақтың жіңішке келте бұрымындай айдарларымен топырақ сипап, маңдайларын етіктерінің ұшына соғып жатты.

- Е-е, аяқ құшу осылай болады. Енді мен сендердің айдарларынды қырқып, көтіңе құйрық қып жамап

берем, - деп Таңыбай қызуланды. Дәл осысын шынында жасап тастаса қайтер еді деген сұраулы пішінін Аққесіне - Аралбайға жалт еткізді.

Аралбай ”сөйтсең сөйтті” қабақ қағып қана сездірді.

Таңыбай жігіттеріне белгі бергенше, манадан көк айғырдың үстінде бір жамбастап отырған Қазыбек би сәл ыңыранды. Таңыбайдың көтеріле берген оң қолы сұлқ түсті. Аралбай артына, ердің қасына қолын тірей жалт бұрылды.

- Аяқ-қолдарын шешіндер.

- Биаға-ау, сонда не? Бұларды бір хан, төредей төбемізге шығармақпыз ба?- деп би алдында еркіндеу сөйлейтін Түйте келіспеймін дегендей басын шайқап-шайқап қалды.

- Әй, Түйтем! Қызынба босқа! Әркімнің-ақ хан, төреден кем емеспін дейтін көкірегі барын ойла. Әркімнің-ақ көтерген шаңырағы, тік ұшқан түтіні, сол түтіннің төңірегінде отырған бала-шағасы барын ескер.

Бидің дауысында қатқылдық, үнінде зіл жоғын сезген тұтқындар қайтадан жамырап ала жөнелді.

- Әулиедей адал Қазекем-ай! Сөзіңізге құлдық!

- Адастық дедік қой. Енді адаспаспыз-ақ!

- Бәрінен де бұрын ұятымнан өртеніп барам.

- Қазақ, өзбек бір туған. Біз де мына жоңғар немелердің итаршысы болудан әбден түңілдік.

- Міне жан, міне иман! Кессең де, кешсең де еркің өзінде, қасиетті ұлыс белгі!

Қазыбек қабақ шытты.

- Адасқандарынды анық ұғынсандар, басқасын тілемес те едім. Аяқ-қол тұсалған соң амалсыз шарғы жасап тұрсандар, оған мен не дермін. Уланған қастықты әлден-ақ бастапсыңдар. Әз Тәукенің жамбасы қара жерге тиместен қазақ даласын қанға бөктірем деуден артық жауыздық пен жаулық болмас та. Шарасыз ілестіңдер ме, шаруамды шалқытайын деп ердіңдер ме, іштеріңе кім кіріп шыққандай. Дуылдаған ыстық қанның жемтік іздемей, кек қуғанын көрсемші. Құлаштап қылыш сілтеп, зуылдатып найза салғызатын қомағай тірліктен кім тияр...

Жә! Шешіндер қол-аяғын! Босатыңдар еркін! Бұғау тірліктің бүрсеңдеген құл пендесі онсыз да аз емес.

Аралбай кеудесін тіктеп, сәл қысыңқы екінші көзінің кірпігі қозғалмас әлі жанарымен тесірейе шаншылды.

- Ойраттың басшысы қайсың ең?

Ешкім мен дей қоймады. Таңыбайдың ауыр дойыры зілдене көтерілді.

Әлгі қарабұжыр қазақ ілгері лықсыды.

- Төре мен қара, бар мен жоқ бірдей емес деуден гөрі, батыр, қорқақ пен батылдың арасы жер мен көктей деу әлдеқайда дұрыс-ау. Ойраттың басшысын іздесең, мына бұтына жіберіп, қазақтың кең даласын ылаңымен де, нәжісімен мүңкітіп жатқан осылар ғой. Міне мынаусы.... әй, ашыңдар араларыңды, осы өгіздей өңменделеген немесі,- деп қарабұжыр адам төлтіректеген аяқтарының буын-буыны босап, тізерлей қалған торғауытты жиіркенген көзінің қиығымен ғана іліп түсті.

Аралбай Түйтеге иек қақты.

Түйте атынан дік етіп секіріп түсті. Секіріп түскен бойда оң қолы дөйдекулі кіседегі қынға жармасып, қанжарын жарқ еткізіп суырып алды.

Жарқ еткен қанжар батар күннің ең соңғы қызыл алауын алмас жүзінде жарқ-жұрқ еткізіп, жоғары серпігенде, қара жерде тізерлеген ойрат қиралаң етіп бір бүйіріне сұлай кетті. Сұлай кетті де, тұяқ та серіппестен қыбырсыз қалды.

- Ой, мынауы сеспей қатты ғой. Жүрек қабы жарылып кеткеннен сау емес. Әй, Түйте-ай! Әзірейілден нең кем. Қанжарыңды жарқылдатып тап бергеніңде адамның адамы шыдар-ау бопсаңа.

Әр жерден бір тұтана берген күлкіні Таңыбай алара қараған түрімен-ақ тыйып тастады.

- Бөрібір қырқ айдарын! Тұлымдымызды тұл қылам деген қасақы жау ғой. Айдарын қырқып айбатынан жұрдай қышайық. Өлсе, өлігі айдарсыз кетсін.

Түйте екі-ақ аттап жетіп, айдарды сол алақанының уысына қысқаны сол еді, қыбырсыз жатқан ойраттың көздері кең ашылып, көмейінен қырылдаған үн шықты.

- Әй, мынау өлмепті ғой!..

- Жүрек қабы жарылды дейтіндей, осыларда сол

жүрек бар ма екен. Аяушылықтан жұрдай жүрексіз сұмырайлар ғой шетінен.

- Қояннның түрін көріп қалжасынан түңіл дегендей, бұ немелер қатын-қалаш, бала-шағалардың алдында ғана батыл. Басқа жерде бұтына сиіп, боғын сығатын қатын емес пе. Қорыққанынан талып қалған ғой.

Түйте айдардан қысып ұстап, көнектей басты кекжите көтеріп, ойратты кеудесіне тұрғызды.

Ойраттың көздері ұясынан шығардай алақтап, жарқылдаған қанжардың алмас жүзіне байланып қалыпты.

- Ө-ө-өле-ем бе?!

Қарқылдаған күлкі кешкі даланың көлбей сұлап, қойнау-қойнауға жарыса сүңгіген көлеңкелерімен бірге ұзарып, біразға дейін тау-тасты жаңғырықтырып жіберді.

- Әй, мынау қазақша сайрай жөнелді ғой.

- Шынында да лақ текедей бақыртып бауыздай салса қайтер еді.

- Е, несі бар. Әз Тәукенің жолына шалар құрбандықтың басы етерміз онда. Сөйтейік. Құрбандыққа шалайық,- деп аяқ астынан жігіттер екілене қалды.

Қазыбек би тағы ыңыранды.

- Әй, жігіттер! Ізгілік іздеуден гөрі озбырлық жасауға бейім тұрасыңдар-ау. Озбырлық билеген кеуденің жүрегі жоғаларын ескермесеңдер, бар жүректен өздеріңнің де мақұрым қаларыңды біліңдер. Әз Төуке азамат еді. Асқақ еді. Аласартпандар асқағымды қан жүктеп. Әз Тәуке Алаштың асылы, ардақтысы еді. Атақ-дабырасы адалымен, әділдігімен алты алаштан да асып, ойдағы, ормандағы орысыңа, қырдағы, қиырдағы қытайыңа кетпеп педі. Жендеттік жасап желұшық еткілерің бар ма сол абырой-атағын ардагерімнің. Әулиедей тазамның ертеңгі мұсылмандық жолын адамнан құрбандық шалып, қанмен былғайын деп пендер!

Тұрғандар жым болды.

Түйте енді бөгелген жоқ. Қанжарын жарқ еткізе бір-ақ сілтеді де, тұтамдап тұрған айдарды түбінен орып жіберді. Қауғадай бас сылқ босағанда, ойрат опырыла құлады. Аларған көздерде жылу ма, жылт

па, әлдебір күңгірт ұшқын тірілді. Сірә, ”енді өлмеспін. Бастан құлақ, жо-оқ, бастан айдар садаға!” дейтін далбаса дәмені саумалап жатқан тәрізді.

Аралбай қарабұжыр қазаққа қабақ серіпті.

- Осы сенің ныспың кім?

- Бекдәулет. Құрама ішіндегі Арғынмын.

- Ал Бекдәулет. Жаның олжа. Әлгінде Қазекем айтты ғой арысымыз, ағамыз бен жағамыз болған Әз Тәукенің ақыреттік жолын жөнімен, жобасымен өткізейік деп. Аламан боп сол қасиетті жолымызды кес-кестегенінді кешіргім келмесе де, кесірің тимесін деген ниетпен саған, өзіңе ғана бес қамшы дүре салғызбақпын. Өйткені сенің, Бекдәулет, өзіннен сөзің кесек түсіп жатыр. Өзің өзгеден кесек шығып жатырсың. Осыма келісесің бе?

Бекдәулет төбесіне қисайта қондырған бөркін төбесінен уыстап көтеріп, жерге алып соқты да, екі қолын құсырып бүк түсті.

- Ойпырай, ақсақал-ай! Манадан ”күнә арқаладым, Алашыма алауыздық жасадым. Әз Тәукенің әруағына қылап келдім. Осы күнә-жаламды, кесір-кеса-паттығымды қалай өшірем, қайтып арылам?” деп өзімді өзім іштей қажап, қаусап тұр едім. Тұу, ағасы, қандай кеңшілік бердіңіз. Кеудемдегі берішті босатып, тынысымды кеңітіп жібердіңіз-ау. Бес емес бес жүз қамшы дүре салғызсаңыз да, Бекдәулеттің көк өгіздің мойынтұрық қажаған мойнындай көнтері жотасы көтерер-ау. Бірақ сонымен өкінішімнің орнын өзім толтыра алсам. Арым - жанымның садағасы дейтін қазақ екенім рас, ағалар, - деп шекпенін шеше бастаған Бекдәулетке Қазыбек те, басқалар да ырзалық танытып еріксіз бас шұлғысты.

Түйте өзгелер атынан түсе қоймаған соң, жотасын төсеп, ыңғайлана қалған Бекдәулетке жақындап баруын барғанмен қамшысын көтере қоймады. Қолының қатты, дойырының ауыр екенін енді ұқты ма, мына ер мінез, нар көңіл азаматты аяп кідіріңкіреп тұр. Бекдәулет Түйтенің сойын байқаса да, ойын түсіне қалып, әдейі ерегістіре түсейін дегендей шамына тие сөйледі.

- Неге бөгелесің? Жаудан қайтпаған жүрегің,

жаман-жәутіктің жүйкедей жотасынан тайсақтап тұр ма. Әлде қайдағы бір қаңғыма төбетке бола қолыңды былғағың келмей ме.

Түйтенің беті бозарып сала берді. Дойыры шошандап көтеріліп суылдап құйылып, қушиған арық арқаны тіліп түсті. Бекдәулет бүкіл денесімен кіржің ете қалды. Ақ жейдеге таспаланып қызыл белбеу жүгірді.

-Ойпырай, Түйте-ай, байқасаңшы!-деді ат үстінде тұрғандардың әлдебірі.

Қамшы екінші рет ысқырды. Жонарқа тағы бір тулап түсті. Ақ жейде тіліниіп, тілік бойлай қан шыпшытып өтті.

- Қолың қатты еді ғой, құрдас.

Бұл әрине Таңыбайдың сақтандырғаны. Сесінді есіңмен құрсаула дейтін далбасасы.

Қамшы үшінші рет сілтенді. Суыл алғашқы екеуіндей естілгенімен ақ жейденің астынан білеуленген таспа тілік бұл жолы онша ұзармап еді, Бекдәулет қиқаң еткен иығына иегін шошайта қойды.

- Жаңылма сілтесіңнен! Сен аяғанмен өз кесігім аямайды. Соқ қатты! Аямай соқ!- деді.

Жүдемелдете тағы екі тілік түсірген қамшы соңғы рет қара жерді оқыс осып түскенде, қиыршық тас сақпан оғындай атылып, бұршақтай жауып кетті.

Бекдәулет шекпенін желбегей жамыла салды. Қолын кеудесіне тосып, манадан үнсіз отырған биге басын еңкейте иді.

- Қазеке, алаштың алмағайып мезетінде алдыңызға тап болдым. Іздесем таптырмас, аңсасам жеткізбес сәттің дәл мына қиракезік сәтте болуы жанымды қинап тұр. Бірақ айтпай және қала алмас жайым бар. Көрерім алда деп алданар жастан өтіппін. Сондықтан көрген құқайымның көптігін айтпасам да сезіп тұрсыз. Жұрын жалаған күнімді де көпсінген тағдырды пешенеме Тәңірім жазды десем де, кейде бұлқынғымақ бар. Бүк түсіре беретін замана қысастығы бәрібір босатпайды. Босатпайды дейтін көнбістіктің шарасыздығы бүгінгі қарақшы тірлікті маңдайыма таңбалап басқызып, кіріптар етті де ғой. Ашынып ашуға басқанымнан не қайыр. Тап ертең тағы бір ала

шапанды өзбек өкіреңдеп өзегімді суырардай болса, тағы бір қалмақ тымақты ойраты басыма әңгіртаяқ ойнатып еркімді ұрласа, тағы да бір дүрмекке ілесіп, кең даламның бір түкпіріне керегесін жайған қазағымның ауылына атойлап кіріп, Алашымның қанын ағызып, абыройымнан айрылмас па екем? Сөйткізбес дермісіз. Амалсыз кескектеген иттей ғып, арсылдатып өз алашымның өңешіне азуымды басқызады-ау.

Бекдәулет енді маңайындағы серіктеріне қызарып кеткен көзін жалт еткізіп қадап-қадап өтті. Томсырая қалған жүздер ”айтқаның расты” түйілген қабақты жүздердің иек қағуымен білдірді. Бекдәулет енді тіпті ақтарылып кетті.

- Қазеке, мал елде, ел туған жерде болған дәуренді біз аңсамай ма екенбіз. Жерден ел ауған соң, елден мал аулақтанбай қайтсін. Малсыз қазақ қауқарсыз қаңқа ғана. Жер тырмалап, топырақ аршып, күнкөрістің қамын жасаған да боламыз. Сол тірлігімізді де көпсінетін дүмділеріміз күн сайын көбеюде. Намыс деп шіренетін күйден ажырадық па, бүгінде қазақпыз деуден де қалып бара жатқан халіміз бар. Ау, Ертіс пен Еділден ат суарып, Арқада аунап күліп, Алтайда тұрмыс құрып, Қытай қорғанына құрығын сүйеген жауынгер халықтың ұрпағымыз дегенге сенетіңдер азайып бара жатқаны қалай. Қазақпыз деуге аузымыз онша бара қоймайтыны қалай? Неден үркіп, неден шошынамыз? Әлде кешегі атойымыз аспанға жететін, қаһарымыз қара жерді дірілдететін құдіретімізді біржола жоғалтып алдық па? Сықсындаған ойраты омырауласа, шыбжыңдаған өзбегі кеуделесе, омырауымды тескізгенім, кеудемді басқызғаным емей немене. Есегінен түссе есі кететін ала шапандыдан үріксек, орағытып алдынан шықсақ, одырандап безе қашатын ойраттан шошысақ, алпыс екі баулы алаштың басынан бағы тайғаны ма? Бес қару асына алар ерлерінің кежегесі кейін тартқан езге айналғаны ма?

Бекдәулет қызынып кеткенін енді сезгендей биге көз тоқтата қарап, бөгеліп барып, қайта жүйткіді.

- Қазеке, өзімнен дәурен кеткен соң, бүкіл қазағымнан дәрмен кетті ме деп жатсам, ашынғаным шығар. Ашынған адамның алласымен де ұстасары

болады. Ылғи төрде отырғанның төбесі биік көріне ме, шалқалай-шалқалай қарап көз талдырдықпа, кейде табан астындағыны байқамай тоңқалаң асып жата-тынымыз да бар.

Мынау зарым ба, жан айқайым ба, артық айтып тоңқалаң асып жатырмын ба, әйтеуір құлағыңызға жетсе деген бір шырылым еді. Жеткізе алсам, қуанып, сіндіре, іліндіре алмасам қуарып кетем-дағы,- деп сәл бөгеліп бидің бетіне ажырая қарады. Қазыбек би сәл бас изеді.

Бекдәулеттің көзінің қиығында жылт ойнады. Ат үстіндегі адамның сәл қимылынан-ақ бойы жазылып, арқасы кеңіп сала берді.

- Бойлауық ой сайрауық тілге де көнбейді екен. Ойымды пышыратып алсам... алдыңызға енді келе алам ба, көре алам ба деп сасқалақтауымнан ғана, Қазеке. Бірді айтып, бірге кеттім. Енді төтесіне көшейін. Ала шапанды да, қалмақ тымақты да көріп тұрсыз. Мықтының алдында бұлар бұтына жіберген-імен былай шыға, оңаша қолдарына тигенімізде бұлар бізді бұтарлайтынын менен кем білмейсіз. Мені қинайтын ендігі күнімнің, ендігі күйімнің мүшкілдігі. Өзім ғана болсам бір сәрі. Анау артыма ілескен бір ауыл, бір қауымның жай-жағдайы. Қопарыла көшер едім, қонар сайымды кім көрсетер? Тамыр жаяр құнарымды қай қиырдан табармын? Соған қабақ алартпай, құшақ жаяр кімім бар?

Қазыбек ер үстінде ырғалып алды. Бекдәулет сөзі қабырғасына қатты батқанын сұрғылт тартқан жүзінен анық аңғартты. Алдымен туысқан інілері Аралбайға кірпік қадады. Одан әлгі шаншылған кірпіктерін Түйтеге, Таңыбайға кезек-кезек шүйілтті. Қисая бұрылып өз тобының арасынан әлдекімді көзімен іздей бастады. Ақыры қарашығы әлдекімге тіктелді де, тұрып қалды. Бидің өзіне қадалғанын көрген Мырзамбет кеудесін көтере, дөңгелек жүзін түгел бұра, елгезек пейіл танытты.

- Мырзамбет! Естідің ғой.
- Иә, Биаға! Естідім.
- Жетті ғой жан айғайы жаныңа?
- Иә, жетті.

- Мен саған жарылқа демеймін, жалғас деймін. Қолыңда құдайға шүкір, ақ бұйдаң бар. Аузымен орақ оратындарды ақылыңмен орап алатын кісілігің де мол. Осы күнге дейін төңірегіндегілерден қиянатыңнан қысылдым деген күңкіл-күбір естілген де емес. Сайын лайықтап, тамырын жайғызарсың тағы бір таланған ағайынның.

- Құп, Биаға. Сіз сенім білдірсеңіз, біз соны тиянақтармыз. Әрине, алшысынан түсіп жататын бұрынғы дәурен жоқ. Көл-көсір қоныс та, шетсіз-шексіз өріс те жау тақымда қалған соң, қысылсақ та қабысармыз. Сығылсақ та сиысармыз,- деп Мырзамбет қолын кеудесіне басыш, би өтілін қабылдады.

Қазыбек енді Бекдәулетке иек қақты.

- Естідің ғой, Бекдәулет інім?

- Иә, естідім. Тіл ұшындағы рахметім аздық етердей, ішімнен тасып тұрмын. Қысырақтың қымызын ішкендей тұла бойым қызынып сала бергенін де айтып жатпайын. Ойымның қойны-қонышын тонатып, ақылымның азабын көтере алмай құр кіжінуші ем, ей, енді сол жыртқыш ойларымның талауынан босап, алқымдаған сауалдардан сап тыйылармын деп тәубаға ұйып тұрмын. Анау шырылдаған сәбилердің көз жасын иетін күнім де, көңілімді жұбататын аға-інім де бар екеніне және исініп барам. Алда разы болсын, Биаға!

АР Б А С У

Төскейде кеңес топтанып,
Жақсылар үйде баптанып.
Нөкерлер жүрсе сап түзеп,
Қас-қабақпен аттанып.

Ақтамберді жырау

1

Түркістан қаласы ығы-жығы халықтан көрінер емес. Қазақ даласының тұс-тұсынан лек-лек жетіп, көктемгі сай-сайдан жамырап жүгіріп көлшікке көпірші құлайтын жылғалардай қауырт жеткен азалы тобырдың томсарған жүздері тіпті ашылар емес. Жайшылықта екеу-үшеуден басы қосыла қалса төртеу-бесеудің кеу-кеуі мен бесеу-алтаудың қау-қауына басатын айқайшыл түздіктердің ұнжырғасы түсіп, ауыздарына құлып салынғандай. Ол, әрине, анау Әзіреті сұлтанның сағанасында ұзынынан сұлап жатқан бүкіл қазақтың қастерлісі, бүкіл алаштың айбыны, бүкіл киіз туырлықты далалық жұрттың жанашыр жақыны, бүкіл хандықтың тіреуі мен тірегі болған арысы Тәуке ханның елін еңіретіп, өзегін өртеп, кеудесін сындырып, фәни дүниеден бақилық ғұмырға бет түзегенінен болар. Қадірін ұққан халқының алдына енді байпаң басып шықпайтынын, қасиетін таныған ұлтының қамын жейтін қарекетін жалғамайтынын, әділеті мен туралығынан мысқал елі айнымайтын, ауытқымайтын әулиедей тазалығын жылаулы жамағатына енді қайтып жасай алмайтынын түйсінген күрсініске, күйікке толы іштердің қасіретке шомуынан да болар. Досқа тату, қасқа қату басшының айбарынан жауы ығып, абыройына елі марқайып, қазағының атағын қабырғалас мемлекеттерге кәдімгідей айбарақтата танытып, алашының айдынын айдай

әлемге дабырайтып шығарғанын қысық көзді көршісі де, шөлмек көзді көршісі де көк жөтелге булығып отырып, көкірегіне шаншудай қадалтып отырып, құлықсыз болса да еріксіз бас шұлғып тануға да, көнуге де мәжбүр болған-ды.

Отыз екі қаласы бар хандығының шаңырағын жарқырата көтерген Тәукені құдіретті Тәуке атандырған сол кездегі елінің ынтымаққа ұйыған ірілігі мен тірлігі еді. Аспан астында тарыдай шашылып, сол кең даласының аспанының астында бірін-бірі мүйіздеп, бірін-бірі бүріп жеп, тағыдай таласып сыйыспай жүрген қазағын қайырып әкеп, үйіріп топтап, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара алатын қайырымды халық, берекелі ел, қаһарлы күшке айналдыру үшін қаншама жігер жұмсап, қаншама тер төгудің қажеттігін түнде ұйқысын ұрлатқан, күндіз күлкісін тонатқан Тәукеден басқа кім біле берсін. Бірақ тер бекер төгілмепті. Жігер босқа мұқалмапты. Сан сайда сайғақ тірлік кешкен сан рудың басы қосылып, сан рудан ірі-ірі тайпалық одақтар құралып, сол тайпалық одақтар тұрмыс-тіршілігі, әрекеті, орналасуына қарай жүз-жүзге жіктеліп, осы үлкен үш аумақтық қоғамның мызғымас негізінде мәмлакатын аяғынан қаз тұрғызбап па еді. Он жетінші ғасырда еңкейіп келіп Еділді алып, етекке қол салған орыс, он сегізінші ғасырдың алғашқы ширегінде Сібір қазағын шідерлегенін місе тұтпай, адырандап келіп Арқаға кимелеп, Омбыдан бастап Қара Ертіске шейін таяқ тастам жер сайын бекінісін бекемдеп, форпостарын қаптатып, алаштың Ай астындағы аясын, Күн астындағы кеңістігін кәдімгідей-ақ тарылып жібермеп пе еді. Көк найзаны қоқандатқан жігіттерінің қой құмалағындай-ақ қорғасыннан құлағанын, шашын талдап жұлып қыршынынан қиылған боздақтарын жоқтап зарланған аналардың бозарған жүзінен қорғасын оқтай запыран боп құйылған жасын көрген Тәуке хан сүйекке сынық түскенін сезбеуші ме еді. Намысы қозған елдің атойлаған арысы оққа ұшып, доппен тозатынын пайымдамаса, қырық кісілік ақылы бар хан боп несіне қақырайтып телпек кисін.

Әрине, Тәуке хан тағына отыра салысымен далаға

бейіш орнатып, халыққа ырыс жаудырып, қой үстіне бозторғай жұмыртқалатқан деуден аулақпыз. Отыз жылдай өзді-өзі ырғасып, өзді-өзі сүзісіп, бір тізгіндегі бүтін билікті әр шылбырға бөліп, бөлшектеп ұстатқан дала тірлігі тайпа-тайпа боп топтанып, бірлігі ыдырап, таттанып кеткенін ескермейтініміз де бар. Тәуекел ханның тұсында екіленген жауын есінен тандырар, дүрілдеп тиген дұшпанын дірілдетіп қан сидірер құдіретті мемлекетке айналған Қазахия емес педі. Сол құдіретті мемлекетті одан сайын жұтынтып, көк семсерін жарқылдатқан, көк кіреуке сауыттарын сартылдатқан қалың қолдың сұсты сесімен есіктен есіріктеніп енген жауын қара жердің тесігіне енгізіп жіберетін Есім хан іргесі берік, іргелі мемлекетке айналдырмап па еді. Ал осы хандардың игілікті істерін одан әрі өрбіте жөнелген Салқам Жәңгір қосынын от қарумен жасақтауға барынша күш салғанын тарихтан білетініміз аян. Бірақ амал не, елінің іргесін нығайтып, ерінің қаруын бекемдей бастаған Салқам Жәңгірдің ғұмырының тез аяқталуынан қазақ даласына айбар беретін қазақ баласының қолындағы от қару одан әрі өрістемей қалған еді.

1653 жылы Ердене-Батыр хонтайшының көзі жұмылысымен-ақ, жоңғар хандығының шаңырағы шайқалып, уығы сықырлап, керегесінің сағанасы сынып, таққа таласқан ханзадалардың ырың-жырыңымен үлкен әлекке душар болғаны бар. Бауыры, басы қосылмаған ағайындардың араздығы қаһарлы мемлекетті көрінен айырып, құдіретті хандықты құнсыздандырып жіберген-ді. Жатса да, тұрса да қара сойылын қақыратып қазақ басына соғуды қасындағы ұлы түгіл қарындағы шаранасына дейін уағыздап отыратын ойраттың өзді-өздері қырқысып сала бермесі бар ма. Кер ауыз тайшылар керілдескенде, сары ауыз шеріктер арылдаспай қайтушы еді. Құдайдың құтты күні қанжар сілтемесе, құдайдың құтты күні найза салмаса, қиқулаған қырылдақ үні өз көмейіне қылыш боп сұғынатын ойратқа алыстағы қазақтан гөрі жанындағы жақынын жәукемдеуден өтер дүбірлі дәурен бола қояр ма. Сол-ақ екен ағайынды тайпалар арасындағы тақ талас дүрілдеп ала жөнелсін. Ұйыт-

қысы бір кеткен елдің ірігеи бірлігі ағаны інiге айдап салып, інiні ағаға қайрап салып, өліктен тау тұрғызып, қаннан өзен ағызбай қайтсін. Әркім-ақ өз аузын мықтап аларда төңірегін толтыруды, олқысын кеңейтуді, қарасын көбейтуді діттейтіні белгілі. Қақ жарылған төрт тұмен ойрат кекірейген ханзадалардың ыңғайымен бет-бетімен кетеді ғой. Шалқақ бастың шатағы шалыс бастыратын қашанғы әдеті. Бақырын алтынға балатам деп тыраштанудың ақыры алтынын бақырға айналдырарын сезбей, бірінің желкесіне бірі көк сүңгіні бойлата қадаған соң, кешегі аспан астына тіреу болған хандық қабырғасы сөгіле қираған үйіндінің астына көміле бастап еді.

Алдымен ағаларын алқымынан сыққан Сенге жоңғар тағына кәдімгідей-ақ дүрдиіп отыруын отырып-ақ еді. Әкенің алтын тағына ашкөздене ұмтылған ағалары сол алтын таққа жамбасы жабысып туғандай-ақ көкірегіне нан пісіп, аузынан жалын атылып, мұрнынан маржан саулатқандай тәнірімсінген бауырдың қабырғасын қақыратып, бауырын суырып алып, сұғанақтаған неменің өкпесіне қосып, сұғанақ қаншықтың сүмпиген тұмсығының астына неге тастай салмасқа. Сол сүмпиген тұмсықтан сорғалаған қызыл қанға қызарған көздерді құшырлана қадап, құшыры қанған көңілінің аптығын неге баспасқа.

Сұғанақ тілек кеудеге тікен боп қадалса, тызылдаған жаныңа маза берер ме. Ызыңдаған беймаза масададылар қастасқан өштікті өшпенділікпен аяқтап тынып еді. Шера-Моудун қыстауында отырған Сенге хонтайшыға жәдігөйленіп ”тату болайық, тәтті болайық, араз-құраздықтың пердесін сыпырып тастайық. Өкпені қара қазандай қылғанда өнер не бар. Өзгелер қырқысқанымызды қызықтап қана қоймай, өтімізді бетімізге шапшытып, одан сайын қыт-қыттайтынын неге ұмытамыз. Бір қаптан, бір саптан шыққанымыз рас болса, енді татулыққа ұйыйық, тәубаға келейік. Еңдігі ел басшысы да өзің бола бер, Сенге. Сенің хонтайшылық пәрменіңе құдіретті дәрменіңнің жетеріне кәміл сендік. Ұшам десең, қанатың болуға дайынбыз. Қонам десең, құйрығың болуға құмбылмыз. Сенің қас-қабағыңа біз, аға-інілерің, қарасақ, біздің

қас-қабағымызбен төрт түмен ойратың, бес хошун Халхаң құрдай жорғаламаса, қара да тұр. Ендігі күнде татулықтың, тәттіліктің белгісіндей алтын шараға қызыл қан құйып, қолымызды матырып ант етейік те, мұрнымызды мұрнымызға тигізіп, сенің шырылдаған шыбын жаның, менің шырылдаған шыбын жаныммен алмасты. Ендігі жерде сенің жаның менде, менің жүрегім сенде!" десіп, бір дененің тұтас басы болайық. Бір тұтас бастың алып денесі болайық!" деп Цзотьба-Батыр мен Цецен (Шешен) тайшы ағалары құрақ ұшпай ма. Құлашты алысқа созып, құрықты қиырға тастауға құмартып жүрген Сенге қошемет көрсетіп, қолын қусырған бауырларының сөзіне бауыры елжіреп құлап түспей қайтсін. Тұла бойларындағы бақастық дейтін қызулы қанның жойқын ағысын жуасытып, татулық дейтін мекерліктің мысығын мияулатқан ағаларына бұ да жайылып жастық, иіліп төсек болам деп жүріп, өз көкірегін қанды қанжардың суық төсіне төсеп бергенін біле алмай қалған ғой. Қарғыс қанжардың суық жүзінен сорғалаған ыстық қанды сумандаған тілімен түшіркене жалап-жалап алған Цзотьба-Батыр да, Шешен де көп ұзамай-ақ Сенгенің соңынан о дүниеге аттанып жүре берген-ді.

Тарыдай тасып, бидайдай бөрткен сол екеуді де, хандықтың екі шылбыр бір тізгініне жармасқан өзгелерін де Тибеттегі ламалық оқуынан ерте оралып, өршеленіп тиіскен Қасиетті Қалдан атанған Қалдан Башықты өмірем қамтырған еді. Ол ол ма уланған қаскөйлікті Қалдан хонтайшы өрекпіген қанының әр тамшысынан сорғалатып, тақ жолы мен бақ пердесін аршып тастау үшін еңкейген кәрінің ақселеу сақалын уыстап ұстап, омырауынан осып жіберіп, ләззат тапқан-ды. Шырылдаған нәрестені уыз іңгәсін көкірегіне кірш етіп қадалған сүңгісімен көмейінде көміп, іңкәрлікке бөленген-ді. Даласына ақ жауып, қаласын кебінге ораған өміршіден бұқпаған арат, ықпаған тайшы қалмап еді. Бауырмалдық жоғалған жерде қанішерлік қапталдаса өретіні ежелден белгілі. Алауыздықтың араласа кететіні ақиқат. Қанішерліктің қанына суарылған найзаның ұшы мен білектің күші

ағайын арасына ала бүлік енгізіп, алауыздықты бастап бір берсінші, ағаны іні пышақтасын. Әкені бала бауыздасын. Ынтымағын өшіріп, өшпенділігін өршіткен Қалдан-Башықты төрт түмен ойратты тызылдатқаны аздай, енді азуды бес хошун Халқаға - манғұл жұртына салмақ болмай ма. Төрт түмен ойратын бір уысқа жинай алмай жүріп, бүкіл ойрат, мұқым манғұл жұртшылығын Қытай құзырынан адақтап алып, бір хандыққа біріктіріп, бір қауызға сиғызам деп ал кеп жанталассын. Он жетінші ғасырдың сексенінші жылдарының аяғына таман Халқаға ендеп енген Қалдан-Башықты, ақыры Қытайдың Гоби құмынан да көп сан жүз мыңдаған әскеріне қарсы төтеп бере алмай, өзіне де, өгейлік көрсеткен өміріне де өкпе артқандай, қысас көрсеткен дүниенің өз басына жасаған қысастығына шыдамай, бү дүниедегі су ішерлік ғұмырын у ішіп, сап тоқтатқан еді.

Бұл кезде төрт түмен ойратқа Қалданның немере інісі Сенгенің ұлы- Сыбан-Рабтан хонтайшы боп дүрілдеп шыға келген-ді.

Сонымен бір мың алты жүз елу үшінші жылы бақилыққа аттанған Ердене-Батырдан кейін өзді-өзі қырқысқан жоңғар ойраттары отыз жылдай уақыт ішінде қазақ даласының әдеттегідей шаңын бұрқыратпап еді. Отыз жыл қазақ-қалмақ қанжарласпап еді. Жебенің суылында құлақ күйі ойнайтын, қылыштың жарқылынан көзін суаратын қара тақым қазақ баласы табан серіппей оқ жаудырып, үңірейіп барып сүңгісінің ұңғысын көкжелкеден қадайтын қан-қасап, қанды қырғын айқас-шайқастан қол үзіп қалған соң, құйымшағы өсіп, құты қашып, үйкүшіктеніп қатын-баланың төңірегінен оза алмай қалған еді.

Сар жамбас боп жата берген қазаққа қайдан да болса жау табыла кететін әдеті ғой. Белдеуден ат кетсе, белден қару түссе, безеріп шыққан ұл бетіңнен алмас па, бедірейген қатының шаңырағына шаңқылын салмас па. Қотаныңнан сонсоң қойың ұрланып, қосыңнан үйірің жоғалып, шығасыға иесі басшы өзің боп шыға келмейсің бе.

Тәуекел дүрілдеткен, Есім хан бекемдеген, Жәңгір

хан іргесін бекіткен Қазақ хандығы дәл осы отыз жылдың ішінде дүрілдеген дүбірлі дүмінен айырышып, бекемдігінен ажырап, берік іргесіне сызат салғызып, бүтінді бөлшектетіп алған еді. Жәңгірден кейін Қазақ Ордасында отырған Бахадүр ханның білікті билігі жетпеді ме, әлде хан қолындағы тізгінге таласқан басқа сұлтандардың өктемдігі күшейді ме, не керек тұтас хандық сиырдың бүйрегіндей боп ыңырап сала бермеді ме. Кім көрінгеннің қолында кеткен тізгін бір қолға, Тәуке хан қолына тигенше қазақ арасында алауыздық деген күшіктеп өсіп, қырғиқабақтық дейтін кесел етек алып жүре бермеді ме. Жұрттың көксегені - ыдыраған бірлігі болса, аз да болса буына бөктіріп мәз еткен оңаша биліктің өктемдігі сұлтандарды одан сайын бөрліктіре түспеді ме. Күніне қырық құбылатын дала желі қырық сайдан шаң бұрқыратып, дауыл үйірсе, күніне қырық құбылатын төрелер тірлігі сол даланы дауылдан да бетер аласапыран халге душар еткен де ғой. Кешегі айбарынан баз кешкен, кешегі қаһарынан адасып қалған қара қазақтың тауы шағылып, еңсесі түспей қайтсін. Көкірегінен асыл ой қашып, сол қаусаған көкіректі құрсаулы күдік басқан соң ит сілікпесі шыққан қара бұқара ақырғанға қарап бас шұлғып, бақырғанға қарап иек қағып, шақырғанға ілесіп кете бермесін бе. Әлгі ілестірген төресі, соңынан шұбыртқан сұлтаны қиялап өрге шығара ма, шендестіріп төрге отырғыза ма, жоқ әлде көз көрім жерден адастырып, көкейдегі ниетті көздегі кекпен жоғалтып, қасиеттен бездіріп, тойымы жоқ құрдым көрге тығар ма - оны енді ажыратып та, пайымдап та жатқан қазақ бола қоймаған ғой. Шарасыздығын көріп кіжініп, ыза боп ішін уға жалатып, жаман шобырына ер салып, жалғыз түйесіне жаппасын артып, екі-үш жандығын бала-шағасының алдына салып беріп көше жөнелгенде, қаша жөнелгенде табары да, алары да сол өзгермес, айнымас, ауытқымас бір тірлік. Ондағы сұлтанынан мұндағы сұлтанының өзгешелігі атында ғана. Атағында ғана. Анау Үсіктің тұқымы болса, мынау Жәдіктің кіндігінен. Немесе анаусы Жәдіктің үрім-бұтағымын деп үзеңгі бауы тоғыз қабат торғауыттай боп шіренсе, мынаусы Үсіктің әрі белімін,

әрі төлімін деп шалқайғанда төбесімен көк тірердей көпірерін қайтерсің. Сынған сақты түзейтін білікті табылмаса, түскен еңсені көтерер билікті кездеспесе, ойраны шыққан орданы ойраттан да бұрын, жоңғардан да жылдам ыдыратқан төрелердің тірлігінен түңілген қазақ, ”Әй, шіркін өзіміздің, өз қарамыздан, өз арамыздан қамымызды жейтін, қамқорымыз болатын, әділім мен адалымды ғана бетке ұстайтын нығыз да нағыз азаматтарды қалқайтып отырғызып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарар ұйымшылдыққа неге ұйымаймыз? Сөйтсек қайтер еді?”деп әрі іштей армандап, әрі сол арманға түбінде бір жетерміз-ау деп әрі кіжініп, әрі құлшынып жүргенде әкенің алтын тағына Тәуке отыра қалмай ма. Әрине, Тәукеге мирас таққа отыра қалу оңайға түспегені де белгілі. Жан-жаққа тартып, жақ-жақ боп бөлінген сұлтандар өз алдарынан жылы-жұмсақтың жылжып жүре бергенін, әрине, қаламайды. Бірақ олардың қаламағанына олардан күдерін әбден үзген қара халықтың белсенді билері, көргенді көсемдері, майталман шешендері, азулы ақын-жыраулары, білекті батыр, бағландары көне қойсын ба. Көнбегендіктен де, көп тізгінді бірақ жұлқып босатып алып, бір ғана қолға, мықты болар-ау деп сенген Тәукенің қолына ширатып ұстатқан еді. Содан соң жасы қырыққа толған, көргені мен тергені мол, оқығаны мен тоқығаны толық, кемел ойды кеменгерлікке қарай сүйреген жас хан аз бен көпті теңгеруді, озық пен тозықтың алшақтығын меңгеруді; адам мен адамды атыстырмай, халық пен халықты табыстырудың сүрлеу-соқпағын суыртпақтап бастап, түптің түбінде даңғыл жолдың күре табанына әкеп тіреудің қамына қабағат кірісіп кеткен еді. Іргелі ел болу үшін, әрине, ең алдымен темірдей тәртіп орнатудың қажеттігін бір кісідей білген Тәуке, өзгенің ісінен, көршілердің тәжірибесінен көп нәрсені, көп үлгі, өнегені барынша қамтып қалуға да тырысып баққан-ды. Әрине, іргелі елдің берік қорғаны мен мықты қалқаны - дулығасын жарқыратып, көп сауытын сыңғырлатып, найзасының желегін желкілдетіп, ә десе, мә деп ақыра шығатын әскер жасақтаудың қажеттігін де өзгеден бұрын ұқпаса несіне

хан атансын. Сол бір кіндікке байланған мәмлакаттың алыс көршісін жақындатуға, жақын қоңсысын табыстыруға ебін тауып, себін тигізетін жорғалатып сөйлей алатын, майдалатып жеткізе алатын, көмекейі бүлкілдегенде көсем көңілдің сәулесі төгілетін мәмілегерлерді төңірегіне топтастыруды ең алғашқы міндеттердің біріндей көрген де еді. Оның үстіне талай елшілікке дәм айдап барып, талай айтыс-тартыстың додасына түскен Тәуке қайраткер десе қайраткерліктің үлгісін көрсете алар өмір мектебінің сан қыстаңынан қысылмай абыроймен өткен майталман да еді. Ұлттық дәстүрі қалыптасқан, сәл-сәл түзетіп, өзгерістер енгізіп жіберсе бір ыңғайға келіп қалған белгілі заң жүйесі бар, бірлікке ұюға бүкіл қауымымен дайын тұрған берекелі жұртшылыққа ақ киізге көтеріліп, ақтілекпен хан сайланған Тәуке көп ырғатылып-жырғатылмай-ақ сұлтандар іріткуінен ыдыраған алты алашының басын қосуға жанталаса кірісіп кетті. Әрине, бейбіт күннің өзінде-ақ, іргеден шаң суырған шапқыншылықсыз-ақ дұрыс та әділ билік болмаған жерде айдыны асып, байлығы тасыған, шалқып дәурен сүріп, толқып қызық көрген елдің оп-оңай азып-тозуы, тез-тез кедейшілік кебенегін киюі, қайыршылықтың азабын тартып, кіріптарлықтың мазағына шалынуы тарихтың әр кезеңінде әр халықтың басына айналып соғып отырғаны өтірік емес. Сол он жетінші ғасырдың екінші жартысында басталып, тура отыз жыл бейбіт тірлік кешкен Қазақ Ордасының сол тыныш кезеңді барынша пайдаланып құдіретін бұрынғыдан да асырып, қуатын еселеп өсірудің орнына, жарты жалғанды жайлаған алаш жұртын айтақырға отырғызып, мүдделі мұратына жеткізудің орнына сүбелі сыбағасынан айырып тастаған тойымсыз билеушілер мен илеушілердің шалдуарлығын қай үрдіспен ақтай алар едік. Әйтеуір тарихтың айналып соққыш, қайталанып отырғыш сол тәлкек көрінісі халқымыздың басына қайта оралмасын, оралған күнде де тез сейіліп, өзінің Тәуке сынды көреген де кемел, “арым - алашым! қаным -қазағым!” дегіш ұлтжанды басшысын, ұлтжанды тірегін тез тапсын деп тілек білдіргеннен басқа не айтармыз.

Ал Тәуке хан болса телпегін киіп, Түркістандағы ақ сарайдың қақ төріндегі алтын таққа отырысымен-ақ іргеден дүбір келмеуін, іргеден дүбір озбауын бес уақыт намазынан да ауыр парызына айналдырып алған еді. Ол үшін ең алдымен аранын апандай ашып, ол шеті мен бұл шетіне ұшқан құстың қанаты талып әзер жететін, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұшы-қиырсыз даласын қарпып қалуға жанталаса ұмтылып келе жатқан теріскейдегі азулы көршісі - Ресей патшалығымен екі арадағы қарым-қатынастың ыңғайлы болып қалыптасуына айрықша көңіл бөлген-ді. Көн шоқайы көтіне қатқан көшпелі жұртты көзге ілмейміз деп орыс патшаларының бірінен соң бірінің талай рет ауыздары күйсе де, осы Орталық Азияны тау суындай ақтарылып, тарыдай шашылып жүріп-ақ, жамбасына желімдеп басқан “жабайы” халықты, “бүлікші”, “қарақшы” халықты, “орғанын тойғанына, тойғанын толғанына санап жүретін жетесіз номадты” желкелеп жапырып, жалпақ даланың бір пұшпағына ғана айдап тастап, талыстай Азияның ұлы қақпа, үлкен дарбазасы - Орталық Азиядағы қазақтың ұлан даласын бауырға неге баспасқа деген сілекей шұбыртқан қомағай құмарлық жайқын сахараға жетудің, өтудің сан сапалақ амалдары мен айлаларын қарастыртпады ма. Қаһарлы Иванның тұсында түстігіне де, теріскейіне де, батысына да, шығысына да сұғына кіріп, шекарасын шірене итеріп шарықтатып өсірген Ресей күні кеше Қазан хандығының аты естілсе ғана сақалды мұжығының шөлмек көзі жасаурай түсіп, қалшылдай жөнелетінін мүлде ұмыттырып, сол құдіретті Қазанның аяғын аспаннан келтіріп, омыртқасын опыра, бауырына басып ала қоймап па еді. Ол ол ма, осынау кеудемсоқ қарқынынан бір жазбастан, қолын ұстамақ түгіл етегіне маңдайын тигізіп қана, етігін тілімен жалайтын Ноғайлының ордасы Әжтархан хандығының қабырғасын күйретіп, шаңырағын ортасына түсіргеннен кейін жолын бөгер, қолын қағар, қарсысына келер жаубөрік киген жаужүрек ел табылмастай сезініп, тіпті екі иығын жұлып жеп, жаһангерлік өлермендіктің құйынын бұрқыратқан еді. Ендігі бір арман, бір мақсат - оңтүстік бағдарына созыла

ұмтылып, сонау байлық пен молшылықтың көзіндей, көзіндей емес-ау, тұп-тура өзіндей парсы, ауған жеріне, одан әрі құлашты кең сілтеп, қиялды қырық құбылтқан, жүректі мың дірілдеткен, жеңсікті сан түрткілеген Үндістанға бір-ақ жетіп, күнгей мұхитқа орыс солдатының етігін жуғызса, сөйтіп түстік іргесін сол күнгей мұхитқа тіреп тастаса, патшалықтың айбыны асар ма еді аспас па еді. Құдіреті тасар ма, таспас па еді.

Асқанда қандай. Тасқанда қандай. Ол үшін ең алдымен анау екі ортада далиып жатқан қазақ даласын орыс баласына әперіп, орманын отап үй салып, тасын қопарып қамал салып, өзендерінің саласына, көлдерінің жағасына орыс қаласын орнату қажет. Берсе қолынан, бермесе жолынан. Сол қаһарлы Төртінші Иванның кезінен басталған осы бір көз аларта қызығушылық содан әрі үдеп, жылдан жылға озып, ғасырлап тереңдеп, бірде үркітіп айдап, бірде айлашарғымен байлап, бірде мәмілегерлікпен жайғап, қазақ жеріне шет пұшпақтап ендеп еніп, ойын да өктемдете жеткізіп, бойын да биіктете көрсетіп, түптің түбінде қылтанына да қақалмай, жұтып жіберетінін сездіріп жатқан-ды. Өкпесін соққан теріскей көршінің өктемдігіне малма тымақ қазақ тұяқ серіппей көне қойды деуге, әрине, ауыз бармайды. Ақназар ханның тұсында қазақ аты естілгенде, мұжығы қан сиіп, көпесі қарадай қалшылдайтын Ресей, Ақназар өлгеннен кейін тәуекел деп тас жұтып, арыстандай айбатты елдің талыстай даласына ағаштың қабығынан, шіліктің өскінінен тоқыған шабатасының табанының мөрін қалдыра тап бермей ме. Шабаталы мұжықтың тап берген тәуекелін Тәуекел хан бастаған сайдың тасындай жүз мың сарбаз тас-талқан етіп, ақ селеу бастың талайын ақ селеулі даласында көмусіз қалдырып, шөлмек көздің талайын шөлмек аспанға жылусыз, жалынсыз ашық телміртіп, сусыған құмымен, дуылдаған қанның қайсар кегімен көмбей ме. Бірақ өлместі құдай жаратқан ба, мұжық өлсе, күйелеш төбелі тар лашықта сол мұжықтың үйелмендей-сүйелмендей сегіз-тоғыз көген көздері үрерге иті, сығарға биті болмай, пеш үстіндегі жұмақ төріндей жалғыз орынға жапырласа таласып, ағасы інісін

жәукемдеп, інісі қарындасын бақыртып, жалаңаш ақ балтырын тыр-тыр қасынған жуан қарын шешесін тірідей жеп жіберердей үңірейген көмейдің, аш құрсақтың зарын гөйгөйлеп жатқан жоқ па.

Ендеше бір мұжық өлсе, сол мұжықтың кегін қуар, есесін алып, орыс боярының, орыс патшалығының есебін толтырар анау үңірендеген сабан шаш ұлдардың екеуін, қажет десе үшеу-төртеуін қосақтап ал да, қасарысқан қазақ даласына, қарғыс даласына қарғыбаулап қосып кеп қал. Тастан құм көп. Қазақтан орыс көп. Қашанғы олар қыра берер. Қашанғы бұлар қуыла берер. Өлігімен-ақ өзегін талдырып жүріп, далалықтардың өзеніне де жетер. Өзен бойлап, өзен жайлап бекініс пен қамалдары озар. Осы озбыр ой, өктем тілек, өктем саясат әлемді қайта кесіп-пішу жолына түскен Англия сияқты Ресейді де құтырынтып ала жөнелген еді. Сондықтан да өзі хандық құрған жылдары орыс патшалығына ”достықта болайық, бейбіт тұрмыстың құлаққа жайлы күйін сіздердің гуслиларыңыз ойнасын, біздің домбырамыз күмбірлетсін. Түсініскен көңілдердің табары көп болмақ, ұғынысқан жүректердің алары мол болмақ. Құшақ құшаққа достықтың ақ пейілімен ашылсын. Құшқан құшақта дос пейілі тұншығып өлмесін. Жер үсті кең, келісім бар жерде кергілесу бола қоймас. Аспан асты жетерлік. Ақылды ашуға жеңгізбесек, араздықтың алдын алармыз. Алқынған өкпенің, жұлқынған жүректің өрекпіп қабынуын басуға тырысайық. Өлім зарынан өмір жырының әуені құлаққа жағымды, жанға жұғымды болатынын баламыздың баласына уағыздап өтейік” дейтін тәрізді тілектерімен Тәуке хан бірнеше мәрте елшілерін жұмсаған еді. “Ел арасын елшілік бітімдейді, жаушылық бұзады. Бітім бар жерде бүтін бұзылмайды. Байланыс үзілмейді. Соны мықтап ескеріңдер. Орыс елімен тең тұрып, тең тұтып сөйлесіңдер. Іріленсе, қорғаламаңдар. Дүрілдесе, жорғаламандар. Қазақ Ордасы басқаның оңай өңгеріп кете қоятын олжасы емес. Қазақ Ордасы Ресей патшалығымен терезесі тең, керегесі кең мәмлакат” деп елшілерін қайрап, пысықтап шығарып салатын хан сол орыстардың талай рет елшілерін де ақ сарайында

қабылдаған еді. Бірақ қара санын қаптап саптама етік киген, қасқыр ішік жамылған, құйрық-жалын шарт түйген қаз мойын ат мінген, сол түздік елшілерге қара шекпенділердің шекесінен қарағанын, шекарасынан өткізгенімен шеніне жеткізбегенін Бірінші Петрдің тұсында есін жинап, етегін жаба бастаған өзімшіл кердеңдігінің алғашқы есекмасы тірлігінің көрінісі деп сипай қамшылап кетуге де болар еді. Ал шындап, терең бойлап ойласаң, өз бойының қотырын елемей, өзге жұрттың теміреткісінен тұмсығының астына күйек байлағандай етіп ұйысқан сап-сары түктен мұрт жапсырған мұрнын жиіркене ала қашып, осқырынып тұратын кеудемсоқ шовинистік астамшылығынан тану дұрыс сияқты-ау. Сол астамшылық көкірегін ыластап кернеген патша сарайы қазақ елшілерін алтын шатырлы Мәскеуіне де, кейінгі Солтүстік Пальмирасы атанған Петербургіне де жолатпастан, бұрынғы қазақ жұртының қазық қағып малын байлаған, керегесін жайып, жайлауын жайлаған самырсынды сары бауыр Сібірін сіңіріп алып, тобылғылы Тобылының жағасына Тобыл атты қамал тұрғызып, сол қамалдан әрі қадам бастырмай қойған еді. Ол аздай-ақ іргелі елдің сөзін ұстап, көзі боп келген қабырғалы елшілерін көрінеу көзге түрткі қылып, тұтқын ғып қамап, тақымдап қысып, азап пен мазаққа жанын шыжғырған да сол қара шекпендер еді ғой. Елдестірем деп барған елшіні қара пышақ жаныған қарақшыдай ғып қарақтаған бірден бір ел - орыс патшалығы болғанын бүгінде біреу білер, біреу білмес. Солай десек те өз айтқанын өткізуге келгенде, өз кердеңдігін арттыруға келгенде, өз содырлығын өзгеге таңуға келгенде патшалық Ресейдің де, кеңестік Ресейдің де, тікбақай шенеуніктеріне тең келер дипломаттарды қолына қырық шырақ алып іздесең де, әй, таба қоймассың.

Тәуке ханның елшілерін тұтқындап, елшілігін мазақтап, елшісін жазалап қана қоймай абақтысында шірітіп өлтірген патшалықтын келте ой, қысқа ақыл, қысас жауабына сондай жауап жасауға өрелі ханның өнегесі жібермеп еді. Тарыққанды қорыққан көретін, түңілгенді үрейленген санайтын патшалық сарай төңірегі одан сайын өршеленіп, айылын бір жимап

еді. Қазақ пен ойраттың далада құйындатқан лаңына жел үрлеп, от қойып, өрт тастап, ал кеп ушықтырсын. Саған да болысамын, саған да көмектесемін дейтін жымысқы уәдені ауыздығын тістеген көшпелі елдің екі жағына бірдей үйіп-төксін. Итжығыс түсіп, бірде жығып, бірде жығылып жататын ойрат та, бірде желкесінен алып, бірде жотасымен жерде қалып жататын қазақ та ұрыс даласына айналып, майдан шебіне өткен Арқаның құба жонынан көшін аулақтатып әкетіп, қонысын жырақта қондырып, қызыл қарын жас баланың қамын күйттеген сақтықпен Ертіс бойынан аунап кеткен еді. Дәл соны баққан, айлалы арамдықпен баққан орыс патшалығы балапан басына, тұрымтай тұсына дегізіп ойрат пен қазақты ұзатып алған бойда-ақ дүркірей лап қойып, орыс-қазағын тездетіп жауып жіберіп, қазақ жайлауының ең бір шұрайлы мекенін - Ертіс бойын иемденіп ала қойған еді. Сөйтіп Қазақ Ордасының қасиетті жерінің топырағын отаршыл озбыр ойымен де, шабата-шәркейінің кір-қожалақ сойымен де сыналап еніп, ластап үлгерген еді.

Көпке топырақ шаша алсын ба, амалы құрыған Тәуке бармағын тістеп, енді өз мәмлакатының іргесін бекемдеп, тұғырын биіктетіп, темір тәртібін нығайтуға мықтап кірісіп кетеді. Қазақ Ордасы бір темір қазыққа бекем байланып, тұтас тұрғанда оған тікелей тиісіп, жаулап алам деудің орманнан өрген орысқа да, жапан түзден жалпылдап жететін жоңғарға да, жаяу-жалпы шұбырсам, шаңыма тұншығарсың дейтін шұршітке де оңай шағыла қояр жаңғақ емес екенін кейіннен Әз Тәуке аталған сол ұлы қазақ талай мәрте дәлелдеген де еді. Тұтасып келіп, бетпе-бет тұрып майдан ашуға батылы бармайтын ашқарақ та сасқалақ Ресей, бұт арасынан бұлтарып өтетін әдетіне басып, бірде біріксе, бірде бірікпейтін алашты бөліп алып, бөлшектеп жұтудың жәдігөй жолына түскенін көрген саясаткер алып тұлға Тәуке: ”Сонау түріктің сұлтанынан, анау қызылбастың шахынан менің қай жерім кем? Артық болмасам, ешбір кемдігім жоқ!” - деп патша елшілеріне орыстар ұстанған саясаттың жымысқылығын бетіне басып, зорлыққа зорлық жасар, қысасқа қысас

қайтарар табандылығын, қайтпас қайсарлығын шегелеп отырып жеткізген еді.

Әз Тәукенің хандық құрған кезеңінің - он жетінші ғасырдың соңы мен он сегізінші ғасырдың басындағы қазақ халқының аса бір қилы дәуірі, дүрбелең шытырман оқиғалармен тікелей байланыста болғанына тарихымыздың өзі куә. Ханның алдын ала болжағыштығы мен көрегендігі Қазақ Ордасына жанжақтан төнер қауіп-қатердің алдын алғызып, қазақ жұртына төне бастаған зобалаңның қара бұлты мен қалың түтінін бұрып жібертіп отырғанына да тарихымыз куәлік бере алады.

Елінің тыныштығы мен бейбіт тірлігі жолында жарғақ құлағы жастыққа тимеген Әз Тәукені сыртқы басқыншылардан да гөрі әсіресе ішкі алауыздық қатты қобалжытқан ғой. Содан да болар екі кісінің басын біріктірмес араздық, екі анадан өрбіген рулардың іштей арбасып, сырттай өштесуі, ағайынды аяқтан шалып, бақталасты бақаннан аттатпай, күншілдіктің күлін бұрқыратып, бақастықтың шоғын тастап, дүрілдеген өртін тұтатып, үй арасының кішкентай кикілжіңінен үлкен жанжалды қоюлататын тірлік ханды қатты алаңдатып еді. Осындай әрекеттердің кесірінен барымтаны балалатып өсіріп, қарымталас сырымтаны күшіктетіп қаптататын сұмдық сойқандарды барынша азайтып, тыя алса мүлде тежеп, өшіріп тастау үшін қазақ даласының ереже қағидаларының үлгілі нұсқасы, халықтың ежелден келе жатқан тәртіп-низамының, салт-дәстүрінің әсем жиынтығы - ”Жеті жарғыны” дүниеге әкелтіп еді. Сол Тәукенің ”Жеті жарғысы” қазақ қоғамына біртұтастық берген еді. Сол ережетәртіпті дүниеге әкелуге атсалысқан Төле бидің ”Жеті жарғысы” қазақ арасына ынтымақтық та әкеліп еді. Сол Қаз дауысты Қазыбек бидің қатысуымен түзілген ”Жеті жарғы” ауыл-үйдің берекесін қашырып, ауыл-аймақты талас-тартысқа салатын ырың-жырыңнан тазартып, ел-жұртты бірлікке, татулыққа үндеп еді. Сол Әйтеке бидің кеңесімен өмірге оралған ”Жеті жарғы” қазақ баласын, алаш арысын күншілдік, бақталастық, қызғаншақтықтың күйдіргі дертінен айықтырып, қара бұқараны шаруаға құлшындырып,

жас өркенді еңбекке баулып, қалың жұртшылықты қарекет-тірлікке икемдеп те еді. Әр сұлтанның илеуі мен билеуінде шөре-шөре боп бытырап жүрген елдің басы қайта қосылып, ерегісте ығыры шыққан ерлердің қосы қайта көркейіп, ел жасы жақсы азамат атанып, тентек ұлдан текті ұлан өсіп, ұлыс ұлғайып, ұлт қадірленіп, қайрат-қуатына қайта жеткен халық өзінің биік қасиетін таба бастап та еді.

Әрине бұрынғы іргелі ел, қабырғалы мемлекет дейтін атышулы атағына Қазақ Ордасы бірден келе қойған жоқ еді. Сол үлкен бірлікке жету үшін Тәуке үлкен тәуекелге баруға бел байлаған болатын. Бахадүр хандық құрған кезде Жәнібектен тараған сұлтандар ата-бабаның алтын тақ, алтын тәжін өз тақымы мен өз бастарында көру үшін қиялын ғана құртқа шаптырмай, құрығын құлаштай сілтеп, қылқұйрықты қуалап үйіріп, қылышын қиялай шауып, қылмойынның талайын доптай ұшырып өз төңірегіне қол топтап, ұсақ та болса хандық құрып беделін өсіруге тырысып, айбарын асыруға тыраштанып, талыстай даланы дар-дар айырып әкетпеп пе еді. Бірнеше жылдан бері жымысқылаған қара шекпендер қазаққа қарсы тікелей жорыққа шығуға бата алмаған соң, өзді-өзі қырқысқан жоңғарлар жота көрсетуден жаңылып қалған соң сауырын тұяқ тесіп, шұрайлысын шаң қабатын қайран да берекелі сайын сахара тусырап қала бермеп пе еді. Бірақ сол тусыраған даланың дауылдатқан желіне желіккен сұлтандардың шаң ұйтқытқан әбігер тіршілігі ауық-ауық араласып тұрғанын өзгеден жасырсақ та өзімізден жасыра алмаспыз.

Сол тусыраған даланың бір шұрайлы шалғынына шалқалап кеп қонатын ауылды елестетіп бір көріңізші. Сол сол-ақ екен әлгі есіз жатқан жер әп-сәтте кісінеген аттың, маңыраған қойдың, жамыраған малдың, айқайлаған адамның әртүрлі үнімен тіріліп, түрленіп шыға келеді-ау. Ақ жұмыртқадай әппақ үйлер өзен бойлай, не көл жағалай тігілер еді. Мама ағаштар ұзынынан керілер еді. Қатар-қатар желілер тартылар еді. Араларына жеті құлаш жер қалдырып ұзыншалап жерошақтар қазылар еді. Қара қазандар әлгі жерошақтарда қаздай тізіліп, телшігі түрілген семіз

биенің, жұнттай жабағының жас еті әлгі қазандарға тоғытылар еді. Сол-ақ екен әлдебір ақ киіз әлдебір үйден оп-оңай табыла кетер еді. Қауқауласқан жұрт әлдебір жақтан, ат-түйедей қалап әкелген әлдебір қабасақал сәлделі қожаны алдына сап қорғалана қоршап, әлгі ақ киіздің қасына жиналар еді. Қабасақал қара өңді қожа молда қоңыр даусын күңірентіп сары далаға сансыз жұрттың бірде бірі ұқпас араб жұртының әлдебір мақамын сарната жөнелер еді. Сол түсініксіз тілде тұла бойды шымырлатар аят бітер-бітпестен әлденеден үркіп дүрк көтерілген топ құстай боп жапыр-жұпыр жайылған әртүрлі алақандар бет біткенді жайқап-жасқап, сипап-сүйкеп өтер еді. Сол сүйкелген алақандар замат көгал үстінде көлдей боп жайылып жатқан ақ киізге жапа-тармағай төрт тұсынан жармасар еді. Жармасар еді де, киіздің дәл ортасына нығыз басып, кең дүниені жалпағынан жалғыз өзі ғана басқандай тәңірімсіп жалпия қалған әлдебір сұлтанды тік көтеріп ала қояр еді. Сол қимыл, сол серпін жетіп жатыр. Әлгі жалпайып отырған сұлтан енді жай сұлтан емес хан сұлтанға айналып, хан көтеріліп, мынау жаңа ауылға - жаңа ордасына, жалпақ дала, күрең бел, ұзын жотаға жарқ-жұрқ от тұтанған қып-қызыл көздерін көңілі түсіп, мейірімі ұстаса, мынау мәртебесін өсіріп, төбесін көкке тигізіп, астына кішкене де болса тақ беріп, тарлау да болса басына тәж кигізіп, жік-жапар болған тәуелділеріне елеусіздеу етіп назар аударар еді. Қазақ Ордасының Ақназар көтерген, Тәуекел айбын-дандырған, Есім құдіреттендірген, Жәңгір дүрілдеткен қара шаңырағы тағы бір шайқалып, тағы біраз уығы сынып, тағы біраз керегесінің көгі жыртылып, сағанағы қирап, үй ішінен үй тіккендей етіп ұлы хандықтың шалдуар бір отаусымағы дүниеге келер еді. Тағы бір хансымақ сұлтан қазақ даласына іріткі салып, бірліктің берік дініне осылай сына қағар еді.

Қазақта тусыраған дала жеткілікті. Қазақта қыңыратқыған сұлтан да жеткілікті. Үлкен орда санатқа қоспай ма, онда сол үлкен ордаға қиғылықты енді мынау сұлтанның өзі неге салмасқа, мойын оздыруға неге тырыспасқа. Ал мойын оздырудың, санатқа енудің бірден-бір жолы - өз төбеңді төбе ғып

көрсету. Қашанғы әлдебір ұрым-ұрқы белгісіз, күйек асты жаратылған некесіз күңнің шатасының қас-қабағын андып, мөлиген көзіңді қайыршыдай тел-міртіп, екі аяғыңның ұшынан ғана басып байпаңдап жүре берерсің. Сенің сол кішірейгеніңді қорықты деп, мөлигеніңді үрікті деп, кекірек көкіректі одан әрі текіректеткен көсемсымақ келімсектің етігін жалап, етегін сүйе берерсің. Сол шіркіннің астамшыл көңілінің асқақтағаны сондай емес пе, еңкейген басынды етігімен теуіп, жығылған бетіңді көтімен сүзіп қор қылған жоқ па. Үлкен шаңырақтың, киелі шаңырақтың, ата-бабаң құдіреттеніп алты алашты билеп-төстеп отырған шаңырақтың ырқына көніп, мынау дүмбілез шіріктің ыңғайына жығыла бермеді ме. Сол сенің ыңғайға жығылғанынды, сыр бермес көнбістігінді осалдығың мен нашарлығыңа балап, одан сайын асқынбады ма бұл шата немең. Аңыс андып, тұзақ тастап, қақпан құрудың жолын қанша бақ-қанмен, аузы бірікпес, түтіні қосылмас кіндіктес сұлтандар, кіндік бауларын бырт-бырт кесіп, жан-жаққа өріп кетпеді ме. Жай өріп кетсе, кете берсін деп құйрығыңды қопаңдатпай, сен тимесең, мен тимен бадыраң көз деп мелшиіп отыра берер едің-ау. Оған қайда. Бір емес бірнеше рет ханынан да, ханы қалқайып отырған ақ сарайдағы қара шаңырағынан да меселі қайтып, тауы шағылған елірме жұрт, ұйыт-қыма қазақ әлгі жарыса жөнелген сұлтандардың соңынан шұбыра жөнелмеді ме. Әу, қазақ көп пе, дозақ көп пе деп арқа-басыңды кеңге салып, насыбайыңды иіскеп, күшаланды қымызға қосып ішіп, күпініп ләйліп отырғанында айналаңның айтақырланып босап, төңірегіңнің азайып, жалаңаштанып қалғанын бір-ақ байқарсың. Содан әрі мізбақпай, мықты болсаң, отырып көрші. Төресі мен қарасының аузы әр ұдай алаш әр тұстан пыш-пыштап, әртүрлі ағаш атқа мінгізіп, сұмды да сенен тапсың, сұмырайды да сенен шығарсын. Намыссызы да сен, жігерсізі де сен, көріксізі де сен, еріксізі де сен болып, ызыңдаған масаның, азынаған желдің өтінде жалғыз қалып, қыбырлағанның қарауылына құбыжық боп ілінгенінді бір-ақ білерсің.

Жо-оқ! Теке емес төре екені рас болса, ұлтан емес сұлтан екені хақ болса, ендігі жалтақтаудың жөні жоқ. Шырылдаған жанының өрекпіген қанымен өре тұрмаса, жаралы жүрегі жарылып-ақ кетер. Ендеше ақ сарайсыз да бақ сарай тұрғызуға неге әрекет жасамасқа. Ортаға суырылмасаң да, Ордаға лап қоймасаң да, ”Арқар” ұранды бір шарықтатып, жаншыған намысты бір тірілтіп, тусыраған далаңның екінші, үшінші... бесінші бір тұсынан ендігі шаңды сен шұбыртсаң, тез тұтанғыш жаужүрек қазақтың қайсысы соңыңнан ілеспес екен. Ал содан соң... Содан соң көл, жағалай, тау жебелей, өзен бойлай ақ жұмыртқадай шүпірлеп жаңа бір ауыл тігіле қалсын. Жаңа бір ”орда” орнай қалсын. Қазақтың қойы құрымаса, қатыны қолын байлап ұстамаса, тағы бір көш құлаш ақ киіз көк құрақтың үстіне, көк аспанның астына көлдей боп жайылар. Тағы бір сәлдесі даға-радай күйексақал қожа ат көтіне мінгесіп жетер. Қазаққа дозақтың дауысындай боп төбе құйқасын шымырлатар тағы бір араби мақамды аят пен сүре оқылар. Тағы бір хансымақ сұлтан қазақ елінің жерінде дүниеге келіп, осынау төрешіл жұрттың ”мәртебесін” көтерер. Бірақ кеудеден түйткіл, көңілден зіл ажырар ма. Төрешіл қараның төбесінен құрық, жотасынан сырық үзілер ме. Қайдан үзілсін. Өз қолымен құрметтеп көтеріп хан сайлап алып, өз қолымен көтеріп апарып, сауыс-сауыс тақымын, екі өкпеңе салбыратып мойныңа мінгізіп қойған ендігі тақсырың мен тәңірің, ендігі алдиярың мен әміршің шал-қақтамағанда кім шалқақтасын. Шалқақтатқан өзің, қарашы қазақ. Ақ киізге көтердің. Аспандаттың, асқақтаттың. ”Хан талапай” жасадың. Бірің биесін жетектедің, бірің түйесінің бұйдасын ұстадың. Бірің бұзауын, бірің лағын бауыздадың. Бірің жамауына жармастың, бірің шұлғауына таластың. Көкірегіңе нан пісті. Кеуденді ”ханға да бір жұдырық!” дейтін әлде өзімшіл өктемдік, әлде мырзашыл ырзалық толқыны кептірді. Ханды тападай тал түсте қарасы талап алды. Ендеше қарадан күшті, қара бұқарадан қаһарлы, қара халықтан құдіретті ешкім жоқ екен-ау дейтін өркөкірек сеніммен өзіңді өзің биіктеттің. Өзіңді өзің ғана зор

тұттың. Бірақ...ханыңның хандық сыбағасы бар екенін, мол екенін ұмыта жаздағаныңды арқанды осқан хан төлеңгіттерінің қамшысы есеңгіретіп есіңе салған жоқ па. Ханның ”хараж” дейтін салығын, ”мердікері” мен ”зекетін”, ”қоналғы” мен ”жамылғысын”, ”тағары” мен ”қабарын”, тағы аты-атауы шүпірлеп өсетін алым-салымдарын ескермегеніңді ханның әлекедей жаланған жасауылдары төбеңнен құй қазып отырып шегелеп ескертіп, әлгі сан алуан алым-салықты бір бие емес бес түйе ғып айдап, бір жамау емес, бес бүтін етіп тиеп, бір шұлғау емес он құлаш шұға етіп алып, артып ала жөнелгенде, шуылдаған қатын-балаңның орта-сында аузы-мұрныңнан қан сидектетіп, зарыңды Жасағанға ғана шағып жер тоқпақтамаушы ма едің, қара қазақ, қалың бұқара! Ал сенің зарың мен шеріңді тыңдай қояр құлақ Жасағаннан табыла қоймаған соң, ұғар көңіл тақсыр ханың түгіл тұлданған маныңнан шыға қоймаған соң, бір-ақ түнде ұрлана қашып, жырыла көшіп жөнелуден басқа амалың болды ма, қарашы қазақ, қаралы бұқара. Сондағы барар жерің, алар төрің тағы бір хансымақ сұлтанның ауылының етегі болса, аранын апандай ашқан сол төрең сенің сүмірейіп жеткеніңе, үңірейіп көз сүзгеніңе мейірленіп қарай қояр ма екен. Әй, қайдам. Өз қоңсылары мен өз көршілерінің көзінен сорын ағызып, төрінен көрін қазғызып жүрген, үзеңгі бауын алты қабат қып, тегеурінін төрт елі өсірген есекмасы хан-сұлтан өзі іздеп, қан шеңгелге өзі қаңғалақтап кеп түскен байғұсты аясын ба. Шөпжелкесін шырылдатып сүйреп әкетіп, бауырына бүрістіріп басып, күң етсін. Шой-желкесін шыңғыртып сабап, қозы қайыртып, құлын байлатып, құлыншақ кезінен құл қылсын. Үш күндік пәниді - ұйпалап соғар жеңсігім мен жемітімнің кезеңі, кезегін күттірмеспін деп жыртқыштана киліккен сол хансымақ тақымында тыпырлаған қарашысына қан сигізіп, сол үш күндік пәниді сол қарашылар үшін азап пен тозаққа айналдырмаса, қазақ дейтін көнбіс халықтың, қазақ дейтін көнтері халықтың қазақ аталуы да өтірік, халық аталуы да жалған. Әйтпесе арғы жағындағы ойраттың алқымынан сығатын өжеттігіне, бергі жағындағы қалмақ пен естекті қылғынтатын

қырғилығына, орманынан одыраңдап шыға келген мұжықты омақаса астыратын ызақор қайнар ашуына басса, қанының әр тамшысынан алтын құйған, жанының әр еңіреуін әуес әуендей құнығып тындаған хансымағын баяғыда-ақ қалпақтай ұшырып, жәдігөйленген жанын жаһаннамға жөнелтер еді ғой. Жылт-жылт жүгірген қомағай көздерін ойып алып, өзгенің асылын да, жасылын да өлексе жұтқандай қылғып тастап, сонда да бір тоймайтын, сонда да бір толмайтын құрдым кеудені алмас қылышпен бір-ақ шауып, қыл өңешінен ажыратар еді-ау. Сөйтіп қос өкпесін түсірердей мойынына отырғызып қойған әміршісінің тепкісінен біржолата құтылып, шертер күйін, шағар мұңын өзді-өздеріне ғана білдіріп, қара қазақ, қалың бұқара баланың баласына, ұрпақтың ұрпағына өнегенің ең бір ұлағатты үлгісіндей ғып, үлгінің ең бір әділетті нұсқасындай ғып, үнемі жадында жаңғырып тұрардай жаттатып қалдырар еді-ау! Әй, бірақ ондай атты күн қайда. Ханының қараулығы аздай-ақ қаздаңдаған ханымының әкіреңдеген озбырлығы өңменіне оқ жыландай қадалмады ма. Ханышасының да халықтың алдындағысын аузына апартпай, қолын қағып тастап, қаздай қалқып, үйректей жүзіп қылғытқанына да, қан көмейлеп, запыран құсып отырып, кірпік қыбырлатпастан көне беруден, төзе беруден өтер қорлық бола қоймас-ау.

Ол ол ма, қоңсысынан тартып алып сойған қойының қоңы келіспесе, көршісінің дастарқанынан жұлып алып жеген тамағының дәмі татымаса, ”қойды неге арықтатасың, қыршаңқы төбет! ” "Тамағыңды неге татытып пісірмейсің? Табағыңды неге бүтіндеп ұстамайсың, салдақы қаншық!” деп төбенде әңгіртаяқ ойнатып, төменге тұқыртудан бір жазар ма сол құтырынған әулет. ”Дәніккеннен құныққан жаман”, ұлардай шулаған қоластындағылардың үлесінен ұпайын қанша түгелдесе де, олқысы бір толмайтындай қайта-қайта шауып, шапқындап, сіңірі шыққан жітікке саяғын одан сайын ықылық атқызып, шырғамен шырмап, шыбын жанын шырқыратып алқымға әкеп қылғындырып отырмаса ішкені бойына тарайтын қай әкім, қайәмірші бар еді. Қолынан келіп тұрған соң

қонышынан басатын озбырлықты кім тергегендей, кім тексергендей. Соңына ерген көп момынды түйебас қып, түйіп отырмаса, хандық аталып салтанат құрмаса, несі сән? Хан болып қарашысын қан қақсатпаса, несіне құдірет?

Осындай кішігірім құдірет тусыраған қазақ даласының бес-алты тұсынан хандық құрып, орда сайлап, қара қазақ, қалың бұқараға күніне қырық төмпеш көрсетіп, күніне қырық өлтіріп тірілткен соң, көнбіс қазақтың, көнтері қазақтың бес уақ намаздан да жиі қайталанар, жиі айтылар мінәжат тілегі: ”Жаппар ием! Жалбарынып жалынарым өзіңсің. Талықсып табынарым да өзіңсің. Бар болсаң, көктегі жалғыз құдайды жерге түсіріп, көбейтіп қойғаның қалай! Көзімізге зәр, көкірегімізге у құйып, көк тәңірі де өзім, жер тәңірі де өзім деп өтімізді отқа қақтап, қабырғамызды тірідей сөгіп, бауырымызды суырып алып, балталай бере ме? Аузынды ашсаң - ашынды деп бас-көзге төпелеп, үндемесең - басынды деп ту сыртыңды тұлыптай қылатын бұ шіркіндерге бұғалық салар зауал бола ма? Зауалы шынымен бар болса, табылар болса, о Жасаған ием, Тәңір хақ, онда неге соза бересің. Онда қашсаң, онда обып, мұнда шұбырсаң, мұнда обып жатқан обыр төрелердің төбесінен жайыңды түсіріп, жасыныңды неге ойнатпайсың? О дүниенің тозағы мынау бүгінгі біздің тартқан азабымыздан кем болмаса, артық болмасын өзің де сезетін шығарсың. Ендеше неге бүгежектейсің? Әлде біздің саған құл екенімізді бұдан да зор қорлығыңмен, бұдан да бетер зорлығыңмен қасқа маңдайымызға өмірі өшпестей етіп таңбалай түсейін деймісің? Онда сенің анау төреден, мына сұлтаннан нең артық? Жаңғырық естілмес жапан түзге зар шаққанда, сол жапан түзден де жаман бедірейе қалатын Төңіріден не қайыр, не зайыр. Ал пендем деп бетіңді көрсетер болсаң, ығыңа алар болсаң, онда еміреніп бұрыл, тебіреніп кел. Жарты әлемді жаңғыртқан зарым, шексіз дүниені шемендеген шерім құлағыңа сонда ғана жетіп, сонда ғана меңіреу кеудеңе мендеген дертім мен сертімнің сыбыры мен суылы енер еді-ау. Ендірер болса, енгізер болсаң, тілерім -

хансымақ сұлтандардың қара жердің үстінде сұғанақ көзін енді қыдыртпа. Сұғанақ ізін енді созғызба. Сұғанақ көздерді жеті қат жердің астына тық. Сұғанақ ізді кісі бойы қарыс сүйем қара топырақтың астына түсіріп, енді қыбырламастай қарасын өшір! Егер зарымды естігенің шын болса, онда осынау қанымызды теспей соратын, жанымызды мұрнымыздан суыратын дігірлек төресымақ сұлтандардың орнына өзіміздің қара қазақтан, қалың бұқараның арасынан тапсаңшы жанымды ұғар, қамымды жер кемеңгерлерімді. Билікті соған ұстат. Әміршімді солардан сайла, о, Тәңір!" деп көз жасын көлдетпей ме.

Көктегі Тәңірге көптің тілегі шынымен-ақ жетті ме, әлде іздегенге сұраған дейтін кездейсоқ сәттіліктің анда-санда айналып соғып тұратын ұрымталына тап болды ма, қара қазақтың бір өтінішті зары орындалып еді. Бахадұр хан өздігінен қылжия салды ма, әлде сол көкірегі бітеу, жаны жүдеу хансымақты халық қарғысы соқты ма, әйтеуір Салқам Жәңгірдің мирас тағына Тәуке ұлы қонжиып еді. Қасиетті тақтың қасиеті шын иесін тапқанда ғана айқындала, айбарлана қалатын қашаннан әдеті. Бетін оңға беріп, жүзін жұртына бұрып, барды бәсін бере бағалап, жоқты бар қылуды азайтып, ақылдысын алға шығарып, ақылдас етіп, қарулысын қасына шақырып, қорған мен қалқан ғып ұстап, көкірек жарыстырып, көбік шашырататын желөкпелерді маңайынан аластап, шашбау көтеріп, сақалымен жер сыпырып, мұртымен етік тазалайтын жағымпаздарды ақ сарайдан қуып, төресінен гөрі қарасының көңілін көбірек тауып, қолынан келгенше төбесіне шығаруға тырысқан Тәуке азып-тозған елін бүтіндеуге, шашылып-төгілген хандығын шеңберлеп біріктіруге жанұшыра кірісіп кеткен еді. Өзім дегенге өзегін суырып беретін аңқылдақ қазақ жас ханның жарылқайтынына сенді ме, әлде ендігі тізгіннің біліктіге, парықтыға, әділдік деп тынымсыз соғар жүрегі бар шын таза жанға тигенін сезді ме, еңсесін тіктеп, бойын көрсетіп, жігерін қайрап, жайнап, жанып шыға келді. "Ел бірлігін нығайтам!" деген асыл азаматтың сөзі қашан айтылар, қашан көкейіміздің табылар деп екі көзі төрт болып күтіп жүрген қара

қазақ оңынан Айы, солынан Күні туғандай білекке білек қосуға, тілекке тілек жамауға, әй бір, құлшынып-ақ берген-ді. Бұрынғы ”ләббайдан” ендігі ”ләббайы” мүлде бөлек шарықтаған соң қазақ даласына соны серпін еніп, күрт қимылы мол қозғалыс кірген еді. Тусыраған даланың әр пұшпағындағы көл жағалай, өзен бойлай жапырлаған ауылдардың түндік-туырлығы сыпырылып, шаңырағы шалқая жерге түсіп, маңқиған түйелерге тең-тең жүк артылып, қызыл жота, құба жон, көк мұнарлы белдермен шұбырып кері жосыған көш қаптаған еді. Сол жығылған ауыл әлдебір хан сұлтанның ордасының күлін көкке ұшыра, тағын таптап, тәжін тақияға айналдырып, тағдырдың ендігі тәлкегіне кешегі құдіреттісін осылай ұшыратып, қаңыраған жұртының шаң-топырағына көміп, ит кемірген қу асықтай елеусіз етіп, тастап-тастап кетіп еді. Сол-ақ екен өз қадірін өзі түсінген жұрттың алтын сандық кеудесі ақтарылып, жасығын тез ұмыттырып, асылын ардақ тұтқызып алға шығартып еді. ”Ел іші - алтын бесік” дегенді қайран да біздің дана ата-баба тегіннен тегін айтпаған ғой. Сол алтын бесік ел баласын мәпелеп тербетіп дана ғып өсіргеніне, жас ұланын тәрбиелеп жеткеріп, хас ұланға айналдырғанына көпшіліктің көзі көп ұзамай-ақ жеткен еді. Әр сөздің астарын бағатын, әр тілектің айтарын ұғатын, қаштыпышты өсекке ұйымайтын, ешкімнің есебінен де ұтылмайтын, ешкімнің епсегінен де тосылмайтын азаматтардың ат-есімдері құлақ елеңдетіп, ауызға ілініп, ақыры көкірегінің көзін төңірегіне жиі қадап, жадағай мен жасықтан жиреніп, жігерлі мен асылды аңсаған хан назарын аудармай ма. ”Нағыз қимылдайтын кезім енді келді. Көптің ойынан шығып, көксегенін көктен іздете бермей, талған көзін көрінгенге бір, көлгір көкжиекке бір телмірте бермей, қарық қылмаса да қараның қамын жегенімді білдіріп, бір тілегін - зар тілегін қолына неге ұстата салмаймын. Әліптің артын бағуға келгенде қазақтан озар халық болмаса, істің ыңғайын шешерде көткеншектеп кейін шегініп, жетек сындырар төрелерден озар билеушілер болмаса, осы бір өткеннен өнегедей емес өңезе боп жабысқан әдеттің тамырына неге балта шаппаймын.

Сыр бермеймін, сыбыс шығармаймын деп төңірегінді қымтай түсіп, мысық көмбе жасағаныңмен, мүңкіген шірігің мен сасыған иісіңді қайтіп жасырарсың. Аузынды бағып, көзіңе үңілетін төңірегіндегі тіміскілеушілер төбеңді теспей-ақ құй қазып, кеудеңді бұзбай-ақ есік ашып, басыңдағы мен ішіндегіні өзіңнен де бұрын біліп алмаушы ма еді. Біліп алды дегенше ауыздары жабысып, сыпсыңдасқан еріндерінен у ағызып, өсекті кесектеп лақтырып, бауырды бақталасқа айналдырып, ағайыннан аламан тапқызып, сау басыңа сақина салып, қалың бұқараны арпалысы көп аласапыран тірлікке душар етпеуші ме еді. Ендеше көзді тарс жұмып алып, құлақты тарс бекітіп алып, өзгенің әккілігінен өзімнің тектілігім артық деп шалқалап түсіп, шалжиып жатып алып, шаңыраққа тесірейетін кешегі Бахадүрге ұқсамаймын. Ол ештеңені шешпедім демейтін, шешуін күтер мәселелердің пісуін, істің сәтін тосам дейтін. Мәселенің пісуін, істің сәтін күтем дегенше, абыройыңды жырымдап тауысып, қадіріңді қауғалап төгіп алғаныңды білмей де қалар-сын. Одан да екі женді түріп, белді бекемдеп буып, тап бергенге шап беретін тас-түйін тәуекелге түйілген дұрыс. Онда ендігі көшім де, өрісім мен қонысым да қара қазақпен бір болар. Жәдіктің ұрқынан өрбіген, Үсіктің үрпінен тараған сұлтандардың қолынан тізгінді алармын, шылбырды үзермін. Көнсе қолынан, көнбесе жолынан. Тізгін ұстағанда өз халқын тіздеп ұстасын деген жосық болмайды. Қоңсысын құл етсе, көршісін жау тұтса, төрелігіне төрелік көрсете алмаса, ондай биліктімнен елім дейтін білектім артық. Жылаулы жұртым, қайғылы халқым дейтін біліктім артық. Ендеше телпек киген төренің тентектігінен еңкектеген елімді неге арашаламаймын. Білектім мен біліктімді ел бетіне шығарып неге алқаламаймын”.

Осылай ойланып-толғанған Тәуке хан даласының сырқатын дәл басқан емшідей таба қойып емдеуге, даласының тарыдай шашылған шаруасын жөндеуге кірісіп кеткен еді. Ханның көңілінің құрты қалай қарап жыбырлайды деп жүрген күпті көпшілік содан кейін Тәуке дегенде ішкен асын жерге қойып, ізгілікті де содан табардай, мейірім мен қайырымды да содан

алардай елгезек көңілмен алып ұшты да қалды. Біреуге құласа, бүкіл жан дүниесімен қопарыла құлап, бүкіл барымен, нәрімен ақтарыла алғыс-ризашылығын үйіп-төгетін аққөйлек қазақ ханына деген құрметін даланың желінен де артық жүйткіткен. Әміршісіне деген еміренген жүректің тілектес сөздерін тау суындай тасқындатқан.

Әрине Тәукеге дәл осындай үйіліп-төгілген абыройды көре алмай қызғанған алакөздер сарай маңынан да табылған еді. Сонау көшкен елдің қаңырaған жұртында қалған сұлтандардың ішін осқылатып жіберткен де еді. Жүйкесі жұқарған сол төрелер енді ұлып табысқан бөрілердей боп, бірін бірі іздеп тауып, қиыр мен шиырды күндіз-түні ат тұяғымен шандата безінген-ді. Безектеп жамандайтындары Тәуке боп, әулиедей Шыңғыстың киесін таптап, әулиедей Шыңғыстың әулиедей ұлы Жошының әулетінің қасиетін аяқасты етіп, әулиедей сұлтандардың әуелете шаншылған кеуделерін әлдебір құл-құтанның қорабақортық қаңқаларымен алмастырған әулекілігі боп, ағаш атқа сан мінгізіп, сан түсірген. Ісініп-кебінген кеуделердің ағаш оғы ақ сарайдың қабырғасына қардай борап жетіп, Тәукенің онсыз да тызылдап жүрген жанын түртпектеп, түрткілеп мазалай берген-ді. Солақ екен батылы бірде жетсе, бірде жетпей екіойлы боп жүрген ханды нартәуекелге айдап салған-ды.

”Мүмкін еместі мүмкін етем. Жоқтан бар жасауды пышақ кесті тиям. Ендігі күнде барды бағалаймын. Жақсыны жағалаймын. Елім деймін де еріне ерік берем. Біліктісіне билік берем. Халқын қарақтайтын, жақсысын балақтайтын сұлтанын жолатпай, жұртын -жақыным, ұлтын - ұрандасым дейтін қарасына тізгін ұстатам. Сөйтем!”

Айтты - бітті. Шешті - кесті. Төрден төрені қуды. Төрелікті қараға уыстатты. Төбедегілер төмендегенде төмендегілер төрге озды. Есік көзіндегілердің де сөзінің пәтуасы, кеудесінің жалыны, жанының жарығы бары ханына да білінді, халқына да танылды. Бұрын төбедегі төренің көзі аспандап, төменге онша көп түсе қоймайтын. Ендігі жерде төрдегі қараның ұраны - “қандасым, қарындасым, халқым!” дейтін қасиетті ұғымнан

ажырамайтын болды. Халқы ханына жақындады. Ханы қарасымен кірікті. Біртұтас дененің бірі басы, бірі тұлғасы боп табысты. Ендігі Тәуке жай Тәуке емес Әз Тәукеге айналды. Қасиетті Әзиз Тәуке, құдіретті ізгілік иесі Тәуке аталып, бүкіл қазағының құрметіне бөленді. Халқы мен ханы бір тәннің бір жанына айналған соң кешегі ыдыраған ел айбынды мәмлакат атанып, кешегі әр сұлтанның ығында бүріскен жұрт асқаралы ұлт боп құлпырып шыға келді. Күні кеше ғана әр сұлтанның туының астында жүріп бірін-бірі жәукемдеген қызыл көз тобырдың, бүгін біріне бірін ынтықтырып, жаны мен жанын табыстырып, қаны мен қанын араластырып құлпыртып халық қып шығара берген қандай құдіретті құбылыс дейсіздер ғой. Ол құбылыстың төркінін ұққысы келмегендерге түсіндіру қияметтің қиыны болары да мүмкін. Кеудесін ашып, көңілін беріп сезінгісі келгендерге жеткізу оңайдың оңайы болуға да тиіс.

Ол құбылыс - Әз Тәукенің көрегендігінің, Әз Тәукенің ұлтжандылығының, Әз Тәукенің өзге төрелерге ұқсамай ел қамын жеген азаматтық тірлігінің арқасы ғана.

Ол құбылыс - Қазақ Ордасын құрайтын алты алашының тізгінін сол алты алашының ардагер ұлдарына, атақты билеріне сенім білдіріп, үлкен міндет артып ұстатуы еді. Ұлы жүзге билік құрған Үйсін Төле биді, Орта жүзге әділқазылық жасаған Қаз дауысты Қазыбекті, Кіші жүзге әділеттік жүргізген Алшын Әйтеке биді, Қырғызға қара қылды қақжарған Қараш биді, Қарақалпаққа туғаны жоқ тура би Сасықты, Құрамаға адалдықтың шыңы Мұхамед биді отырғызған Тәукенің құрығы ұзарып, хандық құзыры бұрынғыдан да өсіп, о шеті мен бұ шетіне айлап жол жүретін даласын билеп-төстеудің тиімді жолын бастап кетіп еді. Ал еңді осы әрқайсысы бір елдің тұтқасын ұстаған кеменгерлердің қатысуымен түзілген ”Жеті жарғы” ұлттың берекесін шалқытып, бірлігін сақтауда, қоғамдық топтар мен жеке адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеуде, әдет, салт-дәстүр һәм мінез-құлық ережелерін негіздеуде, ең алдымен мемлекетті басқару мен халықты билеудің қалыптасқан жосықтары мен

низамдарын белгілеуде ұлттық сананың, елдік сананың күрт өсуіне үлкен ықпал жасады.

Әрине қарадан шыққан ”төрелердің” айының жып-жылдам оңынан туғанын, сол оңынан туған айдың әлгілердің айдарынан жел ескізіп абыройын аспан-датып әкеткенін көре алмайтындар алыстан да жақыннан табылып, жаттан да, жақыннан да шығып, гу-гу өсекті қаптап көбейтіп, ду-ду дабыраны дуылдата жөнелген ғой. Жанары жалтылдап жанғанды жыртқыш деп, көкірегінен нұр мен сыр сауылдағанды мылжың деп, өзінен басқаны жұмыр басты пендеге баламай, жеті басты жалмауыздай көретін керауыздар қарадан да табылды. Төреден де табылды. Бөріктен айрылғанша бастан айрылайын, көріктіден айрылғанша достан айрылайын дейтін өзімшілдік ақ алмасты тат баспасын демейді. Қайтсем алмасты тоздырам, өзімнің та-лайымды оздырам дейді. Сондай ішегіне пышақ айналмайтындар Тәукені қаралауда басқаша әуен тауып ала қойды. Сол әуенді енді күндіз де ыңыл-дайтын боп алды. Түнде де сарнайтын боп алды. Екі кісінің басы қосылса-ақ басы жоқ, аяғы жоқ ұзынсонар осы бір ызыңдаған әуен. Екі ауылдың тоқайласа қалған жерінде де естілетін осы бір кекеп-мошқау. Желді күнгі желпілдеген туырлықтай жылпылдайтын еріндер әз Тәукені жамандап жер түбіне он апарып, он қайтарып, ақ тұмсық қара есекке теңеді. Құйрығы шолақ, жалы жоқ айдалада адасып қалған құланға да теңеді.

”Оу, о заманда, бұ заман, құл жиылып бас болғанын кім көрген? Құм жиылып тас болғанын кім көрген? Әулиедей Шыңғыстың әулетін адақтап айдап тастап, сонда бұл азбан айғырдай кісінеген Тәуке немесі қай ұшпаққа шығам дейді екен, ә? Ақсүйек-төрелерді, ханзада-сұлтандарды сүтке тиген сұғанақ иттей етіп, қаңсылатып куып шыққандағы сұмдық ойын, сұмырай тілегін былайғы жұрт білмейді де сезбейді дей ме екен, ә? Оу, баққанымыз бен тапқанымыз Сарай төңірегінің құлығы мен сұмдығы, айласы мен аярлығы болса, мынау өз қағынан безінген, өз отына опырып-опырып май құймай, шапшыған тамақтан бауыздау қан құйған жетесіздің бүкіл елді жалғыз өзі ғана билемек, бүкіл аңқау жұртты жеке өзі илемек болған қараниетін қалай

пайымдамайық. Өзінің жеке өкімін арттырып, анау қарсы келмес, қатты айтпас үнсіз бас шұлғығыш бисымақтарына мақұлдатып қойып тақсыр да өзім, Тәңір де өзім деп тақ үстінен тақылдап отырмақшы болуын қалай байқамайық. Ау, Қазақ Ордасының тауарихында хан билігінің әлсіз де шынжау болғанын көріп пе едіңдер. Әрине кешегі Бахадұр немені ауызға алмай-ақ қоялық. Ол шіркін аумалы-төкпелі заманның аласапыран толқынында көпіршіген көбікпен бірге қалқыған әншейін бір кездейсоқ жаңқа еді ғой. Сол хандар билігінің қара шаңырағын көтеріп тұрған уықтар кім еді? Қасиетті алтын белден, күміс құрсақтан жаралған Шыңғыс әулеті - төрелер еді. Сол төрелер төбемізді көкке жеткізген. Аузымызды ақ пен етке жеткізген. Төресіз ел болмасты, сөресіз үй болмасты неге ұмытамыз. Әу, қараны қалқайтып не барқадар табармыз. Көн қатайса қалыбына деген. Жая жегеннің жая жерін, екпе жегеннің көтке теберін ескермесе, Тәукені де құдай табар әлі-ақ. Оу, би кім? Би деп бөркін қанша дағарадай қылсаң да, кешегі битін сығып қанын жалаған қолаңса сасыған қойшыңның өзі емес пе. Өзі болмаса, көзі емес пе. Қойын құрттап, қойыртпағын ұрттап жүрген байғұстар екі кісінің басы қосылған келеге кіре алушы ма еді бұрын. Оу, өз руы түгіл өз аулына сөзі өтпес, салмағы батпас сол сүмелектерді қопақардай құдірет тұтып бүтін бір ұлыстың басына ұлысбегі етіп қоя салғанда Тәукенің салтымызды өзгертіп, дәстүрімізді бұзып бұл қай есіргені? Қай есіріктенгені? Оу, қараның арманы - қарны, төренің арманы - орны дегенді ескермесе, қарынның қамы деп төмендегіні төңіректегіш сол қарасүйек билердің төбедегіні бажайлай алмай, биіктегіге өресі жетпей, билікті күшім мен мысым деп, баланың қолындағы қылыштай ғып оңды-солды сілтерін, сол сілтенген алмастың әлде оқыста, әлде әдейілеп кеп өз көкірегіне қадаларын сезбейді-ау. Сезсе, бүгінгі мынау көз баққыш, қабақ аңдығыш билердің қарны тойып, бөтегесі бұлтиып, бүйрек майы бітеуленген кезде енді сөз баққыш, сыр андығыш, саясат дейтін салдақының қойнына түнеп, қолтығына тұмсығын тіреп алып, дау-дамайдың майын езіп ішіп әбден

дүрдиерін бағар еді-ау. Сол дүрдиген билердің өз кеудесін оба емес төбе ғып шаншып, өз сөзін дүниенің тірегіне балап, балпаңдай да қаларын, батпандап та соғарын басына сақ етіп соққы тигенде, көкірегіне кірш етіп қанжар қадалғанда бір-ақ таныр-ау. Бірақ кеш таныққаннан пайда не? Қол ұшын берер маңында сұлтандары жоқ. Көмек күшін беретін төңірегінде төрелер жоқ. Әділдік пен адалдық дегенге алласы мен піріндей табынатын сол төрелер ғана емес пе. Сол төре деген сөзден төрелік деген әділет баламасы шықпап па еді. Төре бар жерде қазағыңның орны төр, басары өр емес пе еді. Енді қара биледі дегенше, қауымынды қағылған-соғылған биледі. Қатын-қалаш, бала-шаға иледі десеңші. Өйткені қарадан көп не бар? Көп барда көкпарға түспес дау-дамай мен жарыс қалар ма, дау-дамайға түспес ар мен намыс қалар ма. Қалмайды әрине. Себебі не десек, сол көптің тобырлығы себеп. Тобырдың түптен қозғамай, терең бойламай бетінен ғана қалқитын обырлығы себеп. Ендеше тобанаяқ тобырдың екінші аты тасырлық екені де жадымыздан шықпауы тиіс. Әйтпесе сол тасырлықты кесірлікпен кердеңдеткен тобырдың қорқаулығына тап болдың ба, онда ол аямайды. Қолыңды қол, бұтынды бұт қып бұтарлап та жатпайды. Бітеудей қылқ еткізіп жұта салады да, обал-сауалын ойлап та бас ауыртпай тағы бір жемтігіне асыққан жемсауын толтыру үшін қызыл көрген егіздей қанталаған көздерін шаңырақтай дөңгелентіп, мүйізін шайқап, аяғымен жер күреп, топырақ боратып, өршелене түседі.

Ал туысы бөлек, бітімі бөлек, күтімі бөлек, құны мен нұры бөлек, сыны мен сыры бөлек төреге кім жетсін. Халқының қамын ойласа, солар ғана ойласын. Ұлысының жаны мен жүрегіне бойласа, солар ғана бойласын. Қамшы ұстап әділетті жақтай білген де солар. Қару ұстап, әскери қуатты күшейтіп, жерін қорғап, елін сақтай білген де солар. Ұлыс тұтқасын дұрыс ұстап, ұлтына ұлағатты жол көрсетіп, халқының сенімі мен үмітін ақтай білген де солар. Ұлт мүддесі дегенде ұлыс мүддесін де, ру мүддесін де құрбандыққа шалып жіберіп, ұсақ арқылы үлкенді ірілендіре білген

қайран да біздің тектілердің бүгін қымыз түгіл айранға да зәру боп қалғанын кімнен көреміз. Тектіні тепкілегенді, шеткіні өкіректеткенді бұрын білмек түгіл естуші ме едік. Енді міне естімек түгіл көзбен де көрдік. Көзбен көрдік те, түңілумен еңіредік. Етегіміз жасқа толды. Көкірегімізді шер басты. Бірақ соған илігер ханым бар ма? Ah ұрғанымды тындар алдиярым бар ма? Еңірегенімді маңыраған құрлы көрмеді. Ah ұрғанымды бақырған құрлы санамады. Зарымды әніндей тыңдады. Шерімді күйіндей тыңдады. Қарқылдап күліп мазақ етті. Тырқылдақ күлкісінен жаныма жарасы жазылмас азап жетті. Ендеше жақсыларға еп болудан қалсам, жамандарға сеп болмай қайтейін. Алыстан іздеген дұшпаның, ей, Тәуке, енді мен болып қасыңнан табылар. Ежелден табан аң-дысқан ата жауың мен болып, туырлығыңды кескілеп, тоқым қылармын. Ақ сарайыңның алтын булы керегесін қиратып, отын қылармын. Төрдегі орнымды төменге тастағаның үшін-ақ төрдегі толықсыған ханымынды төсіме басып, қатын қылармын. Бұтынды көтеріп, ұртыңды көптіргеніңмен алысқа ұзамассың, ұзатпаспын-ақ. Боздаған даусы қоздаған шерімді қозғаған ананың жоқтауына бозбаланың көкірек құлағын тоса қойсам, намысы оянбас па, кек-қыжылы өршімес пе. Жабыққанға жел берсем, тарыққанға өң берсем, қималы найзасын өңгеріп, алшағыр алдас-панын жарқылдатып тәуекелге бел байлап, атойлап шапқан нарқасқа жігіттерім ту сыртыңнан өтіңді жармай-ақ алар әлі. Күшіктей қыңсылаған даусынды, пұшықтай ыңырсыған даусынды аспанға шыңғыртып, асық жілігінді қазық қып қағып, қоң етіңді азық қып жермін-ақ сонда. Айдаһардай арбадым дерсің, елімді бөлінте көшіріп, ұлымды бөріккен қойдай маңыратып, аяқ-қолымды жіпсіз байладым дерсің. Жо-оқ, Тәуке хан! Мен төре ғана емес қара майға қанша бір майлап салсаң да еш қараймас ақсүйек сұлтанмын! Жай сұлтан ғана емеспін, кескекті ердің сойымын. Ендеше кескілеспей неге басылайын. Асқар таудың қия жартасына қарсы біткен қарағайдың еңсесі биік бойымын. Ендеше бұлтқа жетпей неге шарт сынайын. Шамдансам, шамырқансам, астымда қалып сүйегің

уатылар. Шарболатыма оратылып ішек-қарның шұбатылар. Қабырғадан аққан қанынды ат бауырына төгермін-ақ. Қара жердің қойнына сені де, жер болған, жер қылған жігерсіздігімді де көмермін-ақ!”

Осындай қайрау-пысықтау аралас қыжылды өкпе, қырсықты ерегіс даланы кернеп кеткен еді. Үдей соққан дауылдай дүрілдеген ашу тар кеуделерден асып төгіліп, қызынған көкіректерден тасып төгіліп тау бөктерлей, қия жартастай қалқиған ызалы жүректерге өрлеп жеткен-ді. Жез қаргыдан айрышған құба арлан қорашыл төбеттей қотан айналып жүруге қалай көне қойсын. Теріскейден дауыл соқтырмаса, төскейден бұлт үйірмесе, алыстағы дұшпаны табаламас па. Қасындағы досы куанбас па. Жо-оқ, дұшпанға таба болғанша, қара жердің қойнына кірген артық. Достың мазағына ілінгенше, сол досты лақтай бауыздаған артық. Ендеше балдағы алтын құрыш болатты балдағынан қанға боямай ұпай толар ма, кек қайтар ма, өш алынар ма.

. Екіленген сұлтандар еліргенде қыбырлаған қаралардың қабырғалары қаусамай қайтсін. Неғұрлым атқа жігіттерді көп мінгізсе, соғұрлым шауып алары да, тапап кетері де мол болмақ қой. Ереуілді ерлік тұтса, қарауышдағы қазақ басы доп боп домалайтын ежелден әдеті. Сол ереуілді кім бастады, неге бастады, қалай бастады деп ақ, қарасын тексеріп жатқан төлеңгіт бар ма. Төресінің езуі қисайса бітті, қиқаң етіп ерге қонады. Қиялап қыр асады. Қиғылық салып естекті шабады. Құйғытып барып орысты табады. Есі шығып есіріктеніп қолға түскен естекті есегінің құлағы етектей боп түрілген сартқа сатып жібереді. Аузы-басы жабағыдай ұйысқан орысты Хиуа асырып, жөнжобасын таптырмай, қиюын жасырып жібереді.

Қиқулап барып қарақалпаққа қол салады. Қодыраңдап қорқытып, аузындағысын сыпырып, алдындағысын айдап алады. Анау көршіні бір сұлатып, мына көршіні бір жылатып, дүркіретіп жылқысын қуып кетіп, қан қақсатып күлкісін тиып кетіп жатқан ”қарақшы қазақтарға” тоналған елдің патшасы, таланған елдің ханы қалай ашынбасын. Ұрланғанға іздеуші, тоналғанға жоқшы, өлгенге құн сұраушылар

бар екен. Жоғалғанды жоқтап, жаналғышталай дікілдеген жаушы, тоналғанды іздеп ызбарланып жеткен елші, өлген-жіткенді, қолды болып тұтқынға түскенді, құнын даулап, тірі жүргеннің өзін, не көзін әкетпек боп түнеріп келген құнықердің де енері ақ сарай, табары Тәуке хан болды. Онсыз да екі елдің арасына ши жүгіртіп, алакөздердің найзағай отын көбейтіп, ”түрт, шайтан, түртті!” қоюлататындардың қатарын сиретем деп жүрген әз Тәуке, енді мынау сау басқа сақина салмақ боп, екі елдің арасына от жаққан төрелер тірлігін тыюға біржола ден қойған еді. Өйткені Тәуке таққа отырысымен-ақ шығыстағы атышулы көршісі - жоңғар хандығы отыз жыл тыйылған шапқын-шылығын жаңғырта бастап, бір мың алты жүз сексен бірінші жылы әр сұлтанның ықпалында боп әлі де басы біріге қоймаған қазақтың әруағын қашырып, мысын басып, халықтың қалың ортасындағы Сайрам қаласын қоршап алып, екі жыл бойы бірде шегініп кетіп, бірде лықсып жетіп жүріп, ақыры әбден әлсіретіп барып, басып алған еді. Қасарысқан қамал халқына қатты өшіккен Сыбан-Рабтан хонтайшы гүлденген қаланы қақырата қиратып, үйіндіге айналдырып, кент тұрғындарының бұлттан шыққан күнін шұбар ғып, буыршынды мұзға тайдырып, бұлықсыған ұланды құл ғып байлап әкетіп, толықсыған сұлуды күң қып айдап әкетіп, қатарланған қара нарларға алтын мен күмісті теңдеп, қаздай тізілген арысты арбаларға қазына-мүлікті тиеп, Қазақ Ордасының әсем ұйытқысын - Сайрамды ұйқы-тұйқы ойрандап, мыңдаған халқын қынадай қырып, мындаған жұртын тұтқын ғып шұбыртып, қисапсыз олжамен еліне оралған еді.

Осындай ойсырата соққыға ұшыраған Тәуке, әрине, Ордасын нығайтып алмай, айналасына елін біріктіріп, күш-қуатын еселеп алмай ашқарақ көздерін алақ-жұлақ қадаған көршілеріне, әсіресе теріскейдегі орыс өкіметіне кердендік таныта алмас та еді. Сол себепті де тас құрсауды сәл де болса кеңіте түсу үшін, бейбіт кезенді сәл де болса ұзарта түсу үшін, аларған көршіге де, безерген көршіге де амалсыз бас шұлғып, еріксіз иек қағып: ”Татулықта тәуба бар! Тентегімді

тиям! Кінәліні табам! Тұтқынды алмастырам. Шабуыл-шандуылды тоқтатам!” деп үйіп-төгіп уәде бердің бе, ханның жарлығын жасадың ба, өл-тіріл, сөзіңде тұр. Күй мейлің, жан мейлің, бірақ жарлығынды орында.

Тәуке айтқанын орындауға тырысып-ақ бақты. Ендігі тілекті төреге емес қараға салды. Ел болайық десек, бүлінбейік, бірігейік дегенді уағыздады. "Беркініп садақ асынсақ, біріндеп жауды қашырайық. Шаруасын күйттеп жүрген қарабайыр жұртты - естек-башқұрт бола ма, қарақалпақ, өзбек сарты бола ма, қарашекпен орыс бола ма, шауып барып, тапап қайтуды тоқтатайық. Бір бие алсаң, он қылқұй-рығыңды қуып кетер ертеңгі күніңді ескерсең, әлдекімнің көшінің бұйдасына, көлігінің тізгініне жармасуыңды доғар” деп өтініш сәлемін жеткізді. ”Өзіңде жоқты тартып алу бүгін оңай болғанмен, ертең ізіңше қуып келген азулы көршілеріңнің алдында күнә-кінәңді мойындап, мойныңнан су кетіп, тартып алғаныңнан артық төлейтініңді ескер. Төреге ерген ертоқымын арқалар дегенді есіңнен шығармағын, қарабайыр қазағым!” дегенді билері арқылы да жеткізді. Жасауылдары арқылы да жеткізді. ”Іргеден ши жүгіртіп жатқан дұшпандарымызға сылтау тауып бермейік. Күш жию - ес жию екенін есімізден шығар-майық, жамағат. Әдейі арандатып жүрген сұлтан-дардың қасақы әрекетіне сендер ұйымаңдар да ер-меңдер. Мынау желкемізден жоңғар найзасы төніп тұрғанда, арқамыздан орыс зеңбірегі зіркілдеп, көк семсері сумаңдағалы тұрғанда, одыраңдап жүріп от басып алмайық. Соғыс өртін тұтатып алсақ, мынау әлсіз күйімізбен алысқа ұзамай, үзіліп тынармыз” дейтін шындығымен иліктірген еді. Содан кейін-ақ бір түссе, қолқ етіп түсетін аңқылдақ қазақ, бір құласа, шын көңілімен барынша құлайтын таза қазақ аштан өлсем де арам жемейін, адалыммен өлейін дегенге ұйыған ғой. Содан кейін-ақ әр тұстан әр түтінін әр қарауыл төбеден қаншама шудалатса да, әр қиырдан қаншама қиғылық салып арыстанша ақырса да, селтендеген сұлтандардың соңынан әдеттегідей қыр-шаңқы торысына тоқымын сала салып, тоңқылдатып ере жөнелетін құнжыңдасқан тірлігінен қара қазақ сап

тыйыла бастайды ғой. Ол ол ма, осы қарашы халық әрі-беріден соң ел ішінің аласы мен құласын азғырып азғындатып жүрген хан тұқымы төрелер дегенге түгел ойысып, биліктің екі шылбыр бір тізгініне қос қолдап жабысып, бұра тартып бүлікке бастаған кей сұлтандардың қандыбалақ ұрыларын, шаш ал десе бас алар жандайшап жасауылдарын бұрап, бүктеп тастаған да еді. Әсіресе білекті батырлары көп Орта жүздің ықпалды биі Қаз дауысты Қазыбектің сұлтаңдар бүлігін басуда еңбегі ерекше болған еді. Сайдың тасындай маңайына топтаған Қанжығалы Бөгенбей, Көрсөн Аралбай, Қозыбақ, Рысқұл, Керней Түйте, Қаратоқа Мырзамбет, Әлтеке Дос сияқты батырлар тізе қосып атқа мінгенде қай-қай сұлтаның болсын басылып, жүні жығылып, жаутаңдап, жалтаңдап ыңғайға көше бастайтын. Әрине жаугершілік заманның жаудың бетіне, желдің өтіне, жердің шетіне ұстайтын батырының әманда мерейі мен беделінің үстем болатыны, құрмет-қадірінің артық болатыны белгілі. Ел қорғаны - қарулы сарбаз қашанда биік мәртебеге ие боп өткен ғой. Сол себепті де тебінгісі терге шіріген, егеулі найзасын көлденең ұстап ат үстінде күн көрген азаматтың асқақ абыройы ата даңқымен ақсүйекпін деп кеуде соғатындардан әсіресе Тәуке хан тұсында әлдеқайда асып кеткен еді. Темір қазық жастанып, ер төсектен безініп, желп-желп еткен ала тудың астында ақ білектің күшімен, көк найзаның ұшымен жау қашырған бағланның бағасы бай боп пайдасы халыққа тимеген, батыр боп найзасы жауға тимеген көбік ауыз күбі кеуде төрелерден әлдеқайда жоғары да болған. Әлдеқайда мәртебелі де болған.

Әрине, Тәуке де ет пен сүйектен жаралған жан. Қазақ Ордасының ақ сарайына ұлысбектері арқылы да, төре-сұлтандары арқылы да, елші-жаушылары арқылы да үйіліп-төгіліп келіп жататын кең-байтақ даласының тың түйін, шытырман сырын шешерде, сол өрекпіген төрелердің, әділет дейтін ұлысбектерінің, мынды айдаған байлардың, мынды байлаған батырлардың есеп пен есеп салыстырып, ұпайдан ұпай асырмақ болған ниеттерінің адал-арамын, ағы мен қарасын анық саралауы әбден қажет-ақ.

Тәукені осылар қатты қинаған. Қиналған хан осындайда қол артар иықты, ақыл қосар білікті әрине қасынан көп көргісі келеді. Сол қолын артар иықтысы, артқан қолын ауырсынбай шын пиғылымен жотасын тосар ма. Әлде артылған білекті қиқаң ете түсіп, бүріп алып, бұрғалық сала қоюға тырысар ма. Ақыл қосар дейтін биік біліктісі, ақылын бұлдамай, сөзін құндамай құлағына адалдық, әділдік бұлағын құяр ма. Әлде ақылым деп тақыстығын өткізіп алып, тақымына қылбұрау салар ма. Қайсысының ішіне кіріп шығарсың. Құйрық-жалсыз күн көруің қараң. Жалғызды жәукемдеу тым оңай. Жаңылыс бассаң, жаңсақ кетсең - жағаңа жармасар қол алыстан емес жақыныңнан-ақ табыла кетеді. Табыла кетеді де, алқымыңды сығымдап, жаныңды мұрныңның ұшынан сығып алады. Содан соң ертоқымы босап, шылбырын сүйретіп шекелей басқан Ақмоншақ аттай тұл қалған тағыңа әлдекім әлдекімдердің кеңестерінсіз-ақ қонжиып ала қояды. Одан әрі кешегі Бахадүр тірлігі Қазақ Ордасына қайталап соғары әрине аян.

Жо-оқ! Тәуке оған жібермейді. Алты алаштың аузын біріктіріп, мемлакатының іргетасын сомдап, елін нық біріктіріп, алты ұлысбегін айтулы азаматтарынан сайлап алды. Бұл үрдісте еш жаңылыспапты. Ел ішінің бұрынғы күн сайын өрбитін, күн сайын атысып-шабыстыратын бүлік-былығы пышақкесті тыйылып, бүгінде қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған беймарал тіршілік оралды. Қол бастар, қосын бастар, түмен бастар, мыңды бастар сардар мен әскербасыларды батырлар арасынан тағайындап, ләшкердің де сайма-сайлығын күшейтіп, бекемдігін бекітіп алды. Бұл өрекеті де көңілдегідей шығып, ішкі һәм тысқы іріткітушілік пен арандатушылықтың алдын алумен келеді.

Ендігі бір шешілер қиын түйін - мына қасиетті қара шаңырақтың - хан ордасының болашақ тақ иесі мұрагерді тап басып, анықтап, ажыратып қою. Кездейсоқтық дейтін кесірдің аяқ асты килігуінен адам ойына кірмес аласапыран оқиғалар туып кетуі кәдік қой. Соны болдырмаудың ең бір төте жолы, соңыңа ерген, сені басшым деп құлшынып ілескен

сұлтандардың ішінен іріктеп алып хан сайлап, мұрагер тағайындау.

Осы ыңғайға ойысқаннан бері Тәукенің түнде ұйқысы ашылып, күндіз күлкісі қашып қалың ойдың құшағына сүңгіп, шешуі қиын шытырманға шырмалып қалғаны бар. Сүйенерім десе, ертеңгі қазағымды ертіп әкетер-ау дейтін сенім артайын десе, ең алдымен Әбілқайыр сұлтан көз алдына орала береді. Ал Әбілқайыр Жәнібектен тарағанымен, Үсік, Бөлекей-Қоян бұтағына хандық өмірі бұйырып көрмепті. Хан бұйырмаған бұтақты хан етіп сайлау үрдіске қайшы, дәстүрге қырын келмек. Әбілқайырдың өз басына таға қояр кемшілік аз. Қол бастаған батыр екені, ел бастаған билікті де білікті екені кең даланы жайлап кеткен. Адалына ара-тұра араласып кететін аздаған, аздаған емес-ау атанға жүк болардай қулық-сұмдығын кеудесінен аластауға құштар емес. Сол қулық-сұмдықты өзгенің игілігіне жұмсар болса, әрине көз жұмар едің де, көрмеген болар едің. Әбілқайыр бірақ сол қулық-сұмдығын өзімшіл озбыр тілекке, өзімшіл мешел мақсатқа жұмсап, әлекке түсіп қала береді-ау.

Ағайынға ауайын, жақынымды жақтайын десе, немере інісі, Сырдақ ханның ұлы Қайып сұлтан жүр қасында қалқайып. Жүген жұлқып, ауыздық шайнап, бұйда үзіп, бұлқыныс танытқан жері жоқ. Білекке шоқпар іліп, жүрекке қалқан төсеп жауға қарсы шабар айбары да бар. Үшеу-төртеудің дауын шешер, бесеу-алтаудың аузын алар байламы да бар. Әй, бірақ анау Әбілқайырдай алысты жақындата қоярлық, жақынды қауыштыра алармық биік өре, алғыр ақыл жетің-кіремейді-ау шіркінге. Ал енді сол баяғы Қасымнан қалған қасқа жолға, Есімнен қалған ескі жолға ойыссаң, әкенің тағы балаға мұра дегенінен қалай ауытқып кетерсің. Исі алаштың ұрпақ жағалаған үрдісінен жаңылмай дәстүрін сақтаймын десе, онда өзінің белінен жаралған Болат сұлтанды қауқайтып хан көтеруі керек. Бірақ Болат сұлтанға Тәукенің көңілі толмайды-ау, толмайды. Толу қайда, сұлтанның өркөкіректігі, шұғылдығы, тайыздығы, тыз етпелігі ханның тауанын талай қайтарып, талабын талай мұқалтқан. Елдің сөзін сөйлейтін жерде ездің сөзін езіп отырса,

біріктірдім, кіріктірдім деген сол киелі елінің іргесін ыдыратып жібермес пе екен дейтін күдікті қаупі кеудесін үнемі басады да тұрады. Бірақ қалың қазақ арасында қалыптасқан дәстүрді сақтамай, алашты алаш еткен үрдістен аттап кете алармысың.

Осындай толғағы көп, толғандыруы көп қиын түйінді Тәуке хан бір мың жеті жүз оныншы жылғы Қарақұм құрылтайында күлтілдетіп, бүлкілдетіп шешіп еді. Яғни пышақ кешкендей бірден кеспей, Әбілқайырды да, Қайыпты да, Болатты да хан сайлап, түптің түбінде ұлы ханды ел өзі тандап алып, төбесіне көтерер деген оймен былқ-сылқ еткізіп ертеңгі күннің есеп айрылысар үлесіне итере салған-ды.

Сол Әз Тәуке, алашының айбыны болған Тәуке, қазағының қайраты болған Тәуке міне көз жұмып, елін еңіретіп, жамағатын жылатып, қара жердің куысындағы мәңгі жайына аттанғалы жатыр. Қасиетті ханының жамбасы құт төсегі - қара топыраққа тиместен түбіттей түтетілген ойлар түнерген жүздердің қас-кабағынан білініп, түнерген жүздердің жыбырлаған еріндерінен тамшылап жатыр.

”Әй, бір болса осы жолы Қайып хан болар-ақ. Қашанғы аузына апара берген сыбағасын сыпыртып басқаларға ұсынта берер. Бермес енді. Сырдаққа бұйыртпай, біресе ұрым-ұрқы белгісіз Бахадүрге бір жамбастатып, одан әрі сырғытып Тәукеге жамбастатып келген алтын тақты, әділет бар болса, жасаған тәңір оң көзімен қарап, Қыдыр қонып, бақ дарыса, дәл Қайып ханның астынан көрерміз-ақ” дейтін кейбір жылпылдақ ерінге мына тұстан екінші біреудің кергіген даусы ыңыранып қосылатын.

”Әу, қасқалар-ау! Қайда адасып барасыңдар? Сыбырлағанды құдай естімейді деймісіңдер. Әлде өз көңілдеріңдегіні өзгеге сездіруге тырысқан түрлерің бе? ”Қайып, Қайып!” дегендеріңнен байыпты ештеңе өнбейтінін әдейі байқағышарың келмей ме. Әу, әкесі Сырдаққа тимеді деп сыналап енуге дайын тұрсындар ғой. Сондағы сыбаға санайтындарың хан тағы екен-ау. Мұртыңды майлап, ерніңді бұлтитып, езуіңнен майын ағызып, малжаңдай шайнап, қылғына жұтып жіберетін қазың мен қартаң ғой деп пе едің қасиетті

қара шаңырақтың алтын тағын. Жо-оқ! Атадан қалған дәстүрді неге қиратқызайық. Бабадан жеткен үрдісінен неге жаңылайық. Ендеше ат айналып қазығын табады. Тақ үйіріліп иесін табады. Тақ иесі - Болат хан. Әз Тәукенің бел баласы! Ендігі елдің айналып иірілер темір қазығы да сол!”

Үшінші тұстан әлгі екі еріннің кергуін жақтырмай үшінші бір түңіліктей ерін түріліп бір беріп, суылдап ала жөнелсін: ”Оу, шіркіндер-ай! Сөз етпесті сөз етіп, бөз жетпесті бөз етіп, тіл мен жаққа сүйеніп безектей бергенді қашан қояр екенсіндер. Осы сендердің дәл осындай бас жоқ, көз жоқ төпелей беретіндеріңнің кесірінен жақтан басты айырып, көсемім мен кемеңгерімнен тақты айырып қойған келеңсіздікті неге көрмейсіңдер. Жәдіктің тұқымы аспаннан аяғы салбырап түсе қалып па екен. Тақты да сол Жәдік тұқымынан асырма, бақты да сол Жәдік әулетінен басқаға бұйыртпа деп қай құдайың тапсырып кетіп еді. Көрсетші сол құдайыңның құранға жазып, қалдырып кеткен өсиетін. Әйтпесе жарапазан айтқандай ”Жәдік, Жәдік!” деп құр босқа басымды ауыртпандар. Дүние - аумалы-төкпелі. Аунаған дүние төңкерілмей ме екен. Төңкерілген дүние төгілмей ме екен. Төгілген дүниенің халқы ығысып, ханы ауысып, дәстүрі түзеліп,үрдісі оңға баспай ма екен. Аумалы-төкпелі заманның Жәдігі де, Жәдіктен тараған үрім-бұтағы да мынау қасиетіңнен айналайын Әз Тәукемен бірге келмеске кетті. Енді дүние жаңа дәстүр, жаңа үрдіс, жақсы тілектермен толады. Сол жақсылардың басы - Әбілқайыр сұлтан. Қол бастар сардарлығы бар. Қолтық суырып, бас ұшырар батырлығы бар. Келеге салсаң,кереметтей буралығы бар, кеңеске салсаң, кесіп түсер туралығы бар. Алаштағы жақсыдан бата алған, жауының қанын қанжар жүзінен тата алған жау тоқтатар ерлігі бар. Қабырғасын қаусатса да, қасын-дағыны қарақтамайтын нарлығы бар. Оқ тартарға қолы ұзын, орайы келген жерінде тартынбай сөйлер жолы ұзын, ту түбінен ту алған нағыз дүрдің өзі емес пе. Ендеше ендігі ханың да, ендігі тірегің де дәл осы Әбілқайыр ғана. Қошқар мүйізді, теке мүшелі, қоян шекелі арқар ұрандылардың ішінен Әбілқайырға

маңайлар да ешкім жоқ. Бұл жолы ұлысбектерің де, ру билерің де Әбілқайырдан асып кете алмас. Кетпес".

Осындай күбір-сыбырдан басталған өсек-аяңды тесік құлақ, қуыс кеуде болса, осы бастан іліп алып, құя берсін деген есепшіл тілекпен әр ауыздан көпіртіп, кең даласына таратып жіберген Қазақ Ордасы қасиетті де қадірлі Әз Тәукені Әзіреті сұлтанның күмбезінің қасынан қастерлеп жер қазып, жай дайындап, ақырғы құт мекеніне жылап-сықтап қоштасып табыстап еді.

2

Әз Тәукені алты алаштың ардагер азаматтары, исі қазақтың іске алар, игі жақсылары - ұлысбектері, сұлтандары, батырлары, билері, ақын-жыраулары ақ жуып арулап қойған соң, еңсесін тіктей алмай езіліп жүріп жетісін өткізді. Енді дәл осы жабырқау күйді одан әрі жалғастырып, жердің шалғайлығын, жолдың алыстығын ескеріп, тұс-тұсқа ыдырамай, ұлыс-ұлысқа беттемей осы тұтас қалпымызда қасиетті ханымыздың біржолата қырқын да өткізейік деген ниетке тегіс ұйыған еді. Әрине қырқын өткізейік деу айту үшін, бірінің алдында бірі арылу үшін сыныққа сылтау ғана екенін екшемеген және біреуі де болған жоқ. Ендігі жерде мынау жан-жақтан күйылған құзырлы жиынның ортасына түскен аса үлкен даудың шешуін таба қоюы қиын екенін де түсінбейтін бөрікті шыға қоймас. Ол - Тәукенің тағына билер кеңесінің шешімімен ұлы ханды қастерлеп отырғызу. Сол себепті де қырқын өткізуге қалған мынау ақсақал тобы уақытты босқа жібермей, екеу-үшеуден оңаша бас қосуларды жиілетіп жіберген еді.

Он екі қанат үлкен ақ ордада түскі астан кейін сәл мызғып кетіп, дем алып жатқан Қазыбек бидің есігін ашуға асыға басып бара жатқан адамды Түйте батыр білегінен ұстап қана тоқтатты.

- Бөкембісің? Биаға осы әлгінде ғана көзін іліп еді, - деп саусақтарын тез босата қойып, Бөгенбай батырға кәдімгідей құрмет танытып қолын кеудесіне төсеп басын иді.

- Ә, Түйте, солай мед?! Апырай, өз ағаңмен оңаша кездесе алмаудан өтер қиын не бар екен. Қайда барсаң, аңдыған көз. Бөгеген қол. Не боп барамыз? - деп батыр ауыр денесімен түгел бұрыла Түйтеге жақтырмағанын жасырмастан алара қарады.

- Маған не істе дейсің, Бөкем? Биағамен кездесем дейтіндер де, оңаша бөлектейтіндер де бүгіндері тым көбейіп кетті ғой. Нансаң, ағамыздың қай кезде тынығып, қай уақта көз шырымын алатынынан да адасып қалдық,- деп Түйте кінәсін түсінген түрмен жуып-шая бастады.

- Кездесетіндер, бөлектейтіндер көп деймісің?-деп енді әлгіндегі қатыңқы қабағын тез жадырата қойып, Түйтені есік алдынан аулаққа иығынан демеп бастай жөнелді. - Сонда солар не дейді? Неге бөлектейді Биағаны?

Түйте кідірді. Батырға жүзін тіке қадады.

- Әу, Бөкем-ау, оңаша кеңестің не түйетінін, не байлайтынын мен қайдан білейін.

- Білесің, Түйтем. Басқа білмеуі мүмкін, сен білесің. Сен анау Аралбай батыр екеуің Қазекеме тонның ішкі бауындай жақынсыңдар. Сендерден Биағаның жасырар сыры жоғын мен білмейді деп пе едің,- деп Бөгенбай енді жүзіне күлкі табын жүгіртуге тырысты.

- Әрине Биағаның Аққем екеуміздің жасырар құпиясы болған емес. Ал өзгенің құпиясына өзіміз де онша құмартпаймыз.

- Әй, қайдам. - Батырдың жүзі құбылып, түсі суып қоя берді. -Жақындатқың келмейді ә. Ағайын арасына да алалық кірейін дегені осы-ау. Әлден-ақ өз ағам, өзектесім деп жүргенім өңменнен итеріп, сыртқа тебеді.

Түйте түтіге булығып кетті. Қоңыр өңде қызара бөртіп шапшыған қан дуылдады. Батырға қырыстана қарап тұрып, қылғына жұтынып алды да, төпелей жөнелді.

- Әу, Бөгенбай! Адамның түсіне қарап ішіне кіріп-шыққандай түңілгенің қалай? Түйтенің тірі пендеге иненің жасуындай қиянат жасады дегенін естігенің бар ма еді бұрын. Әлде тортаң-тосыраңқы мінез көрсетіп буып, буындырып алайын деп әлек боп

тұрсың ба. Әйтпесе жүрегіңді алқымыңа тығып, тынысынды тарылтардай алалықты ағайынға да, саған да қай жерде көрсетіппін?

Бөгенбай сасып қалды.

- Апырай, өзің өкпелегеннен саумысың? “Өкпем жоқ, тұлабойым бәрі бауыр” дейтін Қаракесек сендер емес пе едіндер,- деп бәсеңси түсті.

Түйте қайта қоймады. Даусы әлі де қатқыл естілді.

- Өкпесіз Қаракесекті онда енді бауырынан да жұрдай еткелі тұрғаның қалай?

- Е, не деппін соншама?

- Есеп түгендегелі ме, ұпай салыстырғалы ма, әйтеуір маған беймәлім әлдебір себеппен өсек тасытпақшы болғаныңа, інім, күйініп тұрмын.

- Оу, сен өзі, Түйте, тереңдеп барасың ғой. Өсек тасы дегенім емес, өзімсінгенім еді ғой. Мына ортаға сын түсіп, бүкіл алаш баласы содан қатты дәмеленіп... - Сәл кідірді де, ойын іркуді жөн көрмеді. - Жіліктің майлы басы кімге ауады. Билер әуені қалай қарай құбылады. Кім ұтылады, кімдер ұтады. Алаш, алаш дей қойғанмен алаштың баласы ағаштан да көп екенін мен де білемін. Сен де білесің. Көпке бірдей жете берер сыбаға да жоқ. Біреуді жарылқайды. Біреуді жасытады. Соны, сол ертеңгі байлауды бүгін жорамалдап отырғанның да артықтығы жоқ. Осыны сенен сезсем бе десем... Өзімсінгеніме де өкпе тағамысың, жарқыным?

- Ұпай дейсің?.. Ұтылам ба, ұтам ба дейсің. Сонда анау бүкіл Қазақ Ордасының билері шешетін мәселені, Бөкем, сен жалғыз шешуден саусың ба? Оның үстіне сен ұтылып, не сен ұтар қандай қисын бар еді?- деп Түйте енді батырға ажырая қарап, әрі танданғанын да, әрі жаратпағанын да анық сездірді.

Бөгенбай әлгі ашық қарастан тайсақтап, көзін жасыра жыпылық қақты.

- Сен, Түйте, мені қай қиырға қаңғытып барасың. Ұтылам ба, ұтам ба десем, өз қамым ғана ма екен. Өзім үшін қинала да қоймайтынымды білесің. Ер азығы мен бөрі азығы жолда. Әрине билер шешетін түйінді мен де, сен де шиелей алмаймыз. Бірақ соны шиелейтіндердің аузы қалай қисаяды. Түтіндері қалай қарай ұшады. Естімегім сол еді. Одан басқа бөтен ойым жоқ.

- Онда Биағамды бүгін мазаламайық, Бөкем. Шиеленсе де шешілер бір түйін ғой түбінде. Асыққанда не, ентіккенде не,- деп Түйте де ыңғайлана берді. Алайда Бөгенбайдың шапшаңдығы тағы ұстады.

- Асықпаң не?.. Әліптің артын бағам деп талайдың аузы ұрылғанын ескергін келмей ме? Қашанғы қапы қап, сан соға берерміз. Жақсылық пен жамандықтың жағаласып жүретінін ұққан туысым едің. Мынау бөтен бөгденің сөзін сөйлегенің қалай?- деп қиялай тартты.

- Бөтен бөгденің сөзі деймісің? Сонда жақын жанашырдың сөзі қандай болмақ. Жаңсақ баспайық. Өзгені де, өзімізді де адастырмайық дейтін Биағамның жолынан бұра тартып, бұзып шық деуің бөтен бөгделік емес пе сонда?- деп Түйте даусын екпіндете Бөгенбайға дүрсе қоя берді. Манадан жасы, кіші болса да, жолының үлкендігін сыйлап, сипай қамшылап тұр еді, көрнеу көзге қиянаттағанына қатты кетті.

Бөкең де аңдамай апырақтап кеткенін ұқты да, жүзін жылытып, ұялған тек тұрмастың әдетімен ағасының арқасынан қағып-қағып қалды.

- Өй, аға-ау! Бөтен бөгде десем сені, осылай айтар ма едім. Ашушаң болармысың соншама, Түйте бауыр. Мүмкін мен сені сынамаққа әдейі солай деген шығармын.

- Сынама өйтіп. Не мен сынармын, не сен сынарсың, буынсыз жерге пышақ ұра берсең.

- Бәсе десе! Оу, Бөгенбай!

Екеуі жалт-жалт қарады. Алтын үзік ақ ордадан жеңіл жұқа шапанды иығына салбырата жамылып, асықпай аттап келе жатқан Қаз дауысты Қазыбек би ұйқысы шала жүздің үлкен жазық маңдайын жар-қырата жақындады.

- Оу, Бөгенбай! Ұтымды сөзге дау жоқ еді ғой.

Бөгенбай сасқалақтаған күйде екі қолын ілгері соза, алып денесін шапшаң қимылдатып қарсы ұмтылды.

- Ассалаумағаликум, Қазеке.

-Уағалайкүмсалам. Дауылдатып келдің ғой. Көптен іш пысты боп, майданға кірер жау сағынғаннан саумысың.

Қазыбек жай ғана кеңк-кеңк күліп, Бөгенбайдың алақанында жатқан күректей алақанынан тарта түсті.

-Жүр. Мені іздесең, неге табылмайын. Күпті көңіл көмек қажет етеді. Ақыл қосарсың.

Үшеуі ақ ордаға енді. Түйте қонағының астына көрпеше жайып, биге де, батырға да шынтақтаса деп жастық тастады.

- Ал, айта бер. Айтарың мол тәрізді,- деп Қазыбек қыр мұрнының ұшын сұқ саусағымен егеп жіберді. Қасындағы көңілі түскен жанға пейіл бергенде жасайтын қашанғы әдеті еді ол.

Бөгенбай бір шайқалып қалып, көздерін Түйте жаққа қарай серпіп өтті. Би онысын да аңғарды.

- Бөтен бөгде ешкім жоқ мұнда. Бастай бер, батыр.

- Қазеке, мынау жылау күндер, қаралы күндер қазақтың қабырғасын қайыстырып кетті ғой. Әз Тәукедей асқарымыз құлаған соң, аспанымыз тірексіз қалғандай әр кеуденің қорқынышты үрейі көбейді. Сол тірек болар аспанымызды еңкейтпей, асқарымызды жоқсынтпай анық табу, дәл болжау ендігі елдің өксігі ғой.

- Иә, өксігі екені рас. Өксігеніміз де рас, Бөгенбай.

- Өксік елде ғана ғой, Қазеке. Елдің өзегінде ғой. Өзгелерде есеп қана. Есесін түгендеу дейтін амал ғана!- Бөгенбай сөзінің аңғары биге қалай жетерін пайымдағандай сәл кідіріп, бетіне бетін бұра, көз тоқтатты. Бірақ Қазыбек батырдың сөзінің төркінін анық ұқса да, түйінін қалай тастар екен дегендей үнсіз тосып қалды. - Көптің ішінде аласы мен құласы боларын, Қазеке, менен артық білесіз. Тірінің тірлігін жасайық деп әлден-ақ қопаңдай бастаған кейбіреулердің ьщғайынан шошыдым-ау.

- Е, не боп қапты... Не деп қопандайды? Қайтіп қопандайды?

- Қопандайтындарды жұрттың бәрі біліп отыр ғой,- деп Бөгенбай күмілжіді. Онысы ”Жұрт білгенді сіз қалай білмейсіз. Әлде білмегенсисіз бе?” дегенін Түйте де түсіне қойды. Жалт етіп жақтырмай қарады. - Жұлысқан майдан емес, майда кеңеске кіріскендер уілдескен сөздерге, дақпырт-лақапқа жел үрлеп, жол ашып берген жоқ па.

- Қазақтың желі де, желсөзі де көп қой. Қайсыбірін тоқтатарсың, қайсыбірін тиярсың. Жел соқпаушы ма еді. Жел сөз желмеуші ме еді.

- Әу, Биаға-ау! -”Биаға-ау” дегенде Бөгенбайдың даусы қаттырақ шығып еді. Айналасын қымтап, ештеңені өткізбес қамалға айналған ағаға деген қыжыл ма, немесе өзін өзі қамшылауы ма, бірақ биге онысы онша әсер ете қойған жоқ. - Желдің артында дауылы бар ғой. Желсөздің артында бітпес дауы бар ғой.

- Рас, рас. Даудың сөзден туары, дауылдың желден турары рас. Сен сонда, Бөгенбай, дауыл үйірер еліңнің қамын жейсің, ә. Дау шайқалтар ордаңның орнықты болуын ойлайсың, ә. Жөн-жөн.

- Неге ойламайын. Әттең, қол қимылы үнемі ем болмайтыны жаман. Әйтпесе...

- Әйтпесе, аттандап шауып, ақыра тиіп берер едің, ә, батырым. Ойдағы бола берсе, бұл жалған дүние жұмақ ататар ма еді, қайтер еді,- деп би сәл күрсінді де, есіктен шара толы қымыз көтеріп енген жігітке ”келе берін” білдіріп әнтек бас изеді.

Бір-бір тостаған қымыз тастап алған үшеу, әлгі жігіт шығып кеткеннен кейін де біраз томсарып отырып қалды. Үнсіздікті Түйте бұзды.

- Биаға, осы таққа... анау ақ сарайға Қайып, Болат, Әбілқайыр үшеуінен басқа ыңғайлы ешкім жоқ па?

- Ау, Түйте, батыр аңғал дегендей Әз Тәукенің өсиетін аяқ асты қылмақпысың. Сол үшеуді хан сайлатып, ұлы ханды сол үшеуінен таңдауды ел таразысына тастап кеткенін есіңнен шығарғаның қалай?- деп би елең етті.

- Сонысы бар екен-ау,- деп бас шұлғыған Түйте екі қолға ермек болсын дегендей арқар мүйіз ожауды ұстай алып, баппен қымызды сапыра бастады.

- Сол үшеудің бірін дұрыс тандау ғой ендігі тірлік те, ендігі қиянкескі тартыс та,- деп Бөгенбай сөз қыстырды.

- Қиянкескі тартыс дейсің, ә... Сол қиянкескі тартысың ағайынды жамастырар ма, араздастырып алысқа адастырып әкетер ме. Бірақ тартыстың бәрі төбелес емес қой. Тірліктің бәрі қатулық емес қой.

- Қазеке-ау, қай-қай тартыста да таралғы үзілерін, қар таларын, ар тоналарын менен жақсы білесіз. Анау ауызы ауызына жабысып жатқандардың сол қиянкескі дауды осы бастан тұтата жөнелгеніне мынау Түркістан

кентінің халқы тұрмақ, сонау шексіз далаңыздың шекесі солқылдаған қазағы күйініпті,- деп батыр алдына келе берген тостағанды алақанына қондырған бойда жұдырықтай жұтқыншағын жоғары-төмен екі-ақ қыдыртты да, көмейіне қылқ-қылқ құя салып, босаған ыдысты ішкі екпіннің лебімен шиырып жіберді.

Қазыбек мырс етгі. Ажарлы беттің әжімі жиырылып барып, жазылды.

- Сол даудың бір ұшығы, батыр, сенде жатыр-ау ыңғайыңды бақсам. Мысықкөмбелеп қайтеміз. Ішімдегіні тап деп кеудені құлыптасаң, әрі қырбай, әрі шалғай кетерміз. Аш онда кеудеңді. Ақтар көмбенді!- деп би төтесіне көшті.

Бөгенбай дәл осылай оқыс шап беруді күтпеді ме, аз тіксініп, биге қалта қарап, ойланып қалды.

- Ақтаратын нем болушы еді. Әлде мені жау қумай сөз қуған біреу көресіз бе?- деп қашқақтатпақ болған батырға Қазыбек үлкен көздердің қарашығын қозғалтпай тіктеді. Қалың қасты қабағы сәл түйіле түскенмен, ажарлы жүзде ашу жоқ еді.

- Шалқаямысың! Қоймам жоқ дейсің, иісін бірақ қоңырсытасың. Жақсы ниетің болса, жасырып әлек болар ма ең. Әй, сенікі машақатты бір қолқа боп жүрмесін осы,- деп би енді Бөгенбайдан аударған көзін Түйтеге қыдыртты. ”Сездің бе, сезіктеніп секіре ме, сергелдеңмен секіре ме, мына туысыңның бүгінгі мына сөз саптауы тегін еместі” анық білдіріп, үлкен көздері ілез күңгірттеніп бара жатты. Түйте Биағасын түстұстан килігіп, бірі мазасын алып, бірі ызасын келтіріп, қабағына қарап жатпайтын көп келгіштерден қорғай алмайтын қауқарсыз күйіне қапаланатын. Қазір де жүрегі сыздаған ағаның жайын түсініп, шытынып қалып, Бөгенбайға жалт қарады.

- Әу, Бөкем! Ақтарарың жоқ болса, ақылдасар кебің бар шығар. Күпініп келіп, күмілжіп мына отыруың не? Әлде сені де аларым қанша, ұтыларым қанша дейтін күдік қиналта ма? Сөйтуі де мүмкін-ау.

-Жә, Түйтем! Аптықпа босқа. Бөгенбай, сен мынау Түйтеден қанша кішісің?

- Бір-ақ жас кішімін ғой.

- Е, онда Түйтенің сөзін ауырлайтын ретің жоқ екен. Қазақ бес жасқа дейінгіні бел құрдас деп қалжыңдаса береді. Әйтседе, бұл ағаңның сөзінің де жаны бар. Таразыға ел түсіп тұр. Елдің болашақ бағы, не батпандаған соры түскелі тұр. Соны ұға алар игі жақсылар көбейсе, қыңыратқуға жол бере қоймас. Әбілқайырды алқалай ма, Қайып ханды аспандатар ма, Болат ханзадаға аунап түсер ме ел ауқымы, ертеңгі билер кеңесінің шешімі тиянақтар.

- Тиянақтар ма, торықтырар ма - әлден әркімге жел беруді шығарыпты сол игі жақсылар,- деп Бөгенбай еркінен тыс гүр ете қалғанын өзі де аңдамады. Бірақ “Айтылған сөз - атылған оқ. Айтқанымнан қайтпанды” ұстанғандай биге қадалған көздің кірпіктерін жыпылықтатқан жоқ.

- Кім не депті? Әу, айтсаңшы ашығын. Көрсетсеңші көмейінді түгелімен!-деп би қабағына кейіс іліндірді.

- Айтам. Айтпай...әдейі айтқалы келдім, Қазеке. Аға деп арқаланып жеттім өзіңізге. Айтам да, базына ғылам.

Қазыбек қадала қарап отырып, бас изеді.

- Елге ылаң кіргелі отыр, Қазеке. Ылаңның алдын алмасақ, ел мүлде бүлінгелі тұр.

- Не қылған ылаң ол? Тентектің кінәласқанын елдің ұрандасқанына балаймысың әлде. Қоздана сөйлегеніңе қарағанда қоздана бастаған өрт бар-ау білдірмей жанған. Айт онынды. Жасырма!

- Жасырып қайтейін. Ара ағайынның мінезі ғана ұстанғаным. Қарыма да тартқаным, қандасыма да тартқаным болған емес. Менікі Әбілқайыр жайы. Соның үлестен үнемі ұтыла берер ақауыздығы.

Қазыбек шайқалып қалды. Қабағы қалыңдап дүңкие көтерілді. Кең жазық мандайға иректеліп әжім сызықтары терендей түсті.

- Не деп кеттің, Бөгенбай?! Әбілқайырдың жыртысын сен жыртсаң, Қайып ханның сөзін мына Түйте сөйлесе, Болат ханзаданы мен қолпаштасам, ара ағайындықтан алшақтайтынымызды ескермегенің қалай? Әу, жарқыным, онсызда қазақтың туырлығы желпілдегіш қой. Тұс-тұстан жел үрлейік деуіңді қалай

ұғармын. Түлкі бұлтақты өзге өзге емес, жауда кірісі бар, дауда жұмысы жоқ дейтін батыр сен бастасаң, басқалар пәлені балалатып көбейтпей ме. Қолдан келсе сол пәлені өрбітпейік деп жарғақ құлақты жастыққа тигізбей жүргенімізбен ісің болмайтыны қинады ғой,- деп Қазыбек би кеудесін кернеген әлде ашу, әлде күйініш толқынын лекілдете ытқытты.

- Оу, Қазеке, апырай, мен солай терендетейін демеп ем ғой. Әбілқайырдың қол бастар сойын көргендіктен, ел бастар ойын танығандықтан бейілімді бергенім ғана оған. Әйтпесе мен ешкімнің жоқшысы да, сәлемшісі де емеспін,- деп Бөгенбай ылдилады.

- Болма, Бөгенбай. Бөлме жұртыңды! Қолқа салам, сөз ұстатам деген әрекетің осымен тиылсын. Епсектеудің орны бұл ара емес. Қазақ Ордасының қара шаңырағы қаңырап бос тұра да бермес. Қара шаңырақ иесін баз біреуді құптатып, баз біреуді күпті етіп, баз біреуді ертіп ап, баз біреуге жетектетіп жіберіп, оп-оңай қонжита қоям деу, жаңағы өзің айтқан лаң өртін үрлеу ғана. Біз кіріссек, бүтіндеуші, жамаушы боп кірісейік. Біз киліксек, емші, сынықшы боп килігейік. Әйтпесе мақұлдың ауылы алыстап жүре береді.

Бөгенбай жым-жырт қалып, басын сәл шұлғыған болды. Бірақ іштей бимен келіспейтіні түрінен байқалып қалды. Не ойласа да, не бақса да бүкпесі жоқ, құпия түнемес адал жанның ашығынан кетер туралығымен сыр жасырмас, жасыра білмес қатаюымен өңіне барлық шынын қалқытып шығарды.

”Әй, Қазеке! Ағайын арасына араздық салқынын мен салмаспын-ау. Салатындардың қулық тәсілін өзіңіз де сезетін шығарсыз. Азу тісіңіз шықпаған бала емессіз. Мені иықтан басарсыз. Шөкелетерсіз. Анау іркіліп, тартынуды білмейтін сыңарезулерге жасасаңызшы сол тежеуіңізді. Тергеу-тексеруіңізді нықтап сол шырық бұзар, пайда ептер пысықтарға өткізсеңіз, мен бүйтіп шала бүлінер ме едім. Бұйда үздің деудің аз-ақ алдында қалдыңыз. Әділ мінезді болғанды кім жек көрсін. Өрт үрлеу менен басталғандай шошынғаныңызды қайтейін. Сол өртті дүрілдеткелі жатқандарды шынымен-ақ көрмеймісіз? Ал Әбілқайырды алға шығардым. Терісін де оң,

дұрысын да оң демей, барын, бәсін ғана бағалайық дегеніме де шамданасыз ба? Оу, ағадан ақыл, іниден кеңес емес пе. Кекірею жетпеп пе еді түбімізге. Ендеше неге айт, үйт жоқ бас сала бересіз".

Осы ойы түрткі болды ма, батыр тамағын кенеді.

Қазыбек бас изеді.

- Иә! Төк ойыңдағыны. Бөгелме. Іниден кеңес тыңдау да парыз.

Бөгенбай қозғалақтап қалып, бидің бетіне сас-қалақтап қарай алмай, көзін бұрып әкетті. Іштей: "Апырай, адам ойын оқитын сиқыры бар ма? Ойымдағыны айтқызбай біліп қалғанын қарашы!"

- Қазеке, бітеу жара тірліктің бұқпантайы онсызда көп. Мен еп іздемей, сеп көздеймін бе десем, аяқ-қолымды тұсап, сіз ұзатпайсыз. Айтарым тағы да Әбілқайыр жайы. Қалай десеңіз де, мен сол сұлтанның "ел тыныштығы, жұрт татулығы" дейтін бір бүйрегін бүлкілдетіп жататын жылуы барын сезгендіктен айтамын. Ал арадағы шоқ тастап, кейбір өсек отын қыздыра түсетіндердің Әбілқайырды әр саққа жүгір-терінен де хабардармын. Үй арасының пыш-пышын түгендейтіндерден, Қазеке, ұзақ күнін ат үстіндегі қақтығыста өткізетіндердің қылтың-сылтыңы аз болатынын да пайымдағам. Талайдың тарығып, тарылып қалып, тар ойлайтын тұсында да Әбіл-қайырдың ұшқарылық танытқанын өзіңіз де көрмеген боларсыз. Ағайынды қанға батыстыратын шаппа-шаптан, кісімді әкетті, намысыма ши жүгіртті дейтін лепірме қылықтан бойын аулақ ұстап, ағайыннан да гөрі аймағын баса ойлап, тұтқында кеткен ерлерді, күндікте зарлаған қаракөздерді құтқаруда қан төгіспей беріспейтінін екшедіңіз бе?

Қазыбек даусын қырнады. Қатуланған жүзін жасырған жоқ. Үні де қатқыл шықты.

- Сенің иіңді әбден қандырған екен, Бөгенбай. Сенің айтуыңша бұ дүниеде Әбілқайырдан өтер жақсы жоқ та, бұ дүниеде сол жақсыға қолын созар, шылбыр тастар жанашыр да жоқ екен. Жақсыны қарақтайтын, жампозды балақтайтын озбыр қазақ қара пейілін сол сұлтанның үстіне ғана төгеді екен-ау! - Би ырғатылып, кеудесін батырға ұмтылдыра созды. - Жақсы ниеттің

бәрі жақсылық боп тиер ме. Жаман тілектің бәрі жамандықты жүктер ме. Сахараңдағы зорлық пен зомбылықтың ең алдымен сол қару ұстаған сұлтандардан өршитінін сен де ескер. Ал сен мақтаған Әбілқайырыңның мен білетін зорлық-зомбылықтарын есіңе қайталап салып, басынды қатырмайын. Әркімнің көкірегін тесіп жеп бара жатқан алабас құрттың төркінін танып отырмасам, ұлысбегі атанып нем бар. Билер кеңесінің үш төбе биінің бірі боп төбе қалқайтқанымның қасиеті қанша. Шер жүректің қанды жарасын найзасымен сұққылап ойнайтын сол сенің сұлтаныңның қай жөнін сен асыра аларсың? Қай кінә-жаласын мен жасыра алармын. Төменде жүріп төбеге көзін сатумен болды дерсің оны. Ау, төменде жүріп-ақ алыс-жақын деп ажыратып жатпастан аузына түсіп, тақымына тиер болса, көрші деп қарамастан, обал-сауал деп қақалмастан қылғыта беретін обырлығын енді төбеге шығарып, төбеме отырғызып одан сайын өршітейін бе! Сөйтіп тайтандатайын ба! Осы ма, Бөгенбай, сенің адалдығың! Іниден қосылар ақылың? Қуат-медеу болар ма десем, өзіме өзеуреп бас салғаның қалай?

Қазыбек би дауысының қаттырақ, қаталырақ шығып кеткенін қарсы алдындағы алып дененің екі иығына сұғына кіріп, төмен тұқыра түскен басынан аңғара қойды. Өзінің шұғылдау киліккенін де, сол шапшаң мінезден туған ащы сөздердің ауырлығына да анау қауғадай басын жұтып жібергендей өркештеніп қарауыл қараған қос иықтан анық сезінді.

- Солай, Бөгенбай бауыр! Шындықтың шырылдатары болады. Сөзімнің де, жанымның да шырылдағанын дұрыс ұғын. Бауырлықтың тәтті тілінен, әділеттің ащы сөзі анағұрлым тиімді болады кей-кейде. Бауырына тартпады деме. Бауырыма тартқаным осы. Жаны күйген Жасағанын қарғайдының кері менікі. Жатырқамай, жадына түйсін деп лапылдағанымды айып көрме, батырым, бағланым!

Бөгенбай шығып кеткеннен кейін де екі туыс әлгіндегі шарпылыс сөздерді оймен, санамен қайта кешкендей біраз үнсіз отырып қалған еді. Түйте сол үнсіздікті алғаш бұзды.

- Биаға, Бөгенбайда дәл жаңағыдай жетек тебу болмаушы еді-ау. Неге сөйтті екен?

Қазыбек сәл күрсінді. Шынтағына ауыр хан жастықты әрең қозғап жастады да, қисая кетті.

- Бөгенбай дейсің-ау. Мен батырдың сөзін ғана тыңдадым. Бірақ әржағынан баспалап сығалап тұрған Әбілқайырдың өзін көрдім-ау. Сол ғой, сұлтан ғой Бөгенбайды итермелеген. Әйтпесе батырды кінәлағым жоқ.

- Сонда анау Әбілқайыр Бөкемді айдап салып отырған ба?.. Хандықты сұғанақтанып сұрап алмақ па?

Қазыбек мырс етіп, ерін бүлкілдетті. Түйтеге қызыға қарады. Риза пішін жүзінде тұнды.

- Әй, Түйтем! Адалдықтан жаралған аңқылдақ інім! Елдің бәрін өзіндей көресің-ау. Сұғанақтық қана жасап сұрап алам деу бер жағы ғой. Сыпыра айдап беріп, сатып алам, оныма да илікпесе, биіне бүйідей тиіп, бегіне білек көрсетіп, қол-аяғын байлап, қорқытып тартып алам дейтін домбытпасын дауылдатып, іргеңді шайқалтуға да барады ғой көбісі,- деп күйіне бас шайқады.

- Апырай, тазалыққа дақ түскені ме? Адалдықты кір шалғаны ма?-дел танауы қусырылған Түйте кәдімгідей ренжіп тықыршып қалды.

- Тазалық таза мінез, адал ой, әділ жүректе ғана қонақтайды. Жүректен әділдік жоғалса, ойға олжа дәметкіш ниет араласса, мінезге мерездік қабаттасса, тазалық айдалада ұлыған иттей адасып қалады, бауырым. Сол тазалықтың алғаш адасқан жері осы Ақ Сарай болатын. ”Балық басынан шіридіні” растатып Бахадүр ханнан басталған сол сұмдық нышаны еді ғой. Қоралап айдап кеп қой бергенге, билікті берген. Қос-қостап жылқы куып жеткенге, бектікті қанжығасына бөктертіп жіберген. Көмейінен алғашқы параны қиналмастан бір өткізгеннен кейін, кейінгісін ханың қынжылмастан қылғыта берген. Көмей апандай кеңейген. Кеуде құрдымдай болған.

- Сұмдық қой. Елден, жұрттан қорықпай ма... қорықпаған ба?

- Қорықпаса қорықпаған да шығар. Бадырайып тұрған масқаралыққа, арамдыққа көзінді бақырайтып

отырып барса, ел-жұртыңды көзіне ілгісі де келмегені. Құбылған заманның қу тірлігі, құлқынның құлдары Тәуке ханның тұсында тыйылып, тоқтап қалған еді, Қайтадан бас көтерейін дегенін сезгенде төбе құйқам шымырлап, арқа-басым құрысады. Жүрекке жара салып, бетке таңба түсіретіндердің әлегі ғой әлгі Бөгенбай сияқты адалын арымен ғана тауып жүргендерді адастыратын. Мен батырды кінәламаймын. Кінәларым басқа. Көп жылдан бері, көп заманнан бері ұйқтап жатқан у жыланның ордасын оятып, бармақ басты, көз қыстыны қоздырып, Бахадүр ханның тұсындағы бүткіл һарам пәлені қайта тірілтіп жатқандарды кінәлаймын. Кінәлап қана қоймаспын. Соларға дауыл боп килігермін. Тажал боп тиермін!

Түйте Биағасына соңғы сөздерін естігенде қатты ырза боп, басын қайта-қайта изей түсіп, жұмылған жұдырығын тізесіне соға берген еді. Өз көңіліндегі әділет шырағы бидің ақтарылып кеткен тұсында тіріле бастады, ояна бастады дейтін озбырлықтың, аярлықтың, қулық-сұмдықтың ызбарлы ызғарынан қалт-құлт тәлтіректей, өше жаздап барып, Қазыбектің кіжініске толы құлшынуымен қайта дүрілдей жөнелді. Мынау әділеттің қайнар ашуын, сұсты сесін қабағы мен кеудесіне түйіп, құйып алған ағасы барда, елінің, Орта жүзінің қылшығы қисаймас жағасы барда, сұрамшақ көздің сүзілуі де, қоржыны толықтың екпіні де, тегеурінді жыртқыш пенделердің қоқан-лоқысы да есік көзінен сығалай алмай, қаңғырып кетеріне кәміл сенді. Енді көңілі тыныштalып, көмекейінде тұрған бір сауалдың жауабын алғалы биге жаутаң көздің қиығын бағыштады,

Қазыбек інінің бет-жүзіндегі құбылысқа әрі ырза боп, әрі сүйініп отырған, жаутаң көздің өтілін де қалт жібермеді.

- Оу, Түйте, жұтпа көмейіңдегіні. Жасырма сырыңды.

- Биаға, Бөкемді адал дедіңіз. Рас оның адалдығына бүкіл дала куә. Есті, қайратты екенін өзім де білем.

Аққем екеуміз Қаракесектің мыңымен Бөкеме талай ілестік. Талай жорықтың құйынын шаңдаттық. Тіпті анау Қоянды-Қайындыдағы шайқаста мен оның

туын да ұстағам. Арғынның туын айтам-дағы. Сол сұрапыл айқаста Аққемнің көзінен жебе тиіп, кеудесіне сүңгі қадалып, қалың жаудың ортасында қалып бара жатқанда, қаптаған шерікке “Аққолдап!” ұмтылып, алдын есік, артын тесік қып барып осы Бөкем Аққемді аман-есен құтқарып алған. Содан бері Бөкеме деген құрметім айрықша. Аққемді-Аралбай ағамды сол жолы батыр болмағанда, тірі көре алар ма едік, кере алмас па едік, абыройды таптатпап еді-ау!..

Ал бүгінгісі - әлгінде сіз айтқан сұрамшақ көздің қол жаюы... Өзге үшін, онда да Әбілқайыр үшін арандауы - қанша сиғызайын десем де, басыма сияр емес. Қайратты батырдың, есті азаматтың, көзді-құлақты адамның Әбілқайырға соншама құлауы қалай? Неге тура жолынан бұра безінді?

Би шынтақтаған басын көтеріп, еңсесін тіктеп алды.

- Түйте-ай, қарға тамырлы қазақтың ілік-шатыстығы кейде ақылды тақыл, ойды ойран ететініне көзім талай жетті. Құдайдың сөзін айтар жерде құданың жоғын жоқтай қалатын дерттілерге ем таппай ызамен түйілгенімді сен білмей-ақ қой. Қауымым демей, тіпті ауылым да демей, бауырым деп бауыры езіле қалатындардың ақты қаралап, қараны саралап, хақ жолынан тайып, шайтанның сабауына жармасқанын көргенде, қапас боп кеткен дүниеден тыныс алар қуыс таппай қуарғанымды кімге шағармын. Құнға толмас қу таяқтай ағасының бағасын асырып, иманынан айырылған бас уәзірді ұялтам деп, ұят түнемес бедірейген бетінен де, бетіне шапшыған өтінен де безіне жерігем. Күңдікке де алғысыз әпкесін ханышадай қасиеттеп, әлгінің қасына түнемек түгіл теріге қаптаған саудыраған сүйегінен түн айналып қашатын қадірлі жас жігіттің абыройын төгіп, “әпкемнің етегін асты, кеудесіне басты” деп сабаз ерді сыбағасынан айырған өктегіш өзімшіл жас уәзірдің құдайдың құлы, Мұхаммедтің үмбеті екеніне де сенбегем. Сенбеймін әлі.

Ал Бөгенбайдікі де сол төңіректен өрбіген сасықтық. Иә, сасықтық. Бірақ оны сасытқан беріден болса, қойнындағы жары. Жүптісі. Әріден салсақ, тағы

да Әбілқайыр. Тағы да тақ құмартқан тойымсыз дәме. Бақталастың басын жұтуға да дайын тұрған өңмендеген таққұмарлық. Құмарту да аурудың... онда да асқынған аурудың бір алуаны. Құмарту құштарлыққа ұласқан кезде іштарлық дейтін дауасы жоқ кесел әлгі әлекке түскен шіркіннің бүкіл ішін түгел кеміріп, өкпе-бауырын берішке айналдырып, жүрегін жұлынқұрт жайлаған жауыздық ордасы қылады. Қайтсем де ұлы хан болам деушілердің екі иығын жұлып жеп бара жатқанын көлденең көзден қанша жасырмақ болса да, аярлықтың ашылмауы мүмкін емес. Ордалы жыланның ордасындай өрбіген қулық-сұмдықтың уы Бөгенбайға да, өзгелерге де тарамады, уламады ғой деймісің.

Қазыбек сыздаған жанының, шырылдаған жүрегінің шынын ақтарып алғанын енді байқағандай сәл кідірді де, сүзіскен қос қошқардай боп күржие қалған хан жастықты оң қолының қырымен салып-салып өтті. Өкініші өкпесін қысқандай іштегі қыстығып шыққан ауыр демді тынысын дірілдете созып, лекілдете ытқытты.

Түйте қымыз толы торыала тостағанды бидің алдына қос қолдап апарып қойды. Кейін бір сырғып, жекей бөркін маңдайдан нұқып қап, төбеге итере салды.

- Көкейін тесіп бара жатқан алабас құрты сол алтын тақ болса әркімді бір улантпай, әркімді бір адалынан жаңылтқызбай, құда да тыныш құдағи да тыныш, құдай да тыныш, деп хандықты Әбілқайырға неге бере салмайды? - Сұрауын сұрағанмен “сұрағым жөнсіздеу шықты ма?” деп өзі де күптілеу болған Түйте көз тіктеуге жарамай бүгежектеп, ожауына жармасып еңкейіп кетті.

Қазыбек би алдында бос жатқан кісесіне қол созып, марал мүйіз шақшасын суырып алды. Тығынын тырс еткізіп ашып, шақшаны мұрнының ұшына тосып, екі-үш рет иіскеді. Тығынын қайта жауып, шақшаны тастай салды. Танауы сәл кержигенімен түшкірген де, пысқырған да жоқ.

- Сен де солай деймісің. Оның, Әбілқайырыңның артықтық айтып жүргені, өзін өзгеден жоғары қойып,

өндіршегін созып жүргені осы жақыннан беріде емес, әріден, талайдан бар ғой. Болаттың доғалдығын, Қайыптың мосқалдығын әр жерде кекеп-мошқап көрінгеннің құлағына құя беруден жаңылып па еді ол. Артықтығын өзі айтпай өзгелер айтса, мойны озғанын, дәрежесі асқақтағанын басқалар ғана байқатса, онда сөз жоқ қой. Доғал да болса Болат ханзадада арамдық аз, қулық жоқ. Бірақ ел қамы дейтін ес алар, маза қашырар тірлік оған мүлде жат. Қайып ханда сылбырлық басым болғанымен сырдаңдық жоқ. Секемі аз да, сезімталдығы жеткілікті. Оның үстіне жасы болса келіп қалды. Жастықтың қызу алғырлығынан алыстап кеткен. Ақылды ала білгенге алғырлықтың қажеті де шамалы-ау деп топшылаймын. Ал Әбілқайырда алғырлық мол. Жетіп артылады. Амал не, сол алғырлықты да, ақылды да аярлықтың артына өңгертіп жіберіп, өзінің әжептәуір ел алдындағы ажары мен қол алдындағы қажырына нұқсан келтіреді де отырады. Білері - биліктілерді бітістіру емес, шатыстыру. Жасары - ағайынды жамастыру емес, шағыстыру. Хандыққа, ұлы хандыққа жету үшін ол жолында тас жатса да, бас жатса да қарамайды. Тастан көпір, бастан өткел жасап, ілгері озу үшін екеуін де теуіп, тепкілеп адымдаудан аянбайды.

- Рас, рас, Биаға. Өткенде Аққеме келіп, анау Жәнібекті жерден жеті қоян тапқандай жамандап, жер түбіне апарып тастағанын естіп, артынша-ақ сол Жәнібекпен екеуінің ауыз жаласқандай болған түрін көріп жағамды ұстағам. Апырай, сонда қалай мән бермегем, Биаға. Әбілқайыр солай екен-ау. Құбылғыш екен-ау. Мен анау жарқылдаған жай отындай Жәнібек батырды аяп барам-ау. Жаман жанындағысын қарақтайды дегендей, бұл сұлтаның Жәнібекті жарға жығып жүрмесе,- деп Түйте қызынды.

- Жәнібек оңай ұстатпас, одан қам жеме. Аяңкес, болпаш бозөкпе емес, қайраған сайын жарқырар, қажаған сайын өткірленер шарболат қой ол. Әбілқайырға бола да, көне де қоймайды. Бірақ сол екеуінің арасындағы достық па екен? Шын сеніскен достыққа не жетсін. Әділ көңіл, ақ пейілмен табысқан достықтың қадірі қымбат қой. Әбілқайыр сол

достықты өз мақсаты үшін ойланбастан құрбандыққа да шалып жібере алады. Ал мансапшыл мақсат биіктігі талайдың өлігін тау қып үйіп алатын аса қиын асу. Мансап қуған хан да, сұлтан да қанға бөгер қарасының жай-жағдайымен санаспайды. Қара халық олар үшін ұпайын толтыратын дойбының тасы ғана. Ал биліктің тізгіні қолына тиіп, тақымына тақ орнаса, олар жамағатына жаны ашырымен жақпай, қан ағызар қылығымен жаның сығар. Сол қаталдығына қомағайлығы қосылса, үйірлеп жылқы, қоралап қой ғана айдамай, топырлатып құл, шұбыртып тұтқын айдай ма деп қорқам. Бауырлас қарақалпақты, түбірлес башқұртты кегі кеткендей-ақ екі күннің бірінде шулатып шауып келіп, ел елдің арасына от тастап, өрт тұтатқанына Тәуке хан талай ескерту жасап, сұлтанды бірер рет тақымына қылбұрау салғандай етіп қинағаны да бар. Бірақ ордасы бөлек, қордасы бөлек, аз да болса хан аты бар төреге қашанғы шыжыммен ұш, шырғамен қон дей берерміз. Бұлдыратып ұстатпауға әбден әккіленген соң терлігін майдай ерітіп барып ұрлап әкелген арамды жеуден тиылар ма.

Қазыбек би тостағанын көтеріп, балдай қымызды асықпай сімірді. Орталанған ыдысын алдына қойып, ақ жұққан мұртын асжаулықтың үстінде жатқан сулықпен жайлап қана сүртті.

- Айтпақшы Бөгенбайды бұлталақтатқан жүптісі деп ем ғой. Сен сол келініңнің кім екенін білемісің?

- Бопышты айтасыз ба? Неге білмейін. Әжі сұлтанның қызы, Әбілқайырдың әпкесі ғой,- дей берді де, Түйте сәл бөгеліп барып, есіне әлдене оқыс түсті білем, маңдайын алақанымен сарт еткізді. - Әб-бәсе! Бір кілтипаны, зор кілтипаны осы екен-ау! Ойпырай, ілік-шатыстықтың кесірі кісіні тура жолдан қалай тайдырмақ, ә. Қайран Бөкем-ай, қойнындағы қатыны құлағының құрыш етін құдайдың құтты күні жей берген соң, мазасын таппақ боп қақпан басқан екен-ау.

- Е-е, онда болжау айтып қайтейін. Түсінсең бопты.

Қазыбек ағаш төсектің үстіндегі домбыраға ұмтыла беріп еді, үлкен денесін ұршықша үйірген Түйте шапшаң қозғалып, домбыраны іліп алып, ұмсынған қолға ұстата салды.

Домбыраны ұстаған бойда қос ішекті аялай сипап, ”зың” еткізетін әдетінен би осы жолы да жаңылған жоқ. Сол ”зың” еткен ызың бәсендеп тыйылғанша, сол қолдың саусақтары қыл сағақтан басталған жүрдек қимылын күшейтіп төменге, шанаққа қарай екпіндей ентеледі.

Ақ ордаға күмбірлеп күй ақтарылды. Сол ақтарылған күй даланың сан алуан үні боп, сан алуан тірлігі боп, сан алуан әрекеті боп дүрмек-дүрмек тірілді. Ашынып көбік атқан көк теңіздей буырқанды. Дауылдатқан қара боранның үскірікті суылымен азынады. Дүбірлеген көп тұяқтың қалың дүсірімен сахараның сағымын жыртып, көк мұнарына сіңіп кеткен көп құланының соңынан шоқырақтаған ақсақ айғырын әрең ілестірді. Құлан жортқан жотадан енді атойлаған озан-ұран дуылдай көтеріліп, аспан астын, жер үстін қырғын-сүргінді сұрапыл шайқастың дүбіріне толтырып бара жатты. Әлгі дүбір көп көмейден төгілген қазақы аттаңды аспандатқанда, мың сан кеуделерде тұтанған намыс оты тұтас өрттей дүрілдеді. Құбасұр даланы ат түяғы тесіп жіберердей тепкілеп, шыңғырған дауысқа кісінеген қылқұйрықтың, зуылдаған жебенің, шақылдаған қылыштың үндерін қым-қуыт араластырып түу-түу қиянға алып қашып жатыр.

Кенет әлгі аласапыран құтырыңқы үндер жоғалып кетті де, үстіңгі ішектегі бармақ астынан бәйек әуен уілдеп төгілді. Сол майда уіл жүрек әлдиледі. Жүрек тербеді. Жүрек тебірентті.

“Қайран да сол Шараһай! Бір көргеннен асылдай жарқ етіп ең. Асылдай тартып, ерік-ырқымды бір өзіңе баурап алып ең. Әлі күнге дейін түсімде көрем. Түсімде ғана кездесем. Ал сен бүгінде қара жердің бетінде де жоқсың. Көзімді жұмсам, сол шырай берген қалпынды анық көріп, ұмсынып барып, ұмтылып қалып, жоғалтам да қиналам. Ес-дәрменді сонда алып ең, сол ес-дәрменімнен айырылған қалпымда ес жия алмай жүр ме екем әлде. Сендіріп, сеніп ашылған шырайыңнан тапқан нұрыңның жылуына ынтызар көңілім, ынтызар қалпым көзім жұмылып, кірпігім мәңгі айқасқанша сол ұмтылуынан айнымас”.

Бас бармақтың астынан уілдеген бәйек әуен жүрек шымырлата үзіліп, үздігіп барады. Әзір бітер де, таусылар да емес. Ол үзілсе, жүрек қылы бірге үзілердей безек қағады. Майдалана ыңыранады. Осы ыңырануда аңсау мол, аялау мол, күрсіну бар, бірақ түңілу мен тарығу жоқ.

Домбыраның ырғағы өзгеріп, қағысы ауысты. Енді басқа бір жұптың, қос жүректе бүр жарған басқа бір гүлдің жұпары аңқыды. Басқа бір қос жүректің атқақтай соққан бұлқынысымен күмбірледі.

“Құштарлықтың құдіретін көріп ем-ау сонда. Ақылға көнбес сезім жас Бөгенбайды адам естімеген өжеттікке қайрап сап еді-ау. Қайран да сол қара тасты да тіліп өтер, қара жүректі де қақ айырар ақ алмастың жүзіндей қылшылдаған жастық!”

3

Алыс төбеден найзағай бишігі ирек сызық сызып түнгі аспанды тіліп түсті, күн күркірі бірақ естілген жоқ. Тақымдарын қысқан үш атты лекітіп қарсы алдарындағы көлденең жотаның үстіне шоқытып шыға-шыға келді. Төменде, етектегі таңғы жусаудағы бір қос жылқыны үшеуі де көрді.

- Жол болды! - деді ортадағы еңгезердей жас жігіт қасындағыларға кезек-кезек бұрыла қарап қойып.

- Дәл сол! Жұрт айта береді-ау. Көшкелі жатыр. Жұртын сипап қалып жүрмеңдер деп еді. Құдай оңдады деген осы, - деп оң жағындағысы құлшына түсті. - Тап Әжі сұлтанның қосы!

- Не дейсің?! Сұлтанның қосы деймісің, Қозыбақ?

- Иә! Әжі сұлтанның-ақ қосы. Ақмоншақ ат - әйгілі жүйрік осы қоста! - деп Қозыбақ кеңк-кеңк күлді. - Өзің Әжінің аты естілісімен, қажының, қожаның алдындағы шәкірттей боп сүмірейіп қалдың ғой. Байқа, суылдаған жүрегің аузыңнан шығып кетіп жүрмесін, Балта!

- Әй, бекерлік жасап жүрміз-ау, - деп Балта бас шайқады.

Ортадағы жігіт Балтаға еңсеріле бұрылды.

- Барымтаға барған, жылқы алған жырындылықтың бекер болмайтынын білмесең, неге ілестің? Ілескен екенсің жол-жобамнан шатастырмай, аузыңды бақ.

- Ілеспе дейсің...Жөнінді айтып пең? Жүр дедің. Бол-болдың астына алдың, Бөгенбай. Енді кеп жатқан жыланның құйрығын басамыз дейсің,- деп Балта атының жалын шарасыздана сипап-сипап жіберді.

-Әй, Балта! Жылан-сылан деп бас қатырма. Еруліге қарулы. Пәлені бастаған сұлтанның өзі. Тайкелтір ағаның үйірін қуғызып алған сол Әжі сұлтан. Көзінің еті өскен оның. Әйтпесе кешегі бүкіл Арғын әулие тұтқан Айдабол атамның қосына қол салар ма. Қол салғаны қорлағаны. Намысыма ши жүгірткені. Әлде сенде намыс жоқ па? Жоғалтып па ең?

Қозыбақ тағы да кеңкілдеп күліп алып, қосарлана жөнелді.

- Ойбай-ау, күн жаумай су болып тұрсың ғой әлден. Анау бері қарай айналған жаңбыр жеткенде мүлде ағып кетерсің мына қожыраған түріңмен.

- Бәрібір сендердікі дұрыс емес. Өрттей шалқитын даудың басын бастағалы тұрмыз. Сұлтанды шауып алды дейтін сұмдықты таратып-ақ тыныш елдің ұйқы-тұйқысын шығарады әлі-ақ,- деп Балта екі серігіне ой салуға тырысқан болды.

- Сұлтан болмақ түгіл хан болса да, бір беттеген соң қайтарым жоқ. Ерді намыс, қоянды қамыс өлтірер. Кесірлік қуғам жоқ, кек құдым. Ендеше буған белді сен үркер деп босата қоймаспын. Ақмоншақ атты Тәкеңнің...Тайкелтір ағаның тақымына бір басқызбай шеткі көрген мұқым Арғынның көңілі көншімейді,- деп Бөгенбай тымағын шешіп алып, түрулі құлағын түсірді де, төбесіне баса киіп, бауын тамағының астынан байлап алды. Онысы сойылдасуға түсердегі құлақшекені қорғау қажет дейтін қашанғы әеті болатын.

Екі серігі де саптамаларының ұшына ілген құрықтарын еңкейе ілісіп алып еді.

- Жылқышылар мызғыған мезгіл ғой. Сақ болайық. Қосқа байқастап енейік. Жылқы есті мал ғой. Дүркіретіп үркітіп алмайық. Ақмоншақтың үйірін бөлектеуге тырысайық. Қапы қалмайық,- деп тез-тез

пысықтаған Бөгенбай атын аяңдатып қана ілгері лықсытты.

Қозыбақтың жылқы танығыштығы, жылқыны ”тәк-тәктағыштығы”, қандай қосты да дүркіретпей, үркітпей ырқына көндіргіштігі аңыздай боп тарап кеткен. Сол қу тақымдығы бүгін де Ақмоншақ айғырды үйірімен ың-шыңсыз бөліп әкеткізген еді.

Үйірді тасырлатып қуа жөнелмей, бір төбенің астына түскенше баяу айдап келген үшеу енді ғана бір-біріне тіл қатысты.

- Жол болды! - деді Қозыбақ. - Ақмоншақ десе Ақмоншақ-ау! Тұрқының ұзынын-ай! Аяғының серегін-ай! Тұяғының тұтаса сомдануын-ай! Бұтының арасынан ел көшкендей. Бір қыздың қалыңы ғой бір өзі! Жүйрік деп, тұлпар деп осындайды айтад та!

- Жә, Наурызымбет көкемнің мал танығыш баласы! Сұқтана берме босқа,- деп Бөгенбай гүр ете қалды. - Енді бекем болайық, бекер дабырламайық. Құғыншы шығып қалуы мүмкін. Бөгелмейік!

Аттарына қамшы басып, құрықтарын құлаштай көтеріп, үйірді доптай ғып үйіріп, қуалай жөнелді.

Кіші сәскеде арттарынан шаң көрінді.

- Қап, ит-ай! Түндегі жауын әрі айналмай, бері айналып кеткенде ғой, мынау біздің шаң, анау құғыншының шаңын тұтатпайтын еді. Жаңбырдың да бізді жақамағаны ғой,- деп Балта мына әрекеттеріне әлі де риза еместігін сездіре айқайлап қалды.

- Жә! Екеуің бөгелмей жылқыны қуып кете беріңдер. Мен куғыншыларды бөгейін,- деп Бөгенбай ат басын ірке берді.

- Қозыбақ, жылқының тілін адамнан артық білесің. Сенің алдыңнан бұлталақтап бұра қашқан саяқ болған емес. Мен сенен гөрі Бөгенбайға қажет болармын,- деп Балта Қозыбаққа таяна беріп айқайлап үлгерді.

- Сөйткенің дұрыс онда. Әйтеуір сақ болыңдар.

Балта астындағы күреңқасқа айғырын ауыздығымен алыстырып жатаған төбенің дәл үстінде атын кесе-көлденеңдетіп қуғыншыларға көрініс беріп тұрған Бөгенбайдың қасына құйғытып кеп, шапшытып қап тоқтатты.

- Неге қайттың?

- Тізе қосқалы қайттым өзіңе.

- Ә, жарайды онда. Кісі өлімі болмасын. Сенің де қолың қатты, Балта. Тобықтан қағып қана, топ еткізіп, аттан аударып тастап кетелік.

Сол екі ортада қуғыншылар да екпіндетіп тақалып қап еді, жотадағы екеуді көріп, қиялатып өрге беттеді. Қуғыншы қарасы онша көп емес, бесеу-алтау ғана.

Бесеу-алтауға жас пері атанған Бөгенбайдың жалғыз өзі-ақ төтеп бере алады. Ал қасында Дау палуанның найзагер Балтасы тұрғанда Бөгенбай тіпті ештеңеден айылын жимайды. Анау қанжирен бестісін ойнақтатып қуғыншы топтың алдына арқан бойы озып түскен, алған бетінен алдында арыстан жатса да таймайтын табанды Қырысбекті көргенде, жаңадан тебіндеген қияқ мұртының әр қылы бір-бір сүңгідей боп тікірейе қалды.

- Қансүлік Қырысбектің өзі ғой анау! Ендеше іздегенге сұраған. Тәкемнің айғыр үйірін қуып әкеткен де жылқышылардың айтуынша осының тап өзі. Аянбай айқасармын. Сен араласпа, Балта,- деп Бөгенбай сойылын оңтайлана ұстады.

- Тоқта! Тоқта! Қапта! Ұрып таста!

Қырысбектің қырылдаған дауысы жоғарыға барлыға шапшыған қанжиреннен әрине жүйрік, даланы жаңғырта толтырып жіберді.

Бөгенбай жастықтың қызулы шапшаңдығымен аяғын үзеңгісіне тірей, атының белін қайқаңдата қопандай берді де:

- Әу, Қырысбек! Әу, батыр! Көзінді аш! Қашқан мен тұрғанды ажырат. Тоқта дегенше, қарсыма шық демеймісің. Соншама бақырып қатын болғанбысың әлде,- деп дүрсе айқайлады.

Лекітіп келіп есік пен төрдей жерде тоқтаған Қырысбек те, бірінен соң бірі жеткен қуғыншылар да Бөгенбайды да, Балтаны да танып, ентіктерін баса алмаған жанша, ысылдай дем алып, көздерімен ғана атып үнсіз қалды.

- Ішмерез әйелдей бедіреймей айтарларың болса, айтып қалсаңдаршы,- деп Бөгенбай қыжыртты. Сойылы аспанды алып түсердей шошаңдап, оң қолында ұршықтай ойнады.

- Көлгірсіме, Бөгенбай! Аман-сауыңда Ақмоншақты қайтар. Әйтпесе..-деп Қырысбек сөзінің соңын қылғына жұтып жіберді. Мұның да қара сойылы бой теңестіргісі келген тентек баладай қойқаң-қойқаң көтеріліп басылды.

- Немене әйтпесе! Қылышыңды қарш-қарш қадайсың ба? Сарт-сарт жебелейсің бе? Қимылда оңда. Алдыңда тұрмын. Қапыңды жіберме! - деп Бөгенбай шірене түсті.

- Шіренбе! Құйысқаның берік емес, бала! Әжекемнің салмағы мойныңа түссе, мойыныңның үзілгенін білмей қаларсың.

- Қорқытқаның Әжі ме? Оның сонау сүйегі саудырап қалған бабаларын да әруаққа қосып алдыма тізіп берерсің онда. Әпкел бәрін, Үсігін де, Бөлекей-Қоянын да. Бір талым қисайса, түу бетіңе де, Қырысбек!

- Әруаққа тіл тигізбе! Тигізбе дейім! Жоқтауыңды бір-ақ айтқызармын, қандыбалақ қарақшы күшік!-деп Қырысбек атын тебінгенде, қасындағылар да итеңдесе бастады.

- Ә-ә! Төбет боп арсылдамақсың ғой. Арсылда! Бірақ ырылдағаның қыңсылағаннан бетер болды-ау. Қой-ақ қой. Онан да кел! Кел! Келіндер! Жаннан безген қайсың ең? Сол әруақ тұтқан Үсіктеріңе тезірек аттандырып жіберейін!- деп Бөгенбай да атын алқымдата ілгері лықсытты.

Балта да күреңқасқасының жалын сусылдатып, текіректеткен көлігінің тұяқтарының астынан ұсақ тастарды бұршақтай жаудырды.

Қуғыншылар тағы іркілді.

- Қырысбек! Ит көйлекті бұрын тоздырған ағалығың бар. Ерегістірме мені. Мен ерегіссем, мынау соңыңа ерткендеріңді де, өзіңді де қарап қып кетерімді білесің. Ая байғұстарды.

- Уай, шіркін сол. Мұндағылардың бәрі самал соқса құлай кететін қамыс деймісің. Бөксебасты жоқ мұнда. Астыңдағы атынды олжала да, жөніңе тайқы. Жолымда тұрма!

- Тайқи алмаспын. Бөксебасты болмасаң, шық қарсыма. Түс жекпе-жекке. Қай жеңгеніміз - Ақмоншақты үйірімен айдап кетейік.

Қырысбек намысқа қызды. Тымағының құлағын түсіре қайта киді.

- Елдіктен кетсең, өз обалың өзіңе. Өмірем қап, қара құл!

Бөгенбайдың үлкен кең көздерінде от тұтанды.

- Әй, тырқу! Қара табан құл мен болғанда, төбемдегі төрем сен болғаның ғой. Онда сол құлдың табанының астында шырылдатайын шыбын жанынды.

Бөгенбайдың шабдары иесінің тақымымен шырқ айналар әккі жануар еді, оң қолдағы сойылдың қимылымен бірге ілгері атырылды.

Қырысбек те қанжиренді қарбалас тебініп қалды.

Кісінеген аттардың тұмсықтары түйісе бергенде қос қақ сойыл бір бір сілтесіп өтті. Ағындап барып көнігі шабдар жалт бұрылды.

Қырысбек те қанжиренді сыңарезулете қырындатып еді, қарсы ұмтылып әрекет жасауға үлгермей қалды.

Сасқалақтап суылдап өзіне төне берген сойылды сойылымен жасқамақ боп еді, күшті қолдардың ауыр соққысына жалғыз қолдағы қаруы тосқауыл бола алған жоқ. Тосқауыл болмақ түгіл тізеге қарай бағытталған Бөгенбайдың қара сойылын сойылымен қағып қалып жоғары серпіп өткенде, қақ сойылдың қатты соққысы шекесіне сақ ете қалды. Қырысбек теңселіп барып, ат үстінен босаған қанардай сылқ етіп құлады.

- Қап!- деді Бөгенбай. - Қата тиді-ау қапыда!

Ұрт етін кірш шайнап, қанды түкірікті қара жерге ытқытып жіберді.

Аттарынан домалай-домалай түскен Қырысбектің жігіттері басшысының басын көтеріп, даурығыса дабырлап, үйме-жүйме болды да кетті.

- Тірі екен!
- Тымағын шешсеңші! Үз бауын! Қиып жібер!
- Көзін ашты.
- Қыреке, батыр, қалайсыз?

Қырысбек қолымен әлсіз жайқап серіктерін ығыстырып, әлдекімді іздеген сыңай танытты. Жігіттер ыңғайды бағып, Қырысбектің жүзін әлі де не атынан түспей, не жылыстап кетпей тұрып қалған Бөгенбайға бұрды.

Қырысбек Бөгенбайға ”бері жақында!” дегендей қолын сәл көтере, белгі берді.

Бөгенбай атынан секіріп түсті. Шабдардың шылбырын Балта күреңқасқасын ілгері атқытып, қамшысының сабымен іліп алды.

Балпаңдай басып таянған Бөгенбайға тұрғандар ығысып жол берді. Қырысбек шодырайып ісіп шыға келген шекесін алақанымен басты. Көзін сәл жұмып қайта ашты. Бөгенбайға қадалған жанарда манағы ашумен түйілген кеуденің ызалы жылты білінбеді. Үні де майдақоңыр естілді.

- Бөгенбай, пенделіктен аса алмай өтерміз-ау. Пенделік кейде иттіктен де жаман ғой. Етектен алып, балақтан тартып, айқайлап айтақтап қосқан иеңнің көңілінен шығуға ғана барсың. Не таптық? Жақсымен жауығып, жөндімен жентектесіп, өршеленіп отқа да түстік. Не шықты? Сынған қол, жарылған бас, арсылдаған ит тірлік пенденікі ғана,- Қырысбек шалқалай беріп еді, бүк түскен Бөгенбай ұстай алып, басын сүйей берді.

- Қырсеке! Ағасы! Айыптымын алдыңда. Бірақ сойыл жазатайым тиді. Қапыда оқыстық болды-ау. Әттең-ай! Өткізіп алып өкінетініміздің қайыр не?

- Өкінбе. Батырлық жолы - серт жолы. Сертке көлденең келме. Сенде қиянат жоқ. Қиянат сонау билігіңді қолында уыстаған жуан кеуделерде. Жаулықты мықты ұстайтын соларда. Көңілі жібіп, қабағы жадырамас төрелерде...- Қырысбек кідірді. Көзін төңкерте көтеріп жоғарыдағы Бөгенбайдың бетіне қадап, күлімсіреген әлпет тірілтпек болды. - Бәрібір, Бөгенбай шырақ, сен екеуміздің құл екенімізді жасыра алмаймын. Ханың қақайса, төрең тақылдаса, тастай алмай жүрген жаның жоқ, тақымды тоқымға қажатып, сойыл мен шоқпарды үйіріп, аттандап шаппай көр. Ұлынды күшіктей таласын. Қатыныңды қаншықтай қаңсылатсын. Сөйтіп күйіндіреді де күйдіреді олар.

Көтерші басымды.... Ақмоншақ сенікі. Сен жеңдің. Адал жеңдің. Сойыл қата тимейді. Тағдыр соққысында қапылық болмайды... Өзіңді өзің жазғырма бекерге. Тағдырға тәбділ жоқ.

Бөгенбайдың кірпіктері жыпылықтады. Жүзі бір қызарып, бір бозарды. Тынысын да демігіп алды.

- Өкінбе дейсіз... Өз ішім оған көнер емес. Көнер ме, Қырысбек аға? Тап осы жолы өзге емес, өзімді өзім күйінтіп отырмын ғой. Қолым қатты еді... Қаупімді қалай жасырайын. Адам пенде ғана емес. Адам- қасқыр ғой. Қасқыр. Шайнап тастағысы кеп, азу тісін сақылдатып егейді кеп, егейді. Не жетпейді? Татулықтан қатулық неге өктем, аға?

Қырысбек сауығып кеткендей еңсесін тіктеді. Қызыл тілдің істігімен ернін жалап-жалап алды.

- Иә, Бөгенбай інім! Татулықты ту-талапай ететін биліктілер екенін шекеге соққы, жүрекке шаншу өткізіп барып сезбесек, қазақ болар ма едік. Білектісін қатулықпен ауыздандырған озбырлық далаңды жайлап алған жоқ па. Шіміркену бір мен екіде ғана. Көпте емес. Дүниенің ызғарын қалыңдатқан ыза сызын кеуделерден қуудан тәңірінің тауы шағылған заман ғой.

Атыма өзің отырғызшы мені.

Екеуі қол ұстасып қоштасты.

Арқан бойы ұзаған Қырысбек қанжиреннің тізгінін тартып қап, атының басын ірікті.

Оң иығына иегін қондыра артына көз салды. Бөгенбай желдіртіп жетіп барды.

- Қолың қатты екенін білем. Сездім. Апамды... Шешемді есіңе,алып жүргейсің... Саған сенем, Бөгенбайым!..

- Айтқаныңызды екі етпеспін, аға. Құдай алдында уәдем осы. Тек әттең, сойылдасудан бұрын қойындасуымыз жоқ тірлікті кім өзгертер? Мына ендігі ішкі жегімді кім тыншытар?

- Оу, Бөкем! Қажама өзіңді. Бекер қажалма. Батырлық жолы - тәуекел деп тас жұтар серт жолы. Сойылың үй арасында шошаңдамай, жау өтінде суылдасын. Сөйтсін, Бөгенбай. Мен кештім!- деп қанжиренді ширақ тебініп-тебініп қап Қырысбек жүріп кетті.

Ақмоншақ айғырды Бөгенбайдың тапсыруымен Балта мен Қозыбақ ерттеп апарып, Тайкелтір бидің алдына көлденендетті. Би бәйгебозға тақым басты.

Ауылды айналып өтіп, ақбоз жүйрікті атпаз Қозыбаққа тапсырды.

Бөгенбай бірақ әрі-сәрі күйден арыла алмады. Сонау бір күндері өрекпіген көңілінің су сепкендей басылып қалғанына өзі де қатты қайран. Әулие көріп, пір тұтқан бүкіл Сүйіндіктің сиынары, Сүйіндік емес-ау мұқым Арғынның ардагер арысы Айдабол бидің бақ қарап, Қыдыр дарыған қарагерлерін бұғалық тастап, қабырғаларын қаусата құрықтап, қуалап кетіпті деген сұмдықты бұл атыраптағы қазақ құлағы бұрын-соңды естіп пе еді. Естімегендіктен ғой жаңа шығып келе жатқан күннің шапағынан да тез тарайтын қазақ арасының қауесетінің кеуде біткенді бір-бір бұлқынтып өтіп: ”Арғынның намысын таптапты! Аяқ асты етіпті. Тападай тал түсте-ақ Әжі сұлтанның баскесерлері қаптап келіп, Айдабол ауылын шауып кетіпті! Қарагерлерін қуып кетіпті! Қай заманда, қай ықылымда қазақтың қара ордасының қас тіреуі - Арғынды, азуы алты қарыс Арғынды, айбаты Күнді тұтылтып, Айды батыратын асқақ Арғынды осыншама кім қорлап еді. Қорламақ түгіл, қорасы мен қордасына жақындай алушы ма еді. Ал мынау көтінен сідігі аққан, аузынан боғы төгілген сасық Әжі сұлтанның бұл қай тәлкегі. Өлетін баланың молаға жүгірерін жасаған кері ме? Тұтас Арғын туламасын. Туласа ат төбеліндей бар төрені тулақ қып сабап, таспа ғып тілімдер!” деп желдей есіп, жүйткіп бермесі бар ма. Осы әр саққа алып қашқан ызалы ашулы хабар жеткен күні-ақ Бөгенбайдан маза қашқан-ды. Арғын десе, әруағы қозғандай арқа-басы жыбырлап қоя беретін. Арғын десе, бүкіл атыраптың тау-тасы, өзен-көлі, бұлақ-бастауы мадақ айтып, шуласа құптап, жаңғырта жамырап жатқандай, күбідей кең кеудесіне әлдебір жанына жақын қуаныш, шаттық толқыны лықсып құйылатын. Дүниеде Арғыннан асар ұлыс, Арғыннан асқақ тайпа, Арғыннан құдіретті ел болмас деп, сол Арғынның төлі боп туғанына, нәсілі боп өскеніне, ұланы боп ұранын асқақтатқанына, жас перісі боп жалындап шығып, сойылын соққанына мәз боп жүргенде, дәл мынандай көпе-көрінеу басынғандықты көрем деп ойлап па еді. Содан соң ал кеп ширықсын.

Ал кеп долдансын. Мынау жалған дүниеде Алладан да артық сиынатын Арғынның әруағына сызат түсіртіп, кір жұққызып қарап отырғаннан, не былғанған арды шапшып аққан ып-ыстық қызыл қанмен жуу керек, не намысын қуа алмаған қуыс кеудені қалқайтып көтеріп жүргенше қара жердің қараңғы қуысына тірідей көму керек. Әжі сұлтан болса, өзіне сұлтан, Бөгенбайға сұлтан емес. Көзінің еті өскенін білмей, өз буына пісіп жүрсе, қара көзінен қан ағызып отырып, қара шаңырағын ордасының ортасына түсіріп отқа жағып, қара қазанын күл-парша ғып, күлге аунатып, ақ некелі жарын ақ тамағын азу тісіңмен айғыздап бауырыңа басып харамдап, ақтан туған ұлын құлдай шыңғыртып сабап, көзінің өскен етін солай сылып тастау қажет. Ісінтіп-қабынтқан буын сөйтіп мұздату абзал. Көктегі құдайдың бүгінде жердегі Арғын ғана екенін ескермей, кескегін сүйретіп, Арғынның адал асын жалап кеткен сұғанақ төбетті сөйтіп жазалау керек. Әйтпесе ит сарыған әруақтың қараң қалған жұрттан артықтығы болмайды. Тағдырдан басқа ешкім жазықты емес деп құласаң да, жыласаң да өзіңді өзін жұбатсаң, өлсең де, өмірем қапсаң да, өзіңді өзің алдасаң, түйе үстінен итке талатып жүрген арыңды кім көрінгеннің аяғына төсеніш етіп тастай салмағанда қайтесің. Тынышыңды ғана ойласаң, тағы бір сұлтан табылмас па. Тағы бір жылтыңдаған жортқыш көз шықпас па. Тағы бір сылыңғыр қараның безеу беті шімірікпестен ”беліңнен бастым, беделіңді шаштым, Арғын” деп бедірейіп тұрмас па.

Жо-оқ. Намысты тірілтпесе, кекті қумаса, өшті алмаса, қасиетсіз тіршіліктің күні шықпасын, таңы атпай кетсін де. Алқалы жиынның төрінен дәметіп жүрген Әжі сұлтанды да, басқа текесінген төрелерді де төбесімен төңкеріп көрге тығар. Тығар-ақ. Тығылып жылап, оңаша күрсінгенмен жайрап қалған намыс, аяқта жатқан ар қажыры мен тазалығын таба қояр ма. Ендеше мынау намыстан айырылып, ардан тоналып, достың табасына ұшырап, дұшпанның қасқа маңдайыңнан соққылап жатқанын зердең жетіп ұғына алсаң, жауға мінер атыңның құйрық-жалын шарт түй. Балдағы алтын құрыш болатты беліңе байла. Құлжадай

айбар мүйізіңді шамырқана шайқа. Құландай ащы дауысынды аспан мен жерді тітірентіп, аттанға қос. Көкірегі сырылдаған, қолаңсасы сасыған, теке сақалы шоштандаған Әжі сұлтанның көтін бетіне жамап, қара қанын аузынан ақтарып, қанды көбікті көмейіне тық. Сонда көсемсінгендер де, мардымсынғандар да өздерінікі болса кысатын жерін қысып, құсатын жерде қан құсып жүреді. Әйтпесе, мына кердеңдікті бір өткізіп алса, аттандап өре тұрар Арғынды кездестірмесе, ат төбеліндей сұлтан, қозы тулағындай төре өгіз талысы Арғынды бұта көрсе бұға қалар қорқаққа балап, келеден кетіруге, кеңестен тайдыруға тырысар. Ондай күнде шот мандайлысы шешенсіп, арық қарасы көсемсіп, талтақ сарысы серкемсіп, талпаң танаулысы өркештеніп, тақка ие табылмаушы ма еді деп талтайып отыра қалуға асықпағанда қайтеді. Хаққа иек қағылмаушы ма еді деп құдайына да қыр көрсетер қырсықтыққа баспағанда қайтеді.

“Асықтырармын. Төрге, тақка емес, көрге, тозаққа асықтырармын. Бастырармын. Сол қырсыққанынды одан сайын үдетіп, одан сайын батпандатып, хақ жолынан мүлде адасқан кеудеңнен қара қаныңды қорқырата ағызып, шайтан иектеген шыбын жанынды шырқыратып жаһаннамға жөнелтермін.”

Бөгенбай содан кейін қауырт әрекетке кірісті. Ол үшін ең алдымен Әжінің белін бір сындырып алу қажет деп түсінді. Белін бір сындырсаң, екі бүктетілгең сұлтан, мың жерден сұлтан болса да, қарсыңа кеп қалқайып тұра алмайды. Тұра алмаса, арқар ұранды азынатып, әрине, кісінейді. Кісінесін. Кісінеген сұлтанды төрелер төңіректейді. Төбедегі бастың төмендегенін көреді. Төмен қарап жер шұқитын қарашының қанын ағызуға құлшынады. Көк төбенің басына шудадай шұбалтып Шыңғыстың туын қадайды. Қабірі қай жерде жатқаны белгісіз, қадірі қай тұста қашқаны белгісіз қанқұйлы қанішер бабасының саудыраған сүйегін таба алмаса да, кәрі жынының кәрі құдіретін шақырып айран-асыр болады. Сол дүрілдеген түрлерімен жалақтап жан-жағына қарайды. Жалаңаштанған оң-солын, алды-артын байқағанда ғана, битімдей-ақ пішінінен, шөкімдей-ақ шамасынан тұла

бойын үрей билеп, түршіге түңіледі. Бірақ арқар ұранды азынатқанын, құлағы бітеу емес, елеңдегіш қазақ естіді ғой. Атам заманда сүйегі қурап топыраққа айналған сұрапыл Шыңғыстың сүлдесін шақырып, құбылаға емес, шығысқа қарап, қайдан тапқанын шайтан білген бе, қуыршақ құдайға табынғанын, көзі соқыр емес, андығыш қазақ көрді де ғой. Ендеше амалда, төре, амалда. Алшынды айналсоқта. Үйсінді үйірсекте. Біріне беделіңді сал. Біріне бағанды асыр. Керек болса, етің мен бетінді бер. Керек болса, құрметің мен ниетінді сый етіп бер. Қаптатып қасыңа ал, шұбатып соңыңа ерт. Қасқайып барып Арғынға тиіс.

О-о! Бөгенбайға керегі осы. Тері киіп, терсек төсеніп өскен даланың ұлдары, ой, бір жан аямай, жанталаса шайқасып, төрені турап, ақырғанды алдына өңгеріп, ұмтылғанды ұйпап тастап, Арғынның әруағын асырса.

Асырады. Мынау қансыраған, қорланған жүректің тулауы тегін емес. Тулаған жүректің долдануы құр кетпейді. Дүниенің астан-кестеңін шығарып тауды домалатып, көлді шайқайды. Жерді дірілдетіп, желді күшейтеді. Дауылдата құтыртады. Құтырсын. Ит сарыған намысты қаннан өзен ағызып, қаннан көл шалқытып барып, шалқыған көлде жуып, аққан өзенде шайып қана тазартады. Әйтпесе мынау тұтылған Күнді қайта көру жоқ. Батқан айды қайта шығару жоқ. Түн аспанын қақ жарып шығатын ай намыс тазарғанда ғана жарқырайды. Әлемді жылу мен жарыққа бөлейтін күн ар аршылғанда ғана тұтылған пердесін түріп тастап жарқ етеді. Ендеше айды аспандату керек. Күнді шарықтату қажет. Әйтпесе ақырзаман орнайды. Сіңірі шыққан елдің қызыл сирағы қара жерге қазық болып әр жерде бір қадалып қалады. Ойды өлік толтырады. Қырды сүйек басады. Қыбырлаған жанның кеудесінен өксік төгіледі. Зар атылады. Шер шертіледі. Күңіренген даладан содан соң күңіренген дауыс біржолата жоғалады.

Ақырзаманы өзімен кетсін. Ақырзаманды орнатпау үшін, айды батырып, күнді тұтылтқан намысты тазарту керек, арды аршу қажет. Ол үшін Әжі сұлтанның сағын

да, белін де сындырудан басқа амал жоқ. Ал Әжінің белін сындыру - қойнындағы қатынына қол салу. Тақымындағы атына ер салу. Қарны салақтаған, терісі салбыраған қақсал қаншықты құшырланып қыса алмасаң, мейірің қанып төсіңе баса алмасаң, жұпарынан жұрдай болған шіркінге қол салғанмен көңіліңнің құрышы қайтар ма. Ендеше атын қатынынан да артық көретін қазақтың қасиетін қашырып, қасіретін асырам десең, атын тақымға басып, қанатын қырқ, аяғын тұса, жолын бөге. Дәл сонда желкесіне қадалған көк сүңгіден де жүрегіне шаншылған тікенді ауыр көретін төренің қақпанға түскен қасқырдай өзін-өзі тістелеп, өзін-өзі арсылдай қауып, жұлқынғанын көрсең.

Жылқымның құты, ырзығымның басы, несібемнің көзі дейтін әркімнің-ақ көздің қарашығындай көретін, көздің қарашығындай сақтайтын киелі де қастерлі жануары болады. Сол малын әкесінен артық ардақтап, әйелінен артық мәпелеп, жел тигізбей, күн өткізбей, ұлындай өбектеп, қызындай құлпыртып қоятын малсақ жанның, малсақ байдың әдеті.

Әжі сұлтанның сол киелі жануары - Ақмоншақ дейтін ақбоз жүйрігі. Кейінгі кезде Әжіден гөрі Ақмоншақтың аты бұрын естілетін. Ақмоншақ алмаған бәйге болмаған. Алдына қылқұйрық салмаған. Аяңы жоқ, бүлкектеп отыратын айтулы жүйріктің қашан шапқанша үстіндегі баланың мазасы кетеді дегенді Бөгенбай талай естіген. Өзгенің баласы емес өз баласы сол ақбозда отырып бәйгеге түсер күн болса, Әжінің сақалын көзінен аққан қанды жасына жуғызар-ақ. Бала түгіл ақ жаулықтыны да Ақша әкесінің ақ ордасына әлі келін ғып түсіріп, үй ішінен үй тіккізбегенін ескеріп те жатқан бозбала Бөгенбай жоқ. Бала белде, қатын жолда дейтін ұғымға әбден ұйыған қазақтың қарасіңір баласы емес пе, жаңа бастаған жолын қалыңдық іздеумен әзірше бөгегісі келмейді. Жолға жұлқынып түстің екен, батыр атанып жау қашырғанша, ел қамқоры атанып, даңқынды алты қырдан асырғанша, қылмандаған күлімкөздің арбауына түсіп, қос арқан бұрымына қосақталып қалып, қотан қорыған төбеттей от басында омалып отырудан мейлінше сақ бол.

Белдегі бала бесіктегі баладай емес. Тау жебелесең де өзіңмен бірге, көл жағаласаң да өзіңмен бірге. Жау қусаң да, жаныңнан бір елі қалмайды. Ту құлатсаң да, бірге ұрандайды. Тек сол ұрығыңды салар қабыңды дұрыстап таңдай біл. Қап болатын көріктіңнің белiңді көбейтер, елiнді көркейтер ақылдысын аңлай біл.

Бөгенбай еңді іркіліп-тартынуды қажетсіз санады. Өзі күйінген соң, өзгелер де күйіп жүр ғой дегенге қатты малданды. Үлкендер үй толтырып, сөз көбейтіп, әр ауылға кісі салып, ырғасып жатқанда, күн сайын есеп пен есеп салғастырған ақсақалдардың алғашқы кездегі дауыс пен дауды ширықтырған екпіндері азая түскенін байқап, солардан ауысқан, солардан керексіз боп шеттеп қалған кек-қызылдың зәрін өз кеудесіне кеңірдектетіп тоғыта берген. Содан соң-ақ түбір сөзді де, күбір сөзді де қоздатып, ат-сойылды қамдатудың орнына, жыбыр-сыбырлы ептілік пен епсектіктің жаяу құйынын шандатуға бет қойған үлкендер бір бөлек, намыс өрті шарпыған Бөгенбай бір бөлек боп шықты. Енді ол өз тұстастарының, өзінің қатарлас, құрдастарының тамырын баса бастады. Кәрілер құсап бұқпантайлап, бұлдыратып көмескілетпей, ашығынан кетіп, ашынып сөйледі. Жастар қашанда ұшқын түссе лап ете жөнелуге дайын тұрған тамызық емес пе. Қолтыққа дым бүріккізбей-ақ дуылдап өре тұратын әлекедей жаланған шіркіндер бас шұлғи түсіп, Бөгенбайдан да әрман екіленіп шыға келмесі бар ма. Елеусіздеулері атқа мініп, елеусіздеу жүріп Әжі сұлтанның ауылына барып та қайтты.

Айдабол ауылының жылқысын айдатып алғызған Әжі сұлтанның тап өзі екені де белгілі болды. Қымыз ішіп, қызара бөртіп отырып, сол сұлтан арқасын Аллаға тіреп, екі аяғына періштені шіреп отырғызып қойғандай боп тыраштана аузын кергілеген ғой.

- Бет-бетіне безген тірлікті белінен буып ұстайтындар болмаса, дүниенің астан-кестеңі шығады. Соны ұстайтындар некен-саяқ. Сол некен-саяқтың бірі менмін. Исі қазақтың ортақ шырғалаңын көтерем деп осыдан он бес жыл бұрын Тәукенің алдында бір іске киліккенім бар. Жайшылықта “Не істейміз? Қалай шешеміз?” деп алдыма түсіп, айтқаныма көне кететін

анау Сүйіндік биі көксау Айдабол шалдың аяқ астынан кілт ете қалмасы бар ма. Содан не керек, бұрымы тірсегін соғатын, мойыл көзі ішіңде от тұғататын ойрат қызы уысымнан шықты да кетті. Айдаболға ал кеп тіс қайрайын. Ішке қан қатып, жүрекке беріш бітпеді ме содан былай. Тәукеге жағып, Қазыбекке арқа сүйеген сол кәрі көксау Айдабол немең содан кейін ал кеп дүрілдесін. Ал кеп асқақтасын. Қанша қапысын аңдысам да, не алдырмады, не шалдырмады.

Ақыры о дүниелік боп кегімді алғызбай, іште қатқан қанымды қалыңдатып кете барды. Тірісінде алқымынан бөтегесін сығып ала алмаған соң, әруағына ши жүгіртейін деп айғыр үйірін айдатып алдым. Адыраңдаған Арғынның алдыма келгенін көрмедім әлі. Қоқан-лоқысын қорыққандарға ғана жасайтын дүмбілездер ғой шетінен. Ауылымның сыртынан жүруге жарамады. Қайдан жарасын. Селт еткен бірі шықсыншы, зобалаңды одан әрі қоздатайын.

Осыны естігенде Бөгенбай түлен тұтты. Дойырын қос бүктеп ап, от басын нұқып-нұқып қалды.

- Елірген екен төре төбеті! Бөлінген елді буып ұстайтын некен-саяғым сол екен-ау! Ендеше сол бөлінген еліңнің бір бүлікшісі көзіңе көк шыбын үймелетіп, жамбасынды өз ошағыңның басында өз отыңа қақтар. Тасыған кеудеңді босаған местей сұлатар. Ақмоншақ атыңды тап сол мысыңды басып өткен Айдабол атамның бел баласы Тайкелтір көкемнің тақымына бастырмасам, Бөгенбай атым өшсін!

Жас достардың көбі-ақ от басын сабалап, айқайға ал кеп бассын.

- Шауып аламыз!

- Әжінің басын кесіп аламыз!

- Сұлу қызын, Бопышын ат көтінде салақтатармын!

- Пәленің басы Қырысбек көрінеді. Қарагердің үйірін қабырғасын қаусатып қуып кеткен сол ит екен.

Бөгенбай ақырып қалды. Қияқ мұрты тікірейе, әлгі соңғы сөйлеген жігітке суық жүзін қадалтты.

- Тоқтаңдар дүрілдемей! Не дедің? Қырысбек дедің бе?

- Иә! Ұрының үлкені сол. Әжінің, сұлтанның бүгінде оң тізесінде отыратын бопты.

Бөгенбай оқыс шешім қабылдады.

- Солай де. Онда тіпті жақсы. Әжінің тағы мен тәжіндей Ақмоншағы мен Қырысбегін жайғайын алдымен. Оның мақтанған кеудесіне әулиеміздей болған Аякем, Айдабол ата, қала берді бүкіл Арғын сиып кеткен екен. Сол кебінген кеудесін теспей солдырайын. Сендер әзірше қимыл, қозғалысқа бармайсыңдар. Әліптің артын бағу қажет. Асып-тасқан содырлықты тыятын да сендерсіндер әлі-ақ. Ал осы жолғының орайын шуылдатпай, дуылдатпай өзім және бір-екеуің барып, Қырысбегін шаңға аунатып, Ақмоншағын алып қайтамыз. Кек қайтарудың басы сол болады.

Даудың тұңғышы - найзагер Балтаны, жылқының тілін біледі дейтін атпаз жігіт Қозыбақты ғана ілестіріп аттанып кеткен.

Аяғы міне осылай бітіп еді.

Шалқайғанды еңкейтем, сіреskенді иілдірем, тіреskенді бүгілдірем деп сестеніп барып, бүлдіріп қайтып келеді. Осылай қарай бет алғанда Әжі сұлтанның оң тізесінде отырады дейтін қансүрең баукеспесі, барымташысы Қырысбектен өтер сұмырай да, жауыз да жоқ тәрізді еді. Дәл қазіргі жаны қиналған сәтінде, санасына кеудесін кеміріп сан сапалақ ой түскен сәтінде сол Қырысбектен абзал, Қырысбектен жақын адам және табылардай емес. Құлап жатып та қылшығы қисаймас табанды мінездің туралығымен бір кінә тақпады-ау сабаз. Қайта бұрыннан бірге тұрып, бірге жүрген бауырындай баурап әкете қойғанын айтсайшы. Сол кезде қиналып та жатты-ау. Бастан тиген соққысының бос кетпейтінін біледі. Өзі де көп ұзамайтынын сезді-ау қайран да асыл азамат! Өзгеге емес, өзім деп санағандай өзін бір ұрып сұлатқан бұған тапсырды ғой анасын. Неткен жігіттік! Неткен мәрттік! Жатым демеді, жанына жақындатып, жақынына балады. Жолдастың мыңын іздеме, бірін таңда деуші еді үлкендер. Сол таңдаған бірі бұл болғаны ма? Тандатқан қандай құдірет? Әділдік дейін десе, аттандап барып жау боп тиген бұл, сойылдасып соққыға жыққан бұл қалай жолдас бола алар. Бірақ өкінгені, өзегін күйдіре өз жасағанына өзінің күйінгені рас қой. Барған

жерінен ең болмаса бір жылқышыны ат бауырына тығып, жан сауғалатпаса, аспаны төңкеріліп төмен құлардай көңілі көншімеуші еді. Бүгінгі іркіт ішкендей ішінің күрт бұзылуы қалай? Бұрын қақ сойылдың шақ еткен дыбысын дүниенің бар әуенінен артық санайтын кеудесінің қымызы таусылған сабадай сылқ түскені несі? Әлде бұған дейін бұл білмеген, бұл естімеген жәйттің сыры ашылайын дегені ме? Сол әлсіз жарық қалт-құлт етіп, ішінің қапасында жатқан кек-қыжыл дейтін өзімшіл сұмдықты қуалап шығарғысы бар ма? Ау, сол кек қыжылы қазір мүлде сезілмейтіні қалай? Ішек-қарнын тазалап жуып, мазасын қашырып жүрген ашулы ызасын айдап, алалап тастаған қандай құдірет? Күрсінісі көп, өкініші өзегін сыздатқан қазіргі мына халінің төркінін кім анықтар? Батпандап мойнына түскен салмақты әдеттегідей серіктестеріне, қала берді Қанжығалы мен Қаржасқа, одан әрі тереңдетсе мұқым Арғынға бөліп сала қоям дейтін еркелік пе, келтелік пе - ойға бойлатпайтын ұшқарылықтан адасып қалғаны қалай? Қанжығалың мен Қаржасынды қанша телісе де, әлгіндегі өз қолымен сақ еткізген сойыл соққысына жанастыра алар да емес. Ал асқақ Арғынның, айбынды Арғынның сұсты сесі өзгеден бұрын бұның өзін езіп бара жатқандай-ау. Асқақ Арғын енді бұның айбыны болудан қалып барады-ау. Тентекке келтек ұстатқан Арғын емес, елді бүлдір, ерін сындыр деген де Арғын жоқ. Қалмаққа салар шеңгелді қазаққа сал, ойратқа салар ойранды алашқа төндіріп, төмпештеп ал дейтін жеңілтектік үш жүздің айбарлы арысы Арғыннан өлсең де табылмайды. Ағайынның алалығын, жақынның жарғыласуға апарар жағаласуын үнемі тиып отыратын әулиедей Арғын бір тентегіне “ел татулығына сызат салып, шеңберленген бірлікті бүлдіріп кел” десе, онда ақырзаман орнап, қара жер қатты піскен қарбыздай боп қақ жарылды дей бер де, қиямет күнін қарсы алуға дайындала бер.

Жоқ! Арғынға арқа сүйемес. Сүйеу қайда. Сол исі Арғын біткеннің алдында өзін күнәлі де кінәлі санайтынын әлден-ақ ұғынып, жауабы табылмас ой қажауымен тығылып келеді. Адалдық әрине Арғында бар. Бірақ сол адалдық анау Алшыннан да табылды

ғой. Тапқан Қырысбек аға емес пе. Кешегі өкпесін өштікпен өшірген қансүлік қарақшы, исі Арғынның ежелгі дұшпаны көрінген Қырысбек бүгін мүлдем басқа ғой. Қансүлік қарақшы емес, қадір-қасиетін төмендетпеген, құлап жатып та өр көңілмен қырандай көкке самғаған жақсы аға, жаңа ағасы ғой. Сойыл тиіп соры қайнаса да, сұры қашқан жүздің, сесі қайтқан кеуденің сабырын қашырмап еді-ау. Ет ашумен жаулыққа барған бұны жауызым демей, жанашырына балағаны-ақ неге тұрады. Әсіресе кете беріп бұрылып, маңындағы серіктерінің біріне де қарамай, дәл бұған құрсақтас бауырындай тілек білдіргенін енді ешқашанда ұмыта алар ма.

“Әй, қолым қатты еді!.. Жасаған, ұшығынан сақта! Қырысбек ағаны, зар тілегімді бір берсең, дәл осы жолы беріп, аман-есен алып қал. Жүрер жолын әлі де жалғастыр, Тәңір хақ!”- деп күні бойы бүлкектен аспаған шабдарын тебініп қалып, білезіктігіне бүлдіргісін іліп алған тобылғы сапты қамшысын шошаң еткізе, оң қолының алақанымен бетін сипап өтті.

Бөгенбайдың зар тілегі Жасағанның құлағына жетпеді ме, жетсе де, өзіңнің кінәңді өзің ғана көтеріп өт деген кесікті бұйырды ма, Қырысбектің келер күні күн бата көз жұмғанын қазақтың желден де жүйрік сумаңдағыш тілі жеткізіп үлгерген еді.

Бөгенбай сол қауесет хабарды естісімен күрт босады. Өңі қабарып, көзі шүңірейіп үйінде жатты да қойды. Жайшылықта ат белінен қай уақта түсетінін көрмеген әке-шешесі де, ағайын-туысы да төрдің алдында дөңбектей боп сұлап жатып алған бозбастың мұншалықты неге күйрегенін түсінбесе де, түсінген боп айналсоқтаумен болды.

- Жә! Ер егесте ер сынып, жүген үзіліп, еркек опат болатын. Ерегісті бастаған сен емес, Әжі сұлтан. Қырысбек... ә, марқұм сол содыр сұлтанның сойыл соғары еді ғой. Сүйкенген өздері. Сойыл көтергенге шоқпар сілтеу қылмыс емес. Тұр! Көтер басыңцы!- деп біреулері сылтауратса,

- Ойбай-ау! Ішқұста болмасқа ішқұста боп сенікі не? Батыр болар ма, бағымызды асырар ма деп сеніп жүрген сен бүйтіп бүрісіп түссең, басқамызға не

жорық. Қой әрі! Қораба қортық неменің қорғана алмаса, қарсыласып несі бар еді. Жауды аяған жаралы. Ойлама ештеңені,- деп екіншілері қайраса,

- Бәрі өздерінен. Бәле басы сол Әжі сұлтан! Сол Қырысбек қарақшы! Арғынды шауып алмақ-ау. Әруақ атты! Аякем дүр сілкінген шығар-ау! Қайта анау Әжі сұлтанды да бүк түсіріп, қараңғы көрге бұрап тығу керек еді. Жатсын енді қара ниетінің қасіретін бүркеніп, қара жамылып, қара жамылғырлардың ауылы! - деп зіркілдегендері де Бөгенбайды селт еткізе алмады. Іштей ғана: “Әй, мыналарға не болған? Бар болса, Қырысбектің балалары ұлардай шулап қалғанын ескермей ме? Әлде өзгенің қайғысын өзегіне жеткізе алмас жатбауырлықты жанымызға жамап алдық па? Ондай күнде әп жыландай ысқырынып, маңайымызды жалап-жалмап жәһілдіктің сұмдығын өрбітсек даладан қайырым, елден мейірім қашпас па? Татулық іздесек бір-біріміздің қанымызды ұрттап, сол қанды азсынып, тағы біреуінің өлімін аңсауымыздан кейін татулық орала қояр ма. Әлде жік-жік қып жіпке тізіп, жақ-жақ қып жақындастырмай қазақты қазаққа айдап салып отырған тәңірінің өзі емес пе екен? Өйтер болса сол тәңір хақ қазаққа неге соншама қырын қарай береді?”

Кісісі өліп, атақты жүйрігі қолды болған Әжі сұлтан ауылға шаппайды, Қазақ Ордасының қара шаңырағында қалқайып отырған Тәукеге аттандатып жетеді. Ақ сарайды шаңқылдаған ашулы дауыс астан-кестен жаңғырықтырып, бөлме-бөлмелерді, дәліз-қуыстарды қуалай толтырып біразға дейін басылмайды.

Әжінің байбаламын естіген хан, әрине, жүйкесіне жүк түсірген зілді сезінеді ғой. Ел арасын қайтсем ептеймін, бүлінгенді қайтсем бітеулеймін, жыртылғанды қайтсем жамаймын деп жанталасып жүргенде, жаңа бүлік бүлдіріп, жаңа жырық жарықшақ енгізіп, ел арасын еліртіп қойғанына қатты қапаланады. Күллі алаштың азаматын тең ұстауға тырысқан ханға, “Кәнеки, әділетіңді көрсетші! Қиянатшылды қылғындыршы! Төбеден төніп тұрып туралығыңмен турап тастайтын кесігіңді жасашы. Жарапазан айтқандай иектегі сақалынды шошандатып:

“Әділдік! Адалдық! Тазалық!” деп тақылдаушы ең бес уақ намазыңнан да бұрын. Көрейін сенің сол тоқылдақша тоқылдатқан әділдік, адалдық, тазалық дегендерге жол бергеніңді. Сөзің мен ісің бірдей шықса, ұлы хандығыңды ұстағаның! Ісіңнен сөзің ажырасса, Ақ сарайды да Ібіліс жайлағаны. Шайтанның былғағаны болар. Онда сен құсап тотықұстай талғаусыз қайталамай, әділдікті ақ алмастың жүзіне тапсырармын!” деп сынға салған.

Тәуке ішінен Әжі сұлтанды қанша жақтырмаса да, Әжінің қиянатты алдымен өзі бастағанын қасындағы сыбырлап үлгерген, сездіріп үлгерген кеңесшілерінен естісе де, ышқына ыңыранып барып, бас изеген.

- Әу, Әжі! Сен соншама неге барылдап кеттің. Мұндағылардың құлағы саңырау дегенді кімнен естіп ең. Байбайламасаң да ұғатын кеудеге кіретін жайжағдай белгілі болды. Кінәліні өзгеден тауып, өзімізді сүттен ақ, судан таза ететін қазақылығымыз да белгілі.

Жә, суытпа жүзіңді. Мен сені ақтайын да, қаралайын да деп тұрғам жоқ. Кісі өлімін тексермейтін ретіміз де, ниетіміз де жоқ. Сен айттың, мен естідім. Ескерілмес деме. Ес-түссіз еліріп барып, есерсоқты есінен тандырып алып ұрады да деме. Басына бақ қонғанда шақырмай, басына іс түскенде бақыратын қазақ екенімізді де ұмытпа. Бара бер, Әжі сұлтан! Ақ-қарасын анықтауды ұлысбегіне тапсырам. Алысқа да ұзатпаспын. Шұғыл да қайрылтпаспын,- деп төрені шығарып салып, сол күні-ақ болған оқиғаның анық-қанығын тексертіп, кінәліні жазалап, жәбірленушіні жөндестіруді сұрап Қаз дауысты Қазыбекке адамын шұғыл жөнелткен-ді.

Он шақты күннің ішінде ұлысбегі екі жағының да сөз ұстар игі жақсыларын алдырып, болған уақиғаның мән-жайымен мұқият танысты. Әжінің өктемдік зорлығынан өрбіген намысшыл жастың апырақтаған қимылын озбыр қиянат көрген ешкімнің болмағанын тындады. Ақыры кісі өліміне ұласқан бұл кекті жолдың соқпағына түскен сол ызалы жастың жаралы жолбарысша өлермен мінез танытқанына іштей сүйінсе де, әділет асуы деген биіктен аттап кете алмады. Үйірге үйір қайтарылыпты. Тұяққа тұяқ тігілсін де, бітіссін.

Ағайынның азары болса да, безері болған емес. Сұлтанның қиянатты бұрын бастағанын ескерер болса, бұл даудың “Жеті жарғыға” сәйкес күрделеніп түсер айыбын Әжіге салмақтандырып тастай салар да еді, бірақ барымтаны намыс қуу деп, сүйекке түскен таңбаны сылып тастаудың амалы деп амалдайтын қыр қазағының қайбір түйін салған жауабының түбіне жетерсің. Аякең, Айдабол би кезінде есемді жеді, есебімнен жаңылдырды деп жер астындағыны тірілтіп айыпкер ғып ұстаса, ұлысбегіне де ұтылап соға беруден де жаңылатын күн туады екен. Тұяққа тұяқ деу сол көп ырғасудың нәтижесімен түйінделген болатын.

Бірақ Әжі сұлтан бұл шешімді естігенде сақалын бір талдап жұлып ұшып көкке, ұшып жерге түскен еді. Түспей қайтсін. Тұяққа тұяқпен әккі Арғын неме қыздың қалыңына балаған Ақмоншақты, алдына қылқұйрық салмаған ақбоз арғымақты иемденіп ала қойған жоқ па!

- Әділет осы ма! Ханға бір барған мені екінші рет жете алмайды дей ме екен. Көк аспанды шытынатып сындыра алмасам да, Ақ сарайдың көк шатырын шытынататын кәрім барын ханына да, қарасына да көрсетейін!- деп күркілдеп жөтеліп, гүрілдеп атқа қонған еді.

Ұлысбегін де, осы даудың қос тізгініне шыжымдап жармасқан екі жағын да қатты қинаған Қырысбектің құны еді. Өлер адам өліп кетті. Тірілерге тірі жанның тірлігін жалғастыру ләзім. Ендеше өткенге салауат, бүгінге берекет құн төлеуге келісіп, керіспей тарасыңдар деген шешімге Әжі сұлтанның кісілері енді мүлде ырық бермеуге айналды. Ақмоншақтан бір айрылып, құнға құн емес, жанға жан алып қайта алмай екі жеңілсе, онда терісіне симай азуын ақситып отырған сұлтанның алдына құр сүлдесін сүйретіп қалай бара алар. Сұлтанның бет-жүзіне қалай қарай алар. Сол себепті де ендігі жерде төренің сөзін ұстаған мынау төрт адам бұрыс сөзге де, дұрыс қабаққа да өң бермей, тебеген аттай теріс айналып қыржыңдағаннан басқаны байқатардай болмады. Қазыбектің салмақпен төң-керіле қарайтын көздеріне де ажарын бір берместен, жаттап алған сөзін тоқтаусыз төпелей беретін тотыдай

төрт ауыздың бір-ыңғай жауабынан жаңылмай-ақ қойды.

- Құнға құн! Адамымызға адам аламыз. Құл қыламыз ба, басын кесіп, кеудесін тұл қыламыз ба, ол енді біздің өз кесігімізде. Ағайынға алалық енгізбейміз, ел бірлігін көздің қарашығындай сақтаймыз деп өзіңіз жасасқан ”Жеті жарғысында” түзген тәртібінен Тәуке хан ажырамаса, сол низамның бабына сүйеніп осы талабымыздың бұлжытпай орындалуын күтеміз!- деп шатқаяқтап шапқа аяғын мықтап тіреп, қарысты да қалды.

Дәл осы ұрымтал тұстан қадалған даугерлердің ендігі әрекетін де, соларға ұру-бару келесі жақтың қарсы қимылын да, бәрінен де бұрын билік салмағы бел қайыстырып түсіп, солқылдатып бара жатқанда қара қылды қақ жарғыш Қаз дауысты Қазыбек би істі жақсылыққа сая алар ма дейтін бір жағы шын тілеулестікпен, екінші жағы есектің ақырғанынан да әуез андығыш әуейілікпен бүкіл қазақ ұлыстары елең етісіп, құлақ түре қалған еді. Даланың дәстүрінде, әсіресе соңғы кездерде Тәуке ханның тікелей араласуымен бұрынғы қанға қан, жанға жанды азайтып, тіпті жойып жіберуге де жақындап қалған еді. Кісі өлтірген айыпкер бұрынғыдай шаңырағы ортасына күйреп түсірілмей, қара орманы бүлдіргісіне дейін түгел таланбай, өзі өлім жазасына бұйырылмай, құн төленіп, айып кесілетін болған еді. Алты Алаштың туын алдына тартып, “Жеті жарғының” ережелерін көлденең нұсқап, қаймағы шайқалмаған елді ауыз-бірлігінен айырмайын деп Қазыбек қанша қияласа да, тірескен төртеу сіресуін жалғастыра берді. Ерегістің қазанын бір қайнатып алған соң сыңарезу дәукестер дүрлігіскен көптің қиқуын одан сайын қоздыра көбейтіп, жалпылдақ отынды үстей түсті, қазанның сақырлаған қайнауын күшейте түсті.

Қиналған кезде немесе бабына келген кезде даусын қаз үніндей қаңқылдататын Қазыбектің саңқылдаған дауысы он екі қанат ақ орданың шаңырағынан шапшыды. Тауда естілді, таста жаңғырды. Бірақ талағы тарс айрылған төрдегі төртеуге дарымады. Сол төртеудің кезек-кезек алқымдары ісіп, тамақтары

кеберси құрғады. Қаңқылдаған қаз дауыс қос шық-шыттарына соғылып, шегініп, сіңбей жатты.

Қазыбек би бір құнға төленетін жеті айыпты жеке-жеке санамалап өтті. Саналарына жеткізе түсіндірді. ”Қара қазан” төленсін деді. Сол ”қара қазан” төлемімен Қанжығалы руы өз жігітінің шаңырағының ортасына түскенін мойындап, екі жүз жылқыны айдатып беретін болсын деді.

Төртеу тырс етпеді.

“Қара нар” қоса берілсін деді.

Төртеуден дыбыс сезілмеді.

“Қара мылтық алынсын”, қылмыскер жігіттің күші, қаруы сонымен жоғалады деді.

Төртеу қыбыр етпеді.

“Қара шолақ бие жетектетілсін”, Қанжығалының жас перісінің ырысын солай шайқасын деді.

Төртеу міз бақпады.

“Қара кілем ұстатсын”, сонысымен Қанжы-ғалының бозбасы қайта тұрмастай тұраласын деді.

Төртеу кірпік те қақпады.

“Жетім берілсін”. Сол рәсіммен екі жақтың көңілдерінен кірбің арылсын. Араластық-құраластық басталсын. Арғын мен Алшынның ағайыншылығы тағы бір жаңғырсын деді.

Төртеу сыбыс сездірмеді.

Әбден төзімі тозған Қазыбек ырғалып қалып айыптың жетіншісін түгел қосуға мәжбүр болды. Жеті айыпты түгел бергізу- біреуді ғана сұлатып беру емес, бүкіл бір руды, бір ұлысты түгел жығып беру боп саналатынына, одан кейін әлгі рудың да, ұлыстың да абыройы көпке дейін көлденеңді көк аттылының қанжығасына қыстырылып, ұзын елдің үйіріне, қысқа елдің қиырына таралатынына даланың әр тасы, әр бұтасы куә болады. Бірақ амал не, дау түйінін таппаса, иесін қабатыны аян. Түкпірлеп қайырмаса, дүбірлетіп дауыл шақыратын ыңғайға ойыспақ. Шарасы таусылған би ең соңғы жетінші айыпты да солқ еткізіп таразының шапшып тұрған басына тастай салды.

”Жесір бастаған тоғыз жөнелтсін!” Ереуілдеген екі елдің қан-жыны аралассын. Қытықсыз табыссын. Арғын мен Алшынның татуласқанының белгісі бол-

сын. Тіпті жесір аталғанымен желекті енді жамылатынды-ақ жөнелтсін айыпты Қанжығалының елі деді.

Төртеу мылқаулығынан жазбады.

Тілімен тас жарған Қаз дауысты Қазыбектің өмірінде тауы шағылған жері осы болса керек.

- Оу, жандарым-ау! Кеуделеріңді бітеу, көздеріңді соқыр, ауыздарыңды құлып еткен қай құдайдың қысасы еді! Ер егесте, нар кешуде. Егесті ерегіске айналдырғандарың неткенің. Ынтымақты ойрандағандарың неткенің. Алдыңа түсіп ылдилаған сайын, арандай аузың, көрдей көмейің ашыла бергені қалай. Ішкенді зәр, жегенді желім етіп, жауыздықты ту қылып асқақтай бергенің қалай. Арғында зіл түгіл өкпе сызы да қалмады, қара сойылы сынды, қара бүлігі тынды деп айқара ашылған құшағын ұсынсам, дұшпаңдықтың сұмдығын тосып, отты өртке ұластырып, татулықтың кеудесіне қанжарыңды сұғуың қалай. Еселеген дауды көбейтіп екіленіп тиіссең, жауаптасуға жұмсаған Алшынынды уысыңа сиғызып, у ішкізетініңді ұмыттың ба әлде. Тірі сөзді алмасаң, мынау алдыңа өңгеріліп түскен байлауға тіл қайырсаң, қандай ажалдың қақпанын басуға бет алып ең? Омақаса орға құлап опат болған Арғын жоқ әлі. Батпандатқан мына жазаның салмағы жанына жетсе де, мазасы кетсе де, ызасы әлі жеткен жоқ. Шоқ басқыза берсең, ызасын түртпектей берсең, оттан тайынар ма. Оттан тайынбаса, аянар ма. Ондайда дауласудың аяғы жауласуға ұласпас па. Бітістіре алмаған мені мен сені бүлінген елдің алғысы емес қарғысы таппас па. Пәле-жаланды сен тияр болсаң, Алшын, мен тұрдым... тоқтадым айтқаныңа. Ал онда жанға жаныңды! Іш сөйтіп қанымды! - деп у ішкендей ah ұрып толықсып кетті.

Осы кеселді түйін түйілген соң ендігі салмақ Сүйіндік пен Қанжығалыға солқылдатып түсті. Сонау күннен бері тілі сөзден, тізесі жаудан сүрінбеген, Орта жүздің ұранына айналған Қазыбек би өктемдінің өкпесін өшіріп, мықтысынғанды монтаң қаққызар деп малданып келген кәрілер мойнына ерттемей мініп алған Алшынды бір-ақ байқады. Бұдан әрі ірге салыстыра берудің реті жоғына көздері әбден жеткен соң, қоламтаны бықсыта қоюды қолай көрмеді.

Тайкелтір мен Ақша қаны қашқан, жүдеу жүздерін бір-біріне қадап-қадап өтісті де, үнсіз қалды. Түйіліп сазарған күйлерінде енді осы екеуі сыр бермес терең шарпысуға көшкен еді.

Салмақтың батпандатқан ең ауыры, әрине, Сүйіндік жағына қатты түскен. Өйткені арындаған жасты арандатқан өжет қимыл Айдабол бидің әруағын сыйлаудан, табанға тапталған намыстың туын көтермек болған өршіл әрекеттен туындағанын елемеу мүмкін де емес. Елемейін десе, ертеңгі ағайын арасының қалған көңілін, қырын қабағын, қырсық мінезін табарын біледі. Шімірікпеген бетіңді тіл-гілейтін тіл де, қамшы да көбейеді. Қабынбаған өтінді жарардай көз де, сөз де өңменіне қадалады. Елейін десе, Сүйіндіктің қой ішіндегі марқасындай бір бозбаласын өз қолымен көгендеп беріп, Алшынның, Алшыннан да бұрын Әжі сұлтанның қыл мойынға сарт етіп ұмырын жұлып түсер тұзағына ма, өмір бойы құлдық қамыты мойнынан түспейтін тозағына ма итере салмақ. Өз күшігін өзі жеген жыртқыштан онда несі артық.

Ақша батыр Тайкелтір бидің шешілмесін жұмыла жоғалып кеткен көздерінен аңғарды да, қап-қара боп демін дірілдетіп лықсыта шығарды. Ерін көбесін сөге берді де, ыңыранып қап тыйыла қойды.

Қанжығалының да қайысқан қабырғасы сынбаса да қатты майысып қалған-ды. Бүлік басы боп отырған Қанжығалының қара сіңір баласы. Анау көз атысқан Әжінің адамдарына қолынан жетектеп апарып ұстата салар көбік ауыз, көбік өкпе көгенкөз қарабайыр бозбас емес. Ердің бесіктен таныларын дөлелдеп, ереуіл десе ер әбзелін түзейтін, еңіреп тұрған ер боларлық, жалғыз басы мыңға лайық елінің ертеңгі жал-құйрығын қайтып қана шығарып берерсің. Жал-құйрығынды қайтып күзерсің, қайтып кесерсің. ”Ал менің ұлым - адамның емес алланың ғана құлы, өзгеге көзге түрткі қылмаймын десең, қай ағайының жарты ауыз сөзіңе бола жалғызын өз қолымен өлімге қиып, жарылқай салар. Ол қайда. Сенің балаң пысық та, менің балам күшік деймісің. Сен жаққан отқа менің неге өртенуім керек деп тұп-тура шайнап тастардай

өре тұратыңдар дәл осы ағайын арасынан табылмаса, мұрнымды кесіп берейін” дейтін ой тұманына сүңгіген Ақша түн ортасынан ауып кетсе де ұйықтамай отырған ауылдың Тайкелтір би екеуінің шешімін шыдамсыз күтуде екенін, әрине, сезеді. Сезеді де, қызылкеңірдек даудан әбден қалжыраған Тайкелтірді де, өзін де аяйтындардың мынау тіл тістеп қалғандарына көңілімен болса да шүкіршілік етеді.

Түйіннің зәрі, әрине, Бөгенбайға қадалғанын өзінің де, өзгелердің де аңғарғаны белгілі. Ал сол шешім анау үйде жер бауырлап дөңбекшіп жатқан ұлына жетті ме, жетпеді ме, мүлде хабарсыз. Қаз дауысты Қазыбектің кесігін естігенде алғашқы тіксінуімен кеудесіне у құйып жібергендей кекжиіп қалып еді, баласына айтқызудың қажеттігін енді ғана түйсінді.

Жігітін дереу Бөгенбайға жұмсады.

Тайкелтірдің жұмылған көздеріне сызат білініп, арғы жағынан пілте шамның жарығымен жарысып, көмескілеу ғана ұшқын дірілдеді.

Ақша әлденеден дәмеленгендей, құрдымға батып-шығып бара жатып тал қарманғандай биге, бидің көз қиығындағы жылтына жалына қарап, қылғына дем алды. Бірақ дегбірі қашқан батырға би салқын қабақтан басқа ештеңе де айтпады, еш белгі де бермеді.

- Әу, би! Қандай ақылың бар қосатын?- деп Ақша ақыры жалындаған ішінен шер ақтарды.

Тайкелтір көзінің сол сызатын кеңітпестен суық қарасты ғана жағалатты.

- Келсін Бөгенбай шырақ. Әңгіме енді сол балаға тірелгенін ұқ, батыр,-деді де, қалтылдаған қарашығын есікке қыдыртты.

Сырттан бұ кезде үш бүктеліп, еңгезердей Бөгенбай кіріп келе жатыр еді, отырған екеуі де назарын солай қарай тіктеп ала қойды.

- Ассалаумағалайкум!- Бөгенбайдың оң қолы әдеттегідей кеудесіне басылып, төмен сылық түсті. Өзі серейген күйі бақандай боп төбесімен туырлықты тесердей босағада тұрып қалды.

- Отырсаңшы,- деді әкесі.

- Рахмет, көке! Отырарға жер тығыз. Әлгінде естідім. Елді осынша қаңтарып екеуіңізге не болған?

Қолмен істедім, мойныммен көтерем. Мен барам. Өзім барам өтеуіне.

Тайкелтір би дереу құнжыңдап қоя берді. Көздері де кең ашылып, сұры қашқан жүзіне нұр шақырып, жылу жинап, ешкі асығындай шағын денесін тербелтіп-шайқалтып әбігерлене қалды.

- Оу, Бөгенбай балам! Асыл тастан, ақыл жастан дегенді дәлелдедің-ау. Мынау әкең екеуміз сағымыз сынып, сақалымыз селкілдеп, себепке себеп деп сенделіп отыр едік. Сергелдеңімізді сендей бұздың-ау, қарағым. Біз айта алмас кесікті құдай сенің өз аузыңа салыпты. Соны біз айтсақ, төндіріп, көндіріп айтсақ, өмір бойы өзек тырнаған өкініште өтер едік. Оған... ол қаттылыққа, қаталдыққа бізді жібермедің. Мынау - мойнында әкелік қарызы мол көкең. Мен - тілеуінді тілер ет жақын ағайынның парызын жүктеген тағы бір әкеңмін. Елді қаңтарғанымыз рас. Қолдан қайтіп қана шығарып берелік,- деп шұбырта жөнелген биді Ақшаның өзі тоқтатты.

- Жә, би! Емін таппас кеселге тәтті тілдің құрғақ суын ағыза берудің не қажеті бар.

Бөгенбай, ұлым! Қайтейін... Жанымның тілінгенін, жағамның жыртылғанын айтқанда не түсер. Жазуға амал не. Бұл шешімді сенің бүгін емес, бұрын қабылдағаныңды да сезем. Бұрылмастан бет бергенінді де сезем. Қолтығымда туғанмен қорама симас, қауымыма қарайлас болар деп қуана үміт артушы ем... Қайтейін. Тағдырмен таласа алармын ба. Тәуекеліңе өзің басып тұр екенсің. Тәңірдің әлі де болса талайынды кеспесіне сенгім-ақ бар. Түзу қарарына иланғым-ақ бар. Үмітсіз - шайтан дейді ғой. Үзбедім үмітімді, балам. Тілеуім тірегің болсын.

Ертеңінде төренің төртеуі қайтып кетті. Қайтарында төртеуі төрт-ақ сөз айтып кетті.

- Елдіктен кетпеңдер. Асылық етпеңдер.

Елдіктен кетпеудің салмағы елдің еңсесін түсіріп, екінші жақты жермен жексен ету екенін, әрине, біліп, жеңдік деп желпілдеп кеткен де еді.

Арада өткен алты күнде Арғын ауылдары аузы жабылса да, ат-сойылды қамдаудан тыйылмады. Күн сайын жастар арасында қызыну өсіп, өкпе қабынтқан

өрекпулер көбейіп, күн санап даурығысқан дауыстар жастар тұсынан лапылдап та жатты.

- Елдіктен біз кетпедік. Елдіктен олар кетті. Басынайын деген екен. Басымыздан секіргенімен қоймай, серкемізді шетінетем десе, өліспей берісперіз. Алыспай қалыспаспыз.

- Бөгенбайдың бір талы қисаяр болса, қызын күң, ұлын құл қылармыз Алшынның да, Әжі сұлтанның да!

- Кімге ұрынарын білмей жүр екен. Бүлік салады дей ме Бөгенбайды. Жо-оқ, ендігі бүліктің көкесін біз салармыз. Қайта қолымызды байлап, аяғымызды тұсап қойған сол Бөгенбайдың әмірі екенін білмейді-ау текесінген төресі. Енді қол босады. Өрісінен малын қуып кетермін. Терісінен жанын сығып алармын.

Осы дүңк-дүңк кек толқыны Әжі сұлтанға да жетіп еді. Томырық ашуға басқан шолақ ойлы сұлтан одан сайын тұлан тұтты.

- Шауып алам дей ме! Шабынды қылам дей ме өңшең қара! Онда мен бастайын керді. Мықты болса, қолымнан алып көрсін құрбан ғып шалар маңқа қозысын. Қотыр лақ құрлы құны жоқ Бөгенбай күшікті көнге салып, құлындағы даусын құраққа шығартпасам, өз аулында, өз әке-шешесінің көзінше төбе құйқаларын шымырлатып, бөлтірігін қаңсылатпасам ба. Қаңсылатармын да қансыратармын Ақшаны үйелменімен. Шулатармын Арғын біткенді! - деп бір-ақ томырылып, қатаң жазаға тартуға дайындалды.

Алтыншы күні Ақша батырдың ауылына Әжі сұлтанның адамдары сау етіп жетіп келді. Қосарындағы жылқысымен, жетегіндегі үш-төрт түйесімен келді.

Келе салысымен төрт түйені тездетіп шөгеріп, тездетіп жүгін түсіріп, тездетіп алты қанат ақ боз үйді тігіп жіберіп, есік пен төрге алаша, текеметін төсеп, кілемін тастап, сұлтан ауылының бір пұшпағын Арғынның қотанының шетіне, қонысының шебіне қондыра қойды. Қонақ боп келмегенін, егесе жетіп иыққа иық тірестіру үшін өз керегесін жайып, өз босағасын бекемдеп, өз төрінде шіреніп отырып, қажет болса тіресуге де келгенін білдіргені еді.

Қосардағы жылқы сойылды. Еті мүшеленіп қазанға

түсті. Ет қазанға түсісімен бет Ақшаға бұрылды. Ақиланып көздер қадалды.

- Құнікеріміз қайда?- деді.

- Жанға жанымыз қайда?- деді.

Қадалып айтты. Қайыспай қадалды. Іргеден отырып сөйледім деп іркілген жоқ. Іріленіп кеудесін қақайтып кірпігі қағылмаған көздерімен арбады. Қабағы жабылған жүздерімен қыбырсыз барлады.

Жұртта үн жоқ. Көздері үнсіз томсарған Ақша батырда ғана. Батырдың қасында Тайкелтір би де жоқ. Әккі би сұлтанның кісілері келер мезгілді есептеп отырған ба, әлде өз ауылында әлдебір шұғыл шаруасы болды ма, осы бүгін ертелеп аттанып кетіп еді.

Аңтарылған жұртқа ақшиған көздер тағы да қыдыра қарап, қайыспай қадалған жүздердің тақ-тақ даусы тағы атылды.

- Құнікер қайда?

- Оу, соншама зіркілдегендерің не. Менмін із-дегендерің. Әзірейілдей азынаманданар енді,- деп Бөгенбай әлдеқайдан жетіп кеп, атынан секіріп түсіп, әлгілерге адымдай басып жақындады.

- Байланданар қолын!- деді құн даулаушылардың үлкені.

Сол-ақ екен төрт-бесеуі тап беріп, Бөгенбайдың аяқ-қолын тыпыр еткізбестей шырмап тастады.

- Сал бүрмеге!- деді дікілдек басшысы.

Манағы сойған биенің терісін сол жып-жылы, жұм-жұмсақ қалпында жерге жайып жіберген жігіттер, бас салған бойда Бөгенбайды әлгі терінің үстіне домалата жығып, жып-жылдам орап тастады. Қайдан алып қашан дайындап қойғанын кім білген, тарамыс сабақгаған жұп-жуан жуалдызбен тез-тез тігіп, бүріп ала қойды.

Көз алдындағы мынандай сұмдық жазаны көріп тұрған жұрт шуылдап қоя берді.

- Мынау нағыз жаулық қой!

- Қалмақ та дәл бұлай қорламайтын!

- Қан соқтаға салғаны - қара деп қорлағаны. Мынау Әжі сұлтанның, сол сұмның тапсырмасы!

- Төремін деп шіренсе, төрін көр етермін әлі-ақ! Әнін зар мен шер етермін әлі-ақ!

-Ау, аумағымызбен тұрып, ауылымызда-ақ тұрып тынып қалғанымыз қалай. Неге салмаймыз аттанға, неге баспаймыз ұранға! - деген біреуді Ақша батыр тартып жіберді де ақырып қалды.

- Жә! Тоқтатыңдар шу мен дуды. Кесік айтылған. Байлам жасалған. Байбаламмен түк істей алмайсыңдар енді. Тыйылыңдар! - деп дуылдаған жұртты таратып жіберді.

Әжі сұлтанның адамдары Бөгенбайды күннің көзінде қалдырып, өздері үйлеріне кіріп тамақтануға кірісті. Ет жеп, сорпа ішіп, өңдері кірген соң, күлкілері қаттырақ естіліп мәре-сәре күйге көшті.

- Қашан қайтамыз? - деді бірі басшысына қарап.

- Асықпа!- деді анау әр сөзін санап, сығып шығаратын әдетімен.

- Асықпағанда мына жау ауылға, аңдысқан ауылға қалыңдап келген жоқпыз ғой, Қошеке! - деп екіншісі қиқандай беріп еді, Қошеке- Қошқарбайы дүрсе қоя берді.

- Көнектегінің көкесін танытпай кетпейміз! Көтінді қысып отыр!

Түн өтті, таң атты. Бөгенбай теріде домаланып ораулы жатыр. Сәске өтті, тал түс жетті. Күн қыздырды, тері кебе бастады. Көнек көнектігіне басты.

Ауыл өлік шыққандай жым-жырт.

Ақша батырдың бәйбішесі сонау домаланып жатқан ұлына алғаш көз талдырып телміріп, көзінің жасын көлдетіп еді. Талықсып құлап, бас көтеруге де жарамай қалды.

Шілденің күні тас ерітердей шыжыды. Шыжыған күн теріні тырыстыра кептіре бастады. Кепкен көнек ішіндегі жас дененің сүйек-сүйегін сындырардай сықырлата құрсаулап бүрістіріп, буып ала жөнелді.

Күн екіндіге құлдилады.

Аптап әлі де азаяр, әлі де бәсеңсір емес.

Ауыл қара жамылғандай мазасыз күйде тыншып қалған. Тыншымайтын да, арсыз күлкі, жөнсіз шуылдан тыйылмайтын да қотан шетіндегі ақ боз үй ғана.

Тағы бір күн ұзақ созылып, ұзап үзіліп, тағы бір қысқа түннің қойнына енді. Түн оралды. Жамырап

жұлдыздар туды. Жамыраған әр түрлі ой әр түндіктің астынан өрбіді.

Әлдене уақытта әлдебір шу ауылды дүркіретіп оятты.

- Уай, Ақша батыр!

Сұңқылдаған дауыс жер түбінен жетіп, жер түбіне кетті. Сұңқылдаған дауыс дүбірлеген ауылдың жебіріне жетіп, жермен-жексен етті.

- Уай, Ақша батыр! Арындауды тиямысың! Арамыңды адалдаймысың! Адалыңды әлде һарамдаймысың! Уай, Ақша батыр!

Сұңқылдаған дауыстан үрпиіп оянған ауыл әп-сәтте азан-қазан болды да кетті. Абалап иттер үріп, дүркіреп қойлар үркіп, шырылдап балалар жылап, әр жерден бір шаңқылдаған әйелдердің дауысы қосарланды.

Ақша батыр да, ауылдың бас көтерер басқа адамдары да қотан шетіндегі оба шыққан үйдей оқшауланған алты қанатты алтын үзікке ағылып келіп, маңайды лықа толтырып жіберді.

Әлдекім жалпылдақ отынды үстемелей салып алауды лапылдата қойып еді, еңгезердей екі жігіт қыл арқанмен шандып тастаған Балтаны арқанның екі ұшынан тартып, тыпыр еткізбей ауылдастарының көз алдына тоса қойды. Балтаның от жарығымен жарқ-жұрқ еткен жанары қайсар өжеттіктің ұшқынын шашыратты. Әлгі шашыраған көз жанарының бағытына ойысқан жұрт білемдеген қамшысын беліне тіреп, безерген жүзден ызғар шашып тұрған Қошқарбайды көрді. Қошқарбай өзіне қадалған көп көздерден қыңған да жоқ. Қайта мына сүзіле қарағаң, сүзе қараған көпшілікке көмейдегі уын, тілдегі зәрін тағы бір төгіп, бет-жүздерін бір айғыздап алудың реті келгеніне қатты мағұрланды. Зіркілін одан сайын үдетіп, бір ғана адамды - Ақша батырды сирек кірпіктерінің ұшына қадап алды да, қалшылдап-дірілдеп кеудесіне сыймай бара жатқан ашуының қақпағын лақтыра салды.

- Уай, Ақша батыр! Белімді баса берем дегенің-қанымды шаша берем дегенің бе? Кеше ерімді өлтіріп бір шулатып, шұбыртып алдыңа әкеліп ең, бүгін биліктің шешімін тағы бұзып, шеменімді ішіме

тыққаның қалай? Әлде өңмендей түссем, астамшылығым өтер, Алшын адасып, әупірімдеп кетер деймісің. Адуындап елірсем, ылдилап жоғалар деймісің. Әу, ағайын! Қыңсылап қолынды жалайын ба, құйрығымды бұтыма тығып, бұралқы иттей жотамды қамшыңа тосайын ба. Қанаты күйген көбелектей ғып арысымды өлтіріп, отқа бір түсірдің. Арысымның кегін қуып, құнын сұрай келсем, есе бермеймін, кесе беремін деп шешімге көнбес, бітімге келмес кесірлігіңмен, кеудемсоқ кердеңдігіңмен тағы да отқа итермелеймісің. Әлде кемісімді толтырам, кемтігімді бүтіндеймін деген өлермендікпен аш төбетше азуыңды қомағайланып қоңына сала берсем, сандалып қаңғып кетер деп ойлаймысың. Әйтпесе кешегі байламды бүгін қырықпақ болған, кешегі кесікті бүгін бұзбақ болған тентегіңді тыярмысың. Ұлысбегің, Қаз дауысты Қазыбегің, Арғынның тұтқасымын дейтін төбе биің бекіткен төрелігің күн айналмай жатып құнсызданатын, таң атпай жатып жойылатын шөре-шөре бірдемең ғана ма еді? Олай болса, Тәуке ханның тағының айдыны кеміп, айбары қайтып, қазақ бағының тайғаны ма? Құрандай құрметтеп, әулиедей әспеттеп төбемізге көтерген ”Жеті жарғымыздың” низамдары әркім өзінше құбылтатын желұшық әсіресымақ болғаны ма?- деп өрге шапшыған қалпында жүрек шайлықтырып алғысы келгендей түйдек-түйдек лекілдетті. Сол түйдек-түйдек лекілдеген сөздерді одан сайын шегелей түскендей қолындағы қос бүктеген қамшыны нұқып-нұқып қойып тұр. Сол шошаңдаған қамшы мен Қошқарбайдың қошқар тұмсығының астынан мұрт боп басталып, иек қуалап өсіп шоштаңдаған сақалға назары байланып қалған Ақша да, өзгелер де ысқырынған жанның иек қағуға шама келтірмей, жуадай жусатып бара жатқанын іштей ғана сезетін тәрізді. Жақ жазса, тіл қағысса, мынау Ескендірдің қос мүйізін қолына ұстағандай есіріктенген шіркін есігін ойран, төрін талқан етіп, мүлде қырып тастап, тапап өтетін сияқты. Әлі де ауылдастары түйдек ашудың артын тосуды, не алдынан тосуды жобалай алмай тұрғанда, сонау көнекте ораулы жатқан Бөгенбайдың гүр еткен даусы естілді.

- Әу, көке! Күн жаумай су болма босқа. Заңнизамды тексергіш болса, қотаныңа баса-көктеп кеп, сұраусыз-жауапсыз қонып алғанына шаң-басар неге сұрамайсыз. Ол аздай-ақ, ит пен битті бір өршітіп, мал мен жанды жеті қараңғы түнде желкелеп тағы оятып, жер-жебіріңе жетіп желкеңнен көк сүңгісін түйрегені үшін көтінен теуіп, көңілбасарды неге сұрамайсыз?

Қалшылдап тұрған Қошқарбайдың аузы ашылып-жабылып, ашылып-жабылып, ақсиған ақар-шақар тістері сақылдап кеткенде, шошаңдаған қамшысы сылқ түскен қолмен бірге жерге сұлап, улы тісі қағылып. белден соғылған жыландай қыбырсыз қалды.

Ақшаға да тіл бітті.

- Оу, жарқыным! Ақылды саған құдай беріп, басқамызға түк бұйыртпағандай неге кимелейсің! Сақалды саған ғана тәңір беріп, басқамызға шайтан ырымдады деп пе ең. Бес тал түгіңді бетімізді осқылардай шошандатасың. Аса берсем, кеуделерін баса берем, кінә-жаламды тоғытсам, тауын шағылтам деймісің. Өтіңді неге қабынтасың! Ұлымды құлдай тұлыптап, қанымды қасықтап ұрттап отырып, қаңсылаттың дегенің қай аярлығың? Бітіммен байландым, шешіммен шетінеместей боп сайландым дегеңдегің жаулықтан өтер жазаң ба еді. Көкірегімді тілгілеген қазаң ба еді. Түрікпеннің төріне бермеп ем Бөгенбайымды. Қол-аяғын байлағаның - қаруын алғаның еді ерқараның. Көнекке салғаның - тірідей көрге салғаның еді ер жігітті. Түрікпеннің түршіктірген төрінен нең кем, Қошқарбай? Ботасына тән азабын тартқызсаң, атасын жан азабы қинасын деген қатыгездігің бе? Соған бас изесең, Алшынның Арғыннан алынбай жүрген ұзындағы өшін, қысқадағы кегін атап айтып, тізіп салшы алдыма. Көнейін де, тіл қатпастан бас шұлғып қана өлейін.

Құн даулаушы Әжі сұлтанның адамдарының үні өшті, дымы құрыды. Анау тас жұмылған ауыл адамдарының ауыр жұдырықтары жүгіріп кетсе, талай тұмсықтың тегістелерін, талай тегістердің кеміс-телетінін шеке тамырларда солқылдаған жүрдек қанның толқынымен сезе қалғандай.

Манадан жым-жырт томсарған жүздердің шықшыттары шытынап, ерін көбесі сөгілді!

- Иә, атасын не жазғанымызды!

- Солай да солай деп Арғынның айыбын бетімізге қойсын! Сырттың сөзі қажет емес.

- Айта алмаса, атай алмаса, арымды қажап, намысымды қайрамасын. Енді қарайларым жоқ.

- Қамшыммен жотасын тіліп, ту сыртын тұлыптай қылармын!

- Иә! Қып-қызыл тұлыпты біз кигізерміз.

- Шеш көнекті! Тура жібін! Кес теріні!

- Босат! Босатындар Бөгенбайды! Көгентүп болар қарақты көз алдымызда шырылдатпаспыз енді!

Осы бір отқа май құйғандай әлдебір жастың талабы жүректерді уысына бүріп-бүріп ала қойды. Жиынға қыбыр-қимыл енді. Енді болмаса тап-тап беретін қызулы жігіттер Қошқарбай тобын бықпырт тигендей қылып, ұйпап өтіп анау бүрісіп жатқан Бөгенбайды босатып ала қоятынын қапысыз баққан Ақша батыр ақырып қалды.

- Тоқтат бассыздықты! Бұзба шешімді! Бөгенбай менікі емес бүгін! Сендердікі де емес! Құн өтемі ол. Содыр ұлдардың тартар сазайы осындай болмақ. Құтырынба өңшең ессіз! Салма екі елдің арасына жаңа бір ылаңыңды! Тиыл! Тайқы былай! - деді де қолымен жасқап ауылдастарын кейін ығыстырды. Енді-енді ғана есін жия бастаған, беттеріне қан жүгіре бастаған Әжінің жігітеріне ажырая қарап өтіп, қамшысын қайтадан беліне тіреп ала қойған Қошқарбайға қоңыр өңінің қарашығы үлкен ашулы жанарын оқтай қадады. - Әу, Қошқарбай! Менің ішім жылап тұрса, сенің ішің сақылдап күліп тұрғанын сезбес деме, айыбың болса, адақтап шық та, аспанымды құлат. Әйтпесе жапалақ құсап жарбаңдап, жағама жармаса беруінді доғар. Қолым жағаңа тие ме, жағама жармасқан жапалаққа тие ме, енді оны ажыратып жатпаспын. Жазымға жауап беретін, бере алатын жағдайымызды көрдің. Баламнан жаным ардақты емес. Не арды алқалармын, не жарды жығармын.

Қошқарбай үн қата алмай, бұрынғыдай бұлт үйіре алмай басын ғана изеп, бой тартты.

Ақша арқанның екі ұшын ұстап тұрған екі жігітті қамшымен екі тартып өтті. Күні бойы босағасын солқылдатқан ашудың, ызаның бар қайраны сонымен шапшыды да тынды.

Балтаны да дырау қамшы бір ысылдап барып осып түсті.

Артына жалт бұрылып, өз адамдарына иек қақты.

- Шешіндер! Бөгенбайды емес! Балтаны шешіңдер деймін!

Аяқ-қолы босаған Балтаға сызды жүздің кейісін көрсетті.

- Сен шырақ, бәле басы болуды қылам деуді қой бұдан былай. Бөгенбайға сен тұрмақ, анау бүкіл Орта жүздің ұлысбегі Қазыбек те ара тұра алмаған. Араласпасқа араласпа! Килікпеске килікпе! Бөгенбайға қол ұшын берем, тулағынан босатам деуден сен де, әй, көп шуылдақ, сендер де тыйылыңдар! Арандатпаңдар ағайынды!

Бөгенбай тағы да гүр ете қалды.

- Көке! ЫрзамЫн өзіңізге де, сөзіңізге де. Өкінткеніме ғана, өксіткеніме ғана өкінем.

- Оған бола басынды қатырма, балам. Менен туған ұл құл болмақ емес. Осымды ғана ескер!- деді де Ақша шұғыл бұрылып, үй жағына адымдай жөнелді.

Балтаны ортаға алған ауыл адамдары да дабыр-дүбір сөзді онша ұзатпай, екеу-үшеуден күңкілдесіп, үйді-үйлеріне тарасты.

Ауыл қайтадан ұйқыға бөкті ме, әлде ұйқыдан ауыр қалың ойдың құрсауына оранды ма, үрген иттерін тыншытып, үріккен қойларын жатқызып, өріп шыққан жұртты төсектеріне қисайтып, түн көрпесін қаусырынып алды.

Бір ұйқыдай уақыт өткенде шығыс жақ күл астына көмген қоламтаны үрлегендей алдымен ақтандақтата көкжиекке көлденең белдеу жүгірті. Көлденең белдеудің қақ ортасына қызарған шоқтай боп сәуленайзасын тұс-тұсқа шашыратып қылтиып күннің өзі де көрінді. Сол қызарып атқан таң, қызарып шыққан күн бүгінгі аптабының сесін сездірейін дегендей домаланып жатқан Бөгенбайдың жазық мандайына

жарқ етіп шағылды. Одан әрі көгілдір кеңістігіне асықпай өрлеген жалғанның жалқын лепті жалғыз көзі шілде даласының шекесін қыздыра әйкәпірленіп шекірейе қалды.

Көнек құрысып-тырысып, қаудырап қабысып, уысына түскен жас бозбастың ет пен сүйегін қайыстыра, майыстыра бүріп бара жатты. Күн көтерілген сайын, қызу жалыны асқынған сайын көнек қатайып тулаққа айналып, тастай батып, темірдей қатып құшағына қысып алған балғын дененің етін езгілеп, сүйегін сығымдап, адам баласы шыдамас ауыр азабымен өн-бойды сансыз инесімен шабақтап, ет пен сүйекке сырқыратып кіріп бара жатты.

Бөгенбай ернін жымқырды. Ауру азаймады. Бөгенбай ернін тістеді. Сырқыратқан азабы одан сайын күшейді. Маңдайдан кілкіп тер ақты. Азабы еттен де, сүйектен де өтіп жүрегіне, жанына батты. Тісін тісіне басты. Жағын жағына тістене желімдеп тастады. Кеудеден пыр етіп жан шыққанша ауыздан ыңқ еткен үн шығармауды бүкіл жұлын-жүйкесімен қадағалады.

Құн даулаушылардың бүгін, үшінші күні қара қазаны қайнамады. Қара қазанға телмірген көздерде әдеттегідей көңілді ұшқын, езулерінде кекесінді мысқыл ойнамады. Қошқарбай үйінен аттап шықпай іргені түргізіп тастап, бір көзімен бүрмені аңдып, бір көзімен ауылды барлап, жартыкеш көңілінің бажын таппай, әрі-сәрі күйге түсті.

”Апырай, ә! Мынау бала тегін болмас. Үрмеге салған жанның екінші тәулікте-ақ шыңғырған даусымен шырылдаған жанының ақыл-есі шығандап кетуші еді. Мәңгірген байғұстың содан кейін-ақ төрт аяқты малдан айырмасы болмай қалушы еді. Ал мынау... Ыңқ етпейді. Қандай төзімді! Қандай қайсар! Қаталдық жасаған бізге де, қаталдық жіберген тағдырға да міз бақпайды-ау бір. Апырай, әлде біз адасып жүрміз бе? Қазақтың кегін қуар бір ұланын бауыздамай өлтіріп, балталамай мүшелеп, ақылынан есін айырып, есінен өзін ажыратып, мүгедек қып тәнін бұзғалы, мәңгүрт қып жанын езгелі жүрген жоқпыз ба? Мынау дүниеде жамандық бар жерден табыларын білердей-ақ білдік қой. Жақсылықтың қай жерден табыларын

неге қаузамаймыз. Әлде сол жақсылықтан қашқақтап, тұрлаусыз тірліктің көңіл тыншытар күйіне ынтықпайтынымыз қалай? Қысасқа қысас деген Әжі сұлтанның айтақтауымен арсылдап жетіп, ақ-қарасын анықтамастан арыстан шығар арысты кеміре қауып жатқанымыз қалай? Жүйкеге жүк түсірмеуге неге сонша құмармыз. Әйтпесе, сонау күнде Қырысбек марқұмның көз жұмардағы: ”Бөгенбайда кінә жоқ. Кінәнің бәрі қиянатшыл көкіректе. Қиянатшыл көкіректің тойымы жоқ қомағай өктемдігінде” дегенін неге ескермегем. Сол қиянатшылы сұлтан екен-ау. Сол ғой.”

Осы бір күдікке тірелісімен-ақ Қошқарбайдың ішін шіреген кек-қыжылдан бірте-бірте із де қалмады. Енді ол өз кеудесінен өтірікті рас, шынды жалған деп келген құбыжық ерегістің қиралаң етіп шөгіп, шөгіп қана қоймай, бас көтерместей семіп қалғанын да анық байқады. Осылай қарай жүрерде көкірегін ыстық қоламтаға көміп алғандай күйдіріп бара жатқан өшпенділік оты тызылдаған жанын шыбын-шіркей етіп, Арғынның бір арысын бұтарлап өлтіріп, не ес білмес, ақыл кірмес мәңгүрт қып, Алшынның намысын тірілтіп қайтуға ұрт етін үш қайтара тістеп өзіне-өзі ант бергендей болып еді. Сол сірескен бойдың тұла бойды құрық пен сырықтай тікірейтіп бір иліктірмеген өшпенділігі құрдымға сіңіп кеткендей жұрнағын да тапқызбай, кекірейген кеудесін екі бүктеп, майыстырып кетіпті. “Жатың кім, жақының кім? Жақсың кім, жаманың кім?” дейтін әзәзіл сұрақты бұрын кеудесінен аулап көрмеген жан, бүгін көлгірсіген көңіліндей күлгін көкжиектен қып-қызыл қанталаған көздей боп күн шыққаннан бері соның арбауынан бір босай алмай-ақ отыр. Мынау жұмбағы жетіп артылатын жалғанда ойға бойлаудан қиямет ештеңе жоқ шығар-ау. Бойладым дегенше парықсыз дүниенің пәтуасыз тасырлығына батып-шығып, қақалып-шашалып өліп-тірілесің-ау. Қошқарбай да дәл осы күйге, дәл осы халге сүңгіді де кетті.

”Бәсе! Бәсе десе, жақыннан жақсыны іздемей-ақ табу, жаманды жаттан әуреленбей-ақ кездестіру әдетімізге айналса, бас ауыртып жатпайды екенбіз-

ау. Жақсыны өзіңнен шығарып ала қойсаң, жұрттың жақсысы да жаман, жаманы да жаман болмаса, таңың атып, күнің батар ма. Ендеше сол таңынды атыру үшін, сол күніңді батыру үшін жаныңды күніне қырық рет езетін жақыныңның тақымдаған ақылымен алыстағы жатыңның жақсысын жаман қыл. Тақымына қыл бұрау сал, көзіне көк шыбын үймелет. Ішкенін ірің, жегенін желім ет. Көк желкесінен көк сүңгіңді қадап тұрып бөріктісінің көтінен теп. Қарқылдап күліп, көріктісін кеудеңе бас. Тұлымдысының жел ашпаған етегін аш. Сөйтіп іргеңде отырып бой теңестірем, жақсымын дейтін көршіңнің мысын бас, абыройын шаш. Осы ғой, осы опасыз тірлік қой бізді қысқа күнде қырық рет қопаңдатып атқа қондыратын, ыстыққа күйгізіп, суыққа тоңдыратын. Не таптық? Анау жатымның жаманы-ақ Ақша батыр жақынымның жақсысы Әжі сұлтаннан неге абзал? Өксігі өзегін өртесе де, көзіне шық жолатпады ғой. Өзегінен шыққан ұлын көз алдында өртеп жатса да, бір тамшы су тамызбады ғой. Күмілжіп сөйлеуден алдымызға жан салмаушы ек, батырдың күлтілдетпейтін туралығын қызғанам ба? Қызғанам-ау. Қазақтың қасіреті осы қызғанышы мен күншілдігіңде екен ғой. Жақынымнан басқада жақсы болмасын деуден өтер қиянаттың жоғын бұрын қалай білмегем. Өз жаманын асыру үшін әлде қазақ біткен осылай бықси ма екен? Сол бықсыған сасық іші өзін өзі уландырып кетпей ме. Бәлки уланып бітіп, енді сол уланған ойдың, уланған мидың айдауы мен қайрауында қимылдайтын шығармыз. О, құдірет!..”

Қошқарбай алдына қойған қымызға да қарамады. Тілі аузына симай шөл қысып отырса да, тостағанға қол созбады. Осы шөл анау үш күннен бері нәр сызбаған, үш күннен бері зәр қысқан бозбасты әлдеқайда артық қинап жатыр-ау деген мүсіркеуге ойысқанда, бүкіл денесімен теңселіп кетті. Орнынан апыр-топыр атып тұрып, кездігімен айқыш-ұйқыш көктеген тарамысты бырт-бырт кескілегісі келіп кетті.

- Ішпедіңіз ғой...

Ес жиғандай аңтарылып қасындағы жыбырлаған еріндерге бажырая қарады.

- Қымыз алсаңызшы,- деді қарабұжыр серігі.

Қошқарбай үнсіз бас изеді. Қолы бірақ қымызға созылмады.

- Апырай! Тырс етіп, леп бермеді-ау!..
- Не дедіңіз? Нені айтасыз, Қошеке?
- Жай әшейін. Уйді жығыңдар.
- Кетеміз бе?
- Енді немене, осы араға жайлауға келіп пек!- Қошқарбайдың қантамырлары бадырайып-бадырайып шыға келді.
- Е-е... Жөн, жөн! Жығайық,- деп серігі тұра берді де, қайта құйрық басты- Ананы не істейміз?..
- Ананы дегенің не? - Қошқарбай кімді мезгегенін ұқса да, қырыстанып шүйілді.
- Бөгенбайды...Құлды!
- Құл ол емес. Құл бізбіз! Бізбіз, Ақжөлел!

Енді Ақжөлел деген серігі көзі бақырая аңтарылды.

- Қалайша? Неге?
- Жә! Былжырама босқа. Қауашағың бос болса, түк сезбесе, сені солай ғып жаратқан Тәңірге мен не істейтін. Не деп қарғайын оны.

Қошқарбай іргеден сығалап Ақша батырдың үлкен үйіне назарын бұрды. Бұрды да теткіп қалды. Анау іргесін түріп тастаған орданың қақ төрінде ағаш төсекке жотасын сүйеген батыр малдасын құрып алып, қолындағы қалақшадай домбыраның пернелерін дұрыстап тағып отыр ма, тиегін орнатып отыр ма- шұқыланып, басқа бар-бар дүниеден, өтірік-өсектен, жалған тірліктен мүлде аулақтанып алыпты.

Қошқарбай әнтек басын шайқады.

“Бұнысы қалай? Батырлығы ма? Қаталдығы ма? Өлі мен тірінің арасында жатқан ұлы анау. Жаны ауырмаса да, жаны ашымай ма? Мал екеш мал да төлін қорғап, қу жанын құрбан етуші еді ғой. Ал мынау адам алдына домбыра өңгергені несі? Қай жанының рахатын әлдилемек? Қай сүйінішінің күйін шертпек?”

Қошқарбай енді екінші жағына, есік көзіне бұрылды. Көнектен көзі жылтырап, масаға таланып, бет-аузы сол көнектей боп ісіп кеткен Бөгенбайды көрді. Жылтыраған өткір көздер бұған көк сүңгінің темір масағындай шаншылды.

Кірпіктер жыпылық қаққан жоқ. Сәлден соң

Қошқарбайдың дәті шыдамады. Еріксіз еңкейіп, өткір жанардан жүзін ала қашты.

“Неткен қайсар! Неткен шыдам! Әй, арыстай азамат-ау! Әттең Алшын емес!”

Неге Алшын еместігіне күйзелгенін әрине түптеген де, түбірлеген де жоқ. Әйтеуір осы жас жігітті өзінің ұната бастағанын ғана біледі.

“Аяқ- қолын шешкізіп, тұлыбынан босатайын ба?”

Осы ойға тірелісімен, сөйтуге ыңғайлана беріп еді, дүр еткен түндік сыпырылып түсіп, жалаңаш қалған шаңырақтан сауылдап құйылған күннің аптап жарығы тақыр төбесін қарып кетті.

“Ойпырмай! Құдайдың күні де күйіп кетіпті-ау! Оу, адам пендесіне рахымы болмағаны ма сонда Тәңірінің де. Алақандай ғана бұлтын жіберіп, сол алақандай бұлтынан дүркіретіп кеп суық жаңбырын төге салса, анау сабаз жастың жанын шақырып сауабын алмас па? Құдай да құдіретінен жаңылған ба?”

Кенет домбыраның күмбірі тымық ауаны тіліп түсті. Қошқарбай жалт қарап, Ақша батырға төнді. Қолымен жасқап қап, туырлықты түсіре бастаған жігіттерін тоқтатты.

Домбыра бебеулей жөнелді. Он саусақтың билігіне көшкен қалақшадай ғана көне аспап, жер түбінен дүрілдетіп бәйек үнді шырылдата суырып алды да, іле дүрілдетіп дүрмек ызыңды тоғыта салды. Дүрмек ызың тоқтаусыз ағылды. Сағымы дірілдеген, көк мұнары жыбырлаған тандыры кепкен даланың аптап тығыз-даған өлі тыныштығын дар-дар жыртып,сол дүр сілкінген сахараға мың сан құбылған қым-қуыт үндерді қойқаптан қайырып әкелді.

Жанды-жансызды түгел шұлғытып, түгел ұйытып домбыра “Нәзіктің зарын” аңыратты. Нәзік қыздың ел-жұртымен қош-қошын жеткізді. Ат көтінде салақтаған қазақтың қалмақ тұтқынында қан жылаған қайран да қаракөз қыздарының атынан Нәзік қыз нәзік үнмен шер атты. Күйік жасын сорғалатты. Нәзік үннің күйік назы талай кеуденің нәзік қылын шертті. Нәзік қылдың шертісі жүрек басына запыран тамшылатты. Сол запыран тамшылар талайдың жасаураған көзінің кірпіктерінде шыланды. Ақжәлел

қиыстай қарап Қошқарбайдың көз қиығында шық моншақтай боп күн нұрын шағылыстырған жалғыз тамшы жасқа кіжіне қарап қапты.

“Шірік екен ғой! Бос екен ғой. Сонысы керек. Әжекеңе сездірсем, ендігі топты өзім бастармын! Өзім ғана!”

Домбыра қағысы өзгерді. Шанақтан дала төсін дүбірлете тескен тұяқ дүсірі асып төгілді. Тұяқ дүсірі алғаш жалғыз құйғытып еді, іле қуалай жеткен көп тұяқтың дүбірінде жоғалып кетті. Әлде жалғызды жау алды. Әлде жалғыз жортқан жампоз жауға әлек салды.

Жоқ! Жалғызды жау ала алмапты. Жауға жалғыз батыр, жеке батыр әлек салыпты.

Қошқарбай соны анық сезінді. Қошқарбай енді жеке батырдьщ тілеулесіне айналды.

Күй әуені өзгерді. Қоршауға түскен жалғыздың қапалы көкірегінен күрсініс атқызды. Масайраған тобырдың көмейлерінен қарқылдаған күлкі, ауыз-дарынан барқылдаған мазақ төккізді.

Күй күңіренді. Күй ықылық атты. Күй күрсінді.

Кенет күй құдіреттенді. Саусақ астынан шұр-қыраған бір дауыс сонау тұңғиық көкке бір-ақ шапшыды. Еркіндік деген іңкәр саздың құдіретімен шанаққа қуат-күш құйылды. Әлгі шұрқыраған дауыс аспаннан атойлаған ұран боп жаңғырды. Озан-ұран боп даланы құшағына қысып ала жөнелді. Көздерде ұшқын тірілді. Кеуделерде қажырлы қайрат оянды. Жеке батыр ал кеп түйресін көк найзасын! Ал кеп шабақтасын масайраған жауларын!

Атой асқақтады.

Домбыра безілдеді.

Атой асқақтай асқынды.

Күй күңірене шарықтады.

Қошқарбай тықыршып отыра алмай селкілге басты.

Кенет есік көзінен сырттағы көнекке жалт етіп атыла қарады. Кенет жарқ етіп көктен найзағай атылғандай домбыра ышқынды. Кенет қыбырсыз жатқан көнекке жан бітті. Көнек апыр-топыр аунады.

- Құндыз! Құндыз! Құндыз! - Көнек астынан осы үш сөз аспанға атқыды.

Домбыра саңқ етіп үзілді.

Ақша батыр екі-ақ аттап далаға ұмтылды.

- Ақжол! Ақжол! Ақжол!- Тулаған көнектен дуылдап ұшқан осы үш ұран даладан тауға өрледі. Таудан төмен құлдилады.

Ауылдың бүкіл адамы өре тұрып, аласапыран болды да кетті.

- Маянбай! Маянбай! Маянбай! - Көнекті жарып шыққан үш-ақ озан аспан мен жерді, жер мен аспанды астастырды да жіберді.

Тұс-тұстан ағылған жұрт тулаған көнекті дуылдап кеп қоршап алды.

- Жақындамаңдар! - деді Ақша батыр.

- Жақындамаңдар! - деді Қошқарбай да өз адамдарына.

Енді тек еріндер ғана жыбырлап, көздер ғана ұшқындап, кеуделер ғана ентігіп, апыр-топыр алысқан көнекке қадалып қалыпты.

- Әруақ! Уай, әруақ! Өзің жебе жасты!- деді әлдекім дірілді даусының шырылын әлде аспанға, әлде аспандағы әруағының рухына жеткізердей ышқынып.

- Әруақ! Әруақ! Әруақ өзің қолда!

Көп ауыздан күңірене шыққан зар тілеу жалпақ дүниеге әрі тарыға, әрі жалына тарап кетті.

- Әруақ! Қолдай көр баршынды!- деп Қошқарбай еркінен тыс күбірлегенде, Ақжәлел жалт қарап, жеп жіберердей өшіге қадалды. Қошқарбай көрсе де көрмегендей елең етпеді.

Кенет... Тулақ тарс етіп, қақ айырылды. Қақ айырылған көнекті топшысымен ырғап сусытып, жұмыртқаны жарып шыққан қыран балапанындай болып, Бөгенбай кеуде көтерді. Көздері оттай жайнап, жұрттың ең алдында тұрған көкесіне күлімдей қарады.

- Көкем! Күйіңіз қандай құдіретті еді. Көкем менің!

Екі жанар кездесті де түйісті. Түйісті де түсініст.

Қошқарбай жігіттеріне айқай салды.

- Шешіңдер аяқ-қолын!

Тәлтіректеп орнынан тұрып, тәлтіректеп басып бері аттаған, арқан батқан, қаны шапшыған білегін уқалаған Бөгенбайды Қошқарбай екі-ақ аттап барып құшағына көмді. Көнтектеніп ісініп кеткен басын иіп әкеліп, мандайынан ұзақ жабысып, еміреніп сүйді.

- Алаштан туған азаматым! Баршыным!

Құшағын босатып, ұлды әкесіне қарай икемдей беріп еді, Ақша батыр Бөгенбайдан бұрын Қошқарбайды құшақтай алды.

- Алшыным! Адамым-ақ екенсің. Ұлымды саған тапсырдым. Енді уайымдарым жоқ.

* * *

Ақша ерте туған байланбаған жабағыдай боп жалы күлтеленген құлынды алғызып, тез жайғатып, қазанға салғызды. Жатып қалған әйелінің де жүзіне қан жүгіргенін көріп іштей шүкірлік етті. Қасына тізе бүкті.

- Басынды көтерерсің?!.

- Бөгенбайымды бауырыма басқанымда, түнегім түрілді ғой, көкесі-ау. Неге тұрмайын. Тұрам ғой,- деп шынтағымен жер таянып, еңсе тіктей берді де қайта қиралаң етті.

- Не болды?- деп Ақша ұстай алды.

- Басым айналғаны.

- Е, неге айналмасын. Үш күннен бері анау балаңмен бірге сен екеуміз де нәр сызған жоқпыз ғой. Қымыз берейін,- деп беті жабулы шарадан бір тостаған қымызды құйып әкеп, өз қолымен ұстап тұрып, ұрттатып ішкізді. Жүптісінің мандайынан тер бұрқ ете қалды.

- Әне, әбден қаталап қалғансың. Ұлыңның азабын өзің тартқаннан өтер азап болмас-ау жалғанда.

Бір тостаған қымызды өзі де тастап алып, Ақша енді әйелінің қолынан тартып тұрғызды.

-Қалайсың?

- Шүкір... басымның айналғаны басылған тәрізді.

- Онда сен анау тамақ жағын... қазаныңды ықтиятта.

- Не істемексің, көкесі-ау?

- Мен адам танысам, анау Қошқарбайдың кісілігіне қатты риза болдым-ау бүгін. Шекісе бергеннің бәрі шеке бұзар емес екен. Балаңа, Бөгенбайыма деген ниетін көргенде, көмейіме бір түйнек тығылып еді... Ырзалық түйнегі ғой, адал асымнан ауыз тигізіп, адал көңілімді ғана білдіріп аттандырайын деп едім.

- Ойбай-ау, онда мен тұра бермейін,- деп жұбайы әдеттегі елгезектігіне басты.

Жалғыз үйді жығу, буып-түю неше күннен бері ішпысты боп жүрген жігіттерге бұйым болсын ба, енді маңайда алысқа ұзамай жайылып жүрген түйелерді жетектеп келіп, шөгеріп, уық-керегелерді тендей бастады.

Ақжәлел қалқаның астында малдасын құрып алып мынау қарбалас тірліктен мүлде алыстап, мүлгіп қалған Қошқарбайға жақындады. Жүзін ызбарлана қадап, әр сөзін сығымдап шығарып, кеудесіндегі күдігін ақтара салды.

- Қошеке, бұ не боп барады. Құн дауладық. Құн алдық. Жанға жан дедік. Жан алдық. Құнға келген құлды неге босаттыңыз?

Қошқарбай сәтте өзгерді. Әлгіндегі мүлгіген түрден із де калмады. Құбыжық көргендей Ақжәлелге жиіркене қарап, тіксінгенін жасырмай даусын нық-нық шығарды.

- Құн - құл емес! Ертеңгі Қырысбектің шешесінің ұлы ол. Есінде болсын. Есіріктене берме.

- Жарайды ал, Қошеке,- деп Ақжәлел әлі де ығызданып сөйледі. -Жарайды. Оны неге босаттыңыз?

- Босату бар да, бостандық ету бар. Шатастырма, Ақжәлел!

- Жарайды-ақ. Қашып кетсе қайтеміз. Қазір ол қайда жүр?- деп Ақжәлел етігінің нәліне салмағын сала ерсілі-қарсылы ырғалды.

- Қайда болсын, жылқыдан бәсіресін ұстауға кетті. Қашып кетер қатын емес. Қашқанды қуар батыр ол, батыр!- деп Қошқарбай қолын сермеп ”енді мазамды алмай, көзіңді құрт!” дегенін білдірді.

Ақша батыр өз үйінің асқа дайындығына көңілі әбден толған соң, әсіресе бәйбішесінің есіктегі әйелге жас баланың жұдырығындай ғып бауырсақ пісірткеніне тіпті разы болып, енді Қошқарбайға қарай адымдай басты.

Бұл кезде түйелер түгел жүк артылып, жолға түсуге дайын боп калған еді, тек қана түстен бері қалқаның астына отырып алып, үнсіз мелшиген басшылары - Қошқарбайдың иек қағып қана белгі беруін күткен серіктері сырттан байқастап, жақындай алмай жүрген-ді.

Бөгенбай да жылқыдағы күреңтөбел мен шабдардың қайсысын таңдарын білмей біраз дал боп еді, Қозыбақ досы күреңтөбелді жетектеп жетті.

Күреңтөбел Бөгенбайды көрген бойда арқырап кісінеп келіп, жұп-жұмсақ барқыт еріндерімен иесінің алақанын иіскеді.

- Әб бәсе! Ат та иесін сағынады. Сағынбай ше. Дүбір тимесе тұлпардың да құлағы бітеліп қалады. Тұяғын тасқа егемесе, арғымақтың да аршындауы қиын. Ал мына Күреңтөбел дәл қазір деген бап күйінде, Бөгенбай-ау. Шабдарды әзірше үйірден айырмайық. Ол шіркін дудың малы ғой. Байлап, матағанды жақамайды ол. Обал жасамайық. Ал Күреңтөбел мал деген аты болмаса, тіл білетін, тілінді түсінетін жануар ғой. Жабықсаң - жаныңды жебейді. Жалғызсыратпайды.

Бөгенбай күлді.

- Жалғызсырайтындай жауға кетіп бара жатқам жоқ қой.

Қозыбақ басын шайқады. Күрсінгенін жасыра алмады. Әлгіндегі қызулы жүзіне сұрғылт рең тепті.

- Әй, қайдам. Көрдік қой жау еместігін. Сені көнекке орап тастағанда бүкіл ауылдың іштен тынғанын, бармағын ғана тістеп, зығырданы қайнағанын білмейсің әрине. Дүниеде өзге емес өзіңнің өз қолынды байлап тастап, әрекетке баспауыңнан қиямет ештеңе болмасын ұқтым ғой, Бөгенбай-ау. Ұққызды ғой Алшының. Ылайым жауың болмасын. Болғызбасын құдірет.

Бөгенбай досын құшақтай алды.

- Әй, Қозыбақ! Жақсысың-ау! Бірақ адасқаныңды біл. Сонда Қошқарбай ағадай Алшыннан да түңілемісің?

-Жұрттың бәрі Қошқарбай емес-ау. Анау өзі күлсе де, көзі бір күлмейтін томар құлақ, тобық шеке Ақжәлел дегенінен қорқам-ау... Бір шімірікпейді-ау. Адамға қабаған иттей боп қарағанда, көзінен тұп-тура адам жегіш жыртқыштың өшпенді қарасы қадалады-ау. Бір өтінішім- сен содан, сол кісәпірден сақ бол, бауырым.

Екеуінің ауылға оралғандары да сол еді, көкесі

Қошқарбайға бара жатыр екен. Бұлар да аттарынан түсіп, шылбырын ұстай ілесті.

Батырды көріп, Қошқарбай орнынан тұрды. Ілтипат білдіріп, басын изеді.

- Қошқарбай, жасың кішілігін арқа тұтып, інім деп меншіктеп алғым-ақ бар өзіңді. Оған арзитыныңды да білем. Өткенде күйініп сөйлеп ем. Күйік сөзі күйдіріп кететінін де ескер. Бүгін қуанып сөйлеп тұрмын. Ол сенің ішіңді танығанымнан. Шекісіп жүрсек те, бекісіп табысатын қазақпыз. Дастарқанымыз бар кезде де ортақ. Төрімде отырып, адал асымнан ауыз ти. Соны сенен де, анау серіктеріңнен де өтіне келдім.

Қошқарбай күле тіл қатты.

- Қуанғаннан, қуанта алғаннан артық не болушы еді, Ақша аға! Көбіміз сол қуана білмеумен, қуанта білмеумен қуартып жүрміз ғой бір-бірімізді. Сіздің төріңізден емес, босағаңыздан-ақ дәм татсақ төбеміз көкке жеткендей ғой,- деп ықыластана бейіл білдірді.

Осы кезде Ақжәлел қатты қатуланып алып, қамшысымен етігін салып қалды.

- Оу, Қошеке! Көшті иіріп қойып, жұртты қаңтарып қойып, қас ауылдың қаспағын жалап отырасыз ба енді!

Қошқарбайдың қайнар ашудан түсі бұзылып, жақ еті жыбырлап, азу тістері егеле бастағанын Ақша байқап қалды. Бірақ өзі сасқан жоқ.

- Әу, шырақ! Қас ауылдың қаспағы да дос пейілмен ұсынса, қаймақтан да абзал боларын ұғын. Дос пейілдің қас жүректі де, тас жүректі де жібітерін ескер. Ағымнан ауыз ти, көңілімнен су іш дегенім - жұртты қаңтаруым болмас. Осы бәріңді шақыра келдім.

- Қырысбектей бауырымды жер жастандырған бұл ауылға той тойлай келмей, құн даулай келгенімді өзгелер ұмытса да, мен ұмытпаймын. Отына қазанын төңкеріп, ошағын сындырғалы келген үйде талтайып отырып тамақ іше алмаспын!- деп Ақжәлел Ақшаға өшіге қарады.

- Жә, Ақжәлел! Шықпа алдыма! Кеспе жолымды. Жөнімді өзім жөндеймін. Сен араласпа. Дос пейілге өш пейіл сиыспас. Сыймас. Өшпенділік өршісе, бұл

қазақ кең даласында да сиыспас. Жүріңіз, Ақа!- деп Қошқарбай жігіттерін ерте ілесті.

4

Үшінші күн дегенде Қошқарбайлар өз ауылының төбесін көрді. Кең жазықтың дәл орта тұсындағы жатаған төбені етектей айналған жіңішке өзенді жағалай қонған бұл ауылға Қошқарбайдың қасында Күреңтөбелін майда бүлкілдетіп келе жатқан Бөгенбай әлдебір әуестікпен көз салды. Ақ шаңқан киізі мол, үйлерінің қарасы да көп үлкен шоғырлы ауыл екен, әсіресе анау көкорай шалғынды тұсқа оңашалау тігілген он шақты үйдің ортасындағы әрқайсысы он екі қанат екі үйден қосарлана тігілген ақ орда өзгелерден еңселене бөлектеніп, еріксіз назар аударады.

“Әжі сұлтанның ордасы боларсың!” деген ойға ойысқанда, Бөгенбайдың денесін бір суық аяз қарып өткендей болды. Осынау үш күндік жолда серіктестерінен әртүрлі мінез көріп, әртүрлі ойға шомғанды. Адам аласы іште боларын, сол алалық шалалықты де сүйрейтінін, даналықты да сездіретінін осы сапарда сезіне де бастаған. Түкпірлі сөзді өзі айтпай көзі айтатындар болатынын да байқаған. Кез келген нәрседен, ауыздан шыққан әр сөзден ілік іздеп, шатақ шығарғысы кеп отыратындардың келтелігіне басын да шайқаған. Әсіресе Ақжәлелдің әр кезде от көсеп, өрт тастап отыратын қызбалығын, қоздана сөйлеп, қызғана тиісетінін, әркімді бір іле сөйлеп, ілінісе кететінін, сыртының ызғарын, ішінің мұзын бір мырс етіп қап ерітіп алмайын дейтіндей мейлінше сақтығын, бәрінен де бұрын адамға адамша пейіл танытпай, адамға ”жауым, жауызым!” деп өшіге қарап, үнемі өтін шашып отыруын байқағанда, ішінен: ”Адам - қасқыр дегенді осындай Ақжәлел сияқтыларға қарап айтады екен-ау!” деп қорытып қойған еді. Енді анау әлденақ еңселенген сұсымен кеудесіне әлдебір үрей тектес ызғар енгізген ордаға кірпігін байлап қалып еді, Қошқарбай тізесіне қолын тигізді.

- Бөгенбай, ауылымыз осы. Байқап келе жатқан боларсың.

- Иә, Қошеке. Байқадым,- деп Бөгенбай көңіліндегісін көзінен оқығандай біліп келе жатқан серігіне ырзалықпен қарады.

- Жаңа елдің, жаңа жердің қорқытатыны да, толқытатыны да болады.

- Оны да сезіп келем, аға.

- Сезсең, былай етейік. - Қошқарбай артына бұрылды. Көзі әлдекімді іздейтіндей. Ақжәлел көш соңындағы түйенің бұйдасын жетектеген адамды әлденеге айыптап жебіріне жетіп жатыр еді, басын шайқап қап, Бөгенбайға қайта бұрылды. - Былай етейік. Мен сені осы тап қазір Қырысбектің үйіне апарып түсірем.

- Әжі сұлтан ше?

- Сен Әжіге құнға келе жатқан жоқсың. Сен Қырысбектің құнына келе жатқан өтеуісің. Құл емессің, ендігі анау аңырап отырған ананың ұлысың. Әжі сұлтанға апармау себебім де сол. Неге апармайтынымды ішіңмен сез де, айтқаныммен бола бер.

Бөгенбай тағы да Қошқарбайға аса бір ризашылықпен оң қабағын серпе күлімсіреп тұрып, ақырын басын изеді.

- Бұныңызға ішім қатты иланды, аға. Пейіліңізге сондай тойдым. Сөз ұстатып, уәде беріп қайтейін. Тек жер басып жүргенде өзіңіздің көңіліңізден ауытқымауға тырысармын..

Жолаушылар тобынан бөлініп, алдыңғы екеу қараша үйлері иін тірескен төмендегі қотаны тықырланған, желі басы тақырланған ауылға беттегенде, Ақжәлел келте құйрық дөненін борбайлата шоқытып, Қошқарбайлардың алдын орады.

- Уау, қайда бұрдың бетіңді? Уау, қаншелек Қошқарбай!

Бұған дейін алдына келіп дікілдемек түгіл, атын да сыбырлап та айта алмайтын томар құлақ шіркін түйеден түскендей етіп Қошқарбайлағанда, топ басшысы да, серіктері де, ә дегенде ауыздары желімделіп қалғандай Ақжәлелге аңтарылып жапақ-жапақ етіскен

еді. Дәл қазір мына өзге топ бір мінезде, анау томар құлақ бәкене қарабұжыр бір мінезде шарпысқалы тұрғандай. Қошқарбай әлгі абдырағаң күйінен тез сергіп, Ақжәлелді қамшымен бір осты. Келте құйрық дөненді басынан бір тартты.

- Тәйт! Орама алдымды! Батыр қараңды, делқұлы неме!

- Қол көтердің бе, Қошқарбай! Қаншелек болмасаң, қанымды ішкен қанішерді хан алдына апарып жазасын неге тартқызбайсың. Қара қанын ағызып, ішімдегі лаулаған өртті неге сөндірмейсің!- деп көзі қанталап, қамшысын көтере беріп еді, Бөгенбай шапшаң қозғалып, әлгі бәкене байғұсты ат үстінен бір қолымен іліп алып, тік көтеріп тұрып, қара жерге құйрығымен тастап жіберді.

- Шәуілдеме адамға! Жармаспа балаққа! - деп гүр еткенде күні бойы иіріліп үнсіз қалған жігіттердің оқыс күлкісі, риза қарқылы даланы басына көтерді.

- Шоқ! Шоқ! Өзіңе де сол керек!

- Шәуілдегені де рас! Балақтан қабам дегені де рас.

- Балаққа жармасам деп тұмсыққа соғылатын күшіктен аумай қалғаны да рас!

- Нағыз қаншелек өзі ғой. Осы Ақжәлел неме ғой. Бедірейген бетінің бір шіміркенер кезін көрмей барамау.

- Оу, ол шіміркенер болса, Әжекең қасына ұстап, күбір-сыбырына құлақ түріп отырмас еді ғой.

Қошқарбай Бөгенбайдың жайлап қана арқасынан қақты. Мынау жаңа, жас інінің сәт сайын ашық мінезімен де, шапшаң да шалт қимылымен де ойынан табылып, көңілінен шығып жатқанына тағы мерейленді. Қонышынан шақшасын суырып алып тығынын ашып жіберіп, сол алақанына жасыл күлгін насыбайды шекіп түсірді де, шақшаны Бөгенбайға ұсынды. Анау басын шайқады.

- Атпаушы едім.

- Оның жөн екен.

Екеуі төрт қанат қараша үйдің белдеуіне ат басын тіреді.

Ішке кіргендері де сол еді, нәзік зарлы үн созылып,

төрге шығып құйрық басқанша, екеуінің сай-сүйегін сырқырата баурап алды. Әсіресе жіңішке ашық еркін дауыстың егілте сездіретін анық күрсінісі кеуделерді толқын ұрғандай дір еткізіп жеткенде Бөгенбай көзінен ыршып-ыршып кеткен қос тамшының қыр мұрнының екі қапталынан сынаптай сырғанап езуіне үйірілгенін аңғарған да жоқ. Сорайған екі иығының арасына сүңгіп кеткен басын көтере алмай, еңсесін езген жоқтаудың сөздеріне құлақ түрді.

Мінезді-ау еді алғаным,
Бүйрығы жетті-ау Алланың.
Қос бүйірім таянып,
Зарланып жылап қалғаным-ай!
Қайғыға көміп әр күнді,
Кең дүниемді тар ғылды.
Болаттың асыл сынығы ең,
Кез қылды-ау Тәңір Арғынды-ай.
Жауының күнін тар қылған,
Талпынса жоқты бар қылған.
Дариядай шалқар алғаным,
Ажалың жетті-ау Арғыннан-ай!
Жоқтайын, зарлап жылайын
Ел аман болсын ылайым.
Өлмедім бірге, қайтейін
Жар болсын енді құдайым-ай!

“Арғын” дегенді естігенде арқасынан оқ қадалғандай одан сайын бүкшиген Бөгенбай Қырысбектің келіншегінің бүкіл жан дүниесімен зарланғанын, шерленгенін сезгенде, тіпті босап кетті. Әлгі қорғасындай екі тамшы енді өзінің егіз сыңарларын апауыр, ып-ыстық қып домалатып екі езуді суарып жатыр. Аңыраған жардың алғанының артында қалып, бірге өле алмай, бір молада бірге қала алмай, күйікті құсаға шырмалған көңілін зарлы шерімен ытқытқанда, Қошқарбайдың да кірпігіне шық тұрып еді. Мұңдас көңілдердің тілсіз табысқаны, тілсіз түсініскені ұзап бара жатыр еді, тамақ кенеген әлдебір дауыс естілді. Бөгенбай селт еткендей дауыс шыққан жаққа жас буған жанарымен бұрылып, өзіне қадалып отырған ақ

жаулықты кейуананы енді көрді. Сасқалақтай бас изеп, не дегенін өзі де білмей, икемге келмес еріндерін күбірлетті. Кейуана сол үнсіз қалпында бұған қадаған көздерін айырмастан, қолдарын жайды.

- Текебай, құран оқы! Ұлбике, жарыспа енді.

Беттерін сипасқан төртеудің алақандары алдына түсе бергенде, Бөгенбай еңіреп кеп, ананың тізесіне маңдайын ұрып тізерлей қалды.

- Қайғыңызға ортақпын, апа! Қапаңызға қабырғам қайысып барады, апа. Ұлыңыздың ажалына себеп болған Арғыны менмін! Алдыңызда отырмын, апа! Ұл қыласыз ба, құл қыласыз ба, басымды алғызып, кеудемді тұл қыласыз ба, еркіңіздемін, апа!

Кейуана күрсінді. Жуан кеуденің лықсыған демі жалын атқандай. Көздерінде, кірпігі азайса да мейірім шақырып тұратын қой көздерінде әлдебір жылт әлсіреп қана елес берді. Күміс білезік салған оң қолын көтеріп әкеп, Бөгенбайдың бетінен жайлап сипады.

- Балам-ай! Дауыл соққан жанымды үскірік енгізіп аязға шалдықтырғанда не табам? Кек ширықтырғанда, жүректі кекке жанығанда жаным жай табар ма?

Мен - анамын! Ананың тілегі баласының үстінде. Бір зарлаған ана екінші ананың зарлағанын қаламайды. Қаласа, оның аналығынан дүние безініп, тірлік шошынар.

Қатқыл алақан бетіне жұмақ лебіндей жұмсақ жанасқанда, тұла бойы шым-шымдап еміренген Бөгенбай әлгі қолды, ана қолын екі алақанымен жабыса қысып алды.

- Қырысбек аға маған...маған сізді...өзіңізді тапсырған.. Апа, мен...мен орындаймын. Парызымды...борышымды...Ақталайын деп тұрғам жоқ. Азабымды арқалап өтермін.

- Жә! Жи есіңді! Көтер басыңды! Маған еңсесі түскен жылауық құл емес, еңсемді көтерер ұл керек. Ұлым болам десең- төрім міне. Төрімде отырам десең- төбем міне. Қырысбегім үшін, Қырысбегімнің саған деген пейілі үшін мейірімім үстінде, балам. Алданбапты Қырысбегім. Алдаған қу тағдыры екен. Апалаған үніңнен адалыңды байқадым. Сабырға мен жеңдірдім. Сабырға енді, атың Бөгенбай ғой, Бөгенбай

ұлым сен де, Текебай қайным сен де, Ұлбике келінім сен де келіңдер.

Осы кезде сырттан дүрсілдеген ат тұяғының дүбірі естілді. Іле Ақжәлелдің дүрс-дүрс сөзі жетті.

- Әу, Қошқарбай! Әу, төбет! Қайдасың!

- Көтек-ай! Мына шіңкілдек Ақжәлел ғой. Ойбүй, шікін! Әу, Текебай-ау, бұған желік қайдан бітіп жүр еді,- деп ана Қошқарбайға жалт қарап отырды да, ақ жаулықты басын көтеріп алып, сыртқа айқай салды. - Әй, Ақжәлел! Жұмысың болса, үйге кір. Әйтпесе қаралы үйдің сыртынан суырдың айғырындай шақылдама.

Ақжәлелдің дауыс ырғағы алғашқы екпінінен бәсеңдей шықты.

- Рымжан апа-ау! Сұлтан ғой екі аяғымды бір етікке тығып жатқан. Әпкел де әпкел деп...

- Кімді әпкел дейді ол Әжі төрең,- деп Рымжан бәйбіше даусын да, қабағын да серпе көтерді.

- Кімді болушы еді. Құлды да..

- Әй, Ақжәлел! Кір үйге! Түс аттан!

- Оу, апа-ау! Уақыт тығыз. Сұлтанның ашуын білесіз,- деп сырттағы сылтауға басты.

- Сұлтаныңның екі аяғы аспаннан салбырап түспеген. Сұлтаның да мендей анадан туған. Кір үйге!

Аттан дік етіп түскен Ақжәлел табалдырықтан аттай бергенде, кейуана ақжаулықтың астындағы кимешегінің етегін көтеріп омырауын ашып, әлі де босай қоймаған әппақ анарын жарқ еткізді. Жарқ еткізді де, алдында жүрелеп отырған Бөгенбайдың желкесінен бүре ұстап басын омырауына қарай еңкейте берді.

- Ернің ді тигіз!- деді.

Бөгенбай айтқанын істеді.

Рымжан асықпай омырауын жауып кимешегінің етегін түсіріп, ақжаулығын екі қолымен бір дұрыстап қойып, енді қолдарын ілгері созып, Бөгенбайдың екі шекесінен уыстай ұстап тұрып мандайынан емірене сүйді.

Жайлап Ақжәлелге бұрылды.

- Көрдің бе, Ақжәлел?

Ақжәлел аңырған күйі болар-болмас бас изеді.

- Көрсең, Бөгенбай құл емес, менің ұлым болды. Төсімнен нәр алды. Енді төрімде отырады. Сұлтан қажет десе өзі келіп, сәлемдессін. Құнға құнның рәсімін билер бекітсе, мен түйіндедім. Ана боп құшағымды аштым. Оны сұлтаның түгіл ханың Тәуке де бұза алмайды.

Бөгенбай енді менің ұлым. Ешқайда бармайды.

Ақжәлел артымен шегіншектеп үйден шығып кетті.

* * *

Бөгенбай Қырысбектің азын-аулақ шаруасын дөңгелетіп әкетті. Малын түгендеді. Жоғалғанын іздестірді. Қошқарбайға ілесіп, қалаға шығып керек-жарағын алып, одан әрі қарақалпақ асып айдап барған малына бес-алты қап астық айырбастап алып, қыстың азық-түлігін де, басқа қамын да бір жайлы етіп тындырып тастады.

Жалғыз-ақ үнемі кеуде тырнайтын, уысынан босатпайтын кірнесі- Ұлбике талабы. Ұзын бойлы, ақ шырайлы, солқылдақ қыпша белді Ұлбике бір көрімге әдемі де. Мінезі де биязы. Кісіге күлімсірей қарағанда үлкен көздерінің адамды арбап алардай сиқыры бар ма, естен айрылғандай мәңгіріп тұрып қалғанынды да білмейсің. Тілеуі кесілген келіншектің әр тілекке білек созғысы кеп тұратын әдеті ме екен, оны жасы он жетіге енді ғана толған Бөгенбай қайдан аңғара берсін. Әйтеуір бір шаңырақтың астына тағдыр тәлкегімен кеп бастары қосылған соң, сол қосылған бастардың бір жастықты жастануды тілейтіні де боларын өткен түнде ғана шошына сезінген еді.

Рымжан анасын қаралы көңілін жұбатып, қамырығын сәл де болса азайтайын деді ме, көрші ауылдан Қырысбекке бата жасай келген әпкесі өзімен бірге ертіп әкетіп еді. Қозы көштей жердегі ауылдан сол Рымжан шешесі орала қоймай, Ұлбике екеуі екі түнді оңаша өткізген болатын.

Екінші күні Ұлбикеде бір қатты өзгеріс пайда болды. Шелектеп су тасыды. Сақырлатып қазанда су қайнатты. Ыстық суды бір шелекке, суық суды бір

шелекке құйып, үйге кіргізді. Ағаш астауды Бөгенбайға алғызды. Ағаш астауға ыстық судан да, суық судан да құйды. Содан соң бар киімін тез шешіп тастап, лыпасыз қалды. Есіктен теріс қарап жер-ошақ басында отырған Бөгенбайға шоқтай жанған көздерін ту желкеден күйдіріп жіберердей қадады.

- Бөкем! Әу, Бөке-е-ем!

Даусында ерекше сыңғыр, ерекше сиқыр тірілді. “Бөкем” деп шешесі айтушы еді. Екінші рет мына Ұлбикеден естіді. Естіді де, бүкіл денесімен ыстық суға шолп еткендей дуылдап ала жөнеліп, артына жалт қарады. Жап-жалаңаш әппақ денені жартылай жауып кеткен қолаң шаштың етегінен бұлтиған екі сан, екі санның арасындағы күнтиместегі бұйра кекіл көзін қарып түсті. Жалма-жан жүзін бұрып әкетті. Дуылдаған денеге енді дуылдаған екі беттің ыстығы күйдіре қосылды.

- Бөкем! Байқастай отыршы, үйге біреу-міреу кіре қоймасын. Жуынып алайын.

Көз алдынан әлгі топ-толық қос балтыр кетсеші! Артыңа тағы бір бұрылсаңшы, тағы бір қарап, есінді ұйқы-тұйқы ғып бара жатқан сол әппақ санның түйісер жеріндегі құндыз түкке көзінді қандыра суарсаңшы дейтін қазымыр тілек қалшылдатып ала жөнелді. Алақтап жан-жағына қаранды. Ұрлық істеп отырғандай өз-өзінен бүлінді. Қараң-құраң ешкім көзіне шалына қоймап еді, әлгі жеңсігі одан сайын құтырынды. Жасырған жердің ашылғанда, шашылғанда адам еркін тұсап, аңсарын асқынтып, құштарын шектен тыс күшейтіп, алпыс екі тамырдағы ыстық қанды қайната айдап әлек-шәлек күйге түсіретін құдіретінің табиғатын табиғаттың өзі білмесе, адам баласының біле бермейтіні ақиқат. Кейде жүректің жүректі адаспай іздеп тауып алатын алапат қуанышы шын қуаныш боп ұзағынан сүйіндіріп, сол табысқан жүректерден үнемі тамызық тастап, сөндірмей қызуын, жалынын сақтап отыратыны және белгілі. Ал енді жүрек жүректі аңсамай, іштегі жалын тұтанбай әлдебір желіктің аңсары тұла бойды құйындай үйіріп, кеудені жеңсік құштарлығының буымен толтырып, сықап ала жөнелгенде ақыл-естен айрылғандай алай-түлей аусардың

құшағына қалай сұңгігенінді де байқамай қаласың. Бөгенбайды дәл қазір сондай алақұйын аңсар сезім селкілдетіп тұншықтырып бара жатты.

- Бөке-е-ем!..

Сыңғыр дауыс сиқырлап тағы естілді. Бозбаланың тұла бойында шымырламаған шөкімдей жер қалмады. Өзегіне от түсіп кеткендей дегбірі қашып, мазадан мүлде айырылды. Жауап қатайын деп еді, тамағы қаңсып, даусы шықпады.

- Бөкем, мұнда келіп, үстіме су құйып жіберші!..

Құлағына сенер-сенбес. "Шақырғаны ма? Қалай кірем? Не деп кірем? Барсам ба... Шақырды ғой. Ұлбикенің өзі айтты ғой. Соншама үрейленгенім не? Әлде арамдық ойлаймын ба? Ойлаймын-ау, тәрізі..."

- Бөке-ем, келсеңші енді...

Сыңғыр дауыс үздігіп шығып, үзіліп тынды.

Бөгенбай орнынан тұрды. Апырақтап тағы да жанжағына, үй-үйге назар қыдыртты. Бұл ауылда бүгін бұл жаққа ешкім аяқ баспауға серт беріп қойғандай.

Аяғын санап басып, есікке әрең жетсе де, алып ұшқан аңсар кеудедегі алқынған жүректі ал кеп құтыртсын. Ал кеп тыпырлатсын!

- Бөкем, ожауды... Мә-ә! Ұстай ғой.

Әппақ жұп-жұмыр иық, әппақ арқа, әйел арқасы, келіншек арқасы алдынан жарқырап шыға келді. Қолаң шашты қақ бөліп, алдыңғы өңіріне құлатып жіберіпті.

Ұлбике сол мойнын бұрған қалпы әппақ тістерді ақсита күліп, шынтағын билетіп ожауды ұсына берді.

Ожауды қолы дірілдеп ала бергені де сол еді, келіншектің саусақтары алақанының сыртына сипай жанасты. Ыстық судың лебінен бе, әлде өзі солай лапылдап тұрды ма, саусақтар күйдіріп жіберердей қарып түсті. Бозбаланың онсыз да қайнап тұрған қаны, тулай шапшыды. Ожау ұстаған күйі қатты да қалды. Көз көзге қадалып, көз көзден нәр алып басқа дүниені мүлде ұмытқан. Енді сәл болмаса...

- Су... су құйып жібер, Бөке-е-ем!

Дауыс сыңғыры манағыдай нәзік болса да, әсем ұйқыдан ба, әдемі күйден бе үркітіп оятқандай, бар денесімен дір етіп, қорбаңдай қимылдап, шелекке

ожауды екпіндетіп сұға салды. Шашыраған су жерге төгілді. Ұлбике сыңғырлай күлді.

Осы күлкі есін жиғызды. Ожауын іліп алып суды әлгі жұмыр иыққа, әппақ арқаға құя салды.

Екі шынтақ бүлк-бүлк етіп, көз құртын жеуге кірісті. Құдай-ау, бүлкілдеген шынтақтардан сұлу, шынтақтардан шешен, шынтақтардан сайрағыш не бар екен! Теріс қарап, бура саны бұлтиып, жүрелеп отырған әйелдің қыр арқасының әсем ойығын қуалап аққан судың кербез кесірлігін бұрын кім көрген! Анау бүлкілдеген шынтақтардан сырғанай қашып, дөңгеленген сауырды, әппақ сауырды жалап сусып, екі санның арасына, әуес қуысқа, ынтық қуысқа ұялмастан ұмтыларынқайтерсің!

Ожау құюынан, су ағуынан, шынтақтар бүлкілдеуінен, көздер қызыға құмартуынан жаңылмайтыңдай боп тұрғанда Ұлбике орнынан атып тұрып, жалт бұрылды. Қолаң шашы қос анарына жабысқан, кіндіктен қарыс төмен тұсына алақандай ғана әлде құндыз әлде жабағы жапсырып алған алдыңғы өңірі түгел жарқ етіп бозбаланың кең ашылған көздерін қарықтырып жіберді.

Ұлбикенің сыңғыр күлкісі санасын улағандай тағы естілді. Саусақтары жалындап жетіп, иығынан жайлап итеріп қалды.

- Бар, Бөке-ем. Бара бер.

Бөгенбай үйден сүлдерін сүйретіп қана шықты. Екі-үш аттап барып, сылқ шөге кетті...

Сол түні әлдебір нәрсенің бетіне жанаса тигенін ұйқылы-ояу күйде елемеп еді, көрпесін серпіп ашып қасына қыстырыла берген әлдекімнен шошып оянды.

- Ау, кімсің?!

Сыңғыр күлкі ғана жауап беріп, ыстық төс, от боп жанған қос анар кеудесіне қадалды.

-Ұлбике?! Сенбісің?..

Неге екенін білмеді, қазіргі сыңғыр күлкіден күндізгі сиқыр күш мүлде жоғалып кетіп еді. Мынау кеудесін тесіп жіберердей ып-ыстық қос томпақтан әлдебір суық ызғар қарығандай денесі тітіркеніп қоя берді. Жұпар сабынның иісі сіңген күндізгі әппақ дене, сол денені аймалаған әсем білекті шынтақтар дәл қазір

барлық жұпарынан, бар-бар әсемдігінен жұрдай болғандай сезіліп, түршіккен жанының жиіркенішін тұтата қойды.

- Ұлбике, мұның не?

Дауысы құлазыңқы шығып, құлазыған кеудеден леп берсе де, жаныққан келіншекке мүлде әсер етпестей. Күндізгі қос әппақ білек енді қос жыландай оралып, қос жыландай тімтініп, бозбаланың қармамайтын тұсын қармап, уыстамайтын жерін уыстап, емін-еркін араласып кетті.

- Ұлбике, тоқта!

Дауысы гүр ете қалды. Келіншек сонда ғана дір ете түсті. Дір ете түскенде жүгіргіш, қыдырғыш саусақтардан әл кетті. Уыстаған, шымшылаған жерлерінен сусып босап, шегініп шеттей берді.

Ұлбике кілт суынды. Қалай тез келсе, солай тез кетті. Ағаш төсегін сықыр еткізіп етпеттей сүзді де, булығып өксіп, қыстығып қысылып, ұзақ жылады.

Бөгенбай енді мүлде састы. Әлгіндегі сыңғыр күлкілі, төсінен алау жалындатқан, жүйрік саусақтардан дәметкіш тілек жамыратқан келіншектен гөрі мынау тығыла өксіген, тағдырына налыған, әулекіленген өткінші қылығына өкінген әйел әлдеқайда артық, әрі әлдеқайда аянышты халімен сүйкімденіп сала берді. Атып тұрып, арқасынан сипап аялағысы да келді. Бауырына басып, жас баладай әлдилеп жұбатқысы да келді. Әйелдің күлген түрінен кейде жылаған түрінің келістілеу болатынын сезе ме, шалқасына аударып, пілте шамды тұтатып жіберіп, тарам-тарам жас аққан қара көздерге, қара көздерді қоғадай боп қоршаған қайқы кірпіктердің ұшына ілініп қалып мөлтілдейтін баданадай тамшыларға тамсана қарағысы да келіп кетті.

“Әттең-ай! Неге келді? Неге қинады мені? Неге қинады өзін? Арада өткел бермес асу боп жатқан Қырысбек ағаның әруағын есінен қалай шығарды? Әруаққа мені неге шет қылмақ? Шыдатпайтын, шыдамын тауысатын әйел жеңсігі соншама күшті ме екен? Күнәға батыра, бата... жаздадым-ау”.

- Ұлбике!.. Сен.. сен маған өкпелемеші. Әу, Ұлбике! Мен Қырысбек ағаны.. ағамды ұмыта алмаймын.

Ұмыта алмадым. Ұятымнан да бұрын... ұрлығымнан... ұрлық етер қастандығымнан.. иә, қастандығымнан өлер едім онда.

Бөгенбайдың тынысы кеңіп сала берді. Манадан кеудесін қысқан күдігінің төркінін тап басып еді, әлгі илікпеген мінезінің өзін ақтап алғанына шын қуанды. Енді бақса, сонау шейіт кеткен жан алдында, сол жақынына балаған аға алдында екеуінің де оның да, өзінің де арына кір жұқтырар қиянатқа баспағанына қатты тәуба қылды. Күндізгі құштарлығын әйел тәнінің әсемдігіне еліткен жастың тамсануы деп, қазіргі сабырын жоғалтпаған күйіне әр саққа толқыған ойынан құптау іздеді.

- Жек көрем!- деді әлдене уақыттан кейін бір қырына аунап түскен Ұлбике. Осы екі сөзді сұп-суық қып, екі кесек тастай ғып боп-бос сылқ еткізді де, артынша-ақ танауы пысылдап ұйықтап кетті.

“Неге түсінбейді? Неге өкпелейді? Жек көрем дейді. Ау, тілектің бәрі орындала беруші ме еді. Орындалмаған тілектің орайы ашумен бітелмек пе? Қатты сезімнің буып-буындырған өкініші ме өзегіндегі өкінішін өштікпен алмастырған? Қырысбекті ойламағаны ма? Тіпті басқасын айтпағанда да қай қазақтың жесірі күйеуінің жылын тоспаушы еді? Суық қойнын қайсысы жылытушы еді? Әлде...әлде сол шіркіндер күйек асты күн көргені ме? Ұрланып бүркеніп, бүркеніп бой жылытып, бүркеп жауып жүре ме екен? Сөйтер болса, жарық жалғанның жалғандығына біржолата ет өлтіріп алмаймыз ба?”

* * *

Төртінші күні Рымжан апасы оралды.

Келінінің тарс жабылған қабағынан бар сырды айтқызбай ұғынған ана бір жағынан қуанды, бір жағынан қуарды.

Рымжан әпкесіне жай ілеспеп еді, далбаса үмітті қарманып ілесіп еді. Бірі анам, бірі балам деген екеуінің бір-біріне тазалығын, қалтқысыз қабысқанын сезіп, іштей тәубасына ұйыйтын. Ал енді осы үйдегі

үшінші жанның, келіні Ұлбикенің бірі ана аталған, бірі бала атанған екеуге қалай кірігіп кетерін, қалай қайтіп араласып кетерін ойлағанда, түнімен кірпігі қаланбай, көзінен аққан жасы жастығын сығып алардай етіп, қатты сенделтіп қойған-ды.

Қырысбекпен, ұлымен отау құрғанына төрт жылдан асса да, осы Ұлбикенің пұшпағы қанамап еді. Алғаш әлі жас қой, төсекпен көтермесе де, өсектен таза ғой, кезекпен көтере жатар деп, үлкен жүректің кендігімен асықпай шүкіршілік ететін. Жалғызынан аңырап адасып қалған кезде, артында, орнында үңірейіп қуыс қана қалғанын, немересінің іңгәсі естілмес шаңырағының үнсіздігін ойлағанда іші-бауыры жабысып, өзегіне от түсіп, өртене қалатын.

Содан Бөгенбайды ұл қылып берген төңіріне тағзым еткен көңілінің кей-кейде қоңылтақси қалатынын да байқайтын боп алған. Онысы бір түндікті жамылған ошақтың үш бұтындай үшеудің бұлдыр тірлігінің ендігі байлауы қандай болар, қайтіп шырмалар. Шырмала алар ма дейтін күдікті толғануларының кеудесін кернеген толғақты толқындары еді. Ақыры осы жайлар Рымжан апаны бір оқыс шешімге итермелеп те еді.

Оңашада Ұлбикенің тамырын басып-басып көрген. Ұлбикенің Бөгенбайға ниетінің түзу ғана емес, алып ұшып бара жатқанын да білген. Ендеше қоймадағы теңдей ғып көңілдің құпиясын жасыра бермей, сол теңді ашудың да реті келді-ау деген сәтінде екі жасты жекелеп, оңаша қалдырып, түсініссін де табыссын деген тілеулес пікірмен әпкесінің ауылына аттанып кетіп еді.

Амал не, түсінісер деген екеу түсінісе алмапты. Табысар деген жігіт пен келіншек табыса алмапты. Бөгенбай Қырысбекке деген адалдығынан аттап өте алмапты. Рымжан апаны қуантқан киімшең баласының осы бірбеткей мінезі. Адалдығы, айнымастығы. Ал қуартқаны- Ұлбикенің өзгеруі. Қатаюы. Қасарысуы. Әсіресе Бөгенбайға деген өшпенділікке орайлас қату қабағы. Үнсіз, тілсіз қап, өмір-ғұмырдың сәт сайын дамылсыз құбылатын тірлігінен, тіршілігінен оқшауланып меңіреуленіп бара жатқаны. Ал меңі-

реуленген жанның жан тыныштығы табыла қоймасы белгілі. Жан тыныштығын жоғалтқан келінінің қапа көңілін жұбатар, жылаған жанын уатар алданыштың аз екенін аналық жүрекпен анық сезінді. Ең болмаса мұң шағуға да жарамас өз халін түсінген сайын тек оңашада ғана екі көзіне ерік беріп, ішкі шерді ешкімге көрсетпей сығып-сығып алады да, жұрт алдында шүкірлігіне сүңгіген кейуананың пішінін танытып, өзін-өзі меңгеріп, өз еркін ырық бұзбастай етіп билеп алды.

“Не істермін? Ұлбикені қимаймын ба? Қалай қиям? Ал оны қимасам, Бөгенбайды қайда сиғызам? Бір төсекке сиыспаған еркек пен әйел бір түндікке де симайды ғой. Ендігі тілекті тек алладан тілегеннен басқа не қалды? Ал сол тілекті Жасаған хақ бере салса жақсы. Әйтпесе біреуі үндемес, біреуі меңіреу екеудің ортасында шыж-быж боп қашанғы жүрем. Жүрер ем-ау, жүргізбейді ғой. Мұздаған көңілдің жаты боп кеткен адамын көз алдында көлбендетіп қойған тағдырына көнбей, күні ертең Ұлбике келіннің бұлқынып шыға қоймасына кім кепілдік бергендей. Ол кетем десе, мен кетпе деп етегіне жармаса алармын ба? Не деп, қай сылтауымды бұлдап жармасармын. Қырысбегімнің өзі болмаса да, көзі емес пе Ұлбикем. Одан тірі айырылсам, мен бейбақтың шын күңіренуі содан кейін басталмас па? Әлде Бөгенбай баламды аман-сауымда, ақыл-есім бүтінінде, о жақта әке-шешесін егілтпей, бұ жақта өзін күрсінтпей еліне, ауылына қайтарсам ба екен? Әйтеуір киімшең де болса, балам атанды. Тірі жүрсе, тілегім үстінде болар, қалт-құлт көңілімнің тірегіне айналар. Өзіңнің қанаңды жарып шыққан ұлды да қасыңа байлап ұстамайтын заман туды ғой. Айында, аптасында атын байлатып, ақ маңдайынан иіскетіп кетіп отырса... шүкіршіліктен неге жаңылайын. Әкемнен, атамнан қалған жоба-жорадан ауытқымай, қадір-қасиетімді жоғалтпай жолын тосып отырған анасы екенімді мен ұмытпасам, Бөгенбайым ғұмыры ұмытпайды. Жаратылысында адалдық мол, туысында кісілігі артық, тәрбиесінде мінезділігі тартымды азаматым емес пе. Осыншама күннен бері өзгелердей жуансып бір күштімсінгенін, атақты елдің

ұрпағымын деп артықсып асқақтағанын көрмек түгіл, көлденеңді көк аттыға адал көңілін ұсына жүгіретін елгезек те кеңдігінен бір жазбайтынына тандануымды жасыра алармын ба. Ендеше ұлым деген екем, құлымдай құлыптап қасымда ұстау - бұндай бес қару тағынған азаматқа қиянат. Әзірше қол бастамаса да қол бастағандардың жанына талай ілесіп, жауына да талай аттаныпты. “Батырларша жорыққа жорытпадым. От бүркіп, оқ атпадым” деп торықтырып алғанда, бағын байлағаннан басқа не табам. Денім де, көңілім де, қайтейін-ай, осы Бөгенбайға ауып, сол деп ұйып қалғанын, жалғызымдай ғып жан тартқанымды қашанғы сылтаурата берем... Отқа түсермін...Шоқ жұтармын... Көзден бір жас, бір қан ағызып кеңшілік етермін ұлыма. Ұшырармын туған ұясына.

Ал Ұлбикежанды осындағы бір қайныма ұзатып, қайтадан келін ғып құтты орнына қондырсам...Көз алдымда жүрсе, көңілі тыншықса, пұшпағы қанаса, тұңғышын қалап алып, бауырыма бассам, қапа мұңымнан айықпас па едім...”

Осындай әрі үміті еміс-еміс, әрі күдігі ұшан-теңіз ой толқынына бір батып, бір шығып, бірде қалың тұманда адасып кеткендей тынысы тарыла өксіп, бірде күз аспанынан шашырай құйылған күн нұрының жылуына бөленгендей жадырай қалып, ынта-пейілмен дәл таптым деген шешіміне өзін-өзі сендіріп, буынын бекіткісі-ақ бар.

Үйде үшеуінің басы қосылып қалғанда, самбырлай сөйлейтін де өзі, дастарқан қасындағы Бөгенбай мен Ұлбикені әрнені бір сұрап, әрнені бір айтып дауыстарын естіп, құлақ құрышын қандырғысы келгендей әңгімеге тартатын да өзі.

Бөгенбай бұрыннан да шешіліп, сайрап кетуден гөрі алқын-жұлқын істің, шаппа-шап қимылдың қажеттігін ғана ұғынған жан, ерін көбесін онша көп сөге бермейтін. Сонау оңаша түнгі “Жек көремінін” осы уаққа дейін дәлелдеп келген Ұлбике алдында өзін әлденеге кінәлі жандай сезініп, бүгежектеуді көбейтіп алған. Бүгін де сол кешкі астарын алдарына енді алып, Рымжан апалары ғана сөйлеп, әдеттегідей қалған екеуі, ең болмаса құптағанын да танытпай, үнсіз тыңдап

отырғанда, кешкі тымық ауаны тіліп өтіп тік шырқау ән аспанның қызылы онша сейіле қоймаған төсіне шарықтап барып, тесіп кірердей шаншыла қалды.

Бөгенбай еңгезердей алып денесімен шайқала теңселіп қалып, қолындағы кесесін дастарқанға қоя салды. Бар ынтасы анау шырқай созылған нәзік әнде. Нәзік әнді әсем мөлдіреткен нәзік үнде. Құлағы түріліп, кеудесі ашылып, ындыны ауып мынау көк аспанның төсінде қалықтай құлпырған әдемі әуеннің жүрек тебіренткен мөлдір нақышының тез бітпеуін, созыла, мың бұратыла ширай түсуін қалап отыр.

Рымжан Бөгенбайдың елегізи құмартқан, әнді аңсай іздеген халіне тағаты таусылардай дегбірсіздене қалғанына ерекше қуанды. Ән мен күйге талпынбаған адамның мейірімі аз, жүрегі қатыгез келеді деп ұғынатын ана ұлының әнге еліте ұйығанын көргенде өзінің де кеудесін ыстық толқын соғып өткенін байқады. Бөгенбайға қуана, күлімсірей қарап, дауысын да жылы шығарды.

- Ойбай, ұмытшақ басым-ай! Бүгін әлгі Текебай қайнымның үйінде шілдехана боп жатыр ғой. Әу, Бөгенбай! Әу, Ұлбике! Сен екеуің ыздиып мұнда неғып отырсыңдар. Той дегенде қу бас та домалайды. Тамақтарыңды суытпай тез-тез ішіп алындар да, сол үйге барыңдар.

Ұлбике күңк етті.

- Иә! Қу бас, қу бас қана домалайды...

- Әй, не деп отырсың!- деп енесі үрпие қарады. - Әбден тағыланып кеттіңдер ғой, өл де маған. Жөн айтсаң да, жақтырмау. Тіл қатсаң да тосырандау. Тілімізді тістеткенде не түседі екеуіңе.

“Екеуіңе” дегенді әдейі қосақтады. Бірақ өкпесі келініне ғана арналды. Солықтай күрсінді.

- Сорпаң суыған жоқ па, Бөгенбай?.. Ұлбике, қалқам-ау, түк алмадың ғой. Мә, мына қара кесегінен бір асашы, қызым. Ас- адамның арқауы. Ұрсарым да, еміренерім де сен екеуің ғой. Көңілдеріңе алып қалдыңдар ма... Қайтейін. Күрсінткен тәңір күлдіретін де кез туғызар бізге де.

Әй, Бөгенбай! Тамағыңды жеп болсаң, тұр былшиып отыра бермей. Қолы-басыңды жуып шық.

Ұшынып қаларсың. Шілдеханасына бармасаң Текебай қайным саған да өкпелейді, маған да өкпелейді. Өкпелемей...үш қыздан кейін көрген ұлы емес пе. Анау жоғарғы ауылдан, сұлтан ауылынан да жастар келеді деп мана абыр-сабыр боп дайындалып жатқан,- деп шешесі одан сайын асықтырды.

Рымжан апасының Текебай қайнысын - Қошқарбай ағасын Бөгенбай туған ағасындай сыйлап, ақыл-кеңесін қалт жібермейтін. Жұбайының айы, күні таянған сайын ауыр зат көтертпей, қазаққа бітпеген әдетпен үй ішінің бар тірлігіне өзі араласып кететін Қошқарбайды жеңгелерінің "әйелжандысын бұл мырзажігіттің. Құндызайды осы қайным адам жоқ жерде екі бұтын талтайтып мойнына да отырғызып жүргеннен сау емес-ау шамасы" деп қылжақ-тағандарын естігенде, іштей: "Әу, осы біздер қызық-пыз. Әйелің түнде ыстық та, күндіз мұз болғаны ма. Асығып, үздігіп қосылсаң, сол үздіккен көңілінді неге көнге айналдырасың. Көңілін неге су сепкендей сөндіруге тырысасың. Көптің алдында көңілшектік жасамайын, көңілімдегі жарға деген жылуды көп көзінен жасырайын деудің несі дұрыс?" деп кәдімгідей ренжитін.

Бөгенбай шілдеханаға келгенде Қошқарбайдың алты қанат үйі жастарға лық толы еді. Дуылдасқан тойшылар бұл кезде "Ләппай, тақсыр" ойынын ойнап жатқан-ды. Бөгенбай ойын қызығына бөккен іш-тегілерді алаңдатпай елеусіздеу ғана кіріп, босаға жаққа отыра кетті.

Ортадағы мойнына сүлгі орамал асып алған ойын басқарушы жігіт бір кез төр алдында үлбіреп-үлбіреп отырған төрт қыздың біреуіне қадалып тұрып алды.

- Ойын бұздың, Сақып! Енді кәдесін орында!

- Жоқ! Мен бұзғам жоқ.

- Бұзған сең, Сақып! Өлең айтасың, әйтпесе... - деп дікілдеген жігіт иығындағы сүлгісін жұлып алып, шиыршықтап бұрай бастады.

- Немене әйтпесе? Сонда сен менің мынау үлбіреген әппақ алақанымнан ұрмақпысың, тері сасыған төленгіттің текесі!

- Неге ұрмайын. Ұрғанда қандай. Үлбіреген әппақ

алақанынды аяйтын болсаң, уай, төренің ақ тушасы, онда ойынға қатысып нең бар еді?

- Аузыңды бақ, сасық ит. Садаға кет төре деуден, - деп Сақып қыз, әй, қыз деуге ауыз бара да қоймайды-ау, қоңқақтау мұрнын тыржитып ала қойды да, ежірейген ала көздерді шатыната қадады.

Сол-ақ екен Сақыптың оң жағында отырған киіктің асығындай ықшам, бет бітімі, дене мүсіні бір көргеннен көз байлап ала қоятындай, әсем жымиғанда ақшыл беттің ұшындағы оймақтай қызылы шұңқырая түсіп, иілген қара қастары жоғары серпіле қалатын, ұзын қайқы кірпіктері дірілдеп ашылып, үлкен мөлдір көздердің қарашығын түгел көрсете ұшқындап-ұшқындап кетіп, арбап тастағандай жарқырайтын жанарымен жан-жағына жадырай назар аударған қыз күліп жіберді. Дауысы да ашық, сыңғыры мол, құлаққа сондай жағымды дауыс екен. Бөгенбай елең етіп, кеудесін тіктеп, мойнын соза байланып қалды.

- Әбтікен-ау, ойынның шарты бұзылды деп сен тұрсың. Бұзған жоқпын деп әпішем шырылдайды. Дауларың бітер емес. Хан тақсыр, айыптының айыбын өзгенің сатып алатынын ескер де, әпішеме таңған айыбыңды маған аудар. Айыбын мен өтейін,- деп маржандай тізілген біркелкі әппақ тістерде әр жерден қойылған пілте шамдардың жарығын ойнатып, тағы да сыңғыр күлкісін тұтата беріп кілт өшірді.

Отырғандар дуылдап кетті.

- Бопыш қалқа дұрыс айтады.

- Оу, Бопыш айыбын өтесе, басқасын қаламаймыз.

- Ән салсын!

- Қайран Бопыштың әні -ай! Бұлбұлдай сайрайды-ау!

- Шуылдап кеттіндер ғой, түге. Әу, тақсыр хан, тоқтат мынау өңшең шуылдақты! - деп әлдебірі ойын басқарушыны іске жекті. Ширатылған сүлгі төрт - бесеудің жотасының шаңын қағып, көтерілейін деп тұрған көп көбік сөздерді көмейлерге қуып тықты.

- Ал айналайын Бопышжан, алла разы болсын саған. Енді болмағанда мына мені - тері сасыған төленгіттің текесін мына ақ тушадай мамырлаған әпшең біраз мүйіздеп алатын еді. Құтқарып қалдың-

ау,- деп қарқылдап күліп, тез басылды. - Ән сала-мысың? Айта ғой онда, қарағым. Әу, домбыра! Дом-быраны беріңдер.

Қара домбыра ақ білегі жарқ еткен әппақ саусақтарға тиді. Ұзын жіңішке салалы саусақтар перне қуалап, шанақ шертіп әдемі қимылға көшті. “Ақ білек деп тек мынадай кіршіксіз әппақ білекті айтады-ау. Қандай керім! Жіп-жіңішке күміс білезігі өзіне қалай жарасады, ә! Саусақтарын айтсаңшы. Әрқайсысы майыса билеп кеткен буынсыз мүсін ғой. Қандай әсем! Қандай ғажап! Құлақ күйін келтіруінде де өзгеге ұқсамас шертіс бар-ау! Анау тоғыз перне, екі ішекте де арман бар ма екен?.. Кеудесі толы нәзік сырын қол ұшына дәл осылай түсіріп, саусақтардан ішкі сезімді саумалап қана шығаруын бойжеткеннің! Домбыраны сүйкей қағуында, бипаздап перне басуында биязылықтан туған еміренуін қарашы! Қара домбыра-қарағайға таңылған ешкі ішегі емес, мынау жан жүрегі түгел елжіреп қоя берген сезімтал қарындастың жүрек лебізін қалтқысыз табыстаған құрбысындай-ау. Дәл бұрын домбыраның осындай бүлкіл шертісімен ашылып сайрап, жатырқамай сөйлеп кеткенін естіп пе едім. Сөйлеткен де, сайратқан да қыз ғой, күйші ғой! Аты Бопыш па еді. Неге Бөпеш, Ақбөпеш деп атамады екен?! Түсі қандай әдемі болса, іші де сондай көркем-ақ екен періштедей құрбының!”

Кенет оймақтай ауыз кең ашылып, шырқау әннің ауызашарын бірден аспаңдатып, лекілдете ытқытып шарықтата жөнелді. Манағы дастарқан басында отырып естіген нәзік үн енді қасынан құдіреттене өріліп шыққанда, Бөгенбайдан мүлде дегбір қашты. Екі көзі кең ашылып, екі иығы аңдыған аңына түсер-дегі қыранның қанатындай қомданып, өзгелерден алып тұлғасымен еңселене өсіп, ырғалып теңселе түсіп, еркін тұсап алып, ырқына көндірген әнге де, әншіге де бар ынта-бейілімен тамсана ұйып қалды.

Жайшылықта онша әсер етпейтін мына әннің нәзік үнді, кең тыныcты, жіңішкерте бұралтқан Бопыш дауысымен алыстан армандап жетіп, асық құрбысына: ”Жалтақтап қарай-қарай бай аулына, әнімді аңы-ратайын аяулыма. Өзекті өрт жайлайды сені ойласам,

су себер күнің бар ма қаяулыңа!” дейтін ынтызар тілек енді өз көңілімен үндесіп, өзгеріп, құбылып естіліп, аяқ астынан атқақтаған жүрегін тулатты да қойды.

“Аяулысын аңсаған жігіттің осындай әнмен ah ұрғаның бұрын аңдамаушы ем. Бүгінгі мынау алақұйындатқан халімді кім түсіндірер? Мені шырмаған ән бе, әнші ме, он саусағы билеген ақ білек пе?.. Апырай, қалай шырқайды! Бүкіл жан дүниесі тегіс ән құдіретіне табынған, сол ән-құдіретті бұлбұл көмей үнімен шын құдіреттің өзіне айналдырған қыздың өзі басқа бір әлемнің бізге сәтке ғана бас сұққан ғажайып перизаты, перілер дүниесінің адасып жеткен, әлде әдейі іздеп келген пәк күнә періштесі емес пе екен. Мынандай еркінді алар, жүрегіңді шымырлата шымшыр, жаныңды еркелете тербетер сиқыр үн, нәзік ырғақ адамзат көмейінен шыға қояр ма... Ән көркем! Әнші әнінен де көркем-ау! Көздері қандай таза! Елжірей қарағанда бүкіл айналасына мөлдір шуақ таратып жіберді ғой! Әдемі әуен, шын лебізіне табынбаған осы үйде кім қалды екен! Жоқ қой ондайлар. Ал мен... Мен... Маған қарай ма? Анау періште қыздың төңкеріліп қалып қайта ашылған көздері шынымен маған нұр шашамау! Күлімсіреген жүзінен маған ғана жылу тарала ма?.. Жүзін бұрмайды. Назарын аудармайды. Әлде жатсынып жақтырмағаны ма?.. Жоқ. Жатырқаған жанардан ұшқын атылмайды... Әсерленген түр дәл анандай боп балбұл жанбайды... Аяулым”. Қайырмасы жақсы екен. “Аяулымды” шіркін мен айта алсам ғой. Аяулымды мен тапсам ғой. Тапсам дедім бе?! Әй, мынау жүрегіме бүгін бірдеме көрінген шығар... Бұлқынуы тегін емес... Емес?”

Сөзінен ынтызар тілек ақтарылып, сазынан сол тілектің жүрек қозғар назы тіріліп, енді мынау күміс көмей әнші сол ынтық тілек пен ерке назды нәзік үнмен ындынды құрта тамылжытқанда бүкіл отырғандар жым-жырт боп тынши ғап, анау оймақтай ғана ауызға түсіп кетердей арбалып қалған еді. Барлығы да осынау тілек үніне үнсіз ілесіп, ынтық наздың бебеуіне іштей қосылып, жете алмай, жеткізбей жүрген армандарына бір-бір ұмсынысып, бір-бір күрсіне жалтаңдап, шарасыз көңілдің арпалысқан үміті мен

күдігінің дірілді күрсінісімен ытқытып-ытқытып жіберді. Сол ытқыған күрсіністен көп кірпікке ұрланып ыршып мөлдір тамшылар ілінді.

Әнші Бопыш, әнді еркелете аялаған Бопыш қыз енді әннің қайырмасын қаяулы көңілінің бұлтын ысырып тастаған сертке берік жігіттің жігерлі уәдесімен жалындата көтергенде, көзі мен көзі байланып қалған, жанары мен жанары матасып қалған Бопыш пен Бөгенбай былайғы жұрттың бәрін ұмытып, тек екеуі ғана бөлектенген еді.

Аяулым-ай!

Қосылар екеумізге таяу күн-ай!

Дәл осылай деп Бопыш қыз Бөгенбайға ғана әнімен ашылғандай. Дәл осылай деп Бөгенбай Бопышына, иә-иә, Бөпешіне, Ақбөпесіне уәде бергендей. ”Аяулым-ай! Баяндым-ай! Бағым ба-ай! Сорым ба-ай! Бірақ тапқаным рас. Табысқанымыз да рас!” дегенді қасы, көзімен, бүкіл ұшып кетердей қомданған алып тұлғасымен сездірген бозбаланы Бопыш та анық түсініп,әннің әлгі жүрек жауабындай жалынды арманын екі рет қайталады.

Бөгенбайдың дәл осы халін, дәл осы адал жүректің ынтыққан нәрін қапысыз дәл баққан Қошқарбай кейбір қызғаншақ көздердің суық оты жылтырай бастағанын байқап қап, Бөгенбайды да, Бопышты да мынау құйындай үйіріп, біріне бірін ессіз-түссіз зымыратып апара жатқан дүрмек толқын құшағынан босатуды ойлап, дауыстап жіберді.

- Ой, пәле! Ән де, әнші де ғаламат. Солай ғой, ә, Бөкем! Оу, Бопышжан! Сен мынау менің інім болған Бөгенбайды бұрын көрмеп ең. Енді танып қой. Алаштың әлі-ақ ақ туын көтеріп қалмағыңа да, жоңғарыңа да жаубөрік кигізетін батыры осы!

Бөгенбай Қошқарбайға жалт қарап, енді-енді есін жиғандай, қопандауын тия қойды. Бопыш сұлу да жанарын сөйлеушіге аударып, күлімсірей тіл қатты.

- Рахмет, аға. Батырмен танысқаныма сондай шүкіршілік етем. Жаугершілік заманның батырсыз күні қараң ғой. Бөкем дедіңіз бе, аға? Әу, Бөкем! Қарындасыңыздың ілтипатын қабыл алыңыз. - деп тақиясының үкісін бұлғаң еткізе басын иді.

Бөгенбай қолын төсіне басып, ризашылығын да, басқасын да жеткізуге тырысып жатыр.

Қошқарбай жігіттерді тезірек сыртқа әкетуге асықты.

- Оу, мықтыларым! Ай туғалы қашан. Алтыбақан құрылғалы қашан. Айқабақ ілінгелі қашан. Айтысам дегендеріңе алтыбақан дайын. Тартысам, жарысам дегендеріңе айқабақ дайын. Бәйгесіне қой тіктім. Қосымшасына күлімкөздердің қабағы дайын. Жақтырса, ақша беттен иіскетулері де мүмкін.

Сол-ақ екен жастардың дуылдауы күшейді.

- Айтысса несі бар. Айтысамыз.

- Мен тұп-тұра бүгін Сақыптың өзімен айтысам,- деді манағы той басқарушы Әбтікен.

Сақып үлкен денесімен түгел бұрылып, әлгіге ұзақ тесірейді. Үлкен қоңқақ мұрнының дәл ұшы жіпсіп терлеп апты. Кең таңауының желбезегі ашу шақыра желпініп қалды.

- Сен бе менімен айтысатын?- деді еркекке бергісіз тарғыл даусымен.

- Е-е, айтысса несі бар еді?-деп анау сәл ылдилады.

- Сен алдымен мынау менің жеңешемнен үйреніп, сөз қайтарудың біраз өткелегінен өтіп ал. Әйтпесе өткел таппай, құрдымға кетерсің,- деп сол жағына сұқ саусағын безенді.

- Қай жеңешең, Сақыпжан? Мұрныңды сәл көшіріп қондыра қоймасаң, тасасынан ешкімді көріп тұрғам жоқ,- деп анау мойнын қиқаңдата созып-созып қалғанда, ду күлген жұрт Сақыптың көзінде жарқ етіп тұтанған оттан шошығандай дүркіреп тысқа ұмтылды.

Батыстан көтерілген айдың жарты шеңбері даланы ақ сүт нұрға малынта қойыпты. Алаулап жанған оттардың қасында алтыбақан құрылған екен. Үлкендердің бірі барып, әткеншек теуіп жүрген жас балаларды түсіріп жіберіп, дабырлай сөйлеп, қуана күліскен жастардың арасынан бір қыз бен бір жігітті алтыбақанға отырғызды.

Сәл кешігіңкіреп жеткен Бөгенбай алтыбақанда отырған Бопышты көріп, Бопыштың бүрме етек ақ көйлегінің әткеншек екпінімен сусылдай желбірегенін көріп, анау жігіттің орнына өзінің отырғысы келіп

кетті. Ол үшін Бопыштың қасындағы жігітті бір ауыз өлеңмен айтысып жеңсең - мәртебең өседі. Қыздың қарсысына сен отырасың. Ай астында ақ маңдайы жарқыраған Бопышты қалықтата тербетесің. Тербетіп отырып, асқақ әнді қосыла шырқайсың. Қос жүректің қосылған тілегін бір леп, бір деммен аңыратасың.

Осы талап жанын тызылдатты. Әуелетіп ән салмаса да, бір қақпайы болатын. Ізіне салынып түспесе де, кезі келгенде құрдас арасында қағытпа әзілді шумақтарды көп ойланып жатпастан құрастыра қоятыны да бар. Соларына сенді ме, әлде бүгін іште тұтанған белгісіз құштарлығына, құштарлықтың лаулаған отына қызынды ма, Бопыштың көзіне түсуге, назарына тағы бір ілінуге ындыны ауып сала берді.

Бөгенбай тәуекелге басып қалды.

Зор дауыс әжептәуір әсем есілді.

- Жол қайда, жолынды ашып талпынбасаң,
Жүлде көп түсер жерде тартынбасаң,
Жігітім, әу демесең, орын босат,
Алмаспын қиып түсер, жарқылдасам -

деп бір шумақты кәдімгідей лекілдетті де, енді қайырмасына келгенде іркіліп қалуды мүлде жөн көрмей, төтесінен бір-ақ басты.

Бопыш, шырақ!
Үнің - бұлақ!
Көңілім бір көргеннен
Кетті-ау құлап-ай!

Ә дегенде жым-жырт қап Қошқарбайға еріксіз қиыстаған көпшілік, ананың құптай бас изегенін көре салып, дуылдап ала жөнелді.

- Е, бәле! Қаз дауысты Қазыбектің ауылынан болса, бидің жақын інісі болса, осылай дүрілдетпес пе!

- Біркақпайы бар екен. Енді Сәрсеннің жауабыш естиік.

- О-о, біздің Сәрсеннің тегін емесін білмеген ғой. Әйтпесе келе сала сүйкенбес еді.

- Жә! Шуламандар! Сәрсен, жіберме намысыңды. Бас қамшыны!

Әткеншекте отырған жігіт екі аяқты шірене серпіп, алтыбақанды барынша тербеп-тербеп шырқатып алды да, өзі сонау биіктен шырқатып қоя берді. Дауысы Бөгенбайдікіндей емес, жіңішке әрі биікке қиналмай еркін самғайтын өр дауыс екен, бірден шарықтап, ”а-айды” аспандатып әкетті.

- Даусының құлақ қырнар тарғылын-ай,
Жаратқан жоқты тәңірім бар қылып-ай.
Орнымды көп өзеуреп сұрайтындай
Сен бе едің құнға келген Арғыным-ай!

деп қойып кеп қалды. Енді осы екпінмен өлеңінің қайырмасын тез қайтарарда сәл кідірістеп, қарсы алдында ақ мандайы жарқырап отырған Бопыштың қабағы кіртие қалғанын байқап, тіпті босап кетті.

Ахау шіркін,
Дүние дүркін.
Көңілді құлазытып
Қашты күлкім-ай!

Қошқарбай басын шайқады, дауысында наразылық оянды.

- Әй, жігітім! Жастықтың жалынына жымыс-қылықтың суын құйма. Құрбыңа құрбым деп қарау керек. Құрық көтерер жер мен қылық көтерер жер екі басқа! -деді.

- Әй, енді Бөгенбай ұлан жауаптассын.

- Иә, айтсын. Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ.

Бөгенбай Қошқарбайдың сөзінен кейін мынау қағысуды бекер бастаған екем деп ойланыңқырап қалып еді, әткеншекте отырған Бопыштың құптай бас изегенін байқап қалды. Оның үстіне намысын жанығансөздің ұрымталын жіберіп алып, қарымтасын қайтармаса, кеудесін кернеген өкінішін арқалап кетерін тез сезіне қойды. Тарғыл да болса өз дауысы, өз сөзі, өз жауабы, ендеше тартынып қала алмайды.

- Жаратқан жоқты тәңірім бар қылып-ай,
Қойыпты-ау пиғылыңды тар қылып-ай.

Арғынның әруағына тие берсең ,
Кетерсің ессіз-түссіз каңғырып-ай!

Әткеншектегі Бопыштың сыңғырлап күліп жібергенін естіген Бөгенбай тіпті арқаланды. Тарғыл дауысы кәдімгідей ашылып, ай астында қалықтады.

- Дүние-ай шіркін
Өтер бір күн.
Жанымды жадыратты-ау
Бопыш, күлкің-ай!

Дауыстар тұс-тұстан жамырады:

- Қайран да шіркін Қаракесек-ай! Кесек турайды
- Аяқ бастырмады-ау. Ұзатпады ғой.
- Әй, Сәрсен де осалым емес.
- Е-е, ол да бірдеңе дер.
- Дей алмас. Мынадан кейін жауаптасам десе, нағыз саппастың өзі болар.

Дәл осы кезде Бопыш қыз өзінің әсерлі үнімен өзгеше нақыш тауып, іркілмей, түнгі аспанды түгел көтеріп әкететіндей шырқата бастап, ерекше шабыт-пен, үлкен сергектікпен діріл қақтырған әуенмен жарастырып бір түйін түйді:

- Жаратқан жоқты Тәңірім бар қылып-ай,
Дәстүрге жол-жораны жар қылып-ай.
Жігіттер татулыққа түк жетпейді,
Қайтеміз кең дүниені тар қылып-ай!-

дей берді де, Сәрсенге бір қарап қойып, енді бір көрініп, бір алыстап жерде, төменде тұрған Бөгенбайға біржолата бұрылып алды. Сол бойда құпия сырын ешкімнен бүркемей ақтара салды:

- Шіркін арман,
Баурап алған.
Өзіңді көзім талып,
Күтем алдан-ай!

Бөгенбай тамағына әлдене тұрып қалғандай,

қылғына жұтынып, әткеншектегі әсем қыздан басқа дүниені мүлдем ұмытып, басын шалқайта қайта-қайта изеп, “ Естідім! Сендім! Ердім!” дейтін іңкәр жауабын үнсіз жолдады.

“Айтты-ау! Ішкі сырын құпияламай-ақ жеткізді-ау. Осы уаққа дейін бір-біріміздің бар-жоғымызды да білмей келіп, дәл мынадай бұлқынумен ұмтылуымыз, ұмтылуымызға орай танысуымыз... табысуымыз жан жаратқан Құдіреттің ғана ісі ме екен... Солай-ақ болсыншы. Құдірет өзі қаласа... мынау кеудеме симай бара жатқан қуанышымды жер-көктен неге жасырайын. Жасыра алармын ба... Бөпеш те, Ақ-бөпешім де қуанып тұр ғой. Қуанып сенді ғой. Сендірді ғой өзін де, мені де. Еркелеген сәбидей. Еркелеткен анамдай. Аспанға ұшып кетердей... қанат байлағандай болдым-ау. Сонау түпсіз тұмантқан жұлдыздарға ұшып барып... соларды құшақтап жүріп, құшып жүріп... “Таптым ғой! Аңсағаныммен жолықтым ғой! Табыстым ғой! Сүйіншім қайда? Сүйінішімді қызықтамайсындар ма!” десем... Десем не?.. Айттым ғой. Айқайлап алақайлап тұрған жоқ па мынау түн қойнынан сығалаған періште көз - жұлдыздарға дүрсілдеген жүрегім!...”

* * *

Арада үш күн өтті. Үш күннен бері Бөгенбайда да маза қалмады. Ойлайтыны Бопыш. Іздейтіні сылаң қыздың сыңғыр күлкісі. Аңсайтыны еркелеген көздің қиығындағы көкшіл ұшқын.

Алтыбақаннан соң айқұлақ атысқан еді. Отыз қадамдай жерге сырық қадап, басына салбыратып ілінген жарты айдай екі алтынқабақты кезек-кезек жебелеген қыз бен жігіттердің арасынан тағы да мерейлері асып, бір алтынқабақты Бөгенбай атып түсіріп, екіншісіне Бопыш сұлу дәл тигізіп еді. Соны да іштей ырымдасқан екеуі оңаша бір жақындасып қалғанда қолы мен қолы жанасып, саусақтары мен саусақтары аймаласып қалған болатын. Сүйір саусақтар жігіттің сабаудай ірі саусақтарын аялай

сипап, қызулы дененің ыстық жүрегінен жылу құйғанды. Тілсіз емеурінмен-ақ серт байласқан-ды.

Рымжан анасы сырттан ренжи сөйлеп кірді.

- Ақ иңген тағы жоқ. Ұлбикеден қайыр жоқ. Қырысбек кеткелі иңген келеге симайтын болды. Келін үйде тұрмайтын болды. Ух, жалған-ай! -Көкірегі қарс айырылған ана қиралаң етіп шөге кетті. -Іздемеген жерім жоқ. Ботасына да қарамайтын бұ неткен жануар еді, ә!..

Бөгенбай бүк түсіп жатқан жерінен басын көтерді.

- Апа-ау, маған айтпайсыз ба... Бекер шаршайсыз да жүресіз. Қазір-ақ тауып, айдап келейін.

Жіңішке өзеннің ирелендеп қалып кең қолтық тастап жайылатын құм қайранды жағасы бар жоғарғы жағына Күреңтөбелін шоқытып келе жатқан жігітті қайқаңнан шыға-шыға келген екі-үш атты жолын бөгей кескестеді. Алдыңғысы томар құлақ Ақжәлел екен, жеткен бойда Күреңтөбелді қамшысымен бастан бір тартты. Басы түгіл денесіне қамшы тиіп көрмеген Күреңтөбел қосаяқтап шапшып-шапшып түсті.

-Тоқта! Қайда ентелейсің, сасық құл!

-Не дейсің әй! Неге ұрасың атты басынан!

Бөгенбайдың көзі қанталап, танаулары делдиіп, қабағы тұтаса қалды.

-Атың түгіл өзіңді де жайратармын, қаңғырған Арғын!

- Ақжәлел! Күйдірме босқа. Онсызда тағдыры қаңғыртып, тарыдай шашылған қазақты жіліктеме.

- Әй, мынау сайрап барады ғой. Тіліңді тістете салайын онда! - деп Ақжәлел қасындағы екеуге “Ұмтылыңдар! Соғындар!“ деп қалды да, атын тебініп ілгері лықсытқанмен, араласа, сабаласа кетуге батылы жетпеді ме, үнсіз тұрған екеуге ақыра айқайлады.

- Әй, өңшең боқташақ! Жабыл! Сойылда мына текешік немені. Көрмейсіңдер ме қайда келе жатқанын. Кімді іздеп құтырынып келе жатқанын жаман қарашының!

Екеудің бірі әнеукүнгі той басқарған Әбтікен деген төленгіт жігіт еді, Бөгенбайға жылы жымия қарады.

- Әбекеңнің айтып тұрғаны рас, Бөгенбай. Анау жайылмада Әжекем ауылының қыздары шомылып

жатыр еді. Бейсауат біреу-міреу мазаламасын, шошытпасын деп байқастап жүргеніміз ғой.

- Ә-ә... Шомылып жатыр ма!... - Шомылып жатқандардың арасында Бопыштың болуы мүмкін-ау деген ой келгенде көздері кең ашылып, қабағы жадырап, жүзі жылып қоя берді. Әбтікенге әлденеге риза болған кейіппен басын қайта-қайта изеді.

- Жай жүрсің бе?

- Ә-ә... Анау Рымжан анамның... Біздің үйдің ақ іңгені кешеден бері жоқ. Ботасы боздап қоймаған соң. Жас боталаған іңген ғой. Апам іздеп таппай келген екен. Өткенде де сонау жоғарғы тұстан, шілік арасынан тауып әкелгем, - сөзін шашыратып шығарса да, көзімен “ айтшы, Әбтікен! Бопыш бар ма? Шомылып жүр ме? “ дегенін анық сездіріп еді. Әбтікен түсінген түрмен күлімсіреп иек қақты.

- Ақ іңгендеріңді көрген сияқтымын. Сол өзің айтқан тұстан табарсың, Бөгенбай. Бірақ анау шомылып жүргендерді шошытып алма.

- Түйемді тауып алсам да жетеді. Ботасына әбден обал болды,- деп жымың қаққан Бөгенбай енді Ақжәлелге бұрылды. - Әу, Әбеке-ау, түйемді де іздеткізбейсің бе?

- Түйешілін бұ неменің. Әлден малданыпты-ау,- деп әлі де қырыстанып тұрған басшысын Әбтікен тұжырып тастады:

- Әбеке, қойыңыз. Қолтығымызға кіргенді қаңғырған дейсіз. Шаруасын күйттеп, жоғын іздесе, малданды дейсіз. Аяқ баспас жерге табаныңыздың балшығын баттитудан қашан тиыласыз осы!

Ақжәлел ығысып қалды. Аузына сөз түспей екі ұрты қампиып, ішкі ызғарлы лепті ысылдай шығарды

- Бара бер, Бөгенбай. Түйенді... іздегенінді тездетіп тауып ал,-деп Әбтікен елеусіздеу ғана көзін қысып қалды.

Бөгенбай тақым қысты. Күреңтөбел бір-ақ ытқыды.

Жайылманың тұсына жақындай бергені де сол еді, оншақты ақ боз аттылы, ақ киімді бір топ жарқабақтан бері көтерілді.

Бөгенбай да, Бопыш та бірін-бірі танып қап еді, астындағы желқайықтай лыпылдаған бедеуін құтыртып Бопыш сұлу оңаша желіп келді:

- Өзіңбісің, Бөкембісің?!

Екі ат тұмсық жанасқанда, екі жанар жалындай түйісті.

- Бопыш-ай! Бөпеш-ай! Іздегенімді, аңсағанымды білсең ғой!...

- Не дедің, Бөпеш деймісің?! Қалай жақсы айттың, Бөкем! Бөпешің бола алсам,- деп қыз құбылып кеткен жүзінен әлдебір сырдың шетін қылтита қойды.

- Олай демеші, Бөпеш! Бір-бірімізді біржолата таппап па едік? Табыспап па едік?-деп Бөгенбай дәл қазір айырылып қалатындай түсі бұзыла, үрейлене қалды.

- Ерік тұсаулы ғой. Байлаулы ғой басым. Мен қайтейін. Не істей алармын,- деп Бопыш сырын ақтара салды. Өйткені артқы топ бұл кезде жақындап қалған еді.

-Жоқ, Бөпеш! Бізді... екеумізді табыстырған Құдіреттің өзі. Өзі ғана! Енді айырылмаспыз. Өлім ғана ажыратады!-деп Бөгенбай нартәуекелдің сөзін айтып, Бопышын да, өзін де қайрауға тырысты.

- Рас! Жаратқанның жарастырғанына разымын. Сен серпіп кетсең, қай сергелдеңге де дайынмын онда, Бөкем!

- Кешікпей еліме оралмақпын. Әрі кетсе ай, ай жарымда жетермін. Әкетермін ақ тотымды, ақ Бөпешімді алақаныма қондырып!..

Уәде осылай түйілді. Көз бен көз ғана ішкі сертті үнсіз бекітті. Үнсіз бекітті де, дүбірлеп келіп қоршап алған қыздар қауымына сезік білдірмеді.

* * *

Рымжан анасы ақыры айтқанын жасап тынды. Ала бас қойын сойғызып, көрші-қолаңын шақырып, дастарқан жасады. Ағайын-туысының ақсақал-қарасақалын жинады. Ет желініп, қымыз ішіліп болысымен жайлап сөзін бастады. Қара жамылса да, қабағы жабылмағанын, жалғызынан айырылса да, қарасыз қалмағанын айтты. Сабырын шақырып, сабасына түскен көңілдің бір байламын естірткелі

шақыртқанын жария етті. Белін буып, бекемдік қылмаса жылап-сықтаудың тоқтамайтынын, тәубаға келмесе жүнжіп, босаудың қытымыр уысының жібермейтінін ескертті. Киімшең де болса ұлды болғанын, сол ұлының адалынан табылғанына шүкірлігін жас тамған көздің мейірлі қарасымен жеткізді. Бірақ осы адал ұлдың тағы бір анасының... туған анасының бар екенін аналық жүрегі сезгенін... сол ананы да күрсінте бермейін... аллаға да, адамға да шет келмейін деген бір ниетке ойысқанын жасырмады. Бір балаға қос ана көптік қылмайтынын, көңіл сиысса аналар тілегі қайда жүрсе де баласының үстінде жүретінін қисындатып білдірді. Елдіктен кетпесе, әруақты қадір тұтса, жақсының көлеңкесі күндік жерден түсетініне, Бөгенбайдың төбесі жер түбінен көрініп, жанына медет боларына сендірді. Қимайтынын, қиналатынын және бүккен жоқ. Содан соң ақсақал-қарасақал ағайынға жағалай қадала қарап өтіп, сөзін түйіндеді.

- Шыдамның да шегі бар. Шектің де түгесілер жері бар. Үндемей қала алмадым. Иесіз, панасыз емеспін. Тірексіз, керексіз де емеспін. Ендігі панам да, тірегім де - Бөгенбай балам. Бейілін анам деп ол берді. Балам деп мейірімімді мен бердім. Балам осы - мына Бөгенбайым. Анасы - мына менмін! Жақсы сөйледі десендер де, жаман сөйледі десендер де - айтарым мынау. Бөгенбайымды бөгеп ұстап отыра алмаспын енді. Екі анаға ортақ тел қозым, бүгін мұнда болса, ертең екінші ауылында, екінші анасының үйінде болады. Бөгенбайға рұхсат бергелі отырмын. Осы байламымды дұрыс көріп, жөн десеңдер, баталарынды беріңдер, ағайын.

Отырғандар не десін, “Анамын. Қайда жүрсе де анасымын. Бүгін онда, ертең мұнда болар ұлымды тұсап ұстап отыра алмаймын!“ деп алдын орап кеткен Рымжанды ешқайсысы кінәраттай алған жоқ. Келісті де, қол жайып батасын берді.

Ертеңінде Күреңтөбелді мама ағаштан өзі шешіп әкеліп, Рымжан апасы Бөгенбайына, ұлына көлденендете қойды.

- Жолың болсын, балам! Жолдасың Қызыр болсын! Апаңа, көкеңе менен сәлем айт. Аман барып, сау қайт, ұлым. Сағына тосып отырар бұл анаңды да ұмытпа!- деп көз жасын сығып жіберді.

5

Домбыра ырғағы қожырап, саусақтары жаңылысып, күйден береке қашып, пышырап кетті. Қазыбек би үй сыртынан көп естіле бермейтін аяқ тықырын, онда да бірнеше адамның қабаттаса жеткенін естіп, домбыраны іргеге сүйей салды.

Үйге Аралбай мен Түйте кірді.

- Неғып кештетіп жүрсіңдер?- деп екі іниге кезек-кезек қарап өтіп, кеудесін тіктеді.

- Қазеке, өзіңізбен ақылдасқысы, жай-жапсар сұрағысы келетін біраз адам келіп тұр. Қабылдай аласыз ба, қайтарып жіберейік пе,-деп Аралбай көзін ағадан аудармай, жауап тосып қалды.

- Е-е, ақылдаса ма, салмақ сала ма, базыналық ете ме, оңашалануды көбейтті-ау бұл жұрт. Бірі-өзіңмін, енді бірі-көзіңмін, тағы бірі-қоштай қояр сөзіңмін деп олай тартып, былай жығуды ойлар ма... Жарайды. Бөгеме, кірсін,-деді.

Түйте тысқа шығып бір топ адамды ілестіре кірді. Қол ұстасып есендесіп, әрқайсысы өзіне лайық орынға жайғасты. Үлкені - Үйсін Ошаған би дәл төрге Қазыбектің оң жағына малдасын құрып алып, өзінің оң тізесін баса отырған Алшын биі Нәбиге бір қарап қойды да, одан әрі кескен теректей тік шаншылып-шаншылып іркес-тіркес отыра қалған Найманның Садырынан шыққан Жомарт батырға, Тама Есет батырға, Қанжығалы Бөгенбай мен Қаракерей Қабанбайға көз жанарын бір-бір сүйкеп өтіп, енді екінші қырына қисая бұрылып, Қазыбектен кейін сол жақта орналасқан Аралбай мен Түйтеге бір-бір түйіліп өтіп, назарды ұлысбегінің өзіне тоқтатты.

Қазыбек ақырын ғана мырс етіп, бас изеді.

- Сөйлеңіз, Ошеке! Оң жағыңыз да, сол жағыңыз да сыныңызға толды-ау білем.

- Айтасың-ау, Қазыбекжан. Қазағыңның сыналатын жері, сынға түсетін тұсы көп қой. Қай сынымыз өтіп, қай тіліміз жетіп жатушы еді. Жамаушы болудан біз кеттік пе, бүтіндеуге жыртығымыз көбейді ме, әрі тарт, бері тарттан зәрезап болған көңіл бар. Ырғасуды азайтсақ па деген тілекке, әй, бір ұйымай келеміз. Ұйытқымыз нашар ма? Іруіміз күшті ме, іріткуіміз жойылар емес, жүдә тегі. Шаңырағымыз шайқалып, уығымыз сықырлап, керегеміз теңселіп кеткен мынау жылау күндерде көзден қанды жасты ағызып жүріп, көретін жерде көрмей, еститін жерде естімей қалармыз ба дейтін қауіп те жоқ емес кеуделерде. Әз Тәуке берік қорғанымыз, мызғымас іргеміз еді. Қорғанымыз құламаса, іргеміз бұзылмаса дейтін зар тілек баршамызда түней ме, әлде сол баршамызды боршалағысы келген кейбіреу басқа тілеу тілей ме, көкіректі кеміріп бара жатқан күдігімізді де, Қазыбекжан, сенен несіне жасырайық. Жасырар болсақ, келер ме едік. Үңіреңдеген базбіреулердің сыбырласып сабақтасып жатқанын, күбірлесіп құшақтасып жатқанын, күңкілдесіп тіл байласып жатқанын да сеземіз. Арысымыз, арыстанымыз да көз жұмбастан сол арыстанның орнына жанталасқан көкжалдың да, шиебөрінің де сақылдаған тістерінің, жалақтаған тілдерінің сұры жаманау. Жалғыз тақты сонау Бахадүр балпаңның кезіндегідей ғып ту талапайға ұшыратар ма деп күйген жанымыз бар. Күйіндірген жайымыз бар, жүдә тегі. Сақинадай дөңгеленген бірлігімізді төбе көрсе төбесіне қайсымыз бұрын шығамыз деп төбелесе кететін төрелердің араздық салқынына, қулық-сұмдығына көкпар ғып ұстата салармыз ба? Салғызбайық десек, әділ мінездің турашыл таразысын құрып тастап, адалдық пен тазалықтың жолын аршуға білек сыбанып, іркіліп тартынбастан тұтаса кірісіп кетелік, жүдә тегі. Әділет ауылына бет бұрғанымызды басқалар көрсе, өктемдеуін азайтпас па. Көзге шұқып айта алсақ, басқа ұрып айта алсақ, бармақ басты, көз қысты дегендер адасыпақ қалмас па,- деп ағындап барып, ентігіп тоқтады. Қазыбек биге, өзгелерге айтқаным жетті ме, жеткізе алдым ба дегендей сәл шұқшиып-шұқшиып өтті.

Қазыбек бетін бірден ашса, Қаз дауысты Қазыбек

һәм ұлысбегі аталар ма еді, бас шұлғып қап Ошаған бидің айтқанына құлақ түріп, ден қойғанын сездірді. Содан соң қыр мұрыңды үш саусақпен жебелей сипап, үлкен қой көздерді Нәби биге қабағын жоғары серпе, қадай қойды.

Нәби қозғалақтап, оң-солына қарағыштап барып, әлі де өзінен айырылмай тұрған көздерге бейіл берді.

- Ошаған аға айтты. Барды айтты. Қаупін де, күдігін де жасырмады. Өксітер өкініштің бықсыған өсектен туарын ескертті. Кімім бар, кімім жоқ деп кеуде санайтын шаққа тірелгеніміз ақиқат. Кімім бар болып жақсылықпен қолдасар ма, жамандықпен жағаласар ма - дүмбілез күйдің үркітері де сол. Кімім жоқ болып жауымды көбейтер ме, дауымды ұлғайтар ма - шошынған көңілдің кірнесі де сол. Кеңесіп шешерді керілдесіп шешуге құмар-ақпыз. Тілмен байларды кісенмен құлыптауға шеберміз. Тілің жетпесе, құрығың жетеді. Атқа мін, атойға бас, шебінді ұлғайт. Кеуденде отың болмаса, өртіңді далаға таста. Шарпылып жатса, жанұшырып өзі-ақ келеді. Сонсоң көр айбынынды! Асқақтаған айдынынды! Елдіктен безіп, билікке жетем дейтін өркөкіректің білері осы. Алысын шауып алып, жақынын жаусатып түсіріп, Тәңірінің жердегі уәкілі бір өзі боп дүрдимек. Ал солардың сол жауыздығын екшеу бар ма, тексеру бар ма? Әйтпесе жаман бақсыдай тантырап жын шақырған әр төре төбемізді тесіп бара жатқанын мына қырық күннің ішінде көріп те, жеріп те болмадық па. Береке кеткен жерден билік қашатынын, Қазыбекжан, бізден артық білесің. Әрнеге құлаш ұрғандардың ырқына жығыла берсек, баяғы сорым сол сорым деуден құтылмаспыз. Құтқармас. Опық жеуден алдына жан салмас қазақты тағы сандалтпаудың амалын қарастырайық деймін. Салмақ осы тұсқа нығыздалып түссе деймін,- деп Нәби би ішкі жегісінен хабар білдірді.

Отырғандар үнсіз мақұлдасып, бәрі түгел иек қағысты.

Қазыбек би сөз аңғарын ұқты, түбірлеп бастай беріп түйіндеуді өзгеге итере салған екі биді де түсінді. Сапыра сөйлеп, сараң қынжылса да, топшылағандарына ренжіген жоқ.

- Адалыма ара түсер кімім бар, қайсың барсың деген жан шырылың, ағалар, құлақ түгіл кеуде тұлыпты да тесіп өтердей болды-ау. Солай деушілер, өкінбейік, адаспайық, алдын алайық деушілер көбейген тұс қой қазір. Сонда әркім көптікін ойлай ма, көптікін айтқан боп өзінікін ойлай ма? Қуыс-қуысты тінткілегенде, анау кеудеде кімдер бар, мынау кеудеде не боп жатыр дейтін сұғанақтықты сумаңдататыңдары қалай? Көзі жетпеске көңілі сенсе де өзі сенбейтіндер селтектеп бұрыш-бұрыштан бой көрсете бастағандарына мен қынжылмай ма екем. Төле мен Әйтеке ағаларым қынжылмай ма екен. Ер салмағынан ел салмағын артық қадірлейтін сол ағаларымның да жанына батып, жүрегін жаралайтыны - қазағымның дәл осындай мен білгенді жұрт білмес деп ауызды ауызға жапсырып алып, жанталаса топ құруы, қол жиюы ғой. Топты не үшін құрмақ? Қолды кімдерге қарсы жимақ? Берекені әрекемен іріткізу үшін бе? Бірлігімізді тірлігімізден адақтау үшін бе?

Күшеншек ой бой байлайды, кеуде басады. Сол күшеншек ой бәрімізде де жеткілікті. Сол күшеншек оймен әркім өз тұғырына ханын сайлап та алды. Сол арқылы алашақ олжасын қанжығасына байлап та алды. Соған көзім анық жеткендей. Көңілдеріңізге ауыр алмаңыздар, би ағалар, дәл сіздердей көзі кіреукелі, көңілі жабырқаулы талай үлкендер дәл осы арада талай болып, таланғалы тұрған татулықты, бүлінгелі тұрған бірлікті уайымдаған. Уайымдасын-ақ. Құптаймын да қосылам. Бірақ сол көп келістердің шошытатын сұмдығын қайда қоям! Сыртымен ел қамы деп қара көзден қызыл қан тамызып отырып, ішімен есебім мен ұпайым деп бүкпесін жасырып, аңдысқанын қайтерсің. Оу, сонда ел-таразы дегенді мынау ел қамын ойлар сын сағатта естен шығаратынымыз қалай? Ертеңіміздің бүгіннен басталатынын ұмытатынымыз қалай? Кейде біз хан сайлауды аламан бәйгеге ат қосудай көретін тәріздіміз-ау. Ананың да баптап жүрген жүйрігі бар, сауырын сипап қойып, ал кеп мақтайды. Мынаның да арғымақ тұтқаны бар, жалын тарамдап, ал кеп аспандатады. Әу, ағайын! Әлгілерге сенер болсақ, соншама уақыт Әз Тәукені төбемізде

ұстамай-ақ, сенен де мықтылар бар екен, сенен де әзіз пайғамбардай әділдер бар екен, тағыңды босата қой, орныңды бере ғой деп баяғыда-ақ алмастыру керек екен.

Жо-оқ. “Еруліге қарулы” жүрмейді бұл араға. "Анауымның өзі жақсы, мынауымның көзі жақсымен” шешілер оңай түйін болса, осылай топ-топ боп топырлай берер ме едіңіздер. Жалғыз мен шешер, немесе Әйтеке мен Төкем шешер жеңіл-желпі іс те емес, бүкіл алашының әруағын солқылдатар, теріске бастаса, сол алашының әруағын шақырар күрделі мәселе бұл.

Қазыбектің кең маңдайына керіліп түскен әжім іздері терендеп, көздері мұңға бөгіп кеткенін байқаған Түйте енді-енді ағасының қатты күйзеліп отырғанын сезді. Іштей: “Әй, өзімізде де бар. Мына кісілерді келгізбеу керек еді. Айтары белгілі ғой бәрінің де. Бер жағы Биағам айтқандай ел қамы дейтін тон жамылғанымен тонның астына бүрмелеп тыққан түйін-шегінде бір-бір сұлтанның бастары қылтиып тұр-ау. “Айтып қал, мені осы қазір атап қал!” деп мынау билерді кеудеден түйіп, анау батырлардың қабырғасын шіреп жатыр да. Осындай қол жайғыш, көз сатқыш дәмелер ғой Биағаны қинайтын да, қынжылтатын да. Күн сайын топырлап, бірінің артынан бірі шұбайды да жатады. Дәл жаңағы Биағамның кейитініндей, Әбілқайыр сұлтанды алқалап, аспандатып Алшын, Шектісі ауыздарын кергілейді. Болат ханды ”Әз Тәукенің бел баласы, хандық - атадан балаға мұра. Ежелден келе жатқан жол-жорадан тайып кетіп, дәстүрімізден айнып қалып, салтымызды бұзып алып, ел жұрттың бетіне қарай алмай жүрмейік” деп Арғын, Қоңыраты ұрттарын кептіреді. “Қайып ханды сыбағасынан үнемі құр қалдырып, қасығын аузына да жеткізбей, өзгелер өз өзегіне ғана құюмен есесінен айыруда. Әйтпесе сырға берік, сөзге ұстамды, билікке икемді Қайыптан артық ханды емге де таппайсың” деп тағы да сол Арғын мен Алшынның, Үйсіннің біразы сыңар езулейді. Әй, осы келулері тегін емес. Ақылдастым деп аңдысуларында кәдік бар-ау. Биағама бұл сәлемдер осал тимейтін үлкен қыр болғашы тұр-ау. Белі қайқаймай

көтеріп кете алар ма? Салмағымен иіліп түсер ме? Қиын сәтте қиын тұстан қадалғандарын қарашы. Көмегіміз болар ма, себіміз тиер ме?" Осы ойының әсерімен оң жағында отырған Аралбай батырға қиыстады. Аралбай да ақшыл жүзі сұрланып, жебе желімдеп кеткен мүкіс көзі де, сау көзі де жұмылыңқырап, ешкімге бұрылып қарамастан ой құшағына оранған сияқтанды.

Аралбай шынымен-ақ ой қуалап, қуалаған сан тарам ойының ұшығын таппай сенделумен отыр еді.

"Шынында адаспай табар біріміз бар ма? Әз Тәукенің шеніне жетер ешкімнің өзі түгіл көлеңкесі де көлбеңдемейтін мынау далаңнан кеудесі - бұлақ, көкірегі даңғыл біреу табыла қояр ма екен. Батыр десек, батыл десек - Әбілқайырға иек көтерер едік-ау. Батырлық пен батылдықтың ар жағы басқасын ерте алмай, үңірейіп жатыр ғой. Ұлы атаның тәлімі, ханның тәрбиесі сіңісті, жұғысты болған шығар, "әке көрген оқ жонармен" Болатты назарға іліндіргенмен, сол сіңісті, жұғысты болар-ау деген қадірлі қасиеттерден тым жұрдай-ау. Ақыл тоқтатқан, кемеліне келген, қолды да, елді де бастай алар білегі мен билігі бар десек, әрине Қайып ханға көңілдің көбірек бұрылары анық. Әй, оның да озып кеткені шамалы-ау. Тәуекелге басар жерде бүрі жоқ табаны тайғанай берсе, тіресер кезде сіресіп қала алмаса, мынау тұс-тұстан анталаған азулы көршілер талыстай жеріңді шет-пұшпақтап жырымдап әкетпей ме. Мынау екі иығын жұлып жеп, бір күн бура болуға барын салатын сұлтандар азуларын оңды-солды басып, бүтін елді бүлдіріп кетпес пе... Қазекемді күйзелтетін осылар ғой. Ат тұмсығын қайда бұрса да тіреле берер өткел бермес шыңырау, асу бермес қара жартас. "Жол тап! Өткел ізде! Алға баста!" дейтін біреу жоқ. Қақпайлап, қабырғалап соғып, сауырлап қамшы басып, "Тоқтама! Қарайлама! Тарта бер! Ілгері сұғынта бер!" деп өзеурейтіндерін қайтерсің. Ол білгенді сонда ел білмейді дей ме екен. Ол жаратқанды жұрттың жақтырмасын ескермегені де ме! "Бір күн атақ, бір күн бақ, бір күн тақ" деп еліру, ентігу кімге бақ, кімге тақ болмақ? Тиген бақ тақты ғана жарылқар ма, топты да толтырар ма? Тақымдағы

тақ елге ырыс әкелер ме, ерегіс пен ұрыс әкелер ме? Діттейтін бірі тағы жоқ? Неге жоқ? Неге бой көрсетпейді?”

Көп ойлағанда, көп шарлағанда мұның тірелері де тығырық. Бір бұйдаға таласқан жуан білектер билік арбасын жарға жығар ма, орға жығар ма, ол жағына бас ауыртып жүрген Қазыбек ағасынан басқаны таба алмастай, кең кеудесін сығып жіберердей күрсінеді.

Көзін, томпағы онша білінбейтін аясы үлкен, кірпігі сәл сиреген жалғыз көзін кең ашып, қыбырсыз отырғандарды қыдырта түгендеп өтіп, Жомарт батырға тіреп ала қалды. Жомарт та Аралбайдың өзіне қадалғанын байқап, қозғалақтап қалды. Бірақ құлдырмамайдың ұңғысындай тікірейген жалғыз көздің кірпіктері де қыбырламастан ауытқыр емес. Еріксіз жанарын тайсақтатып әкетіп, тамағын қырнады.

Қазыбек жайымен, бабымен басын изеді.

- Қазеке, кібіртіктей-кібіртіктей титықтадық қой әбден. “Қой асығы демегін, қолыңа жақса сақа қойды” да ескерсе не болар еді? - деп иек көтере кідіріп қалды.

Нәби де, Ошаған да дәл мына сауалдың тосын естілгеніне таңданса да, терендеп енсе, толғандырарын да, шамдандырарын да байқап қап, түстері бұзыла, қопандасып кетті.

Шапшаң Нәби шапшаңдығына басты.

- Оу, Жомарт құрдас! Не деп кеттің сен? Заң-низамды белінен басып, жол-жорамызды аттап өт деймісің сонда? Атамнан, бабамнан басталған ізді бүркеп жапқызбақпысың? “Есімнен қалған ескі жолды”, “Қасымнан қалған қасқа жолды” ысырып тастап, жаңа соқпақ, басқа сүрлеу салайық деуіңе мына өне бойым өре тұрып қоя берді-ау,- деп тызылдап, жіңішке дауыстың ащы шырылын шаңырақтан да әрі асырып жіберді.

Жомарт бас шайқады.

- Жолыңнан адастырайын демеймін, Нәби. Адасып, аттандатып бара жатқан өзің. Кісінің көмейіндегісін көрінбей жатқанда суырып алып, күл ме, көмеш пе деп сұңқылдайтының жаман, құрдас. Мен айтсам, анау үшеуімен иыққа иық тірестіре алатын, боймен бой салыстыра алатын, ақылы мен

ақылын салмақтап, асып та түсетін басқаларды неге байқамаймыз дегенді ғана айтам,- деп жуан даусымен нығыздап қайырды.

Қабанбай осындай өршіл көңілдің турашылдығын, тік саларын ұнататын. Өзінің де батырға лайық бірбеткей адалдығымен Жомарттың мына түйсігінен кейін жанып кетті.

- Бәсе десе! Төре-төре деп шөре-шөре бола бергенше, күйсін-жансын, “Алаш” ұранды өзімді, қараның бірін неге қаламаймыз! Қарадан шыққан хан дегенді бұрын-сонды өздерінде болмаса, қазақ қайдан айтып жүр. Болған да қазақ арасында қарадан туған ханы!- деп тіпті жалындап сөйледі.

Есет батыр қопаң ете қап, қосылып қоя берді.

- Жаны бар сөзінің! Ақылыма қоңсы қона кетті-ау! Табжылтпай табандата беретін төрелер тірлігі. Қараның да ханға бергісіз өсиеті мен қасиеті болады. Басқа басқаңды айтпай-ақ қояйын. Осы мына Қазекемнің Жетірудың басын қосып, бір бұйдаға байлап беріп, айбынын асырып, айдынын тасытқаны неге тұрады. Әр ұлыстың тізгінін уысында ұстаған сонау даңғыл Төкемнің, Төле бидің, анау Айтық - Әйтеке ағамның, мынау бәйтеректей биігім - Қаз дауысты Қазекемнің бет-беделі, абырой-атағы қай ханыңнан кем. Артық кетіп, артық түсіп жататынын көріп те, біліп те жүрміз,- дегенде оң қапталдан Бөгенбай мен Қабанбай, сол қапталдан Түйте дауыстарын жарқын-жарқын шығарып, бірін-бірі тосып та жатпастан қабаттаса қызынып қоштады.

- Рас айтады-ай!

- Төр төренікі ғана дегенді кім шығарды екен осы?

- Қараға хан телпегі жарасқанда қандай!

- Қараң қараға қарайласады. Төрең төресін де төмпештейді.

- Үш ұлысбегінің арқасында Тәуке хан өз Тәуке атанған.

Қазыбек қабағын шытып, дауысын кенеді.

Тамағынан қаз қаңқылын тірілтіп саңқылдаған үні төгіліп кетті.

- Уай, жолбасарларым! Шапшаңдық жауда керек, дауға жұмсамаңдар оны. Мәрттік өзгеге олжа салғанда білінеді. Өзіңе тартсаң, нәмәрттік жасайсың. Әз Тәуке

атанса - әділдігінен, адалдығынан, тазалығынан. Өзінде жоқты өзгеден алғанмен өзегінен шыққандай болмайды. Бүтінді бүліндіріп алмайықшы деп отырып, өзіміздің бүлінгеніміз, бүлік басы болғанымыз әдетке сияр ма. Қара, төре деп бір қазақты жіктегенде, жүгіміз жеңілденер ме, жарамыз жазылар ма? Қайта жырығымыз ұлғайып, бірлігіміз ыдырап, татулығымыз тарыдай шашылмай ма? Қара деп, төре деп бөлінбейік. Қара қошқыл қанымыз бір қазақпыз, ұйытқымыз - ынтымақ болған ұлтпыз деп бұрынғыдан да берік қойындасайық та.

Жастар жағы қипақтасып, әлгіндегі лепіріп кеткендерінен ұялыс тапқандай жүздерін төмендетіп, күбірлесіп қана:

- Солай екен-ау, ә!..

- Әрине, бірлігімізді іріткіміз жоқ.

- Бөлінейін деген ойда да жоқ. Қара, төре дегенде... көңілде алалық болған емес еді,- дескенде,

- Әйтеуір, қараға да бір есе тисін деген тілек еді. Өзімшілдік танытып алсақ, Биаға, көңілдің қаралығынан емес. Қараулығынан да емес. Өздеріңіз сияқты даңғылдарымызға сенгендіктен ғой. Серпілейік, біз де бір самғайық дейтін талпыныстан туған ниеттің де осындай ойсыратып кетер жүгі, салмағы боларын апыл-құпылда ескермеппіз,- деп Бөгенбай жас достарын арашаламақтай түйіндеп бітірді.

Ошаған би ыңыранды.

- Үш арыстың қазағына анау үш арыстың қалған жұрты - қырғызы, қарақалпағы, құрамасы көз тігіп, құлақ түрумен отыр. Қалай қарай бет береді? Қалай қарай шалқиды деп әлден-ақ түн ұйқысын төрт бөлетінін дуайда дуай сәлемдерімен жеткізіп те жатыр. Мынау қырғыз ағайын Тәукенің тұсындағы еркіндігімізден, тең тұрып табысып келген кеңдігімізді тарылтып алмас па екенбіз дегенді түбегейлі көп діттейді. Алды тар, арты қуыс, қушық шеке біреу таққа отырысымен, шапқыншылары атқа отырып, езіміз демей өзгеге балап, шаңырағымызды отын ғып, ошағымызды ойрандамас па дейтін қауіп ойлайды-ау, жүдә тегі,- дегенде іштен булықтырған күрсінісі лекілдеп ытқығанда, осы сәл кідірісті пайдаланып,

шапшаң да тез Нәби би ұшқырлық танытып, әлгі ыңғайды іліп әкетті.

- Ошекеңнің сөзін тірілтейін. Үш арыстың тағы бірі- қарақалпақ жұртында да Тәуке хан көз жұмғалы уайымның зоры бар. Ағайынбыз, елміз деп етегіміздеп ұстап, өзбектен гөрі бізге көбіне-көп іштартады. “Аға болдың, інің боп ілесе берем. Бауырыңа бассаң, бауырың боп бағанды асырам” деуден олар жалыққан емес. Әй, бірақ. Есе бермей, байғұстардың жолын да, қолын да кесе беретін өзіміз, өз ағасы қазақпыз ғой. Көбінесе солар көресіні көргенде сұлтаннан көрумен келеді. Сол Әбілқайыр ертең үлкен ордадағы ұлы таққа құйрық басардай болса, онда ұлардай шулайтын қарақалпақ халқының жағдайын ойлар жан табылмас деумен әлден-ақ қатып-семіп барады. Осыны да бір ескеру қажет-ау!- деп Қазыбекке өткір көздің бір серпінін жолдады.

Өлеусіреп бара жатқан тас шамның екіншісін жаққан Түйте алғашқысын сөндіріп тастады. Үш жердегі шам жарығы кең үйдің әр тұсына көлеңкелерді қуалап, дірілдетіп қояды. Дірілдеген көлеңкелер үлкейе зорайып кейде тұтасып та кетеді. Тұтаса, біріге алмай отырған жан иесі кеуделер ғана.

Осы кезде сырттан қолдарына леген мен аққу мойын жез құман ұстап кірген екі жігітті көріп, Түйте Биағасына қарады. Мына қарасы: “Биаға-ау, ас дайындатпап едім. Бұ не боп барады?” дегені еді. Қазыбек би әлденені тез ұғынды ма, сәл қабақ шыта берді де, “кірсін, келсін” дегендей ажар берді.

Түйте орнынан лып көтеріліп тысқа атып шықты.

Есік алдында самсап он шақты адам тұр екен. Түйтені көріп, бері жақындады.

- Ұлысбегіне, ұлысбегінің қонақтарына дастарқан жаяйық деп едік.

- Кімдікі ол дастарқан? - Түйтенің даусы қаттырақ шықты, сірә, іштегілер, үйдегілер естісін десе керек.

- Жә, батыр! Дабырлама! Қонақасы - қазақтың бөлінбеген еншісі емес пе. Қаз дауысты Қазыбек биге дәм татқызу - қолы жеткенге де арман, қолы жетпегенге де арман ғой,- деп әлгілердің үлкені қиыстатты. - Ас суып кетер. Тездетейік.

- Әй, қарақ! Мені таныдың ба, жорамалдап тұрсың ба, онда жұмысым жоқ. Мен сені танымаймын. Танымасам, танымайтын адамның табағын да, тағамын да, Биағаның дастарқанына жуыттырмаймын. Мынадай ығы-жығы халықтың арасында кімдер бар кімдер жоқ. Сақтанбаса бола ма,- деп Түйте ірге бермей, ірілене түсті.

Анау еріксіз ылдилап басылып қалды.

- Мен Әбілқайыр ханның адамы едім. Атым - Ақжәлел. Хан бұйырса, қарашысы безек қақпай ма. Қазекеңе құрмет көрсетіндер. Дастарқан жайыңдар деген соң бүгін бір ту биені жайғап жіберіп...

- Жә! Онда көп созбаңдар!- деп Түйте қолын сермеді.

Ас желініп, қымыз ішіліп болған соң, тіс шұқысып, кекірік атысып ауырлап қалған іштегілер манағы әңгімені жалғастырып әкете алмады. Жалғастыруға ниет те болмады-ау шамасы. Ақылдасамыз деп адаса жаздағаңдарын билер де, батырлар да сезіп, қуыстанып отырғанда, мынау сыбаға тамақтың тосындығы тіпті ойлантып-ақ тастады. Мұны істетіп отырған Әбілқайыр ма, әлде Әбілқайырдың адамы ма - бәрібір ірілік мінезден тумаған шетін жағдай екенін түсінбейтіндей тісі шықпаған бала емес. Арыстанның айбаты мен қайратын күткен жаннан тышқаншылаған ұсақтық, пейіл аулаушылық көрем деп күтпеген көңілдер су сепкендей басылып қалыпты.

Келгендерді есік алдына шығарып салып, қонақкәдесін жасап келген би, бей-жай көңілдің бабын шақырғысы келгендей домбырасына қол созды.

Екі ішек баяу күмбірлеп, өткен күндер елесін тірілтіп, өткен күндер лебізін сайратып қоя берді.

“Сол кезде Бөгенбай нешеде еді? Он жеті-он сегіздерде ғана екен-ау. Әй, бірақ жүрек әмірі - тасты уатып, тауды құлатып, ойыңдағыны орындайтын шын құдірет-ау. Талайды бүлінтсе де, талайды ренжітсе де, көпшілікті таңырқатып та, тамсандырып та қосылып еді-ау екі жас. Оған да міне жиырма жылдың жүзі толыпты-ау. Жалын билеген жастың көкірегінен от пен өнер төгілетінін танытпап па еді екеуі. Әй, Бопыш келіннің сондағы әні-ай! Сондағы сәні-ай!”

Домбыра безектей қызынып, он саусақ жүйтки жорғалап, қос ішек дүние үні боп сайрап, әлгіндегі ойы ауырлаған биді сонау сарыжайлау жұртқа ақ отауын тіккен жастықтың жылы мекеніне жетектеп ала жөнелді.

* * *

Қасына жан досы Балтаны ғана ерткен Бөгенбайдың жолға шыққаннан бері түнемеліде болмаса ат басын іркуі мүлде болған жоқ. Екеуінің де қосарлы аттары болғандықтан қатты жүріске шыдамды жігіттер күнұзын суыт жүрісте бір-бірімен ерегіске түскендей жүздерінен, қабағынан кейіс білдірмей, қайта бірін-бірі қайрай, одан әрі жүрісті үдете берген еді.

- Бөгенбай, асығуыңа қарағанда төреңнің тотайы тым әдемі болар,-деп Балта аттарын ағындаған жүрістен бүлкекке ауыстырған кезде досымен үзеңгі қағыстырды.

- Бөпешке жетер қыз жоқ қой бұл дүниеде, Балташау! Оның үстіне апамды... Рымжан апаны да сағындым ғой,- деп Бөгенбай әрі күлімдеді, әрі күрсінді.

- Иә. Ол шешеңді құрметтеуді Ақша көкең де, Дау көкем де бәрімізге міндеттеп еді ғой. Айтпақшы, мына екі атты да соғымына, сойысына жаратсын деп Аралбай ақкеміз жетектетіп еді ғой. Қатынасқан адамдардан осылай жалғасып, жәрдемдесіп тұрыңдар деп қатты тапсырып та еді.

- Рымжан апам әттең еркек боп тумаған... Сен анау Әжі сұлтан мені оп-оңай сол апамның қолына бере салды деп ойлайтын шығарсың. Қайда ол. Ертеңіндеақ он төленгітін шұбыртып, ат ойнатып таң атар-атпастан төменгі ауышға жетіп келді ғой ол.

- Сұлтан да сөйтеді, ә?.. Өз ауылына өзі атойлап енеді, ә?!.

- Көкірек текіректеп тұрса, неден қымсынсын. Атынан түспей-ақ айқайға басқан: "Шығарыңдар құнға келген құлды” деп. Жатқан жерімнен бас салып, бес-алтауы мені үйден дырылдатып сүйреп алып

шықты. ”Соқ! Соғыңдар итті!” деген төреден де бұрын жүйрік қамшылар жауып кеткен үстіме.

Сол кезде Рымжан апамның айқайға басып, әруақ шақырып ал кеп жұлқынғаны-ай!

- Әу, Әжі сұлтан! Сен ұлдан тусаң, мен қыздан туғанымды ұмытпа. Сенің атаң маған да ата. Батаны бұзған, ата жолынан азған қай қазақты көріп ең. Бөгенбай құл емес, омырауымнан нәр алған ұлым. Оған сенбесең, көнбесең мына қанжарды қақ жүрегіме салам да, атам әруағы алдында саған өткізе алмаған арызымды оған жеткізем!”

Күшігін қорғаған қаншық қасқырдай ашынған анадан... апамнан тайсалды ма, әлде өре тұрып келіп ашу-ызамен наразылық білдірген ауыл адамдарынан сескенді ме, сұлтан нөкерлерімен қайтып кеткен.

Апам керемет жақсы адам... Әттең, ең болмаса бір немересі болғанда, құлазыған көңіліне медеу кылар еді-ау.

- Жә, жүдеме, Бөгенбай! Өзің барсың, біз бармыз. Келіп-кетіп тұрамыз... Әй, осы десе, сол апаңды ауылға неге көшіріп алмаймыз, ә? - деп Балта жерден жеті қоян тапқандай қуанып кетті.

Бөгенбай бас шайқады.

- Айтқам... Ел-жұртымды тастап кете алмаймын. Жатағынан түңілген құландай бола алмаймын деген соңда. Рымжан апаны жұрттың бәрі сыйлайды. Немересі жоқ дегенім де бекер. Сол ауылдың бар баласы апалап, еркелеп жүреді.

- Онда қозғалмағаны да дұрыс екен. Әркімнің өз оты, өз ошағы ыстық қой. Ауылдан қырық қадам ұзап шықсам-ақ, ауылды сағына бастаймын,- деп Балта сонысын растағандай артына бұрылып қарап қойды.

- Айтпақшы, сенің Бөпешке ауып түскеніңді сол тікаяқ сұлтаның жақтырды ма?

- Білмеймін. Бөпеш екеуміз білгенімізді өзгеден құпиялап жүрген болдық қой. Сезбеген де шығар.

- Сезсе не істер еді?

- Өзі төре болса, төреден де зор сұлтаны болса, қараға оп-оңай қызын ұстата қоймас,- деп Бөгенбай алдағы қиындықты енді ғана еекерген кезде, қабағы жабылып, еңсесі түсіп кетті.

- Жә! Бір амалы болар. Тек Бөпеш... Бопыш қыз сендік болсыншы. Уәдесін жұтпасыншы.

Бөгенбай лезде жанып кетті.

- Әу, сен Бөпешті...ақ Бөпешті білмейсің... Ол айнымайды. Ол айныды дегенше жер қозғалар, тау теңселер. Ал Бөпеш... Бөпеш сертке берік. Уәдеге адал. Адал ғой.

- Ендеше біз қорқатын ештеңе жоқ екен. Ебін тауып әкете алсақ шіркін. Дүрілдетіп бүкіл жеті Момын, бес Мейрам Арғынды түгел түгендеп, Қоңырат, Қыпшақтан, Керей, Найманнан, қалың Үйсіннен қонақ шақырып бәйге беріп, көкпар тартқызып, айды аспанға шығарар едік-ау.

- Аузыңа май, астыңа тай. Мына лебізің қандай жағымды еді! Берер тәңірім тілекті, оңғарар жолымызды.

Апырай, мына күннің райы бұзыла бастағанын-ай. Жауынның астында қалып қоймасақ,- деп Бөгенбай аспанға иек көтере қарап қойды.

Балта күліп жіберіп, досының тізесіне қамшының сабын тірей сөйледі.

- Қалыңдығыңа судан шыққан суырдай боп барғың жоқ, ә! Шын жаратса, сұмырайды сұлу тұтатын көңіл бар жерде су болған түк емес. Әйтеуір жан жаратқан Жасаған осы жолымызды болғыза көргей! Бөпеш сұлуды қолымызға тигізгей!

- Айтқаның келсін!

Қатты жел қуалап келген тұтас бұлттан жаңбыр төпелеп құйып жіберді. Екеуі аттарына қамшы басты.

Әжі сұлтан ауылына бұлар кіші сәскеде келіп жетті.

Бұлт ашылмаса да жаңбыр саябырсып, сіркірей бастаған еді. Жұрт аударып қонған ауылдың көк құрағы жаңбыр шайып өткенге мәз болғандай құлпыра түсіп, жусан бастаған әртүрлі шөптің иісі аңдыздап қоя берді.

- Түу, мынау жұпарын шашып, жолымызды тосып, екі көзі төрт болған Бөпештің дәуде болса сәлемі, назы тәріздендіі-ау! Ашылды ғой сарайым!- деп Балта айқайлап жібергенде, Бөгенбай ат үстінен ұмтылып келіп досын құшағына көмді.

- Балташым-ай! Неткен жақсы едің! Бөпешімді біреу ұқса, дәл сендей ұқсын да! Дос көңілің көңілімді ерітті ғой. Ерітті-ау!

Ауыл үсті күн жауын, бұлтты болса да ығы-жығы халқымен қыбыр-жыбырға толып кетіпті. Кермелерде қаңтарылған аттар қарасы да біршама. Әсіресе жоғары ауыл - төре ауылындағы әлдебір қарбалас тірлік еріксіз көз байлайды.

- Әу, мына ауыл той тойлап жатқаннан сау ма!- деп Балта елегізи қалды. - Той болса, тіпті қатып кетер еді. Сылтауратып Бөпешпен кездесуді тездетер едік.

- Оның рас... Төренің ауылы топырлаудан аулақ ұстаушы еді үйлерін. Шынында не текті қонақтары, не кекті жұмысы, не сен айтқан тойы болуы мүмкін.

Жә, бара көрерміз. Алдымен апамды қуантайық.

Рымжанның қуанғаннан есі шығып кетті.

Ат дүбірімен есік алдына шапанын желбегей жамыла салып шыққан еді. Атынан түсіп жатқан Бөгенбайын көргенде аңырап келіп, тұра ұмтылып, иығынан сыпырылып түсіп қалған шапанына да қарамай, баласын бас салды.

- Бөгенбайым! Ұлым! Келдің бе? Аман-есен көрдім бе?..

Жылағаны да, күлгені де белгісіз - әйтеуір сағынған жанның кеуде кернеген қуанышымен ақтарылатын ішкі толқын кемсеңдеген ернінен, жасы мөлтілдеген көзінен, мерейленген жүзінен, еміренген аналық құшағынан төгіліп кетті.

- Апа! Апам!

Бөгенбайда басқа тіл жоқ. Ол да құшағын босатар емес. Денесіне дуылдап тараған, құйындай ұйтқыған жылы толқынға күмп сүңгігенін қуана сезінді.

Балта жерде жатқан шапанды іліп алып, сілкіп-сілкіп қалып, Рымжан ананың иығына жапты.

- Келдің-ау, Бөкентайым! Сені енді оралмайды ол деп... ”Оралады! Келеді, ұлым!” деумен жұбатқам өзімді.

- Апа! Мен... мен сағындым... Өзіңізді сондай сағындым, апа.

- Апалаған даусыңнан садаға кетейін... Ойбай-ау, әбден су бопсың ғой! Жұрші! Кірші үйге! Су өтіп кетсе...-деп аяқастынан бәйек болған ана Бөгенбайды үйге жетелей бере, енді ғана Балтаны көріп қалып еді. - Есенбісің, шырағым. Бөкентайымның досымысың!?

Оу, неғып тұрмыз. Үйге кіріңдер, балаларым. Әу, Ұлбике! Қайның келді! От жақ! Қазан ас!

Әлгі Текебайдың қойшы баласына тапсыршы. Ақауыз қойды алып қалсын!

Дабдырлаған енесінің даусымен үйден көйлекшең атып шыққан келініне Рымжан екі қолымен екеуін жетелеп жетті. Әлі де көзінің жасы құрғамай, қуанышынан асып төгіліп жұр.

- Бөгенбай қайның оралды-ау, Ұлбикем! Ал мынау... досы көрінеді. Атың кім еді, қалқам?

- Балта! Балтамын, апа!

Балтаға көз жүгірткен Ұлбикенің жанарында ұшқын дірілдеді. Ішінен: ”Адамға адам ұқсай береді екен-ау. Аумаған Қырысбегім ғой. Сол ғой!” деп, емеурін білдірсе, бас салғалы дайын тұрғанын байқады да, ернін жыбырлатып есендік сұраған болды. Әлгі ішкі елжіреткен сезім жібітті ме, Бөгенбайды бір құшақтап, босатты.

- Есен-сау келдің бе, Кенжем?

Рымжан тағы ағыл-тегіл босасын.

- Алда ғана ақылдым-ай! Ұлбикем-ай! Кенжем ғой, Кенжең ғой! Тәуба, жасаған! Тәуба! Қазір өліп кетсем де енді арманым жоқ.

Үйге кіріп, су киімдерін шешіп, сусын ішіп дамылдаған екеуіне кезек-кезек қарап отырған Рымжан назарының Балтаға аударылып, ындынының мүлде ауып кеткенін аңғарар емес. Соны сезіп қалған Ұлбике күлімсіреп отырып, жайлап қана:

- Апа-ау, ұқсатып отырсыз, ә? Бет-пішіні түгіл қимылына дейін, жымиғанына дейін қайталайды, ә, апа?! - деді.

- Көрдім ғой, қызым! Құлынымның өзі тіріліп келгендей боп, тынысым тарылып, көзім бұлдырап, алдады ма, алдандым ба деп сенер-сенбес болғанымды несін айтайын. Бір ұлым екеу боп төрімде отырғанына шүкірлік білдіруден басқа не қылармын.

Бөгенбай да Балтаға бір қырын ұзақ көз тастап, осы досының кей-кейде бір адамға ұқсап кететіндей, ұқсап кететіндей мезетін байқаса да, кімге ұқсайтынына мән бермеуші еді. Енді бақса, Қырысбекке шынында келіңкірейді екен. ”Келіңкірейді деуден гөрі

көбірек қайталайды деу дұрысырақ болар" деп тұжырып қойды да, жүзі алгүл жанған Ұлбикенің бүгінгі кілт өзгеруінің мәнісін ұғып, жеңгесіне ризашылықпен басын изеді. Бұрылып шешесіне қарады.

- Апа-ау, анау жоғарғы ауылдағы жиын не? Кермеге тізілген сәйгүліктері көп қой.

Рымжан жалт бұрылды. Жүзінде әлдебір үрейлі толқын жүгіріп, әлгі қуантқан нұрдың қызылын шайып әкетті. "Айтсам ба, айтпасам ба" дейтін дүдәмал тығырыққа қинала тіреліп, көзін жасырмастан солықтай күрсінді.

- Қыз ұзату тойы дейді...

Бөгенбайдың жүрегі су ете қалды. Рымжан апасының әлденені бүгіп отырғанынан-ақ сезіктеніп еді, сол тұстан және жаманат хабар күтті.

- Әжінің қызы ма? Сақыбы ма? - деп сол болса екен, сол кәрі қызының тойы болса екен деп суық сөзді өзінен... өздерінен Бөпеш екеуінен алыстатқысы келді.

Шешесі күрсінді. Басын шайқады. Бопыш пен Бөгенбайының серт байласыпты деген сыбысы бұның да құлағына жетіп еді. Ұлының күйзелгенін көргісі келмесе де, өтірік айтып, жалтарып кете алмады.

- Бопышты ұзатпақ...

Бөгенбайдың төбесінен тоқпақпен қойып қалса, дәл бұлай сылқ түспес еді. Өңі қуарып, сұмдық естіген құлағын уқалай түсіп, діріл буған денесін билей алмай, қисая кетті. Өкпесі өшіп, ауа жетпей, қинала дем алып, бүк түскен досын Балта қолынан тартып қалды.

- Неге сонша жүнжисің! Көтер басыңды! Өңменіңнен оқ қадалғандай қиралаң еткенің не!- деп әдейі даусын көтере сес беруге тырысты. - Алдымен Бопыш қалай ма екен сол күйеуді? Қаламаса, мүмкін сені... өзіңді іздейтін болар. Әлден күйреп түскенің не соншама!

Бөгенбай есін жиғандай кеудесін тіктеп, Балтаға құптағандай қарап қапты. Сол түрі: "Рас айтасың. Бопыштан білу керек. Қалай білерміз? Әрине ол мынау тойына разы емес "Екеумізді Жасаған хақ табыстырған. Ажырамаспыз өлгенше" деген. Сол сертінен айнымайды. Айнымайды Бөпешім!"

Бөгенбай өзіне қарап әлдене айтқысы кеп, оқтанып-оқтанып қалған Ұлбикені байқай қойды. Байқай қойды да, іші бүлк етіп, жалынышты көздің сұраулы қарасын жолдады.

- Кенжем-ау! Бопыш қыздың сен дегенде шығарда жаны бөлек. Оны бекер кінәлама.

- Білем ғой, Ұлбике! Кінәларым Бөпеш болмас ешқашан.

- Бопыш сені іздеген. Іздеткен!

- Қашан? Өзі ме іздеп келген?- деп Бөгенбайдың ышқынған жаны айқайлағандай болды. Көздерінен от ұшқындап, Ұлбикені "Айтсаңшы! Болсаңшы!" деп тесіп барады.

- Кеше кеште анау суат басына Әбтікен елеусіз келіп маған Бопыштың сәлемін айтқан.

- Әбтікен дұрыс жігіт... Не деп сәлем айтыпты, Ұлбике-ау! Айтсаңшы! - деп қайнысы үздіге түсті.

- Дегбірсізденбесеңші, Бөкем-ау! Ұлбикеге сөзін бөліп айтқызбай отырған өзің емессің бе, - деп Балта күлген болды.

- Сені сұрапты. Келді ме? Қашан келер екен. Тез жетсе екен деп жылаулы көрінеді. Күйеуіне тіпті көрінгісі, кездескісі келмейді дейді. Іздегені, тосқаны - өзің ғана, Кенжем! - деп Ұлбике естіген-білгенін үйе салғанда, әлгіндегі төбесіне құлап түскен аспаны қайтадан көтеріліп, тынысы кеңейіп, дүниесі түгелденген жігіттің екі көзі шырадай жанды.

- Шіркін Бөпеш-ай! Беріксің-ау сертіңе!

Орнынан тұра берген Бөгенбайды Балта қолынан ұстай алып, жұлқып қалды.

- Қайда барасың?

- Қайда барушы ем, Бөпешіме бармағанда! Іздегені, күткені мен болсам, анау жылаулы, шерлі Бөпешті неге жұбатпаймын. Неге омалып осы арада отыра берем.

- Оу, есің дұрыс па? Арыстанның аузынан, түрікпеннің төрінен де бетер төренің үйіне, сұлтанның тойының үстіне, тойының шырқын бұзып қалай бармақсың, ә! - деп Балта ақыл қосып санасына салмақ салуға әрекеттенді.

Бөгенбайды бөгейтін енді дос сөзі де, дүние сөзі

де қалмап еді. Қолын жұлқып босатып алып, Рымжан анасының алдына тізерлеп отыра кетіп, қолын жайды.

- Апа! Бер батаңды! Бұрмаңыз жолымнан. Ақтап алыңыз ендігі жасар ісімді.

Манадан үнсіз томсарып қалған Рымжан Бөгенбайының тас түйінгенін сезгенде енді шын тілеулес, мұңдас жанына айналып еді. Қолын жайып алдына отыра кеткенде, шыдай алмады. Шымырлаған жанының бүкіл жүйке-жүйесі босап барып, қайта ширықты. Бұ да еміреніп қолын жайды.

- Не дейін, ұлым, не дейін енді. Ойым онға, санам санға бөлінсе де, анамын деген бір тілектен ажырамаспын-ақ. Құдіреттің ісіне шара бар ма... Құдіретті ауыздарыңа алып уәде байласқан екенсіндер... сол Жасаған құдіреттің шарапатынан күдер үзбейік. Пендесіне құлым десе, көзі түсер, қол ұшын берер. Әмсе, Тәңір жарылқасын! Тәңірім қолдасын, балам, талабынды! Әруақтар желеп-жебесін мынау бетінді!

Содан кейін қосарлы атқа бөктерген қоржынынан сауыт-сайманын алып киіп, қару-жарағын сайлап, батырлық пошымына енді. Балта да дос көңілін қимай, торкөз жеңсізін киіп, аймауытын жарқыратып қатарына тұра қалғанда, Ұлбикенің жүзіне шарбыланып қызыл табы білінді.

- Апа-ау, айтып ем ғой! Айнымайды-ау, айнымайды!

Екі жігіт кейуанаға жақындап келіп, кеуделерін иіп тәжім етті. Ананың ыстық ерні екі мандайға кезек-кезек емірене жабысты.

- Бір құдайға тапсырдым! Алла жар болсын, балаларым!

Дулығаларын көзіне түсіре киіп алған екеу сол сәтте жас буған жанары бұлдыраған анаға Қобыланды мен Алпамыс батырларға ұқсап кетіп еді. Еріндері тағы күбірледі.

- Құлындарым-ай, армандатып кетер ме екенсіндер!.. Өксітіп өтер ме екенсіндер! Жаңа тауып, тағы жоғалтармын ба?

* * *

Бұлты ыдырап, күні ашылып, шуағын аямай шашқан талма түсте Әжі сұлтанның он екі қанат ақ ордасының алдында сыртта қыз алуға келген құдалар жағы желпінісіп тұрған еді. Жай желпіністен гөрі жүздерді қатуландырған, түстерді томсартқан және бір үлкен себептің де шеті қылтиып қалған болатын. Ол себеп - анау қалыңдықтың, Әжінің ерке қызы, шолжаң тентегі, еркекшорасы - Бопыштың қиғылығы. Кешеден бері, құдалар келгелі не өзі көрінбей, не жөн сөзін ұстатпай екі жақты да әрі-сәріге салып қойғанды. Қыз көреміз деген жігітті де жолатпай, жігіттін серіктерінен де, үлкендерінен де ешкімді отауына да жуытпай діңкелетіп қойып еді.

Қазір де иіріліп жата берудің жөнін таппай, үйірілмей, атты басқа бір-ақ салып қайтып кетудің қисынын келтіре алмай, ақорданың алдына жиналып, реті келсе, әрине ретін келтіретін от ауызды, орақ тілді үлкендері бар ғой, Әжі сұлтанға салмақ салып, не иіп көндіріп, не біржола сындырып, әйтеуір бір қимылды жасауға ниеттеніп тұр еді.

Кенет төменгі ауылдан аймауыттары жарқылдап, қару-жарақтары сартылдап, ертегінің батырларындай болып екі атты арғымақтарын ойнақтатып келіп, иіріліп тұрғандардың дәл қасына аттарының тұяқтарының астынан қиыршық тас атқыта, шапшытып қап тоқтатты.

- Әй, мыналар қайтеді?

- Әбден басынып алды-ау, мына сұлтан ауылы!

- Ол төре болса, мен де төремін! Жетер! Көнбеспін бұдан арғы қиқаңына! Есқали аға! Шақыр Әжіні! Тоқтатсын мынау қорлауын! - деп күйеу бүлінді.

Бұл кезде Әжі сұлтан да, бәйбішесі де үлкен үйінен топтала шығып, ана екеуді де көрген. Мыналардың сөзін де, өкпе-қыжылын да естіген еді. Әжі айқай салды.

- Бұ не шу? Бұ не атойлату? Тойымызды топалаңға айналдырмақ болған қай ақымақ? Қай есуас!

Есқалиға сұлтан сөзі ұнап қалды. Күйеу жігітке сыбырлап үлгерді.

- Қайынатаңның сөзін естідің бе? Енді бекер қызына берме. Қызын көндірген кісінің сөзі мынасы.

Тойымды бұзба деді ғой. Біздің тойымыз ғой. Әліптің артын бағайық.

Екі аттының бірі гүр ете қалды.

- Той дейсіңдер ме? Қыз ұзату тойы ма?

- Иә! Қынаменденің нақ өзі!

- Қазір дүрілдетеміз.

Бөгенбай айқайға басты.

- Жоқ! Бұл тойға рұқсат жоқ!

Енді екі жақтың да дауыстары бірігіп шығып, бірін-бірі қоштап ала жөнелді.

- Әй, не тантып тұр мынау өзі? - деп Әжілер айқайлағанда,

- Екі рулы елдің тойын тоқтататындай, мынау не қылған адам? - деп Есқали шамданды.

- Әй, сенің не ақың бар? Осы сен кімсің?- деп күйеу жігіт қызынды. - Бопыш - менің айттырған қалындығым!

Бөгенбай әлгіге атымен тапап өтердей жақындап келді де, от шашқан көздерді өңмендете қадады.

- Бопышым! Бөпешім менің... менің ғана сүйген жарым! Ішінде екі айлық балам бар. Естимісің? Менің балам! Куәлігін Бопыштың өзі береді. Егер бұған тоқтамаймын десеңдер, келіңдер! Соғысамыз! - деп он екі бунақ найзасын оң қолында шыр айналдырды.

Осы кезде Бопыштың даусы шырылдап естілді.

- Бөкем! Арманым жоқ, Бөгенбайым! Келдің бе? Жеттің бе, жаным! - деген қызды қасындағылар үйге кіргізіп жіберді.

- Келдім, Бөпешім! - деп айқайлап үлгерген Бөгенбай шабдарын шыркөбелек айналдырып “Мана-байлап” аттанға басып кеп қалды. - Шығыңдар! Келіндер! Күтемін!

Сол бойда Балтаны ілестіріп үш арқан бойы жердегі төбенің басына шауып шығып, найзасын жерге қадап тосып тұра қалды.

Құдалар жағы, әсіресе Есқали мен күйеу жігіт ашудан қалш-қалш етіп, кешеден бері іштей кіжінткен ызалы кекті Әжі сұлтанды жеп жіберердей жетіп барып, төгіп жіберісті.

- Әу, сұлтан! Осындай да сұмдығың бар екен ғой. Ұзында өшің, қысқада кегің болса, қайтардың бәрін.

Күйлеген шыбышыңды соншама неге бұлдап, бұлғақтатып отыр екен десек, тесігінен лағының аяғы салбырап тұрғанын көрсетпейін деген далбасаң екен-ау, - деп Есқали шошақ сақалы шоштаңдап кішірек көкшіл көздері ақшиып Әжі сұлтанның туғалы екі аяқты пендеден естімеген сөздерін кеудесіне еріген ыстық қорғасындай етіп құя салды.

- Әй, көккөз! - Есқалидың Есқали атын бүркеп, әдейі жұрт таңған лақабын лақ еткізген Әжіге, одан әрі аузын аштырмастан күйеу жігіт ұрып жіберердей екпіндей төне түсіп, дүрсе қоя берді.

- Әй, төбет! Қаншығыңды... буаз қаншығыңды қыңсылатқаныңмен қоймай, енді арсылдап қабам деймісің?.. Азу тісіңді бар болса қағып тастармын. Мазағың мен масқара қыларыңды бізден таппақ екенсің-ау! Жоқ, Әжі төбет! Мазақ бола алмаспын! Мазақ етем десең, дауынды да, дауылыңды, жауыңды да үстіңе үйіріп, шаңыңды қағып, қаныңды тамшылатып, жаныңды алар мен болармын! Көресінді көрсетпесем, көкемнен тумай кетейін! Салдым Жәдік бабамның әруағына!- деп қамшысын білемдей бергенде, Есқали қолынан ұстай алды.

- Әлпейіз! Тоқта! Құрық берме! Қыз-қырқынын қырық жерге саудалаған қырқылжың неме қамшы тиген етінің тызылдауын өті жарылғандай ел келесіне салып, езуін кергілеуден де тайынбас. Былғама қолынды! - деп жігітті шегіндіріп әкетті де, сұлтанға көзін сығырайта тағы шаншылды. - Әу, сұлтан! Сүйекке дақ салдың. Арыма күйе жақтың. Намысыма ши жүгірттің. Өзегіне құрт түскен алмаңды саудалап, адалымды арамдамақ болдың. Қорлық-мазағыңа сай содыр-сойқаның тіпті асып түсті.

Әжіден мүлде дегбір қашты. Мынау зіркілдеген құдаларды тыншыту қияметтің қиыны болса, анау төбеде төбедей боп тұрған Бөгенбайдың жаулық шақырып, көрініс беруі тіпті босатып жіберді.

- Әу, Есқали! Әу, Әлпейіз! Бөтен ойды, бұзық ойды бұзылған айтады. Бопышымды босқа қараламандар. Періштемді... періштедей пәгімді былғамандар. Сөзге ермеңдер,- дей бергенде Әлпейіз қамшысымен өз қара санын салып жіберді.

- Жетті былшылың! Мәймөңкең қажет емес. Құйрығы шошаңдаған шыбышыңның құйрығын кімге түргенін өз көзімізбен көріп, өз құлағымызбен естіген бізді ақымақ қылғың келген екен. Көнбеспін. Ендігі шабарым да, қабарым да, екі дүниеде жағаңды табарым да сенсің! Сенсің, Әжі төбет!

Есқали одан сайын терендетті.

- Төсектегі тотайыңа есіктегі құлыңды шаптырғаныңды, сұлтан, елден елге таратармын. Қалыңмалымды үстіне қалыңмал қосып, жетегіме жесір мен жетім алып, желкеңе мінермін!- деп көкшіл көздерінен ызғар шаша қадалып тұрып, адамдарына жалт бұрылды. - Тарт! Ауылға тартыңдар! Төсегі арам, өсегі мол ауыл қалыс шешек шыққандай боп ел бетіне қарай алмастан.

Сол-ақ екен құдалар жағы ештеңеден қымтырылып-қысылмас ішіндегілерін ақтарып тастап, томсарған ауыл адамдарын итере-митере аттарына қарай беттеді.

- Мықынсыз сұлу дегенше, мықыны бос сұлу десейші ол жүзі-қарасын!

- Бәсе! Осындай бір пәлесі болмаса, ол қызталағы үйінде тығылып жатып алмас еді ғой.

- Біздің мырзаны тұлыпқа мөңірете жаздағанын айтсаңшы бәрінен де бұрын.

- Әй, анау төбедегі төбедей боп тұрған неменің астында езіліп қалмай қалай шыдайды екен, ә!- деп біреуі сылқ-сылқ күліп еді, қалғандары қарқылға басты.

- Ой, Жәркеш! Сен өзі ұрғашының салмақ түскен сайын жаны кіретінін білмесең, еркек боп несіне атанып жүрсің, әй.

- Әй, қоянның түрін көріп қалжасынан түңіл дегенді біздің Жәркеш сияқтыларға қарап айтқан ғой.

- Әй, мынау әтеш құсап құр шоқығанына, шоқиғанына ғана мәз боп жүргеннен сау емес.

Күлкілердің үдеп бара жатқанын жақтырмаған Есқали екі-үшеуін қамшысымен осып-осып жіберді.

- Ой, намыссыз иттер! Неменеге жетісіп күліп жүрсіңдер. Намыстарың болса, анау құйрығы шолтаңдағыш шыбыштың беттеріңе шашыраған сідігінен тазаруға тырысар еңдер-ау. .

Аттарына мініп-мініп алған құдалардан Есқали бөлініп келіп, Әжі сұлтанға ат үстінен көкшіл көзден ұшқын шашырата еңкейді.

- Уай, қарабет Әжі! Қанымды қарайтқан өзіңнен көр. Мойныңа шылбыр тастадым. Енді босатпаспын. Қайта айналып келіп қара орманыңды отқа, өртке жағып, қыл мойныңдағы тұзағыммен жаныңды мұрныңнан сығып алармын. Салдым әруаққа! Қайтпаспын! Енді осы кек жолынан қайта алмаспын!- деп атын кілт бұрып, борбайлата бір тартып, шаба жөнелді.

- Әруақ! “Арқар!” “Жәдік!”

Әсіресе “Жәдік!” деген озанды сонаутөбеден асып түскенше аспан мен жерді жаңғырықтырып, жарыса айқайлап, жарыса жар салып кетті. Жауығып, жаулық шақырып кетті.

Үрпиісіп тұрған Әжі тобы төбелерінен жай түскендей бүрісіп тұр еді, тәпелтек Ақжәлел шар ете қалды.

- Аттан! Аттан Үсік баба әруағы! Байла анау Бөгенбай құлды!-деп қамшысымен жер сабалап әлекшәлегі шықты. Осы айғайға қызынған екеу-үшеу Ақжәлелге білек түре жақындап, қоқиқаздай кеуде көтергенін көргенде, Қошқарбай ақырып жіберді.

- Әй, Ақжәлел! Қыс көтіңді! Қай қауқарың бар еді Бөгенбайға қарсы шыға алатындай. Мынау шәуілдегіш екі бөлтірігіңді қызыл ала қан қылайын деп пең. Бөгенбай қазір жаннан безіп тұр. Ештеңеге қарамайды ол. Өлім іздегеңдерің барыңдар! Табыңдар ажалдарыңды!

Мына сөздерден кейін ауыл адамдарының мысы тіпті құрыды. Ес беріп, сес көрсететін мықтысы, серкесі саналатын Қошқарбайдың өзі әлден ьшдиласа, онда бас көтерер басқаның шыға қоюы қиын. Ал шабыншылықтың жат сарынын әлгілер айқайлап кеуделеріне әлден-ақ құйып кетсе, анау төбеде тұрған жігіт қайратқа басып, өлермен өжеттікпен елде жоқ қимылға тәуекел етсе, бұл ауылға шынында зауал сәті төнген-ақ болар. Үлкендер жағы Әжі сұлтанға жапақтап, әйелдер үрейлі жүздерін жасырмастан ертеңгі сүргінді, бүгінгі тартысты немен, қалай бітер дейтін әрі әуесқой, әрі дүдәмал құйде тосысып қалған еді.

- Әй, Қошқарбай! Жұмәділ! Әй, Берсігүр! Сендер,

сен үшеуің келіңдерші!- деп Әжі өзі атаған үшеуді, батырын һәм ауылының тағы екі ақсақалын саусағын оқтап-оқтап тұрып, қасына шақырып алды.

Әлгі үшеу қасына- келісімен сұлтан алдымен өзі қозғалып үлкен үйіне бет алды. Әйеліне, бәйбішесіне иек қақты:

- Сен де кір.

Ішке кіріп отыра беріп Әжі ауыр күрсінді.

- Ұлы жоқтың күні осы да,- деп күйінгенін жасырамастан күйінішін ашық айтты.

- Әу, Әжеке, өйдемеңіз. Әбілқайырыңыз ертең-ақ ат жалын тартып мінгенде, бәрі ұмыт болады. Айтпаңыз ондай мазасыз сөзді,-деп Берсүгір жұбатқан болды.

Әжінің де “әлгі сөзді қалай айтып қалдым” деген үрейлі қобалжуы бетіне қалқып шыға келді. “Әбілқайырымды жоғалтып алғандай ұлсызбын дегенімді, ә, құдай, өзің кешіре гөр. Ұлым, Әбілқайырым бар ғой, бар. Тигізбе періштенің құлағына асылық боп айтылған ашулы лебізімді” деп он жасар ұлының тірлігіне қауіп төндіріп алғандай түршіккен жанын қоярға жер таппай қиналды да қалды.

- Жан қысылды ғой. Қысты ғой шетінен,- деп сұлтан үшеуіне кезек-кезек төніп өтті.

- Жан алқымға тығылғаны рас. Шарасыз күйдің қинағаны да рас, Әжеке! Біз дәл қазір не дей қояйық. Біздің де аузымызға құм құйып қойған, әсіресе Бопыжанымның өзі ғой. Әлгіндегісі ғой,- деп Жұмәділ би көзін ешкімге көтеріп қадамастан өкшесін шұқылап кетті.

Әжі қатты ашуланып, даусын да қатты шығарды.

- Әй, Жұмәділ! Сен не мүңкітіп отырсың! Не деп тантыдың, ә!

Жұмәділ басын көтеріп алып, сұлтанға тіктеп қарады.

- Не деппін! Тантыдыңыз қалай, сұлтеке! Тиғыш болсаңыз, алдымен қызыңызға тиым салыңыз! - деп бұ да сіресіп ала қойды.

- Тілің шығайын деді ме? Сол сүйреңдеген жүйрік тілінді түбімен кесіп ап итке тастатайын ба! - деп зіркілдеген Әжі, қамшысымен от басын сабалап-

сабалап жіберді. - Өзгеге өтпесе де, саған, сен төбетті туратып тастауға шамам жетеді!

Жұмәділ қайтадан ықты. Әлгінде ғана тікірейе қалған мұрты да, қоқия қалған иығы да жығылып, солбырайып шыға келді.

- Енді өзіңіз тантыдың деген соң... Сізге тіл тигізіп... өле алмай жүргем жоқ. Сөздің реті келген соң.

- Жә! Жап аузыңды! Сасытпай, мұңкітпей жөніңе бақ онда! - деп сұлтан қолын бір сілтеп, қамшысын қиралаң еткізіп қасына тастай салды.

Қошкарбай үндемей екі ақсақалдың аңысын аңдымақ боп отыр еді, екеудің бірі ығып, бірі бұғып қалғанын көрген соң, еріксіз сөйлеуге мәжбүр болды.

- Әжеке, анау құдалар қиғылығы ендігі ең үлкен салмақ боп түсетінін менен артық сезесіз. Олар енді қайырылмастай, қайта қарамастай боп кетті. Енді келсе, айып-анжымен құтылтпастай құтырынып, құрығын сүйретіп келеді. Барымтасын көтерер едік-ау. Құрығы сойылмен алмасып, соққысы басымызға тиер ме деп қауіп ойлаймын.

- Жә! Жә, Қошқарбай! Қорқытпа! Домбытпаға бола өті жарылып кететін бала көремісің мені,- деп сұлтан тағы да дүрілдеп келе жатыр еді, Берсүгір шыдамай кетті.

- Әжі, сен қызына бердің ғой. Шақырып алып итті де ұрмаушы еді. Үшеумізді жекелегенде бізді шекелегің бар ма еді, - деп жасының үлкендігіне басты. - Ақыл айтар, кеңес қылар десең, қызынбай сөз тында. Басқаға да құлақ сал. Қошқарбай дұрысын айтып отыр. Немене Әлпейіздің әкесінің шолтаңдағыш шоқпарын, аттандағыш озанын ұмыттың ба. Қысқа күнде ауыл-аймағын қырық қарақтап, қырып-жойып отыратын қыңыратқыш қырсық мінезін түзетіп ала қойды деп пе едің. Оған қыт-қыттағыш Есқали сүрейдің айтақтауын қосарын ескермегенің бе...

- Иә, Тоғым төренің сұры белгілі. Жанжалды сұрап алатын нағыз безбүйрек емес пе,-деп Әжі жүні жығыла бас изеді.

- Ендеше әр нәрсенің алдын ала білу қажет. Атадан нәсілге кетер кегін ол қуар-ау. Біз қарсы тұра алармыз

ба. Онсыз да қоғадай көп Жәдіктің аз Үсіктің ұрпағына, оның үстіне атқа мініп, тақтан дәметіп жүрген саған азу тістерін біраздан бері егеп жүргенін де білеміз. Енді аянар ма. Түс шайыспау, шайыстырмау керек еді. Оған болып тұр ма. Ілік беріп алдық. Енді амал қарастырмасақ, ажалға тірелеріміз аян,- дегенде Берсүгірдің өзі өз сөзінен шошып кеткендей көзі бақырайып бара жатты.

Қошқарбай төтесінен бір-ақ тартты.

- Тоғымның енді тоқымы кеппейді. Топырлатып ұры-қарысын да, барымташы-шапқыншысын да қаптатады. Амал біреу-ақ - ат-сойылды қамдау. Иыққа иық тірестірер одақ іздеу. Қабырғаны қатайту.

- Қысылтаяңда кімге айтарсың. Кімді таба қоярсың? - деп Әжі сұлтан ежірейді. "Ақылың осы болса, сен де онша ұзай қоймадың" дегенін жақтырмаған түрімен анық байқатты.

- Неге іздейміз? Іздеп әуре боп қайтеміз. Қабырға етемдесек, қабырғасын тосар, ірге етем десек, іргемізді бекітер тұрған жоқ па алдымызда, ауылымызда, - деп Қошқарбай үшеуіне өткір жанарын жағалата қыдыртты.

Үшеуі де, манадан үнсіз отырған бәйбіше де Қошқарбайдың кімді айтып отырғанын бірден ұққан еді. Иіліге кетуге, бас изеуге үш еркектің өздігінен баса қоймасын сезген әйел, ернін сылп еткізді. Әйелінің ернін сылп еткізгенін сұлтан естіп қалып, жалт бұрылды.

- Не демексің? - деді.

Бәйбіше қасын керді. Көзін күйеуінің көзіне қадап ала қойып, жүзіне қан жүгіртті.

- Отағасы, екі оттың ортасында қалып тұрмыз ғой.

Әжі асығыс қолын сермеді.

- Білем оны сенсіз де. Айтарың болмаса, басымды қатырма.

- Айтам, Бопыштың көкесі. Бөгенбай бала тегін жан емес. Онымен соғысам деп жігіттеріңді босқа майып қып аласың.

- Жөн сөз,- деп қалды Жұмәділ.

Әжі сұлтан оған тағы бір алара қарады.

- Ертең-бүрсігүні құдалар ат ойнатып жетеді.

- Әу, қатын! Былжырамай тоқ етеріне көш. Құдалардың құтырынып жетерін мен де білем.

- Білсеңіз, Әлпейіз күйеу енді бізге жоқ. Қызыңды, Бопыжанды осы Бөгенбайға берсеңіз демекпін. Ертеңгі қорғанымыз да осы болар.

- Әй, не оттап барасың! - десе де, сұлтанның екпіні бәсендеп қалып еді.

- Қалай мөңкісеңіз де, отағасы, қызыңыздың теңі сол. Бопыжанның аты шығып қалды. Сол суық сөз желдей есіп кетті. Енді оны сіз де, ешкім де тоқтата алмайды. Бопыштың ақтығы бір Аллаға аян. Өзі де өзгені қаламайды. Қызыңызды Бөгенбайға қосыңыз,- деп бәйбіше әрі қолқадай ғып, әрі шешімдей етіп үлкен бір байламды сылқ еткізіп ортаға тастай салды. Жай тастамады, еркектер өздігінен бара қоймайтын, баса қоймайтын тұсқа аналық көңілдің баласына қамқор жанының жанашырлығымен, жыламасын, жүдемесін деген іңкәр тілегінен туындаған мейіріммен бақ тілеуін жайып салды.

Осы байлау сұлтанға да, екі ақсақалға да ұнаған сияқты. Артын ойласа, дәл осыдан артық шешім табылмайтыны аян. Анау бүлініп, бүлік шығарып тиісер Тоғым төренің екпінін басар да, ерегісіне егес танытар да Бөгенбай, Бөгенбайдың артында тіреліп тұрған тұтас Арғын екені де рас. Оның үстіне Бопышжанның артынан ілескен сөзді елге ел тарата ма, жел тарата ма, енді ұстап тұру мүлде мүмкін де емес. Ендеше кіммен қарайсаң, сонымен ағар дегенді де ескерген абзал. Әрине Бопыжанның ақтығына анасы Алланың атын аузына алды да ғой, жанын беруге де бар. Әй, сонда да жел болмаса шөптің басы қимылдамасы белгілі. Іштегі екі айлық шарана менікі деп шаптығып тұрған Бөгенбай өтірік айта қоймас. Сол Бөгенбайға әлгінде ғана айттырған күйеуінің көзінше Бопышқа “Жарыңмын!”, “Жаныңмын!” дегенді айтқызған пенде емес тәңірдің өзі болса, қайтеміз. Теңін тапса, тегін берді қазақ бекер айтпайды-ау. Әжі - сұлтан болса, Ақша - батыр. Қабырғалы Қанжығалы руы ашса - алақанында, жұмса - жұмырығында. Әрі-беріден соң шөккен түйеге міне алмайтын, төсін төмпештейтін төреден мынау

жаугершілік заманда бес қаруы белі мен білегінен түспейтін батырдын, қадірі әлдеқайда үстем боп тұр ғой. Ендеше осы байламға осы тап қазір қол жайып қана: "Бирахматика я архамаррахимин!" деп бә-туаласудан басқа түк қалған жоқ деуге тіреліп еді.

* * *

Домбыра безілдеуінен жазбайды. Қаз дауысты Қазыбек би сол бебеу сарын тірілткен естеліктерге ой көзімен ілесіп, ой көзімен шұбыртып отырудан жалықпайды.

Бөгенбай мен Бопыш сол жолы қосылып, қиғылық салған құдалардың қалыңмалын да төлеп, айып-анжысын да көтеріп алып, екі төренің арасында, екі рулы елдің ортасында тұтана жаздаған бір ылаңның өртін су сеуіп сөндіріп еді. Сондағы "Өскенде кегімді тап сенен алармын Арғынның қаншелегі!" деп көп алдында көзі оттай жанып, Бөгенбайдың етегіне жармасқан қаршадай қайыс қара бала бүгінгі кейде бүлік басы, кейде бірлік басы бола кететін, айласы ақылын байлап тастайтын, ақылы айласын адастырып кететін, әккілігі де, аярлығы да мол, кейде кісілігі мен кішіпейілдігі де таңқалдыратын Әбілқайыр сұлтан... Әбілқайыр хан Әжіұлы. Сол Әбілқайырдың дәл бүгін Бөгенбайдан сенімді адамы жоқ. Бөгенбайдан артық қолдаушы-қорғаушысы да, әй, мына үш жүздің арасынан табыла да қоймас. Батыр аңғал деген рас па, әлде ықыласын түгел беріп бір құлаған адамының олпы-солпысын көрсе де көргісі келмей ме, Әбіл-қайырдың Бөгенбай үшін ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс. Талай қысылшаң кезден Әбілқайырды сүйреп алып шығып, талай бұты түгіл шаты айырылар жерден шалқалап арқалап әкетіп, тағылардың тісінен, тыр-нақтылардың шеңгелінен суырып шығарумен келеді. Бәрібір сұлтанның суық ойдың суыт жолдарынан тиылуы шамалы. Іріленем деген сайын алыс пен жақынды ажыратпай, ақ пен қараны айырмай, қолға түскенді қан-жынын ағызып іреп союмен бұл әлек. Ылайлаған тұнықты тазартам, жарыса аққан қанның

орнын бітеймін деп Бөгенбай әлек. Жасынан қойнында, қасында өскен сұлтан әлде інісіндей ыстық көріне ме, әлде қызығы мен қызуы көп болған, бірақ ерте көз жұмған аяулы Бопышының, Бөпешінің әруағын ескере ме, Әбілқайырға деген ілтипаты күні бүгінге дейін ерекше. Сұлтанның бадырайып тұрған кінәсінің өзін азайтып, кешірімін көбейтетініне би талай рет бас шайқап, қайран қалған.

А Р А Н Д А У

Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқанымa көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің.

Асан Қайғы

1

Бас бармақ үстіңгі ішекке желімдеп қойғандай қозғалмастан жабысты да қалды. Сол жабысқан бармақ астынан енді уілдеген бір бәйек үн ал кеп созылсын. Нәрестесін әлдилеген еміренген ана әуеніндей, еміренген анаға кішкене аяқ-қолдарын бұлтита ербеңдеткен сәбидің гу-гуіндей, тіпті кешкі апақ-сапақға немересін бауырына қысып алып, тіссіз иектен баяу қоңырлатқан кейуана әженің мұңлық гөй-гөйіндей боп, зауал шақтың көлеңкесі көбейген қолат-қойнауларына сырғанап ұзап, жоғала сіңіп жатыр.

“О, тоба! Ызғырық желдің өтінде жатқан даланың жортқан аңына тыным жоқ, жорғалаған жанында маза жоқ. Шұбырып көшіп шаң суырып сол ұланғайыр даласының ана тұсынан бүгін бір көрінсе, ертең мына тұсына күл төгіп жатады. Жүгірген аңындай да болмайды-ау тым болмаса. Қазған інінен, кірген апанынан, үйренген жатағынан алысқа ұзамай, маңыраған төлін, қыңсылаған күшігін, шиқылдаған өскінін торуылдап, айналсоқтап қоруылдап жүргені. Ал адам-пенде ше?... Қара сойылмен бірге туғандай, бар ғұмырын барымташылық деп ұғынғандай, құла далада құландай жосып, табылса жауын жәукемдеп, табылмаса тауын жебелеп түн қатып тай олжалағанша таяқ жеп, дауын көбейтіп, қырық пышақтың жүзінде жүргені. Өз ұлысынан ығысып, өз ауылынан жылыстап

кететіндердің жер түбінен пайда табам деп жер-көкке симай желпінулерінде ірілік, кесектік қайдан болсын. Алдымен іргесіндегі ағайын-жұрттың берекесін алып, бет көргісіз боп шығысқан еді ғой. Бергі ниеті де, арғы пиғылы да арамдықтың құрдымына сүңгіп шыққан соң тазалықтан безгеніне, адалдықтан аулақтанғанына еті үйреніп, бүйрегі безденіп, жүрегі тасқа айналып кетеді екен-ау. Әйтпесе беттен тырнасып, түкірік шашыратысып, көзбен атысам десе жалтақтамай-ақ жағаласа кететін жыланкез қазақ әр ауылдан табыла кететініне қарамай, елшілікті тонар ма. Құдіреттің ісіне не амал деп бас шайқағың-ақ бар. Әй, сол құдіреттің ісіне шәк келтірмейтін өнеге мен тәрбиені осыларға о баста үйрете алмай, қанына сіңіре алмай жүрсек, мынау қып-қызыл дүниені қалай билеп, меңгеріп кетерміз?..

“Сый - сатулы, қаза - қарулы”. Рас қой, рас. Қайран Тәуке ханымыз-ай! Әзиз атың ұлан далаңнан қырандай самғап ойдағы орысқа жетіп еді, қырдағы Қытайға кетіп еді. Қаймағы бұзылмаған қазағыңның қабырғасын қайыстырып о дүниелік болғаныңа жыламаған, жас төкпеген алашың жоқ қой. Үлкенді үлкен деп сенен артық кім сыйлай алушы еді. Кішіге кішіпейілдікпен сенен артық кім қамқорлық көрсете алушы еді. Сенің тектілігің мен кемеңгерлігіңнің арқасында алты алаштың арасында татулық тұрмыс орнап, қой үстіне бозторғай жұмыртқалағанын қай қызылкөз көршің жоққа шығарар. Өзбегің өзектесіңмін деп өзі іздеп келіп, сартың сабақтасым деп салып ұрып жетіп, қызылбасың қылшықтасым, қабырғаласым деп қол ұсынып кимелеп, Орталық Азия даласының бар шаруасын, бар дау-дамайын, сенсіз, қазақ жұртынсыз шешпеуші еді-ау. Қайран сол заман енді оралар ма? Әй, қайдам... Әлден-ақши шығарып, ел бетіне қарағысыз қараниет қарекетке басты ғой. Көшпелі елдің салтымен санасып, асылымыз сынып, тірегіміз құлағанын ескеріп, Қытайдан “сый-сатулы, қаза-қарулы” деп жолымен, жөнімен шыққан елшілікті дәл мына қасиетті Түркістанның түбінде тонап, талап алар деп кім ойлаған. Қытай хуандиінің асылзада оғланы басқарған ылғи ығай-сығай игі жақсыларын

ат бауырына алып сабау, алтынын ақтарып, күмісін қопарып, жібегін желбіретіп ту-талапай қылу біздің қазақтың ғана қолынан келетін кісәпір құнсыздық қой. Дүниеқор дейін десең, сол дүниеқорлық түбіне жетер дейін десең, оған да табан тірей алмайсың. “Оу, батыр-ау! Айды аспанға шығарыпсың. Дабысың талайға кетіп, талайдың құлағына жетіп, бүгінде көкте айғай, жерде айғай қып жатқан сенің атың мен сенің дабыраң ғана!” дейтін әлдебір желөкпенің желдірме сөзіне бола, жеңіне тыққан жібекті, қойнына тыққан алтынды лақтырып тастап жүре беретіні тағы бар ғой.

Ал қытай елшілерінің емін тауып, ебін келтіріп, ерегісін ушықтырмай Түркістанға ертіп келген Қайып ханның сондағы ерлікке бергісіз, елдікті сақтап қалған еңбегі неге тұрады. Асыл қай кезде де, қай жерде де асыл. Хуандидің кіндігінен туған асылзада оғлан асылзадалығына баққан еді-ау. Тәукенің қадірін қасында жүріп көре де, біле де бермегенімізді сол асылзада жігіттің риясыз құрметінен, әруағына табынғандай боп тағзым етіп бас июінен, ел мен елді жалғастырған, ұлт пен ұлтты жанастырған, халық пен халықгы табыстырған үлкен жүректі ұлы азамат, барша адамзат баласына ортақ қасиетті адам деп шын көңілімен қайта-қайта ауыр күрсініп, көзіне жас ала сөйлегенінен танығандей-ау. Шекесіне сойыл тисе де, керуенінен айырылып қалса да, әлдебір ұрықарының сөлекет әрекетінен елдіктің қадір-қасиетін қашыратын содырлық көрмеуге тырысқанын, қайта сол бір келеңсіз тірлікті өзімізден де бұрын ұмытып кеткендей сыңай көрсеткеніне риза болмаған үлкендер қалмап еді-ау.

Төкем, Төле би ағам: “кеңдіктің кені - үлкен халықтың көптігінде-ау. Көптің көпіршіген көбігін сыпырып тастасаң, астынан, мөлдіреген тереңінен нәрін де, сөлін де сүңгіп ішіп, қанып шыға келесің-ау!” деп қатты риза болғанда, Қаражігіт Әйтекем, ардақтым: “Тереңнің де тереңі бар-ау. Құрдымына батыратын тереңінен, тұнығынан татыратын тереңінің артықтығын танытты-ау мынау ақылды оғлан!” деп құшырлана бас изеп еді-ау.

Рас, бәрі рас! Даналарымның даңғылы адастыр-

майды-ау шіркін. Екі-ақ ауыз сөзбен онды да, солды да болжап, өкпені де білдірген, ризалықты да сездірген. Өйткені қазақтың кең даласынан құйылған игі жақсылары Әз Тәукесін азалап жатқанда, қиырдағы Қытайдан, түптегі түрікпеннен, қияндағы қызылбас елінен, шендес, еншілес жұрт қарақалпақ, өзбек, қырғыз, башқұрттан көңіл айтып қайғыға ортақтасып көш-көш елшілер жетіп еді-ау. Қайысқан қалың қол сол елшілердің қорған-күзетін бекемдегенде, Қара-кесек жігіттерін ат үстінен бір түсірмей айналайын үш інім - Аралбайым, Таңыбайым, Түйтем елдің алғысына бөленіп еді-ау...

Өкпе дегеннен шығады-ау, арысың сұлап, аспаның құлап жатқанда араз-құраздықты тия тұралық, көршілік қақысымен бейбіт күндер орнатып, ханы-мыздың қазасын құрметтеп, азасын атқарып, тағымызды тағайындап, ханымызды сайлап алғанша бір-бірімізге көз алартуды тоқтатайық деп жан-жаққа жаушы шапқызған едік-ау.

Қысқа күнде қырық шабысып жататын Сыбан-Рабтанның өзі қырық жорға аты бар, қырық нарға қызыл кілем жапқызған қос қырық тең тартуы бар қырық елшісін Жырғал тайшысын басшы етіп жібергенде, тырс етпей жым-жырт қалған Ресей патшалығы еді-ау. Хабар жетпеді, естімей, ескерусіз қалдық демесін деген оймен Тайқоңыр Құлтыбайұлын әдейілеп Қазан қаласына әз Тәукенің өлімін естіртуге жіберген де едік. Не менменсіген орыстың өзі келмеді. Не көңіл білдірген, қабақтанытқан сөзі жетпеді. Сонда емес пе көмекейі бұлкілдеп кететін, аузын ашса ақылға бергісіз ақ көңілінің сөздері ақтарылып сала беретін Бұқар бауырымның басын шайқап, қабағын шытқаны. “Екі басты самұрықтың Еділге салған шеңгелі - ертең етегіңнен басып, желкеңе шығам деп төнгені емес пе. Қазығың құлап, қазаның сынып, қазағың жылап жатқанда қайғыңа қайыспай, азаңа келмесе, жіпсіз байлап, құрықсыз айдап алам деп, әлден-ақ еркін мен ырқынды жаулап жеңгені емес пе. Көзі қалай көгерсе, жүзі солай түнерген сары орысың түсінісер түске сенбей, күшке сенеді-ау байқасам. Ақылмен байлар шешімнің ұзақ ғұмырына сенбей, жуан жұдырығына

сенеді-ау осы халық” деп күрсінгенін ұмытармын ба. Тек жыл өткізіп барып қана Қайыптың ұлы хан болған дәргейіне қол тапсырарда ғана Шодыр Желін[1] бастаған елшілігі әрең жеткен-ді.

Қайып демекші... біраз нәрсе еріксіз ойға оралады-ау. Қайран қара нардай Әз Тәукем соңғы бір-екі жылда төсек тартып қалғанда осы інісі Қайыпты қасында көп ұстап, орданың бар әрекетін-қарекетін қолына сеніп тапсырғандай боп еді. Ә деп жатып қалған жылы-ақ Тәуке Қайыпқа хат жазғызып, жоңғар-ойратқа қарсы тізе қосып бірігіп соғысып, сенің де, менің де ту сыртымыздан көк найзасын шошандата беретін ортақ жауымызды тұрмастай етіп тұралатып тастайық деген тілекпен бірінің артынан бірін тездетіп, Ресейге екі елшілік аттандырып еді. Оның біріншісі Қазан мен Уфа арқылы жете алса, Петербор аспақ еді, Петр ағзамға қолма-қол хат тапсырмақшы еді. Екінші елшілікті басқарған Бекболат Екешұлы мен Байдәулет Бөріұлы дейтін азаматтар Тобылға жетіп еді. Ол кезде орысқа пейіліміз дұрыс, көңіліміз ақ еді-ау. Достық құшағымыздың айқара ашылған белгісіндей көрсін деп ойрат қалмақтың тұтқынында жүрген сарыала әпесерін, аты кім еді шіркіннің... ә-ә, Меркелейді[2] мен өзім сатып алып, тағы біраз орыс жәсірін босатып, қосып жіберіп едік...

Алғашқы ниетімізді құп алған сияқтанған сонау сібір көбірнатыры Мәтібиді[3] жігіттердің мақтап келгенін естіп, көңіл көншіткеніміз болған-ды. Кең елдің кең қолтығына сүйенсек, ата жаудың-ойраттың қабырғасын күйретерміз деген сеніміміз жанымызды жайлап алып еді-ау. Сөзіме сенбесе, өзімдей көріп тыңдасын деп сол көбірнатыр Мәтібиің Мекита[4] боярын қоса жіберіп, көзімізді адалдығына жеткізген де тәрізденген-ді. Әй, сенгішпіз ғой, сенгішпіз!.. Келді ғой. Көңілімізді де, қол жайған түрімізді де көрді ғой деп, қойнымызды да, қоймамызды да аша бермедік

[1] Федор Жилин дегені.
[2] Меркулий Трубников.
[3] Матвей Гагарин.
[4] Никита Белоусов.

пе. Сөйтсек, сол Мекитасы жасырғанымызды анықтауға, тыққанымызды ақтаруға, сырымызды, сыбырымызды қотарып әкетуге келген тыңшы құлағы, жансыз кеудесі екеніне мән бермеппіз ғой. Одақ боламыз, орыстың от қаруына қол жеткіземіз, ойратты ойсырата күйретеміз деп далбаңдап жүріп, барымызды да, нәрімізді де, қайғы-шерімізді де түп-түгел артып, тиеп бере салыппыз. Тіпті сол жуан сары орыс екі туып, бір қалғаныңнан артық көрініп, қай сұлтан қай сұлтанмен араз, қай ұлыс, қай ұлыспен қырғиқабақ, Қайып хан Тәукенің орнын баса ма, баспай ма, басар болса Орта жүз оған қыр көрсете ме, жоқ тізгінін ұстата ма тәрізді құпия сандықта жататын құпиялардың кілтін ғана ұстатпай, сол құпия сырлардың өзін қоржын-қапшығымен қанжығасына бөктертіп жібергенімізді енді-енді сезініп, бармақ тістегенімізбен өкініштің орны толар ма.

Шығасыға иесі басшы деген сол...

Ал сол серттескен орысың не істеді? “Ойратқа қарсы келесі жылғы соғыста солдаттарымыз сендермен тізе қосысады. От қаруымыз қолдарыңа тиеді” деп қос самұрық мөрі басылған шарты дайындалып, қолымызға тигенде, от қаруды ұстағандай есіміз шығып кетпеп пе еді. Әй, даңғой да мақтаншақ қазақ! Аз нәрсеге кейде қанағатшыл бола қалатын тайызсыңау. Қабағын жылытқанға қарындасын жетектетіп қоя беретін көңілшектіктен қор болып жүрсең де, көжетамыр біреу тапсаң-ақ қотаныңнан қой қалдырмастай тасымалдап, қосыңнан қылқұйрық тауыспай тоқтамайтын қонақжайлығынды қорықты санап, танауы тасыраңдап, таңқылдап сөйлейтіндер талай рет талтайтып қойып таңыңды айырардай төмпештегенде де, өзгеге көкірек керіп кергитін мінезден жұрдай боп, көнбістіктің құрығына басыңды тоса беретініңді қай қасиетіңмен ақтап алармын. Білді ғой сол жуан орысы да, сіңірі шыққан шіліңгір орысы да сенің аңқаулығың мен әумесерлігіңді. Уәдемен семіртіп, шартпен шідерлеп, сертпен серейтіп келсе де, өзіне дегенде, өзектесіне дегенде қулығына құрық бойламайтын қазақтың, құданың құдіреті, осы орыс төрелерінің алдында құрдай жорғалап, қарыстай жіпке

бұғауланып, аяқтағы суға тұншығып, мысы құрып, жүні жығылып, мүсәпір күйге түсіп қала беретініне таңым бар-ау. Көзінің отын, сөзінің дауасын, намысының шарпуын, кегінің қарпуын сонау Қасым мен Есім хандардың кезіндегіндей, Тәуекел мен Жәңгір, тіпті күні кешегі Тәукенің тұсындағыдай ғып аузы түкті неменің сасық қолқасына тұншықтыра тығып отырса, сол қарашекпеніңнің бүгінгі далиған көкірегіндегі өтірігі, жымиған жүзіндегі жымысқы аярлығы жел қуған будай боп із-түссіз жоғалар еді-ау. Ол қайда. Бүгін Әбілқайыр бір барып құрттаған шыбыштай сол паң да маңғаз болып көрінуге тырысқан жыртық шәркейлі қарашекпенге құйрығын тықпаласа, Қайыбы екі барып құйрығын бұлғандатқан кәрі төбеттей аузынан желді күнгі түңліктен желпілдеген түтіндей темекісін бұрқыратқан мұжыққа мөлиіп көз сүзсе, Барақ сұлтаны үш барып қолдан жем іздеген жетім лақтай боп жынды суына тойып алып, шалжандаған салдатына мөлие түсіп маңыраса, ол құтырынбағанда кім құтырынсын. Олар асқынбағанда кім асқынсын. Жеріңе желімдей жабысып отырып алып, сол жеріңдегі ата-баба моласына анда-санда ат басын тіреген малма тымақ қазақты ат бауырына алып сабап, одан әрі асса құл қылып малының соңына салып қойып шіренетіндерін қайтерсің. Ол ол ма, сол малма тымақтардың арасынан еті тірі бірі табылып, ақиған көкшіл көзге қорықпаған қой көздің тік қарасын жолдады дегенше-ақ, Сібір әкімшілігінен бастап Петерборындағы санаттарынан Тәуке ханға: “Қарақшыңды тый, баранташынды бас! Елімізді шапты, жерімізді таптады. Желектімізді жесір етті!” деп жалақтатып жаушысын, едірендетіп елшісін үсті-үстіне ал кеп қаптатсын. Сондағысы үркіте берсем, үреймен үрпиіп бітер. Қорқыта берсем, бүрсеңдеп алдыма кеп, аяғымды құшып, құлыма айналар дейтін зымияндығы екен-ау. Бәрінен де бұрын қазақтың қаны мен теріне бөккен байырғы жерін өзінің атасынан қалғандай ғып “жерімді таптады!” деп аузын кергілегеніне жының келеді-ақ екен. Жеңген иттің желкесінен алар деген сол.

Хош. Әз Тәукені Әзіреті сұлтанның көк күмбезінің

қасына жерлеп, Қайыпты үш жүзге хан көтеріп дуылдасып басылғанша-ақ орыстың уәдесіне құдайдай сенген орысшыл Қайып пен Әбілқайыр ойратқа ойсырата соққы береміз деп ал күмпілдемесін бе. Әсіресе хандықтан дәмеленіп, алтын тақты тақымымның астынан көрсем, дәл осы жолы көрермін деп іштей нығызданып жүрген Әбілқайыр билер кеңесінің шешімі Қайыпқа аунап түскенін естігенде, төбесіне төңкеріліп көк аспан құлағандай боп есеңгіреп қалса да, есін тез жинап ала қойған еді. “Естісін есек қылуға құмар қазақтың қолынан бермегенін жолынан тартып алармын. Ханы кім, қарақшысы кім - көрсін көзімен” деген әріден, тереңнен бір байламға тіреліп, Қайыпты ойратқа қарсы қыт-қыттап айдап салған да сол еді. Әрине биліктің тізгіні қолына тиген соң кешегі қатардағы Қайып хан ғана емес Қазақ Ордасының ақ ордасына кеудесін кекірейткен ұлы хан екенін орыспен тізелесіп отырып ежелгі ата жауды тұмсықтан соғып, елін жеріне қондырып, ақар-шақар ұлы көшпен туған жерге оралған барша қазақтың алғысымен, риза көңілімен Қайыптың дәлелдемекші болғанын сезбейтіндей көр көкірек емес едік қой.

“Асықпа, аптықпа. Алдымен алды-артынды барла. Орысыңмен одағыңның орындалуын тағы пысықта. Оң-солыңды түгенде. Алыс-жақынынды екше. Ойрат-үйреніскен жау ғой. Қашып ол кетпейді. Асып-тасып біз желпінбейік,” деген ақылға тақылдық жасап, кеңесімізге кекесін білдіруге дейін бармап па еді ол.

Содан Орта жүз батырлары атқақтаған Әбілқайырдан да, қақандаған Қайыптан да секем алып, Арқар ұрандының аяқ астынан қыландаған қыңыр қысастығынан жерініп, бәрінің тұрақты сөзі бір ауыздан ғана шығып, осы жолғы шайқасқа қатыспауға ұйғарған еді. Басы әлден бірікпеген елді, батасы әлден бұзыла бастаған елді басыбайлы құлындай ғып, көнсе, қосарыма құлын-тайдай ғып байлаймын, көнбесе, көтке теуіп айдаймын деп кекірею кешегі Тәукеде де, бұрынғы Қасым, Есім, Тәуекелдерде де болмаған мінез. Ендеше өз буына өзі пісіп, қаралай мәз болған Қайып та, сол Қайыптың қолтығына дым бүркіп, қуыршағындай қанкөбелек айналдырып отырған

Әбілқайыр да білгенін жасай берсін. Қарап жүріп қанын шаштыратын Орта жүз жоқ деп қамшыларын бұлғақтатып, қарсы сөзді қардай боратқан Қанжығалы Бөгенбай да, Қаракерей Қабанбай да, Шақшақұлы Жәнібек те, Кәрсөн Аралбай мен Таңықбай да, Керней Түйте де, Сайдалы Нияз да, Қара Тоқа Мырзамбет те, Тарақты Наймантай да, Уақ Сары да, Сырым Малайсары да, менің інім Бөдене де бет бақтырмап еді-ау.

Әй, бірақ... Тасырлық дендеген бойдың ақыл кіргізер есік-тесігі болмайтынын әр кезде кездестірумен келеміз ғой әлі. Сол есік-терезесі бітеулі кеудеге далитып өркөкіректің өрекпіген қанына кекірт пенденің ешкімді менсінбес уын қоса айдаса, Арқар ұранды Шыңғыс әулетіміз дейтіндер Алаш ұранды қарабайыр қарасын көзіне іле қояр ма. Ілмеді ғой сонда.

Орта жүз қолы бас тартса да сол жолғы жорықтан Әбілқайыр бас тартпады. Түркістанға әрқайсысы жер қайыстырған жасағымен келген батырларын бірінен соң бірін топырлатып кіргізіп, Қайып ханның басын айналдырып ала қоймады ма. Оның үстіне Орта жүздің қосыны қатыспаймыз дегенді естігенде, талайдан бері қанды шайқастың қара көрігін қыздырып, қызыл майданның делебесін қоздырып, жағаласқан жауын тырқыратып қашырып, айдын мен айбынын асырып жүрген соларсыз-ақ бағымызды сынап көрсек, бағамызды өсіріп, беделімізді арттырып, орыс оң қолын созып, өңін тура беріп отырғанда жеңіс дабылын қағуымызға шәк болмас деген дәмегөй үмітпен Ұлы жүз жасағы бас шұлғымасын ба. Жер үстіндегі қыр мен сырдың тығылуы мен құбылуын ғана емес, жеті қат жер астындағы күбір-сыбырдың да төркінін тап басып, қапысыз бажамдап, болжап отыратын сергек Төкем, асылзат Төле би ағам да тап сол жолы даңғылын сүрлеуге айырбастап ала қоймақ болған Ұлы жүздің біраз биінің екі иығын қомдап, қос жауырынын қос төбедей өсіріп, Қайып ханға қол жайып баталарын беріп, татулықтың тың іргесіне әлдебір сынаны қағып жібергендерін көргенде қатты ренжіген-ді. Қымызға да өкпелегіш қазақтың әлдебір өкпесіне орай тоңторыс

қалпын сақтамақ болған билердің, сақтық білдірген Орта жүз батырларына әдейі қабақ жылтпасын сезген соң қайран Төкем одан әрі үнсіз қалған-ды. Қайып ханның сол билерге өзгеден гөрі ықыласының көбірек ауғанына, елшіліктерден келген тай-тай, тең-тең тартуталарды бөлуге көбірек қатыстырғанына, тұс-тұстан, ел-елден келген сәйгүліктердің таңдаулыларын тақымға басып, алдарына салғанына кәдімгідей-ақ қызыққандары ма?.. Әй, Төкем ондайды жақтырмайтын. Тегінге ұмтылмас, оңай олжаға қызықпас біреу болса, ол қасиетті Төле ағам болар. Әй, сонда да дүние-боқтың көз қызықтырып, адамды алдап соғарын ескере бермейтініміз жаман-ау. Өткенде... баяғыда-ақ дейінші, оған да отыз жылдай боп қалыпты-ау. Төкеңнін ат шаптырым ақ ордасына алғаш кіргенде, Бұхардың хан сарайына кіргендей әрі-сәрі күйге түсіп, әрі таң қалғаным, әрі тамсанғаным есімде. Алтынмен аптап, күміспен қаптаған керегелер, жапсары мен иіндеріне асыл тастар орнатқан шомбал шаңыраққа қарап әнтек бас шайқап қалғанымды сұңғыла да сырбаз Төкем сезіп қап еді-ау сонда. Мырс етіп қана күліп: “Барыңды барынша базарлап өт, марқайғанда бағаң да, бәсің де озар. Нәріңді жасында ажарлап өт, қартайғанда сәнің де, өнің де тозар. Әр нәрсе өз уақытымен” деп еді. Бірақ көңілімде сол астам базарлаудан дық қалмап па еді. Өзіңде бармен көзге ұру салтымызда жоқ қой, жоқ.

Хош. Бірді айтып бірге кететін боппын-ау. Сол жылы тамыздың аяғына таман екі жүздің отыз мың қолын бастап Қайып пен Әбілқайыр Аягөз өзенінің арғы бетіне шығып, жасанып жатқан ойрат қосынымен бетпе-бет кездескен қой.

Айтпақшы Әбілқайыр қолында сол жорыққа қатысып жүздік басқарған Балта батырдың айтқанын есіме түсірейінші. Намыстан өлердей боп түтігіп жетіп, қылғынып әрең сөйлеп еді-ау қара санынан оқ тиген жарасынан да бұрын жанын қинаған азабынан көбірек қиналып.

Енді сол Балтаның әңгімесі бидің көз алдында бар бедер-бояуымен тіріліп сала берді.

Сәске түс.

Барылдап керней боздады.

Дарылдап дауылпаз қағылды.

Сол-ақ екен қазақ қолының келе жатқанынан күні бұрын хабарланып отырған ойрат қосыны ағаштан қиып шеп құрып алған қамалынан барылдатып кернейін олар да боздатпасын ба, жаңғыртып дауылпазын сар далаға дүңкілдетпесін бе. “Келсең, кел!” деп жатқан жауға белсене кеп тиісетін жаужүрек қазақ жауынгерлері иіріле қалып, оң қанатта шашағы желбіреген ақ туды айбындата көтеріп, Ұлы жүздің ұлық ұраны “Бұқарға” басып кеп қалғанда Дулат Сеңкібай, Шымырдың Қойгелдісі, Ошақтынын Саңырағы, Ботпайдың Сәмені, Шапыраштының Емілінен Қаумен мен Дәулет, Асылынан Қазыбек, Сатай мен Бөлек, Жаныстан Өтеген, Албан Хангелді батырлар бастаған он мыңның жарқ-жұрқ жарқылдап күн көзімен шағылысқан алдаспандары, көктің төбесі болса тесіп өтердей бір леппен үш дүркін аспанға айбат шеккен көк сүңгілері жалақтап, жалындаған сарбаздардың көмейінен төгілген әр рудың ұрандары жалпақ даланың төсін дүбірлетіп дуылдап жарысып ала жөнелді.

Дәл осындай боп сол қанатта доғаша иіліп жібек баулы жасыл туын асқақтата бұлғақтатып Кіші жүз жасағы күн күркірінен де құдіреттендіріп “Тұлпар! Тұлпар! Тұлпар!” деп өз ұлыс ұранын үш мәрте қайтарып қалып еді. Сол-ақ екен Табын Бөкенбай, Тама Есет, Адай Көбеш, Керейіт Тайлан, Шекті Қайрақ, Тайлақ, Әлім Бақтыбай, Шөмекей Киікбай, Тілеу Орысбек батырлардың әлекедей жаланған жігіттері қылыштарын қимылдатып, сүңгілерін сумандатып тұрып озан-ұранды көк жүзіне ышқына ытқытқанда, аспан төңкеріліп, жер аударылып кеткендей болып еді.

Қосынның орта тұсы -“ордасындағы” он мынды құраған екі жүздің әр түрлі руы мен қарақалпақ, қырғыздар да дәл алдарында Жәдіктің қызыл байрағын алаулатып, ақ сауыттары жарқырап, қазақ қосынының

айбарындай боп тұрған ұлы хан Қайып пен әрі хан, әрі қолбасы - сардар Әбілқайырдың құрметіне құзырлық жасап, әуелетіп “Арқар! Арқар!” деп төрелердің ұранын алашының аузымен әулиелендіріп бастарына көтеріп ала қойды.

Дәл мұндай жойқын үн, жойқын дауыс бұрынсонды дәл сол күнгідей естілмеген шығар-ау. Өздеріне өздері ырза болған жасақтың әр жауынгерінің жүзінде жауға деген кек, жеңіске жетерміз деген сенім тұнатұна қалғанын көргенде, Қайып хан да, Әбілқайыр сардар да қатулы қабаққа тәтті үмітті қоса түйісіп ала қойысты.

Әбілқайыр әдеттегіше бүгінгі ен шайқастың тәртібін белгілетіп алу үшін мойнына қоңырау таққан үлектің бұйдасын ұстаған елшісіне ортаға шығуына рұқсат етіп, басын изеді.

Үстіне кілем жауып, басына үкі қадаған үлегін жетектеп талай майданның пердесін түріп берген, соқталы айқас пен сұрапыл шайқастың өту тәртібінің ұңғыл-шұңғылына жетік, ойрат тілін қазақ тілінен артық білмесе кем білмейтін сіріңке қара жігіт ағасы - майдан елшісі асықпай аттап, көз мөлшермен ашық алаңның орта тұсына жетіп тоқтады. Жетіп тоқтады да, қазақ қосынының ала байрағын ерсілі-қарсылы бұлғап қап ойрат жаққа ресми белгі-бедерлерін түгел қайталап, көрініс берді. Сәл тосқандай қимылсыз қадалып қарап тұрды да, жіңішке ашық айқын даусын саңқылдата шығарып, ұрыс кәдесінің бүгінгі тәртібінің ретін бажайлап қазақша бір түгендеп өтті. Артынша көмейіне тас тығылған жандай дауысын қылғынта шығарып, ойратша мақамдап әлгі айтқандарын және қайталады. Сөзін бітіре салысымен үлегінің бұйдасынан тартып, түйенің басын үш рет кәдімгідей игізді. Содан кейін үлекті ойраттарға бір қырындатып бұрды да, мойнына тағылған қоңырауды үш дүркін шылдыр-шылдыр сөйлетті.

Сонымен рәсім аяқталды.

Жекпе-жектің кезегі басталды.

Үлегін жетектеген елші жау жағының кәдешіл елшісін әрі-бері күтіп, шыға қоймаған соң маңғаз басып кері қайтты. Артына қараған да, қарайлаған да жоқ.

Бүкіл отыз мың қол бір ауыздан жер жаңғырта бір леппен әлгіндегі елшіге ғана құлақ түрген атырапты дүрліктіріп сар-сар гүрілдеді.

- Жекпе-жек!
- Жекпе-жек!
- Жекпе-жек!

Күні бұрын сардармен келісіп қойды ма, әлде мына делебе қоздырып, қан қыздырар мол айғайдан жігеріне құяр табандылық тапты ма, құлагер арғымағын аспанға тік шаншылтып алып, ойқастата қырындатып жетіп Адай батыры ақберен Көбеш Қайып хан мен Әбілқайыр сардардың қарсысына тұра қалды. Тұра қалды да, дулығасын сыпырып алып, басын иіп ханнан рұхсат сұрады. Қайып Әбілқайырға жалт қарады.

- Мандайы жарқыраған жап-жас баршын екен. Апырай, асығыстық етпеді ме?

- Алдияр! Жастық - ақ алмастың жарқылдаған жүзі емес пе. Көбеш батыр жас та болса, бас болуға әбден лайық. Барсын. Беріңіз, ашыңыз жолын ердің,- деп Әбілқайыр ханның секемін сейілтіп жіберді.

Құлагер тұяғын әр жерден бір тигізіп ашық алаңға қарай жалын жүрек жас батырды ала жөнелді.

“Әруақтаған” дауыстар әр тұстан үздік-создық естіліп, тез өшті. Үнсіз тыншыған қосын бір жағынан анау жастың апырақтап ұлы жекпе-жектің тұсаукесеріне батыл қадам басқанына әрі құптай, әрі күдіктене қарап, енді қарсы беттен жоңғар қай батырын шығарар екен деп бағжиысып қалып еді.

Жоқ. Жоңғар ойраты бүгін ежелгі майдан ережесін де, соғыс тәртібін де бұзуын одан өрі үдетіп, бір қырсық ерегіске түсіп алғандай болды. Кәдешіл елшісін бір шығармаса, енді анау майдан алаңын бір емес, бірнеше мәрте айналып, алаштың барлық ұранын жамыратып айқайлап қасқая қарап тұрған жас батыр Көбешке батырын әлі шығарған жоқ. Қарсы беткейін қиып-кесіп қалаған жуан-жуан ағаштармен қамал орнатып қалқаланған ойраттың жеке ойқастар батыры түгіл баршасының да нобайы көрінбейді. Құдды бір жасырынбақ ойнаған жалпылдақ баланың кейпіне түсіп алып, сол ойынның қызығынан әлі де шыға алмай жатқандай. Кенет әлсіз ғана зу еткен суыл

естілді. Сол суылды Көбеш батыр да замат естіп қалса керек, құлагерін қосаяқтата тік шапшыта берді. Тік шаптыған арғымақтың қыл майқанына сұр жебе сақ ете тиді.

Опырыла құлаған атының үстінен секіріп түскен Көбешке зуылдаған жебелер қардай борады. Көбеш қалқанын кеудесіне төсеп, дәл мынандай сұмдық опасыздық жасаған жауының соғыс тәртібін өрескел бұзғанына қатты ашуланып, өзі білетін қарғыс пен тілдеудің бәрін түбінен қопара ақтарып, шегініп бара жатты.

Керней Даудың тұңғышы - Балта атына қамшыны басып кеп қалды да, құйғытқан бойда зуылдаған жебелерден де жасқанбастан Көбешке жетіп келді. Еңкейе түсіп қолын созды да:

- Тез! Жармас!- деп екі-ақ айқайлап қалып, қолынан шап берген жігітті іле көтеріп, артына мінгестіріп алды.

- Сақ бол! Қалқаныңмен қалқалан!

Екеуі, құдай ондап, қосынға аман-есен жетті.

- Алла разы болсын, Балта! Ұмытпаспын осыңды, - деп иығынан қысып қап, алғысын білдірген Көбеш сыпырылып түсіп, әлдебір салықшының жетектеп әкелген атына қарғып мінді.

Бұл кезде Әбілқайыр мен Қайыптың қасына біраз мыңбасылар жиналып қалған еді. Қабақтары қатуланып, көздерінен ызалы ашудың оты ұшқындап, ойраттардың көшпелі елдің атам заманнан бері бұлжымай келе жатқан тәртібін бұзып, қарақшының қарақшысы жасамас, бұзақының бұзақысы тәуекел ете алмас өрескел арамдыққа барғанына, жекпе-жектің қасиетті кәдесін аяққа басып таптап, елден елге бүлік басы боп тарайтын опасыздықтың алғашқы сүрлеуін салғанына күйініп, қанына қарайып алған еді.

- Сұмдық! Сұмдық қой мына жасағаны!

- Бұдан өткен опасыздық болмас!

- Елдіктен қалғаны, шеңберден кеткені ғой ойрат қалмақтың!

- Жекпе-жектің батырын андай ғып, тағыдай көріп атып ала қоям деген сұмдықты кім көрген!

- Жә! Тоқтандар босқа суылдамай!- деп Қайып

хан зірк етіп шуды тиып алды да, Әбілқайырға енді не істейміз дегендей ажырая қарады. Әбілқайыр алғаш абдырап қалған болатын, қазір аптығын басып, сабасына түскен еді, ханның зәрлі қарасынан ыға қоймады.

-Тосамыз да...-деді. Көзінде күлкі, езуінде мысқыл табы біліне қалды.

- Нені... кімді тосамыз?- деп Қайып енді тіпті шақшия қадалғанда, бурыл сақалдың төрелерге ғана тән сирек қылдары шаншылып-шаншылып шыға келді. Әр қылы бір-бір сүңгідей сорайып, қолынан келсе тап қазір анау әлде татар тектес, әлде татар мен орыс арасынан шыққан буданға ұқсас, бірақ қазақпен мұнғылға мүлде келмейтін Әбілқайырдың қушық шекесіне, құп-қу жағына кірш-кірш қадалардай оқтала қалыпты.

- Кімді болсын, алдия-ар!.. Сізге... Сіздің ұлұ-ұғ мәртебіңізге қайта-қайта уағда беріп, шартын жасап, осы арадан дәл бүгін табылуымызды қатты қадалаған орыс достарыңызды тосамыз. Орыс салдаттарын күтіп алып, тізе қосамыз. От қаруынан от төгіп, добын томпылдатып анау опасыз сойқандардың күлін көкке ұшырамыз.

Әбілқайырдың дауысынан кекесін сызын сезгендей болса да, өзіне кішірейіп бас иген сардарына Қайып хан енді бастырмалатып ештеңе дей қоймады. Әлгі сөздерден кейін қасында топталған қолбасылардың әде уәдешіл орыстарының бүгін де уәдесінен табыла қоюына кеудесінде күдігі оянды ма, азу тістерін сықырлата қайрап, жақ еттерін бұлтылдата ойнатып жіберді.

- Жоқ, Әбілқайыр! Тоспаймыз! Босқан бөкендей тырағайлайтын жоңғардан жауынгер қазақ қай кезде жасқаншақтап тұрып қалып еді. Соны көргенің... көргендерің бар ма?

Манадан Сатай батыр намыстан көгеріп алып, тұлданып тұр еді, атын бір тебініп қап, ілгері суырылды.

- Қорғалақтадым дегенше қор болдым деу керек. Қас батырымызды көз алдымызда көжектей қуалаған

қорлығынан жер боп тұрмын, алдияр! Ерді намыс өлтірер. Не оқтан, не намыстан өлейік. Бастайық шабуылды!

- Сатай батыр жөн айтып тұр.

- Айқайлап, аттандап тиіп, түріп шығу керек.

- Жер болған намысты сөйтіп қана көкке көтере алармыз.

Қайып сазарған беттің ызбарымен тағы да Әбілқайырға шүйілді.

- Естідің бе, сардар?

- Құлақ ашық болғанмен көңіл күпті-ау, тақсыр. Лап қоюын лап қоярмыз-ау. Алды ашық, қалқасы жоқ беткейден тырағайлап ат қойған бізді ағаш қамалдың тасасында отырған қалың ойрат қоғадай жапырмас па,- деп Әбілқайыр өз күдігін жасырмады.

Қайып хан да ойланыңқырап томсарып, мың-басыларына сұраулы жүзін қыдыртты.

Батырлардың көбінен жасы да үлкен, көргені де көп, тәжірибесі де мол Жетіру жасағының қолбасы Тама Есет тамағындағы бауын босатып, дулығасын сәл шалқайтып қойды.

- Шабуылдың шабуылы болатынын ескер, Әбілқайыр. Әрине, бас-көз жоқ анау аран аузына сарбазыңды кесе-көлдейең тастай сал деп тұрған ешкім жоқ. Мен айтсам, көргенімді ғана айтам. Бір кәдеге жарар деп айтам. Сонау Сайрам қаласына Сыбан-Рабтанның шабуылын көргеннің бірі менмін. Бала болсам да, сол сұрапыл шабуылы әлі есімде. Оттың-тілсіз жау екенін алғаш сонда ұққам. Оттың, жаға білсе, қисынын таба білсе, алмайтыны, жалмамайтыны жоқ. Сайдың тасындай бірер жүз құлашы қарымды жігіттерге жебесіне қарамай жағылған кигізді тұтатып атқылатсаң, анау ағаш қамалы ойраттардың өрт... от моласына айналады.

Дауыстар дуылдап қоя берді.

- Дұрыс ақыл!

- Шыққысы келмеген, ұрыс салғысы келмеген бәлемдерді сөйтіп індету қажет!

- Қойдай үйту керек үймелеп қалған немелерді!

Әбілқайыр ақырып жіберді.

- Тоқтат былшылды! Қарамайың дайын тұрғандай

дүрілдеп ала жөнелгендеріңе болайын. Қане, салық-шыларыңның қайсысында қарамай бар еді?

Мыңбасылар жым болды.

- Әу, Есет аға! Естелігіңізге рахмет! Сол естелікті ертерек ескерткенінде қарамайды әкелер едік. Сонда қазіргідей дал болмас едік. Ал шабуылды әрине бастаймыз. Сәке! - деп Сатай батырға иек көтерді. - Оң қанаттан үш мынды сіз, Есет аға! Сол қанаттан үш мыны сіз, Орда тұстан бес мынды Дәулет бастап, керней дабылымен шабуылға шығамыз. Нөпір қарқын бір басылмасын. Ес жиғызбай, үрей шақырып ішке бір өтсек, қалған қолды ұрысқа өзім шығарам.

Алла жар болсын, батырларым!

- Алла жар болсын!

Сәлден кейін барылдап керней боздады.

Сол боздаған үнді үш тұстан үш толқын боп ұмтылған қазақ сарбаздарының көмейінен төгілген ащы айғай мен ат тұяғының қара жерді қарш-қарш тепкілеген дүбірі жұтып жіберді.

Кенет бұлтсыз аспаннан күн күркіреді. Бұлтсыз аспаннан топылдап жай түсті. Түскен жерінің топырағын бүрк еткізіп, екі-үш аттыны мұрттай ұшыра қою шаңға көміп кетті. Топылдап ана жерден де, мына жерден де жай түсіп, бестен, оннан далақтап шапқан қазақтарды баудай түсіріп жатыр.

Кенет әлдебір дауыс төбе құйқаны шымырлата шыңғырып кеп жіберді.

- Зеңбірек! Зеңбіректен атып жатыр!..

“Зеңбірек” деген сөз қазақ үшін ажал мен тажал дегенді ғана білдіреді.

Сол-ақ екен қазақ қолы жалт берді.

Гүрс-гүрс зеңбірек атылып, добын топылдатып тағы да біраз сарбазды үйме-жүйме ғып жұлып-жұлып алды.

Тарс-тұрс еткен мылтықтардың шаңқылы маң даланы шабалана қауып-қауып жібергенде қой құмалағындай ұшқыр қорғасын талай тар қолтықтан қапысыз қадалып тақымы ат беліне жабысып өскен түздіктерді он-ондап ұшырып, қара жерді төсімен құштырып, жъшы қанымен суартып жатты...

Қатты екпінмен тырағайлап қашқан қолдың көбісі бұлтара алмай жолындағы апан мен орға қарқ боп.

үстінен аунап өткен нөпір тұяқтың астында жаншылған ат пен адамдардың кісінеген, шыңғырған дауыстары бүкіл атырапты тітіренте безектетіп ала жөнелді.

Осының бәрін көріп тұрған Қайып хан ұрт етін кірш-кірш тістеп, қанды түкірікті былш-былш түкіріп, астындағы тықыршыған ақсұр айғырды қайта-қайта тұқыртып қойып, ызалана азу егеуден басқа амалы құрыды:

-Зеңбірек... Қайдан алды екен? Ойраттарда бұрын зеңбірек жоқ еді ғой. Жоқ еді-ау. Енді мылтықтары сақылдады ғой. От қару бізде емес осыларда болғаны ма? Әй, зәндемі Мәтіби! Тағы алдадың!.. Орыстан досың болса, қойнында айбалтаң болсын деп Ақтамберді жырау өткенде осындай мінезінен түңіліп айтқан-ау.

Астындағы шапшып қоймаған айғырын бастан салып-салып кеп қалды. Одан сайын қосаяқтап шапшыған ат ханды жығып кетердей атырылды. Тақымы берік, ат құлағында ойнап өскен қыр қазағы емес пе, кәрі кеуденің өкпесі алқынып, қаны тасыса да, ақыры айғырды ырқына көндіріп, тыныштандырып алды. Әбілқайырға қыжырлана қарағанда ханның қарашықтары көрінбей аларған көздері айранданып, екі күміс түймедей боп қадала қалды.

- Шабуылыңды көрдік, сардар. Бердік біраз қыршынды!

Әбілқайыр енді ашықтан ашық кекете күлді.

- Иә, біраз емес қазақтың талай боздағын, талай бауырымызды көз алдымызда оққа ұшыртып өңменімізге от құйғызып алдық. Әттең-ай, сол қыршындардың қазасының өз кеудеме қабір боп қазылып, кеудеме көмілгенін кімге айтармын. Сізге берілмек от қару меніңше, осы ойраттарға берілгеннен сау емес пе екен?

Қайыптың күдігі де осы төңіректі шарлап тұр еді, сардарының болжалы сол күдігін растай түскенде, көмейіне құм құйылғандай үні өшті. Әбілқайырға қадалған көздердің ызғары азайып бара жатты.

Енді барлық шылбыр-тізгінді Әбілқайыр өз қолына уыстап ала қойды. Қашып-пысқан жасағын жиып-

теріп, бір ыңғайға келтірді. Қайтадан қатар-қатар тұрғызды. Қадау-қадау бұйырды. Қайып хан бас шұлғып келісті. Сүмеңдеп ілесті.

Сарбаздар маңайдағы орманнан ағаш кесті. Бестеннан жабыла көтеріп, шұбырып тасыды. Сол тау боп үйілген ағаштан қалап, қалмақтардікінен биіктетіп қамал орнатты. “Сен жасаған қамалды, бәлем ойрат-қалмақ, біз жасай алмас деймісің. Ал онда... Кімді кім алар екен? Кімді кім бопсалар екен? Көріп алайық” деген көкірекшіл дәмемен кешегі қояндай боп құйрығын бұтына тығып ап, тырқырай қашқанын ұмыта қойған қазақтар мұрты тікірейіп, өздері едірейіп-едірейіп шыға келген еді.

Әбілқайыр енді “сасық қамал” әдісін ұстанды. Ағаш қорғанның биік-биік тұсына мергендерін тізіп тастады. Сол құралайға көзінен тигізетін көз мерген, қол мерген жігіттер құлдырмамайын, бұхар шитісін, садақ, жағын жау беткейден бір бұрмай, қамалдан бастарын қылтитқан ойратты қағып түсірумен болды.

Бір-бірлеп кімді тауыса алушы еді. Осы аңдысуға құрылған Әбілқайырдың “сасық қамалы“ сарбаздардың да, қолбасы, мыңбасылардың да діңкесіне қатты тиіп, жүйкелерін мүлде шыт матадай қылып жұқартып жіберді.

- Ау, қашанғы ит пен мысықтай бола береміз?

- Кең далада отырып, тар қыспаққа өзімізді өзіміз неге салып тастадық, ә!

- Астыңдағы арындаған атыңды тастатқызып, бұтыңды қос батпан етігіңе артып қойғызған бұл құдайдың қай қысасы!

- Қорлықтың түбі-қорғалағандық-ау. Іннен басын жылтылдатқан сарышұнақгай боп бұғып, тығылып жан сақтауға көшкенімізді естіген ел бетімізге түкіреді-ау! Әсіресе Қазыбек бек пен Өтеген батырдың ашуында шек болмады.

- Апырау, қамал-қамал деп қашанғы қақылдай береміз. Ау, қамал дейтіндей ол немең төрт құбыласын түгел қоршап жатқан жоқ қой. Қамал болса, қорған десе, ол бергі беткейіндегі қалқа ғана. Анау ашық-тесік қос қапталдан тұтқиылдан тиісіп, атсыз, бейқам отырған ойраттың шаңын неге бұрқ еткізбейміз осы!

- деп бек кіжінгенде, әр қалың қасы кішігірім бір-бір мұрттай боп түксиген Өтеген қабағынан қар жаудырды.

- Рас айтасың... Сөйту керек.

Әбілқайырдың сұп-суық жүзі бұлк етпестен әлгілерге сазара төнді.

- Иә, қамал дегенге қамалып отырғанымыз рас. Қамап қойған тағдырымыз ба, таланымыз ба - оған да таласпайық. Сендер білгенді мен де білем деп өңеш созғым жоқ. Мені бөгейтін де, сескентетін де бір күдік боп тұр ғой. Сол күдікті ой мен бойдан қанша қуайын десем де, құтыла алмай әлекпін. Анау көп зеңбірек пен сансыз мылтық ойраттарға қайдан келді екен? Бізге тиесілі от қару соларға ауысып кетпеді ме екен? Оның үстіне сендер айтқан қос қапталдан шабуыл жасау менің ойыма кеше келген-ді.

- Ал онда неге бөгелдік?- деген Сатай мен Есет дауыстары қабаттаса естілді.

- Сендер сол қос қапталдың топырағының түсіне көңіл аударыңдар ма?- деп Әбілқайыр қарсы сұрақ қойды.

-Ә-ә, топырақ деймісің?!. Ой, шіркін... Бәсе десе сол топырақтың қара түсі өзгелерден неге бөлек деп ем-ау,- деп Киікбай батыр тамсанды. - Осында гәп бар екен-ау, ә!

- Рас айтасың, сардар! Қазылған жердің жаңа топырағы дымқылын жоғалтпай қарайып көрінбес пе! Кәдігі сонда екен-ау!- деп Қойгелді Әбілқайырға разы пішінмен бас изеді.

- Бәсе, тегін адам таз бола ма. Әбекең жер жадысын білмесе, сардар сайлар ма едік, -деп енді Қаумен қазақтың тез қайтқыш әдетімен әлгіндегі қатайған райларды жібітіп жіберді.

Әбілқайыр оң қолдың сәл қимылымен сабырлық сақтауға шақырып еді, батырлар абыр-сабырды тиып ала қойды.

- Қос қапталдан бірдей бір мезгілде шабуылдасақ, ойраттың есін шығарардай десіміздің бар екенін кеше ғана байқағанмын. Аядай жерге ұйлыққан ойраттың бізден қарасы аз екенін көз мөлшер, көңіл таразымен шамалап та алғам. Бір ғана кілтипаны- анау қазылған

жер, әрине, ор екені даусыз. Оның ұзыны сонау арттағы төбеге тіреліп жатқаны сөзсіз. Ені қанша десеңші. Сонысы беймәлім ғой. Арындаған ат-матыңмен жұтып жіберер терең оп болса, ғаскерді босқа қырып алмас па екем деп қауіптенгем. Оның үстіне орыстың от қаруы оқ бүркіп, добымен төмпештесе, одан өтер зобалаң және болмас. Мені бөгеген де, қолымды жіпсіз байлаған да осы болжам мен осы күдік қой, - деп Әбілқайыр күрсінгенде ат жақты сұлуша жүзінің мандайына кесе-көлденең сұлаған үш ирек сызық терендей қалды.

Мыңбасылар мына сөздерден кейін аңыс андысқан кейіптен тез арылып ендігі ыңғайдың беталысын ойласуға, байласуға көшті. Күні бойы үлкендердің сөзіне араласпай өзара әлденені күбірлесіп отырған жастары ең кіші екеуі - Адайдың кеше ғана көзге түсіп аты ауызға ілініп осындағы көп қазақтың құрметіне бөленген Көбеш пен Сатай батырдың жас перісі Бөлек ұлан сардарға қайта-қайта қарап, өндіршек созғандарын Табынның батыры Бөкенбай байқап қалды да, кеңк-кеңк күлді.

- Әй, Көбеш! Әй, Бөлек! Жаубасар жігіттің жапақтамасын білмеуші ме едіңдер! Ішке бүккендерің тістеріңе тығыла қапты. Тістей бермей босатыңдар! Айтыңдар,- деді.

Бөлек Көбештің бір жас үлкендігін сыйлап, бас изеп жол берді.

Көбеш тез жинақталып, тізерлей еңсе тіктеп, сардарға жүзін толық бұра, нұрланған беттің қанын ойната қарады.

“Азамат жігіттер осылардан шығады-ау! Жалындап тұрғанын-ай баршынның! Сұқтана бермейінші. Тілкөзден сақтасын тәңірім болайын деп тұрған ұланды!” деп Әбілқайыр сүйсінгенін жасырмастан иек қағып қана рұхсат берді.

- Ағалар! Жақсы ағалар! Айыпқа бұйырмаңыздар ұшқарылық жасап алсақ. Біз мына Бөлек мырза екеуміз мынадай бір ұйғарымға тірелдік,- Көбеш Бөлекке бұрылып көз қиығымен сипап өтіп кідіріңкірегенде, ағайынды Қайрақ пен Тайлақ күлімсіреп езу тартып:

- Кідірме, Көбеш қарақ!

- Қасқа балаға кеше көңілім толған. Бөгелме, Көбеш!- деп қалысты

Көбеш ағаларына жағалай қарап өтіп, сол нұрланған жүзін қайтадан сардарға қарата берді.

- Біз Бөлек екеуміз анау қара қалмақтың қос қапталынан түн жамылып барып, бір мезгілде лап қойсақ дейміз. Көп адамның қажеті де жоқ. Екі жақтан бес жүздіктен құйындай ұшып жетсек, өте алсақ, ойраттың көлігін қуып кетіп, жаяу қалдырар едік. Айтпағымыз осы.

Әбілқайыр бірден жауап бермей, ойланып қалды. Сардар ойланғанда өзгелер де, бірі іштей құптап, бірі қобалжып, "Әй, сол дегендері ойдағыдай бола қояр ма екен!" деп күдік сүйреп, күмілжіткен күйден арыла алар емес.

- Барарсың-ау. Шабуылға шығарсың-ау... Түн бейқамын ескерерміз-ау. Сонда, Көбешжан, алдыңдағы көлденең ордан қалай, қайтіп өтпек ойың бар. Астындағы атың құс емес, ұшып өтер дейтін. Қанаты жоқ. Өте алмасаң, сол орға өзің барып түсіп, өзің қарық боларыңды білдің бе,- деп жүрек шайлықтырар қаупін селтитіп көрсете қойды.

- Апырай, сонысы бар екен-ау! - деп Орысбек киналғанда, көзіндегі әлгібір әзірдегі жылт сөніп бара жатты.

- Бұл ор ғана емес, бізге қазаққа келген сор болды-ау,-деп Хангелді шыдай алмай манадан қолында ұстап отырған мүйіз шақшасын өкшесіне тық-тық ұрып қап, тығынын бұрап ашып бас бармағының ағаш қасықтың аумағындай тырнағының үстіне бытырадай боп домалаған насыбайды екі танауға кезек шекіді.

Артынша жүдемелдете түшкірді.

- Ау, мүмкін ол ор да, оппа да емес, көз бояу бірдеңе болса ше. Сол ойрат-қалмағың соншама жерді оп- оңай, теп-тез қаза қойды дегенге итім сенсін,-деп Бақтыбай басқа қырдан шаң берді. Осы ілікке енді Саңырақ батыр шылбыр созды.

- Рас айтады. Қара қалмақтың дәл сөйте қоюға, әй мойны да жар бермес, уақыты да жетпес. Бұлар біз сияқты аттан түссе, аяғы сүріне беретін сүрейлер емес пе. Байқастау керек. Бөлек пен Көбештің ұйғарымын мен қисынға келер деп отырмын-ау.

- Сонда сен, Саңырақ, бас-көз жоқ бас салуды қажет көресің, ә.

Саңырақ Әбілқайырдың саңқ еткенінен ыққан жоқ.

- Иә! Бірақ бас-көз жоқ бас салуды айтпаймын. Ойраттың ойламаған тұсынан тұтқиылдан қос қапталдап тиіп, шұғыл аралассақ деймін. Зәре-құты қашқан жау ұйқы-тұйқы боп есінен адасады сонда.

- Ал сол екі қапталдан да от бүркіп қоя берсе, соншама адамыңды қан соқтаға саларыңды ескердің бе? Онсызда кеше қаншама сарбазымызды қырып алдық.

- Өлем деп қорықсақ, онда осы араға, мына Аягөз бойына неге келіп едік!

- Бәсе десе! Жағаласуға келіп, ырғасуға да жарамағанымыз қалай осы?

- Көкірегіміз аяқ қаптай, бірақ аяқтағы суға кетіп отырмыз.

- Қорқа-қорқа қорадан қой қойғызбай, қостан қайырарға жылқы таппай, жерден тағы айырылып, жетісіп жүргендей жертезек бола бергеніміздің қайыр не, зайыр не.

- Ал сонда не дейсің?

- Не дейін. Соғысып өлем, өлмесем айқасып жеңем деймін,- деді Саңырақ.

- Жеңе алмай қырылып қалсақ ше?

- Қырылсақ, шейіт кетеміз. Бірақ намысымызды жерге таптатпаймыз. Ертеңгі ұрпаққа ертегідей боп ерлігіміз тарайды.

- Бос сөз. Қай қырылған қазақтың қабірін іздеген ұлын, ұрпағын көріп ең? Анау Алтайға, сонау Ерен-қабырғаға барып көмусіз қалған атасының, қабірсіз қалған әкесінің бетін жаппақ болған бала мен немерені көрсетші маған. Есі кетердей еңіреп ән мен жырға қосқан солардың ерліктерін аташы, қане!

- Ау, соғысам дегенім - жеңемін дегенім емес пе. Жеңсем сол оба боп қалған, төбе боп томпайған молаларға жетем дегенім емес пе. Ән неге айтылмасын. Жыр неге толғанбасын. Қай ауылдың қай әнін түгел естіп ек? Қай қиырдың қай жырын тегіс біліп ек? Айтылған шығар, айтқан шығар көкейкестісін көмекейі бүлкілдеген жыршыларым. Шырқыратқан

шығар мұңға бөккен жанының жоқтауындай ғып асылын ардақ тұтқан әншілерім ата-баба арманын. Көксегенін! Көксегенін солардың өз өксігінен кек тұтатып!- деген Қойгелді батырдың көзінен от ұшқындады.

- Жә! Желпілдете де бермейік. Жалпылдай да бермейік. Бекіністегі жауға далақтап қарсы шапқан қай қазақты көріп едіңдер бұрын. Анау төбеге арқасын тіреп, алдына қалқасын төсеп алып отырған ойрат - осал емес. Бекініп соғысудан алдына жан салмайтын қара қалмаққа қалың шүршіт те түк жасай алмайтынын естеріңнен неге шығарасыңдар? Анау от қарудың тым көбейіп кеткенінен неге шошымайсыңдар? Аузы түктілердің соғыс тәсілінде қара жерді қақырата тіліп тастап, сол апан-жыраға қонжықтай қонжиып отырып, үстіне келген атты-жаяуды қоғадай жапыратынын мен сол орыстардың өз аузынан естігем. Сол жыра-апанын олардың іреділ[1] дейтінін де білем. Анау қос қапталдағы дәл сол жирен сақалдардың жасатқаны.

- Сөйтсін-ақ. Сонда біз не істемекпіз? Күнге күйіп, құдайдан тілеп мына медиен далада түтін салған аңшыдай талтайып қарап отыра береміз бе?- деді Сәмен ашынып.

- Одан басқа не қалды? Қамадық па, қамадық. Шынтуайтын айтсам, олар өзін өздері төрт жағын түгел тұйықтап қамап отыр. Отырсын. Қашанға дейін шыдар екен,- деп Әбілқайыр әлгіге жалт етіп түйілді.

- Олар шыдауы мүмкін. Қамалған соң қамданып дайындалып, азық-түлігін артынып-тартынып жеткен болар. Ал, біз ше?- деп Есет дүрсе қоя берді.

- Азық-түлік адамына, шерігіне жеткенмен, анау тар жерге ұйыққан көлігіне, жүздеген түйесіне, мындаған жылқысына қайдан жетсін. Екі-үш-ақ күнде ақтақыр болатын жердің топырағын талғамаса, от-суды қайдан аларын ойладыңдар ма,- деп Әбілқайыр шақшиды.

- Әй, рас! Бұның көкейге қонады-ау. Соншама жануарға отынан да бұрын суын тауып беру қиынның қиыны ғой. Шыдай алмас. Құдай иіп қамалынан қылаң

[1] Редут дегені.

беріп, жазығыма ат басын бұрсыншы, әй, бір төбелерінен жасын түсіріп,ойнап бір берейін!- деп Сеңкібай батыр қышырланғанда, Тайлақ дәл қазір бүріп түсердей-ақ, жамбасын көтеріп қойып, қопандап кетті.

- Кең жерге келтіріп, қарсы алдыма шығарып берсе, қара қалмақтың қарақошқыл қанынан өзен ағызбасам маған серт!- деп беліндегі қанжарын қынынан суырып алып, жарқ-жұрқ еткен жүзінен сүйіп алды.

Осы байламға ия дескен соң енді қамалда қамалып отырған ойратты қия бастырмау үшін қазақ қосыны алгі жау бекінісін зеңбірек добы, мылтық оғы жетпес жерге дейін жақындап үш жағынан доғадай иіліп кеп қоршады да жатып алды. Ескі орында сойыс және сауын малын, ереуіл, қосар аттарын бағып, күтуші салықшылар мен азық-түлік дайындайтын қазаншылар ғана қалған еді.

Үшінші күннің де кіші сәскесі келіп жетті. Ағаш қамалдарының үстінде ағаш қалқалап шоқиып-шоқиып отырған мергендеріне сенген қазақтар аттарына шылбыр бойы кеңістік беріп, өздері сұлай-сұлай кеткен еді. Аспаннан бұлт көрінбей, көкжиектен суылдап жел еспей, төбеге тырмыса өрмелеп бара жатқан күн әлден-ақ шекелерді қыздыра жөнелген соң, көлеңке болар бұта іздеп, ши түбін паналап бір жамбастай жылжыған сарбаздар сонау төбе-шоқылардағы шошандаған шолғыншыларына сенді ме, сақтықты ұмытып мүлде қаннен-қаперсіз шашырап кетті.

Жорық шатырында жатқан Қайып хан Әбілқайыр сардарды өзінен қашқақтап жүргендей сезінді ме, жалаңқылышының бірін жұмсап, шақыртып алды.

Әбілқайыр оңашада ханның ыңғайына барынша иліге беретін майысқақ әдетімен қолын қусырып, басын иіп, босағада сәл кідірді.

- Жай шақырдыңыз ба, тақсыр?

- Кел, отыр мұнда. Сонымен, Әбілқайыр, мынау сенің қай бұлтағың?- Ханның көзі шатынай қадалды.

- Бұлтағыңызды түсінбедім.

- Неге айналсоқтатып кеттің. Неге кібіртіктете бересің қолды?

- Сескенем.

- Кімнен?

- Орыстардан. Әсіресе сіздің Мәтібидей губернатордан.

- Қалайша?

- Анау ойраттың зеңбірегі неге көп? Біздің жобамыз бойынша Сыбан-Рабтан неменің әлгі тұтқын орыстары жасады деген зеңбіректер саны әрі кетсе үшеуден аспас еді. Ал мына арада соның добының ұшуымен есептегенімде тура он жетісі тұр. От қаруы тағы көп. Оқ боратқанда жаңбырдай жауғызады.

Қайып босаңсыды.

- Тапты да табатын жерінен...

- Сол табатын жері біреу-ақ қой, тақсыр. Сол жер бізге табылмай, осыларға, ойраттарға қалай табылды, неге табылды деген күдік кеудемді кеміріп барады-ау,- деп Әбілқайыр қынжыла бас шайқады.

- Сонда сен сол Мәтіби сатып кетті деуден сау емессің бе?- деп хан ілез шұқшиды.

- Сатып кетті ме, шатасып кетті ме, әлде одан да зормен қысас жаулыққа басты ма, әй, мына зіркілі көбейген зеңбіректердің арандай боп бізге қарай ауыздарын ашуы тегін емес.

- Енді не істемексің? Омалып отыра береміз бе?

- Омалу қамаудан гөрі тиімдірек. Қамаудағы қара қалмақ қашанғы шыдар дейсіз. Оты шайылған соң аты не жемек?.. Өз қамауынан өздері тырапайлап қашқанда, бас салам!

Әбілқайырдың көзі ұшқындап-ұшқындап кетті. Қайып ішінен: “Әй, мынауың осал емес-ау. Ойлағанын жасай алса, ойраттың дәл осы жолы күлін көкке ұшырармыз-ақ!” деп отырды да, келіскендей боп иек қақты.

- Қақпанға түскен екен онда олар. Сонысы керек.

Сырттан алдебір дабыр-дүбір қаттырақ естіліп, ішке жалаңқылыш кіріп келді.

- Алдияр! Тез тұрыңыз. Қоршауда қалдық. Қаптап кеп қалды!

- Не дейді! Не деп тұрсың сен сұм!- деп Қайып хан тізелері сартылдап, кәрі буындары икемге келмей орнынан тұрып кете алмай, ақырып қалды. Әбілқайыр

ханды қолтығынан сүйрете тартып екі аяғына тік тұрғызды да сыртқа ұмтылды.

Бұл кезде жерде айқай, көкте айқай дүрбелең сапырылыс даланы басып кетіп еді. Бірін-бірі тыңдамай бас сауғалай жүгірген жұрттың үрейлі дауыстары тұс-тұстан жамырап жатыр.

- Ойбай! Анау салықшыларды түгел турап тастапты дейді.

- Әне, әне! Қаптап келеді!

- Ту сыртымыздан түре соғайын дегені-ау, бұл көпір немелер!

- Алдың жар, артың ор- нағыз Қорқыттың көрі осы!

- Әй, қапыда қалдық-ау! Қапыда қалдық!

- Ханның түрі анау болса, сардарыңның сиқы мынау болса, қапының қапысында қала бермей, жан сақта, қазақ, жан сақта!

Арқа тұстағы қазаншылар мен салықшылар жақтан тұтаса көтерілген шаң жарты аспанды жауып кеткенін көргенде есі шығып, үрей билеген қазақ қосыны ешкімді тыңдамастай есірік күйге ұшыраған еді. Шылбырын сүйрете үріккен аттарын бірі қуып, бірі мініп алып, мидай араласып кетті.

Дәл осы кезде қамалында “қамалып” отырған ойраттар жатаған көліктерін сумандатып қос қапталдан тау суындай ақтарылып, оқ пен жебені қабат жаудырып лап қойып кеп қалды. Қазылды деген оры да, қабады, жұтады деген оппасы да жоқ боп шықты. Көздері атыздай болған қазақтар мынау қос қыспақтан қалай құтыламыз деген үлкен үрей бойын билеп, әп-сәтте өршіл рухтан да, кекшіл талаптан да жұрдай боп айрылып, бас сауғалаудың сасық амалына көшті.

Рухы қашқан қол - уығы сынған үй тәрізді. Шаңырағы опырылып құлап, отын сөндіріп, ошағының күлін көкке ұшырады. Рухынан айырылған қазақ жасағы дәл осындай үрей буған есірік халге душар боп тырағайлап қашып кеп берсін. Қашанда “қашқан жауға қатын ер” болатыны белгілі. Қамалдағысы бар, қазаншылар мен салықшыларды жәукемдеп, мол олжаға қарық боп, есірген тың күші бар ойрат қолы қарсы тұруды, қару көтеруді мүлде ұмытқан қашқан-пысқандарды

тірсектеп қуып, сүңгімен шабақтап, қылышпен туралап, садақпен жебелеп ондап-жиырмалап түсіріп, жүздеп қоралап, қоршап тұтқындап алып, азанда ғана ақ тозанды аспанға шығарып аршындай басқан адуын қазақ қосынын тоз-тоз қып тоздырып-ақ жіберді.

Қасында он шақты ғана жалаңқылыш нөкері бар Қайып пен Әбілқайыр әлгі қанқырғыннан әупірімдеп әрең сытылып шығып еді. Сол кеткеннен артына бір бұрылмастан Түркістан қайдасың деп тіке тартып кеткен ханды жолына шығарып салып, Әбілқайыр сардар бытыраған жасағының басын қосудың амалын күйттеді.

Балта мен Көбеш алғаш қызу дүрмекпен ат басын біраз босатып алса да, екеуінің жұптары жазылмағанына кәдімгідей арқаланып, енді өз мындығының жігіттеріне айқайлай ес беріп, маңайларына топтастыра аулақтай берген еді. Бұлардың ә деп қозғалған орны - орда тұс, орталық бөлік болғандықтан бағыттары салықшылардың үстінен басып өткізуге тиіс еді. Солай да болды. Салықшыларды малымен байлап, айдап әкетіп бара жатқан шолғыншы ойраттардың қарасын көргенде Көбеш Балтаға жалт бұрылды. Сексеуілдің шоғындай боп қызарған жанардан Балта Адай жасының қатты қайратқа мінгенін айтқызбай-ақ ұқты да, басын құлшына изей берді.

- Тізе қосыңыз, Балта аға.

Көбеш айқайға басып кеп қалды.

- Уай, қырандарым! Өлсең - шейітсің! Өлтірсең - биіксің! Әзірейіл келмей жан шықпас! Құтқар анау құлдыққа түскен бауырларынды! Құтқар мына табанға түскен намысымды! ұмтыл! Баудай түсір!

Балта өзінің көмейлете қалай айқайлап жібергенін сезбей де қалды.

- Бас қамшыны! Қу кегіңді! Алаш! Алаш! Алаш!

Алаш ұраны асқақтағанда қай қазақтың, қай қарашының қаны қызбаушы еді. Көбеш пен Балтаның соңына бес жүзге тарта ілескен жауынгерлер алды-артымыздан орай қойып, бас көтерер қазақ дәл бүгін табыла қоймас деп арқасын кеңге салып, әр тұтқынды бір ұрып қап, әр қазаншыны бір салып қап масайрап бара жатқан жауына тұтқиылдан дүрсе қоя берді.

Сатыр-сұтыр шайқас бастала кетті. Шақылдаған

темір дауысы от шашыратып құлақ жарғағын қидалайды. Шапшыған ат, шапшыған қан, құлаған өлік, жығылған жылқы тұяқ астынан қопарыла көтерілген қалың шаңға көмілді. Қазақ жағы басымдығын жасады. Бейқам ойрат шеріктерін сүт пісірім уақыт ішінде тураганын турап, түйрегенін түйреп, домалатып-домалатып тастап, шығандап қашқан тұл аттарды қуалап, құрықтап ұстап, иіріп алып келді.

Салықшылар мен қазаншылардың бұл арада үш жүздейі ғана бар еді, негізгі бөлігін алғашқы дүрмекпен мал-мүлікпен қоса айдап кеткен болатын.

Салықшылардың бірі қылғына айқайлап, бақырған түйесін бастан салып-салып жіберді.

- Бұ шіркіннің ауылда жүрсең бәйбішесі бақырауық, түзде жүрсең түйесі бақырауық! Әбден-ақ зықымды шығарды-ау,- деп әлдекімді жеті атасына жеткізе түгендеп боқтап шықты.

Балта әлгіге екпіндете жетіп барды.

- Неге айқайлай бересің? Неге шаптығып тұрсың?

Түйеші шал елтірісі қырқылған ескі бөркін жерге атып ұрды. Тақырлап қырыққан төбесін нұқып-нұқып қалды.

- Мына бастың соры бес батпан! Мына кеудемнің зары бес қап. Неге ойбайламайын, неге байбайламайын,- деп кіртиіп кеткен тышқан көздерін жыпылықтатып, ашып, жапты.

- Соншама ол неғылған батпан сор. Қолымнан келсе, сорынды сорып тастайын.

- Әу, сенің атың Әбілқайыр емес қой, ә?!

- Иә, Әбілқайыр емес.

- Сен сардар да емессің, ә!

- Иә, емеспін.

- Ал деп те, бер деп те, бар деп те, жоқ деп те айта алмайсың, ә.

- Әу, отағасы! Ал дей қоятын дәл қазір ештеңем жоқ. Бер дейтін сенен мынау ескі бөркіңнен басқа қызығарлық ештеңе көріп тұрғам жоқ. Бар деп немді бұлдайын. Жоқ деп немді аяйын.

- Ендеше, басымды сен де қатырма!- деп шал қиқарлыққа басып, бүйданы тартып қап, мұрны құртаған түйені бық еткізіп қап, онысын да азсынғандай

қамшымен осып жіберді. Түйенің бақырғаны даланы басына көтерді.

Көбеш үнсіз тұрған, шыдай алмады.

- Әу, қарт! Көп былшылға уақыт жоқ. Түйенді жетекте де анау салықшыларға ілес!- деді.

Шал ығып қалды. Бөркін басына қондыра салды да, түйеге артқан төрт үлкен құмыраны түртіп-түртіп жіберді.

- Мыналарды... мына кеспектерді осылай ерсілі-қарсылы таси берем бе?

- Оныңда соншама құндайтындай не бар еді?- деп Көбеш езу тартқан сыңай білдірді.

- Мен үшін мұның көк тиындық құны жоқ.

- Онда не ғып тастамай жүрсің?

- Әу, мен айтпадым ба, маған бұйыратын да, маған бұйрығын орындамасам қамшы үйіретін де Әбілқайыр сардар деп. Бұл соның бұйрығымен мына түйені бақыртып өркешін қажаған кеспектер. Мына мені бақырауық түйемен қоса бақыртып қойған бес батпан сорым, бес қап зарым! Әйтпесе бұл ит сарымас, доңыз жоламас сасық сұйығыңды баяғыда-ақ қотарып тастамас пем,-дегенде шалдың көзіндегі тарам-тарам қантамырлары бадырайып қоя берді.

- Ол неткен сұйық?- деп Балта қамшының сабымен бір кеспек қыш құмыраны түртіп қалды. Әлде құмыраның өзі бұрыннан жарылып тұрды ма, әлде қамшының сабы осал жеріне оқыс тиді ме, кеспек қақ бөлінді. Қақ бөлінген кеспек-құмырадан сау етіп ақтарылған қарамай маңайға шашырай құйылды. Түйенің екінші бүйірінен теңдеген екінші кеспек те сусып құлап, қара жерге тарс етіп тиіп, күл-парша боп, қарамайды ақтарды да тастады.

- Әй, мынау қарамай ғой?!

- Иә! Қарамайдың дәл өзі!- деді шал.

- Үш күн бұрын болды ғой бұл қарамай?-деп Көбеш қайталап сұрап, атынан дік етіп секіріп түсті.

- Иә. Үш күн бұрын да, он үш күн бұрын да бар болатын. Енді міне екі кеспегі жоқ. Енді мен сардарға басыммен жауап берем. Өйткені ол кеспекті сындырып, қарамайын төгіп алсаң, басыңмен жауап бересің деген болатын.

Көбеш жердегі қарақошқылданып жайылып бара жатқан қоймалжың сұйыққа саусағын тигізіп, мұрнына тақап иіскеді.

- Сол! Қарамай... Сұмдық қой!

Түсі сұрлана бұзылып кетті. Балта Көбештің не дегенін онша түсінбесе де, әйтеуір бір түйткілдің болғанына, сол түйткілге мына жас жігіттің қатты түйілгенін де байқап қалды.

Біраз белді артқа тастаған кезде ғана, Көбеш Балтаны жігіттерден аттарын оздыра бөлектеп әкетті. Сол бойда күнұзынғы ойын он саққа жүгірткен түйткілін жасырмастан жайып салды.

- Балта аға, мен бір сұмдық нәрседен қатты түйіліп келем. Алғаш келген күні әлгі мен жекпе-жекке шыққаннан кейін батырлардың хан мен сардардың қасына жиналып қалғанын көріп мен де барған едім.

- Көргем. Атқа міне салысымен шоқыта жөнелгенсің.

- Сол арада Есет батыр Әбілқайырға ағаш қамалды от байлаған жебемен атып, қамалды өртеп, ойраттарды тығылған жерінен айдап шығу қажет деп айтудай-ақ айтып еді. Сардардың соған сол ұсынысқа неге қарсы бола кеткенін қазір де түсінбей келем. Сылтауды көбейтіп еді. Әсіресе “Қарамайың қайда? Дайын түрғандай дүрілдейсіңдер. Жоқ қарамайды мен қайдан табам?” деп зіркілдегені әлі құлағымнан кетер емес. Неге өйдеді? Неге әкелген әлгі төрт кеспек қарамайды? Әкелгенін неге жасырды? Осыған миым жетер емес, Балта аға,- деп Көбеш еңсеріле бұрылды.

- Рас айтасың ба? Қарамай жоқ деді ме?

- Өз құлағыммен естідім ғой.

- Апырау, өзі әдейілеп сонау жер түбінен әкеліп, өзі оны өзгелерден жасырып қалғанына қарағанда, сұлтанның ішке бүккен бір сұм...иә, сұмдығы болғаны ма? Болғаны ғой,- деп енді Балта да бас шайқады.

- Есет ағаның айтқан амалын жасағанымызда сол күні-ақ ойраттың тас-талқанын шығарып, бәрін де опыр-топыр етіп, жеңіс дабылын біз қағар едік. Бүгінгідей қанды қырғынға ұшырамас едік,- деп күрсінген Көбештің көзі мұңайып бара жатты. - Аямағаны ма?... Өз жасағын, өз жауынгерін осындай

халге ұрындырарын сезбеді ме? Сезбесе сезбеген де болар. Бірақ бар нәрсені жоқ деуінде бір кілтипан жатыр ғой. Жатыр-ау!..

Балта да осы күдіктен арыла алмай келеді.

“Неге сөйтті екен? Қазақты темір тор, тар қамауға түсіргенде сұлтанға не пайда? Әлде қазақ жасағы жеңілсе, онда оған, сұлтанға тиімді ме?.. Ой, тоқта! Осы жорықты бастаушы, басқарушы кім? Әрине, хан! Қайып хан. Ал Қайып хан кеше ғана таққа отырған бұның бақталасы. Алғашқы жорығында сол бақталас хан, абыройы асып-тасқан хан маңдайы тасқа соғылып, у жеген қасқырдай ордасына ұлып қайтса... елігіш, лепіргіш қазақ ондай ханын әспеттей қоймайтыны сөзсіз. Оның үстіне осы жорыққа бірде-біреуі қатыспаған менің қандастарым - Орта жүз жігіттері Қайып ханға енді тіпті өң берер ме... Әй, сұлтан! Дәл осыны ойласаң, дәл осыған итермелесең, сені де зауал табар-ақ. Көп өлікке сүрінген, өз өлігіне сүрінген сарбаздарының кешірімі болмас дәл осы сұмдық опасыздығыңды естісе”.

Балтаның ойын Көбеш те ұқса керек, екеуі қабақ бағысты да, әрі терендетпеді. Тек қана Көбеш ақырын ғана:

- Әй, естіген ел түңілер-ақ сұлтаннан! Сонау боздақтардың сұрауы-ақ табар. Табар түбінде. Бір табар. Өз ажалынан өлмес. Қанды қанжарды жолымызға кезесе, сол қанжар өз кеудесіне кезелер-ақ.

* * *

Қойгелді мен Сәмендер тұрған оң қанатқа лап қойған ойраттың алғашқы дүрмегіне бұлардың мындықтары өзгелер сияқты бытырап, жаяу-жалпы күйде болмай, ә десе, мә дейтін сақадай-сай күйде қарсы ұмтылып еді. Өйткені қай уақытта, қай жерде болмасын жасағының тәртібін барынша қадағалайтын Қойгелді батырдың аса ұқыптылығы мен мейлінше қатаңдығы сарбаздарын басқалар тәрізді етек-жеңдерін жинақтамай, жайылып кетуден сақтап қалған еді. Осы Қойгелдінің мыңдығы мен мыңдығы қатар орналасқан

Сәмен де жасағын жұмылған жұдырықтай ғып ұстауды қашаннан әдетке айналдырған болатын. Сол сергектік екі мыңбасыны да, екі мыңбасының соңына ерген сарбаздарын да қапыда қалдырмай, кимелей ұмтылған жоңғар шеріктеріне қарсы ағылған тау суындай боп тосқауыл айқастың қақпасын ашқызып-ақ жіберткенді. Анау атты-жаяулы тым-тырақай қашқан серіктерінің күйкілі де күлкілі халдерін көріп, солар аздап ес жиып, дес тапқанша мына лақ етіп ақтарылған ойрат қосынының селдей екпінін қайткенде де тоқтату үшін өліспей беріспейтін қажырлы қайратқа мініп, тас түйін боп, қатарларын жиілетіп тұра-тұра қалысты. Енді бұлар де үздік-создық жеткен шеріктерді түйрегенін түйреп, шабақтағандарын шабақтап, қол жетпегендерін жебелеп күйретіп, алғашқы адуын лекті ыдыратып жіберді.

Қарсы алдарынан дәл осындай күшті тосқауыл кездесе қояр деп ойламаса керек, сәлден кейін шеріктер шегініп кетті.

- Әй, мыналар неге шегінді? Осылар алдап түсіруден сау ма?- деп Қойгелді қасындағы серігіне қанталаған көзін бір жарқ еткізді. - Желкелеп түйресек қайтер еді?

- Ой, батыр-ау! Желкелейміз деп жүріп жетегіне ілесіп кеткенімізді білмей қалмайық. Бұлардың не ойлағанын кім біліпті,-деді Дәулен, Ошаған бидің баласы.

- Рас оның. Сақтансаң сақтаймын деген тәңірдің де тілін баз-базда алған дұрыс болар,- деп саябырси қалған батыр кенет ойына әлдене түскендей өз санын өзі соғып қалды. - Әу, анау оры қайда кеткен? Аналардың шеті ілікті ғой, неге құламайды?

- Дәуде болса оры - көзбояу ғана. Аңқау қазақты алдап түсірген ғой,- деп Дәулен қызынып кетті.

- Әй, онда сен, Дәулен, қасыңа он жігітінді алып, аналардың бір-екеуін бұғаулап әкел. Жай-жапсарды солардан... сол тұтқындарымыздан білерміз. Тек, сақ болғайсың. Мен сен үшін Ошаған бидің алдында жауап беріп жүрмейін.

Қойгелді мен Сәмен қосынымен кейін шегініп кетті де, әлгінде ғана қанды ұрыс боп өткен майдан алаңы бос қалды.

Сәмен Қойгелдіге ұрыстан алып кеткеніне, анау кейін шегінген ойраттарды тірсектетіп қуғызбағанына реніште болатын. Әлі де сол күймен күңк ете қалды.

- Шегінеміз де жүреміз. Шегіне береміз. Бүйте берсек, жеңілуден басқаны білмей де қалармыз-ау,- деп түкірініп жіберді.

- Сәмен, шегінудің де шегінуі болады. Түсінсеңші, жарқыным. Аналардың зеңбірегін көрдің ғой. Жалт беруінде зымиян ой болмасын, зеңбірегін топылдатпасын қайдан білдің. Сақтықта қорлық жоқ. Мынау қылқан қырыққандардың ендігі тірлігіне безе қашқан Әбілқайыр сардардың да, Қайып ханның да жауап бергісі жоғын көзің көрді. Енді сен екеуміз бұлардың аман-саулығын ойлап, қамын жейміз.

Сөйткенше дүрс-дүрс зеңбірек зіркілі басталып-ақ кетті. Топылдап түскен екі-үш доп асықпай аяндатып қана кейін шұбырған Сәмен мыңдығының соңғы шебіндегі жігіттерінің екі-үшеуін ат-матымен ұйпалап кетті.

- Қап!- деді Сәмен. Қабағы тарс жабылды.

- Сақтық дегенім осы ғой!- деп Қойгелді жасаққа тез шегінуді, жылдам-жылдам бұйырып қалып, бедеу бестісін сумаңдата жөнелді.

Сүт пісірім уақыт өткенде Дәулен Қойгелдіге шапқылап қуып жетті.

- Батыр! Қойгелді аға!

Қойгелді ат басын ірікті.

- Оу, Дәулен! Апырай, сендерді бекер жұмсадым-ау деп уайымдап ем, түгел оралдындар ма? - деп Дәуленді көргенде қуанғанын даусының дірілінен сездіріп алды.

- Аманбыз. Екі тұтқынымыз және бар. Әне, әкеле жатыр.

Екі атты жетектеп Дәуленнің жігіттері де жетті.

- Оу, мына біреуі жирен сақал ғой!- деп батырдың қасындағы мосқал қазақ айқайлап қалды.

Қойгелді шөлмек көз, қу жақ, жирен мұрт орысты көзімен жеп барады.

”Әй, осылар ғой! Зеңбіректі осылар берген де. Одақты бізбен құрмақ болғандары қайда? Енді кеп қас жауымыздың қасынан табыла қалыпты. Аярлық

па, сатқындық па, опасыздық па. Қалай білерміз? Қара қалмақ та емес, қылғынсақ та солармен түсінісердей жағдайымыз бар. Ал мынамен, әпесермен қайтіп шүлдірлерміз,ә?! ”

- Түсіріңдер! Екеуін де түсіріңдер!

Қойгелді алдына дырылдата сүйреп әкелген екеудің орысына қадалған жанарын айырар емес. Ойрат түгқынға назар салған да жоқ. Барлық кіжінткен кегі де, білсем деген асығыс ойы да тек мына жақ жүні үрпиген, шегір көзі бақырайып ұясынан шығып бара жатқан сарыала “әпесерде”.

- Әй, бұнымен енді қалай тілдесеміз, ә?! - деп Қойгелді аңтарылып жан-жағына қаранды.

Осы кезде Сәменнің сырт жағында тұрған кең жауырынды енгезердей жас жігіт Қоралас Қырбас екі тізесімен атының қос бүйірін сабалап ұшып кетердей, қопаңдай беріп, қолын ербеңдете көтерді.

- Ойбай-ау! Мынау Бәселей ғой! Сол Бәселейдің өзі!

- Әу, сенің Бөселейің кім? - деп Қойгелді Қырбасқа тесіле қалды.

- Бәселейім Бәселей ғой. Былтыр анау әлгі Мекета байыр ше... Түркістанда жаз бойы боп еді ғой.

Сәмен түсіне қалды.

- Е-е, бізбен одақ құрмақ болған Сібір күбірнатыры Мәтібидің баяры Мекетаны көргем. Сен де көргенсің, Қойгелді. Орыстың от қаруын сол өткен жылы қолымызға ұстатып қойғандай уәдесіне қарық қылып еді ғой, түтін сасыған немелер,- деп түңілгенін Жасырмастан басын шайқай берді.

Қойгелдінің арам ауқатты алдына тартқандай жүрегі лоблып, танауы тыржиды.

- Бәселей де... Бізді алдап соғып жүрген бұларды ғой біз құдайдай сыйлап, төредей күттік. Әй, аңқаумыз-ау, аңқаумыз... Шіркіннің сен, орыс өйттің, сен, жирен сақал, бүйттің деп тіліміз жетсе ит терісін басына қаптар едік, әттең оған не шара, шүлдірлей алмайтын мақаумыз шетімізден.

Әлгі еңгезердей Қырбас кеңкілдеп күліп жіберді.

- Қойгелді аға-ау, пәлі, бұл Бәселей деген жирен сақалыңыз қазақшаның түбін түсіреді. Анау

байырдың... Мекетаның тілмашы емес пе. Мәтелдеп соққанда өзімізді жаңылдырады бұл қужақ!

Қойгелдінің көзінде от тұтанды. Сегіз таспа дойыры шолтаң ете қап көтеріліп, сылқ түсті.

- Сөйле, Бәселей!

- Не сөйлейін,- деді анау шегір көзімен Қойгелдіден де бұрын ауыр дойырды көбірек аңдып.

- Қайдан жүрсің? Қалай жүрсің? Анау қара қалмақтың арасына қалай тап болдың? Өтірік айтып бұлтарам десең, ұрыс даласында тұрғанымызды ұмытпа, аяқ-қолынды төрт атқа таңғызам да, төрт айыртам! Одан бас тартпаймын! Сенің мойнында анау зеңбіректеріңнің добынан шейіт кеткен қаншама қазағымның қаны бар. Солардың кегін, кергитін болсаң, жалған сөйлесең, қара қаныңды ағызып қайтарам!

Василий - Бәселейдің көздері атыздай болды. Тарамыс денесін қалшылдатып үрейлі діріл биледі. Басын қайта-қайта изеді.

- Мен айтады. Бәрін айтады, Ваше благородие,- деп тізерлей кетіп тізесімен шаң суыра бастады.

-Әй! Жи есінді! Дұрыстап жауап бер!-деп Қойгелді ақырып қалды.

- Айтам. Біз...мы с боярином Никитой Белоусовым... ә-ә, сол... сұл Никита Белоусов бояр билән...- деп қазақша, орысша, татаршасын араластыра бастағанын өзі де байқар емес, шегір көзде тұтанған үлкен үрей ой-бойын шырмап тастап еді.

- Сен, шөлмек көз ит, бұл жерде қазақтан басқаның жоқ екенін көресің бе, жоқ па? Мынау шөлмек көздеріңді ойып алмасын десең, қазақшалап жөн сөйле,- деп Сәмен шыдай алмай тізерлеген тұтқынын бір шықпыртып өтті.

Қойгелді жақтырған жоқ. Сәменге алара қарады.

- Алдымен жауабын тындалық.

Василий Қойгелдінің көзіне мөлие қарап, иесінен сүйек күткен күшіктің монтаны пішініне түсе қойды.

- Никита Белоусов жүз адамымен, сотнясымен он бес зеңбірек, екі жүз штуцермен қазақтарға...вам то есть, сендерге кездесем деп линияда көп күттік. Наши же разведчики... лазутчики... біздің адамдар қазақтарда отыз мың қылыш бар дегенді айтқан. Ал мынау

зюнгарда всего-навсего около двадцати тысяч сабель... ә-ә жиырма мыңға жетеді-жетпейді қылыш қана. Белоусов айтты, наш боярин, сол айтты сотник Астафьевқа. Губернатор Гагарин приказал: бұйырды деді. Егер қайсақтарда әскер аз болса зеңбірек оған бер деп. Егер зюнгарда цирик аз болса, то пушки передать им, зюнгарцам... зеңбіректі зюнгарға бер деген деп...Итак біз... то есть не я, конечно, мен емес, мен тілмаш қана, Белоусов боярин человек его величества губернатора Гагарина, зеңбіректерді зюнгарға бергізді,- деп сөзін тағы да шашырата бітірді

- От қаруды қоса бердіңдер. Солай ғой.

-Да, да. Иә! Штуцер мылтықтарды берген. Бәрін берген.

- Неге сөйтеді? Шартты бізбен дайындап, одақты бізбен құрмақ боп сол Мәтібиің миымызды айналдырмап па еді?- деп Қойгелді батыр әлі де сенер-сенбес боп тұр.

- А-а... понятно ведь.. Түсінікті. Нам, россиянам... Біздерге дейді сонда боярин Белоусов қайсақ та, зюнгар да дикие туземцы... жабайы түздіктер... далалықтар керек емес.. Бізге ол екеудің бір-бірді өлтіргені... истребление...керек деген. И то один должен быть преуспевающим в ратном деле пред других... Қалай еді? Қайсақ зюнгарды жеңбеуі керек, зюнгар қайсақты жеңбеуі керек. А так пустъ истребляют друг друга. Бізге сол пайда деген ол боярин. Разделяй и властвуй! Вот солай айтқан ол.

Қойгелді мен Сәмен бір-біріне ”Естідің бе? Не айтпақтарын ұқтың ба? ” дегендей қарай берген. Қойгелді мынау сұмдық хабардың тереңіне енді ғана сүңгіп шығып еді, қылғына жұтынып, тамағына әлде өксік, әлде өкініш тірелгендей түтігіп кетті.

- Е, бәсе! Бұлар бізді неге шалқақтатып қояр екен десем... Саған да, саған да болысам деп тентек балаға уәде берген қызықшыл ересектей қыт-қыт-тағандарында: саған да болмасын, саған да болмасын дейтін өзімшіл есептері жатады екен-ау. Бірін-бірі жеңе алмай, қазақ пен ойрат бірін-бірі итжығыс түсіп жентектей берсе, бірінен бірі үріккен қазақ пен қалмақтың кең даласының босаған тұсын жырымдап

тақымға баса берелік деген қулығы мен сұмдығы екен-ау бұл жирен сақал, шөлмек көздердің. Біздің көп боп келе жатқанымызды алдын-ала жансыздап байқап алған боп шықты-ау. Сонда бұлар біздің де, қара қалмақтардың да басқан іздерімізді аңдып отыратын болғаны-ау. Әй, сенгіш, ергіш, көнгіш қазақ-ай! Сенеміз деп талай таяқ жесек те, сол сенгіштігімізді қоймаймыз. Көнгіштігіміз, көнбістігіміз тіпті ересен. Көндік қой, ердік қой, Қайып хан мен Әбілқайыр сұлтанның бас айналдырған зуылдақ әуеніне. Қайран да ғана сұңғыла Арғын, Найман азаматтары-ай! Сендерден айналып қана кетсе болмас па! Бүйректен сирақ шығарды, ілеспеді, жорыққа бірге шықпады, бас сауғалап қалды деп сендерді қаншама ағаш атқа мінгізбедік. Қаншама жер түбіне апарып тастамадық. Ақыры не болды. Солардың айтқандары айналып алдымыздан айна-қатесіз шықты да отырды. Тауымыз шағылып, тауанымыз қайтып, кері лықсып, боздақтарымыздан айрылып, быт-шыт боп қайтып келеміз. Ертеңгі боздақтарын жоқтап боздайтын аналарға не деп жауап берерміз? Не деп бетіне қарармыз?

Сәмен тез қорытынды жасады.

- Қайып хан көпке ұзамас. Ел үстінде отыра алмас ерінің жағдайын күйттемеген хан. Ұзаққа соза алмас құлашын. Ұзатпас!.. Әбілқайыр сұлтанға да бір зауал көрінер әлі-ақ.

- Әй, анау қазылған ор жайында сұрашы, андағы қара қалмақтан, - деп Қойгелді Дәуленге иек қақты.

Дәуленнен де бұрын ойрат қазақша сөйлеп, сайрап кетті.

- Ол ордың тереңдігі тобықтан ғана. Қазғызған мыналар, - деп алдында тізерлеп отырған Василийді қолымен көрсетті. - Осы орыстар. Қазақтар ор бар деп екі қапталдан кіре алмайды деп топырақты қопсытып, бізге бір күн қазғызған.

Қойгелді сұрлана қалшылдап кетті.

- Әй, сұмдықтың сұмдығы өзіміздің өзімізге сенбеуімізде-ау. Сонда ғой Көбеш пен Бөлектің, екі жастың тілін алсақ қой, дәл бүйтіп өкінбес едік. Енді өкін не, өкінбе не - талай боздақтың обал-сауалын арқалап өтерміз ішімізден күңіреніп.

Ш Е Н Д Е С У

Ер жігітке жарасар,
Қолына алған найзасы.
Би жігітке жарасар,
Халқына тиген пайдасы.
Ақсақалға жарасар
Тілеуқорлық айласы

Бұқар жырау

1

Тұнық аспан астындағы тынық дала.

Доғаланған қоп-қою жалы баяу дірілдеген жирен қасқаның майда жорғасы жанға жайлы. Маңдай тұстан лып-лып соққан самал лебі аялай сипаған жұмсақ алақандай. Марқажон төбелердің бірінен соң бірі іркес-тіркес жалғасып, сонау көз ұшында ағара көгеріп бұлдыраған тау сілеміне әзірше жеткізер емес. Даланың шым-шытырық сүрлеуінің кейде түйісіп қап, кейде қатарласа жарысып отырып, қайтадан құйысқан тірестіретін тұстарында, ең болмаса әдеттегідей шыр етіп арқан бойы көтеріліп алып, қанатын безектете шайқап, безектеп сайрай жөнелетін бозша торғайының өзі таңсық боп тұрған мына сұп-сұр кеңістіктен адастырмай жол тауып, ілгері сұғынтып келе жатқан Орынбайға Жарылғап риза қарасын жиі қадайды.

Оу, Ореке! Мынау төрт құбылаң түгел сұрланып, күңгірт аспан мен сүрең даланың ажыратылмастай боп астаса айқасып, азанда да дәл осындай сұрғылт, түсте дәл осындай салғырт, кеште де дәл осындай жымжырт айнықатесіз ауыспай, айнымас өңінен адастырмас бедер-белгіні, шатастырмас сүрлеу-соқпақты қалай тауып, қалай тап басып келесіз, ә?

Орынбай отызды орталаса да әлі де ет алып толыспаған жұқа денесінің қылдырықтай ұзын мойнын

соза қырындай бұрылды. Кеңк-кеңк күлді. Күлкісі көмбесі жоқ, көңілі таза жанның ашық кеудесінің үніндей боп ақтарылды.

- Жарылғапжан-ау, о не дегенің! Мынау далаңның сұрғылт түсінен шошынғаннан саумысың. Құдай біледі дейінші, сенікі, Жарылғапжан, сондай бір өткінші өгейсіреу ғана. Бұл қасиетіңнен айналайын далиған далам - томсырайған құла түз, бедірейген бетпақтың бетіндегі шұбарала әжімдей сансыз сүрлеуімен құлан ғана жортқан, күл сепкендей күлгін көгінде қыран ғана қалықтаған қиян қиыр боп көрінеді-ау көзіңе. Солай ма?

Жарылғап ойындағысын айтқызбай дәл басқан жолсерігіне одан сайын тәнті боп, үлкен қара көздерді қадай бас шұлғыды. Кірпігі мүлде жоқ көздердің адамға тесіле қарағаны өңменнен өтіп кете жаздайтынын Орынбай алғаш байқап қалды.

- Әй, Жарылғапжан! Алырай, көзің неткен өткір еді! Мынадай өткір көзбен де жер жадысын қалай жаттамай жүргенсің. Сенің бір көргенді іліп алып, бір естігенді қағып алып тұратындай етіп туғызған Хақтағаланың жомарттығын әлі күнге ескермей келгеніңе таңмын. Анау көздер: “Жер түбіндегіні көрем, кеуде-кенге енем, алыстағыны барлаймын, жақындағыны таңдаймын” деп тесірейеді-ау. Анау құлақтарың: “Қияндағыны шаламын, қиялдағыны шоламын, еміс-емісті де қағамын, кеуде-құлыптың кілтін бұрап табамын” деп қалқайып тұр-ау! - деп кеңк-кеңк күлкісін даласына тағы бір ұзатып салды да, қасындағы сұр бедеуін сумандата бүлкектеткен әйелінің өзіне ыңғайсыздана жапақтай бергенін байқап қап, Жарылғапқа қисая бұрылдыды.

- Жарылғапжан-ау! Мына жеңгеңді... Әйкенді көремісің. Сен екеуміздің қалжыңымыз жарасқанын білмей, сені менен қорғаштап, қайта-қайта жапақтауын, жақтырмауын сездің бе... Сезсең бопты.

Ал енді өлгіндегі сұрағыңа айтарым мынау. Жер бетінде жыбырлаған аңнан қыбырлаған адам көп болса керек. Сол сан жетпес жанның... екі аяқты пенденің бір-біріне ұқсап, бір-біріне терісін қаптап қойғандай етіп қайталанғанын көргенің бар ма?.. Әрине бұл жерде егіздердің жөні бөлек. Оларды қоспа. Жоқ қой, ә.

Жарылғап еріксіз бас изеді.

- Рас айтасыз, Ореке. Қаншама адам болса, соншама өң, соншама түс бар. Соны қалай аңғармағам.

- Мәселе осы аңғаруда жатыр. Мән беруде жатыр. Жаратушы жаппар иемнің құдіреттілігі де осынысында. Жан-жануардың әрқайсысын біріне бірін ұқсатпай, әрқайыссын өз алдына жекелеп, әр түрлі түс беріп, әр қилы мінез беріп, “біріңнен бірің оз, біріңнен бірің қалма. Таласып, тармасып өс. Тырмысып, тыртысып бақ. Жақсы болу да өзіңнен. Жаман болу да өзіңнен” дегенді санамызға құюдай-ақ құйды да ғой Тәңір хақ. Соны... сол өсиетін, құдай біледі дейінші, құлаққа ілмейтініміз бар, қаперге алмайтынымыз жаман. Әйтпесе, “өзгедегі екі көз, екі қол, екі құлақ, екі аяқ, бір бас, бүтін кеуде сенде де бар. Сенделмей сергек бол. Сандалмай сабырға кел, санаңды түрткілеп оятып ал. Қалғып-мүлгуден, қажып-кергуден сақтан” дейтін уағызын ұйықтап жатқаныңда да кеудеңе құйып жататынын ескермейміз-ау Аллатағаланың. Ескерсек, екі аяқты көсілтіп тастап, сен тимесең мен тимен бадыраң көз деп ерте күнді кеш қылып, сұлап серейіп, жатып алмас едік-ау... - Осы тұста Орынбай жұбайына жалт етіп, көз қиығын бір тастап өтті. - Әрине, менің де оңып бара жатқаным шамалы. Жүз салса, бір баспайтын шабандығым барын, бәйбіше-ау, сен ерніңді сылп еткізбесең де білем. Сол шабан-шардақтығымнан арылсам, баяғыда-ақ Абылай досымның арқасында ақар-шақарлы елді басқарып, мынау сілтідей тынып, моладай мүлгіп жатқан ен даланың бір пұшпағына топырлатып ауыл қондырып, маңыратып-жамыратып мыңғырған малды алдыма салмас па едім. Ну сайлауға бие байлап, ақ қайнарға қауға салып, қазанды ошақтан түсірмей, туды төбемнен кетірмей, ойдағы таныстыойқастап бақылап, қырдағы алысты қиялмен байқастап, абыр-сабыр тірліктің тұтқасына айналмас па едім.

Әй, бірақ!.. Әділ де, Жоламан да менен әбден түңілді ғой. Қанмен сіңбеген мінезді қапшықтап беріп қайдан сатып аларсың. Біреудің мөлигенін, біреудің тікірейгенін көргеннен көрмегенді ұнатам. Өйткені жасымнан қаншама тікірейген кердең көкіректің

алдында өзім мөлимеп едім. Әне сол себепті ешкімді мөлиткім де жоқ. Ешкімге тікіреюді де жаратпаймын Ал мынау Әйкен жеңгең менің сол мінезімді... жайдақсың деп жаратпайды. Ал Әділ дос менің қырсыздығымды кінәлай береді, - деп Орынбай енді күрсініп, көзін алдындағы жатаған төбенің үстінде қарайған обаға тастай беріп, әлгіндегі көңілін қобалжытқан әңгімесінің төркінін мүлде адастырып жіберіп, әдеттегі желпінгіш жеңілтектігіне басты. - Оу, Жарылғапжан-ау, көремісің ана обаны! Көрсең, соған дұрыстап назар аударшы... Адамға... онда да шоқиып отырған түз баласына келе ме? Келеді ғой. Енді сен соның анау оң қолына ұқсап шошайып шыққан тұсына қарашы. Нені байқадың? - деп Орынбай сәл кідіріп, танауы делдие еңсеріле бұрылды.

- Нені байқайын... тағы бір жантая көсілген бел... Жалпая ұзаған дала. Жарыса ұзаған екіндінің жүйрік көлеңкелері, - деп Жарылғап әлгі тұсқа назар қыдыртты.

- Сол жантая көсілген белің түстікте жатыр. Оң қолдың көрсетуі солай. Анау обаның бізге қадала қараған беті шығысты бағып, қып-қызыл күннің шашырап атысын күтсе, сол бедірейген тас обаңның ту желкесі, әне, кешкі күнді батысқа қондырып барады. Осы обадан-ақ көп нәрсені аңғарғыш бабаларың өткен, Жарылғапжан. Сен өлгінде жалпая ұзаған дала дедің. Сол жалпая ұзаған даланды көп ұзамай жыландай ирелендеген өзен кесіп өтетінін аңғардың ба? - деп Орынбай тағы да тұтқиылдан тоса қойды.

Жарылғап енді Орынбайға мүлде құлап түсті.

- Ау, Ореке-ау, мені несіне сынайсыз. Сыныңызға толмай қалсам, көңіліңіз қобалжиды ғой. Өзіңізді де, мені де босқа қинай бермей, бабасының даналығынан, даласының жаңалығынан мақұрым қалған мына іниіңізді үйрете берсеңізші.

Орынбай мағұрланды. Әйкенге бір шекелей қарап қойды да жиренқасқасының басын сәл ірікті.

- Жарылғап, үйренем, ұғам дегенің маған жетіп жатыр. “Өзің білме, білгеннің тілін алма” деуден жаман нәрсе жоқ. Өзің білмесең, өзгенің білгенін алмай, жын ұрып кетіп пе. Құдай біледі дейінші, анау Әділ досым

іштен бәрін біліп туған жоқ. Ол да көңіл мен көкейге тоқып өскен бәрін. О-о, шіркін сол Әділдің ұстаздарындай ұстазым болды ма... ой, онда мына жаман ағаң, Жарылғапжан, айды аспанға шығарып, Сырды қырға өршітіп, қырды Сырға тоғытып, асығы алшысынан түсіп отырар еді-ау... Ә-ә, Әйкенжан, сен көп қарағыштап кеттің-ау, ә, бәсе... аузым көпіре бастағанын сезем ғой. Неге сезбейін,.. Әлгінде не айтпақшы едім... Не сұрап едім. Ойбүй, ұмытшақ басым. Анау жалпақ жалғанның өзіндей далиған даланды қозыкөш жерде меруерттей мөлдіреген суы бар, жағасында жыбырлаған қамысы, шілікті нуы бар өзен қиып өтеді дедім ғой, ә. Оны қалай байқадың дейсің бе, - Орынбай енді алдына қарай қолын тағы да оба жаққа шошаң еткізе көтерді. - Ананың жоқ іздеген малшы, не киік қуған аңшы екенін жобалап келе жатқан шығарсың өзің де. Оң жақ, сол жағындағы екі тасты көремісің? Көрсең, солар төбеге шығып алып, жан-жағына көз жіберген түз адамының соңына ерген қос итіне ұқсамай ма?

Жарылғап тамсана бас изеді.

- Иә! Сонадайдан дәл солай боп елестейтіні рас, аға.

- Ал енді сол екі тастың бірі бірінен сәл үлкендеу, биіктеу екенін бажайладың ғой, ә?

- Ә-ә, сол қанаттағысы биік... Сонда... сонда, Ореке, Орынбай аға, осы кім көрінген ерініп отырғанда қалай беретін обалардан осындай ишараттарды біле беруге болады деймісіз? - деп сенер-сенбес күйде Жарылғап обаны көзімен тесіп барады.

- Кім айтты кім көрінген қалайды деп?.. Оба тұрғызу еріккеннің ермегі де емес, ермек ұшін жасалмайды ол. “Оба көрсең, тоба қыл!” дейтін қазақ, обаның бұзылмауын моланың бұзылмауынан да артық қадағалаған. Оба бұзған жан көр қазып, мола бұзғаннан да жаман жазаланады бұ даланда. “Обаны айналма, моламен ойнама” дегенді еске тұтпайтын қазағың да, қалмағың да жоқ, - деп даусы шырылдаңқырап шығып кеткенін өзі байқап қап, сәл күлімсірей түсіп, енді сабырлы екпінмен сөзін жалғап әкетті. - Анау екі тастың да айтары мол. Алдымен алдымыздан кез-

десетін өзеннің теріскейден түстікке маңитынын, судың қашанда өрден ойға қарай сылдырайтынын білдіріп тұрған анық белгі - екі тастың, қойшының екі төбетінің бірінен бірінің аласалығы. Оның үстіне осы аңшының екі тазысы екі белден әрі асып түссең - жүгірген тағысы, паналаған аңы бар тоғайдың қарсы аларын және айғақтап тұр.

Жарылғап Орынбайға мүлде риза боп, әлгіндегі сенімсіздік білдіріп алғанына кешірім өтінгендей ақсия күліп жіберді.

- Түу, Орынбай аға! Далада туып, далада өстік. Бөстегіміз - жусан, көрпеміз - көк аспан деп далиып жүрсек, жұлдыздың жымыңдасқанына ғана мәз екенбіз-ау. Айдың сәулесіне, күннің нұрына көз суарғанымызды құдайдың құлағынан ұстағандай боп босқа бу қылғанша, сіз сияқты даламның ұңғыл-шұңғылына, тауы мен тасына белгі боп бекіп, үлгі боп ұялап, айғақ боп алдымыздан тосатын дәл мынандай ғажайыптарына үңілген дұрыс екен-ау. Қандай ғаламат! Бәсе десе, көңілге түйсе, кеудеге сіңірсе, өнеге болар құла түз, құба жонымызда да осындай хикматтар көп екен ғой.

Енді Орынбай Жарылғапқа қызыға қарап, құлшына құптады.

- Апырай, інім-ай! Сенің де аяқ алысың әріде жатыр-ау. Е, бәсе, Қаз дауысты Қазыбек бидің ықыласы саған тегіннен тегін неге аусын. Білген де ішіңде отың барын, көзіңде шоғың барын. Сол лаулаған отыңды сөндіріп алмасаң, маздаған шоғыңды өшіріп алмасаң, талайдың кеудесіне жалын түсірерсің. Талайдың жүрегін қозғап, жанын түрткілеп, көңілін де оятарсың. Ылайым сол үмітімнен табылғайсың. Ал енді біраз көліктеріміздің қолтығын сөгіп алайық, - деп тебініп қалды. - Әйтпесе, бұзау таяқ жегізердің кебін киерміз.

Бұл кезде күн еңкейіп-ақ қалған еді. Кешкі күннің табағы шақырайған ақшыл түсінен гөрі қызыл реңге бейімделіп, сәлден кейін батыс беткейді қыжым шәліге бүркейтін мезгілінің тақалып қалғанынан белгі бергендей ұясына қонақтауға асығып барады.

Үш жолаушы сүт пісірімдей ат басын бір ірікпей

шауып отырып біраз жерді өндіріп тастады. Жер дөңгеленіп, төбелер билеп, шилер қораланып кейіндеп, айнала тегіс қимыл-қозғалысқа көшіп ала қойған еді.

Жарылғаптың Биатасының қалың қосынан тандап алған күрең қасқа айғыры Орынбайға да, Әйкенге де шалдырған жоқ. Ауыздығын кере жұлқынып, желқайықтай лықсып, бүктетіліп-жазылып төрт аяқты тең тастап жүйткігенде күнұзын қасқа маңдайдан лүплүп сипаған қоңыр самал омыраудан соққан кәдімгі салқын желге ұласты.

Артына бір бұрылып қараған Жарылғап серіктерінің көз ұшында қалып бара жатқанын көріп, күрең қасқаның басын қатты тарта тежеп, сар желіске түсіріп алды. Әлгіндегі шабыс тілеген тұста айғырдың белі көтерілсе керек, басын шұлғып, жер сүзіп, өршелене ауыздық шайнап қызуланып алыпты.

Жалғыз сүрлеу көлденең қырқаның қайқаңына тастай салған арқандай боп тік шапшып, Жарылғапты екпіндеткен бойы үстіртіне ала жөнелді. Қырдың тасасында қалған күннің кешкі қоюланған көлеңкесі ұйыған сайдан тобылғы исі андыздап мұрнын қытықтап жібергендей болды. Ол мынау тобылғы сайды сағынған көңілдің өзіндік аңсауының бір бүлк еткен іңкәрі де болар-ау. Тобылғы көрсе, отыра қалып тобылғы сап іздейтін өзінің құмарлығынан да болар-ау.

Күрең қасқа айғыр Жарылғаптың тобылғы сайға көз сүзгенін, тобылғы сап іздегенін қайте қойсын, арындаған күйі қырқаның үстіне шапши секіріп шыға берді де, үстіндегі ұланның қарсы алдынан әлгінде жасырынбақ ойнағандай тасада қалған күннің шартабағын үп-үлкен ғып шақырайта қойды.

Қызыл шапақтың сансыз сәулесі зымырап келіп көз ұясына құйылды. Қызыл шапақтың жүрдек сәулелері ат пен адамның серейген, зорайған көлеңкесін бір төбеден екінші төбенің арасына көпір ғып көлбетіп, одан да әрі сонау қызыл түсі басым даланың түкпіріне ала қашты.

Жарылғап көзін жыпылықтатып қалып, кең ашқанда көз алдына ақ балтыры сылаңдаған әппақ қайыңның жал-жал шоғыры тосыла қалды. Сол-ақ екен қайыңның ащы да анық таза иісі есіле аңқып

қоя берді. Ол аздай-ақ сонау шашырай жайылған бұтақтардың ішінен, жал-жалдың арасындағы жасыл алаңқайлардан сайрағыш құстардың әртүрлі әуені тұтаса қосылып, әсем саздай ұйысып, қоңыраулатып ала жөнелді. Сонау балақтап өскен биік шалғынын көмкеріп, көлеңкелей қоршай, бір түптен бірнешеу боп тік самғаған ғасырлық қайыңдар тап бір төбеден төмен байыппен ғана көз тастап, байсалды күрсінген тап бір ертегінің алып батырларындай мүлгіп қапты. Қиғаштап қиып өткен батар күннің алтын шапағы сонау көлеңкесі қоюлана бастаған қомақтылау ұшарын қызыл нұрға малып алғандай бояп тастапты. Ал бұтақтарынан ада төменгі ақ балтырлардан көктей өткен кешкі шапақ әрқайсысы бір-бір темір найзадай боп тұп-тура бері қарай зымырап, жамырап жетіп, дірілдеп тербеліп ту сыртқа ұзап барады.

“Қайран орман-ай! Көз арбайсың-ау! Тоймайсың-ау қанша қарасаң да! Күні бойғы сұрғылт аспаны, сұрғылт даласы мезі еткен көңілдің алабұртуын! Тал-дараққа сұқтанғыш қазақ мынандай әсемдікті, мынандай әсерлі әуенді үнді аңсайды екен-ау! Құс екеш құс та ағаш саясын паналап, бұтағында сайраса, тірліктің сол әдемілікпен кіндігі байланып қалатынына осындай селт еткен кезде болмаса, мән бермей бұйығыланып өте береді екенбіз-ау! Әй, ақ қайыңды жал-жал орман! Тазалықтың өзіндей боп жарқ етіп алдымнан шыға келгеніңе қуанып тұрғанымды сезе-місің сен! “Ақ қайың - жалған-ай!” деп күңірене күрсінетін үлкендер сенің осындай ақтығыңа, пәктігіңе қызығып, қимай есіне алады екен-ау! Ақ қайыңдай аппақ жалғанды көзі қиып кім тастар? Кім күрсінбес? Кім күңіренбес?

Ақ қайың - жалған-ай!
Жалған-ай! Қайырылмай кеткен арман-ай!

Арман ғой!.. Ақ қайындай арманды табу да арман, жоғалту да арман. Арман да ақ болатын шығар!.. Осы ақ қайыңдай таза, пәк болса ғой... Сол арманды мен табар ма екем?.. Қашан табармын. Әзірше түрі де, түсі де белгісіз арман дәл мынау ақ балтырлы сылдыр-

сыңғыр жапырақты қайындай боп сызылып, үзіліп шыға келсе ғой алдымнан...”

- Ау, Жарылғапжан!

Жарылғап елең етіп қап, жалт бұрылып, адырдан аттарын омыраулатып шығып келе жатқан Орынбай мен Әйкенді көрді. Орынбай сол өзінің салдырлақ әдетімен самбырлап қоя берді.

- Айтпап па ем орман болады деп! Орман деп осыны айтад та? Шетінен бірінен бірі өткен арулардай ақ қайыңдар! Әу, Әйкен-ау, көресің бе? Сен! Аумаған сен әнебіреуі! Жас кезіндегі... осыдан тура он жыл бұрынғы сен! Басыңа қызыл бөртпе шәлі салып, әппақ таңынды жарқыратып бір өтпеуші ме едің! Қайран да шіркін сол бір күндер-ай! Екі атпен, Әйкенжан, екеулеп қусақ та енді жету қайда біздерге! - деп күрсінбесе де, күрсінгенге бергісіз етіп ықылықтата дем алып Әйкеніне, жұбайына қарай беріп, кілт үні өшті. Әйкеннің дәл осы сәттегі өзіне әлгіндегі сөзіне еріп, елтіп кеткендей, күлімсірей қарап тұрғанынан кәдімгідей абдырап, келіншегінің батар күннің қызыл шапағына шомылған көзінің жайнап, жадырай құбылып өзгергеніне қызыға қарап қапты.

- Орынбай аға! Рас! Бәрі рас! Мынау жал-жал шоқ керемет өсем! Мынау әппақ қайыңдар екеу-үшеуден қол ұстасып алып әндете жөнелгелі тұрған арулардай ғой шынында да. Қараңызшы! Қараңызшы! - деп Жарылғап әлі де сұлулыққа сұқтанған көңілінің лепіруін жасырмастан жая салды.

Орынбай кеңкілдей күлді.

- Жарылғапжан-ау! Сен мен көргенді көре алмадың ғой! Байқамадың, көрмедің-ау!.. Ал мен... бірге жүріп те көрмейтін, қасында жүріп те сезбейтін мау-бастығымды танып тұрмын-ау! Анау әсемдіктен де әсерлі болатын көзді... жүзді таптым да табындым-ау!.. Ашыла білсе, әсемдік ешқашанда тозбайды екен. Көңіл мен көңілді қайтадан табыстырып, қуантып оралады екен... Сөйтеді екен, - деп Орынбай өзі мен Әйкенге ғана ортақ сырды жұмбақтап қана жеткізгенде Әйкеннің көзінен екі ауыр тамшы, екі ыстық тамшы күн нұрын сіміріп қос қып-қызыл моншақ боп өңіріне домалап-домалап түсті.

Әлгі домалап түскен қызыл моншақтарды Орынбай ғана көріп қап еді, дір еткен жүректің әлденеге алқынғанын, әлденеге қуанғандай, әлденеден шошынғандай күйге түскенін пайымдады.

- Әй, Әйкен-ай! Сені... өзіңді тап осындай ақ қайыңдардың арасынан алғаш көргенімді мен неге ұмытайын. Ұмыта алармын ба оны. Әділ мен Жоламан екеумізді күлкі қылмап па еді сонда. Сенде де үн жоқ, аузын ашса алақанға ақтарылып көмекейі түсе қалатын менде де үн жоқ, бір-бірімізге қадала қарап сілейіп тұрып қап едік-ау...

Әйкен күлімдеген күйі бас изей береді. Бас изеген сайын өзі де сол бір күйге қиялмен еріп, еніп кетті ме, алгүл жүзі балбұл жанып кешкі шапақтың қырмызы түсімен алабұртып тұр. Енді Жарылғап та жеңгесінің осы сәтіндегі бейнесіне қызыға қарай берді:

- Ореке-ай! Қандай жақсы едіңіз! Тағы айтыңызшы! Жеңешемді сол он бестегі қалпына қайтадан қондыра, ендіре қойғаныңызды білесіз бе?.. Екеуіңіздің мына қалпыңыз сондағы сіз айтқан, алғаш көрдік дегеніңізден мүлде кем емес. Адамдар бірін-бірі ұмыр бойы неге жақсы көріп, ұмтылып, ынтығып отырмайды екен деуші едім... Көрмейді екем-ау. Байқай бермеген соң... күпті көңілді бекер сыздатады екем-ау! Әйкен жеңеше, Орынбай аға, табысыңдаршы тағы анау ақ қайыңмен. Ақ қайынды арманмен. Жалғанмен! - деп тұрды да, кенет Жарылғап кешкі тынық ауаны тіліп жіберген жуан, кең даусымен шырқап ала жөнелді.

Дауыс қандай кең болса, әуені сондай әсем сыршыл ән енді мына Жарылғап бозбаланың зор ықыласпен ерекше шабыттанып қуаныш лепірткен кеудесінің шынын ақтара салуға ынтық күйімен есілгенде мүлде өзгеріп, бұған дейін естілмегендей, айтылмағандай өзгеше тың бояуымен, нәзік сезімтал ырғағымен жүректерді шымырлата түрткілеп қалып, сонау қырмызыға бөленген жарты аспанға, сонау қызым шәлісін бүркенген жал-жал қайыңға, сонау жым-жырт мөлиген шығыс беткейдегі қаракөлеңкеленіп бүрісіп, жақындап тарылып келе жатқан құла түз, құба жондарға шырқырап шығандап кетті. Тамыр бойлап

жүгірген қанды ысыта тасытып, сай-сүйек біткенді еріте босатып, еріте балқытып, тұла бойдағы қатып, қасанданып қалған түйсік-сезімдерді қытықтап оятып, оятып дүбірлетіп алып асқақ ән күшті зор дауыстың аңырата боздатуымен Орынбай мен Әйкен тұрмақ, үш атты да, мынау кешкі беймарал тыныштықтың алакүңгірт қойнына мұңая сіңіп бара жатқан маңайды да бір өзіне ұйыта табындырып ала қойыпты. Дәл қазір осы әннен, осы әнді шырқаған бозбала әншіден өтер құдіреттің жоғына бас иген жаратылыстың жандыжансызының мейірленгенін, мерейленгенін тыншыған дүниенің өзі-ақ тіл кескен ұлы тыныштығымен-ақ жар салып айғақтап тұр еді.

Орынбай ұзын мойнын қисайта созып, кішірек сопақша басының қос құлағын қалқайта тігіп, жүзінде қалқыған рахат күлкісінің табын жоғалтпай Жарылғапқа қадаған кірпіктерін жыпылықтатар емес. Мынау алыптың кеудесіндей кеудеден қарасұр жүзі нұрлана түсіп, кірпіксіз көздері жарқырай кең ашылып, жанарында қызыл арайдың алауын жылтырата ойнатып қап-қара қияқ мұрты тебіндеген жоғарғы ернін жиыра бүріп, үлкен күрек тістерге нұр шағылыстырып, нәзік сырын жүрек дірілімен, жүрек тілімен ғана айтатын әдемі әнді еркелете, ентіктіре бұралтқан жас серігіне осы қазір ғана көргендей, қазір ғана анықтап байқағандай бар ындынымен құлап қалыпты.

“Апырай! Мынау жас тегін емес дегенімді тағы бір растады-ау. Осыншама ауыр денеден, осыншама алып тұлғадан дәл мынадай нәзік сырлы тебіреніс, толғаныс табыла қояды дегенге көзім көріп, құлағым тұншымаса, сенбес едім-ау! Қалай қайырады! Қалай сорғалатады! Өнерлінің өресі ұзақ дәл осы-ау. Қиял жетпесті қолымен ұстап әкеп, көз алдыма тоса қойып, тоғытты да жіберді-ау мені! “Тазар да жуын! Жуын да тазалан!” деп бұдан артық айта алар ма. Бұдан артық тазалай да алар ма!.. Күмп етіп жұмақ көліне сүңгіп шықпадым ба! Көңілімде кіршік қалмады-ау. Қалдырмаған, аршыған әнші ғой! Жарылғапжан ғой! Асқақ әні, әсерлі әуені ғой. Мелшиген ішімнің дәл осылай дүрлігіп, дүбірлеп кетерін өзім де сезе бермейді екем-

ау!.. Нәзік саусақтарымен жанасып сипап етімді... бетімді жыбырлататын Әйкенімдей болды-ау!.. Сөйтті-ау!”

Осы ойының жетелеуімен Орынбай келіншегіне баяу қиыстай берген... Көрікті жүздің ажарлы қара көздері дәл сол сәтте бұған қиғаш қараспен төңкеріліп түсті. Сол қарас, бір ғана қиғаш ашылып, төңкеріліп жабылған қарас жетті де, бәрін жеткізіп үлгерді. Әншіге бұл өзі қалай ұйыса, қалай тебіренсе, өзінің Әйкені, өзінің адал жүптісі бұдан да бетер бұлықсып, толқып, сол толқыған кейпінде мүлде өзгеше нұрлана балқып, айрықша ажарланып алыпты. Дәл қазір өзге дүниенің есігін серпіп ашып, сол өзгеше қымбат дүниенің жүрегінде қылаудай қылшығы жоқ періштедей пенделерінің арасына сіңісіп кетіп, өзі де сол періште күйдің тазалығын, шынайылығын бүкіл елжіреген жан-жүйесімен қабылдап тұрғандай боп көрінді. Соны... сол түсінген түйсігін жалт еткен қабақтың астындағы жарқ еткен сүйіншті жанарымен ғана сездіріп еді... Әйкені одан сайын нарт қызарып күлімдей түсіп, қуана езу тартты.

Әншінің асқақ үні енді көмейден ақтарыла төгіліп, дәл осы екеуінің дәл қазіргі осы күйінің әсерлі көрінісін әсем ырғақтың жүрек қытықтағыш ыстық толқынымен баяндап кетіп еді:

Сарыарқаның даласы-ай!
Қайың, терек ағашы-ай!
Жүрегімді жандырды-ау!
Қалқатайдың қарасы-ай!

Ән құдіреті әншісі табылғанда оралатынын Орынбай тағы да сезінгенде, қалтақтаған басын тоқтата алмай, ұзын мойнын ырғай түсті. Көзіне жасауратып оралған жас тамшыларынан ыңғайсызданған да жоқ, кең ашылған ауыздың сілекейі шұбырып кеткенін де байқамайды. Бар ерік-ырқы әнші мен әнге еріп кеткенін де сезбес халде іштей ғана: “Айта алды-ау қасқа бала! Қасқа жігіт! Дәл әлгі Әйкен екеумізге бірдей тәубе дегізіп, мынау тіршіліктегі қара жерді басып жүрген күніміздің қадірін түсіндірген шү-

кірлігімізді тілімізге оралтты-ау. Әйкенім барда... маған деген пейілі мен тілеуі үнемі үстімде тұрғанда бұл жалғанның басқа-басқасына несіне қызығайын. Өз қызығым өз қасымда жүр екен-ау... тұр екен-ау. Соны мынау Жарылғапжан қалай сезе қалған, ә! Мынау әні мен туралы... біз туралы ғой. Сарыарқамның... саумал көлді салқын белді Сарыарқамның даласын, даласының мынандай қайыңын, көкке байлаған талтерегін, ағашын мен аңсамай ма екем! Бәрінен де бұрын қалқатайымның әлгіндегі бір ғана қиғаш қарасымен-ақ жүрегімді баяғысындай, осыдан он жыл бұрынғысындай астан-кестен етіп, жандырып жалындатып ала жөнелгенін бұл жас пері қалай біле қойған, ә?! Қолмен қойғандай етіп шырқауына қарағанда, ішіме кіріп-шықпады деп айта алармын ба? Шіркін, өнер! Шіркін өнерлі азамат! Сендердің жан жаратқан Тәңір хақтан нелерің кем! Күйінгенді сүйіндіретін, қайғырғанды жұбататын қайран да шіркін ән-әуендер-ай! Сүйінгенді күйіндіріп, есіргенді жылататын, ессізді ойландырып, есерсоқтың есін таңдыратын қайран да шіркін буынсыз тілдің бұрқырап ақтарар нөсер жыры-ай! Әділдің Бұқар ағаны қасынан тастамайтыны осыдан екен-ау. Бұқар ағаның қасынан бір елі айырылмайтын Көкен серінің табылуы да осыдан екен-ау!..”

Ән аяқталғанда атын тебініп қалып, ілгері лықсытып Орынбай Жарылғапты жанасып барып, жабыса құшақтай алды.

- Қарағым-ай! Тіл-аузым тасқа дейінші! Жарылғапжан-ай! Сенің Түйте көкең сенен қол бастар батыр көрем деп... батыр көрсем деп көксейтінін білуші ем. Сен сол әке тілеуінен де асып түскелі тұрғаныңды... асып түскеніңді сезе місің!.. Сен адам біткеннің қанатын қырқатын, адам-пенденің ғұмырын тыншытатын қара қылыш сермеген жауынгер емес, адам жанына қанат бітіретін, адамның арманы таусылмайтынын, сол таусылмас арманға мегзейтін құдірет иесі екенінді сезе місің!? Бар екенсің, бауырым! Жай ғана бар емессің, нар екенсің!

- Рахмет, Орынбай аға! Бірақ менікі қай бір тасып бара жатқан әншілік өнер дейсіз. Туған даламның

бір пұшпағына сүйсінгенімнен, сол әсемдікке сүйінген сіз екеуіңіздің көңілдеріңізден табылам ба деген көңілдің алабұртып қабынуы ғой менікі. Әйтпесе, ән салу қайда маған, - деп Жарылғап Орынбайдың құшағынан босады.

- Оу, Жарылғап қайным-ау! Әнші емеспін деуіңді енді бізден басқа ешбір жанға айта көрме. Күпірлік боп кетер. Бұдан артық қандай дауыс керек. Өлгенді тірілткеннен басқаның бәрін жасадың-ау әлгінде. Толқымаған жан болмас-ау сенің әнінді тыңдағанда. Жан жаратқан Тәңірдің сыйы емес пе! Тәрк етпе! Асылық қылма, қайным! - деп Әйкен қызуланған жүзінің қызынған жанының жалынымен лепіре сөйлеп, Орынбайдың айтқанына қуана қосылды.

- Жарайды-ақ. Сіздердің-ақ айтқандарыңыз болсын онда. Бірақ мен ән салғаннан гөрі домбыра тартқанды көбірек ұнатам-ау. Домбыра шерткенде өзімді өзім ұмытып, қайдағы бір қиян шетке адасып кете жаздайтыным да бар. Домбыраны тарта білсең, құлақ күйін қайыра алсаң, қасиетті аспап қой, қайдағы-жайдағылардың бәрінен ада боп, ішің босап, кеудең тазарып шыға келесің. Көкемнің Нәкен шеберге бесті ат беріп жасатқан домбырасын неге ала шықпадым деп өкініп те келем.

- Оу, Жарылғап-ау, сен өзі үндемей жүріп бәрін үйрене берген екенсің-ау. Сен тіпті менің Әділ досымнан да асып түсіп жүрме мына қалпыңмен. Әй, бір есептен осы сенің содан... сол төреден асқаның да дұрыс. Кеудесін кере бермейді ол сонда.

Жарылғап күле түсіп бас шайқады.

- Ореке, ешкіммен бәсекеге түсу ойымда жоқ. Сайыста, найза қадауда, нысана көздеуде, әрине, басқаға есемді өзірше кетіре қойғам жоқ. Ал өнер киелі ғой. Киесінен сақтан, балам, деген Биатам. Көкем де көп алдына шошандап шыға бергенімді қаламайды.

- Биатамыз айтса, сөз басқа. “Домбыра киесі - мықты кие. Оны ұстансаң, қатты құрметпен ұстан. Жеңіл-желпімен әуейіленуді шын домбырашылар жақамайды” деп еді-ау Әділ досым да. Екеуіндікі бір арнада тоғысса, дауласудың реті бола қоймас, - деп Орынбай келісе кетті.

Жарылғап қызыл табағы көкжиекке тұмсық тіреген күнге өткір көзді бір қадап тұрды да, әлгі кірпіксіз көздерді сол күннің алауынан тұтатып алғандай шоқ шашырата серігіне тіке қадады. Кірпіксіз көздер бірақ күлімсіреп тұрған-ды.

- Орынбай аға, сұрағым өрескелдеу болса, ғафу өтінем. Бірақ сұрамасам, көңілім көншімейтін сияқты. Осы сіздің манадан бері айта берген Әділ досыңыз кім? Қай Әділ?

Орынбайдың кеңкілдеген ақжарқын күлкісі даланы қалай тез басына көтерсе, солай жылдам басылды. Жарылғапты ұзын саусақтарымен тізесінен түртіп өтті.

-Құдай біледі дейінші, осы мен нағыз саппаспын. Мен саған Әділімнің кім екенін түсіндіріп айтпасам, әрине, сен ол Әділдің қай Әділ екенін білмейсің. Әділім - Абылай сұлтан ғой!

Енді Жарылғаптың аузы ашылып, көздері жыпылықтап қоя берді.

- Сұлтан Абылай ма? Сол сіздің, Ореке, досыңыз ба?

Орынбай күрсінді. Көзі күңгірт тартты.

- Дос болғанда да жалғыз шапанды бүркеніп, жалғыз жуаны бөліп жеп, жартықұрсақ күйді бастан бірге кешіргенімізді қазіргі көп жұрт ертегіге санайды. Ал ол - нағыз достың төресі ғой. Адалдық дегенді Алладан да жоғары қояды. Жоламан үшеумізді қосақтаған тағдырға ма, Тәңірге ме кейде іштей ырзалық айтып отырам. Алғаш танысқанда ол бізге де, Бөкеме де, Бөгенбай ағаны айтам, өзін Әділмін де таныстырып, Әбілмансұр атын да, Сабалақ атын да жасырған болатын. Ерді кебенек ішінде таны деген мәрт халықпыз ғой. Сол мінез сол Әділ ұланда да мол болатын. Әке-шешенің көзіндей асыл зат, әдемі бұйымын өз қолымен өртеп, артына бұрылар өткелін де тып-типыл еткен өзі ғой. Мені халқым атаның даңқымен, төренің затымен танымай, еңбегімнен, ерлігімнен, қызметімнен танысын деп жарғақ құлағын жастыққа тигізбеуші еді. Қазір сонысын кей-кейде ұмытып қалатынын көргенде, ішімде әлдебір қызыл пайда болады-ау. Дегенмен Абылай дос сұлтандардың ішіндегі сұлтаны ғой.

Жә! Жай-жапсарды Жоламаннан сұрап білерміз. Ол шіркін нағыз адам ғой. Достық дегенде ішкен асын жерге қоятын дүрдің өзі-ау. Досы үшін жанын қиып берер біреу болса, сол Жоламан ғана.

Бұл кезде сам жамырап, ымырт оралып, айнала бүркеуге түсе бастап еді. Үшеуі де тебініп, көліктерін қозғалтып, қырқаның астыртына қарай ылдилай жөнелді.

* * *

Жоламан ауылына келгендеріне екінші күн болғанда бұларды Бөгенбай батырдың үйі қонаққа шақырды.

Осы хабар құлағына тигеннен Жарылғапта маза қалмады.

“Үлкен адам, қазақ қосынының ту ұстаушысы, қолбасшысы. Атағы дүрілдеп орысқа, дүбірлеп шүршітке кеткен ғаламат батыр. Кешегі Тәуке ханның оң қолында отырған, бүгінгі Әбілқайыр, Абылай сұлтандардың арқа сүйері, айбыны мен айдыны. Әрісі бүкіл мұсылман еліне, берісі мұқым қазағына дабысы кеткен, дауысы жеткен қадірлісі. Қастерлісі. Сол... сол әкемдей адам мені... жалғыз мен емес... үшеумізді... бәрімізді үйіне шақырып, дастарқанынан дәм бермек боп алашапқын әбігерге түсіп жатқаны-ау. Қандай кең қолтық адам!.. Орынбай ағамен ыстық-суықты бір көрген соң, сол күндер ұмытылар ма... іздейтін, еске алатын да шығар-ау. Ал мені Түйтенің баласы болғаным үшін сыйлағаны... Ә, ә ескергені ме екен? Айтпақшы үш жыл бұрын Биатамның үйінде көріп ем-ау. Есінде қалмаған да шығар?.. Қайдан қалсын. Бөкеңнің бармайтын, көрмейтін жері, кездеспейтін адамдары жоқ қой. Қайсыбірін жадына тұта берсін. Ал мына шақырысы... әй, оларды да әбігерге салып, менің де мазамды алып, көңілімді қобалжытып жіберді-ау. Неге жүрексінем?.. Үлкендігін сыйлағаным ба? Қолбасшылығын құдіретке балағаным ба?.. Дабырасы таудан да үлкен ат-атағынан жасқанам ба? Әлде сол ат-атағына қызығып, сол атақты батырдың

алдына баруға, дастарқанында дәмдес болудан именем бе. Именетінім рас. Өз көңілімде осы Бөгенбай батырдай, Бөкемдей болсам-ау деген тілектің тірілгенін өзгеден жасырсам да өзімнен қалай жасырармын. Шіркін сондай атты күнге жетіп, мен де жекпе-жекке шығып, қара қалмақтың қол бастар батырының басын домалатып түсірсем... Анау ұлы хан Сәмеке... ау, Сәмеке қатты ауру деуші еді... олай-бұлай боп кетсе... Ойпырмай, ханымның садағасы кетейін, не ойлап барам. Аман-есен жүре тұрсын. Хан өлсе, хандыққа таласып көп сұлтандар тағы біраз кермелдесіп, қазақтың дауылдатқыш даласының талай шаңын суырар онда... Ә-ә, не деп едім. Иә, батыр атағым естіліп, хан мен сұлтандар атымды сұрап, оң қабағын беріп, оң жақ тізесіне отырғызса ғой. Әй, сұлтан-сұлтан деп, солардың әуеніне төңкеріле беруден қазақтың шаршайтын да кезі болмап па еді. Төреден тудым, текті. атаның ұрпағымын дегеннен басқа қолынан түк шықпаса да, төбедей боп төрде отыратын солардан гөрі алты алашы сонау қасиетті Төле атаны, қазақтың қара шаңырағының желбауы мен іргесіне мықтап қазылған қазықтары - Қанжығалы Бөгенбайды, Қаракерей Қабанбайды, Шақшақ Жәнібекті, Тама Есетті, Шапырашты Наурызбай жасты төбесіне көтеріп жүр ғой. Елдің бірлігін солар сақтамаса, бір-біріне қиғаш көздердің кірпігін сүңгілететін сұлтандар қазақты түгел қырып кетсе де, өз қара басының қамы үшін бүгін бүк, шігін шік түсірмей, көңілдері көншімес-ау?!”

Елуден жасы асып, сақалының ағы молырақ дендеген, дөңестеу қыр мұрынның үстінен адамға мейірлене қарайтын үлкен өткір көздердің отын өшірмеген ашық қабағын кең маңдайға керіп жіберіп, Бөгенбай батыр ішке еніп келе жатқан қонақтарына ұмсына түсіп, қол созды. Әсіресе Жоламаннан кейін қос қолын ұсына берген Орынбайды оң қолынан өзіне тартып қап, еңкейте қапсырып құшақтай алып, иығына иығын тигізе біраз ұстап босатты. Жарылғапты да жатсынған жоқ, әлгі қимылын қайталай беріп, мұның маңдайына жып-жылы ернін тигізе иіскеп өтті.

- Ат ізін салмай кеткенің қалай? - деп енді Орынбайға өзімсіне өкпе сыңайын білдірді.

- Әу, Бөке-ау! Өзге өзгені білмеймін, ал менің, құдай біледі дейінші, сіздерге деген көңілім адал екеніне жан беруге дайынмын. Ат ізін салмадың дейсіз... Мен мына сіз бен мына Жоламанды... сонсоң сонау Әділді... сұлтанды өзімнен артық көрмесем неге кем көрейін. Шобырымның құйрығы шолтиып таяқ болғанша, тұяғы кетіліп тулақ болғанша үшеуіңізді іздеуден жалығар ма екем. Неге жалығайын. Адам түгіл Алладан көрмеген жақсылықты, әкем мен шешемнен ерте айрылып... солардан таба алмаған туысқандық мейірімді, жақындық пен жанашырлықты сіздерден көрсем, сіздерден тапсам... соны Орынбай көзі тірісінде ұмытар болса, ақырзаман мезгілінен бұрын жеткені де... Өткен жылы келіп-кеткем. Сіз Әділмен мына Жоламанмен қара қалмаққа жорыққа аттанып кетіп, орындарыңызды сипап қалғам. Әйтпесе, бұл Орынбай іниіңіз жоқты бардай, ақсақты тындай ғып ертегіні өз басының естелігі ғып, өз өткелегін ертегіге айналдырып басыңызды біраз сонда-ақ қатыратын еді, Бөкем, - деп таза бейілдің қызуымен есіліп кеткенде, батыр бүкіл ауыр денесімен солқылдай күліп, өзгелерді де еліктіріп әкетті.

- Иә! Орынбайым, сен айтасың. Шобырыңды тұлпар болмаса да тұғырлы атпен ауыстырудың реті келгенін де жеткіздің. Сен ғана емес, сені біздің де іздеуіміздің, баруымыздың жөнінен адасқанымызды ұқтырдың. Бейілің ылғида түзулігін біз сағынбайды деймісің. Табысқан көңілдердің үлкен-кішісі, семіз-арығы болмайды. Бөтендігі тағы жоқ, - деп шын көңілден шешілген Бөгенбай енді Жарылғапқа қарай ойысты. Сонысын байқап қалған Орынбай тағы да елгезектігіне басып, ұшқырлық танытты.

- Әу, Бөке, сіз мына Жоламаннан естіп те жатқан шығарсыз. Бұл жігіт Түйте батырдың баласы, тұңғышы - Жарылғап. Қаз дауысты Қазыбек бидің батасымен дүние есігін ашқан оғлан. Бидің ықыласы ауған бұ жігіт - менің бұ сапардағы қанат-құйрық бауырым. Мына бір жағы қызыңыз, бір жағы келініңіз Әйкеннің құлақ құрышын қандырған әншілігі де бар. Бәрінен де бұрын бес қаруын білегіне қыстырып, беліне байлаған бұл балаңыздың батырлықтан да дәмесі зор.

Көкесі әдейі алдыңыздан өтсін деп ырым қылып жіберіп отыр.

Бөгенбай ақырын күліп, бас изеді.

- Көргем бұл баршынды! Сонда-ақ барлағам. Барлағам да бас изегем. Болар бала... - сәл кідірді. Келіндер жаққа елеусіздеу көз тастады. - Болар бала екені көзінен де, сөзінен де байқалған. Өкінтпейтін осындай өрендерім көбейсе екен деген тілекті ішімнен сонда-ақ айтқам. Сонымды бүгін де қайталаймын, қарағым Жарылғапжан!

Жарылғап кеудесін толқын соғып, тұлабойы ысынып қоя берді.

- Тырысармын, көке! Айтқаныңыздан табылуға ұмтылармын әманда, - деп қолын кеудесіне төсеп, қабағын серпіп-серпіп жіберді.

- Табыласың, ұлым. Сенем соған. Айтпақшы, Балта әкеңді сұрамаппын-ау. Көріп, кездесіп тұрасындар ма? - деп батыр тың әңгімеге көшті.

Жарылғап қысқа жауап қайырды.

- Былтыр мен барып қайтқам. Көкемдер көп араласпайды.

- Араласпайды әлі, ә. Апырай, ер егесте, нар кешудені кей-кейде ескермей, ерегісіп кететін жаман әдетіміз бар-ау, - деп Бөкең қабағын шытынды. - Ағайын арасының тыныштығын тілемей, өртін іздеген өркөкіректік өзегімізді осқылауын қояр ма?

Балта менің досым ғой. Оның үстіне ол менің өкіл шешемнің, екінші шешемнің... Рымжан апамның күйеу баласы. Тіпті оны баласы десе де болады.

Жарылғап басын шұлғи түсіп:

- Рымжан әжем Балта әкемді балам деп... кісі жоқ кезде кәдімгідей айналып-толғанып отырғанын байқағам. Қараша ағатайымның тұңғышын бауырына басып, “шөберемді сүйдім, енді маған дозақ оты арам” деп күлгенде, жүрегімнің қуана дүрсілдегенін айта алмаспын, - деп босаңсып кеткеніне ұялғандай түсін суытып ала қойды.

- Балта әкенді Кіші жүзге сіңіп кетті, кешегі Әжінің, бүгінгі Әбілқайыр ханның сойылын соғады дейтіндер көп. Сырттан пыш-пыштаушылар не демеуші еді. Біреу естігенін айтады. Біреу сол естігеніне

үстемелеп өсіріп қосып айтады. Әйтпесе Балтаның адамгершілігіне қылау жуытпағанын білсе, қаңқу сөзді пышақ кесер еді-ау.

Көкең... Түйте батыр бармайды де... Әрине кезінде оған ағасының тізесі батқаны да бар. Құдауәнде, осы мынау жалған тірлікте кейде ағайын ішінің бықсып жататынына таңым бар. Ағасы іниі тізерлеп, інісі ағаны тыңдамай шат-шәлекей келгенде, сонда өкпе сызы бір қалау тезектің түтінінен қалмайтынына мүлде пысқырмайды- ау.

Балта мен Түйтенікі де сондай болымсыз бір кикілжіңмен басталып, ақыры Жаңыл сұлуға, інілері Қылыштың жесіріне таластырып, ірге сөктіріп тынған-ды.

Әңгіменің ауырлап бара жатқанын сезді ме, Жоламан есіктен бас қылтитқан жігітке иек қақты. Сол-ақ екен сулығын иығына асып, жез леген мен құмған көтеріп бала жігіт кіріп келді.

- Ас дайын боп қапты.

Асжаулық жиналғаннан кейін де әңгімелерінің желісі қайтадан жалғасып жүре берді. Бұл кезде үйде кілең еркектер қалған еді.

Соңғы жылдарда Бөкең Әбілқайыр хан мен Абылай сұлтанда кезек болғандықтан қазіргі даласында болып жатқан уақиғалардың бүге шігесіне дейін білетінін сезетін Жоламан көбінесе ендігі көп сауалдардың тиегін өзі түртіп жіберді.

- Бөке, мынау Жарылғап балаңыздың көптен-көп білгісі келетіні осы сонау Аягөз жорығынан қазақтың қалай жеңіліп қалғанын, сол жорыққа сіздердің неге қатыспағандарыңызды өз аузыңыздан естігісі бар, - деп ентелей қалған Орынбай мен Жарылғапқа бір-бір қарап өтті.

- Е-е, алыстан шолмақ-ау бұл тастүлек! Шолсын, шола алса. Ашу алды, ақыл соңы тірлікте адам пенденің адасуы да, адастыруы да оңай ғой. Әз Тәукенің көз жұмып, үш жүздің игі жақсыларының бірі Қайып ханды, бірі Әбілқайырды, бірі Болатты ұлы хандыққа тықпалап, сүттей ұйыған ынтымақты қожыратып алған тұс еді ғой ол. Еп көздеген жерде сеп болудан қалатын ағайынның алалығы күшейеді. Күшейді ғой тап сол кезде. Ақыры бұқпантай ойнасқан

сол игі жақсылар бірліктің ыдырауына себеп те болмады ма. Ел ауқымына түскен қадау-қадау іргелі ел ағаларының іріленуін кейбіреулердің көре алмайтыны халқымыздың асқынған дерті емес пе. Сол билер кеңесінде Қаз дауысты Қазыбектің иығы ерекше өркештене бергенін, әділет сөзін көзге шұқып, басқа сабап айтатынын көп ырғасушылар қайдан жақтыра қойсын. Әділдігі таразыны басып бара жатқанын сезгенде солардың көбісі тізеге басып, көпе-көрінеу қиянатқа кетуден де тайынбап еді. Қара нардай алған бетіне тік салатын Төкем, қасиетіңнен айналайын Төле би әулием Қазекеңді қостады да отырды ғой. Екі алғырдың сөзі жұптасқан соң билікті білекке бере қойсын ба, туралығымен жарып шыққан-ды.

Бірақ жеңілгендер жеңілгенін мойындай қоймады. Мойындау қайда, одан кейінгі көп түйінді өздерінше шиелеп түюге әрекеттің көкесін жасамады ма. Ал кек-қызыл араласқан жерде ішке қан қататын әдеті ғой. Қандымойын айыпкерді қастан емес достан тауып, шатқаяқтап шап тіреп жатып алатын сыңарезулерді қайырудың қияметін тап сол жолы көрудей-ақ көргенбіз, - деп Бөгенбай батыр ішін босата ұзақ күрсініп, тап сол келеңсіз кезеңнің кер қайқаңында таралғысын үзердей шіреніп тұрғандай жүзі күреңіте қалды.

- Иә, иә!.. Негізгі тартыстың Аягөз жорығына бару-бармаудан өрбігенін білеміз, Бөке. Әлі де болса ханын азалап, көктем мен жаз бойы Түркістан маңында аткөпір боп жатқан қолдың дайындығы онша еместігін сіздер қанша айтсаңыздар да Қайып хан мен Әбілқайыр сұлтан көнбеп еді-ау, - деп Орынбай қызбалана килігіп кетті.

Әрине Бөгенбай дәл мына жерде көп нәрсені ашып тастауды жөн көрген жоқ. Шоқ тастаса өрттей лапылдап ала жөнелгелі тұрған жастарды бір жағынан үлкендердің арасындағы кикілжіңге араластырудың қажеттігі жоғын ойласа, екіншіден бір-біріне құпия сәлем жолдасып, бір-бірімен жең астынан жалғасып қалғандарды соншама жылдан кейін жұрт аузына іліндіріп, көп құлақтың қалқанына жабыстырып жіберуді қолай көрмеді. Ұрпақ қамын ойлайды,

татушылықты, бірауыздылықты уағыздап өтеді деген ел ағасы аталып жүрген кейбіреулердің десім қайтты дейтін ашу үстінде ме, есем кетті дейтін өкпе тұсында ма, алыстан жақын тауып, жақынын алыстатып алған ұшқары тілекті ісін, жуан білекті күшін керауыздардың қаңқу сөзіне нысана етуді де қаламады. Түбірден қопара сөйлеуге бұрыннан да жоқ адам бұл жолы да анау өйтті, мынау бүйтті деп нақтылап көземей, пәле басы болғандарды өздері-ақ іштей жобалай берсін деген ниетпен көп жағдайды айналсоқтап қана өтті.

- Сол жорыққа үгіттеуде Қайып ханның айтары бір бөлек болды да, Әбілқайыр ханның ұсынары өзінше бөлек боп отырды. Бірақ ә дегеннен-ақ Орта жүзді екеуі де шеттетуге тырысып-ақ бақты. Қайыптың Кіші жүзге бүйрегі көбірек бұратыны белгілі. Әбілқайыр боса-бомаса да солардың үлкен сөзін бұрыннан ұстағыш. Сол сапар Қайып орыстардың от қаруын алып қойғандай, орыс салдаттарын жасағына қосып алғандай желпінгенін көрген де арманда, көрмеген де арманда. Тақымға басқан алтын тақтың буы қандай! Кеше ғана үлкенмен сыпайы, кішімен әмпейі Қайыптың көлеңкесіне де зар болып қалдық емес пе. Көкірегін текіректетіп, өзге өзге түгіл кеше ғана көздеріне түсуге асығатын Төкем мен Қазекемнің өзін жүре тындап, ауыздықты ал кеп шайнасын. Хан билігін алдым, енді ел билігін де ешкіммен бөліспеймін дейтін тойымсыз қомағайлық, үш жүздің тізгінін ұстаған ұлыс билерінің бет-беделінен қаймығып, соларды біраз ылдилатып алайын дейтін шолақ дәрменге қол создырған еді-ау. Асыл тек Әйтекем ертерек о дүниелік боп кетті ғой. Сол әруағыңнан садаға кетейін азулы бидің бір сөзі есімнен кетпейді. “Қайып хан, - деген бір әңгіменің ретінде мысқылдап күліп қойып, - айтақтасаң үрмейтін, жетектесең жүрмейтін, сүйек кеміріп жатқанда үстіне кеп қалған иесін де қабатын үндемес ит сияқты-ау! Қабағы тым қалың ғой, сірә, іші мүлде жұтаң болар!” Сонысын танытты ғой. Аягөзде жеңіс дабылын қағатынына сенімі сондай күшті болатын. Жоңғардың жонын тіліп, омыртқасын өзі үзіп қайтса, ертеңгі ел Тәукенің ұмыр бойы алысып, жеңе алмай итжығыспен жүрген ата жауын

бір-ақ сәтте тып-типыл еткен Қайыпты алқалап алақанында ұстамас па деген құтыртқан дәме, сол айдай атақ пен әлемдей абыройды бөтенмен неге бөлістірсін. Орта жүз бен Ұлы жұздің қанжығасына бөктертіп қоя берсе, ат-атақтан не қалар. Осы ғой, осы іштарлық қой Қазыбек биді де, Төле биді де шеттетпекші болған, - деп батыр дәл сол кездегі кеудеден итерген теперішті қайтадан кешіп кетті ме, қою қастарын тұтастыра, дөң қабақты маңдайға қарай серпіп жіберді.

Жоламан батыр ағасының көңіл күйін бағып өскендігіне басып, жалма-жан саптамасының қонышынан өзі атпаса да тастамайтын мүйіз шақшасын суырып алып, етігінің тақасына тық-тық шекіп қалды. Сонсоң тығынын ашып, шақшаны Бөкеңе ыңғайлай ұсынды. Батыр да үйреншікті машықпен алақанын тоса берді. Бытырадай күлгін жасыл насыбайды үлкен мұрнының қос танауына бір-бір сүйкеп өтіп, ысылдай терең дем алып, иіскеп отырып қалды.

- Білеміз ғой. Онда Жоламан-ау, сен жассың. Ал Жарышғап, сен туған да жоқ шығарсың, - деп Орынбай осы үнсіздікті пайдаланып жүйткімекші еді, Жарылғап бас шайқап, тамағын кенеді.

- Туғам. Көкем айтқан. Мен туған күні Әз Тәуке ханымыз көз жұмыпты. Шілдехана тойым той-ланбапты. Менен кейінгі егіз - Тілеуберді мен Қабыл інілерім туған күні көкемнің екінші әкесі Шаң атамыз қайтыс бопты. Сол інілерімнің де шілдеханасы өтпепті. Ел ішінде “Түйтенің тойындай” деген мәтел сөз бар. Той тойланбай қалғанда айтылады екен.

- Солай де. Ал мен сол кезде Түркістанда болғам. Сушы, отыншы, қазаншылар арасында. Аягөзге бармақшы ниетте едім. Жасым он сегізге толған. Тепсем темір үзетін кезім. Өсербай байдың жылқысынан бір қысырақтың үйірін айдап келгенбіз. Бірақ жылқышылар мені қазаншылардың қасына қуып жіберген, - деп Орынбай сөзінің аяғын сұйылтып алғанын өзі де байқамай қалды.

Жоламан күліп, Орынбайдың иығына қолын салды.

- Сенің, Орынбай, тамақсау екенінді ескергені шығар.

- Ә-ә... рас, рас! Үңіреңдеп жүрген, қай табақ қай үйден тықырланбай қайтады деп жүрген аш құрсақ шақ емес пе. Сонымды ескерсе ескерген де шығар... Ал бір құнанды менің бәсірелеп, жауға мінер ат қылып жүргенімді Өсербайдың өзі құптаған. Баласының орнына мен барсам, ол сығырдың қылшығы қисаяр ма. Жабдығымды, сауыт-сайманымды сайлатып, осындағы базардан сатқызып берем деген уәдесі де бар-тын. Әттең, Орта жүз жасағы бара алмай, мен солардың бәрінен жұрдай болдым ғой, - деп дәл қазір өкінгендей шала бүлінді.

- Иә, жорыққа бара алмадық. Сұңғыла ғой Қаз дауысты Қазекем. Көріпкел әулие десе де болады. Бірақ әулиелігінен де бұрын өткен-кеткенді есептеп, алдағыны болжап, ел ішіндегіні екшеп, ел сыртындағысын түгендеп отыратын алғырлығы ересен ғой. Кейде бір күні бұрын қай тұстан қандай сөз, қандай іс жетерін, қай елден, қай қиырдан қандай зобалаң туарын, соның алдын алудың жолын айтып, қалай жеңілдетіп кетудің жөнін, жобасын қарастырғанда, алғашқыда көбіміз “осы үлкендер құр білгішсіне береді, жау-жау деуінен жаңылмайды, солардың ішіне кіріп шыққандай-ақ!” деп жүре тыңдап, кейінде қасиетті ұлыс биінің айтқандары қолмен қойғандай етіп оралғанда, талай рет опық жеп өкінішпен бармақ тістегенбіз. Содан былай осы құрметті ел ағасының кемеңгерлігіне өз басым құдайдай сенем. Ал, Қазекем айтса қалып айтпайды. Өзгелерге ұқсап ешқашанда дүние сөзін де айтпайды.

Әңгіме әлгі Аягөз жорығы төңірегіне ойысқанда билер кеңесін сол күні басқарып отырған ардақты Төкем, Төле би ағаны айтам да, қамшысы көп шошаңдап кеткен Қайып ханды да, ханның өзгеден биікте тұрған алтын тағын да, ханның оң жағында ол да биіктеу отырған Әбілқайырды көрсе де көрмегенсіп, сөз кезегін Қазыбек биге итере салған еді. Әрине ханның да, сұлтанның да ығырта қарағанынан ыққан жоқ. Ыға беретін осалың да емес қой Төкем!.. Сол Төкемнің жалт етіп өздеріне ғана белгілі қараспен бас изегені Қазекемді қатты қайрап асықтырғандай сезілген.

Бөгенбай бұл кезде қымыз келтіріліп, алдына

жеткен ақ толы тостағанды жалпақ алақанымен кесе көтергендей жеп-жеңіл іліп алып, аузына апарған бетте, көмейіне төңкере салды. Тостағанды орнына қойып, мұртының шалғысына жұққан ақты сұқ саусақтың қырымен үйкеп-үйкеп жіберді де, үш жігітке жағалай көз жүгіртті. Үшеуі де әлгі әңгімесінің әсерінен арылмай, ауызына қарап отырғанын байқап, сөзін жалғап әкетті.

- Қазекемнің сол күнгі сөзі елдің ішкі тынысынан гөрі сыртқы жағдайға көбірек арналды. Ел басына күн туған уақытта жүгініске түскен әңгіменің сүрлеуіне бірден салып, ағындады-ай бір келіп. Маңайдағы болып жатқан жай-жағдайдың бәрін қолмен қойғандай етіп айтқанда көбіміз бас шұлғудан неге жалығайық. Айтты ғой бәрін. Орманнан шыққан сары орысың Арқаңда неге ойқастап жүр. Сонау ұзын аққан қамал қабырғасынан сығалап, сығыраңдаған шүршіттің ішіне қандай арамза пікір түнеді, құба қалмақ пен қара қалмақтың бүгінгі сыңайы қандай. Сыбан-Рабтан мен Петр патшаның елшілерінің құйрығы неге жер иіскемей, алашапқын болуда, сол өркөкірек Сыбан-Рабтан Қытай боғдыханы Кансимен дәл қазір неге ауыз жаласып қалды. Сол екеуінің арасындағы келісімшарттың қазақ жұртына, қазақ даласына қандай әсері болмақ, - бәр-бәрін көз алдымызға мөлдіретіп тізіп тастады-ау қайран кемеңгерім!

“Оу, ағайын! - деп еді-ау қаз дауысын қаңқылдата созып, маңдайда жіпсіген терін маңлық орамалымен құрғатып әкетіп. - Оу, ағайын! Орысың анау Тобыл мен Тұраға топырлатып әскерін үсті-үстіне неге төгіп жатыр дейсіз. Жерінен айырылған, жерінен зорлықпен айырған екі көшпелі елдің көлденеңдеп килігерінен қауіптенеді. Анау жоңғар ханы Қытаймен келісім жасаса, оның шүршіттен қолы босайтынын бізден бұрын сезіп отыр. Жансызы мен тыңшысы дала-мыздың тау-тасында түнеуден кенде емес. Ендеше сол хонтайшының нөпір тасқындай шерігін өздеріне жолатпай, түндігі күнде желпілдегіш, бірін-бірі күндегіш, басы бірікпес қазаққа айдап салуға жан-таласа кірісіп те жатыр. Сібір гүбірнаторы Мәтбейдің бізге де уәдесін тез бере қоюынан мен былтыр-ақ секем

алғам. Келісімшартын орындағыш болса, бір жылға созбай-ақ берер от қаруын ендігі бермес пе еді. Қосар әскерін ендігі қоспас па еді. Ол жоқ. Көлеңкесі де көлбеңдемейді әлі.

Оу, ағайын! Уай, билер! Дәмелене-дәмелене дәрменіңді қашанғы тауыса бересің. Бос үмітке бой алдыру - тірсегіңді шалдыру ғана. Сол уәдеге күпті қылған орысың арыстай ханың, қасиеттің Тәукең көз жұмғалы бірі келіп төбе көрсетті ме? Жоқ! Мен білмейтін, сендер білмейтін битті көз, шоқпыт шекпенді жансыздарын ғана жұмсап, қазіргі жылау күндердің бұлау көзінен жас аға ма, қан тама ма деп, аузымызды бағып, кеудемізді ақтарып жатпағанын қайдан білейік. Ендеше дәл осы жолы бұл жорықтан бас тарталық. Алдымен алды-артымызды екшейік. Жаңа ханымыздың жай-жапсармен таныса, табыса түсуіне епсектік етейік. Мынау әр ауыздың әртүрлі қисаюынан түршіккен түрімізді тіпті ұлғайтып алмайық. Татулықты қатулықпен ықтырмайық, берекеден айрылмайық. Жорыққа бардық дегенше жоңғарға ұзын құрық бердік деңдер. Оларға дәл осы сапарда орыс қаруы да, орыс әскері де қосыларына сенімім кәміл", - деп түйіндеп еді-ау. Амал не, қамшысын бұлғақтатқанда көк аспанды тесіп өтердей қопаңдайтындар ірі сөйлей бастай беріп, артынша-ақ ұпай көздеп, кәкір-шүкірді қоңырсытып, қырық жылғы өкпесін қоздырып, Қазекемнің түбірлі сөзінің түйініне жетудің орнына, мәселенің төркініне маңыз берудің орнына ерегістің қызыл тілін сумаңдатты да қойды емес пе.

Алдымен қырсыққан ханның өзі. Орта жүзсіз-ақ ойсыратамыз ойратты. Қорықса, қала берсін. Ерем десе де ілестірмеймін дегенге дейін жетіп, ал кеп шапшысын. Әбілқайыр терең ғой. Құлықты әріден ойламай ма. Оның да өзіне өзегі бұра қоймаған Орта жүзге қыжылы мол. Қыңырлыққа бір басты да, түзелуден алшақтап алды. Әрине мен Әбілқайырдың Қайыпқа неге ергенін сезгем. Сонда-ақ сезгем. Кейде ол менен сыр жасырмай, салдырап айтып қалатын. "Әй, осы жолы Қайыпты бір қан құстырармын-ау!" деп құшырлана елігенін көргем.

Бәрі солай болды да ғой.

Бөгенбай ағасының ойы ауырлап кеткенін байқап Жоламан Жарылғапқа бұрылып, иығынан ұстап өзіне қаратып алды.

- Жарылғапжан, Бөкең сені өткенде “сұмдық домбырашы екен!” деп мақтап келген. Содан мен сенің домбыра шерткеніңді бір тындасам деумен жүрмін. Түйте көкеңде жоқ өнер саған қайдан жұғып жүр? - деп күле түсіп, қолқа салды.

Орынбай тағы шапшаң мінезімен алға түсті.

- Ойбай-ау, Жоламан-ау! Сенің Жандыр досыңның көкесі Аралбай батыр керемет күйші! Анау Биата да домбыраны оңашада үнемі шертіп отырады. Қаракесек -домбыра түнеген ел ғой. Шетінен әнші, күйші бұлар! - деп лып көтеріліп барып, жүкаяқтың үстінде жатқан домбыраны әкеліп, Жарылғапқа ұстатты. - Шертіп көрші. Бөкемнің үйінде тегін домбыра ұсталмайды. Шебердің қолынан шыққан мүлік қой.

Жарылғап домбыраны көп күйттемей-ақ, Орынбайдың айтқаны рас екен, күйіне келіп күмбірлеп тұрған аспапты безілдете жөнелді. Сағадан шанаққа, шанақтан сағаға құлдилап, өрмелеген сол қолдың добалдай, бірақ жүйрік саусақтары перне қуалап, дыбыс аулап алыса, жарыса текіректегенде, оң қолдың бес саусағы бірде қақпақты сипалап, бірде шанақты тепкілеп, ал кеп дуылдатты. Дүрмек үндер толқындап жетіп, толқындай шапшыды, толқын боп тулады. Сонар шалыстан естілген нәзік шырыл мен қатаң зіркіл біраз астасып тұрды да, саусақтар шалысын өзгертіп пернеге нық-нық жебелей қадалғанда, дүбірлеп жетіп даланы күңіренген зар үні, зар үнін көме ызалы кек қайрауы басып кетті. Күй шамырқана долданды. Долданған күйден кейуананың “Елім-айлаған” аңырауы есіліп тұрды да, кенет жарқ етіп көк аспанға самғай ұшқан мұзбалақтың саңқылындай жүрек тыпырлатар қайрауық шымыр әуенді ал кеп шарықтатты. Сол-ақ екен әлгібір бас бармақтың астынан үзік-үзік бірде “Елім-ай”, “Елім!” деп, бірде өксіген ана, күрсінген ата үні боп естілетін нәзік үн мүлде жоғалып кетті. Енді шаңқ еткен қыран үні, сонау жалғыз төбенің үстіндегі саңқ еткен Әнет бабаның,

Әнет бабаны күйімен демеген домбырашы жігіттің қимылымен әсерлене күшейіп, қажырлы, сергек үндердің тасқынына ұласты. Көздерде ұшқын тұтатып, көкшіл оттарды билетті. Кеуделерді қақайта тіктеп, мынау отырғандарды тегіс баурап алып, өткен күндердің елесін құдіреттендіре тірілтіп, арманшыл азат қазақтың даласындай кең кеудесіндегі жауына деген өшпенділікті, досына деген мейірімді ал кеп айғақтасын.

Бөгенбай да, Жоламан да Жарылғапты бөтен бір уалайаттың жанындай, бөгде тірліктің бөгде қасиетті ғаламат оғланындай көре ме, үлкен көздерін бақырайта қадап, басқа дүниенің, пәни жалғанның ащы-тұщы-сын, қызық-шыжығын, бар-жоғын түгел ұмытқандай елжірей тыңдап, ұмсына құлап қалыпты.

Қыл сағақты қысып алған Жарылғаптың жуан ірі сол қолының саусақтары дірілдеп тұрып алғанда, әлгі саусақтарға көзін байлап отырған Орынбайдың кішірек басы да қосыла тербеліп кеткен-ді. Кенет ішек үстімен төмен жүйткіген әлгі саусақтарға қоса ілескен қалтақ бастың көздерінен ыстық тамшылар ытқып-ытқып шықты. Жүйрік саусақтар іле қайта шапшып, үш-төрт пернеден үн аулап, дыбыс саумалап, сұңқылдатып бір жөнелді-ай! Сұңқылдаған үн содан соң баяулай қалып қоңыр әуенмен “Елім! Елім-айлап” шерлі сарынды жамыратып бір егілтті-ай! Содан осы бір жүрек шымшылаған нәзік оралымды бұралтып барып, қыз күлкісінің әсем сыңғырына, сәбидің шат уілін араластырып, әй бір созылтты-ай! Сол майда нақыш-пен уанып, жұбанып отырған жүректерді оқыс шамырқандыра қайтадан асқақ әуеннің қыран шаңқылындай қажырын дүбірлете жөнелді де, сонау биіктен ынтықтыра, асықтыра шақырған жігер қайрауын кілт үзіп кеп қалды. Күй бітті.

Жоламан Жарылғапты оң қолымен қапсыра құшақтап, бар алғысын сол қимылымен үнсіз білдіргенде, Орынбай қопандап Бөкеңе бір қарап, Жарылғапқа бір қарап, ақыры шыдай алмай жіңішке дауыстың шырылын жаңғырықтырды.

- Әу, Бөке-ау! Құдірет мына он саусақта жатыр ғой! Найза ұстайтын жуан жұмырықтың нәзік үнді

сорғалатқанын көрдіңіз ғой! Қалай тіл бітірді қара қарағайға! Құдай-ау, айтпағаны жоқ қой! Жүрегімнің қысылғанын, жүрегімнің алас ұрғанын қалай жеткізермін!

Бөгенбай батыр гүр ете қалды.

- Жарылғапжан, мен сені тағы да мақтайын деп отырғам жоқ. Мен сендей ұландармен марқаятынымды ғана айтпақпын. Өркенің өссін, ұлым. Қазақтың сендей ұлдары көбейсе, елге құт боларын білем. Бір түйгенім мынау. Әрбір талаптының мұрат етер биігі болады гой. Сол биігіңе ентікпей жет. Өйткені талабың да, өрісің де алдыңда. Өрісіңнің кең, талабыңның биік боларын әлден-ақ болжаған түрің бар.

Сол күннен кейін-ақ Жарылғап Бөкеңмен де, Жоламанмен де емін-еркін сөйлесіп, бөгетсіз араласып кетті.

Жоламан Гүлбануға қуырдақ қуыртып, үшеуі дастарқан басына енді отыра бергендері де сол еді. Сырттан дабырлай сөйлеп Тасболат енді. Бойы серейіп, аяқ-қолы дертедей боп Жомарт атасы мен Жауынбай әкесіне тартатынын білдіріп тұрғандай. Жарылғапты алғаш көргеннен қатты ұнатып, кейде кәдімгідей еркелік мінез танытып, аға тұтып өзімсініп алған. Биік қабақтың қасы жасы ұлғая келе қалыңдайтынын әлден сездіріп, үлкен ойлы көздердің үстінде қап-қара боп доғалана қалған. Қыр мұрынның ұшы сәл жалпая түсіп, ақсұр жүзге өзгеше рең береді. Адамға көбінесе күле қарайтын, сол күле қараған кезде ірі ақ тістердің дымқылында күн сәулесі ойнайтын өспірімнің өзгелерден мейірбандық іздеп, өзі де сол бауырмалдықты өзгеге бөлісуге құмартып жүретінін Жарылғап та андап қалған еді. Әңгіме-дүкенді бос жібермей, ретті жерінде өзі де араласып кететін Тасболатты бұл да інісіндей жақсы көріп кеткен. Қазір де дабырлай сөйлеп енген бала Жарылғапты көріп катты куанғанын жасырған жоқ. Үлкен көздері жалт етіп қарағанда жарқырап кетті.

- Пәлі! Жарылғап аға кепті ғой! Ал мен сізді өзен жақтан іздеп жүрсем...

- Мырзажан-ау, Ерболды неге ерте келмедің? Ол шіркін шақырсаң да келмейтін болды. Тамағын да

дұрыстап ішпейді, - деп Гүлбану қайнысына күле қарады.

- Ой, тәте-ау! Ойын баласын қашанғы ойынынан қалдырып қолынан жетектеп жүреміз. Ойыннан қалса, тойдан қалғандай болатын тентектер ғой. Қарны ашса, өзі-ақ жүгіріп жетіп келеді, - деп Тасболат өзі есейіп кеткендей-ақ салдырлай сөйлеп, селкілдей күліп ала жөнелді. - Әлгінде ол анау Әшірбектің үлкен ұлымен қошқар сүзістіріп жүріп, құлап қалғаны. Жүгіріп барып, орынынан көтеріп тұрғызсам, қолымнан жұлқынып "Жібер, аға, жіберге!" басқаны. Өзі қолтығымның астынан бір жаққа қайта-қайта сығалап қарай береді. Сөйтсем, анандай жерде Әнгелбайдың қызы ше, Күлшесі ше, сол тұр екен. Әлгі кішкентай қызалақ ше, сол біздің Ерболға тілін шығара ма, құлап қалдың дей ме, сығыраңдап мазақтасын кеп. Ербол босана сап, көк қошқарға қарғып мінді. Тура Тайбурылға қонған Қобыландыдай... Содан, тәте-ау, біздің Ербол Әшірбектің ұлын қошқарымен қоса домалатып жібермесі бар ма!.. Айқайлағанын көрсеңіз, ағатай! "Әруақ! Жомарт! Жо-март!" дегенде менің арқа-басым дуылдап қоя берді-ау! - деп Тасболат әрі мейірленіп, әрі шаттанып тұрды да, ағасына Жоламанға жалт қарады. - Ағатай! Анау Мекелай ше... Батыр көкемнің тамыры, сол керемет мерген! Бүгін екеуіміз біраз мылтық аттық. Сонсоң қармақ салып біраз алабұға ұстадық.

Жоламан күлді.

- Әй, Тасболатжан-ай! Елде жоқты шығарасың да жүресің-ау! Балығың не? Жетіп жатыр ғой осы үйде аңның да, малдың да еті! Міне мынау кешегі мына Жарылғап ағаң екеуіміздің атып әкелген арқардың қуырдағы! Су татыған сол жылбысқы балығыңды біздің қай қазақ тамақ қылушы еді, - деп танауын тыржитты.

Тасболат ернін бұртита берді де, қайтадан күліп ала жөнелді.

- Әй, ағатай! Сіз өзіңіз сол балықты жеп кердіңіз бе? Жеп көрген жоқсыз. Қуырып жесеңіз, дәмі таңдайдан кетпейді. Ал сорпасын үш қайнатып барып ішсеңіз, ой, қандай керім! Тағы да ішкіңіз кеп аңсап тұрасыз. Оллаһи, ағатай! Орынбай ағашылап, құдай

біледі дейінші, орыстардың охасындай[1] сарымсақ қосып пісірген сорпаны бір ұрттасаңыз әлгі Мекелайдың соңынан қалмай, “тағы, тағылап!” сұрайтыныңызға тура бәс тігем! Әу, тәте-ау, сол сорпаны Мекелайдың пісіргенін бір көріп алсаңыз-шы!.. Әрине, мен де одан кем дайындамаймын қазір. Балық та бар. Бір шелегін алып келдік...

Гүлбану сыпайы езу тартты.

- Мырзажан-ау, отырсаңшы. Қуырдақ суып барады. Сорпанды да үйренем ғой.

- Ой, бал тәтем! Сізді сондай жақсы көрем. Бірақ өкпем де бар.

Гүлбану елең ете түсті.

- Қой, ей, Мырзажан! Неге өкпелеп жүрсің? Қайтіп өкпелетіп алыппын?

- Осы кейінгі күндері... біраздан бері мені бұрынғыдай Телтентек қайным деп атамай кеткеніңіз калай? - деп Тасболат әлі де қолын жуып жатып жеңгесінің бетіне бұрылып қарап қойды.

Гүлбану рахаттана күлді.

- Ой, Телтентек қайным-ау! Бәсе, Мырзажан, Мырзажігіт дегенімде неге үндемей қалады десем, осындай өкпең бар екен-ау! Сен енді он үшке қарадың, отау иесі болатын жасқа жеттің. Бұрынғыдай тентек деп жатсам, анау Әнгелбайдың үлкен қызы - Күміс әнеугүні күліп ала жөнелмеп пе еді. Сен енді Мырза жансың, Мырза жігітсің, Телтентек қайным. Батыр атамыздың шаңырағын сен көтересің! Сен бәріміздің ендігі ұйытқымыз боласың!

Тасболат Гүлбануға еңбектеп келіп, бетін кеудесіне басып құшақтай алды.

-Тәтем! Бал тәтем! Мен сізді, ағатайым екеуіңізді ешкімге теңгермеймін. Апамнан да... иә апамнан да артық көрем, бал тәтем!.. Мырзажан десеңіз дей беріңіз... Сіз айтқандай мырза жан бола алсам... айтқаныңыздай боп шықсам... онда ма онда ағатайым екеуіміз... жо-оқ анау Ербол үшеуіміз Садырды қайта тірілтеміз.

Гүлбану еңкейіп қайнысының тақырлап қырғызған

[1] Уха дегені.

төбесіне ернін тигізді. Емірене иіскеді. Қара көздерін жиектеп жас мөлдіреді.

- Мырзам! Мырзажаным, сөйтесің. Сөйтеміз, - дегенде Жарылғаптың іші от түскендей алаулап, кеудесі қысыла тулап, мына бала жүректің ақтығына, тазалығына бір сүйініп, сол таза балаға, қайнысына деген ақ жеңгенің өзінің аппақ жүзіндей ақ пейілінің мөлдіріне шомылғандай тағы исініп, еміреніп кетіп еді, көзінің тұмантқанын сезіп, төмен еңкейе берді. Төмен еңкейген қалпы ерсілеу жөткірініп күректей алақанымен бетін,аузын басып, сипап әкетті.

- Әй, қос тентек! Тамақ суыды ғой, дастарқанды қашанғы тосқызамыз, - деген Жоламанның да даусынан діріл нышаны байқалып қалған еді.

Құйрығымен сырғып дастарқан шетіне жақындай берген Тасболат қайта көтерілді.

- Ой, ағатай! Пәле, менің ұмытшағымды қараңыз. Шақырып әкеліп, қонағымды тыста қаңтарып қойғанымды көрмейсіз бе.

Жоламан жымия қарап, қасын керді, ештеңе деген жоқ.

- Мекелай ғой! Оның да қарны ашты әбден.

- Ә, Мекелай болса, шақыр! Кірсін!

Тасболат сәлден кейін жирен мұрт, қаба сақал аспан түстес көкшіл көз ұзын сары орыс жігітін ертіп кірді. Табалдырықтан аттай бере әлгі дауыстап сәлем берді.

- Салам әлейкум!

- Әліксалам! Мекелай, жоғары шық!

Жарылғап жасы үлкенді сыйлап сәл төмен сырғи беріп еді, жирен мұртты иығынан ұстай алды.

- Болмайд, тамыр. Сиз қонақ! Тор сиздікі. Біз ауыл адамы, - деп төмендеу малдас құрып жайғасып алды.

- Қазақшаңыз тәуір екен! - деп Жарылғап көңілшек қазақтың елпілдеуімен бірден құлап түсті.

- Қазақ арасында коп жүрген соң әрине білу керек. Ойратша да сөйлеймін! - деп сәл тілін бұрағаны болмаса, жатық сөйлеп, ұланды одан сайын баурап әкетті. - Мен сол қара қалмақта посол Угримовтың... ә-ә, елшінің қасында болғам. Бір жағдаймен мені хунтайчи жібермей ұстап қалған. Бугенбай аға ғой мені босатып алған.

- Енді не істейсіз? - деді Жарылғап.

- А-а, қазақта мақал бар: “Ер туған жеріне” И я... мен де караванмен... Ташкеннен жақында қайтатын кар... керуенмен Руссияға кетемин, - дегенде көзі кәдімгідей жайнап қоя берді. Соны көрген Жарылғап іштей ғана: “Әй, туған жер! Ыстықсың ғой сен! Бұл да, орыс болса да атажұртын аңсайды. Іздейді. Сағынады. Сағынбауға бола ма? Әрине адам болған соң әркімнің де жақсы көретін жақындары бар ғой”.

- Атаң, анаң бар ғой?..

- Ата... дедушка что ли? Атам жоқ. Олген. Батя... көкем... апам бар. Мен оларды көп сағындым. Скоро бес жыл толады көрмегениме, - деп Николай-Мекелай жай ғана күрсініп, шегір көздерге мұң ұялатты. Жарылғап аяп кетті.

- Көресіз!.. Әке-шешеңізді көріп, мауқыңызды басасыз әлі.

Жоламан да мына жақтан дауыс қосты.

- Көп ұзамай керуен де кеп қалар... Әу, мына құырдақ мүлде суып кететін болды ғой. Кәне, алындар. Жарылғап, Мекелай, асап-асап жеңдер. Тасболат, қонақтар сенікі. Қонақ тамақты жақсы жесін десе, үй иесі алдымен өзі алып отыруы керек...

Дастарқан жиналысымен Жарылғап Николайды әңгімеге тарта бастады. Әсіресе жас жігіттің ойраттың қазіргі кездегі аласапыран тірлігінің жай-жапсарын білгісі келгені Николайға да ұнады. “Азамат! Бәрін білуге құмартуын қарашы! Әрине жауының қыр-сырын ұғу болашақ батырға керек. Ал бұл жас елін қорғайтын нағыз сарбаз... жоқ, сардар болады әлі”.

- Оларда, ойратта Қалдан-Серен хунтайчи. О-о! Ол коварный... қалай деуші еді, зәлім адам. Осыдан сегіз жыл бұрын Сыбан-Рабтан өлгенде жоңғар тағына Қалдан-Серен и его брат по отцу... шешесі бөлек інісі Лаузан-Шона таласқан. Қалдан хунтайчи оның шешесін, Сетерджаб царицаны и жақтастарын өлтірген, ссылкаға... басқа аймақтарға жіберген. Ал Лаузан-Шона Волга... Идиль қалмақғарына қашып барған. Солардан Қалдан хунтайчиға қарсы көмек алмақ болған. Ал Қалдан-Серен Қалмақ ханына и царевнаға ее императорское величие Анна Иоановнаға хат

жазған. Шонаны ұстап беріңдер деп. Әрине олар, калмыки оны Шонаны хунтайчиға бермейді. О-о, ол, Шона был крепкий орешек... Қатты жаңғақ. Оған даже қытай императоры Инь Чжень елші жіберген. Қалдан-Серенге қарсы соғысты басқар деп... сонда сен Джунгарияға хунтайчи боласың. Бізге союзник... ну одақ бол деген. Олар, қытайлар ойраттармен соғыс жасап жатыр ғой. Вот, осындай жағдайлар онда қазір, - деп Николай көп нәрсені білетінін де, көп жағдайға қанық екенін де танытқан-ды.

Жарылғап жаңа досынан әртүрлі сұрақ қоюмен өзін де, оны да шаршатқанын сезген де жоқ. Іштегі ояна бастаған әлдебір дүрлігіс, әлдебір елгезек секем, осыған дейінгі бейқам халінен мүлде ажыратып әкетіп, бүгінгі, ертеңгі күндер әлібі қалай пішілер дейтін күдікшіл секемнің астарын қопарта берген-ді. Николайдың орысша қойыртпақтауын кейде тыжырына қабылдаса да, біл сем, түсінсем дейтін тілекпен көп сөйлетіп, көп айтқызып, басын бірде изеп, бірде шайқап, тыңдаумен болды.

Орыс жігітінің де жақсы тыңдаушы тапқанына көңілі марқайып, өзінің де көптен мазасын алып, іштей қобалжытып жүретін ойларын ақтартып жіберген еді.

“Әй, мынау жас тегін болмас-ау. Білуге, түсінуге құмартуын қарашы. Осыған дейін осындағы қоғадай көп қайсақтың қайсысы мені дәл осы Жарылғаптай қинап еді. Қайта “Әй, басты ауыртып көп мыжыма! Сенсіз де бәрін білеміз. Күн сайын ауылымыздан шаң суыратын қара қалмақтың біз білмейтін қай сыры қалып еді. Қытаймен соғысса, бізге жақсы. Анау аулында қалған қатын-қалашын мал-мүлкімен айдап алып, айды аспанға шығармаймыз ба!” деп қарқ-қарқ күлгеннен басқа білерлері жоқ. Сонда бұларда ойлану, алдын алу, ертеңді болжау, әр нәрсенің есебін алу, астарына үңілу деген болмағаны ма дейін десең, мына Жарылғап сияқты желкілдеп өсіп келе жатқан жастарының талабына, талпынысына еріксіз сүйсінесің. Анау Бөгенбай батыр мықты қолбасшы, стратег. Қаншама адамды жинап әскери жаттығулар жасатып жатыр. Олар оны аламан ойыны дейді. Мені әрине әзірше ол ойын өтетін жерге жіберген жоқ.

Сенбейді бәлкім. Біз де сенбес едік. Бүкіл Арғын қолының онбасы, жүзбасы, мыңбасыларын шақыртқанын, солармен аламан еткізіп, кейбір ауызға ілініп жүрген мықты жас жігіттерді де әдейі алғызғанын маған біреуі емес, бірнешеуі мақтанып отырып, желпініп айтқанын, әрине Бөгенбай аға тарланбоз қолбасшы білмейді. Ну, оның маған әзірше керегі де жоқ. Мен топограф. Жазған-сызғандарыма бөгет жасамаса, басқасын қайтем. Ал Бөгенбай батырға мен өле-өлгенше қарыздар боп өтуге дайынмын. Сол ғой... батыр ғой мені ойрат тұтқынынан айырбастап, босатып алған. Неге мені босатты? Оны мен білмеймін. Но, ол жақсы адам. Адал, таза адам. Өзі қандай үлкен болса, жүрегі де сондай үлкен. И үлкен бала... Аққөңіл аңқылдақ бала. Ну, арамдық ойламайтын, кісіге қолынан келгенше жақсылық жасағысы келіп тұратын даласының кендігінен жаратыла салған нағыз перзенті ол. Ал, Жарылғап! О-о, бұл мүлде бөлек продукт! Бұл қазіргі далаға осындай ойлы степняктар керек. Онсыз болмайды. Біз, россияне, анау ойраттар, олардан да бұрын қытайлар бұл далаға қызығуын, құмартуын қоймайды. Қоймаса... әр жағы әрине белгілі. Бұлардың өздері айтатындай “екі түйе сүйкенсе, арасында шыбын өледі” болады. Ох, қиын! Бұларға қиын. Қазақтар ойраттар емес. Бейқам. Тіршілікке бейімдері аз. Ал ойраттар!.. О-о, олар бүгінде Орталық Азиядағы көшпелі халықтардың ішіндегі ең мықтысы!”

Осындай қиялдарға шомған Николай жоңғар арасында, жоңғар даласында болған, болып жатқан оқиғаларды көз алдында қайтадан көріп жатқандай қатты толғанып отырып үнсіз бас изеген Жоламанға, анда-санда тандайын қағып, қабағы бірде ашылып, бірде жабылып кететін жас досы жалындай лапылдап өңіне ойын бұрқ еткізетін Жарылғап ұланға көргенбілгенін жайып салды.

2

Қазақтар сияқты емес, алыстан арбалап тасуды жақыннан дорбалап арқалаудан артық санайтын

Қалдан-Серен өрекпіген көңілінің ыстық қанының бір суығанын қалап көріп пе еді. Кеудеде қайнаған ыстық қан бар да, сол қайнаған ыстық қанды үнемі сақырлатып айдап отыратын хандығымның асқақтай беруі қажет, халқымның шалқи түсуі қажет, қайратымның асып, дұшпанымның мысын басып отыратын құдірет табуым керек дейтін аласұрған арманы асқынғанда, есіктегі құлдан бастап, ордадағы ханзада, тайшыларға дейін кемістік жасап қалса кешірім етпес, кердендік білдіріп қойса, кеңпейілділік көрсетпес қаталдық пен темір тәртіпті шеңберлеп кигізбеп пе еді. Әрине жан-жағынан анталаған қызылкөз көршілердің көк сүңгідей қадалатын кірпіктерін жыпылық қаққызып, еріндерінен шұбырған сілекейлерін көмейлеріне зәр жұтқандай қылғынтып қайта сімірту үшін олардың омыртқасын опыратындай, бауырын күйдіріп, өзегіне от түсіретіндей тарс еткізсең, аспанның күркірін де басып кететіндей, гүрс еткізсең, қой құмалағындай-ақ қорғасын оқ жауыңның долданған төсін де, сұстанған сесін де шұрқ-шұрқ тесіп өтетіндей, қорс еткізсең, ақ тамақтан саулаған қаны, ақтарылған қарыннан шырқырап тақыр төбесімен қара жерге торс етіп домалайтын шарананың суы топан боп төгілетіндей ықтыратын, бұқтыратын қару-жарағың мол болуы абзал. Сонда ғана қоқаңдағыш қазағыңның да, сығырайған шүршітіңнің де, одырайған орысыңның да, қыдыңдаған қызылбасыңның да қырық қабырғасын саудыратып санап беріп, шала-жансар жанын шүберекке түйіп беріп, қолына ұстата қоймас па едің.

Осындай мақсатты алдына қойған сон хонтайшы өз мойнындағы шаруаның қыл тізгінінен саусағын бір де бір босатып көрмеп еді. Ешуақта іргесін жұтаңдатпай, қазақ сияқты жоқ-барды сылтауратып арқаны кеңге салудан мүлде тиылып ала қойған. Жераяғы алыс, қыстың көзі қырау дейтін себеп Қалдан-Серенге еш жүрмейтін. Хан айтса-ақ, бет-ауызы белдейлердің өзі бишідей маймандап, ұлы табанымен ұлан даланы илеп жібереді дейтін тайшылардың өздері безгек тигендей безектеп, аларған көздердің қарашығын

жоғалтып, тік қарауға шыдамай бас шұлғып, қол қусырып, тапсырғанды тапсырғаннан да артық қып орындауға барын салатын.

Хан көңілінен шығу ең алдымен құлағын қажайтын ұрыс-керістен бір құтқарса, екіншіден өзгелер алдындағы өз беделіңнің аспандауына әсерін тигізудің үлкен шарты. Ал шарықтаған бедел айбарыңды асқарлатады, ақылынды, жоқ болса да, еселейді. Содан кейін аратың да, қоңсың да, көршің де, ұлысың да ұлтаныңның ізін басудан да жасқанады. Ал ол өзіңе де, өзгеге де тиімді-ақ. Алдыңдағы малыңның қарасы көбейеді. Аймағыңдағы әртүрлі шаруа саласының берекесі артады. Аратың мал баға ма, жүнінен жіп иіретін, киіз басатын, киім тігетін, бау-шу есетін адамдардың кәсібін жақсарт. Керек болса көрші селендегі орысты жалдап әкеліп, кісілеріңді солардың істейтіндерін істеткізіп әбден мәттақым ет. Жіп иіретін ұршық керек пе, құдайдың... о-о құдайды басқаларға-ақ бердік... Дзон-Кабаның құдіретімен даламызда самсаған самырсын жетіп жатыр. Соларды құлатып әкеп, кеспелтектеп кесіп, анау швед Ренат тәрізді, поляк Густав сияқты, неміс Бенгард іспетті ағаштан түйме түйетін, темірден тебен жасайтын ісмерлердің қасына қотан аяқ қолақпандай жігіттеріңді қосып бер. Қайтып жасамас екен. Жасағанда қандай. Қолдан қолдың артықтығы жоқ. Көрсетіп берсе, ұғындырып айтса, бас бармағы майысқан ойраттың Данжин мен Омбалары сол аузы-мұрнынан түтінін будақтатып отырып алатын немісің мен орысыңнан да асып түседі әлі-ақ.

Айтқаны келді де қойды. Орыс пен немістен асып түспесе де, өздеріне керек-жарақты өзгелерден іздеген жоқ. От қару қажет пе, қай көршіге көз сатып, қолын жая берсін. Сатқан көз, жайылған қол көретін болса, қармайтын болса, баяғыда-ақ зеңбіректің астында көміліп, мылтықтың қоршауында қалар еді ғой қалың қара қалмақ. Орысың уәдемен іш кептіріп, шүршітің сығырандап судыратып маңайына жолатты ма. Қайдан жолатсын олар. Зеңбіректің өзіне бұрыларын, мылтықтың өңменіне оқталарын сезбейтін аузы түкті орысты, бетіне бес тал қыл әрең өсетін қытайды тауып

бере қойшы, сол арыстандай ақырып, жолбарыстай жотасын күдірейткен Қалдан-Серен мұрнын түп орнымен жып-жылмағай етіп кесіп берсін. Содан соң ғой зеңбіректі де, мылтықты да, басқа да от қарудың дәрі-дәрмегін ойраттардың өздері жасауды қолға алғаны. Ол үшін не істеу керек. Барды қанағат қылып қоймай, жоқты табу қажет. Қажеттіні іздеу ләзім. Илікпесті иліктір. Көнбесті көндір. Анау Ренат дейтін швед әпесерін әулие тұт. Алдына мал сал. Үстіне сарай орнат. Күтуші, қызметші қыз-келіншекті қажет деп санаса қазақтың қаракөзінен көгенде, орыстың шикілсары шаштысынан түгенде, шүршіттің қыбырлап жүріп, жыбырлап ебін табар талдырмаштарынан толтыр. Алтынға көмсең, ақ сайтаны елірмейтін екі аяқты пенде жоқ. От қаруды да, оқ қаруды да, оқ қағарды да солар әйдік қып жасайды да береді.

Осындай тәуекелшіл әрекет Қалдан-Сереннің құдіретін еселеді де жіберді. Шведі бар, немісі бар, орысы бар ісмерлер зеңбірек те құйды. Мылтық та жасады. Оқ дәрі де дайындады. Хонтайшының өмірімен Ренаттың бүкіл талабы орындалды да жатты. Жез бен мыс керек пе - жезтаудан, мыстаудан арбалап тасылды, дорбалап жеткізілді. Темір мен селитра қажет пе - темір тас көтерген араттар қаратаудан қара шанды шұбыртып жол түсірді. Сол жолмен құжынаған құмырсқадай боп темір тасылып, темір ерітетін тереңдігі арқан бойы құдық пешке құйылып жатты. Сол құрдымның аузындай боп күні-түні будақтаған түтінін көкке созған айдаһардың көмейіндей жалын шашқан апанға маңайдағы жүз жылдық самырсындар тұс-тұстан шұбаған түйе керуенімен келіп, тең-теңімен топылдап түсіп, алау жалыңды қысы-жазы лапылдатты да жатты. Әсіресе ойраттарда жиырма жылға жуық тұтқында болған Кузнецк қаласының дворянины Игнатий Сорокин Текил көлінің маңайында темір кенінің мол орнының бар екенін көне көздерден естиді ғой. Ал бұл кен орнын жергілікті тұрғындар - ежелгі түркі халықтары бұрыннан пайдаланып, темір қорытып алып тұрған деседі. Осы кен орны көлдің арғы бетінде жатқандықтан тасуын ауырсынып, ойраттар кәдеге асыра қоймапты. Сорокиннің кен

орнын тапқанын естіген Ренат оған тұтқындағы жүз орысты қарамағына бөліп беріп, ағаш баржа жасатқызып, көл арқылы темір кенін әкелудің ең тиімді жолын да пайдаланған ғой. Содан бастап-ақ тымағын алшысынан киген Сыбан-Рабтан да, одан кейінгі Қалдан-Серен де енді ешкімге көз сатып илікпестей қалге жетіп, әлгі құдық пештерде қорытып алынған темірден өздері, өз қолдарымен қалқанды да, қылышты да, сауытты да, дулығаны да, зеңбіректі де, мылтықты да жасап алып, әскерін қару-жарақ, сауыт-сайманмен жасақтап отырған ғой. Сорокиннің айтуынша сол қару-жарақ жасаушы ойраттардың ғана саны мың адамнан асқан көрінеді. Осыдан кейін жоңғар хонтайшысының түкірігі неге жерге түссін. “Мықты болса қарсыма шыға берсін” дегенді сөзімен де, ісімен де, сесімен де жеткізіп, одыраңдаған орысты жүре тындап, сығыраңдаған шүршітке “Халханы өзің біліп, еркіңмен қосып бермесең, шыбын жаныңды шырқыратып отырып қолыңнан тартып алам” дейтін өркөкірек өжеттікке де бастатқан. Ренатпен бірге тұтқынға түскен ұлты венгер орыс поручигі Дебеш шұға өндіретін кішігірім өндіріс орнын ашып, жергілікті тұрғындар арасынан шұға өндірісінің майталман кәсіпкерлерін де көптеп дайындап берген ғой. Осыдан екі-үш жыл бұрын елші Угримов швед Ренат жасатқызған төртфунттық он сегіз зеңбіректі, сегіз кіші зеңбіректі, сондай-ақ онфунттық жиырма үш мортираны көріп жағасын ұстағанын жасыра алмағанын Николай Жарылғапқа кәдімгідей жыр етіп айтқанда, бозбаланың көзі еріксіз бақырайып кетіп еді.

Қалдан-Серен Угримовты талай рет ордасында оңаша қабылдапты. Сондай оңаша кездесулерде жұрт көзінше орыс елшісіне жай ғана мезірет жасап, салғырт амандасатынын да ұмытып кетіп, асты-үстіне түсе қалады екен. “Жуынды ішіп семіріп алған сасық орысқа” лебімен лебі қосылмасын деп араға шылбыр бойы кеңістік қалдырып, кекірейіп қана қабақ серпитін күйінен де жаңылып қап, жақындап келіп жабыса сұрайтын қолқасын жарапазан айтқандай қайталаудан бір жалығып көрмеген де ғой. Қонағының қолақпандай мұрнына, көк әйнектей көзіне жылан

арбаған торғайдай боп жапақтай қарап, жалынышты дауыстың сұрамшақ үнін анау жас баланың шеміршек құлақтарындай екі құлақсымаққа құя беретін. Сондағы айтары: “Русия іргелі ел, үлгісі мол, өнегесі көп, өркендеген кәсібі, өрістеген қолөнері бар. Жоңғария да, құдайға... о-о... Дзон-Кабаға шүкір... ешбір елден кем емес. Шалқыса - шалқар, толқыса - теңіз. Айбынданса Айға да ұмтыла алады. Русия патшасы Жоңғария хонтайшысымен одақ болам десе, орыстар өз құдайына, біз өз құдайымызға жүгініп, ант қағазға қол қойып, қызыл қанға қолымызды матырып, мұрнымызды мұрнымызға тигізер едік. Содан кейін Русияның шекарасына ат ойнатып, шаңын будақтатып, башқұртын бір талап, қалмағын екі тонап, қазақ-орысын үш сабап мазасын қашыратын қанішер қазақты тиып берер едік. Оны азсынса, мынау шығыстан шегірткедей қаптап, жолындағы жанды-жансыз әлемді жалаңаш аяғымен-ақ таптап өтуге дайындалып жатқан шүршіт қытайды шідерлеп тастап, шырық бұздыртпай қояр едік. Ал енді осы одақ болудың жоңғар үшін қандай пайдасы яғни қарымтасы бар дейсің ғой, тақсыр Өгірейм? Жанымды оққа төсеп, қолыммен от көсеп сендер үшін жаһаннамның жалғандағы азабы мен тозағын тартқанда алдыма айдап қара салмайтындарынды білем. Иығыма құндыз жаға салмайтындарынды білем. Өйткені сендер алуға бар да беруге жоқсындар. Тіміскілеуге, тімтуге барсыңдар да, достыққа достық деп қолұшын беру, ішке енуге де, сенуге де жоқсыңдар. Сондықтан да мен сендерден жоқты сұрамаймын. Буынсыз жерге пышақ та ұрмаймын. Кеуделеріңе қияметтің қиынына бас дегізердей күмән да туғызбаймын. Себебі сендердің уағызға біздің уағыздың үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын да білудей-ақ білем. Жылы сөйлеп, көңілін аулайық дейтін уәдешіл сырларыңа әбден тойып-ақ болғам. Ант берсеңдер - бересіңдер. Бермесендер де қылшығым қисаймайды. Бірақ мен сендердің анттарыңсыз-ақ шүршітіңді сүмірейтіп, қазағынды қалшылдатып қоюға әр кезде де дайынмын. Ол үшін менің шеріктерімді мықтап үйрету үшін артиллерия ісіне жетік шеберлеріңді көптеп

жіберулеріңді қалаймын. Бұл - негізгі қолқам. Одан соң киім-бұйым, шұрым-бұрым әскер жабдығына көп қажет. Мата тоқи білетін, тоқыта білетін, алтын һәм күмістен зергерлік бұйымдар жасай алатын қолынан өнер төгілгендерді мұрнынан тізіп, көгендеп қолыма ұстатса, қатын патшайымыңа сол алтын бұйымдардың біразын тарту-таралғы етіп жөнелтер де едім. Сен біздің сахарадағы саясаттың сый-сияпат дейтін арада жүретін жібек шапан, күміс белбеу, мауыты шекпендер арқылы құбылып, өзгеріп, бірде қатайып, бірде жеңілдеп кететінін жақсы білесің, Өгірейім мырза. Сол үшін де жібек өндіретін шеберхана ашсақ па деген талабымызды тақырға отырғызбай, тездетіп сол саладан да күшті білігі бар кәсіпкерлеріңді жеткізіп берсендер демекпін. Бәрінен де бұрын мынау Ренаттың қасында жүріп темір қорыту жұмыстарына көзқарақты боп қалған бірнеше ойратымды елшілеріммен бірге Русияға жөнелтсем дейім. Соларды өз зауыттарыңда темір құюдың қыр-сырына әбден машықтандырып барып, бері өзімізге мәттақым ісмер етіп аттандырсаңдар, мен сендерден басқа арбалап алтын, дорбалап асыл сұрамас едім” деп талай ойдың да, талай тілектің де басын шалып, Угримов елшінің басын айналдырып жіберетін.

Угримов та тегін сиырдың жапасы емес. Үн-түнсіз келіп, үн-түнсіз шығып кете берсе, елінің атағы Еділдей тасыған елшілік беделіне мін. Уәдені үйіп-төгіп беріп, ертең сол үйіп-төгіп берген уәдесінің үдесінен шыға алмаса, орыс дейтін үлкен ұлттың құлқына да, сол үлкен ұлттың көшпелі екі елдің тауын кезіп, тасын терген, өзенін бойлап өріс іздеп, тоғанын байлап қамал-қонысын сайлаған жұртына да сын. Сол үшін де көз сүртуге жарамас көкала шүберегін ұстата салып, әшейінде баланың ойыншығына да жарамайтын әлекей-шүлекеймен алдай салатын қыр қазағы да емес бұл Қалдан-Серен хонтайшы. Талқы асуының ар жақ, бер жағы жайқалған егінге толып, ішкі бұхарлықтарға баптатып, солардың қасына бүге-шігесіне дейін үйреніп ал, ұғып ал, ұғып ал да бүкіл даланды астықты алқапқа айналдыр деп ойраттарын қаптатып қойған қара қалмақтың тісққақан ханы оңай

шағыла қоятын жаңғақ емес. Өзі өзгені ысырып орынға таласпаса, өзгеге өздігінен ысырышып орын да бермес, оңайлықпен төрін де бермес бұл жырынды жанға жадағай қулық та өтпейді. Көкшіл көзіңді қаншама ажырайтып қызылкөзге айналдырып бақшия қарап қоқан-лоқы жасауың да жетпейді. Бұларды бұрынғыдай бір алдап, қой жетектеп кететін күндерден енді күдерінді үзе бер. Бұлар, бұл ойраттар, бүгінде сені екі алдап, тай жетектеп кетуге де айла-шарғысын жеткізіп қалған. Сиған-Өзен бойындағы, Іле мен Емел өзендерінің құнарлы сағасындағы, Тарбағатайдың қойнау-қолатындағы егістік жерлер мен сыңсыған бау-бақшалар өзіңнің мақтаулы дейтін Руссиянда да табыла бермес. Әсіресе бұхар диханшыларының жалдамалардан арық тартып, атпа салып, суды ойдан өрге шығарып егістік жерлерді суарып, нуға айналдырып жібергенін көргенде Угримовтың талай рет таңдана бас шайқағаны есінен өлсе кетер ме. Сол тараншылардың қасында балағын тізеден көтере түріп тастап, кетпені мен шоттарын қолынан бір түсірмей қара жердің топырағын жер тарпыған бұқадай бұрқыратып жататын кешегі ойрат араттарының кейінгі диханшылыққа ойысқан тірлігіне еріксіз иек қаға бергенін ұмыту да мүмкін болмас.

“Ал мынау хан ордасының тұрған жері біздің патшаның Петергофынан бір де кем емес-ау. Әрине, әр түспен атылатын фонтаны ғана аз демесең, бұл хан сарайының қолдың саласындай боп егілген әр түрлі жеміс ағаштары мол бауына Үндістан мен Қызылбас елінің, әйтпесе атақты “Мың бір түн” ертегілерінің хан сарайларының кереметтілігі ғана парапар келерақ! Айналасы ат шаптырым осы бауды, анау-мынау бөтен-бөгде жан кіре алмастай етіп қызыл кірпіштен қоршатып қою Қалдан-Сереннің ғана қолынан келетін әрекет. Дәл осындай әсем бау-бақшалы сарайлар ойрат ханында біреу емес бірнешеу болса, ондаған тайшыларда да осындай көздің жауын алырлық мекен-жайлар жеткілікті-ақ. Соның бәрін салған да, баптап, күтетін де шығыстүркістандық бұхарлықтар. Айтпақшы, анау швед Ренаттың көрікті бау-бақшаның ортасындағы еңселі сарайы да хонтайшы “сыйлығы” еді-

ау. Ендеше бұл Қалдан-Серенді жылтырақ сөзбен жылпылдатып көндіре кою мүмкін емес. Мүмкін емес екенін сездің бе, сезіктендірмей, сеніміне кіре бер. Сұрағанын Сібір губернаторының құлағына құюға да, Сенатқа жеткізуге де, тіпті Анна Иоановна императрицаның өзіне тікелей айтуға да өз тәңіріңнің атымен уәдеңді мықтап бер. Керек деп тапсаң, елшісін елшілігіңмен бірге ала да кет. Үйренсе, үйренер. Үйленсе, мүмкін үйленер. Үйлі-жайлы адам сонау жер түбінен мынау күнде қанды қырғын боп жататын елге қайта оралып келетіндей есектің миын жемеген шығар".

Қалдан-Серенмен сауда шартын жасау Угримовтың шыңына жетіп еді. Енді-енді ілікті-ау деген кезде сұпсұр даласындай боп бет-аузы сұрланып сала беріп, үнсіз маңқиятын да қалатын. Ал бұл болса сабыры да қашып, ұнжырғасы да түсіп, бір сөзін он қайталап, бошалап кеткен хонтайшы ойын да, бойын да өзіне қайыру үшін самбырлап көкіп ала жөнелетін. "Ойрат саудагерлері Жәміш һәм Семипалат бекіністерінде тауарларын кедендік тексерістен өткізбей-ақ, кедендік ақы-пұлсыз-ақ емін-еркін сата алады. Керек десе Руссияның сонау кең байтақ түкпір-түкпіріне дейін жол ашық. Қай қаласына барам десе, қай қаласында сауда жасаймын десе өз еркі. Бұл жағдайда, құдіретті әмірші, сіздің саудагерлеріңіз, әрине, басқалардай кедендік алым-салақ төлейтінін де ескертеміз. Егер әкім орыс көпестері Жәміш һәм Семипалат бекіністерінде сауда жүргізсе олар да кедендік барлық жеңілдікке ие болатынын мәлімдейміз. Ал Джунгарияға олар іштеп кіріп, сауда-саттықпен айналысса, ойрат жағы өздеріне тиімді кедендік пошлина алуына әбден қақылы". Әрине бұл келісімшарттың да кіндігі кесілген жоқ.

Шатқаяқтап шап тіреп жатып алудың нағыз шеберіне айналған Қалдан-Сереннің көбіне-көп қозғайтын тақырыбы - территория дауы. "Ормандағы аюдай ағаштан қиып салған төрт құлақты моладай үйлерінен аттап шықпайтын орыстардың бүгінгі тағыдай боп таласып-тармасып шұбап, даламызда өріп кеткеніне таңым бар. Ел киесіз, жер иесіз дей ме, еліммен есептеспей, жеріме баса-көктеп кіре беретінін,

кимелей беретінін қоймаса, көк сүңгіні көк желкесіне тірей алатынымызды да ескерсін. Ал ескеру үшін жер шебін сонау Омбы өзенінің бойымен анықтап, арғы бетін сендерге, бергі бетін біздерге лайықтағанымыз жөн болар" деп аузын кергілеп, иығындағы түлкі ішікті ашумен серпіп тастағанын көргенде елшінің шегір көзі мүлде шағырайып кеткен еді.

"Оу, мәртебелі әміршім! Жаңылысып барасыз-ау! Ел киесіз емес. Ол рас. Ал жер иесіз емес дейсіз. Бірақ шын иесін неге жасырасыз? Сіз, айтыңызшы, қашан, қай кезде қайсақ... ә-ә, қазақ деген халыққа хан болып едіңіз? Басыңызды шайқайсыз... Демек сіз оларға ешқашанда хан болған емессіз. Солай ғой. Ендеше, мәртебелім, сіз қазақтың ұлан байтақ жерін неге ойраттың жері деп Руссиядан даулап отырсыз? Қазақтардың сөзімен дәлелдейтіндей дәлеліңіз бар ма? Бабаңыздың моласын, атаңыздың қорасын көрсете аласыз ба? Көрсете алмасаңыз, онда ол жерлерге иегіңіз қышымасын. Руссия енді ол даладан ешқашанда кетпейді!"

Әрине Өгірейім - Угримовтың бұндай текірегіне айылын жия қояр болса Қалдан-Серен Қалдан-Серен аталмас еді ғой. Көзін де, сөзін де өңменді тесердей қадап, ойраттардың өз қыштымындағы халықтардан алып келе жатқан ясағын бұдан былай да ала беретінін балғамен ұрғандай етіп дүңк еткізген. Егер сол ойрат қыштымдарына өңіреңдеген орыс салықшылары саланұдап жетіп баратын болса, онда сол салықшы орыстардың жирен теке сақалды басы аттарының қанжығасында салақтап кеудесіз қайтатынын жадыларында мықтап ұстауларын шегелеп және ескерткен. Дәл сол сәтте Угримов алдындағы шабайын деп тұрған арыстандай хонтайшының қаһарлы сесін бүкіл жан-дүниесімен сезіп, арқа-басы мұздап қоя берген еді. Неге мұздамасын, бір ғана серпілген қабағымен-ақ бүкіл Шығыс һәм Орталық Азияны қарадай қалтыратқан Қалданның дәл сол кез аса дәуірлеп тұрған мезеті еді ғой. Ауыл шаруашылығының барлық саласын күрт өсіріп, астықты да, жемісті де, көкөністі де өздері өндіріп, өздері өзгеге айырбастауға дейін жеткен, киім-бұйым, қару-жарақ жасайтын

дербес өндірістерін өркендеткен хандықтың экономикалық һәм мәдени дәрежесінің әжептәуір дәуірлегенін өздері ғана емес көршілес елдер де кәдімгідей мойындап үлгерген болатын. Осы қарқынмен айналасына көзін салған қырандай жалақтаған хонтайшы Қытаймен де, Ресеймен де, Қазахиямен де қыр көрсете сөйлеп, “берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан” дейтін кеудемсоқ қылыққа бой алдырта бастаған да еді. Кекірейіп көтерілген кеуде сол кёудені тау қылып көтеруге тырыспаса несіне кеуде аталмақ. Кекірейген кеуденің құдіретін сезініп, айбынын түсінбесе, алдына келіп илігіп, ілтипат жасамаса, сыныққа сылтау көп емес пе, ел ішіндегі қылықты да, ел сыртындағы бүлікті де пайдалана қоюдан тиімді ешнәрсе бола қоймас. Біріне білек көрсетіп, көз алартып күдер үздіртсең, екіншісіне жақтастарымды жазғырдың, жандастарымды жылаттың, қандастарымның қанын ұрттадың деп қиғылықты салып кеп, кеудесіне күдік енгізіп, жанынан үміт қашырсаң, асығың алшысынан түспегеңде қайтеді. Біріне де қабақ бермей, бәріне де қабағыңнан қар жаудырсаң, анау мынауына қарсы, мынау анауына қарсы одақты тап сенің өзіңнен іздеп, табалдырығыңды тоздырсын. Елпілдеп жеткен елшілерді епсектігіңмен есе бермей есек қып мәңгіртіп жібер. Желкілдеп жеткен жаушыларды жарапазанын он айтқызып, жүз қайталатқызып әрі-сәрі ғып, май ішкендей мазасын қашыртып, қобалжытып аттандыр. Не кірпік қаққан көз ала алмай, не уәде байласқан сөз ала алмай, не қойынға тыққан шұлғаулықта бөз ала алмай сандалып келіп, сенделіп қайтса, түтініңнің қай тұстан шалқырын білмей, туыңның қай маңайдан желкілдерін пайымдай алмай, естері шығып, есіріктеніп жүргенде, сен өзіңе ең тиімді тұсқа азуыңды қарш етіп қадап қал да, қоң етіп қақыратып жұлып ап, асап кеп жібер.

Тап солай болды да. Канси Сюань-Е дейтін қытай императоры өлгеннен кейін басталған екі ел арасындағы өліра тыныштық жеті жылға әрең-әрең жеткен еді. Әрине тыныштық, бейбіт тірлік деген сөздер бұл араға келіңкіремейтінін Қалдан-Серен әке тағын жамбастаған кезден-ақ дәлелдеуге кіріскен

болатын. От қаруын біршама жасап алған соң, сол от қаруды сығыраңдаған шүршітке бұрып, сынап көрсе қайтеді дейтін қазымыр тілек хонтайшының кеудесін үңгімесін бе. Ал қазымыр тілек кеуде үңгілесе-ақ, оның өз дегенін орындатуға алдында ор, артында жар тұрса да тайынбайтыны ежелден белгілі. Тиіп-қашу, килігіп кету тәрізді ойрат қолының бүлікшіл әрекеттері содан кейін-ақ дүрілдеп сала берген ғой. Қара санынан қаптыра беруді, балағынан тартқыза беруді кім қолай көруші еді. Қытай да көнбістіктің көкесін танытса да, түптің түбінде шыдамның шегін тауысатын шаққа да жеткен ғой. Ақыры 1729 жылы қытай императоры Инь Чжень өз әскерін Халқа-ойрат шекарасына үйіп-төге бастауға кірісіп-ақ кеткен-ді. Өйткені ендігі ойрат пен қытай арасында болатын қанды қырғын алапат соғысқа екі жағы да барынша дайындықпен келген еді. Әрі екі жағының да дәл осы соғысты жүргізуге ішін тесіп, жанын жеп, өзегін өртеп бара жатқан ұлы да үлкен мақсаттары бар еді. Қытай елі күн санап қыбырлап қаулап өсіп келе жатқан екі аяқты пенделеріне күн астындағы мол сәулелі жерінің тарлық ете бастағанын әр шыр еткен сәбидің іңгәсімен кеудесін солқ еткізе сезетін. Ендеше сол күн астындағы сәулелі елдің әр сәбиіне табанын өзгемен таласпай толық басатын кеңістік керек қой. Ол кеңістік сатып алатын кілем емес, сыйға келетін кілше де емес. Ол сонау ат үстінде аймаласып, ат үстінде айқаласып өмір сүретін жабайы тірлікті, көшпелі ғұмырлы ойрат жұрты. Сол ойраттың да жерінен сайын сахарасы пәленше есе артық, көшпелілердің нағыз көшпелі халқы - хасақа-қазақтар. Алдымен анау екі иығын жұлып жеп, біздің қарауымызға кіріп, кірпігіміздің қылына іліккен Халха мұнғұлдарын қайтадан босатып алып, ойрат пен мұнғұлдың басын біріктіріп, Орталық Азияда бұған дейін тек Шыңғыс хан бабаларының тұсында ғана болған қаһарлы хандықты қайта жаңғыртып, Тарбағатайды дірілдетіп, Алтайды селкілдетіп, Алатауды тербетемін дейтін Қалдан-Сереннің жынын қағып алып, азу тісін опырып, қолына санап қана ұстату қажет. Сонда ғана күн құрғатпай жел жағыңнан да, ық жағыңнан да шаң суыратын қара қалмақтың

ыңғайына құлап түсуге дайын боп жүрген бір тілді, бір дінді мұңғұл жұрты да дымын өшіріп, құйрығын бұтына қыса қояр еді. Ал ойратты дұрыстап жәукемдей алсаң, тұқымын тұздай құртып, ондай ойрат атты халықты тауарихта болмағандай тып-типыл етсең, сонау құлан жортып, қыран қонақтаған дала мен тау қытайдың табаны мен жамбасын неге жатсына қойсын. Құлашыңды одан да әрі сермей түссең, құрығыңды одан да әрі сілтей түссең, хасақа-қазақ деген тағы бір көшпелі жұртты жұтып жібермессің бе. Аузынан жалын атқан айдаһарға ат төбеліндей аз ғана хасақа ұлт бұйым болып па. Қылқанына да қақалмастан бір-ақ толғап қылқ еткізсе... О-о, шіркін! Сонау... сонау жайын сахара, шалқар көл, самал белдер мәңгілік мекеніңе айналмас па. Содан кейін жарты әлемді көлеңкесімен-ақ жасырған ұлы Қытайға ұлы қабырғаның қажеті де болмай қалады ғой. Көлеңкесімен-ақ күн көзін жасырған сары қытай ақсары орысыңды да, қара Африканды да, әппақ Европаңды да бір шыбықпен айдамас па. Айдайды әрине. Ол үшін ең алдымен мына ат жалында туып, ат жалында шырматылып өскен зенгюр-жоңғарларды жермен-жексен ету қажет. Әрине өзірше бірме бірде оларды жеңу мүмкін де емес. Ендеше ойраттардың күшін екіге бөлуден артық ештеңе жоқ. Екіге бөлгізу үшін одақтас табуға барынша күш салған ләзім. Алдымен Руссияға қолқа салса ше?.. Әрине салған жөн... Әй, бірақ, бұл шіркіндер де құлықты әріден ойлайтын боп барады-ау. Одақтас болудан басын ала қашып, маңына жолатпады ғой. Неге жолатсын қытайды. Шығыс Сібір мен Қиыр Шығысқа көз аларта қарап, сілекейі шұбыра бастаған шүршіттің дүрілдеп шыға келуін патша үкіметі өлсе қолдар ма. Қайдан қолдасын. Қолдамаса, сол Цин империясының десін басып, кеудесіндегі желікті сығып шығаратын Жоңғарияға қарсы одақ болу олар үшін өзін өзі бауыздаумен бірдей. Ендеше сол одақты басқалардан іздеу керек. Ең сенімді одақты әрине Қалдан-Сереннің інісі Лоузан-Шона басқарар еді. Оның ішіндегі ағасына деген қатқан кекті Алтайдың бүкіл самырсынын бұтарлап жағып қыздырсаң да, еріте алмас едің. Олай болса құрықты Қалмақ ханы Серен-

Дөндікке салу керек. Қапмақ ханын иліктіріп, ойратта кеткен есесін еселеп қайтартып берем десе, Лаузан-Шона бастаған құба қалмаққа бұл жақтан Қалдан-Серенге көз алартқан қара қалмақтың біраз тайшылары қосылып кеп берсе, о-о, онда ойратты қос өкпеден бір-ақ қысып, қолқадан қанын, мұрнынан жанын сығып алар еді-ау...

Амал не... орысың... патшайым қатының одақ болма деп қалмақ ханын да, Лаузан-Шонаны да ықтырып та, бұқтырып та тастамады ма... Бармағын шайнаған Цин үкіметі ендігі әрекетті қазақ даласына қадау-қадау жөнелткен астыртын жансыздарымен жүргізе бастайды ғой. Қазақ арасында кім көп? Қазақ арасында бірін бірі көре алмайтын, бірін бірі өлсе көме алмайтын алауыз сұлтан көп. Қазақ даласында не көп? Қазақ даласында әр жерден бұрқыраған барымта, қарымталардың шаңы көп. Сол барымта-қарымталардан туындайтын лаңы көп. Лаңы көп жердің жауы да, дауы да көп. Жауыңа қарсы жақтасам десең, жағасын өзі-ақ жыртып, жығасын өзі-ақ жығып бере салатын қазақ аз емес. Соларды керек кезде керек тұстан ойратқа қарсы айдап кеп сал. Дауынды қууға дауылымды да, жауынымды да қосам десең, досынан қас таба қоятын, қасынан дос таба қоятын ұшқалақ қазақ топырлап алдыңа түсіп, томпылдатып төбесімен жер тоқпақтай берсін. Солардан әлекей-шүлекейлеріңе айырбастап қостап жылқы айдап, қоралап қой әкетсең, мұртыңды балта шабар ма. Әрине, бірінен бірі асып түскісі келіп, бірін бірі иектеген қазақ сұлтандарына сене беру де, қолқ етіп сұрағанын бере сап түсіп кетудің де реті жоғын сығыраңдаған сирек сақал, бес тал мұртты шүршіт жансыздары әбден ұғынып-ақ алған. Қай хан қай ұлысты шауып кетті. Қай батыр қай аймаққа дүбірлетіп тиіп, күңірентіп кетті. Білуі де, көруі де, сенуі де керек. Әйтпесе он лақ айдап кетсе, он қос жылқы айырғандай лепіретін қазақтың өтірігінен, бір ойратты тұтқындаса, бір отақты түгел бодандыққа енгіздік деп күмпілдейтін хан мен сұлтанның кеудесін дауылпаздай дүңкілдететінінен әбден запыланып бітпеп пе еді бұлар.

Бірақ қазақтардан үлкен одақ шыға қоймады. Үш

жүз боп үш жаққа ыдыраған, Тәуке ханның тұсындағы тұтастығынан ажырап қалған қазақ хандығы бұрынғыдай бірігіп кірісіп, бірлесіп соғысатын да, бірлесіп мәселе шешетін де ұйымшылдығын ұрлатып алған еді. Ұлы жүзі мынау қасақы Қалдан-Сереннің қарауына өтіп, қабағының астына түскен соң қарсы тұрмақ түгіл, қара көрсетуден де қала бергенін қытай боғдыханы кіжініп отырып талай рет кінәраттаған. Мәртебелі Инь Чжень кіжінді екен деп атқа қонған, төбе көрсеткен Ұлы жүз қазағы және болған жоқ.

Ал Кіші жүз ханы Әбілқайыр үш жүздің ұлы тізгінін орыстар арқылы да ала алмаған соң сығыраңдаған шіліңгір қара қытайдың елшісі емес жансызының шатты-бұтты шатпағын тындап бас ауыртып қайтеді. Шабылса, Орта жүз қазағы шабылады. Шабуылдасса, шандуылдасса Арғын, Найман жігіттері қан төгеді. Кіріспеске кірісіп, араласпасқа араласып, жағаласпас тұста жағаласып өле алмай жүрген жері, бере алмай жүрген басы артық жаны жоқ қой. Ендеше қырқысқан Абылай қазақты қырқыстыра берсін. Соғыстан әбден зәрезап болған сол қазақ түптің түбінде Арқан да өзіңе, азабың да өзіңе, Абылайың да өзіңе деп дәл мұны кеп табуы мүмкін ғой. Ендеше әліптің артын неге бақпасқа. Осындай дәмемен қытайға қол ұшын бермеген Әбілқайырды да боғдыхан талай рет алтын ордасында отырып жер түбіне талай мәрте апарып тастаған.

Бірақ қытай хуандиы да, жоңғар хонтайшысы да алған беттерінен қайтпай, біріне бірі ашына қарап, ашыға тиісіп, ақыры айқас пен шайқастың қанды пердесін түріп-ақ жіберген еді.

Алғашқы айқас 1731 жылдың жазында Люкчун қаласының түбінде бес мың ойрат шерігіне қарсы он бес мың манжүрлікті қарама-қарсы беттестіре қойған ғой. Алғашқы қарқынмен ақтарылып келіп ұйпап өте шығамыз деген мәнжүр қытайлары швед Ренат жасатқан зеңбіректерінің добының астында топалаң тиген қойдай топырлап, тарс-тұрс зіркілдеген бүкір бел мылтықтардың көмейінен бұршақтай себелеген қорғасын оқтарынан бықпырт тигендей домалап, кейін серпіліп кеткен еді. Сол кейін серпілген бойда ес жиып, етек жауып үлгіре қойып, олар да зеңбіректерін

боздатып, оқ пен жебелерін қоздатып, ойрат шеріктерін бет қаратпай айдап шығып, жеңістің алғашқы дабылын қаққан болатын. Әрине көп көптігін жасамай тұра алмас та еді. Сол жолы алғашқы ұрыста жарты мыңдай шерігінің өлігін ұрыс даласында көмусіз қалдырып шегініп кеткен Қалдан-Серен дәл осы айқастың ізін суытпастан кек қайтармаса, тауы шағылып, тауаны қайтып қаларын бір кісідей-ақ білген де еді. Содан кейін-ақ тайшыларын тізгіндеп, ноянларын нығарлап, зайсандарына зымырықтан су ішкізіп, шалқақтап кеткендерді шалқасынан түсіріп, еңкеймей жүргендердің еңсесін езіп, бүкіл ноқтаны бір қолға, өз қолына түйіндеп жинап ала қойған. Сол-ақ екен шеріктер тұс-тұстан құйылып, қару-жарақ әдеттегіден де артық жасақталып, азық-түлік қажетінше жеткізіліп, Алтай тауының кең алқабына отыз мың шерігінің басын қосып, ендігі бүкіл жеңістің дабылын мен ғана қағамын деп кеудесіне нан піскен Инь Чженьге ал кеп кыр көрсетсін. “Сен кекірейсең, мен көк тіреймін. Сен көк аспанның астын ғана билесең, мен сол көгіңнің өзіне де жарлық ете алам. Жаныңды олжалағың келсе, жолыңа түс те, жымынды білдірмей зытып беріп, жөніңді тап. Ал шаптығам десең, аптығынды басып, басыңды алып, қаныңды шашып, шегірткедей қаптап шілмиген шүршітіңнің ақ сүйегінен аппақ ойрат қабырғасын мен орнатам. Сол сүйек қабырға сенің ұлы қыш қабырғаңнан да асып түспесе, хонтайшылығымнан баз кешейін-ақ!” деген боғдыханның намысына ши жүгіртіп, өзегіне өрт тастаған хат-шарттарын бірінен соң бірін шапқылатып жаушылары арқылы қардай боратпай ма. Қай әміршінің намыс буған көкірегінде тас қазаны қайнамаушы еді. Қай құдіретті билеушінің алпыс екі тамырындағы ыстық қан кекшіл ыза буғанда тасыған самауырдай сақырламас еді. Дұшпаннан кек алатын күн туса, ал сол кек алатын күнді сол ата дұшпаныңның өзі алдыңа әкеліп тұрып, әкенді көзіңе көрсетем деп қоқан-лоқы жасаса, қаһарынан қан тамған қай тақ иесі тайсақтап қашып кетуші еді. Қытай боғдыханы да өз басын өзгенің қылышына тосудан гөрі өзгенің басын өз алмасымен шабуға өршеленіп

жүрген нағыз дүрдің өзі емес пе. Ендеше іздегенге сұраған. Ойрат мынау аласа төбелі, асқар шыңды Алтайдың ұзын аққан кең алқабына отыз мың шерігін әкеп тоғытса, онда бұл дәл осы ертеңгі болар майдан даласы - алқапқа тура қырық мың шүршітін мұрнынан тізіп жеткізеді. Жеткізеді де Алтайдың кең алқабын ойраттың өлігімен толтырып, өзегінен қанды өзенді күркіретіп ағызады. Содан кейін Қытайдың ұлы қабырғасына “қанды алқап, қанды өзек, қанды өзен” деген тағы бір лақабы әлемді аралап, естігеннің есінен таңдырар жаңа бір аңыз тарап жүре берер еді.

Содан соң-ақ қытай әскері ағылып-төгіліп, ешқандай қысылып-қымтырылу дегенді ескерместен сонау етекті ендей жайлап орналаса бастады. Мынау айналасын тау бүркеп, төбе жасырған кең алқапты бір-ақ сәтте тарылтып жіберген көптігіне сене ме, әлде анау қиқар ойраттың қиқаңдағыш қоңынан дәл осы жолы қанды қолды мықтап салып, санымен қоса жұлып алып, омыртқасын опырып тастарына әлден-ақ көздері жеткендей есіре ме, сонау шіліңгір тамыздың бұлтсыз аспанында шексіз әлемнің жалғыз көзіндей боп шақырайып тұрған күннің жез табағына тақыр төбелерін тескізердей баяу қимылдап жерошақтың тереңдігіндей ор-оппаның өзін әрең-әрең қазып бітірді. Әрине мынау жерошақтың терендігіндей оппаны сонау әр төбенің басында шоқиып-шоқиып отырған ойрат қосынындағы швед Ренаттың, орыс Сорокиннің, венгер Демештің шолғыншылары көріп те, сезіп те қойған. Әрине, шүршіт те оңай емес. Айтақырда отырып алып, сонау төбесінен төмпештер қара қалмақтың жалаңаш, жалаңбүт нысанасына оп-оңай айнала қоймайды ғой. Ендеше мынау жер қазған әрекеті бас қорғаудың амалы болса, онысын да ескерген жөн. Әй, бірақ, анау кесекөлденендете қазып тастаған арығы - не тосқауыл болар тоспа емес, не от пен оқтан сақтар бопса да емес. Сонда мыңдаған адамын мынадай ми шыжытқан аптапта қыбырлатып қинап жатқан қытай алеханбасында[1] қандай жасырын құпия бар дейтін күдікті Ренат бастаған топ

[1] Алеханба - қолбасшы, генерал.

хонтайшыға жеткізіп те үлгерді. Шолғыншыларын пысықтап тағы да барлауға жөнелтті.

Қытай алеханбасы әрине мына көлденеңдете созылған оппаны көзбояу үшін жасатқанын өзінің серіктеріне де білдірмеп еді. Түп ниетті ә деп айтып қойса, мыңау ішкі Манғұлияның да, Халханың да әскербасыларының арасынан қара қалмаққа бүйрегі бұратын біреулердің табыла кетпесін қалай білерсің. Сондықтан да сонау биіктен тау суындай лақ еткен ойрат шеріктері осынау арыққа кеп тірелген кезде, мынау қос қапталда жасырынып жатқан негізгі әскер зеңбірегін зіркілдетіп» мылтығын тарсылдатып, жақтарын суылдатып қос өкпеден қос ажал боп қадалмай ма. Қадалады. Содан кейін хуанди айтқан қанды қырғынды бастап кеп жіберіп, өліктен тау үйеді, қаннан өзен ағызады.

Алеханба қанша сақтық жасадым десе де, қанша құлық қылдым десе де, орыс армиясында талай іргелі шайқастың диірменінен өткен тұтқындағы орыс офицерлерінің білігі де, білімі де, әскери амалы да, алдын алу тәсілі де асып түсіп отырған ғой. Шолғыншылардың әр тұстан айтып келген мәліметтерін мықтап жинақтаған Ренат тобы хонтайшыға өз жобаларын айтып түсіндіріп, сонау етекте болатын шайқастың мазмұнын мүлде өзгертіп жіберген еді. “Алеханба - айлакер қолбасшы. Солай-ақ болсын. Біз соның ыңғайына көніп, ыңғайымен қимылдайтын әрекетімізді көрсеткен болайық. Сонда алеханбаның кішкене дәмесі үлкен дәмеге мықтап ауысып, басқа басқасын мүлде ұмытады. Бізге сол өзге жағын ойламағаны, бейқам қалғаны керек. Қытайдың қос бөктерге жинақталған әскері екі көзі төрт болып төмендегі оппа-орға шабуыл жасайтын ойрат жасағын тосып отырғанда, біз сол тұсқа бес мың шерікті лап қойғызып қап, өзіміз қос қапталдағы қытай қолының ту сыртынан түре тисек, қытай қолы бізді емес, қос қыспаққа қытай қолын біз алар едік” дегенді хонтайшы құлағына мықтап сіңірген еді.

Қалдан-Серен де талай соқталы шайқасқа талай рет қосынын бастап кірген жырынды басшы емес пе, өзі де дәл сол тұсты ойымен көп шарлап отырған-ды.

Өркөкірегіне мына шикісары әпесерлердің айтқаны одан сайын жел үрлеп, мүлде кептіріп жібергені сондай, енді жаны тызақтаған хонтайшы дәл осы жобадағы айқасты тез бастап жіберуге асыға кірісті.

Алғашқы шабуылдың лап қойған нөпір екпінін көргенде іштей қуыршақ құдайы - бұрханына сиынған Қалданның көздері оттай жанып қоя беріп еді. Сол жайнаған көздердің жалыны бір сөнбей жеңіс дабылы қағылғанша ұшқындап-ұшқындап кетіп, өзін де, өзгелерді де қайраудан бір жаңылмаған-ды. Қай соғыста да, қай айқас-шайқаста да қай жақтың күні бұрынғы әдісі алымды болса, сол жақтың мерейі үнемі үстем болатыны белгілі ақиқат. Осы шайқаста да жауының осал жерін дәл баққан ойрат қосыны отыз мың шерігімен-ақ шүршіттің қырық мыңнан астам әскерін быт-шыт қып жеңіп, он мындайын тұтқындап, бес зеңбірегін тартып алып, мәре-сәре боп жеңіс тойын тойлаған болатын. Қалдан-Сереннің табандылығына, діні бір, тілі бір екі елді - Монғолия мен Жоңғарияны біріктіріп, азулы, айбарлы мемлекет құрамын деген тірлігіне иланған мұнғұлдың он мың түтіні қопарыла көшіп келіп, ойрат туына қол жалғаған да еді.

Он сегізінші ғасырдың отызыншы жылдарының басында Қалдан-Серен біраз жеңістерге жетсе де, сонау шегірткедей қаптаған шүршіттерді өздігінен біржолата тұқырта алмасын әрине сезеді. Сезгендіктен де Ресейден әскери көмек сұрап елшілерін бірінің артынан бірін аттандырды да жатты. Сондағы айтары: “Қытай өз халқының, адамының көптігіне сенеді. Ал мен қоғадай көп шерігім болмаса да, дәл солардың ентігін басып, есін шығаруға шамам жетерін білем. Қазір де Серен-Дондоб басқарған қосынымды Алтайға жібердім. Қытай соғысам десе, менің дайын екенімді көрсін. Әрине мен шүршіттермен бейбіт бітім жасауға өз тарапымнан еш уақта емеурін жасағам жоқ. Жасамаймын да. Ал егер олардың өздері менің талаптарымды ескеріп, бітімшілікке келмек болса, қарсылық та етпес едім. Ал соғысам десе, соғыспай, тұмсықтарынан соқпай жүрген жауым ба еді, тағы да аямай соққы берем. Әрине тосқауылда жүріп, қаша соғысу біраз уақыт алады. Егер сіздер, орыстар бізге

әскери көмек көрсетсеңіздер, онда мен Цин әскерінің аяғын аспаннан келтіріп, сіздерге де, біздерге де тиімді шартқа боғдыханның көзін мөлитіп отыртып қол қойғызар едім. Сонда Халха хандығы Жоңғарияға қосылса, Цин империясы сіздердің Шығыс Сібіріңіз бен Қиыр Шығысқа аяғын аттап баспас еді".

Бірақ Ресей тарапынан Қалдан-Серен әскери көмек ала алған жоқ. Алмадым екен деп тауы және шағылған жок, Келесі, 1732 жылдың тамыз айында Алтайдағы Модан-Саған көлінің маңайындағы алқапқа ойраттың Серен-Дондоб қолбасылық еткен отыз мың қолы бекініс құрып алып, өздеріне қарай бет алған шүршіттің жүз мың әскерін тосумен болған-ды.

Дәл осы кезде Серен-Дондобқа Қалдан-Сереннен: "Егер де тамыздың жиырма үшіне дейін қытай әскері сендердің қарсы алдарыңнан шыға келуге жарамаса, онда сендер ештеңеден тайсақтамастан тұп-тура Халхаға, мұнғұл жеріне басып кіріңдер!" деген бұйрығын алып барған Хадан-Шарап деген жаушысы Серен-Дондобтың: "Мен Халха мұнғұлдарына шапқыншылыққа ұшырап, талан-таражға түспеймін десеңдер тездетіп жоңғар иелігіне өтіңдер дегенді тапсырып өз адамдарымды шұғыл аттандырып жатырмын" деген жауабын жеткізген еді.

Қытай әскері айтылған уақытта Модан-Саған көлінің маңындағы бекініste жатқан ойрат шерігінің үстінен шыға қоймаған соң хонтайшы бұйрығын орындау үшін дәл жиырма үшінші тамызда Серен-Дондоб отыз мың қолын шығысқа қарай дүркірете көтеріп, Көрөлең мен Төле өзендеріне бағыттап көк пен жердің арасын шаңға бөлеп, бастай жөнелмесін бе. Іздегенге сұраған дегендей жиырма алтыншы тамызда қытай әскерінің жиырма екі мың алдыңғы шебімен Моданқотан тауының баурайында кездесіп қалады да, алғашқы қарқынымен-ақ алыстан арып-ашып жеткен шүршітті тағы быт-шыт қып қиратып, қисапсыз олжаға батып, үш күн еру жасайды. Жеңіске жетіп, әскеріне олжа салып, атағы дабырайып, абыройы асқақтаған қолбасы хонтайшы бұйрығын қайтсе де орындамақ ниетпен шығысқа беттеген сапарын жалғастырып, жиырма тоғызыншы тамызда

аттарына тағы да қамшы басады ғой. Ойраттардың қытайларды тағы да ойсырата жеңгенінен хабарланып отырған мұнғұл тайшылары ауыл-аймағымен шұбап келіп, Серен-Доңдобқа қосыла бастайды. Халха хандығының біраз жерінде ойрат-мұнғұлдың қайта бірігу, қайта табысу құрметіне айран асыр той жасалынып, ат шаптырып, бәйге беріледі. Палуандар күрестіріліп, жүлделер бөлінеді. Осындай мәре-сәре қуаныш хабарды хонтайшыға жеткізер-жеткізбестен тағы да аттарын қан сорпа ғып жеткен шабармандар хонтайшының кеудесіне улы зілді де тастап кеп жіберген ғой. Халханың сары телпектілер әулетінің жоғарғы ламасының Орхон өзенінің бойында орналасқан Эрдене-дзу дейтін монастыріне шабуыл жасаған ойрат қолын сол маңайдағы бекіністерді барынша пайдаланып қатты соққы берген қытай әскері тас-талқан етіп қайта тұрмастай қаусатқан еді. Бірнеше мың тұтқынды, төрт зеңбіректі қолға түсіріп, үш зеңбірекшіні өлтіріп, екеуін жарақаттап, үшеуін тұтқындап алып абыройын және асырған-ды. Осындай жаманат хабарды хонтайшы кеудесі у жұтқандай боп әрең сіміріп отырғанда қазақ даласына жіберген қолы да Абылай сұлтан басқарған Арғын мен Найманның Бөгенбай мен Қабанбай батырларының жасақтарынан ойсырай жеңіліп, малы мен жанынан айырылып, жаяу қалған шеріктері селдіреген тобымен әрең жеткен еді.

Осындай екі жақтан да бірдей соққы жеген Қалдан енді Қытай империясымен соғыса беруден ештеңе өндіре алмайтынын сезіп, Инь Чжень бейбіт бітімге келейік дейтін тілекпен келіссөз бастаудың қажеттігін білдіргенде бұрынғыдай ат-тонын ала қашпаса да, бірден бас шұлғи кетуді де онша көрсетуге тырыспаған. “Әрине келісуге болады ғой. Ол үшін сонау сенің қарамағыңа көшкен Солтүстік Монғұлияны - Халханы менің құзырыма қайтадан өткізсең, сөйтіп ендігі Қытай мен Жоңғария арасындағы мемлекеттік шекараны қайта қарағанымыз да дұрыс болар еді. Ол үшін Мұнғұл Алтайының шығысындағы жерлер түгелдей бізге қосылсын. Сонда екі елдің арасындағы бейбіт тірліктің әуенін зеңбірек зіркілі, қылыш шаңқылы, ана зары, нәресте шырылы ешқашанда бұзбас еді.

Жүректегі жүн тозып, көктегі күн шуағын екі елге бірдей шашар еді. Екі етекті далақтатып шапқылаудан сен де шаршадың, мәртебелі күн сәулелі елдің император ағзамы. Алыса-жұлыса мен де қажыдым. Жалымызға қол тигізбейміз деп домалақ басты онда да, мұнда да соқсақ та, саған да, маған да қарағайдай боп мүйіз шыққан жоқ. Өзім айтқан жерлерден өзіңнің боғдыхандық рахымыңмен қонысты мен тапсам, риза болған кеудемнің төрінен өріс пен қонысты сен табар едің, алдияр Инь Чжень!" деп елшілерін пысықтап қайрап, бір емес бірнеше рет жіберсе де, бітім шартын белгілеуді бір жыл емес төрт-бес жылға созып алып еді. Ақыры Инь Чжень өліп, қытай империясына 1739 жылы Хун Ли келгенде ғана бітім шартқа қол қойылған болатын. Екі жақ та өз айтқандарың орындата алмай, екі жақта едәуір ымырашылдық танытып, қыл аяғында екі елді бөлетін шекараға Монғұл Алтайы мен Убсанор көлін белгілеп алған еді. Нәтижесінде Жоңғария хандығы өзінің біраз аумағын жоғалтып алып, еріксіз бармақ тістеген. Сол тістелген бармақтың ышқынтуымен ашулы Қалдан-Серен ендігі орны толмас кекті де, өзегін өртеп өзгенің тақымында кеткен жерінің кемістігін де тірсегінен ала берген қазақтардың үлесінен толтыруға барынша ден қойған еді. Азуды қайта-қайта қыжырлана егеп, дымын ішіне уландыра тығып, көкбеттеніп алған хонтайшының ендігі жауыздары, сол жауыздарын тыпырлатып бауыздары да - қазақ қана-тын. "Енді жасырынбақ ойнаудың күні өткен. Жер бетінде не ойрат қалар, не қазақ қалар. Басқаша болу мүмкін де емес. Сарқылмас сабыр болмас, тұңғиық ақыл және табылмас. Сабыр түбі сары алтынды айта-айта ауыз сасыды. Сол сақтаған сабырыңды сасқандық санаған қазақтың санасына садағыңның жебесімен ғана сіңірмесең, бұ шіркіндер ештеңенің пайымына өздігінен жете де қоймайды. Тұңғиық ақылдың түбі көрінетін шақ туатыны да рас. Ақылыңды ақымақ қазақ ескермесе сенің ақылдылығыңның қадірі қанша. Ендеше "Әруақ! Аттанды!" айдан да әрі асырып, сонау Арқадан Аралға дейін, әрі-беріден соң көтін орысқа төсеп, арқасын Русияға тосып ырқ-ырқ күліп, қырқ-қырқ кекірген

сол малма тымақ немелерді Аралдан Оралға дейін тықсырып неге тастамасқа. Жатсын сонсоң аядай қуысқа басы сиса бөксесі симай, бөксесі сиса, басы сиыспай. Біріне бірі дұрыс қарамаса да сойылдаса жөнелетін ағайынды қазақтар содан кейін ру-ру боп соғысып, ұлт пен ұлт боп шайқасып, дуылдап барып башқұртты бауыздасын. Дүркіреп жетіп қалмақты қырсын. Ұрандап ұмтылып қазақ-орыстың станицасын шапсын, қарашекпеннің селенін тонасын. Тоналған, таланған башқұрты, қалмағы, орысы жабылып кетіп, қазақтың шаңын аспаннан бір-ақ шығарсын. Бер жағынан селдіреген, сиреген шибұттарын мен қуып кетіп құл қылып қыбырлатып қояйын. Сылаңдаған сұлуларын ат көтіне салақтатып әкеліп, жыбырлатып күң қылып қояйын. Содан кейін сонау жайын дала, сайын сахарада қазақ деген халықтың болған-болмағанын ескеретін де ешкім табылмайтынына мұрнымды бір емес үш кесіп берер едім". Оған ешқандай да күдігі де, күмәні де жоқ. Қайдан болсын. "Қоластына енді, бодандығын қабылдады дейтін Кіші жүз қазақтары да, сол Кіші жүздің ханы саналатын Әбілқайыр да, Орта жүздің біраз жұрты да сол Русияның қанатының астында жатқан қалмағын, башқұртын, қазақ-орысын айдап малын алып, байлап жанын алып жатқан жетесіз қазаққа сол ақ патшайымыңның да, Сенаттың да, Сібір губернаторының қай бір емешесі езіле қойсын. Қайта атқа қонса, таққа қонғандай дүрілдеп дүрліктіріп шыға келетін тақымы мен тоқымы кеппес сол ұры халықты ұрып-жығып берсем, сол аузы түкті, мұрны түтінді, жирен шаш, шөлмек көз шіркіндер әлде Алласына, әлде құдайына, әлде Буддасына да айтпас алғысын ойраттарға үйіп-төкпесе, хандығымнан баз кешіп, екі қолымды төбеме қойып-ақ өтейін. Әрине, алдымен сол орыс әкімшілігінің алдына барып, жай-жапсармен егжей-тегжейлі таныстырудың артықтығы да болмайды. Әскери көмегін берсе, берді. Артықтық етпейтіні бесенеден белгілі. Бермесе және қылқылдамаспын. Тек қана ертеңгі күні "анау анандай боданым еді, мынау мынандай боданым еді, неге тиістің, неге шаптың, неге қырдың?" деп анау босаған жерді бөлісуге

келгенде бөлекше дау шығартпастай ету керек. Бұл шіркіндер де сәл нәрседен іштері кеуіп, көздері ақшиып, танаулары делдиіп, мысық мұрттары тікірейіп күпілдеп шыға келуге жеткізбейтіндерін талай көрсетпеді ме. Әртүрлі алып-қашпа қаңкуды тілге тиек етіп, қорқытып-үркітіп ала қояйын деген кезде шашыраған түкірігін бетіңе жағып енді қайтып бет көрместей боп зілденіп тұра жөнеліп, артынша-ақ өздеріне әлдене керек боп қалған сәтте ашу да жоқ, зіл де жоқ жайдарылана күліп, жағалай қол ұсынып көкшіл көзде көлеңке қалдырмай жетіп келетіндері тағы бар. Білдік қой. Үйреніскен жау арбасуға да, айқасуға да жақсы. Өзі қылғандарын өзіне дәл сондай ғып қайтарып отырсақ, адалымды арамыммен бүркеп алдым-ау деп онша қымсына да қоймайсың.

Ал қазақ даласы... шіркін тарбиған саусағыңның уысына түсердей болса - дүниенің жұмағы ғой!.. Сол жұмақ жердің ешкімге тәуелсіз жалғыз билеушісі де, илеушісі де ойрат жұрты болса, онда сары телпек киген елдің асығы алшысынан түсіп, қасығы сары уыздан, қазаны қызыл оттан босамас еді-ау!..

Әй-й! Өткел бермес асу тұр ғой!.. Ол асу - Абылай ғой! Абылай сұлтан ғой! Ол басқа қазақтардай жүндеуге жақсы жуас түйе емес. Оның зіл-заһарлы қабағына бір ілінсең, сұп-сұр жүзінің әр қылынан, әр қылшығынан атылатын өшпенділік пен қажымас кектің улы жебесіне құтылмастай шабақталатыныңды жөне үмытпа. Екі иығын қомдады дегенше-ақ бүкіл Арғынның піріндей Бөгенбай сілкінсе, барлық Найманның кәріндей Қабанбай қаһарланса, бүкіл Орта жүздің өзіндей боп Шақшақ Жәнібек шамырқанса, таудан атқылаған ыстық оттай, теңізден шапшыған нар толқындай, далада тұтанған долы дауылдай қазақ сарбазының селі ақтарылып-ақ сала бермес пе... Оны тоқтату, әй, оңай тірлік бола қоймас-ақ... Ендеше ендігі жерде мына Қытаймен жасасқан бітімді пайдаланып осы екі-үш жылда от қаруды да, оқ қаруды да барынша қамтамасыз етіп, қазақ даласына қос бүйірден бір-ақ бас салу керек. Содан кейін қайта дүрілдемесең, қайтадан саңқ етіп сона-ау қаракөк аспанға қалықтап көтерілмесең, қайтадан ана-ау

Тарбағатайдай еңсеңді тіктемесең, мына сызды қабақ, сұп-сұр өңіңнің жырта қарыс маңдайына біткен бақты да, астыңдағы алты атаңнан қалған алтын тақты да ұрқы-ұлты белгісіз арсыз құлға аударып бере сал. Ал оған өлсем де көнбеймін десең, тамағыңа кесе-көлденең тұрып қалған қылтанақтай боп мазаңды қашырған қасақы қазақты қылғынып қап бір-ақ жұтып жібер де, ендігәрі соларды ойлап бас қатырып әуреге түсіп жүрмес үшін сол бірін-бірі жұлмалаған шір-кіндердің тауарихтан атын өшіріп, тып-типыл қып да жібер. Іздеп қорасын, ақтарып моласын да таппас ұрпақ та қалдырма. Сонда ғана маңдайыңды жарқыратып, көзіңді оқтай қадап ата жауың - Цин үкіметіне қайтадан қасарысып қарсы ұмтыласың. Кеше ғана ол сығырандаған сыбырлақ шегіртке шіліңгірлер сені, сенің хандығыңның күлін көкке ұшырып, азат ойратыңды құлдықтың мазақ табанында езіп, өз боданына өткізем деп өңмендеп жетіп, өзегін өртеп, өңменіне найза сұққызып әупірімдеп әрең кетіп еді ғой. Енді әрең де кете алмастай қыл. Қайтсең де Халханы қайтар. Әрине ол жақтағы мұнғұл ағайын-дардың да ет-бауыры елжіреп бара жатқаны жоқ. Елжіремеді екен деп ұнжырғаңды түсіргенде не тындырарсың. Қайта соңына қосып алған кезде сол мұнғұл тайшыларын мұрындықтап отыру үшін солардың ет-жүрегі елжіремегенін сылтаудың үлкен сылтауы етпейсің бе... Беу, шіркін! Бабам Батыр хан, әкем Сыбан-Рабтан армандап кеткен мұнғұл-ойрат хандығын құрып, Тарбағатай мен Алтайда, Алатау мен Қаратауда, дербес Ұлытауда әр шыңына бір қонып, әр шыңынан бір талпынып, еркін даламның ерке төсінде ешкімді жолатпай қалықтап ұшсам-ау! Сол үшін де ең алдымен мынау балақтан алатын, аяқтан шалатын пәтуасыз қазақты бір жайлы еткен дұрыс... Әй, әлі де осал тұстар жеткілікті-ау! Бұл немелер “Боданыңа өттім. Жаздым, жаңылдым. Анау ойрат ойранынан қорғап қал. Көмек бер!” деп орыстың қатын патшасының жуан бөксесіне барып тығылса, сол іркілдеген мегежін немесі әлдебір тамырымен тоқайласып көңілі көншіп, мейманасы тасып отыр-ғанда, сұраған көмегін бере салуы да мүмкін-ау.

Қатынның қай мінезін ұстай аларсың. Қатынның қысқа күнде қырық құбылатын қай қылығын тап басарсың?.. Ойлантатын да, толғантатын да дәл осы қылтың-сылтыңды патшайымыңның қабағы ғой. Қабағынан да бұрын сол қабағы жиі күлімдеп қарап, емешесі езіліп, ындыны құрып, тәбетін ашып, мауқын басып төсекте төсіне басар қарағы ғой... Шіркін патшайымның көз құртына айналған сол оқыранған айғырдай немесінің қолын ұстап, көңілін таба алсақ, онда далақтап шапқылай беретін қарақшы қазақты сары орысың боданым демей бөтенім деп өзі-ақ ұстап бермес пе еді. Ұстап бермей-ақ шығарып-ақ берсе де, одан арғысын қажет қып қайтем. Тебіспей жүрген тентегім, жағаласпай жүрген жауым ба еді. Енді тебіссем - түбін түсірмеспін бе. Енді жағалассам - жанын мұрнынан сығып алмаспын ба. Әй-й! Абылайы бар-ау! Абылайы бар ғой!.. Сен тас санасаң, оның құм санайтынын неге ұмытасың. Сен орыс патшайымының әлдебір тамырын тапқанша, ол шіркіннің қытай боғдыханының тамырын баспасын қайдан білесің? Қазақтың “өзің білме, білгеннің тілін алма” дейтін өзге сұлтандарынан бұл немеңнің кеудесі оқ бойы озық, төбесі құрық бойы биік тұр-ау! Өзін де тыңдата біледі. Өзгені де тыңдай біледі-ау. Әсіресе анау дана қазақ, ақылгөй қазақ Қаз дауысты Қазыбектің ырқынан шыға қоймағаны, соның ақыл-кеңесіне үнемі арқа сүйеп отыратыны шошытады-ау. Ал Қаз дауысты Қазыбек - түпсіз тұңғиық қой. Асу бермес асқар ғой. Бақайшақтай-ақ кезінен бата дарып, бағы озған, құдайының көзі түскен, пайғамбарының сөзі қонған сол жанды әншейінде әкесін баласы қаңқулайтын, ағасын інісі қарақтайтын, бірінің сыртынан бірі күңкілдегенде жаңғырығы жер жаратын қызғаншақ, күншіл қазақтың алақанына салып әулие тұтып, хан, төреден де артық ардақтап төбесінде ұстайтынына күні бүгінге дейін таңданумен келем-ау. Аңыс андығыш, із баққыш, өсек таратқыш, пәле жапқыш алаштың арсы-гүрсі мықтыларымыз дейтіндерінің өзі осы пір тұтқан биінің жолына жанын ойланбастан-ақ құрбан қып шалуға барғанын да, әлі де талай баратындарына көзім баяғыда-ақ жетсе де, сол Қазыбек деген бәкелтек

шалдың бәйтеректей құдіретінің сиқырының төркінін таба алмай, жұмбағының тылсымын шеше алмай дүниеден өтіп кете бергенімді білмей қалармын-ау...

Қаз дауысты Қазыбектің құдіретін, сол тәңірдің өзіне пара-пар еткен құдіретінің қасиетін мен түгіл әулиеміз атанған Қалдан Башықты хонтайшы да, менің қасиетіңнен айналайын қас арыстан әкем Сыбан-Рабтан да түптей алмай, түптеу қайда, сол бала бидің... кейінгі дана бидің алдында тыпырлай да алмай, екі иығы кетіліп, екі иінінен дем алып, бас шұлғып, мойынсұнып мүләйімсіп өтпеп пе еді.

Ал Ұлы жүз ше? О-о, бұлар да біраз қиқаңдап баққан-ды. Сонау “Ақтабан шұбырындыдан” кейін азып-тозып кеткен қазақтың уысымда қалғанын у жұтқандай қылып есінен тандырғанымды ұрпағының ұрпағына тапсырып кетпеді деймісің... Әрине тапсырады. Бұл қыршаңқы қазақтың үндемей жүріп қабатын төрт көз төбеттей кекшілдігін қайтерсің. “Кегім кеткенше, қадірім кетсін” дейтін қазақтың қолтығына дым бүріккен Тәңірінің өзіндей Төле биін қайтіп ұмытармын. “Арқар” ұранды төрелері төбе көрсетуге де жарамай, Ташкен мен Түркістан төңірегінен дүркіреп қашып кеп бергенде, абыройы айрандай төгіліп, тұмсығы тасқа тірелерін ойлады ғой деп пең. Оны ойласа, ат терлетіп аттандатып бой көрсетудің орнына, бұрыш-қуыста бұғынып-тығылып жатып алар ма еді. Ауызы майланып, бауыры жайланып жүрсе, он қайнаса сорпасы бір қосылмайтын қара қазақтың көзінен жас ақпақ түгіл қан ақса да бүлк етер беті болмасын білмесем, алдымен мен сол төрелерді жәукемдер едім ғой. Жоқ! Мен оларды бір шертіп те қалған емеспін. Несіне шала бүлінем. Өзгенің арасында отырғанымен бұл шіркіндер түбін қусаң - өзің боп шығатыны өтірік емес қой. Сонау күн нұрынан жаралған әулие Шыңғыстың ұрпағы дейтін дардай аты бар емес пе. Аты бар-ау, бірақ заты соған сәйкес келмесе де әйтеуір қазаққа бүйрегі бұрмайтындары белгілі. Ал мынау “Алаш” ұрандылардан сақтанбасаң, шошандаған сақалыңның бір талдап жұлынарын да сезбей қалуың әбден мүмкін. Бөкселері төрдегі бөстекті жамбастаған жуандары

түгіл, жотасына ғұмыры жастық тимеген жуастарының өзі бірінің ауызына бірі түкіріп қойғандай: “азат басыма дозақ қамытын кимеймін!” деп тап бір ханзадалардай кекірейе қалып, тауы мен даласына азаттық әуенін, еркіндік күйін аңыратып, еңіретіп жібергенін кеш сезіп, тірсегімнен алғызып, қоңымнан қапқызып, табанымнан таусылғанымды ойлағанымда, көкірегіме тікен қадалып-ақ кетеді-ау. Сол шибұт шіркіндерді сойып, шоқпар ұстатып шошаңдатып жүрген Өтеген, Сәмен, Қойгелді, одан кейін өздері жас арыстан санайтын Наурызбай деген шырық бұзарлар ғой. Өздері оларды дардай ғып батыр деп атайды. Атай берсін де. Бұлар бірін-бірі мақтамаса ұйқысы ашылатын, күлкісі бұзылатын дарақы халық қой. Бірен-саран ойратты олардың ат көтіне өңгергенін әрине жасыруға да болмас. Ордалы елдің қордасыз болмайтынын қайтіп көрмессің. Бәрінен де қауіптісі, бәрінен де қаһарлысы сұлтан да емес, батыр да емес, қаукөкірек шал болғаны мысыңды басады-ау. “Алаштың арты қашан сұраусыз қалып еді. Алаш қашан кегін кумаған тұрлаусыз халық еді?” деп бүкіл Үйсінді аузына қаратып, күллі Ұлы жүзді алдынан жаратқан азуы алты қарыс Төле бидің төрт-ақ ауыз сөзі төрткіл дүниені түгел шарлап кетпеп пе еді. Содан соң-ақ жер түбінен атойлаған үн азынай өріп, мұқым жұртты аяғынан тік тұрғызып, Алатау мен Қаратауды дүбірлетіп соңымызға салып кеп бермеп пе еді. Бірде олар қуып, бірде біз тырқыратып қаншама жылды алыс-жұлыспен өткіздік. Ақыры не керек. Ұлы жүзді иліктіріп, Ташкен мен Түркістан бастаған отыз қалаға иелік етуге қол жеткіздік-ау...

Тағы да бүлік басы Әбілқайыр болмады ма. Орыс патшалығының қол астына кіріп боданы болам деп ал кеп жанталассын. Жанталаспай қайтсін. Ботасы түгіл атасына бұйырмаған алаштың алтын тағын орыстардың көмегімен көтіме басам деген өлермендік бір емес бар қазақты обыр өңешке тыққызуға дайын еді. Әбілқайыр сұлтан орыстармен бодан болып, әскери көмек алады екен деген дақпырт Ұлы жүздің ішін де желдей гулеп кезіп кетпесін бе? Сол-ақ екен кеше ғана “осы бидің көңілін табайын, атағын

аспандатайын” деп Ташкенге бек қылып сайлаған Төле биім тағы да ай мүйізімді қағып алам деп ал кеп туламасын ба. Аралбай биін, Қойгелді, Хангелді, Бөлек батырларын жұмсап анау орыстың Теуіпкел елшісінің алдына жетіп бармай ма бізді де қанатының астына алсын қатын патшаң деп. Оған енді қашанғы көнейін. Қытайдан босаған шерігімді төгіп кеп жіберіп Ташкенді де, Түркістанды да қайтадан жамбасыма басып алғаным дұрыс болды-ау. Хандығының кіндігі болған Түркістан шәріне бүгінде Сәмеке де қызығады, Әбілқайырдың да сілекейі шұбырады. Әбілмәмбет те әкесінің ақ ордасында шалқақтап отыруды армандайды. Осылардың әрқайсынан мәймәңкелеген сөздер де, емексіткен үндер де, көз сүзген тілектер де жетіп жатыр-ау. Әрине қасиетті әзиз хан Тәуке отырған ақ сарайға қайсысының аяғы аттап енетін болса, сонысының кеудесі кекірейіп, бүкіл қазақтың ұлы ханының алтын телпегі төбесіне топ етіп түсерін сезбес көрмедік емес те ғой сол шіркіндер. Ұзын арқан, кең тұсаумен бірін емес, бәрін де шырмалап жүргеніммен, әй, олар да қаншаға шыдар. Не шыжымды үзер, не төзімді үзер. Тездетпесе болмайды. Қолымды босаттым. Қытайдан әзірше қауіп жоқ. Орыстың аузын ала алсам, етек-жеңі жиылмайтын қазақтың сол жиылмайтын етегінен уысымды мықтап салып, дарылдатып сүйресем, не жаны шығар, не қаны сорғалар. Тусыраған даласын жамбасыма басып, қатынын тұл, баласын құл етермін-ақ.

Әй-й! Абылайы бар-ау! Абылайы бар ғой қазақтың. Дүниеде Ай аумайтыны рас. Күн аумайтыны ақиқат. Алтынның шірімейтіні, асылдың айнымайтыны және айқын. Қазақтың ендігі асылы да, айы да, күні де сол Абылай ғой. Үш өзендей боп ағып, түптің түбінде бір жерге құятын үш жүзін біріктірер бәйтерегі де осы Абылай болар-ау! Ұлы жүзді мен тақымдағанда, Кіші жүзді орыс иектегенде, тіпті тұтас та емес Орта жүзінің сайдың тасындай жігіттерімен қарсыма қайта-қайта шығып, қанымды қайта-қайта ағызғанын қай өтірігіммен жасыра алармын. Күн сайын екі иығын жұлып жеп құтырынып,- қаһарланып дәуірлеген сұлтанды, таудан аққан бұлақтай Қазыбегі барда, кебеже қарын

кең құрсақ Бөгенбайы барда, қарағайдай қайыспас Қабанбайы барда, болат найза Жәнібегі, сұрланған Сырымбеті, мысымен басқан Малайсарысы бар да азуын тасқа білеген Абылай ойратқа осалдық таныта қоймас-ау. Сол үшін де асықпай дайындалу қажет. Мықтап, алды-артты қымтап, қапысыз дайындалу қажет. Ол үшін тағы да сары орыстың сансыз тілегімен санаса отырып, санасына қазақтан өтер қарақшы халық жоқ деген кәкір-шүкірді де, талап-тілекті де құя беру керек. Әзірше бұл жалбыраған жирен шашты немелердің сұрағанын ішің тұз жалағандай боп тұрса да беріп, қолын қақпауға тырысу қажет. Сонда ғана жетіспейтін от қаруды да, оқ қаруды да солардан көптеп алуға болады. Ең болмағанда бұл аузы түкті немелер қазақтарға қарап әукесі салбырамаса, қол ұшын бермесе, сол да бізге жетіп жатыр-ау...

Әй-й!.. Бәрібір олардың Абылайы бар-ау!.. Абылайы бар ғой...”

* * *

- Ой, Мекелай! Апырай, Қалдан-Серенің түптамырымызбен қопармақ деймісің? Сонда бізді ол шіркінің тым болмағанда құрай құрлы да көрмегені ме? - деп Николайдың ұзақ әңгімесінен ойы да, бойы да ауырлап кеткен Жарылғап қынжыла бас шайқағанда Жоламан жай ғана езу тартып, намысшыл інінің иығына күректей алақанын тастай салды.

- Жарылғапжан, босқа уайымдай берме. Жау бопса деген жаудан бұрын жүрер қызыл су сияқты лепірме екпін боларын осы бастан ұға бер. Бопсасыз жау, боқшасыз дау да болмасын бұрын білмесең, енді білетін кезің де келді. Қай дұшпаның жеңілем деп, жығылам деп ұнжырғасы түсіп келуші еді. Алыстан айбар атпаса, арыстандай боп айға ұмтылмаса, айбынымен әруағынды қашыруға тырыспаса, ол дұшпан шіркіннің алдыңа кеп несі бар, алқымы ісіп несі бар. “Қаһарыммен-ақ қалшылдатып, дүбіріммен-ақ дірілдетіп алыстағы айбарыммен-ақ жол ашып, қарсыласымның әлден-ақ мысын басып, қолын

байлап-матап тастамасам, сол қыл арқан бұғау боп қолыма, тұзақ боп мойныма түсер” дейтін ерегіскен жақтың жау бопсасы осылай дүңк-дүңк тарайтыны ежелден белгілі. Оған бола өңінді алдырып, апшыңды қуыртпа. Жағаласпай жүрген жауымыз ба еді ол жоңғар немең? Айқаспай жүрген дұшпаның ба еді сол айдарлы ойратың. Өкіреңдеп өзі іздеп келсе, өңменінен көк сүңгіңді сен қадамас па едің? Көк ала сауыр найзамды мен қандамас па едім. Қалдан-Сереннің жер түбінен желмен суылдатқан қоқан-лоқысына бола жүрегіңді бекер суылдатпа. Қайта сол жүректе кек суар, қажырынды қайра. Ызаңды өсір. Сесінді шамырқант! Сөйтші, қандай ойрат, қандай қара қалмақ қарсыңа шыдап, қара көрсетіп тұра қалар екен, - дегенде Жарылғаптың жүзіне қан жүгіріп кірпіксіз қара көздері кең ашылып, ұшқындап-ұшқындап кетіп, өңіне жастыққа тән қызулықтың риза пішінін тоғытып ала қойды.

- Ой, Жоламан аға! Солай екен-ау! Түу, не болса содан қуыстанғаным-ай!.. Ойрат, ойрат дегенге опыр-топыр ойранның төркініндей көрсем... Сол ойратты жайрат дегеніңіз жаныма мүлде жағып кетті-ау. Беліме садақ салғанымды ұмыта жаздағаныма болайын. Құдайдан бұйрық болса, ханнан жарлық болса, қопарыла атқа мінер елі, құтырына жауға тиер ері - біз бар екенбіз-ау. Ақыл айтар азуым Биатам барда, ат арқандар қазығы - Абылай сұлтаным тұрғанда неден сасып, неден шошырмыз. Түу, Жоламан аға-ай! Арқам кеңіп, ішім босап, еңсем биіктеп сала берді-ау!

Ертеңінде Бөгенбай батырдың өзі ертеңгілік астан кейін Баяу бәйбішесінің үйінен тысқа шыққанда әр үйден қасына біртіндеп келе бастаған көрші-қолаңның бетке ұстарлары батырдың қабағын түкситіп жіберіп қатты түйілген түрінен әлдебір оқшау хабардың сырын түйгендей болып, еріндерін ғана күбірлетіп әдеттегі самбырлай сөйлейтін, шуылдай қалатын әдетінен тиыша қалып еді.

Батыр сол ешкімге көз тоқтатпай зілдене қараған қалпы батыс беткейдегі бірін-бірі қуалап кеткен балапан жоталарға кірпігін қадап, әлденеге қатты запыланғанын жасырмастан от шашқан көздердің

ашуын сол бағытқа ытқытып жатқандай сәл тұрып қалды да, ауыл сыртындағы аласа тастақ төбеге тіке тартты. Кеудесі әлі де тік, иығы әлі де қарауыл мұнарадай серейген батырдың саптама етігінің бір басқан адымын екі-үш аттап ілескен тобын шұбыртып, төбенің басына шыққанда, әлдебір серігі жадағай тұсқа аткөрпені төсей берді.

Малдасын құрып отырып алған Бөкеңнің әлгі ашулы зіл толы жанары бәрібір батыс беткейден ажырар емес, дәл сол тұстан әлде андысқан жауы, әлде ұстасқан қасы, әлде белдескен бәсекелесі шыға келердей қабағы қимылдамайды, кірпігі қағылмайды.

Батырдың сол жақ тізесін баса бір тізерлеп құйрық басқан Үмбетей жырау әрі-бері бүкектеп, тыпыршып байқастап еді, оған да елең еткен түр болмады. Сол қаққан қазықтай тік шаншылған ауыр дене бір тізерлеген қолтоқпақтай жыраудың төбесінен де асып түсіп, суық сұсын маңайындағышарға тегіс қалтырата жайып бара жатқандай.

Үмбетей енді басқалардың шыдамсыздана өзіне қайта-қайта қадала бергенін көргенде шапшаң қимылды, өршіл жалынды ақындық мінезден жаңылған жоқ. Бұ да қабағын сәл түйе түсіп, көздерін батырға сығырайта қадап отырды да, өзінің жіңішке ащы дауысын аңыратып қоя берді.

- Уа-а-ай! Алатаудай Ақшадан
Асып туған ер Бөкем!
Томашадай анадан
Тасып туған ер Бөкем!
“Қалақайлап!” дулатқан,
“Қалдамандап!” шулатқан
Қалмақты алған ер Бөкем!
Құбыла көшкен байтақтың
Ордасындай ер көкем!
Темір жұмсап, оқ атқан
Қорғасындай ер көкем!

Қас нардың қабырғасынан қолтығы сөгілсе де елемес еді ғой. Қас дұшпанның жебесі үстіңнен төгілсе де елемес едің ғой. Түйілген қабағың, томсарған жүзің досқа емес қасқа бұрылмаушы ма еді, Ерлік мінезді

ездікке сатқан әлдекімнің сөзі өтті ме? Айсыз түндей наданның көзі өтті ме? Бүтін елдің құтты иесі өзің тарылсаң, мына қасыңдағы қоғадай жапырылған қанат-құйрығың біздер тіпті жарылып кетпеспіз бе. Күйдіргеніңді күңірентейік те, қайғыртқаныңды қансыратайық та. Айтсаңшы, ашсаңшы ішіңді, ер Бөкем, ер көкем, - дегенде, көп ауыздың еріндерін жүрдек қимылдатып:

- Иә! Бөкеміз! Ашылыңызшы!

- Сіздің қабағыңызға кірбің түскенше, біздің маңдайымызға тікен қадалсын да!

- Өкпеңізді көтерер, күрсінісіңізді бөлісер іні-бауырларыңыз тұрғанда неден іркілесіз? Неге кідіресіз? - деп тілектес үндер жүгіріп өтті.

Бөгенбай бетін Үмбетейге бұрып, кірпік қақпай шұғыл ойынан тез босап, назарын тіктеп алды.

- Ау, Үмбетей! Қалмақты алған Бөгенбайың қазағыңа таланса, найзасын кімге шанышпақ? Ойраттың омыртқасын опырған Бөгенбайды өз қазағы талтүсте тонаса, жебесін кімге кезенбек, әу Үмбетей? - дегенде шақырайған көзінің ақ етіне қызыл тарамданып қан жүгіріп, батырдың онсыз да сұсты жүзін жүрек шайлықтырардай етіп жіберіп еді. Үмбетей тура қарай алмай төмен еңкейіп:

- Апырай, ә! Бөкем-ау, саған да ауыз салатын қазақ шыққаны ма? Рас па? Кім екен ол өлетін бала құсап молаға жүгіріп жүрген есуасы? - деп бүкіл шағын денесімен ашуға булыға қалшылдап кетті.

Бөгенбай ырғалып қап, кеудесін тіктеді.

- Бар ғой, Үмбетей! Есуас емес нағыз естіңің-ақ өзі ғой. Есті-құлақтым деп жүргенімнің бұйрықтан бетер тілегі болмаса, неге күйзелейін.

Үмбетей де, Жоламан да, Орынбай да батырдың мына сөзінен кейін ештеңе ұқпас күймен таңдану төріздес халді пішіндеріне көшіріп ала қойып еді. Бәрінен де шапшаң, елгезек Орынбай шыдамады. Шыр ете қалды.

- Ау, Бөгенбай аға! Ау, Бөкем! Сізге сөйтер болса, сізге қысастық көрсетіп, тонап, талап алмақ болған қазақ шынымен табыла қалса, құдай біледі дейінші, дәл сол қазақ сіз айтқандай есті-құлақты аталудан

садаға кетсін. Нағыз есуастың өзі сол болар! - деп батырға ентелей төнді. - Атын атаңызшы! Аспаннан аяғы салбырап түссе де, бүкіл Арғын, Найманның әулиесі болса да, кеудесіне жебемді қадап беретініме міне оқ тістеп уәде еттім! - деп жебесін суырып алып әппақ тістерінің арасына кесе-көлденең жапсыра салды.

Бөгенбай басын шайқап, қатты ыңыранып қалды.

- Әй, бекер еттің-ау, бекер жасадың-ау, Орынбай! Тым ұшқалақ болармысың, жарқыным. Оқ тістеп уәде беру - ойыншық па еді. Әй, бекер күйдірдің-ау! Бекерге күйдің-ау!- деп дегбірі қаша қозғалақтап кетті.

- Түк те бекері жоқ, Бөгенбай аға! Айттым, айтқанымнан қайтпан. Құдай атымен, оны азсынсаңыз, тағы ант етем! Жебемді, мына осы жебемді сол сұмға бағыттап жібермесем, Орынбай атым өшіп, екі дүниеде де оңбай етейін!- деп одан сайын қызуланған жігітке батыр қатты қинала, күрсіне қарады.

- Антыңды да, уәдеңді де қайтып ал, Орынбай! Дереу қайтып ал!

- Жоқ, аға! Оқ тістедім - әруақтарға шет болар жайым жоқ. Құдайдың атын аузыма алдым, анттан безіп ақыретте дозақ отына күйер жайым тағы жоқ. Сіз де мені бекер қинамаңыз, аға! - деп Орынбай оттай шалқыды.

Бөгенбай үнсіз томсарды. Сыр бермес жерде сыр беріп алған өзін іштей кінәлады. Терең түкпірге жасырар ашуды мына қызба жастардың ортасына тамызық етіп тастай салғанына және өкінді. Бірақ амал не. Түйінді шешкізбей түйіндеткен де өзі. Ауырды жеңілдетпей қиындатқан да өзі. Шолақ ашумен түйіліп қалмай, кең отырып кеңес қып шешкенде, мүмкін сонау бұйрықтан да қатал тілек қайталанбас па еді. Мынау арындаған ыстық қанды Орынбай ұшқары уәдесін айтпай, арандап қалмас па еді. Шығасыға иесі басшы деген осы да. Желісі ұзын даудың шетін өзі шығарып беріп, енді соны шиелеп алғанына қатты күйзеліп, опырылып түсті.

-Әй, қинадың-ау, Орынбайым! Қинады-ау тірлік. Қайда барсаң - құрылған қанды қақпан!- деп терең күрсінді де, тоқетерін тоқ еткізіп ақтара салды. -

Абылай ғой! Абылай сұлтан ғой салмақ сап, еңсемді езіп бара жатқан!..

Алғашқыда тізерлеп отырған Үмбетей жырау да, түрегеп тұрған он шақты адам да ауыздары бір ашылып, бір жабылып, ауа жетпегендей ысылдай қалысқан еді, Орынбай ғана басын шайқап-шайқап жіберді.

- Тағдырға тәбділ жоқ... Жолайрыққа тірелсек... амал не, Алланың жазғаны болар... Болар-ақ!..

Үмбетей тез ес жиды.

- Әу, Бөкем-ау! Не дейді сонда сол Абылайың? Сол сұлтаның? Саған салмақ салса, өзгеге ол тізе батырудан тайынбас онда. Қой бастар серкем, ел бастар марғасқам деп малданып жүргенім алданып келгенім болғаны ма?

Үмбетейдің шын запыланғаны жанына батып кеткен батыр жыраудың иығына қолын тастап жіберіп еді, анау қиралаң етіп, бүкшие қалды. Бөгенбай иығынан уыстай көтеріп, тізесіне қондырды да арқасынан сипап қана қағып қалды.

- Жә! Бәріміз түгел отырып түксие бергеннен түк өнбес. Үмбетей, салмақ түскенде сені мен маған түсіп отыр. Әңгіме тағы да жер туралы боп отыр-ау. Қысылып-қымтырылып-ақ келеміз, қысып- қуып ойраттар, тықсырып-ығыстырып орыстар әбден ығыр ғып бітті,- деп сәл бөгелді де, жуан дауысын қайтадан созды. - Сенің анау Кепелідегі, Үкілідегі жайлауыңа Шақшақтың төрт-бес ауылы қатарласа қонып, бірігіп жайласын дейді Абылай. Әрине оны айтқызып отырған Жәнібек қой. Алдымен мынау аламан өтер жерге жасағымен келмей, оның жол-жөнекейлетіп бұрылып барып Абылай ордасына соғуынан-ақ бір түйткілді сезіп едім. Ақыры мына хабар суыт жетіп отыр.

Үмбетейдің көзі алаулап кетті.

- Әй, алысқа шаппас тыз етпе болғаны-ау онда сұлтанның. Пенделіктен аса алмаса, Абылай аспас асу одан сайын көбейер-ақ. Отбасынан көрмеген опаны алаңы көп мынау тірлікте ол шіркін қайдан алушы еді. ”Отқа күйдірмей, опқа түсірмей, арқалап өсіріп, алқалап адам еткен Ораз құлыңды өз қолыңмен бауыздағаның қалай, Абылай сұлтан?” деген былтырғы топ алдында доптай ғып домалатып түсірген сауалыма

қарсы атқан зауалы ғой бұнысы. Сұлтан көпшіп болмай, кекшіл болса абыройы алысқа кете ме, жауыздығы алысқа кете ме - соны да діттемегені ғой. Ел білмегенді білер ерім десем, жан таппасты табар ханым десем - жанымды кеудемнен сығар, қанымды теспей сорар қанішерім болғаны ма?.. Сондағысы не? Үркін елдің үрейін өсірсем, үйірсектеп маңайыма үйірілер деген шалалығы ма? Жалпақ жұртты жаныштай берсем, жәрәкімалласын айтып жаныма жиналар деген доғалдығы ма? Сонда бұның анау Барақ пен Әбілқайырдан несі артық. Алсын! Жайлауымды азсынса, қыстауымды да алсын. Алсын Абылай сұлтаны мен Жәнібек батыры!- деп етегін қаға орнынан жеп-жеңіл тұрып кетті.

Ендігі ашулы жүзі Үмбетейді өзгелерден мүлде бөлектеп, манадан үнсіз томсарған Жарылғапқа ақын жүректің өрекпіген сәтінің бұрқ-сарқ қайнаған ызалы шабытын тік шапшыған қабақ пен сексеуілдің шоғындай жайнаған кішірек көздерінен анық сездірген еді. Дәл қазір құйындай ұйтқып, долыдай дүрілдеп асқақ бір жырдың ағытыла жөнелеріне еш күмәні қалмай, анау тұрымтайдай дененің шоқша сақал, қияқ қара мұрт көмкерген аузына қадалып қалыпты.

Үмбетей сол тұрған бойда шоқ жайнаған көздерін бұ да батыс беткейге ұзатып тұрып түйдек өленді іркілместен лық-лық ақтарып кеп жіберді.

- Дін мұсылман баласы,
Адамдықтан жерімес.
Ағайынның аласы,
Қан боп қатса, ерімес.
Тексізден туған шаласы,
Шала есірік, жарым ес.
Тоқымы кеппес ұрыдай,
Ел тонаса сұлтаның.
Бір ұрты қан, бірі май,
Көтертер лаң мен бұлтағын.
Тексіздік деген құрымай,
Тырна боп өсер ұрпағың.

Қарап жатқан жыланның
Құйрығын бассаң, шыдап бақ.

Жалына тағы құланның
Жармассаң, сұлтан, шыдап бақ!
Сорғалар көктен қыранмын
Қызылға түсер сынап бақ!

Түйдек-түйдек лекілдете төккен жырын аяқтар-аяқтамастан Үмбетей төмен қарай тез аттап ылдилай жөнеліп еді, Бөгенбай да, басқалар да ләм-мим деместен дүркірей ілесті.

Жарылғап әлгі дүрмек жырдың толқынынан шыға алмай, көңілмен де, өрекпіген жүрегімен де қатты әсерленіп, сол жыр жолдарының терең ойлы сырына бір батып, бір шығып малтығумен болды.

”Ағайынның аласы ішке қан боп қатса, ерімеуі рас қой. Қалай дәл айтты! Қайран қызыл тіл! Сенен өткір не бар екен! Өз елін өзі тонаса, тақымы кеппес ұрыдан кем еместігі де ақиқат-ау. Тонай берсе, талай берсе тырнадай жұлмаланып, тырнадай азып-тозып қалатын ұрпақтан ертеңгі ханның күтері не сонда? Шынымен-ақ жатқан жыланның құйрығын басқаңда, жалына қол тигізбес еркін қырдың еркін қазағы оп-оңай көне қояды дей ме екен? Сорғалап түсерін білсе, қызылға өзі шақырып несі бар еді? Әлде тексіз деген сөз тегін айтылмағаны ма? Осыны ғой талайдан-ақ естідім. Неге сөйтеді? Тектілік атадан емес, батадан да емес, әділеттен, адалдықтан ғана еспеуші ме еді. Тазалықтан, тазалыққа іңкәрліктен өспеуші ме еді?.. Адамдық қасиеттің ала жібін аттамаған тектілікке жетер не болсын. Шын тектінің тегі құлдан ту, күңнен ту, шынайылықта ғана, шындықта ғана болса ғой...”.

3

Түстігінде ирелеңдеп Құланөтпестің өзені сылдыраған, теріскейінде балапан жоталардың бірін-бірі қуалаған іркес-тіркесі алыстаған, батысы мен шығысы, көгілдір көкжиекке шейін көз алдар не төбе, не шоқысы жоқ кең жазық боп, мысыңды басып ұзап жоғалатын кең алқап қыбырлаған аттылы-жаяулы адамнан көрінбейтін тәрізді.

Бөгенбай сардардың мол шоғырлы тобына ілесіп, Орынбаймен қатарласа келе жатқан Жарылғапқа мына құмырсқадай құжынаған жиынның қарасы сұмдық көп боп көрінгені сонша, еріксіз ішегін тартып қалғанын өзі де байқамады. Елгезек Орынбай жалт қарады.

- Оу, Жарылғапжан! Жайшылық па?

Жарылғап күлімдеді. Жүзіне ырзалық тұна қалды.

- Аламан ойыны өтер дегенге... әшейін ғана жеңіл-желпіленіп жинала қалар десем...мыналар дәл бір соғысқа..ә-ә, жорыққа аттанардай сақадай сай боп тастүйін жүр ғой.

- Оу, Жарылғапжан-ау! Сен біздің Сардар көкені... Бөкемді осалға балаймысың. Бөкең ауылда, үй арасында ғана мінезі жұмсақ, бала-шағаға, көрші-қолаңға мейірбан әке, қайырымды ата ғана. Ал сарбаздарына... жасағына жасайтын қамқорлығын білсең ғой... Солар үшін, солардың әрқайсысы үшін ештеңені аямауға құмбыл ғой. Соншама мыңдаған сарбазының әрқайсысын түрі-түсін шатастырмай атын атап, жай-жағдайларын сұрап жүретінін көрсең, Бөкең үшін бір жаныңды үш қиюға дайынсың. Сарбаздар да Бөкең дегенде ішкен асын жерге қояды-ау! - деп танауы желпілдеген Орынбай сәл кейіндеп қалғандарын енді байқап, атын тебіне берді.

Келе жатқан сардар тобын алдын ала хабарланып күтіп отырған аламан ойынына қатынасатын сарбаздар бұл кезде жүздік боп іріктеліп түзем құрып жатқан еді. Арғынның әр руының өз жалауларын кәдімгідей-ақ айбарландыра желбіретіп, бөлек-бөлек алға шығартып, ту ұстаушыларын айбарақтатып қойыпты. Жорыққа барарда ереуіл аттарын қосарлай, қаружарақтарын сол ереуіл аттарына артып алып жеңіл-желпі ыңғайлы киіммен ғана жүретін сарбаздардың бүгінгі сұсы да ерекше. Шетінен тегіс, күннің ыстығына қарамастан, сауыт-сайманын үстеріне іліп, жез дулығаларын күнге жарқырата киіп, ауыздықгарын шайнап, тыныштық ала алмай серек аяқтарымен жер тарпыған көліктерін әрең тежеп, сонау жазық беткейден шоғыр боп келе жатқан сардар тобының алдыңдағы атақты Нарқызыл аттың үстінде обадай боп тіп-тік шаншылған Бөгенбай батырға қадалған

жанарларында әрі сағыныш, әрі мақтаныш сезімдері тұна-тұна қалған еді.

Кең жазықты түгел жауып, арасына шылбыр бойы ғана кеңістік тастап төрт бұрыштанып сап түзеген аламан әскердің о шеті мен бұ шеті тай шаптырымдай жерге кетсе де дәл қазіргі тыншу халі, сонау сардарды қошеметтей асыға күткен қауышу сәті мол әскерді бір тұтас денеге айналдырып жіберген тәрізді. Алған демдері де, бүлк-бүлк соққан қантамырлары да, кеуделерінде дүрс-дүрс ұған жүректері де бір ырғақ, сәнді салтанатты ырғақ тауып, бір ғана әсерлі леппен жан толқыта қайталанып, ”елім үшін жан пида” дейтін қазақтың осындай тәуекелшіл шақта көмекейіне қуаныш жасын тығатын, көзінен елжірегіш жанының мөлдір шықтарын ұрлантып ытқытатын мезетін кеміртіп жатыр еді. Бес мың қолдың бес тұсынан дәл осы кезде бір ғана елеусіз ишарат белгімен бес қылқұйрықты көксауыр найза жарқ етіп аспанға ал кеп көтерілсін. Сол бес найзаны бір ырғақпен көтерген Кәрсөн Таңыбайдың, Сайдалы Ниязның, Шақшақ Дәуітбайдың, Қарпық Мырзамбеттің, Қаржас Олжабайдың әлгі қимылдары мынау бес мың өңештің күні бойғы үнсіз бұқтырған тоспасын бұзып жібергендей болды да, кең жазықты оқыс сілкінтіп тастағандай оқыс дүрк еткен көп үн қазақтың қара жері мен көк аспанын жаңғыртып ала жөнелді.

- Ақжол! Ақжол! Ақжол!
- Сардар! Сардар! Сардар!
- Бөгенбай! Бөгенбай! Бөгенбай!
- Бөгенбай батыр жасай берсін!
- Сардардың даңқы арта берсін!
- Алла жар! Алла жар! Алла жар!

Осы мол үндер, осы қошемет дауыстар, осы алқалаған көңілдер Бөгенбай мен қасындағы бес серігі бүкіл аламан ойынына қатысуға келген жасақтың бү шетінен о шетіне шыққанша бір үзілмей дүрк-дүрк шарықтаумен, қалықтаумен болды.

Жарылғап Орынбаймен бірге шет жақта оңаша іркілген топқа барып амандасып, есендесіп жатқанда бұлардың қасына ақбозын желдіртіп Жандыр жетіп келді. Орынбайды қатты сағынған екен, екеуі ат

үстінен бірін-бірі сығымдап біраз құшақтасып адды. Жандыр қасындағы қарасұр өңі суықтау, дәу мұрны қоңқақтау жігітті Жарылғаппен таныстырды.

- Мынау ағанды білесің ғой, Жарылғап?

Жарылғап бой сала қарап жымың етті.

- Ағасын танымас іні бола ма? Неге танымайын. Бұл ағамыз Қандықараша емес пе. Рысқұл көкемнің ұлы ғой.

Жандыр мәз.

- Әй, Жарылғап! Көзіңнің алмасынан айналдым. Бұлар Сырдан көшкенде сен жеті-сегіздердегі бала едің. Әлі ұмытпапсың-ау,- деп інісін арқадан бір сипап өтті.

- Аққемдер келмеді ме?

- Жоқ! Көкемнің ыңқыл-сыңқылы көбейіп тұр ғой. Осында Жабағы ағатайың да, Қонақбай да келген. Біздің бес Назардың өзінен бүгінде екі жүздік шықты емес пе. Біреуін мен Жабағы ағаймен кезек басқарам. Екіншісіне мынау Қандықараша мен Итқара екеуі ие. Сусаған шығарсындар, жүріндер. Біздің өзіміз тіккізген он шақты үйіміз бар. Сонда тынығамыз да сонда ауқаттанамыз.

Жарылғап пен Орынбай Жандыр мен Қандықарашаға ілесе берді. Орынбай түземде тұрған сарбаздардың көпшілігінің түбіт мұрты енді тебіндеген көбендігіне қарамастан жау-жарақтарының біршама жаңа, тәуір екеніне таң қалғанын жасыра алмады.

- Әу, Жандыр-ау! Менің көңілімнің неге өсіп келе жатқанын, кеудемнің неге тар қазандай тасып келе жатқанын білемісің?

Жандыр Орынбай досының тың әңгіме, тосын сұрақ қоярда осылай алыстан орағытатын әдетін әлі де тастамағанына кәдімгідей езу тарта күліп алды.

- Оу, Ореке-ау, дәл бүгін мына Бөкеңдей сардары бар, сол сардарын төбесіне көтеретін мынадай сарбазы бар қазақтың қайсысының кеудесі туламай тұр дейсің. Тулайды да, тасиды ғой, әрине.

Орынбай риза боп басын изеп-изеп жіберді.

- Бәсе! Бәсе! Дәл солайы солай-ау! Біздің Бөкеңнің жасақ алдында жалындап, жасарып, жай оғындай жарқылдап кетерін талай байқап жүрсем де, бәрібір

сол қалпын үнемі іздеп жүретінім бар. Сондайда менің өзімнің де қос қолтығыма қанат біткендей арқаланып, әруақтанып қоя беретінімді білсең ғой. Мынау, құдай біледі дейінші, мынау сайын сахараны басына көтеріп, аспанды жерге құлатардай дуылдап жатқан жауын-герлердің дәл қазір мен құсап лепіріп, желпініп, желігіп, тап бір қара жердің бір-бір құдайына айналғандай құдіреттеніп алғанына шегім жоқ. Соған... сол құдіретке бастайтын, мен айтсам, біздің әулиедей сардардың, Бөкемнің әруағы! Оллаһи, дәл сол! Батыр көкемнің әруағы жебемейтін бұл даланда қазақ болмас... Әлгі біздің Әділдің өзі де...- дей беріп кілт бөгелді, жүзі құбылып кетті. - Бөкең шіркін екі аяқтының сырттаны ғой! Айтпақшы, Жандыр-ау, менің көңілімді көншіткеннің ең бастысы не екенін де айтпаппын-ау. Есіңде ме, Жоламан бар, сен бар, мен бар, анау... - тағы сәл кідірді де, қабағы бір бұлк ете қалып сөзін жалғап әкетті. - Аңырақай шайқасына барған кезіміз есінде ғой. Сол кездегі ала-құла түріміз бен мына қазіргі жасағымыздың темір құрсауланған сымбатын салыстыршы. Жер мен көктей-ау, ә. Сондағы алба-жұлба, алақол сауыт, тот басқан баданасымен ұялтып, қисайған, жапырайған кіреукесімен, ескірген көбесімен көз қарықтырып жібермеуші ме еді. Өзгені айтып қайтейін, сол шайқасқа мен өз басым сірі құяқ, киіз тұтқыр киіп түсіп ем ғой. Ал мыналарда бәрі бар. Осының өзі Бөкемнің, батыр көкемнің арқасы ғой.

- Иә! Қарудың өзі де аз еді ғой онда, Орынбай-ау. Әркім тапқанымен бармап па еді. Бірақ жауға деген өшпенділік, кек қайтарам деген ыстық тілек жүрек қанын бір тоқтатпай тасытпап па еді. Біз төртеуміз - сен, Жоламан, Әділ ұялас күшіктердей жұбымыз жазылмаушы еді-ау!.. Айтпақшы кеше Әділді - Абылай сұлтанды көргем. Баяғы күндерді... баяғы күндерімізді іздемейтінін аңғардым-ау. Әйтеуір сені сұраған. Соны-сына да шүкір,- деп Жандыр бұрылып кетіп, атының жалын сипай берді.

- Не деп сұрайды мені?..

- Келе ме? Осы арада бола ма? Көрмегелі көп

болды. Маған ат ізін салмай кетті ол ағаң деп өкпе сыңай танытқан болды ғой.

- Көрмесе көрер...Әй, көрмегені де дұрыс-ау,-деп Орынбай сөз аяғын күмілжітіп жіберді.

Жарылғап Орынбайдың неге күмілжігенін де, неге көңілсізденгенін сезіп келеді. Орынбай үшін бұрын Әділ досынан - Абылай сұлтаннан өтетін жер бетінде адам болмаушы еді. Әнеукүнгі оқ тістеп уәде берген сәтінен бастап сол досқа деген көңіл қыжылы өсе ме, әлде өзінің ұшқарылық етіп Алланың атымен ант бергеніне кейи ме, әзірше қоңылтамақсыған көңілінің бажы жоғы рас. Үнемі асыға іздеп отыратын досын кездестіріп қалудан тайсақтайтын да тәрізді. Тайсақтамай және болмайды-ау. Уәдесін жұтқан қазақ аз. Уәдесін жұтты дегенше ондай жан бұл далаңда елдің қоры, жұрттың соңы болары даусыз. Сол себепті де Әділдің аты аталған кезде ширыға қалатын серігінің алай-түлей ішін қапысыз тап басқан сайын Жарылғаптың өзінің де әлдебір белгісіз үрейі оянғанын сезгені айқындала бастаған. Ол үрей Орынбайдың алдағы тағдыры қалай болар дейтін күдіктен туындаған еді. Өз сөзінен өлмей айнымайтын адамның тап өзі екенін ішімен де, сөзімен де дәлелдеп жүрген таза ағаның тайғақ жолынан тосып алар тығырықтан бұрып әкетер құдіретті бұ да, өзгелер де таба алмас-ау дейтін қорқыныш жанын жай тапқызбайды.

* * *

Түс қайта керней боздады.

Дүңкілдеп дауылпаз жаңғырды.

Сол-ақ екен осынау ирелеңдеп аққан Құлан-өтпестің кең қолтығын адам айтса нанғысыз боп үш жүзге тарта киіз үйден орнай қалған қазақтың көшпелі кентіне жан бітіп, жапа-тармағай өре шыққан сарбаздар суытып қойған кермедегі аттарына қонып-қонып ала қойды.

Сарбаз ойынына машықтанған әлекедей жаланған жігіттер енді аламан ойынының әртүрлі жарысына түсіп, өз өнерлерін көрсетуді бастап кетуге дайын еді.

Кең жазық аттылы-жаяулы жұртқа лық толды. Бірнеше бөлікке бөлінген сарбаздарды жаттықтырып, жарастырып жүрген жүзбасы, мыңбасы батырлар ырғалып-жырғалмай-ақ әр түрлі сайыстың шымылдығын түріп-ақ берді.

Ана бір тұста екі жаққа бөлініп қан жоса боп көкпар тартысқан Қуандықтың жүздіктерінің айқай-сүренді дауыстары әсіресе қатты естілген кезде, арқасы қозып, көздері жайнап кететін түздіктердің кең өңешінен төгілген қырылдақ дауыстар, жарықшақ үндер даланың түндігін түріп жібереді-ау!

- Әруақ! Әруақ!
- Бас тақымға! Тарт ілгері!
- Әу, Күшікбай! Сиын енең Тоқа әруағына! Жібер аттың басын! Күште! Ырғай тарт деймін, ырғай тарт!
- Әкетті! Әкетті-ау сабаз!
- О-о, біздің Аралбайды осал көремісің. Әне, екі аттатпады ғой. Жетті. Жармасты пұшпаққа! Қазір-ақ жұлып кеп алады.

Көкпар тартқандар да, көкпар тамашалағандар да делебесі қозып дуылдасып жатқанда, екінші тұста Қозған жігіттері жүз елу қадам жерге қалқайтып-қалқайтып қойған серкенің бірнеше терісіне садақтан нысана атуға кірісіп кеткен еді. Зуылдаған жебелердің көбісі сонау керіле байланған тулақтарға кірш-кірш қадалып, қол мен көз жітілігін айғақтатып бұ жақта да өңеш көмейлетіп, өндіршек созғызып жатыр.

- Жарайсың, Жәнәбіл! Нағыз қол мерген осы болар-ау.
- Бәсе! Біздің Тоқтасты айтсаңшы! Әй, әкесі Сырықтан да асып түседі осы түбінде.
- Сен де босқа көки береді екенсің. Анау Малқарды көрмеймісің! Сегіз жебенің әлі бір де біреуі лағып кеткен жоқ. Енді қалған екеуін де тар қолтықтан қадаса, бас бәйгені осы алмағанда, кім алсын.
- Әне! Айтпадым ба, Тоқтастың он жебесі де тар қолтықтан сақ-сақ қадалды ғой. Енді де таласа бересің бе?..

Қозған жігіттері Тоқтасты хан көтере мәре-сәре боп шуылдаса жөнелгенде, бергі тұста Сүйіндіктің сарбаздары ат үстінде доғал семсермен, тұқыл

найзалармен сайысып жатқан-ды. Жарқ-жарқ еткен көк темір - доғалдың да дөп тисе мұрттай ұшырар екпіні болатынын әсіресе Төртқарасақалдың Теңіз атты баласы барынша танытып жүр. Сайысқан кезде доғалының қимылына көз ілеспейтіні сондай, қарсысына шыққан төртеуді түсіріп, міне бесінші жігітпен қылыштасып кетіп еді, тағы да екіленген тілектестері дуылдасып ала жөнелді.

- Түбінде осы Теңіз бәрінен озады.

- Озбай, ойбай-ау, оны Олжабайдың өзі қасынан тастамай үйретіп жүрген жоқ па!

- Е-е, онда дау жоқ қой. Олжабай кісі таниды. Теңізге көзі түссе бұның да тегін болмағаны-ау!

- Олжабайды Бөкемнің өзі қатты қадірлейді ғой.

- Қадірлемей... Олжабайдың түнде жортқыштығы, жол тапқыштығы Бөкеңнің өзіне де жетіп қалған деседі ғой білетіндер.

- Ой, жігіт! Мынау Теңіз бүгін нағыз дер күйінде екен! Енді тоқтатындар! Дем алсын. Бірінен соң бірін сұлатып бесеуді жайратып берсе, бұндай жігіттен айналып кетпессің бе.

Тұқыл найзаларын ақ сауытқа қадай тіреп, бірін-бірі итерискен найзагерлерді де қызықтаған сарбаздардың өздері да шыдай алмай найзаласып кетіп еді, бұл тұс әне-міне дегенше нағыз майдан шебіне айналып қоя берді. Жігіттердің қызба қызбамен екіленіп кетсе бірін-бірі майып қып аларын тез аңлаған Олжабай Төлебайұлы ақырып жіберіп, тәртіп бұзып кезексіз атқақтаған жігіттерді тез серпілтті. Бір-екеуінің арқасына қамшысы да жорғалап өтті.

Ертеңінде де кіші сәскеден басталған сайыс жарыстары тағы да талай тұстың шаңын аспанға шығарып, талай ру, талай атаның аттарын көк аспанның төрінен төмен түсірмей қойды.

Көбіне-көп Қарекесек пен Қуандық жігіттерінің мерейлері үстем шыға берген соң бір кезде кешеден Бөгенбай мен Абылай сұлтанның қасында қаққан қазықтай кеудесін тік ұстап қарагер айғырдың майда жорғасымен сайысшыларды жайлап шолып, озғандарын мақтап, қалғандарын жебеп ағалық, әкелік мейір танытып жайбарақат қана жүрген Жәнібек

батыр, “Сарыжетім! Шақшақ! Аманжол!” деген атой-ұранды естігенде қарагер айғырды сауырға бір тартып құйғыта жөнеліп, додаласып жатқандарға тура тартты.

Бөгенбай ақырын ғана мырс еткенде, Абылай кәдімгідей езу тартып, делебесі қозған батырдың артынан біраз қарап тұрды да, атын тебіне түсіп, сардармен қатарласты. Сол бойда батырға өткір жанары жарқ еткен, қызғылт қан жүгірген ақсұр жүзін аудармай қадалып қап еді, Бөгенбай иек қақты.

- Құлағым сенде, сұлтан. Айтарыңды енді қымтай берме.

Абылайдың түсі құбылып кетті. Мынау сұңғыла ағаның ішкі күйін дөл баққанына еріксіз тандай қақты.

-Апырай, Бөкем-ай! Алды-артымды орай бердіңіз-ау! Далаңыз мынау табаныңыздың астына кілем боп төселген. Даңқыңыз анау бүкіл қазақтың төбесінде ту боп желбіреген. Халқыңыз әлгі жүрегіне қондырған. Бірақ сіз маған оң қабағыңызды кешеден бір бермегеніңізді не деп түсінейін?- деп Абылай қиялатты.

- Қабақ қабақты бағады да. Жөн жөнге қисаяды да. Кесектікте кесір мол ғой, сұлтан,- деп сардар Нарқызылын сумаңдатып ілгері оздырып әкетті.

Абылай сезді. Буынсыз жерге пышақ ұрғанын да білді. Аға көңіліне түсірген сызының мұз боп қатқанын да ұғынды. Амал не, өткен істің опығы осылай опырып жетерін кеш бағамдап қалғанын кімнен көрер. Қалай жібітер сызды? Жібіте алар ма? Құдірет өсіру үшін құдіреттіні күйдірмеу, күйіндірмеу қажеттігін басына сақ еткізіп соққы тигізіп барып сезуден жаман не бар екен? Абылай күрсінді де, күреңіне тақым қысты.

* *

Жарылғап Қонақбайдың тамсана айтқан әңгімесін өзі де аузын аша тыңдап қалған еді. Өзгелерге өктемдігі мол, бірбет, тік мінез осы ағасы бұған үнемі оң қарап, жылы қабақ танытумен жүргені. Кейбір жеңгелерінің Қонақбайдың өз айтқаны болмаса, өзгенің ақылына көне қоймайтын тентектеу мінезіне бола Шүршіт атап

кетіп, кейіннен осы лақап атының Қонақбай ағасына көбірек таңылатына кәдімгідей ренжіп қалатын. Сол Қонақбайдың қазіргі әңгімесінде бүгінгі Шақшақ Жәнібек батырдың додаласуға түсуі, додаласудың сан түрін жастарға олай да бұрап, бұлай да бұрап, олай да ұйпалап, бұлай да ұйпалап түсіруді көрсетуі ертегілердің алыптарының алыптары ғана жасай алатын ғаламаттың өзі болған көрінеді. Сол атақты батырдың, сол әулиедей асылдың бүгінгі ересен қимылын көрген де арманда, көрмеген де арманда. Қонақбай Жәнібек батырдың әрі-беріден соң өз баласы Дәуітбай бастаған үш-төртеумен жалғыз сабаласып, әлгілердің төртеуін де жаяулатып қалдырғанын айтқанда айызы қанғаны сондай көзінің өзіне шейін күлімдеп, түгел жүзі нұрлана құлпырып, мынау жалпақ жалғанда Жөнібектен артық екі аяқтының мықтысы да, жүректісі де, жылпыңы да, тәсілқойы да енді қайтып тумастай боп елестеп-елестеп кетіп еді.

- Несін айтасың, Жарылғап-ау! Шақшақ Жәнібек қазақтан туа салған нағыз дүрдің өзі ғой. Ісі анау! Күші анау! Сөзі мірдің оғындай! Көсемдігі өз алдына. Шешендігі аз сөзбен көп сендіретін тұңғиығында. Табандылығы мен тапқырлығы ел аузында аңыз боп таралып кеткен. Әй, асыл-ау! Тіпті көмескі тартатын бір қырын таппайсың ғой. Көкем, сендер оны Аққе дейсіндер ғой, сол көкем: ”Шіркін Шақшақ Жәнібек - елдің құты, жердің құзы ғой. Сыңар лебізінің өзі суылдап Сырға жетеді, дуылдап қырға кетеді. Орыны төрден, берекесі белден, ырзық-несібесі елден біреу болса, тап сол сардар ғой!” деп еді. Артынан сөз ерген жақсы ғой ол!-деп сілекейін шұбыртқанда Жарылғап өткендегі батырдың Бөкеңе жасаған қиянатын ұмытып кетіп, тезірек көрсем екен, қасынан дұрыстап бір қарасам екен деген тілекті іштей қаузады.

Тағы да тағы бір тұстан дүркірей шыққан дауыстарға елең еткен Жарылғап күрең қасқа айғырын сумаңдата солай қарай тарта жөнелді.

Салма ілуде көзге түсіп жүрген Тобықты жігіттері екен. Шетінен жылқының құлағында ойнап өскен шабандоздар емес пе, ат тұяғынан көтерілген шаңды сонау тұмантқан сұрғылт көкке жеткізбей қой-

майтындай өршелене екіленіп алған. Жан алып, жан беріспей жеңісті ешкімге жібермес өжет намыспен отжалындай лапылдаған Тобықты жастарына сүйсінбеген жан қалмап еді. Енді сол сүйініш те, соларға деген тілектестік те, солардың өздерінің мұнда қызуланып, лепіріп алған туысқандары да бар білер әруақ аттарын тірілтіп, сонау шортандай шоршып, жайындай жүйткіп жүрген жігіттерді одан сайын қайрап, қанаттандырып ала жөнелді.

- Маябоз! Маябоз!
- Аруақ! Өзің жебе Әнет бабам әруағы!
- Рыспетек! Рыспетек!
- Дәулетек! Дәулетек!
- Әй, онан да Жуантаяқ десеңші! Әйтпесе ол шіркіннің сенің кімді айтып тұрғаныңды білмей қалар!
- Әне! Әне! Әкетті! Жігітек десе Жігітек-ау, ә! Олжайдың осы Жігітегінен асатын баласы жоқ. Бас қамшыны!
- Неге болмасын! Айдос, Қайдосын қайда қоясың!
- Қалқаман батыр да мықты емес пе еді. Қайран ердің өзі еді ғой ол да.
- Айтпап па ем, ақыры жеңіс Жігітекке тиді-ау!

Осы кезде сонау жер түбінен әлдебір дүбір естілді. Сол дүбір енді көп тұяқтың дүсіріне жалғасып, сол тұстан қалың тұтанған шаңды бұрқырата, құйындата көтергенде жұрт біткен тегіс елендеп, әлгі тұсқа қарай бірен-сараны етектері жалпылдап шаба жөнеліп еді, Бөгенбай үнсіз ғана қамшысын ербең еткізді. Сол белгі жетіп жатыр. Таңыбай, Түйте, Дәуітбай, Нияз, Олжабай батырлар ілгері сұғынып іске кірісіп кеп кетті. Таңыбайдың гүрілдеген дауысы даланы басына көтерді. Сол дауысты, сол бұйрықты қалған төртеу де әр тұстан айқайлап айтып барады.

- Қане! Серпіл былай! Аш алдынды! Қайт кейін! Анау Атығай, Қарауыл жігіттері қуып келе жатқан құландарды көремісіңңер. Көрсендер, кейін шегініңдер. Қазір құландарды құрықтап ұстау, бұғалықтап аулау басталады. Бұл - ең жауапты кез. Осы жауапты сәтті Бөкеміз, Бөгенбай сардар Қаракесек жігіттеріне сеніп, жүктеп тұр. Бөгет жасамандар. Өзгелерің араласпандар да килікпеңдер. Жолды ашыңдар! Жолды!

Ау, Қаракесек аушылары! Дайынсындар ма?

- Дайынбыз! - деген он шақты жігіттің дауысы жаңғырығып естілді. Сол бетте олар оқшаулана қалды.

Жарылғап асау қайырудың, құрық салудың, бұғалық тастаудың қыр-сырына мүлде жетікпін деп айта алмаса да, дәл осы құлан құрықтау додасына түсуді барынша-ақ армандап еді, сонысын сезген Жандыр Таңыбайға айтып Жарылғапты он жігіттің бірі еткізгенді. Енді міне Қарашор Сеңкібай, Сарым Құлық ақсақалдың баласы Жалаңтөс, Әлтеке Жидебай, Аралбай ақкесінің үшінші ұлы - Көшекбай, ағалары Қаңдықараша, Орынбайлармен тізе қағысып, сонау көз ұшынан құйындатып жақындап келе жатқан қалың шоғырды көргенде жүрегі аттай тулап қоя берді.

Орынбай тағы да елгезектігіне басты. Иығынан жайлап қана қысып ұстап, маңдайына ернін тигізді.

- Шыдамай тұрмысың? Толқимысың?

- Иә, Орекем! Сынға түсуден қиын не бар екен.

- Сынға түсудің қиыны қиын-ау. Бірақ ер жігіт бағын сынамай мақсатқа жеткен бе. Сынның да сыны бар-ау. Сындыратыны да болатынын ескерген жөн-ау. - Орынбай Жарылғаптың иығындағы қолын алып, біраз қадалып тұрды. Сол қарасы Жарылғапқа мүлде өзгеше реңкте шалынды.

“Неге сонша қарады? Қимайтындай қарас қой... Мені әлі де жас санай ма? Қорғаштай бере ме?” деп әрі-сәрі күйде тұр еді, Көшекбай тізесінен түртіп қалды.

- Бұғалығың мықты ма еді?

- Ә-ә? Бұғалық па?.. Иә... Мықты ғой.

- Анау Атығай, Қарауыл жігіттерінің өрлегенін көрмеймісің! Ылғи тарпаңын іріктеп алып, қостан барып айдап келе жатқандай-ақ, көрініс берулерін қарашы' Нағыз азаматтар деп осы жігіттерді айтсақшы. Үйірінен құлан бөліп әкетіп, оны қайырып әкеп, алдымызға салуы - қара қалмақты қырып келгеннен неге кем болсын!- деп айызы қана сөйлеп, сонау дүбірге әлден-ақ елти бастағанын делдиген танаулары арқылы хабарлап тұр.

Бір кезде болат тұяқтары қара жердің төсін опырардай дүңк-дүңк тепкілеген құлан үйірі сонау оқшауланған Қаракесек жігіттерінің қарсы алдына

күйғытып шауып келе берген еді. Дәл сол сәтті қапысыз баққан Таңыбай қамшысын сермеп кеп қалғанда манағы он жігіт төтеден қосылды. Шетінен сәйгүлік тың айғыр қойсын ба, әне-міне дегенше жотасына жүк, мойнына қол тимеген түздің шу асауларын қосаяқтата аспанға секіртіп, мөңкіте тулатып он жігіттің оны да бір-біреуден құрықтап ұстап, бұғалық сап құрсаулап ала қойып, артынан жеткен Атығай-Қарауыл жігіттеріне ұстатып-ұстатып еді. Еңдігі бір-екі бие мен шолақ құйрық қасқа айғырдың басын кекжите тарта жөнелгенін көргенде, Бөгенбай сардардың даусы өзінің зор үнімен бүкіл у-шуды көміп кетті.

- Бұғалық, құрықты тастаңдар! Анау үшеуін жанамалап барып сағақтан шалып, мынау ұлы күннің, аламан ойынымыздың аман-сау өтуіне құрбандыққа айтындар.

Абылай сардардың қасында тұрған. Көздері от шашып жалындап кеткен екен, Бөгенбайға жалт қарады.

- Бөкем! Сардар аға! Жөн бұзды, килікті демеңіз. Рұхсат беріңіз маған! Анау айғыр - менің сыбағам тәрізді-ау!

Бөгенбай сұлтанның бүкіл ындыны ауып кеткенін, сонау дүбірлі даладан дәл қазір өрттей жанған бүкіл денесімен асыға іздеген бір жан арпалысының тыншуын тапқызатын алыс-жұлыс майданына құлай ұмтылғанын сезді де, басын изеді.

Абылай күреңі онсыз да елегізіп, тықыршып тұрған-ды, бір-ақ атырылып, сақпан тасындай атылды.

Бөгенбай соңынан карап қап еді, үш құланның соңынан қуғындаған үш-төртеудің арасынан Орынбайды танып қап, сұлтанның іркіле берген үш нөкеріне қанталап сала берген көздерінің қиғаш сесімен жарқ етті. Сол-ақ екен әлгі үшеуі де құйықтыра жөнелді.

Бұл кезде алдыңғы жағынан қалың тосқауылға тірелген үш құлан жалт бұрылып, кейін орағыта бері қарай артқы аяқтарына ортқи мөңкіп-мөңкіп қалып, қиястана пысқырынып, өліспей-беріспеуге тырысқандай шабысты үдете түскен еді.

Қасқа айғырдың соңына бұл кезде Орынбай түскен болатын. Аяғынан да ат арқасына бұрын мінген тесік өкпе жылқышы емес пе. Жандырдың қара сүлік айғырын осы құлан қуу додасына әдейі сұрап мінген жігіт астындағы атының өзгелерден ұшқырлығын бір пайдаланса, өзінің дәл осы жолын серіктерінің талассыз береріне және сеніп “Айғырды маған тастандар!” деп айғайлап қалғаны да содан болатын. Дәл осы бүгін көптен көп көзге түспей жүрген жігіттің мерейі үстем боларына өзі де, өзгелер де қапысыз сенген еді. Орынбайдың “Қарқабаттаған!” дауысы естілгенде, мұқым Қаракесектің бойында дуылдамаған бір тамшы қан қалмаған да шығар-ау!..

Кенет алдын кескестеп әлдекім бүйірден қосылған көргенде Орынбайдың көздері аларып кетті. Айқайға басып кеп қалды.

- Тайқы! Бөгеме! Килікпе! Аулақ!

Абылай Орынбайды танып қап еді ақсия күлді.

- Оу, Орынбай-ау! Дәл осы айғырды, осы жолынды қишы маған! Оу, Орынбай досым-ау!

Баяғы сол Әділ қалпы! Баяғы сол дос мінез. Баяғы сол жарты дәнді бөліп жеп, ашқұрсақ жүрсе де, ештеңеден мойымас адал көңілдің ақсия күлетін қалтқысыз тазалығы көз алдына қайтадан көлбендеп келе берді.

Орынбай күлді де, бас изеді. Бірақ сұлтаннан шылбыр бойы кейіндеп қана ілесті де отырды.

Айғыр барлығып қалған еді. Бірақ түз тағысы емес пе, соңғы демі қалғанша жанұшыра бостандық тілейтін өлермендігіне басып төрт тұяқтан тас атып ұзап, үзіліп шығуға барын сала көсілді. Сұлтанның мыңнан таңдаған күрең айғыры қайдан осал болсын, ауыздық тістей басын кегжите жүйткігенде құланның айғырына жанамалап тақалып-ақ қалды. Ең бір жауапты кез енді басталмақ. Мықтылықтың да, ептіліктің де ең бір көрінетін де тұсы осы сетте жалт-жұлт тірліктің соңғы демін үзіп, жұлып түсер жарқ-жұрқ жалақтаған сапының сағақтан шалып жіберер бір ғана шапшаң қимылымен аяқталуы керек.

Абылайдың күреңі айғырмен құйрық тістесті.

- Иә сәт!- десті тамашалап тұрғандар.

Күреңнің басы ілгері озды. Сұлтанның тізесі құланның жамбасын соқты.

- Арқар! Арқар! Арқар!

Төре ұраны даланың әр тұсынан тұтана лапылдады.

Күрең тағы ілгері қамшы бойы аршындады.

- Шал! Қыл сағақтан ор! Орып, шалып жібер!
- Әруақ!
- Бозқасқа!
- Бозқасқа емес, бозқасқа құлан де!

Абылай сапысын жарқ еткізді. Жарқ еткен сапыдан сескенді ме, әлде оқыс басын қайқаң етіп көтеріп қалды ма, құланның басы сақ етіп тигенде, сұлтанның қолындағы сапысы ұшып-ақ кеткені. Жұрттың ah ұрған даусы бір деммен шығып бүкіл атырапты солқ еткізгендей болды.

Құлақшекеден соққы тиген тағы кенет қосаяқтап шапшып қап, аузын апандай аша ақсиған тістерді бір-бір сүңгідей шошынта көрсетіп, шайнап тастардай боп сұлтанға төніп келе берді...

Зу еткен әлсіз дыбыс бір ғана естілді де, қыл майқаннан қадалған сұр жебе тағыны ұмар-жұмар ұшырып, домалатып түсірді.

Есін енді жинағандай жалт бұрылған Абылай садағына екінші бір жебені қадай берген досы Орынбайды көріп, қуана бас изей түсті.

- Орынбай-ай! Қарызың мойнымда, досым!

Орынбайдың түсі құбыла бұзылып кетті.

Абылай секем ала қойды.

- Уай, Абылай сұлтан! Достыққа достық қарызым. Ол өтелді. Сен кеше Әділ ұлан едің. Шын әділ едің. Бүгін сұлтан болдың. Ызғарың жазда да жүрек қарыды. Әулиедей Бөкемді, сардарымды әлдебіреудей ғып бауырыңа бүктемексің. Сол қысастығың үшін кеудеңе жебемді қадамақ боп оқ тістеп серт бергем. Серт үстінде достық жоқ. Алланы аузыма алып ант бергем. Ант бұзғанның қасиеті жоқ. Қадірді сен қашырсаң да, сұлтан, қасиеттен қараң менің айырылары жоқ!- деп садағын кеудеге кезеніп бұра берді де, міз бақпай сұп-сұр боп қасқая қарап тұрып қалған Абылайдың телпегіне бағыштап жебесін сәл көтере түсіп, тартып жіберді. Телпек ұшып түсті.

У-шу үн тына қалған тыныштықты бұзып қайта өршіді.

- Апыр-ай, ә! Неге кезенді? Неге кезеді екен?
- Бар ғой бір кәдігі! Болды да бір сұмдығы.
- Екеуінің арасынан қыл өтпестей дос емес пе еді.
- Бұзды-ау жұрт тыныштығын, ел бірлігін бұзды-ау!
- Мынау тұтастығымызды айғақтаған сақинадай беріктімізге тағы бір сызат түсіп, сындырып кететін болды-ау.

Осындай қобалжу, күдік еріндерді күбірлетіп, еңселерді түсіріп, жүректерді езіп жіберіп еді.

Әлгі түйдек жеткен үш нөкер Орынбайды жеткен бойда апыр-топыр ұшырып түсіріп, қолын артына қайыра байлап, жалаңаш қылыштарын жалақтатып, сұлтаннан иек қаққандай әнтек қана белгі жетсе доптай басты домалатып түсіруге дайын-ақ тұр. Қолдарда діріл жоқ, көздерде сұсты ашу ғана бар. Сол зілді ашулы көздер сұлтанның қимылын бағуда.

Орынбай кесігін жасаған соң кесек қимылды енді өзгеден ғана күтіп жайбарақат қана тұрған, Абылайға қарар да емес.

“Апырай, қайсарын-ай! Қадірімді өзімнің қашырғаным да рас, қасиетін бұның қорғағаны да рас. Бірақ ат төбеліндей төреге қалың құрақтай қарашысы садақ тарта берсе, арты не болмақ. Орайға орай қимыл жасау қажет пе?.. Қажет-ау! Жазықтыны жазғырмасаң, төрелігіңе мін, сұлтандығыңа сын. Қайтсем екен?..”

Осындай ой арпалысына түскен Абылайдың түсі кенет қайтадан қызыл бояуын таба қойды. Даусы да саңқ етіп естілді.

- Шешіңдер қолын!

Қол шешілді. Орынбай сұлтанға қарады.

- Орынбай! Сен айттың, мен түсіндім. Жеткіздің де жетеме тигіздің. Қайсарлығың қасиетіңді сақтады. Бірақ сол қайсарлығыңның жазасын да өтеуге тиіссің. Өтелмеген жаза - қазадан да ауыр. Сондықтан сен, Орынбай, ендігәрі садақ тартпайтын боласың,- деп сәл бөгелді де, нөкерлеріне бұрылды. - Сол қолының бас бармағын шабыңдар!

Өткір қылыш жарқ еткенде, бас бармақ шоршып ұшып түсіп, домалап кетіп еді.

- Қолын тез байлаңдар!- деді Абылай саулаған қызыл қанды көрісімен.

Орынбай ләм деместен жерде жатқан садағын іліп алды да, кірістен сол қолдың саласына мықтап тіреп ұстап, оң қолымен адырнаны шірене тартты.

- Әу, Әділ! Көресің бе? Садақ тартуға мына қолым енді тіпті ыңғайлы болған жоқ па? - деді оттай алаулап тұрып.

Абылай атынан ұмар-жұмар түскен бойда Орынбайды құшақтай алды.

-Досым-ай! Орынбайым-ай! Байлатшы қолыңды! Байлатшы тез!

Осы екі ортада сардар да, Жәнібек те жетіп еді. Қатарласқан бұрынғы екі досты Бөгенбай құшағына көмгенде, Жәнібек Орынбай мен Абылайды ту сырттарынан бір-бір сипап өтіп, тұрғандардың есінде мәңгі қалған бір жүрек толқынысын айтып еді.

- Әу, Абылай сұлтан! Хан адасса, халық адасарын есіңе мықтап түй. Хан жаман іс істеп, жақсы сөз естігенше, жақсы іс жасап жаман сөз естігені көп артық.

Әу, Абылай сұлтан! Қарашысы ханынан қорықпасын, ханы үшін қорықсын. Осынымды да жадында сақта.

Әу, Абылай сұлтан! Өлім мен өмірдің арасы бір-ақ тұтам. Хан өлім жайлы ойламай, өмір жайлы ойласа, елі бай, ері бақытты болмақ.

Абылай сұлтан Орынбайға разы боп қарап тұрып, Бөгенбайдың иығынан ұстап бір тізерлей беріп еді, сардар тік көтеріп ала қойды.

- Абылай! Мен саған баяғыда тізенді бүкпе, еңсенді түсірме, кеудеңді бүктеме дегем. Сол айтқаным айтқан,- деді.

- Бөкем, адасқан ініні кешірер ағаның болғаны қандай жақсы! Жаңа мынау Орынбай айтқан ызғарым шалса, жүрегіңізді суытсам, ұятымнан өртеніп тұрмын. Ойымнан да, бойымнан да өзім деген, өзегім деген жұртыма шуақ шашам ба деп жүріп шатасып кеткенімді байқамаппын-ау. Елден үлкен, халықтан зор хан да, сұлтан да болмайтынын зерделедім бүгін,- деп енді Жәнібекке жалт қарады. - Әу, Жәнібек аға,

ақылды өзгеге айта білу бар да, өзіңе сол ақылды жаңғырта қайтара білуді де ұмытпаған жөн-ау.

Сұлтанның сұрлана қараған түріне батыр көз таластыра алмай тайсақтап кетті.

- Сездім. Ұқтым, сұлтан.

- Ұқсаң, Кепеліден де, Үкіліден де саған жайлау жоқ.

- Білдім! Өз ойым да осыны айтса деп тұр еді,- деп сақылдап күліп ала жөнелді де, Жәнібек Бөгенбай ағасының кеудесіне маңдайын төседі.

- Оу, Бөкем! Төс боласың ба, балға боласың ба? Екеуіне де маңдайым дайын.

- Төсім төсіңе тиді. Сол жетеді, інім! Балғаласу мен балталасуды орыс пен ойратқа-ақ қалдырайықта.

4

Семіз ту биені арнайы сойғызған Жандыр мен Жабағы Түйте ағасын екі жақтап қолқалап, ”Аралбай батырдың дастарқанынан дәм татсын” деген тілекті Бөгенбай сардарға, Жәнібек батырға және Абылай сұлтанға жеткізуін өтініп еді.

Шақырылған сыйлы қонақтарының келетінін естісімен бұлар әкелерінің үлкен үйінің ішіне кілем, көрпелерін төсетіп, жастық, бөстектерін тастатып жайнатып-ақ жіберді.

Дастарқан жабдығын Жандырдың өзі қадалағаннан соң ыдыс-аяқтары да, тәтті-дәмділері де білікті әкенің тапсырып пысықтауымен алдын ала жеткізілгендіктен қос батыр мен қадірменді достың көңілінен шығатынына көзі жетіп, көңілі орнына түскен еді.

Аралбайдьщ сәлемін естіп, балаларының құрметтеп төріне шақырып, дәм татқызғанына разы болған сыйлы қонақтарға Кәрсөн мен Кернейдің күйші, домбырашы, әнші жастары күй шалып, ән салып, көңілді отырыстың көрігін де қыздырып жіберген болатын.

Бір кезде Абылай Жарылғапқа бұрылып қайта-қайта көз тастай бергенін байқап қалған Орынбай сақылдай күліп жіберді.

- Әу, Әділжан-ау! Осы сенің мынау Жарылғапта, құдай біледі дейінші, бір бұйымтайың бар тәрізді-ау! Адамның жанын сұрамассың. Қолыңды қақпайық, айтып қалшы, қалап қалшы көмейіңнен сығалап тұрғанды,- деп өзімсіне сөйлеп, еркіндіктің, ерке достықтың ежелгі теңдігіне басты.

Абылай да жайраң етіп, келісе бас шұлғыды.

- Рас! Қолқам бары рас, Орынбай. Жарылғаптың мынау кең кеудесіне қалай кіріп, кілтін қалай ашам деп отыр ем. Өйткені неге екенін білмеймін, бүгін бұл інім домбыраға да қол созбады. Әнге де зауық білдірмеді. Соған қарап, садақтың зуылына, қылыштың суылына бәрін айырбастап ала қойған ба? Ертерек ересектенген бе деп те қалдым-ау. Бар еді ғой қоңыр әуенді қоңыр ішектен күңірентіп шығарар құдіреті. Сиқырлы саусақтары перне үстінде атой ойнатушы еді-ау деген қиялда отырғаным рас,- деп ағалық көңілдің шын ақтарылуымен үлкен ілтипат танытқанда, манадан мынау исі қазақтың игі жақсыларының мінездеріне, келісті әңгімелеріне де, тереңдіктері мен тұңғиықтығына да, кеңдіктері мен кемелдіктеріне де барынша ұйып, мейлінше риза боп, бой бағып отырған Жарылғаптың жүрегі аттай тулап қоя берді. Сәл қызара түсіп, жымия күлді де:

- Әкелер мен ағалардың алдына түсе бермей әдеп сақтаймын деп сыпайышықты мүлде асқындырып алсам, ғафу өтінем. Домбыра киесі иесін іздеп, не іздетіп тапқанда ғана ашылатын да, шешілетін де кие ғой. Сіздер іздетсеңіздер бізден бөгет болмасын,- деп домбыраға қол соза берді.

Бірер күйдің бүкіл жан-жүректі сырқыратар бебеуімен отырғандарды түгел тебірентіп, толғантып алып, өзі атын “Әнет баба” деп қойып алған Абылайдың күйін құйқылжыта жөнелді.

Жәнібек те, сұлтан да, Бөкең де мына күйді алғаш тыңдағандай қыбыр етпей қабылдап, сонар шалыс арқылы алма-кезек ауысатын, қатқыл зіркіл мен нәзік шырылдың арпалысын жүректен өткізгенде кеуделерді өксік дірілі буып, жанарларды дымдантып ылғал үйіріле бастағанын сезер де емес. Дәл соны байқап қалғандай күйшінің доғал да жүйрік саусақтары енді

пернелерге жебелей нық қадалғанда жер түбінен дүбірлетіп атойлатып жететін зар үні, сол зар үнін іле тұншықтыра өршитін ызалы кек қайрауы толқындап дуылдап бір кетті. Сол-ақ екен екіленген күй шамырқана ширықты. Шамырқанған саздан кейуананың өксікті ”Елім-айы” аңырай түсті де, кенет шаңқ еткен қыранның шаңқылындай асқақ әуен мен жүрек шымырлата тұла бойға ып-ыстық толқынды тоғытты да жіберді. Кеуделер тіктелді. Жанарлар ұшқын атты. Жүздерде кек сұсы тұна қалды.

Күй тағы да баяулай сызылып, ”Елім! Елім! Елім-ай!” дейтін бәйек үнімен жүрек біткеңді тағы бір-бір нәзік қана шымшып өтіп, енді уыз тірліктің мамыражай шуағында уілдеген сәбидің тәтті күлкісіне бөктірді де, тағы да қажырлы үндерді көк жүзіне тік шапшытып қалып, сол биіктегі шырқау қайрауын кілт үзіп тоқтады.

Абылай қозғалақтап кетті. Жарылғапқа иек қақты.

- Күйің керемет екен, Жарылғап!

- Бұл күй сіздікі ғой, сұлтан аға!

- Жоқ! Менікі жобасы демесең, қан құйып, демін салған, жанын кіргізген өзіңсің! Сенсің! Рақмет!

Жарылғап сәл жымиды да бас шайқады.

- Абылай аға! Кісі өз перзентінен жерімес болар. Менікі сол ұланға әлекей-шүлекей тағып, бөркіне үкі қадағандай ғана болмашы нәрсе ғой. Атын ”Әнет баба” деп қойып едім. Асығыс жасадым ба, артық кеттім бе - осыған өзіңіз төрелік етіңіз.

- Солай атап пең?! Оу, Жарылғапжан-ау, одан артық ат болар ма. Әнет бабаңа бұдан өтер құрмет те болар ма,- деп сұлтан қатты ырза боп, ұмтыла беріп, Жарылғаптың қолын құшырлана қысты.

Сәлден соң Бөгенбай мен Абылай сұлтан өз үйлеріне кетті де, ендігі бар пейіл мен көңіл мынау келісті қонақ, исі Арғынның Қаз дауысты Қазыбектен кейінгі қадірлісі Жәнібекке ғана байланып қалған еді.

Жәнібек Жарылғапты манадан ұнатып отырған, енді тіпті жақсы көргенін жасырған жоқ, төрдегі орындар босаған кезде ”бері мұнда отыр!” деп қасына шақырып алды.

Түйте Жөнібекті бұрыннан да жақсы білетін. Екеуі

сырмінез. Жәкеңнің ерлігіне, табандылығына қатты сүйсінсе де, кейбір өзімшілдеу, бірбеткейлеу әдетін ұнатыңқырамайтын.

Бөкеңнің жайлау жапсарына жағаласа келіп, бірнеше ауылын қондырмақшы екен дегенін естігенде іштей қатты күйзелген. ”Апыр-ау, сонысымен не өндірмек. Ағайын арасына іріткі салу екенін басқа басқа болсын, ел үшін еңіреп жүрген кемеңгер Жәнібек білуі керек еді ғой. Сонысы қалай? Әлде мынау Бөкеңнің айдыны асып, айбары көбейіп, Абылайдың оң көзінің, қасиеттім Биағаның желеп-жебеуімен Арғынның бас сардары болғанын қызғанып, ішінен қыжылданып, мойнын сырт қайырғаны ма?” деп уайым шегіп еді. Бәрі бос боп шыққанына қуанып отыр міне. Жәнібектің Бөгенбайды сыйлайтынына да, аға тұтып қатты құрметтейтініне көзі әлгінде тағы бір жетті. Оны Жәнібектің қызу әңгімесін, бетіне ойнап шыққан ішкі лептің әсерлі жалынынан, ағасына, қатарлас үзеңгілес батырға деген інілік мейірім мен қошеметтеуден туған шексіз ілтипатынан таныған.

- Оу, Жарылғапжан-ау! Кейде қасында жүріп Қап тауындай биік өресін, Көкше теңіздей терең ақылын көре бермейтін қадірлің боларын адасқанда ғана тауып, сасқанда ғана білетінің бар-ау. Надандықтың басы - қызғаныш қана. Жамандықгың қосы - өзімшілдік, өркөкіректік қана. Екеуі де жұққыш. Содан аулақ болайық дегенді өзіме де, өзгеге де айтумен келем. Ниет түзу болса, бет алдың әманда ашық. Сол алды ашық, жүзі жарқын жан мен білетіндердің ішінде Бөкем ғана ғой. Сардарымыз ғой біздің!- деп бір байлаудың түйінін көрсеткен.

- Сіз ше, Жәнібек көке! Сіз де сардар емессіз бе?- деп Жарылғап енді батылдана сауал қосқан еді.

- Е-е, балам! Сардарлықты кейде хан, кейде жұрт, кейде жиын береді. Ал бүкіл болмысыңмен өзің ғана лайық боп табылсаң, сол үлкен атақты хан да, жұрт та, жиын да берместен бұрын тағдыр атты құдіреттің өзі ғұмырлық тұмарындай, қасиетіңдей етіп мойныңа тағып береді-ау.

Осыдан кейін Жәкең бір есіле сөйлеп кетіп еді, Жарылғаптың көз алдына қызылды-жасылды дүние

дөңгеленіп оралып, ыстық-суығына бір қарып, бір мұздатып қақпақылдап ала жөнелді.

* * *

Көктем өтіп барады. Көктем өтті дегенше күні шыжғырып жаз жетеді. Жаз жетті дегенше мына бойжеткендей бой жазып қызыл-жасылын құлпыртып даланың сылаңдаған көркін жайып салған Қарақұмның бар бояу-бедері жоғалады. Анау қызғалдақ, сарғалдақ көмкерген жалдардың таз төбесі тақырланып, оты мен қылтанағынан айырылады. Қағы мен ылғалын бу қып ұшырып, құрдым боп сорып алған аңызақ бедірейген құла түздің үстіне безерген сұр асланды төңкере салады.

Ал қазір көктемгі оңдым-ойдым суы мол, дүркіреп өскен көк-жасыл өсімдігі мол, көздің жауын алатын құм алқабының жазғытұрымғы сылаңдаған сұлу келбеті көркем Қарақұм өңірі - бүкіл қазақтың құрылтайы өтетін жиын ордасы боп төрт тараптан бес қаруын түгел асынып, сойыстық, сауындық малымен дүркін, дүрмек жетіп жатқан алаш азаматтарын қойын, қолатына тығып алып жатыр.

Ұлы жиын ұлы мәселелердің қиын түйіндерін дәл осы жолы Тәуке ханның алдында не шешіп қайтпақ, не одан әрі шиелеп қайтпақ. Не азат басты азап ноқтаға керу, не азат басты азаматтығыңды сақтап қалам десең алыс-жұлыста өтер күніңе табан тіреп арпалысып, айқасып көру. Басқа тірлік жоқ. Тығырық халге жетіп маңдайды тасқа тіреген сол тұс Ғайса пайғамбардың туғанынан бергі бір мың жеті жүз оныншы жылдың мамыр айы болатын.

Бұл ұлы жиынға исі қазақтың бар руынан ешкім қалмай түгел қатысуының үлкен себебі бар еді. Қазақ пен ойрат арасының көптен бері тыныштығы бұзылмай келгені қамсыз қазақтың ұйқысын молайтып, жалқаулығын арттырып, күйбеңін көбейтіп жібергенін қапысыз баққызған қара қалмақтың қаһарын тіккізе бастаған еді. Цин империясымен айқаса-айқаса, жеті қосын Халқаны қосып алам деген

Қалдан Башықты хонтайшысы өз басын жұтып, Сыбан-Рабтан хонтайшысы қоңына қол батыртып, сауырын жұлмалатып, талыстай жерінің талайын шүршіттің табанына тастай қашып, шөншіктей тар аяға ұйлыға тығылған соң, керенаулаған кердең қазақтың кең-байтақ даласына ашқарақтаған дәмесін сұқ иттің көзіндей мөлитіп, бүгін болмаса ертең дүбірлетіп келіп, бас салуға дайындалып жатқанын жайлауы аралас, қойы қоралас отырған алаш әрине сезіп қалған-ды. Тамағынан пышақ орарда жануар екеш жануар да тұяқ серпеді ғой. Жан алқымға тығылған сәтте далбаса әрекеттің бір тізгініне қол созудың қажеттігін қатты ескерген Әз Тәуке хандықтың о шеті мен бұ шетіне сауын айтқызып, осы Қарақұм құрылтайының өтуіне өзі себепкер болған.

Жиын әлі де сол арқаны кеңге салар қазақтың ырғалып-жырғалып жүріп алар мимырттығының кесірінен айтқан уағынан екі күндей кеш басталса да, іркілісін, кібіртігін одан әрі үдетіп, ит-ырғылжың тәжікелесудің көбік шашыратар мылжыңдығын көбейтіп алып еді. Алдымен кеуде салыстырып, айдыны мен айбынын салмақтастырған арты ауыр дүмділері түсер үйінің, берілер сыбағасының, көрсетілер құрметінің өзгелерден ілгері, қалқыңқы болуын күйттеп ырғасып бір керілдессе, кейіннен қабақ бағысып, ұпай аңдысып, жік-жік боп және бүлінген еді. Кейбіреуі саған да оң қабағым ашық, саған да оң тілеуім дұрыс дейтін амалмен ешкімге бөтені боп көрінбеуге тырысса, екіншілері әлден-ақ елдің құты, жердің құзы өзім ғана дегенді сызданған сұрымен-ақ танытып, қол мен күш жинауға кірісіп-ақ кеткен еді.

Қарақұм атырабы селдей ағып жеткен ұшан-теңіз халықтың қара нөпір боп құмырсқадай қаптап жеткенін алғаш көрсе, сол қара нөпір жұрттың бас-басына би болған кеудемсоқ рубасылары мен әр төбенің шаңын қара құрығымен бұрқылдата алатын есерсоқтау батырсымақтарының танаурай таласып, пайдасыз айтыстың көрігін қыздырғанын тағы көрген еді.

Бөтен сөзім жоқ дейтіннің өзінде ұғысар ниет,

айтылар тілек он астардың астында қабат-қабат бүктеліп жататындықтан, екеу-үшеуден ғана оңаша сыбырласып бас қосқан үлкендердің араласпас тұсқа қалай араласуды, килікпейтін кезге қалай килігуді көздеп дауды тіпті көбейтіп жібергені сондай, Тәуке алты алаштың алты төбе биін көшпелі ордасында жеке де қабылдап, салмақты сол даңғыл Төле биге, терең Қаз дауысты Қазыбекке, тұңғиық Әйтекеге, қарақалпақтың сұңғыла Сасық биіне, құраманың маңғаз Мұхамедіне, қырғыздың Қоқым Қарашорына салып, ендігі әңгіменің төркінін бір арнаға түсіргендей де болып еді. Амал не қас-қабақтан ішкі сырды оқығыш тілмарлар қара сөзден қаймақ айырып майыса жөнелгенде, әділетті де, адалдықты да олжа бөктергіш өз қанжығаларына оп-оңай байлап ала қойысып еді.

Сол жолы жас бозбала Жәнібек қатты таңқалған болатын.

Атағы Алатаудай Төлені де, кемеңгерлігі Арқасындай кең Қазыбекті де, білігі бүкіл елді аузына қаратқан Әйтекені де еріксіз тұқыртып тілмарсынған көп мылжыңдардың айтатындары: ”Тәйір-ай! Көшпей, қонбай жүрген ел ме едік. Әйт десек, жоңғар-жоңғар деген бір құбыжық тауып алғанымызды айтып, зәре-құтымызды ұшырамыз да отырамыз. Жоңғар келсе келе берсін, бас иіп қол қусырсақ не істей қойсын. Тіпті соларды көрмей-ақ, солармен кездеспей-ақ оңтүстіктегі діні бір, тілі бір ағайындар арасына неге жылжып кетпеске. Бәріміз түгел симаспыз десек, онда жартымыз Орал тауының етегіне бет түзейік. Ал енді осы екі бағытты да алыссынсаңдар онда қазақта не көп, құдайға шүкір, жер көп. Ой мен қырға, құм мен жықпылға кіріп-кіріп кетсек, сол қара қалмағы не бізді таба алмай, не елді шаба алмай, арып-ашып, іріп-тозып өз-өзінен құрып кетпей ме. Соғысамыз деген сандалғанның сөзі. Соғыспай-ақ әркім, әр ру өз басын ала қашса, шақшадай басы шарадай болған ойрат немең қай ауылдың соңына түсерін білмей, даламызды ию-қию шиырлаған сораптардан қайсымыздың ізімізге түсуді білмей, есі шығып, естерінен тансын” тәрізді ел қамын жемес есекдәменің сырғытпасына сала берген соң бірнеше күннен бері іште қайнаған ашулы

ызадан әбден жарылардай боп жүрген жалындаған жас батыр Бөгенбай қамшысын бұлғаң еткізген ғой. Сол күнгі кеңестің тізгінін қымтып отырған Әйтеке би Қанжығалының жас перісіне ықыластана пейіл берген ғой.

- Уай, ағайын! Қашып құтыла алмайтыныңды, босып сытыла алмайтыныңды біліп отырып, бұлталаққа салуың қалай? Кетсең - артыңда жерің мен төбең қалмай ма. Төбенде ата-бабаң жатқан молаң қалмай ма. Ауыл боп босқанында қарсы алдыңнан тоспас жау жоғын қайдан білесіңдер. Тосқан жау ұлынды - құл, қатынынды - тұл етерін, жайлауыңды жайлап, мал-жанынды айдап кетерін неге ескермейсің. Желкілдеген ту көтеріп, желекті найза ұстаған батыр бабаларымыздың, қайсар аталарымыздың әруағына шет келсек, солардың батырлық қасиетін қашып-пышамыз деп қатындық қасіретпен ауыстырамыз деуіміз қай үрдіске сияды? Қай тілекке саяды? Әлде жүрегіміз күл боп, қанымыз су боп кетіп пе еді? Әлде ата жаудың талша мойнын қылша қиятын алмасымыздың жүзі майрылып па еді? Көк сүңгісін ежелгі дұшпанының көкжелкесіне қадайтын алаштың азаматы арыстандай ақырып шығатын айбаты мен қайратынан айрылып па еді? Жоқ! Шайлықпас жүрек кеудемізде тулайды әлі! Қаймықпас айбын жанымызды қаһарлы кекпен қайрайды әлі! Туған даламыздың түндіктей азат аспаны үстімізде әлі! Сауырына тақымымыз тисе, желдей жүйткитін арғымақтарымыз астымызда әлі!

Уай, жамағат! Жан - Алладан, иман - өзіміздің. Алланың берген жанын құл боп сақтасын деп ар мен иманнан безгенше, сол жаннан безген мың артық. Ал сол кеудеде торғайдай шырылдаған жанды қыран қып қанат қақтыра алсақ, онда сол жалындаған жанды тәңірге қайта тапсырғанша, талай жаудың кеудесін тесіп, талай жоңғардың омыртқасын опырып, талай қара қалмақтың қарақошқыл қанын қасиетті қара жеріміздің төсіне судай сорғалатар да едік. Ойратқа қол қусырып құлдық қамытын есіктен енгізсек, еркіндігіміз бен азаттығымыз түндіктен түтінмен бірге ұшарын ойласаңдар, мынау алты алаштың тұтастығына

сызат түсірмеудің қамын жейік. Алты алаштың тірегі хандығымыздың қазығын бұрынғыдан да бетер бекітейік. Әз Тәуке ханның алдында азаттығымызды қорғап қаламыз деп қылышымызды қара тасқа қайрап ант етейік, ағайын! - дегенде жалындай лапылдаған дауыстар ойдан өрге шалқып, төрден ылдиға лықсып, Қарақұм өңірін бұрын-соңды болып көрмеген қажырлы кектің ышқынысымен солқылдатып өтіп еді.

- Алла жар болсын саған, Бөгенбай батыр!

- Елі бардың Ері барын таныттың!

- Намысымды жаныдың-ау, кегімді қайрадың-ау, асыл азаматым! Ардақтым!

- Ел ебелек болмас! Ер көбелек болмас!

- Баста өзің! Сен баста бізді, басқалар қырық бөлем десе. Еретін де, өлетін де, жеңетін де біз - халықпыз!

- Енді ешкімнің қиқаңына көнбеспіз.

Бөгенбай мына қара тасқындай толқындаған ел үнін, кек үнін бүкіл жанымен емірене, егіле тыңдап тұрды да, бір сәт қолын көтеріп, шуды сап тиды. Құлаштай семсерін қынынан жарқ еткізіп суырып алған бойда, сол қолының жеңін түріп тастап, бұлшық еттері бұжырлана білеуленген білегіне ақ семсерді кірш еткізіп қадап кеп қалды. Бұрқ еткен қызыл қанды ақ семсердің жүзіне сорғалата тамызып алып, батыр алмасты тік жоғары көтерді.

- Уай, жамағат! Ел киесі мен қан киесінен қасиетті ешнәрсе жоқ. Қасыңның қанын ағызсаң - қасиет. Досың қаныңды ағызса - қасірет. Қаруым қас жауымның қанымен боялсын деп, міне өз қаныммен ант еткелі тұрмын. Қасық қаным қалғанша қасиетті жеріме жау табанын тигізбеске ант етемін!

Ақ семсерін аспандата көтерген Бөгенбай анандай жердегі алауға жетіп барып, қаруын отқа төсей қойды да, зор дауысты тағы лекілдетті.

- Уай, қасиетіңнен айналайын алаш әруағы! Уай, киеңнен садаға кетейін Ақжол бабам! Уай үш жүзімнің үш бастау ұраны: Бұқар! Құндыз! Тұлпар! Жорықтарда жолымызды қыл, жолдасымызды Қыдыр қыл! Жарылқаушы жаппар хақ, аңырап ұшқан ажалды оқты жолатпа ұлдарыңа! Атылған жебені жауымның өз төсіне қадалт! Сермелген қылышты дұшпанымның қақ

жүрегін қақырата тигіз! Толғаған найзаны қасымның көкірегіне бойлат!

Уай, жамағат! Жерімді жайлаймын деп келген жауыма көрін сайлаймын деп ант етеміз! Малымды айдаймын деп енген дұшпанымды жайрата жайғаймын деп ант етеміз!

Жар бола гөр, Жасаған! Қолдай гөр, Алашымның әруағы!

Ата-баба әруағына сиындық!

Сол-ақ екен айнала қоршаған қалың қазақ үлкені бар, кішісі бар, жасы бар, жасамысы бар бірі қылышын, бірі қанжарын, бірі пышағын суырып-суырып алып, жалма-жан суық қаруларының жүзін өздерінің жылы қандарымен жуып, алаулаған жалынның ыстық өтіне тоса-тоса қойды.

Мың сан кеуденің бір деммен, бір леппен, бір кекпен, бір тілекпен тоғысқан үні әртүрлі атаның әртүрлі әруақты ұранымен қазақтың қарапайым жұртының тұтастығының анық белгісін танытты.

- Уай, әулиемнің әулиесі Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс! Жолыңа жаным құрбан!
- Уай, Бабай түкті Шашты Әзиз, әруағына сиындым!
- Арыстанбаб әулием, қолда өзің!
- Майқы бабам! Ұрпағынды желеп-жебе!
- Байбөрі ұлы Алпамыс! Алысқанымды астыма басам деп ант етемін өзіңе!
- Қобыланды тұтқам! Арқамды саған тіредім!
- Тебей би бабам! Ұрпағынды желеп-жебе!
- Уай, Қоғам бабам! Әулием, желеп-жебе ұрпағыңды!
- Қотанбай! Дайырқожа, бабаларым! Әруақтарыңа кір келтірмеуге ант етеміз!
- Уай, қасиетті Қарашора әулие бабам! Ант етеміз!
- Бахтияр! Бахтияр! Бәйдібек!
- Қотаншы! Алатау! Жандар!
- Ойбас! Қарабалық! Ақбура!
- Ақжол! Мейрамсопы! Қозған! Қанжығалы!
- Барлыбай! Шақшақ! Шұбыртпалы! Маябоз!
- Құттықожа! Әлім! Байұлы! Жетіру!
- Құл қожа Ахмет!..

Мың сан қазақ, сан жүз қырғыз, сансыз қарақалпақ әрқайсысы өз ұрандарымен бекітіп ант беріскен сәтті Жәнібек ұлан ғұмыр бойы ұмытпастай есінде сақтап қалған еді. Сол күнгі ел бірлігінің ғаламаттығына әлі күнге дейін сенімін еш жоғалтқан емес. Кішілеу төбенің үстінде отырған Тәуке ханның, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Сасық, Қарашора, Мұхамедтің қайта-қайта бас изеп, олардың да қаруларын қандағанын көргенде іштей: ”Ердің ел үшін туарын, жерін қорғау үшін өлерін ұқтым-ау! Әмсе дәл бүгінгідей ел тілегін ғұмырлық парыз тұтып өтермін!” деп бұ да ант беріп еді.

Сол сәт бозқасқа айғырды ойнақтата жетектеген жігіттер әлгі алаштың жеті үлкені отырған тұсқа жақындай берген. Жасы үлкені Алшын Әйтеке би болса керек, сол кісінің бата беріп, бетін сипағанын біледі.

Содан әлгі бозқасқа айғырдың тамағынан орып жібергенде әдейілеп жайылған аппақ киізге ақ қарға тастаған қызыл қызғалдақтай боп атқып-атқып кеткен қанды көрген. Содан соң... о тоба құдай! Ақ шараға құйып алған қызыл қанға... құрбандық қанына қолын матырып, маңдайларына жағуға ұмтылған қалың қазақтың апыр-топыр аңқылдақ қимылына қатты мерейленген. Дәл сол жүрек тербеп, жанды уыстап, көңілді билеп алған сәттің ой-бойды түгел баурап алатын тылсымынан босай алмады ма, әлде ”елім үшін, жерім үшін жан пиданы” мынау ұлы жиынның жүрек жадында мәңгі қалдырмақ болды ма, екі жігіт өздерін құрбандыққа шалып та жіберіп еді-ау!..

”Есіл боздақтар-ай! Қайран қыршындар-ай! Бүйтіп босқа өлгенше, жастығынды жастанып жау қолынан неге қаза таппады?” дейтін өкінішпен өкпесі сыздаған Жәнібек әлгі екеуді қатты аяп еді. Бүгінде, ұйқысыз ой сандалтқанда сол екеудің сол өжет қимылынан ерлік ұшқынын байқайтындай да болады. Өйткені сол Қарақұм жиынын еске алған сайын анттасқан барша қазақтың оттай дүрілдеген жүрегін, қызылала қан бұрқыратқан білегін, “жерім - тірегім!” деген тілегін тағы да бір көз алдынан шұбатып өткізеді де, әсіресе сол екі боздақтың ”жаным - арымның садағасы!”

дегенді ұмытқызбастай табыстап кеткенін алқымға өксік тірейтін демімен тұншыға түйсінеді.

Ел іші болған соң бұғып қалғандар да, жылыстап шығып, сай-жыраны жамылып зыта жөнелгендер де біршама болып та еді. Бұлар - тілмарсып, ойраттарға қол қусырып, бас сауғалайық дейтін қуыс кеуде бисымақтар еді. Бұлар - бытырай көшіп жан сақтайық деп ауыз кергілеген керауыздар еді. Кеткендерге өкінген жан болмады. Өшіккен де ешкім табылмады. Сатқын тірліктің зауалы өз мойнында қоса жүретінін, сол зауалдың түбінде бір таппай қоймасын ескерген көпшілік, әлгілердің ісіне онша пұшайман бола қоймай, енді Бөгенбай батырды алқалап алақанға салып, алқалап аспанға көтеріп, бүкіл қазақ қосынының бас қолбасы - сардары сайлап алып еді. Жалындаған батырдың сардарлыққа лайық екенін хан да, билер де көрсе, білсе керек, олар да бірауыздан халық талабын мақұлдап, сол шешімге бас изескен еді.

Осы жайды, осы құрылтайды, сондағы ел бірлігінің сақталып қалуына Бөкесінің қажыры жеткенін қызулана әңгімелеген Жәнібек батырға үй ішіндегілер тегіс ұйып, ләм деспей, аузына қарап қапты. Әсіресе Жарылғап жиі қопаңдап, өзін сол ұлы жиын - құрылтайдың ортасында жүргендей сезініп қатты қызынып алып еді. ”Қандай азаматтар! Әй, Бөкем! Тазасың-ау! Тазасың! Жәнібек көке ше!.. Өзгенің ерекшелігіне өзі де қызыға білген, еліте білген адалдығынан, әділдігінен бір айнымады-ау! Ат-атағы бірнеше керуенге жүк болар Шақшақ Жәнібек құдіреттің, Шақшақ Жәнібек батырдың осыншама қарапайымдылығы қасиетінде болар-ау! Құдіреттілігі де дәл осы кісілік кішіпейілдігінде жатса керек-ау”.

Жас жігіттің көзі жарқырап, тағы да естісем, тағы да біле түссем дейтін сыңайын таныған Жәкең енді жақсы бейілін одан әрі аша түсті.

- Жарылғапжан, сен анау тағы бір сардардың - Қабанбайдың маған жасаған қамқорлығын естісең-ау. Ой, ол Қабекең дүниенің кең ғып, мол ғып жарата салған адамы ғой. Кісі танығыштығы қандай ол ағамыздың! Мейірі түскен жанға жақсы лебізін айтудан бір жалықпайды-ау. Жақсы көрген адамына үнемі

ізгілік тілеп, “жаңсақ баспаса, алдамшы тірлік жаңсақ бастырмаса екен!” деп өрісін ашып беріп отырарын айтсаңшы. Менің де жолымды ашып, маңдайымды сипап, алдымды кеңітіп берген сол сардар ғой. Бөкем екеуін бірінен бірін не артық, не кем көрген емеспін. Екеуіне еркелігім болған шығар, бірақ “өй-й!” дегізіп көңілдерін қалдырмауға тырысып-ақ келемін,-деп сәл жүзі құбылып кетіп, қайта нұрланды. Осы бөгелісті пайдаланған үй ішіндегі біреу тосын сұрақты оқыс қойып кеп қалып еді.

- Жәнібек аға, сіз ғой Қабакеңмен, исі Найманның бүгінде әруақ қонған батырымен көп араласасыз. Сұрайын дегенім, осы біз бір кебісті бір кебіске сұғып отырып, өсек отына май құюға сондай құмармыз. Өткенде біреудің осы қасиетті Қабанбай ағамызды тіпті қазаққа да қимай, алыстатып жібергені. Сол не сөз?

Жәкең кісесіндегі қалтадан қорқорын шығарып, әлгіге асықпай исі мұрын жарған темекі ұнтағын толтырып, бас бармағымен нығарлап басып-басып қойды. Насыбайшы қазақ темекі шеккен қазақты ол кезде онша ұшырата қоймағандықтан ба, отырғандар енді батырдың мына қимылына ентелей де, әуестене де қарай қалысты.

Шақпағын шағып, қорқорын тұтатып алып, бірер сорып, көк түтінді сыздықтатып аузы мен танауларынан ытқытқан Жәкең көзін әлгі сұрақ қойған жігітке сығырайта қадады.

- Шырақ! Жауапсыз қалған сөз жетімді аттап кете алмай отырмын. Әйтпесе, бұл бір түптей қоятын да жеңіл-желпі нәрсе емес. Қабакеңнің қазақ екенін талай рет қазақ үшін, қазақ жері үшін сауылдатып төккен қанының әр тамшысы айтумен келе жатқан жоқ па!.. Дүниеде нағыз қазақ кім десе, Қабанбай деп осы отырған сендер де, сонау бүкіл алашың да жүз қайтара мақтана айтар еді. Соны ескер де, анау-мынаудың өсегіне пысқырма, інім! Сөйт, жарай ма?- деді.

Түйте Жәнібекке бұрыннан да ағалық пейілмен қатты ден қоюшы еді, енді мына жұрт біткенге жақсылық тілейтінін, ақылы кемел інінің ар жақ, бер жақты түгел қамтитын көрегендігіне тіпті тәнті боп ырзалығын қас-қабағынан көбірек танытып отырды.

Біраздан соң Жәнібекті екі-үш жігітімен Жандыр түскен үйіне шығарып салып кетті.

Түйте тың әңгіме бастады.

- Әу, жігіттер-ау! Бүгін ғой Бөкем мен Қабекем туралы әлгі жақсы Жәкелеріңнің жақсы әңгімесіне қарық болдындар. Солай ғой, ә?

- Иә! Біраз жетісіп желпініп қалдық. Қандай кең еді алды! Қандай шуақ еді жүзі! Мінезді іздесең, тап осы ағадан артықты табу да қиын-ау,- деп Жарылғап әлі де тамсанысын қояр емес.

- Рас! Аузының дуасы мол, көкірегінің бұлағы дария екен де!

Түйте жадыраған қабағын кере қатты сүйсінгендегі әдетімен күліп жіберді.

- Үш сардарыңның бірі ғой. Үш тағаныңның дүрі ғой - Жәнібек. Өзгені ардақтап, өзін көрсетуге тырыспау - кісіліктің келбеті ғой. Келбетім де, келістім де осы Жәнібек інім ғой.

Құдауәнде, жоңғар мен қазақтың қайта-қайта тоқайласатын тұсы - Сайрамның түбі болатынына таңым бар. Әлде сол жердің қан аңсап, қан сімірем деп тұратын бір алапаты бар ма екен, онысын айта алмаймын, әлгі Қарақұм жиынынан кейін тура бір жыл өткенде, қазақ пен ойрат сол Сайрамның түбінде бетпе-бет кеп тұра қалған-ды.

Жәнібек онда жас қой. Он жеті-он сегіздерде. Өзі Қабанбаймен ыңғайлас. Соның жасағында жүреді.

Шайқас, әрине, жекпе-жекпен басталды.

Ақауыз тұлпарын ойнақтатқан қара қалмақтың батыры ортаға омыраулап шыға келіп, әне-міне дегенше-ақ біздің жақтың үш батырын бірінен соң бірін қағып тастап, ал кеп дүрілдесін. Көпірдің ұсқыны қандай жаман болса, гүжілдеген қырылдақ даусы төбе құйқаны тесіп жіберердей қадалатыны әлі күнге құлағымда. Қарқылдап күліп, мазақтап шуылдап ойраттар намысымызды таптап, біздің жақтан ешкімнің енді жұлқынып шыға қоймағанын кәдімгідей бетімізге салық қылмасын ба.

Өлімнен ұят күшті. Қорланып күңіренбеген қазақ қалмады ғой.

Ой, Аллай! Бір кезде күрең қасқа ат мінген бозбала

ойқастап ортаға шыға-ақ келгені! Жап-жас-ау! Жап-жас! Тебіндеген мұрты қияқтанып, ай қабақтың әрқайсысы тікірейіп өңіне кәдімгідей-ақ сұс бергенін көргенде, іштей сүйіндік те, бір тәңірге сиынып әлгіге бақ тіледік.

Ой, тоба! Бозбаланың қолынан қару көре алмай аң-таң боп біз қалдық. Қуана дуылдап қара қалмақ мәз. Сірә, мына жас қорыққанынан есі шығып, өз ажалына өзі асығып келе жатыр деп малданса керек.

Бозбаланы қатты аяп кеттік. Бірақ құр аяушылық білдіргеннен пайда не? Жекпе-жекке шықты ма, жауыңа қарсы тұрып, қару көтеріп, кәдесін жасауың қажет.

Ал анау жас күрең қасқасын құйықтырып, дулығасын күнге шағылыстырып сонау обадай өңкиіп найзасын кезеген қара қалмаққа шауып барады. Қара қалмақ ақауыз атын ойнақтатып қарсы шауып келеді. ”Қайран ғана қыршын жас құритын болды-ау! ” деп біз аһ ұрайық.

Арада шылбыр тастардай-ақ жер қалғанда біздің жас сарбаз тақымының астындағы әлденені лақтырып кеп қалып, күрең қасқасын кілт бұра жөнелгені ғой.

Ой, Аллай! Бүкіл даланы солқ еткізген сүйініш даусы біз жақтан, күйініш даусы ойраттар жақтан естіліп, жаңғырық жер мен көкті тұтастырып алсын да кетсін.

Не болды дейсіңдер ғой? Сұмдықтың көкесі,ептіліктің жәкесі болған ғой. Әлгі жас сарбаздың лақтырған бұғалығы қара қалмақтың қара обадай батырының кеудесінен орап алып, қайран мың болғыр жануар күрең қасқаның тау қопарғандай екпіні жауды жұлып түсіріп, қара жерге шаңырақтай басымен дүрс еткізген ғой. Сол сүйреткеннен сүйретіп отырып дәл алдымызға жеткізе берді де, әлгі жас сарбаз атынан қарғып түсіп, жау батырының қылышын суырып алды. Суырып алды да өз қылышымен басын шауып, қанжығасына қазандай ғып байлап алды.

Сонда ғана әлгі жас сарбаздың Жәнібек екенін таныдық қой. Ал кеп дуылдап, қошемет көрсете жөнелмейміз бе. Жас та болса ақылды екен. Дуылдағанымызды да, шуылдағанымызды да

жақтырған жоқ. Ал дәл сол сәт - нағыз шешуші ұрыстың ең бір ұрымтал мезеті еді. Қай жақтың сесі басып лап берсе, сол жақтың десі басып кетері аян-ды.

Әлгі Жәнібекжан дуылдаған тобымыздан жырылып шыға берді де, күреңқасқасына қамшыны басып-басып жіберіп, ”Шақшақ! Шақшақ!” деп ал кеп жалын ата ұрандасын.

Мынандай жойқын ерлікті, ғажап өжеттікті көріп тұрып қайтіп қана шыдарсың. Кеуде біткеннің қаны тасып, көз біткенге қан құйылып, сол дүрілдеген қанмен бірге дуылдап кек оянып, қайрат тасқындап озан-ұраңды көк аспанның көбесін тесіп жіберердей қиқулап лап қойып кеп қалдық емес пе.

Содан не керек, рухымыз тіріліп, батылдығымыз еселеніп қара қалмаққа ой бір ұрыс салдық-ау. Дәл сол күнгі жеңістей жеңісімізді, дәл сол күнгі намысымыздай намысты тағы бір көрсек деп армандаумен келем. Бәрі сол Жәнібек жастың өжеттігі мен қайсарлығының кеудемізде кек отын тұтатып, жүрегіміздегі намысты лапылдата жауға ұмтылуынан басталып еді-ау. Әне, мен білетін Жәнібек батырдың, Жәкең ағаларыңның алғашқы ерлігі. Жәнібектің қасиеті жұрттың намысын қайрай біліп, өжеттігін оятуында ғой,- деп Түйте терендетіп бара жатқанын сезді де, тез қайырды.

Т Ү Й І Н

Заман да келді қырыннан,
Қамынды же бұрыннан.
Сөйлей білші, тіл мен жақ,
Құр қалдырмай ырымнан

Бұқар жырау

Домбыра безектеуі тыншымайды. Мазасыз көңілдің ішкі аласапыраны он саусақтың ұшынан екі ішек пен тоғыз пернеге төгілгенде, бірде майда уіл мұң саумалайды. Бірде екпінді ырғақ кек қайырады. Жүректі жұлқындырып, әлдебір қыжылды түртіп оятып, өткен күндердің алыс белгілерін бар бояу-бедерімен жақындатып әкеліп, ала құйын көңілінің өгейсіреген қиялын тірілте қояды.

Ала жаздай Ұлытау маңайынан ұзап шықпай, айнала төңіректеп жүрт жаңғыртып қана көшіп-қонатын би ауылының күзекке кетердегі ең соңғы жайлауының пұшпағы да тақырлана бастап еді. Екі күн қатарынан жауған мол жаңбырдан кейін қылтанақтаған шөптің сілтісін шайып кетсе де, жусан басы әжептәуір құлақтанып, маңайды кәдімгідей-ақ көгілдір түске бояп тастапты.

Сонау көкжиек бүгін күндегісінен гөрі алыстап, айқындалып, ашық аспан астында барынша керіліп көк мұнарды баяу ғана желпінтіп, майда жібектен перде тұтынған сұлу аяштай боп сылаңдай қалыпты. Пердесін дар-дар жыртар жүрдек желі, үйіріп, қуалап үйірер алатопыр құйыны тұтанбас жаймашуақ мезгілдің оралғанын сездіргендей сәскеге тырмысқан күннің де шеке шағар қызуы жоқ.

Қазыбек би әлдеқайда баруға жиналды ма, Қазымбеттің есік пен төрдей Биағаның қарагер атын кермеге байлап қойғанын көрген көршілері де ертеңгі астарын

ертерек ішіп, іздеп қалса, дайын отырайық деген елгезектікті күшейтіп еді. Сол себепті де сырттағы қара-құра көбейе бастаған.

- Күн жақсы боп тұр-ау!

- Несін айтасың! Жаңбырдан кейін жер жарықтықтың берекесі кіре береді ғой.

- Рас. Анадай емес пе. Төсі иіп еді, еміреніп шыға келді. Қарашы! Жусан иісі тап бір көктемдегідей аңқып қоя берді-ау!

Бірін бірі мақұлдаған үлкендердің көзі бидің ақ боз үй жағын көбірек аңдып, сол тұсты көбірек шалып тұрғанымен Биағаның есіктен бері аттаған тұлғасы бұларға әзір шалынар емес.

Ендігі тілге тиекті тұрғандар осы маңайдан өрбітті.

- Биаға бір жаққа бармақшы-ау, ә?!.

- Көптен бері қарагерге ер салғызбап еді, барса барар...

- Биағаға салмақ көп түседі-ау осы. Қашан көрсең, анаусы бір кеп, мынаусы екі оралып, алдын бір босатпай жатқаны. Жай келе ме солар. Қайдан. Қол жаятын, көз сүзетіндер ғой шетінен. Әй, бір сұрамшақ, тілемсек төрелерден көп, барылдақ, дарылдақ би мен байлардан мол ешкім жоқ па деп қалам-ау кейде. Бөрінің де көкейін тесіп бара жатқан бір үңгігіш, мүжігіш ала бас құрт. Алсам, толсам дейтін құрдым тілек,- деп Есенаман батырдың баласы Асан бас шайқап еді, тағы бірі іліп әкетті.

- Рас айтасыз, Асеке. Осылардың, әлгі келгіштердің бәрі демейін біразы анау Мәтіби орысты, естек Жолайды, ноғай Естерді, тіпті сонау Тібеттің бұрынғы ламасы бүгінгі Биағаның кеңесшісі Доржаны төңіректеп, әрнені бір суыртпақтайтынына таң қалам-ау.

- Иә-иә! Оны мен де байқағам. “Биағаның ауылына осы әр ұлттың адамдары неге жиналады? Осыларды қайтіп қана сиғызып отырсындар? Орыс орыстығын, қалмақ қалмақтығын, сарт сарттығын жасамас па... “Бөріні қанша бақсаң да, тауға қарап ұлуын қоймас” дегенді ұмытып кеткен жоқсыңдар ма?” деп өткенде маған бір төресымағы аузын кергілеген. Зымиян-ау, зымиян ғой. Биағамның осыларды тегіннен тегін маңына, ауылына топтамайтынын, солар арқылы

дүниедегінің бәрін біліп отыратынын, әрине, сезеді ғой ол қулар. Әй, бірақ арамдықтары бәрібір қалмайды-ау. Әлгілер арқылы Биағаның ішкі кірнесін білмек боп жанталасатындарын өзгелер сезбейді дей ме екен сонда,- деп Асан ернінің астына насыбай салып ала қойды.

- Әй, солардың әр келісі Биағамның кейісін күшейтіп барады-ау.

- Мен де сезіп жүрмін-ау. Кейінгі кезде бидің күрсінісі тым көбейіп, қабағы да көп ашылмайтын болды-ау.

- Қайдан ашылсын. Алыстан күткені мүлде жырақтап кетпеді ме. Жақыннан тосқаны буға айналмады ма. Соның бәрі жүрек сыздатпай қойсын ба. Мұңдана қарап, сахарасына шарасыздана көз тігуден өтер қиянат болмас-ау,- деп Асан күрсінгенде кешеден бері осы ауылда жүрген Жабағы бас изей берді.

- Жөн, жөн... Биағаны орыстардың әрекеті әбден титықтатып жібергенін өткенде өз аузынан естігем. Сол күйзеліс әлі күнге құлағымда тұр-ау. Көпірдің аты кәпір емес пе. Қайбір бізге емешесі үзіліп түсер.

- Не деп еді? Биағаны күйзелткен ол не қылған салмақ еді? - деп әлдебірі елегізи қадалды.

- Салмақ деймісің? Қайдағы салмақ. Ақ патшаңның... патша қатынның қазаққа деген озбырлығы ғой Биағаның ет жүрегін жаныштаған.

“Е-е, өзі кеп мойнын тосса оқ шығармай-ақ, қанымды төкпей-ақ сол сүмірейген қазақтың өзегіне от құйып, өндіршегін тіліп неге құлдық, отарлық қамытын кигізе салмаймын” деп құлдыраңдамағанда қайтсін ол патшайымың. Іргесін шандатып, шырқын бұзып, шекарасын шертіп отыратын жауынгер халық өз әрекетін өздері тиям десе оған неге қуанбасын сол қара шекпендер. Бәрінен де бұрын егесшіл қазақты ерттеп мініп алған соң, түстік елдерге ертеңгі сауда-саттықтың күре жолы ашылмас па деп есі шығатынын да ескермейміз-ау. Әлекей-шүлекейіне қазақтың қазанатын, құйрығы дөңгеленген арқардай қойын айырбастадық деп алдап ала қоймақ-ау. Алсын-ақ. Арандатпаса ғой. Жоқ қой ондай тазалығы. Тектілігі.

Қайрап, айдап салады-ау онсыз да желіккіш, еліккіш қазекемді анау жалақтаған жоңғарға қарсы. Аранын ашқан сол ойрат шіркіндердің көмейіне тығар жеміті де, Сібірдегі орыс селендеріне шабуыл жасар жолының тосқауылы да ендігі жерде алаштың алданған ұлдары болмақ қой. Сол ғой патша төңірегінің түкпірлі мақсаты. Ол ол ма, қыңыратқыған қалмаққа, бүлікшіл башқұртқа кешегі қарақшы қазақты айдап салып, солардың қолымен от көсеймін дейді-ау сол озбыр шіркіндер. Күрейді әрине. Күретеді әлі-ақ. Анау Әбілқайыр хиуалықтар мен қарақалпақтарды білектің күшімен, найзаның ұшымен-ақ Ресей патшалығының қоластына кіргізіп берем деп әлден-ақ қопандаса, ертең одан да зорғыны жасаудан тайынар ма" демеп пе еді сонда Биағам. Бәрі айтқанындай боп шықпады ма. Шықты ғой. Орысқа қол созғанда арқа сүйер одақтас табармыз демеуші ме едік бәріміз. Биағанікі де сол тілек еді-ау. Ал патшайымың енді қалай шалқиды дейсің. Түп-тура даланың дауыл айдаған қара өртінен бір де кем емес-ау. Кімнен, неден жасқансын. Жасқану қайда. Ол шіркіндер енді басқа-көзге төпелеуге әзір ғой.

- Әй, Жабағы! Осы сен біраз нәрсені білесің. Көкең - Аралбай батыр да көкірегі қазына жан. Оның үстіне Биағаның кеңесіне де кіре бастадың. Осы бір білейін дегенім, реті де келіп түр екен, әлгі Әбілқайыр ханның осы өзі қоластына кірген орыс патшалығының боданындағы башқұрт пен қалмаққа шаң боратып шандуыл жасай беруін тоқтатудың орнына бұрынғыдан да үдеткені қалай? Қатын патшаңның қой деуге қолы тимей ме сонда?

- Ой, Тілеке, сіз кейде баланың сөзін айтасыз-ау. Әлгінде ғана Биағаның бүлікшіл башқұртқа, қыңыр қалмаққа қарақшы қазақты айдап салады дегенін естімедіңіз бе. Сол Әбілқайырға анау бүлікшіл башқұртты тұқыртып бер деген орыстардың өздері болса, екі алақанына түкіріп оңай олжаны қай тұстан табам деп отырған Әжінің тентегі екі иығын жұлып жеп естектің есін шығарып ал кеп араласпасын ба. Әрине араласады ол. Бүлік естек деп, дұрыс естек деп қайсыбірін ажыратып жатсын, жолындағысын

жапырып, башқұрт біткенді лақтай бақыртып, бықпырт тигендей етпеді ме ол. Ал патшайымыңа керегі дәл сол. Іргеме қамал салғызбаймын, ортама орданды орнатпаймын деп қиғылық салғыш башқұртты қарақшы қазақ ханы қанын судай шашып қан жылатып берсе, басқасын ойлап басын қатырып неге әуре болсын. Өткенде ғана Биағамның қатты ренжігенін көрмедің ғой сен. “Әлден бірімізді бірімізге құс қылып айдап салып, басы бірікпейтін мұсылман қауымының біреуінің жендетін біреуінен тапқызып жатқан сұмдық зымияңдықты сезбей далақтай береміз-ау!” деп күңіренгенге бергісіз күрсінісін тыңдағанда менің де ішім қан жылаған. Қойнына тартқан жоқ, екі аяғын салбыратып мойныңа міне бастағаны осы емес пе бұл қарашекпендердің. “Далаңнан өтетін біздің көпестеріміздің керуенін бұрынғыдай талау-тонаудан тыйылып қана қоймайсың, сен дала қазағы, сол керуендерімізді тісті-тырнақтыға тиіскізбей, өздерің қорғап, күзетіп, баратын жеріне дейін аман-сау жеткізесіндер!” деп зіркілдейтіні тағы бар-ау. Жеңген иттің желкесінен алар деген осы ғой. Әлден-ақ құлындай жұмсап, итіндей айтақтай бастамады ма. Ол ол ма, Қазекемнің қабырғасына қатты батып отырғаны “қажет қылсақ, орыс әскерін нығайту үшін балаңды жетектеп әкеліп, салдатқа да бересің сен, сенсең, тонды қазақ!” дейтін әңгіртаяқ әмірі емес пе. Бастан билік, елден ерік, алаштан азаттық кеткенінің басы ғой бұл. Құлағыңнан басып тұрып, тұқыртып отырып: “он түтін бір түлкі терісінен жасақ төлейді” деп бұйырарын қайтерсің. Өзің іздеп барып өндіршегінді соза “боданың болам. Құлдық қамытыңды алам!” деген соң аянсын ба. Аясын ба. Аямайды, әрине. Биағамды соңғы күндері қатты қинап жүрген осы толғаулар ғой.

Асан Жабағының мына сөздеріне қатты толқыды. Ауыздары жалппылдап сөйлейтіндерден мына ағасынан естігені мүлде бөлек. Биағаның қасында көбірек болатын Аралбай көкесінің әсері де болар. Әйтеуір мұның талай қышыған жерін дөп басып кеткендей болды.

Кенет абыр-дабыр үндер көбейіп кетті.

- Әй! Анау шаң тегін емес!

- Биағаның ауылына шандатып енген кімді көріп едік!

- Артындағы да түйдек көтерілген шаң емес пе?

- Шаң! Онысы қуғыншы болды-ау!

- Апырай! Тапа-тал түсте Қазекемнің ауылына ат ойнатып келетіндей қандай жүрек жұтқан жандар еді!

- Жә! Шуылдамаңдар! Келсін! Қашқанды да, қуғанды да көріп алармыз.

Осылай жамырасқан дауыстардың көп еріндерде көпіршіген намысшыл көбіктерін кептірместен жалғыз аттыны енді болмаса қуып жетердей боп түйдек жеткен қуғыншылар айғайға басып қалды.

- Ұста!

- Соқ!

- Байла! Байлаңдар! Хан жарлығы осы!

Қашқын жігіт башқұртша-қазақшасын аралас-тырып, зарлап қоя берді.

- Уай, ағалар! Уай, Қаз дауысты Қазыбек би! Араша тілеймін! Араша!

Қаракесектің әлекедей жаланған жігіттері Биағасының аты естілген жерде, Биағасынан көмек пен жәрдем сұраған кезде қашан бұғып қалушы еді. Көздері оттай жайнап, өре тұрды. Әсіресе Есенаман батырдың намысшыл өжет ұлы Асан зор даусымен төбеден ұрғандай етіп зірк ете қалды.

- Әу, қасиетті Қаз дауысты Қазыбек көкемнің ауылын шаңға көміп енердей кімсіңдер?- деп қуғыншыларға қаһарлана шүйілді.

Әлгілер алғашқы екпінінен ажырамаса да, ылдилай бастады.

- Біз бе... ханның шабармандарымыз!

- Хан жарлығын орындаушыларымыз!

Асан қамшысын етігінің қонышынан суырып алды.

- Ханың кім? Жөн сөйле шуылдамай!

-Хан ба?.. Әбілқайыр!... Әбілқайыр!..

Асан қарқылдап күліп ала жөнелді. Асан күлгенде қасында тұрғандар қоштап ала жөнелді.

- Сенің Әбілқайырың кімге дәркер! Қымыздың буы мен қыздырманың дуына елігіп азат елді әйел патшаның дамбалына тығып бермек болған сұлтаныңның

әлекілігі бізге жүрмейді. Оны хан деп қанымды бекерге қыздырма!

Жабағы да қатты көгере ашуланып алған еді, әлгі атынан да түспей найзаларын шошаңдатқан төртеуге жақындап барды.

- Түсіңдер! Түсіңдер аттан!

Төртеу бір-біріне қарап өтіп, қайтадан Жабағыға жалтақтай қарады.

- Не дейсіз?.. Асығыс едік... Қашқынымызды аламыз да қайтамыз...

- Ала алмассыңдар. Бұтаға тығылған торғай да жан сақтап қалатын. Әулиедей Биағама жан сауғалап жеткен міскінді шырылдатып ұстап бере алмаспыз. Түсіңдер тез. Әйтпесе...- Жабағы сөзінің аяғын бітірмей алдыңғы қуғыншының кесе көлденең ұстаған найзасынан шап беріп, жұлқып қап, аттың үстіндегі адамды жерге ұшырып түсірді. Қопаңдасқан үшеуге Асан қамшысын сілтей, бұйырып қалды.

- Құтырмандар! Құтыртармын әйтпесе. Тез түсіңдер аттан!

Үшеуі де тез екен, көзді ашып-жұмғанша көліктерінен домалай түсіп, қол қусырды.

- Енді жөндеріңді айтындар. Қашқын-қуғын боп құлқынсәріден неге алаөкпе боп жүрсіңдер?- деді Жабағы.

Алғашқы топ етіп жығылғаны басшылары болуы керек, шаң қапқан етегін де қақпастан бір аттап ілгері озды. Еңсесін көп жыққызбауға тырысып, шүңірек көзді кәдімгідей-ақ қадалтты.

- Мынау естек сонау күннен бері тұтқынымыз болатын. Әу баста сонау елірген естек-башқұрттардың Қарамұрт дей ме, Қарасақал дей ме бір баскесер бүлікшісінің жұмсауымен қазақ даласына бір топ боп келген. Ондағы ойлары жайбарақат жатқан елге жау тауып беру.

- Әй, былжырамай жөн сөйле! Жауың кім? Кімді тауып бермек бізге жау қылардай,- деп шапшаң Асан қолын шошаң еткізді. Шошаң еткен қолдағы қамшысы бұлғаң қақты.

- Жауы кім болсын - орыс-тағы. Сонау қоғадай көп ақ патшайым салдатына қарсы айдап салмақ қазақ

баласын. Сол үшін мынау естек те, сонау Әбілқайыр ханымыздың қолына түскен өзгелер де, қазақтан көмек сұрамақ болған.

- Соларды сендер ұстап алдыңдар ма?

- Жоқ. Олар өздері келген.

- Сендерге ме?

- Иә. Әбілқайыр ханға. Бұл бүлікшіл естектерге қарсы орыстың бір жандаралы бастаған әтірет шығып, қырып-жоя бастаған ба, бұлар... естектер жандары мұрнының ұшына келген кезде бізге, қазаққа жасай беретін шабуыл-шандуылын ұмыта қойып, қандаспыз, қарындаспыз, дініміз бір, тіліміз ұқсас деп далбасалап көмек сұрамақ болған ғой,- деп әлгі сөзінің аяғын күмілжітіп жіберді.

- Сендер соларды сол бойда-ақ тұтқындап қойдындар, ә?

- Енді ол жағын біз білмейміз. Хан жарлығын орындау міндет. “Жап!” деді. “Қама!” деді Әбілқайыр. Қамап ұстадық. Содан мына біреусі қашып шықты емес пе.

- Неге “жап!”, неге “қама!” дейді о сенің ханың. Қайырым күтіп, ізгілік іздеп келген қай қонағын қазақ қамап ұстаушы еді. Сендер сол ата-баба дәстүрінен қалай аттап кетіп жүрсіндер?- деп Жабағы қинала бас шайқады.

- Хан ғой. Әбілқайыр сұлтан ғой бізге дікілдеген. Орыспен енді одақпыз дей ме, соған боданбыз дей ме, айтқанын орындауымыз қажет. Бүлікші башқұрттарға көмек беру дегенді ойламандар. Қайта енді біз бұларды орыс солдаттарымен қосылып, тезге салып беруіміз керек деген Әбекең. - Басшысының құптау күткендей өздеріне бұрылғанын көргенде, қалған үшеуі жамырап қоя берді.

- Иә! Солай деген.

- Естектердің есін шығарып есе қайтарамыз енді деген ол.

- Мол олжаға қарық боламыз, ол үшін анау Қарамұртын ба, Қарасақалын ба, ұстап береміз деген.

- Жә! Шуылдамандар енді. Бұны да, - деп Жабағы манадан үнсіз тұрған башқұрт жігітіне қолын сермеп қойды. - Сендерді де Биағаның өзі сөйлесіп, ақ-

қарасын тексеріп барып, бір жайлы етеді. Әзірше бәрің де бізге қонақ қанасындар. Асан, сен мыналарды енді өзің жайғастыра бер. Мен Биағама хабарлайын.

* * *

Домбырасын ағаш төсектің үстіне қоя салған би табалдырықтан қол қусыра аттаған Жабағыға үлкен қара көздердің қарашықтарын кішірейте қадала қарап қалды.

- Биаға!..

Жүзін төменшіктетіп, тамағына тас тығылғандай, қылғына жұтынды.

Қазыбек би күліп жіберді:

- Уай, Жабағы! Затың атыңа лайық боп бара ма, әлде атынды затыңа айналдырғың келе ме, кібіртігің молайды-ау. Аралбайдан асылдың жасығы дегіңіз келмесе, тізгініңді тұқырта ұстасаңшы. Анау Жандырдай жанып, жандырып жүргенінді көрсемші!

Жабағы іле жадырады.

- Әу, Биаға-ау! Мені басқа жерде көрсеңіз, басқаша айтар едіңіз-ау! Мені састыратын сөздің басқан мысыңыз ғой. Алдыңыздан арыстан, арқаңыздан жолбарыс аузы ырсиып, атылайын деп айбат атып тұрса, жүрек қабымыздың жарылып кетпей, аман жүргеніне таңымыз бар, - деп ілгері озды.

Би бейілдене қабақ керді.

- Әй, Жабағым! Тауып кеттің. Бірақ адасқан арыстан, жараланған жолбарыс болмаса, бүгін де дені дұрыс сол шіркіндер қалды ма екен. Далаңды дүбірлеткен шаң мен лаң тұяқты мен қияқтыны көзден бұлбұл ұшыруға таяу-ау, ә, - деп сәл күрсіне беріп, бетін түгел бұра, жүзін туыс іниге туралады. - Әлгіндегі не дабыр?! Іргеге жетіп тірелді ғой...

Қашқын-қуғынның тірлігі Биағаның мазасын алғанын сезгенде Жабағының жүзі қуқыл тартып сала берді. “Әй! Әулиедей Биағаның тыныштығын сақтай алмай отырып, шетімізден дүрдиіп шыға келетінімізді қайтейік. Ауыл үстіне әлден ат ойнатып енгізе берсек,

ертең-ақ кім көрінгенді иығымызға мінгізіп алғанымызды да білмей қалмаспыз ба?!.”

- Биаға, ағаттық жіберіп алдық... Ат ойнақтатып келе қояр деген кімнің ойында болсын...

- Жә! Өткен іске өкіне берме, Жабағы.

- Ойбай-ау! Әулиедей өзіңіздің шырқыңызды бұзғызар болсақ...

Қаз дауысты Қазыбек қолын сермеп қалды.

- Жә, Жабағы! Тірі адамнан әулие жасап әуре болма. Әулиенің жөні бөлек. Пенденің күйі басқаша. Біз пендеміз... Пенде болмасақ, сәл нәрсеге кейіп, сәл нәрсеге кіртиіп қала бермес едік-ау... Әлгі келгендер кім?

Жабағы құйрық басты.

- Қашқын жігіт. Естек. Қуғыншылар - Әбілқайыр ханның жігіттері көрінеді.

- Неге қашады? Не ілікпен қуады? Сасқанға асқанның зорлығы ма өктейтін? Зордың борды боздата қорғалатуы ма әлде? Қашқаны ма кердеңі? Қуғаны ма ашынғаны? Не сездің?

- Сезгенім, Биаға, тағы да Әбілқайырдың өктемдігі. Анау башқұрт немені байлап тастаған ба? Әлде байлап тастағанына болмай сол естек шіркін бұғауынан босанып қашқан ба, әйтеуір дүбірлетіп те, дүрліктіріп те жүрген Әбілқайырдың әрекеті, - деп Жабағы өзінің Кіші жүз ханынан түңілгенін жасырмайтынын анық білдірді. Айдынын асырам дейтін сол сұлтанның қамшысының жиірек шолтаңдайтынын жақтырмайтын Биағасының сырын біле ме, осы жолы да өзектегісін ақтара салды.

- Алдыршы, әкелші осында онда оларды. Қараптан қарап алқымы ісер ол Әбілқайырға сондай-ақ не көріпті. Ол өйте қоймас. Босқа бүлінбес.

Жабағы атып тұрып, сыртқа беттеді.

Сәлден кейін Асан екеуі бес адамды ертіп кірді.

- Ассалаумағалейкүм!

- Уағалейкүмсалам. Төрлетіңдер.

Башқұрт жігіті төмендеу тізе бүккенде, Әбілқайырдың шабармандары өздеріне тән кеудемсоқ қылықпен адымдай аттап келіп, дәл төрге жайғасып алды.

Қазыбек қонақтарына жағалата көз қыдыртты.

- Ал жөн сұрасалық! Таң атар-атпастан аулымызды шандатып жау қуа келдіңдер ме, дау қуа келдіңдер ме?

Төртеудің биіктеу отырғаны тамсанып алып, бас шұлғып қалды. Білезіктігіне бүлдіргесі ілінген қамшысы бұлғаң етіп басылды.

- Уай, Қазеке! Жау қуғанымыз да рас, дау қуғанымыз да рас. Жауымыз төріңізде отыр. Дауымыз қоздағалы тұр. Қашқынымызды құрықтаймыз ба дегенде желкелеп сабайтындардың қоршауында өзіміз қалып, алдыңызда пұшайман болып отырмыз.

Би әлгіге ұзақ назар аударды. Ананың бетінің бір бүлк етпегенін бақты да, енді қалған үшеуге кірпік қадамастан башқұрт жігітіне қарашығын тіктеді. Қаз дауысты Қазыбекті манадан қабақ астынан бақылап отырған естек сәл бас изеді.

- Жігітім, енді сені тыңдайық. Желпініп сөйлейтіндердің кейде желкелеп сабай алмай қалғанда жынығып кететін мінезі боларын да ескер. Ештеңені бүкпе де, ештеңеден сескенбе. Ашығын айтып, анығын жеткіз,- деп би еркіндік берді.

- Қазеке, бұтаның түбіне, таудың ығына тығыла-тығыла әбден үркек боп бітіп едік. Әлі де сол суылдаған жүректің зарын ғана айтайын. Біз тағыдай жосып, аңдай қырылып, сұраусыз кеткен жұртқа айналдық. Жасымыз сел боп, қанымыз су боп ақса да, башқұрт-естекке шылбыр тастар ешбір ел болмай жатыр ғой.

- Орыстар ше! Орыстарың ше өздеріңнің? Бұтына көт тығып, қолынан дәм татып, көзіңді сатып жүрмеуші ме едіндер! - деп шапшаң Асан лап ете қалды.

Биаға әнтек бас шайқағанда, башқұрт жігіт қопаң етіп, Асанға ашулы жүздің қызулы сұсын қадады.

- Иә! Тыққанбыз! Қолын жалап, етегін сүйгенбіз орысыңның... Орысымның! Қолын жалаған итін иесінің көңілі түссе еркелетіп, көңілі құлазыса етігімен қайқайта тебетін қылығы орыста жоқ қой деймісің. Үндемегеніңді үрейлендіге санап, көлденендемегеніңді көндіге балап, алдымен малымызды айдап алып, артынша-ақ жанымызды байлап алып, жасамағанды

жасап бақпады ма. Шұрайлы жерден бір қуып, ну орманнан тағы аластап, алды-артымызды және тарылтып қоймады ма. Ол аздай-ақ, сендердің Әбілқайырларың... сұлтандарың... ә.ә, хан атағы бар екен-ау... Хандарың орыс патшасымен одақтас болдым деп кейінгі кезде аулымыздан шаң айықтырмай қойды ғой. Кейде өртін салып, кейде дауылын өргізіп, көзімізге көк шыбынды орыстан да бұрын осылар үймелетпеді ме. Онысын қойшы, ол кісәпірлігін орысқа бодан болмай тұрып-ақ жасағанын өлсек ұмытармыз ба. Ендігі қысасы, Қазеке, жеріміздің дәл шебіне орысқа қамалды қала салғызып, етегімізді бастырта шегендетпекші болғанына күйіп кетпедік пе. Өр өзенінің бойынан қала салғызып, қаһарымды асырам деген өзімшіл тірлігі қарашекпеннің қыл тұзағына қазағын да, қазағынан да бұрын еркіндігіне бұғау түсіртпеуге тырысқан ежелгі ағайынын - бізді, башқұртты қыл мойнынан қылғындырып салып беруі ғой. Осы зорлығына қалай шыдарсың.

Шабарманның үлкені ыршып түсті.

- Әй, не оттап барасың! Сен өзі өлген-жіткенінді мұқым қазақтан көруден сау емессің-ау. Хан орысқа қала салғызам десе, өзгенікінен емес өз даласынан жер бермек. Естектің оған қимасы неге қышиды, ә!

Қазыбек дауысын ыңыранта шығарып әлгіге иегін оң иығына қондыра жүзін бұрды.

- Оу, осы сенің ныспың кім, шырақ?

Шабарман сәтте көзі жыпылықтап, десі босап, сасқалақтай қалды.

- Менің бе?.. Тынымбе-е-ек... Ақжалел оғланы Тынымбек болам!

- Оу, Тынымбек шырақ! Сен өзі ретті-ретсіз шапшып сөйлейтін, жөнсіз-жолсыз сөз бөле беретін жан тәріздісің-ау. Жарқыным, орынсыз киліге бермегін.

Осы ескерту төрдегі төртеудің аузына құм құйды да, башқұрт жігіттің еркін көсілуіне жағдай жасады.

- Қазеке-ау, Әбілқайырдың Өрдің бойынан қала салғызуы - сіздердің де, біздің де еркіндігіміз мен тәуелсіздігіміздің төбесіне тұп-тура темір қазық қақ-қызу емей немене. Ал мыналар... сенің жерінде емес

қазақ даласында салынады дейді. Апырау, сол шегендейтін кентімен қарашекпенділер қасірет белдеуін құрсаулап сала қоярын неге түсінбейді. Бұрын ақ патшаның зеңбірегін зіркілдеткен салдаттарынан зәбір көріп, жапа шеккенде осы ортақ даламыздың ана шетінен мына шетіне жөңкіліп, пана тауып жүруші едік. Енді төрт бұрыштан шегендеп қамал орната бастаған орыстың шеңгелінен қайда қашып құтылармыз? Сол ғой бізді, бүкіл башқұрт жұртын қинайтыны, -деп күрсініп қалған жігітке Жабағы жалт еткен жанарын тіктеді.

- Оу, қиналдық, жапа шектік дегенше, тұяқ серпкендей болса да бір әрекет жасамайсыңдар ма? Көз жасын көлдете беру - әйелдің ғана ісі!

Жігіт Жабағыға шаншыла қарады.

- Тұяқ серппеп пе едік!.. О-о, серпкенде біз серпейік! Қиясқа көнбейміз, зорлықты жасатпаймыз, қала-қамал салғызбаймыз деп бүкіл башқұрт жұрты жапыр-жұпыр атқа қонбады ма! Тізе бүгіп итшілеп өмір сүргенше, тік тұрып өлейік деп азаттығын анасындай аялаған азаматтарымызды қынадай қырып салмады ма орыс әтіраты.

- Қанатының астына алды, қолтығына басты деп біз оларды, сол қарашекпен орыстарыңды екі туып бір қалғанындай көріп жүрсек, бәрі өкінішті болғаны ма? Құдай-ау, сонда солармен одақ боламыз деп тыраштанып жүрген Әбілқайыр да, анау Әбілмәмбет, Барақ, Абылай да ақ патшаның, ә-ә, патшайымның аяғына да отыруға жарамайды десеңші. Одақ болмаймын, бодан етемін деп кергуінде осындай бір қитұрқылығы бар екен-ау! - деп Асан тыз етпе мінездің шапшаңдығымен ілез қорытынды жасағанда, Қазыбек би алғыр жігіттің елгезектігіне еріксіз бас шұлғып қалды.

- Иә-ә, Асан балам, айттың сен. Талайдың көмейіне қорғасын боп тығылып тұрған күдіктің төркінін тап бастың. Іргеңді бекітер ме, іргеңнен ірткі сап енер ме, ендігісін өзім білермен өктемдеп жасай ма - бал ашып, бармақ тістеуден басқа не қалды бізге.

- Апырай, сонда біздің тұлыпқа мөңіреп жүргеніміз бе? Соншама қабақ баққанда аларымыз - жаулықтан

бетер жендеттік пе? - деген Жабағыға енді Әбілқайыр жігіттері де иліге түсіп, бас изесіп қалысты.

- Әтірат шығарды деймісің? Келісім, бітімсіз-ақ бірден керіске бастап, кесік шығарғаны ма? Өйтіп шолақ түйер болса, тұздықсыз-ақ көмейлеп жұта салам дегені-ау...- деген бидің өксігін башқұрт жігіті одан әрі тірілтіп әкетті.

- Қайдағы келісім! Талбухин дейтін бір сыңарезу жандарал орыс қай ауылға кірмесін ең алдымен сол ауылдың дәл үстіне он зеңбіректен боздатып темір добын жаудырмасын ба! Содан аман қалып көр! Қираған үйдің астында, өртенген жайдың ішінде қалып мерт болған кемпір-шалдардың, бала-шағалардың обал-сауалы кімге? Бүтін бір ауылдың кем дегенде жартысынан астам адамын қырып салатындары аздай-ақ, енді сол Талбухинның иек қағуымен әр ауылдың бас көтерер, өжетке жарар кісілерін еркек, әйел деп ажыратып жатпастан, қуып кеп, топырлатып апарып жандаралдың алдына жинамай ма! Ал содан соң... - тамағына қылғынтып өксік жасы тығылды ма, әлде ызалы кектің толқыны буды ма, жігіттің дауысы үзіліп кетті.

Тыңдап отырғандар үн-түнсіз мелшие мөлигенде, өжет Асан тағы да тез тұтанды.

- Ал содан соң... ол жандарал төбетті турап тастайтын бір қайсар естектің... башқұрттың табылмағаны ма?

- Сен... сен кемсітпе! Кемсітпе бізді! Неге табылмасын! Ел болған соң есе қайырып, кек қуар адамды неге шығармайық. Мына менің әниім... анам сол төбетіңді садақпен-ақ атқан. Әттең әдеттегідей улы оғы болғанда ол жандарал немең жаһаннамға бір-ақ аттанар еді... Тек қана жебе тиген оң көзі ағып түсті. Ал әниімді... анашымды... - деп бетін басып бөгеліп қалды.

- Иә, анаңды...әниіңді өлтірді ғой, ә, - деп төртеудің төменгісі қасындағы башқұрттың иығына қолын салды.

- Өлтірген. Төрт қысырақтың құйрығына байлап, төрт бөлгізген... Ал мен...мен түк жасай алмадым.

- Қандай жауыздар еді!

- Сендер олардың ауыл ақсақалдарын зеңбіректің аузына байлап қойып атқылағанын көрсеңдер ғой!.. - Башқұрт жігіті тағы да қылғына жұтынды. - Балаларды қылышпен турағанда... шырылдаған сәбилер мен шыңғырған аналардың зары төбе құйқамды шымырлатқан. Әлі күнге сол шырыл мен сол зардан құтыла алмай келем.

- Зар шерге ұласса, күрсінісің күйікке жалғасса, көкірекке тікен қадалып, жүректі зіл басары хақ қой. Амал не? Құшағын ашарым дегенім, құрдымын ашқаны ма... Аранын тосқаны ма, - деп күңірене беріп, тез басылған би жігітке иек қақты. - Құлдыққа көну - ез тірлігі, қарсы тұру - әз тірлігі. Ұқтым кебіңді, демімді деміңе қостым, башқұртым, бауырым!

- Алда разы болсын, Қазеке. Әй, бірақ, сонау жер түбіне, Суық теңіздің жағалауына жаяу шұбыртқан бір тайпа башқұрт жұртының көз жасын кім иер. Сол бейкүнә міскіндердің зары құлағына енер Тәңір болмаса, екі аяқтыдан елең етер кім бар екен? Ал біз...біз ежелгі еліміз, түбі бірге туысымыз деп сіздерге... қазақтарға мұң шағып, тілек білдіріп, берсе сөз жәрдемін, көңілі, түссе бөз жәрдемін, тіпті ыңғайласса, қол жәрдемін аласыз ба деп, алаөкпе боп далаңызға жеткенде... Әбілқайыр сұмы... ханыңыз өштікті жаулықтан да асырып, шетіміздің баудай түсіріп, аяқ-қолымызды кісендеп, домалатты да тастады-ау!.. Қайтіп қана ашынбайық, Қазеке! Қазағым - қандасым деп өкпемізді қолымызға алып жеткендегі көрген құқайымыз осы... Ақыры міне, аяқ-қолды шырмаған тұзақтан бір айналайын қарындастың арқасында босанып шығып, жанұшыра жетіп алдыңызда отырмын.

* * *

Қазыбек би ыңыранды. Кесек үлкен мұрынның ысылдаған демі үзіліп-үзіліп шықты. Ерін көбесі сөгілді.

- Жар басына жарбия қонған киіз үйдей тәлтіректеген ынтымағымыздан да айырылғанымыз ғой. Дар-дар айыртады ғой. Айыртады.

Абылай сұлтан бидің қас-қабағын бағып отырған, әнтек бас шайқады. Іштей: “Осы кәрілердің қараптан қарап отырып қара аспанды суға алғызатындары несі екен. Тауда туып, таста өскен, далада туып, құмда өскен түздіктердің ынтымағын түгендеймін деуі қай бұлталағы. Бірі тауға өрмелесе, бірі далаға безетін қазақтың қай татулығы шаңырағынан асып шыға қоюшы еді. Татулығын қатулығы жеңбесе, ынтымағын барымтасы ірітпесе, ішкені ірің боп бойына шыр жұқпайтын дала ұлынан ұйымшылдық іздеу - қашпаған сиырдың уызынан дәметуден де қиын-ау. Ең керектісі қазіргі кезеңде өрелі іс қана. Сол өрелі іске бастайтын өрелі ер қажет. Ал осы ер-азаматты етегінен тарта бермей, еркін тұсамай, ертоқымға отырғызып, тізгінін қолына беріп, астындағы атының сауырынан қағып қалып, елдік пен ерліктің сөре жолына салып жіберетін үлкендер бүгінде неге бұғына береді? Неге күмілжіп етегіне қарап, бүгежектеп иығын жасырып кібіртіктей береді? Еркін ұлды ер тұтып, өрелі іске өңмендей ұмтыл деп ұзатып салса, соңынан шұбыра еретін жұрттың ізінен көтерілер шаңнан күннің көзі тұтыларын сезбей ме екен? Әлде сол тұтылар күннен сескене ме? Әйтпесе елім деп ерге қонар ерді неге бөгей береді? Неге кейіндетіп кешеуілдете береді? Қимай ма? Қызғана ма? Әлде көңіліне толмай, қораш көрінемісің? Әлде сынына толмай, кекірейген бойын, тікірейген ойын иіктіре алмаған өзіңнің епсіздігіңнен бе? Бұл желіккіш қазақты еліктіріп әкете алмасаң, қос құлағыңнан басып, арқаңа қонжиып өзі отырып алудан тайынар ма? Әрине тайынбайды. Содан кейін қос өкпеңнен тепкілеп, ал кеп мықшыңдатсын. Ал кеп борбайласын. Әйтпесе... Бәсе десе “Әйтпесемнің” жөнін өзім де жөндеуге жоқпын-ау. Сарқыт жейтін ауыз, сирақ мүжитін азу елдің бәрінде бар. Бірақ азуы ырсиған бас, туырылған жамбас иегін қышытар некен-саяқтікі ғой. Сол некен-саяқтың бірегейі болам деп белге шоқпар қыстырғандардың бәрі сол шоқпардың салмағын көтере алар ма екен? Көтере алмай майып болатындар да бар-ау.

Менің шоқпарым ше? Батпан-батпан салмағы

белімді қайыстырса да, қайыспағаным әмбеге аян ғой. Тізгін елде болмайды, ерде ғана болады. Ел сол тізгін жалғасқан жүгенге ғана бас сұғады. Сұғынған басты жетелейтін күшті қол, сұсты-жүрек керек. Екі шоқып, бір қарайтын сақтық - сергектік емес. Сергелдендіктің ағайыны ғана ол. Ал мына шау тарта бастаған би соны не өзі сезбейді. Не сезсе де, сезгісі келмейді. Іріндеген көзінің алды тарылып, төңірегі құрысып, азайып таусылып бара жатқанын ескерместен, кешегі аузымен орақ орған зар күйін қос қолдап ұстап отырғандай төбе қалқайтпақ. Қалқайтсын-ақ. Ат байлар қазықтың да ауырлығы жоқ емес пе. Бірақ ала ауыз қазақтың шала бітер дауына бүгінде білектің күші мен найзаның ұшы ғана билік айтарын неге зерделемейді. Жаға жырту әркімнің қолынан келеді. Жыға жығуды ердің еріне табыстайтын керді неге ұмытады? Өзгеде өшің кете берсе, ерегісте есең кете берсе, ақылыңды арыңмен қашанғы тұсарсың. Есіңді ұятыңмен қашанғы қақпайларсың. Ашынып айқай-аттанға басып кеп қалсаң, тимеген жол, ұсынылмаған сыбаға, берілмеген өң оп-оңай алдыңа түсіп, қанжығаңа байланып сала қойылмас па. Әй, бірақ өйтіп алдың не, тартып алдың не - ырықсыз келген құт ертеңгі жұт басы болмас па. Одан да құйыны ойнақтаған құба түзде қаңбақ қуалап кеткен артық қой. Ал мына даңғыл өзі біліп өң бере қояр ма?.. Бермесе, бірақ осы уаққа дейін қолтығын ашпас еді ғой. Кейде өзімшіл өкпені тым көп қабынта беретін әдеттен айнымайтынымыз да бар-ау. Алдымды әлі күнге бір кескен емес. Қайта кедергімді күреп аршып, жолымды үнемі ілгері сүйретумен келе жатқан жоқ па. Қайта көпір алдындағы жасқаншақ түйедей тартыншақтаған шақтарымда алдыма өзі түсіп алып, сүрлеуімді өзі талай рет бастай жөнелгенін неге ұмытпақпын. Азды көп иемденіп, әлсізді күшті басынып жатқан заманда құрығыңа таласам деп тұтқиылдан тап бергендей әрекет жасасам, өзгелердің өкпесін өшірген өсектің отына май құйып алам ғой. Әрине ұлыс биінің ұпайы әр кезде де түгел. Әлдебір шекесі қызған сұлтансымақ текешіктің селкем шалыс қылығына бола қылшығы да қисаймайды. Қайта сонау қалың қарашы қазағының төреге деген кек қыжылын

тағы бір тірілтіп қап, қасиетті қара шалының бақ-беделін одан әрі дүрілдетіп, ұлғайтып қомақтандырып әкете қояды.

Иә, шалыс басудан сақ болу аса қажет. Әркімге бір телінген тірліктен де барқадар табу мүмкін емес. Өзгеге көз сатпаймын, өз құбыламды өңгенің ырқымен өзгерте алмаймын деу де, кей-кейде онша қисынға келе бермейді-ау. Көбік езу кейбіреулердің тілінің ұшына бір ілініп кетсең, ондай кезде тәуекеліңді тәкаппарлық, туралығынды тікбақайлық деп ағаш атқа мінгізіп ала жөнелері хақ...”

- Оу, Абылай! Сен тіпті сөзге құлақ салуға да жоқсың ғой!..

Қазыбектің ыңыранысқа толы дауысынан өкпе сызы ма, реніш ызғары ма - әлдебір салқындық лебі анық шалынды. Сұлтан селт ете түсіп, ой шырмауынан тез босанып, биге ақшыл сұр жүзін толық көрсете, іші мен сыртын түгел ашқан сергек бейіл таныты.

- Апырай, Қазекем-ай! Бошалап кеткен ойдың бұлталағы уысына қысып алғаны рас еді. Тап бастыңыз-ау! Сізге құлақ емес кеудемді тоса келмедім бе,- деп қайта-қайта құлшына бас изеді.

- Жә! Тым көп құлдилай да берме. Кейде тосар кеудеден тындар құлақ абзал болатынын да ескер.

- Құлақ, Биаға, онда бір тосылып, мұнда бір қалқайып, бүгінде әбден сарсылып бітпеп пе еді. Өзгелерді қаншама тыңдамадық. Құлақ қалқанына сарт-сұрт тиген сан түрлі уәдені тірілтер болсақ, тау үйіліп аспанға тірілер еді-ау,- деп Абылай сәл күрсініп қап тоқтады.

Қазыбек иек қақты.

- Не дейді сол уәдешілер? Табыла ма көкейдің діттеген тұсынан? Ақтарылшы, Абылайым.

- Не деуші еді, Биаға! “Мен - басшы, сен - қосшы бол!” деу ғана ғой. Қосшы ғып қасына ертіп ала қойса, қапталына жанастыра қойса, әрине құба құп. “Билігіңді бас жібіңнен ұстап, шынашағыммен үйірем!” деп өзірше айта да қоймайтыны және белгілі. Әй, бірақ!.. - Сұлтан тағы да кідірді. Өзінің де көп күдікті тосатын кедергісі қалың осы бір ой белесінен аттап өте алмай жүргенін сездіріп алдым ба дегендей

түсі кенет қуқыл тартып, биге өткір көздерді қадалта қойды

- Неге бөгелдің? Салмақ саған ғана түсе ме, сансыз қазағыңа да түсе ме, ол жағын да есебіңнен шығарма. Есеңгіретететін амал алдан тоспаса, ел алдына шығудың қажеті қанша? Ал сол алдан тосар амалдан есеңгіреп есің шығып, есе жіберіп алсаң, ертеңіңнің өкінішінің опырайған орнын толтыратын ешқандай құдірет болмасын бүгін пайымдау керек. Өз басыңның өкініші түк емес. Өзегің бір өртеніп, бір басыла жатар-ау. Қара қамыстай халқыңды қанқырғынның аранына матап беріп, құлдықтың қамытына басын сұққызсаң - одан өтер зауал болмас. Азат елдің азап тұзағы мұрнынан шыбын жанын шырқыратып сығып алғанша түсе қоймаса, әй, дүниенің кеңдігінен, жалғанның жарығынан пайда не?.. Ұрпақтың ұрпағына ауысар кіріптарлық, ұрпақтың ұрпағына ұрланып кірер мешеулік, бейшаралық, ұрпақтың ұрпағына кетер жасқаншақтық, көрбалалық, ұрпақтың ұрпағына ауысар қорлық кешегі “арым -жанымның садағасы” дейтін тәкаппар ата-бабаларды көрінде дөңбекшітер-ау. Қиыны сол ғой. Әдетіңнен адасып қалар болсаң, ғұрпыңнан ажырап кетер болсаң, салтыңды салт атпен қуып жете алмас күйге түссең, дініңнен тілің айырылса, діліңнен дінің безінсе, әй, ондай күннің тумай кеткені-ақ жақсы шығар да.

Ендігі күрсініс бидің көкірегінен ытқығанда Абылайдың көздері одан сайын кең ашылып, сұрғылт жүздің суық қаны тіпті қашып қоя берді.

- Биаға-ау! Ойпырай, сіз мынадай боп күңіренсеңіз, біз ауыз жаппай шырылдап шыңғырудан басқаны таппаспыз-ау. Соншама неге түңілдіңіз? Басқа басқаны білмеймін, дәл қазағыңыз өзгенің бәрінен жұтаса да тілінен айырылмас-ау. “Өнер алды - қызыл тіл” дейтін халқыңыздың сөз қадірін өз қадірінен де артық бағалайтынын біреу білсе, тап сіз білесіз ғой, Қазеке. Оқтан да ұшқыр, оттан да ыстық тіліміздің тәңірден кем көрмейтін қазақ үшін шүршітің де, орысың да оралып шығып, одыраңдап алдынан орап кете алмас. “Сөзім өлгенше, өзім өлейін” дейтін алаштың әр

азаматы анасының тілін асылдың асылына балап келмеп пе еді?..

Қазыбек басын бір изеді, бір шайқады.

- Солайы солай-ау. “Тәңірім тілімді алғанша, тәнімді алсын!” дейтін қазақ екеніміз рас. Баладай аңқау, сәбидей сенгіш, нәрестедей иланғыш қазақ екеніміз де ақиқат. Оның үстіне тез еліктегіш, тым желіккіш қызбалығымыз тағы бар. Жел бергенді ем көретін, мал бергенге жан беретін қолқ еткіш босандығымыз және де жоқ емес. Өзіне лақ ұстатқан бөтенге ағасының қошқарын шығарып беретін пайдакүнемдік дейтін ұсақтық иектеген мінезсіздіктен арылып та кете алмай жүрміз. Осы күйкілігімізді, осы осалдығымызды ертеңгі бізді уысына жұмарлап қысар әлде орысың, әлде шүршітің пайдаланбас деймісің. Мықтап пайдаланады. “Балаңды үйретем, жеткізем, жетілдірем” деп жетелеп алып кетіп, не шүлдірлетіп, не маңқылдатып әкеліп, желкеңнен түрткілеп отыратын жендетіңе айналдырмасын қайдан білерсің. Өзіңнен шыққан озбырлар өзгенің онына, жүзіне татитынын көріп те, сезіп те жүрміз. Сол озбырлар көбейген сайын кеудеңнен жаныңды, көкірегіңнен тіліңді тамшылатып тауыса бастай ма деп қорқам-ау, сұлтан. Өзің айтқан асылдың асылына балаған тілін қазағыңның қанымен қоса тамшылатып түгесетін болса, мынау жалпақ жалғанның өзіндей боп жайылған жалған дүниенің түз тағысындай еркін жосыған баласының жанына шынжыр құрсаудың босатпастай боп орнауына өзіміз мұрындық боп жүрмейміз бе? Сөйтер болсақ, екі дүниенің азабы мен дозағын осы бастан ескеруге неге тырыспасқа? Мен күңіренсем - қабырғамды қайыстырып бара жатқан осы ой сұмдықтардың зіл батпан ауырлығынан күңіренем. Алдымның тұйығынан, жолымның бұралаңдығынан запыланған шарасыздығымнан күйінем. Соңына ілескен жұртын не орға құлатып, не жарға жығып алатын серкесін қай елдің қарғысы атпаушы еді. Қарғыс алғанның қайырлы ісінің бәрінің зая кетерін де бір бүйрегінде әркімнің сақтап өткені де керек-ау. Тау шөгер, көл таусылар - бірақ мәңгілік дейтін халық та мәңгілікке жете алмаса, тілінен, ділінен айырылған

шала-жансар кеудесін сүйретіп әркімге бір көзін сатқан күлдібадам мүсәпір хал кешсе, сол халықтың... халқыңның тауарихтан өшкені... көшкені емей немене. Содан кейін де өткенге салауат деп бас шұлғып өзінді алдарқату қай айдарыңнан жел ескізе қояр. Тыныш ұйқы, күміс күлкі таба қояр болсақ, онда өлген еттің, сөнген шоқтың күліне көмілгеніміз ғой. Атың болғанмен, затың жоғалса, көлеңкең көлбендегенмен, арың артыңнан ілеспесе, алдыңнан көрінбесе, қуыс кеудені құр сүйреткенмен қай ұшпаққа шығармыз. Нәрінен айырылған ел қадірінен айырылатынын қазір айтпасақ, ертең кешігеріміз мүмкін-ау. Бармақ тістеп, сан соққанмен ештеңе тындыра алмассың онда. Сенің өкінгенінді де, өксігенінді де өзгелер тұрмақ өз ішіңнен шыққан өгей тілді ұлдарың-ақ мазақтап күліп, әжуалап табалап, өзегіңдегі өртті үстемелей түсерін ойлап көрдің бе, сұлтан? Осындай ой қажағанда қайда қашып құтыларымды білмей домбыраға қол соза берем-ау. Қара қарағай не десін. Ешкі ішегінен не қайыр. Зарға зар қосылады да. Шерге шер қабаттасады да. Күйік үні күрсініске толы болса, күлкі шақыратын қуаныштың ауылы қарасын бір шалдырар ма? Әлде көзінің алды бүріскен кәрінің маңайы үнемі тұмантып тұратындықтан біздікі уайымы бітпес ескі көкіректің сеңделткен гөй-гөйі ме екен? Сол сенделткен гөй-гөй бұрынғыдан неге қою? Бұрынғыдан неге жиі? Сен соны айтшы, Абылай шырақ? Мынау далаңның тұс-тұсынан бұрқ-бұрқ атылған шаңының қоюланып бара жатқанынан сескенген жүректің сыздауынан ба әлде? Сол бұрқыраған шанды су сеуіп басардай құдіретті әрекетті қай қиырдан іздесек екен?

Қаз дауысты Қазыбек бидің даусы әдеттегідей күшейе түсіп, сәлден соң ішкі күйіктің жалынына қанаты шарпылғандай бәсеңдей қалып, аяқ жағында ысылдай ентігіп естілді.

Абылай мынандай боп бар кірне-қоймасымен түгін қалдырмай түгел ақтарылып түскен ыстық іштің малағамын естігенде, өзі де сан құбылып отырған, енді ақсұр жүзге қызыл шарбы рең жүгіртті.

- Үңілуден... ілгеріге бойлай үңілуден де түңілу табуға боларын ойламайды екенбіз-ау. Сіз айтқан кепке

шынымен ұшырар болсақ, Қазеке, біз қызығар, біз елігер не қапты? Қалмапты-ау қасиет тұтарлық қадірлі нәрсе. Өзіміздің озбырымыздың дәл солай боларын мен де сезем-ау. Өзгелер да озбырлық жасаудан ешбір аянып қалмайды. Даламыздың шет-пұшпағын әлден-ақ дар-дар айырып жатқандар сол даламыз талыстай боп тұтас тисе, таспалап тіліп, ұлтарақ қып пішіп, кесіп, кескілеп тастайтыны анық-ау. Қайда барсаң - қанды қақпан. Бармасаң, қарманбасаң - онда тірідей үйтілесің. Үйтетін де, ұйпалайтын да мынау іргеңдегі - ойратың. Қытай хуандиымен бейбіт бітімін жасасып алып, енді екі алақанына кезек түкіріп, қазақ даласына қанталаған көзін қадап, бас салуға дайын-ақ отыр. Бас саларын әрі ешкімнен, ештеңеден жасырмайды да. Үшке бөлінген қазақ хандығын үш бүктеп аларына хонтайшының сенімділігі сондай, әлден-ақ Қалдан-Сереннің ақырған дауысы ауылымыздың шетінен естіле бастамады ма. Мен ең алдымен дәл осы қара қалмақтан сескенем.

Қазыбек мырс етті.

- Тышқанға мысықтан күшті жау жоқ болса, қазаққа қара қалмақтан өтер дұшпан жоқ дейсің-ау, Абылай, ә.

Сұлтан иегін шошайта биге ұзақ тесірейді. Іштей: “Осы ұлыс биіне бүгін бірдеңе болған шығар. Шарламаған қиыры қалмады. Билігінен татып, білегінен ұстап кетейін деп келген мен емес, тап бір осының өзі тәрізді. Әлде әккіс би тамырымды баспақ боп әр төбеден бір бас қылтитып, ау құрып шырмалап отыр ма?.. Ойраттан қауіп тоспайтын сияқты ма? Ау, “Ақтабан шұбырындыны“ сол жоңғар ойратының жасағанын, қазақтың қанын көл қылып ағызғанын өзгелер ұмытса да елінің белі, ұлтының ұлы Қаз дауысты Қазыбек би ұмытуы мүмкін емес қой. Сондағы бұл қай бұлтаруы?”

- Қазеке, қара қалмақтың қазіргі дүрдиюін, қазіргі құдіреттенуін менен де артық білесіз. Сол Қалдан-Серен күні ертең-ақ зеңбірегін боздатып, от қаруын шақылдатып, сансыз шерігін қаптатып ең алдымен бізге, Орта жүзіңе тап беретініне көзіңіз жетіп отыр ғой? Солай ғой?

Қазыбек сұлтанның көкшіл от тұтанған көздеріне мұң сызы күркеленген үлкен қоңыр көздерінің салқын жанарын тоса қойды.

- Білем. Анау Әбілқайырыңның да, сонау Ұлы жүзден Жолбарыс ханыңның да тізе қосып, қапталыңа келмейтінін де білем. Ол ол ма, боданына өткізіп, бұйдаңды қолына шиыршықтаған қатын пат-шайымыңның да көмек бермек түгіл қабақ танытпасын да сезем. Бірақ амал не, үйреніскен жауыңмен тағы жәукемдесіп, бірде жығып, бірде жығылып жатарынды да жобалаймын. Тағдырдың жазғанын пенденің ойбайы бұрып әкеткенін, бұзып әкеткенін әлі бір көрген емеспін. Сонда да, Абылай, сол қара қалмақпен тіл табыса білген жөн болар-ау.

Абылай тез тұтана ширықты.

- Қалай? Қайтіп? Алдына кіріптар боп барып, кісемді мойныма салып, етегіне бас ұрмақпын ба? Сол еңкейген басты етігімен теуіп жіберіп, етпетімнен түсірерін есіңізден шығарып алғаныңыз қалай, Биаға?

- Иіле білген бас иліктіре де білуі керек, бауырым. Кеудеге тас тықпай, мейірім ұялатсаң - етігі тебер ме, ет жүрегі елжірер ме бір тәңірге аян. “Ұсынған басты қылыш кеспесті” бұрынғылар айтып кеткен. Мен саған қара қалмақтың қақпанына түс, қарауына өт деп тұрғам жоқ. Қарайлас халықтың орайлас қарекетін бірігіп құрыңдар демекпін. Қалдан-Серенді де титықтатқан шашыранды жұртының жадау тірлігі. Басы бірікпеген бір тілді, бір дінді мұнғұл мен ойраттың құдай емес, қытай ажыратқан алшақтығы. Біріңді біріңе, қазағыңды ойратқа, ойратты қазаққа айдап салып отырған екі елдің, сол екі елдің патшасы мен хуандиінің саясатына бойла. Тереңіне сүңгіп, түбінен сүз. Бетінен қалқудың олқысы да, талқысы да көп болады, сұлтан.

- Естір құлақ болмадыны көп айтудасыз, Қазеке. Көңіл күпті жерде жүрек қорқақ, жүз жалтақ болмақ қой. Тыңдар құлақ табылады-ау, сол айтылған кеңестің орайына сәйкес істің ыңғайы үйлесе кетер ме екен. Гәптің бәрі сонда ғой, Биаға, - деп сұлтан әлі де қиялата тұруды қолай көрді. Би алдындағы тостаған толы қымызға қол созды. Асықпай сыздықтата

ұрттады. Мұртының шалғысына жұққан ақты, сол қолының сұқ саусағымен сүртіп әкетті.

- Өзгермес күн, ауыспас жыл болмасын ескер десем де, салмақ салды көремісің, Абылай. Батқан күннің атарын, жұт артынан құт жетерін пайымдайтын дала перзентісің. Адаспасын деп алдыңнан қара көрсетсем, жолыңды бөгегелі тосқаным емес. Төбеде тұрып төменге көз жіберсең, төңірегің кеңейіп, ұңғыл-шұңғылын ашып тастайтын. Сол төңірегіңе ұзатқан көңіл көзің ғана боп бағыт-бағдарыңды бажайлап шолып, анық бетінді нұсқамақ болғаныма қасарысып, кеудеңді тарс бекітем дегеніңе қинала бас шайқағанымды байқасаң бопты, сұлтан.

Абылай қопандап, қозғалақтап кетті. Оң-солы олқы тұсында қанат-құйрығын үнемі бекемдеп беріп, алды-артын толтырып отыратын ұлыс биінің өзіне жасаған бар жақсылығын, барлық қамқоршылығын ұрпағының ұрпағына уағыздап кетуді парызы етіп алған сұлтан, сол арқасын тіреген Алатаудай ардақтысын дәл мынандай ренішті күйге түсіргеніне қатты күйініп еді. Түйіліңкіреп барып жазылып кеткен қабақты жақсы ағасына тура бұрып, жарқ еткізді.

- Оу, Қазекем! Қадірменім! Жолым жолыңыздан, қолым қолыңыздан қашан ажырап еді. Бетіңіз бұрылған жақтан ниетіммен табылып келмедім бе. Алыстан болжағаныңызды жақыннан жолықтырып, үйлестіріп жүрген көп жоқшыларыңыздың бірі болудан жаңылған күнім болмағанын білесіз ғой. Өзгермес күн, Биаға, болмайды емес, болады екен. Өзгерген күнді өзгерткен керді танып барып байқадық қой. Ауысар жылды ауыстырар зілдің салмағымен сезіп барып таныдық қой, Биаға. Сізді, әйтпесе қиналтайын дейтін ой түгіл түйсік туындайтын кеудені турап тастасамшы! - дегенде көздері айқындала ашылып ішкі таза мөлдірінен хабар бергендей болды.

Қазыбек би бері ұмсынып қалып, Абылайдың иығына оң қолдың саусақтарын тигізді.

- Айттың, Абылайым! Шештің түйткілді. Өзегіңнің өзімдей екенін, өзіңнің өзектесім екеніңді таптым! Араға суық сөз салғандардың сумандағыш тілінен зәр тамарын ұмытып кететініміз жаман. Жә! Олардың

бұзық ойы болмаса түзік ісі қайдан болсын. Бұзық ойдан өзіміз аман жүрсек, түзік істің шылбырын босаңсытып алмаспыз-ақ,- деп кейін лықсып, біраз үнсіз отырып, кең көздерден мейірім төкті. - Сонымен Орынборға, жандаралға бармақсың, ә?

Абылай тез-тез шұлғып қалды.

- Әбекем... Әбілмәмбет хан бірге барайық... бірлесіп көрейік деп қолқа салған соң, келіскенім рас.

- Жөн, жөн. Бір қазақпен емес, бар қазақпен сөз байласуды қолай көреді-ау ақ патшаң... Ә, патшайымың. Сондағысы қолтығын ашу болса ғой. Әйтпесе шекесінен қарап, шекірейіп ызбарланудан аспас па... Көңілдің қобалжуы көбейді ғой, Абылайжан. Көбейтті ғой мынау шебіңе кеп шекісіп қала беретін қара шекпенділер. Күштінің сесі ұлғайған заманға тап болдық па, әлде әлсіздің шырылы дүмі мықтылардың кеудесіне жаңғырық боп та жетпейтін күңірентер күндердің құшағына көмілдік пе, әркімге бір жалтақтаудан басқа шарамыз қалмай да барады-ау. Жеріңнің кеңдігі - құдіретіңнің молдығындай көрінуші еді-ау бұрын.

Бүгін сол кең жерің - жан-жақтан анталаған жыртқыш көршілеріңнің көзін қызықтырған, есін алған қып-қызыл қасіретіңе айналып барады-ау. Орысыңа өзенің мен орманың, тау-тасындағы алтының мен асылың оңай олжа боп өзегін өртеп жатса, шүршітіңе шексіз жазығың, далиған далаң ертеңгі құмырсқадай құжынайтын үрім-бұтағының өрісі мен қонысындай боп сілекейін шұбыртса, жалынып, зарлап тоқтата алармысың оларды. Еңіреп жылап қайтара алармысың өңмендегендерді? Жалынып зарлап етегін сүйермісің, еңіреп жылап құлы боп, құрбандыққа шалынып кетермісің. Мені сескентетін де, шошытатын да осы құбыжық күдіктер ғой, сұлтан.

Абылай тағы да тез тұтанды.

- Етек сүйсек те, ертеңімізге жер басып аман жетер болсақ, әзірше басқа тілекке дәрмен созуды қоя тұру да қолай тәрізді-ау.

Қазыбек би теңселе ырғалды.

- Айтқам. Кезінде осы түсінікке мен де ұйығам,

Абылай. Даламыздың бір пұшпағында қалқайып көлеңке көлбетсек, сонау буалдыр сағымға оранған төбелерді бұдан кейінгі келер сан ғасырлардың құшағынан азат қазағыңның еркін тыныстысы, шат күлкілі халімен қарсы алсақ деп арман да еткем. Өзгелерге де аманаттай ғып табыстағам. Әсіресе сондай сәттерде көбіне көп солтүстіктегі көршіге - орыстарға ыңғайлана қалатын ішім де бар еді. Бірақ...- тағы кідіріп, енді көзін жұма түсіп ауыр ыңыранды.

- Неге кідірдіңіз, Биаға? Сол ыңғайыңыздан бүгінде неге ауытқыдыңыз? Орыс - ойрат емес қой. Оған мал жаятын өрісің, қыстау салатын қонысың қажет те емес. Өзен жағалап, ит екеш ит жемес балық аулайтын, тас теріп, суыршылап ін қазып, топырақ аршитын тірлігінен қазаққа қандай залал мен зиян бола қоймақ. Бодан болмаймыз, одақ боламыз деп сәл сіресе қалсақ, мүмкін иліге кетсе, басқа басқасын қайтеміз. Ойратқа қарсы сес болар, шүршітке қарсы ес болар тірек солардан табылып қалып жүрмесін қайдан білеміз. Үйде отырып үрейлене бергенше, үйелеп отырып уайымдай бергенше, өстіп те бір амалдап көрсек, тәңір хақтың оң көзі шалмас па. Орыс патшайымы одақтас боп, қанаттас қылмас па, - деп сұлтан өзі де сенбес бір қиянға қиял жүгіртті. Абылайдың дәл мына болжамы әйтеуір тек тұрмастың тал қармануы ғана екенін би де аңғарған. Бірақ тағы да айналсоқтап лағып бара жатқанын жақтырмады.

- Абылай, одақтас болуға сонау Ақназар, Тәуекел тұсында біздің хандықтың дүрілдеп-ақ тұрған кезінде, Ресейдің бүгінгісінен мүлде әлсіз шынжау шағында келіспеген сол ақ патшаларың, бүгінгі патшайымың келісе қоймайтынын ішіңнен жақсы біліп отырсың ғой. Орысың да, шүршітің де бодан ғып бұқтырып алудан, отарлап езгілеуден басқаны көксемейді ғой. Бұрын осы орысыңа бүйрегім бұра беруші еді. Анау Әбілқайырдың өз аяғынан барып бодан болғанынан бері қазаққа жасаған өктемдігі мен сонау башқұрт бұлғағын басуда көрсеткен аяусыз жауыздығынан кейін жаным жаман түршігуде. Ұсынған қолыңды қолтығыңмен қоса жұлып алуға дайын боп екі иығын жұлып жеп жатқан солардан аза бойым қаза боп

денемді суық шалғанын қайтіп жасыра аламын. Содан ба түн ұйқымды төрт бөлетін қаупімді кеудемнен қанша қуайын-ақ десем де, қайта еселеп өсіріп алып келем-ау.

Жоңғарың Жетісуынды жамбастап, Алтай мен Арқаңда алшаңдап жүргенімен күні ертең-ақ құдіретіңді тауып, қасиетіңді танып қиқулап тап берсең, тырқырай қашары айдай анық. Ал орысқа өйте алмайсың. Өйткізбейді де ол. Ертіс пен Жайықты жағалай тас қамал, берік бекініс салып, екі басты самұрығының қос қанатындай қып, қос тұстан қысып келе жатқанын көремісің? Келген жеріне кент салатын, енген жеріне бекініс орнататын орыстың әріден ойлайтыны осы емес пе. Қаласын қалап салғаны - қазақтың даласына қазық қағып, мәңгілік еншілеп алғаны емес пе. Жеріңді еншілеп алды дегенше, үрім-бұтағыңды боданында бұғаулап, отарында езгілеп, мойныңа мініп, өкпеңді тепкілеп біржолата тұрақтап қалғаны емес пе. Жерінен айырылған елдің күні не болады. Елі бұғауланған ердің күні не болады. Еркі тежеліп, ырқынан айырылған үміттің ертеңіне сенім бар ма еді. Сергелдеңім осы ғой, Абылай! Сенделткен шеменім де осы ғой, бауырым!

Абылай дәл осылай қитұрқы ойларды бұрын кеудесінен ауламаған ба, ауласа да артының осындай құбыжық суреттер тосарын есептемеген бе, енді ғана ертеңгі күндердің ауыр салмағын сезе бастағандай иіні түсіп бара жатты.

“Апырай, ә! Мына даңғылдың айтқандары рас-ау. Кент салғаны - кеңірдегінді кертіп алғаны екен-ау. Қамал салғаны - амалыңды алғаны да екен-ау. Неге елжіреп кетті десем, еңсемді білдірмей еңкейткелі жүр екен ғой. Жердің құнын ердің құнымен төлетпек болса, елдің ақысын көздің жасымен, кеуденің қанымен ағызып жіберіп құнсыздандырып қана, мүлік сөзін де айтқызбастай етпек-ау. Қайран да шіркін даланың даңғой қазағы! Қабағын бергенге табағын ала ұмтылатын, тамағын ұсынғанға қаракөз қарағын ұстата салатын аңқылдақ пейіліңді ақымақтыққа балайтын шөлмек көз, қысық көз көршілерің қайтіп құтырынбасын. Қайтіп қана делебесі қозбасын. Иен

даланда далақтап жүріп иек астындағыны көрмейтін, көрсе де елемейтін аңқаулығыңды пайдаланып басыңа балтасын дайындап, аруыңа құшағын тосып келе жатқан шөлмек түсті қызылкөздерге көрінді өзің қазып кіріп, ата-бабаңның қанын саулатып жүріп көзінің қарашығындай қорғап келген жерін тақымына басып бергелі жүргеніңді білмейді де екенсің-ау. Одақтас болайық деген Тәуекелге де, Тәукеге де өң бермеген патшаң бодан болайын десең әрине қолқ ете түседі. Өзің барып құлдық қамытын кисең, өзің іздеп барып аяқ-қолыңа тәуелсіздік кісенін салғызсаң, ұлынды құл, қызынды күң етпей ол шіркіндерді құдай ұрып кетіп пе. Миығынан күліп қана отырып, өзегіңнен отынды өшіруге, жүрегіңнен жігеріңді аластауға барын салмай неге тыншысын олар. Байтақ далаңның асты-үстін ақтарып, арбалап тасып, дорбалап ұрлап барың мен байлығыңнан жұрдай қылсын. Сөйт те сөйт деп құлдық ұрып ант беріп, ақүйлі аманат қып балаңды арандай ашылған көмейіне тоса қойсаң, ел алдына олар түспегенде қайтеді. Өзгелерден бойы өсіп, ойы озбағанда қайтеді. Өзгенің ырысын да, намысын да кертіп жейтін болса, кекірік атқан кеуденің кекірттігі еселеп өспей жын ұрып кетіп пе. Бетіңмен бейбіт жүрген даланда бейітіңді осы бастан сайлап келе жатқан сол қарашекпендерге өзің барып өзегінді суырып беруге асығады екенсің-ау. Ата-баба абыройынан айырылайын десең, осылай ең алдымен елдігіңе тұзақ салғызып қылғындырып барып, жеріңнің шұрайлы тұсын алтын табаққа салып ұстата қоюың ғана керек екен-ау. Ал абыройдан айырылғанша ажалынды тауып, жаныңнан айрылғаның тәуір болмас па.”

Сұлтан биге ажырая қарады. Өз көңілін анық аңғартқан жүзін жасырған да жоқ.

- Сөзден ем, еріннен дәм кететін күндер шынымен туар болса, Биаға, онда қат-қабаттап жеткен ауыртпалықты ел басынан қалай арылтармыз? Арылта алармыз ба? Арылтарлық жолдың бір қылтасы көрінер болса, сол бағытқа бастау үшін аянар күшім, іркер ниетім калмас еді-ау. Барымды салып халқымның бабын табудан аянбаспын-ақ онда. Амал бар ма, айла не? - деп ширығып түсті.

Қазыбек Абылайға қатты риза пейілімен құлшына бас изей берді.

- Сал барыңды, бауырым. Халқыңның бабын да, бақытын да тап. Сен тап. Бүлінгенді емес бірлігімді тілер түріңді бақтым. Әділет қуған жаныңның ақтығынан шырылдаған үнін де естідім. Қыл мойныңды қылышқа төсеп, келеге түсер кесектігінді де байқадым. Ел үмітін, ел тілегін сенен, өзіңнен күтермін-ақ, - деп би сенімін кәдімгідей сездіріп отырып, енді басқа орайға ойысты. - Қара бастың қамы - қаңғытып кетер тұрлаусыз соқпақ. Түспе оған. Өзің де түспессің. Бағытыңды бажайлап бере де қоймаспын. Көлденеңдеп жолыңда тұратындарға зәру де болмассың. Өз зердеңнің өзгешелігі құт болсын. Шыжыммен ұшырып, шырғамен қондыратын күйкентай емессің. Томағасы сыпырылған ақиық қырансың. Еркін қалықтап, қарыштап қанат қақ, баршыным. Биіктегінің көрері көп, шолары мол.

Сұлтан иек қақты. Көздері ұшқындап-ұшқындап кетті.

- Аужайды түйдім ғой, Биаға. Алыс-жақынды топшылағанда, көңіл ықыласынан кімдер тояттамақ сонда?

Қазыбек би баяу күрсінді. Ыстық дем дірілдеп төгілді.

- Бір аңыз айтайын. Кәрі қарсақ тұяқ серперде күшіктеріне өсиет айтыпты. “Қолдарыңнан келгенше түлкінің тұқымы құрып кетпеуіне барынша тірлік жасаңдар. Түлкі құрыды дегенше, аңшының ажал ауызды тазысы қарсаққа ауады дей беріңдер” депті.

Абылайжан, қара қалмаққа - ойратқа жол тап. Солармен тіл табыс. Бола алсаң, одақ та бол. Тізе де қос. Сыр ұшығы - қара қалмақта. Ол барда орыс та, шүршіт те қазаққа қырғидай тие алмайды. Ал көшпелі екі ел тізе қосты ма, даласы мен тауын еркін шарлай да алады, еркелеп жайлай да алады. Дүниеден ойрат озбасын де. Осымды бақ. Орысқа да, қытайға да өңінді берсең де, өзегіңді ашпа, ішіңе енгізбе. Еңкейіп те сынба, шалқайып та сіреспе. Шынға өтірік қоссаң да, өтіріктен шындық іздеме. Уәде берсең де, шырай берме. Ішке түйерің көп болсын. Күшке салу -

қияметтің ісі. Оған орайласа да берме. Көпке шашар топырағың аз. Көп шіркін көптігін жасап сындырып та, сөндіріп те кетуі ықтимал. Бір сынған белдің сауығуы қиын. Бір сөнген оттың тұтануы ақырет. Сынбау үшін күресіп бақ. Сөнбеу үшін жанталасып күрес. Халқыңның ендігі соқпағы да, үміті де сенде. Жақсысы мен жаманын айыра да, ажырата да біл. Жалғаны мен шынын жіктей де біл. Жақсыдан жалғандық тілемесең, жаманнан шындық күтпесең, сүрлеуің даңғылға айналар-ау. Даугерің де, куәң де кеудеңде бірге түнесін. Қай істің де анық-қанығын түбірлеп алмай, шолақ қайтарма. Ел бірде бала, бірде дана. Балалығын дана болып қорғай біл, даналығын бала болып қолдана біл. Сонда ғана халқың әрі қорғаның, әрі арманың бола алады.

* * *

Абылай сұлтан шығып кетісімен домбырасына қол созған би сол қолдың саусақтарын сағақтан шанаққа дейін құлдырата жүгіртіп, құйқылжыған түйдек бір әуенді төгіп-төгіп жіберді. Содан соң саябырлаған салқын ырғақты сонау жоғарыдағы екі пернеден ғана аулап, уілдетіп созды да, кенет “Елім-айлатып” күңіренте жөнелді. Осы жүрек ұшынан қан шапшыта күрсінген бәйек уіл қорғансыз да дәрменсіз күйде жан-жағынан темір құрсаудай боп қысып, қоршап келе жатқан ашқарақ көз, құрыш шеңгел, темір азулы көршілеріне жалтақтай қараған елінің дәл қазіргі шарасыз шырылындай боп өзінің шексіз даласының сеңгір тауларының мелшиген қара жартастарына мұны мен шерін шертіп жатқан еді...

Үшінші кітаптың соңы

Алматы, 2000-2002 жылдар

М А З М Ұ Н Ы

Тұсаукесер.....5
Тоғысу.....7
Елдестіру елшіден.....57
Арбау.....149
Арбасу.....282
Арандау.....445
Шендесу.....483
Түйін.....586

""" Ел-шежіре" қоғамдық қорының президенті
Дидахмет Әшімханұлы

Софы Қалыбекұлы Сматаев

Елім-ай

3 -кітап

Редакторы Н. Мұратқызы
Техникалық редакторы А. Сайдахметұлы
Суретші Ж. Айдос
Компьютерде беттеген М. Шаяхметұлы

ИБ № 41

Теруге 12.03.2008. берілді. Басуға 20.04.2008. қол қойылды. Пішімі 84x108'/32. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі "Times Kaz". Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 32.34. Есептік баспа табағы 30.93. Таралымы 1500 дана. Тапсырыс № 107.

"Ел-шежіре" қоғамдық қоры. 050009. Алматы қаласы,
Абай даңғылы. 143-үй, 609-бөлме

ЖШС "Жедел басу баспаханасы",
050053, Алматы қаласы, Красногорская көшесі, 71.